тапсырылады. Бірақ пікірталастар жалғасуда, өйткені көптеген мұсылман сарапшылары исламда белгілі бір әрекеттерге рұқсат болмаса, оларды талқылаудың қажеті жоқ және оларға тыйым салу керек деп санайды. Мысалы, мұсылман елдерінде эмбрион донорлығына, суррогат ана болуға және сперматозоидтарға донорлық тыйым салынады. Бірақ исламда адам өмірінің құндылығы бәрінен бұрын болғандықтан, ислам елдерінде ағзаларды трансплантациялау қызметі дамиды деп күтуге болады, әсіресе бірқатар елдерде мидың өлімі анықталған науқастың денесінен органдарды алуға мүмкіндік беретін қажетті заңнамалық база бар. Классикалық ислам тұрғысынан мұндай әрекеттерге жол берілмейді, өйткені мұндай әрекеттер исламның негіздерін бұзады. Бірақ Ислам дереккөздерінде адам өмірінің қасиеттілігі, бір адамның өмірін сақтау бүкіл адамзатты құтқарумен тең екендігі туралы бірнеше рет айтылғанын есте ұстаған жөн.

Шариғатта трансплантация мәселесінде ғалымдар екі түрлі көзқарасқа бөлінген.

Рұқсат беретін көзқарастағы ғалымдар Құрандағы Мәида сүресінің 5-аятында **«Кімде-кім кісі өлтірмеген немесе жер бетінде бүлік шығарып, бұзақылық жасамаған бейкүнә жанды нақақтан нақақ өлтірсе, бүкіл адамзатты өлтіргендей болады. Сондай-ақ кім біреуді өлімнен құтқарып қалса, бүкіл адамзатты өлімнен құтқарғандай болады»** осы аятқа сүйенеді. Қорыта айтқанда, науқас адамға жәрдемдесіп, дертіне дауа болуға көмек көрсетсе, онысы адамзатқа жақсылық жасап, емдегенмен бірдей. Тағы бір аятта, Бақара сүресінің 185-аятында **«Шынында, Алла сендерге жеңілдікті қалайды, ауыртпалық артқысы келмейді»**. Келтірген аяттармен мағыналас Ниса сүресі 28-аятта, Мәида 6-аятта, Хаж сүресінің 78-аяттарында келеді. Трансплантация мәселесі ислам шариғатындағы **«әд-Дарурат тубиху әл махзурат»** «зәрулік жағдайда тыйым салынған нәрсеге рұқсат беріледі» қағидасына сүйенеді.[2-276.] Нәм «егер екі зиян бірге келсе, оның жеңіл болғанын таңдау қажет» қағидасына да сай. Яки кісінің өлімі зиян, емдеу үшін ағзаны трансплантациялау да зиян. Бірінші зиян, кейінгіге қарағанда зияндығы басым болған соң зияны азды таңдап адамды өлімнен алып қалуға әрекет жасалады. Айта кететіні шариғаттағы **«Кез келген іс өз мақсатына қарай»** қағидасы. Ондағы мақсаты өмірден араша қалу болмай, сәндік, әуестік мақсатпен жасалатын болса тыйым салынады.[2]

Алдымен трансплантация жүзеге асуына рұқсат етілетін шарттар қойылады. Шарттарға тоқталсақ, рұқсат берілу үшін ең алдымен донордың өміріне қатер болмауы керек. Сонымен қатар ағзаны қабылдаушы пациенттің ол ағзаға зәру және басқа амалы болмаған халде болуы тиіс. Донор болушы ерікті халде, яғни басқа адамның мәжбүрлеуінсіз болуы. Сондай-ақ бостандықта болуы. Отадан кейін өз өміріне қатер болатынын біле отыра келісіп, кейін өмірден озса өзіне қол жұмсаған адамның үкімінде болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» 25 бабында: **«Адам тіндері мен ағзаларын мәжбүрлеп алуға және оларды ауыстырып орналастыруға тыйым салынады. Адам ағзалары сатып алу, сату және коммерциялық мәмілелер заты бола алмайды. Аталмыш әрекеттерді істеген азаматтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сай жазаға тартылады»** делінген.

Трансплантацияға рұқсат бермейтін ғалымдардың көзқарасы. Бұл көзқарастағы ғалымдар трансплантация жабық тақырып деп қабылдайды. Оған мына дәлелдерді келтіреді. Құранда Бақара сүресінің 195-аятында **«Өз қолдарыңмен өздерінді қатерге тастамаңдар»** Ашықтасақ, бұл аятта адамның өз өміріне қатер төндіріп, өлімге апаруы сондай-ақ ағзасын құртуымен өзіне зиян тигізуіне тыйым салады. Өйткені денсаулығы сау донордың отадан кейін денсаулығы нашарлап, өлімге әкелуі бек мүмкін. Сонымен қатар ағзаны қабылдаушы адам да емделемін деп, келесі ағзасын зақымдап алуы да ғажап емес. Келесі, Ниса сүресі 29- аятта **«Өздерінді өлтірмеңдер, шын мәнінде Алла сендерге мейірімді»**. Аятта адамның өзін өлтіруіне және өлімге апаратын нәрсеге баруына да тыйым салады. Тәкәсүр сүресі 108-аятында, **«Шүбәсіз, сол күні (өздеріңе**

берілген) бар нығметтің есебін бересіңдер» Денсаулық Жаратушының пендесіне берген үлкен нығметі, оны сақтау мен күтіну міндет. Нығметті барынша сақтау қажет, құртуға тыйым салынады. Бақара сүресі 211-аятында: **«Кімде-кім өзіне Алланың нығметі келгеннен кейін оны алмастыратын болса, шүбәсіз, Алланың жазасы тым қатты»**. Имам Фахруддин әр Рази бұл аятты: Аяттағы нығметті ауыстыру азапқа душар ететіндігі және бұл әрекеттің харамдығын тәпсірлейді. Осы дәлелдерді келтіріп трансплантацияны теріске шығарады. [7]

Жалпы ислам ғұламалары бұл мәселеде 6 пікірді келтіреді.

Біріншісі тірі адамдар арасында өлген адамның ағзасын тіріге көшіруді толықтай тыйым салады.

Екіншісі өлген адамның ағзасын тіріге салуды толық рұқсат етеді.

Үшіншісі өлген адамның тек тері трансплантациясына рұқсат береді.

Төртіншісі Өлі адамның бүйрегін трансплантациялауға рұқсат береді.

Бесіншісі өлі адамнан тіріге салуға рұқсат беріп, тірі адамнан тірі адамға трансплантация жасауға тыйым салады.

Алтыншысы трансплантация мәселесінде ешбір үкім бермей, кідіру.

Ағзаны ауыстыруға рұқсат берген ғалымдардың қорытындылары.

Алдымен көшірілетін ағза донордың өміріне қауіп келтірмеуі керек. Өлімге душар етпеуі тиіс. Қабылдаушы адам да сол ағзаға зәру болуы керек. Бұл ағзаларға тері, қан, сүйек, бүйрек сынды жұп ағзалар жатады. **Екіншіден** донордың өміріне түбегейлі маңызы бар ағзаларды ауыстыруға тыйым салады. Бұл ағзаларға ми, жүрек, омыртқа сүйегі, жұлын, өкпе, бауыр сияқты ағзалар жатады. **Үшіншіден** зәрулі мақсаттан тыс, сәндік мақсатта жасалатын оталарға тыйым салынады. Мысалы, бет-жүзі, мұрын, құлақ ауыстыру сияқты жағдайлар. Бірақ бұл жағдайдың өзі екіге бөлінеді. Реконструктивтік (еріксіз) және косметикалық (ерікті)

ҚМДБ Пәтуа бөлімінің пластикалық оталарға қатысты үкімі: *Реконструктивтік жағдай*: Егер адамда саусақтардың жабысуы, қоян ерін, негізгі жаратылысымен келмейтін, онысы психологиялық әсер беретін туа бітті және кейіннен жол апаты, қақтығыс, күйеу секілді жағдайлардағы туындаған кемістіктерге жасалатын оталар болса, оған рұқсат беріледі. *Косметикалық ота* бұл адам қажеттілігінен тыс сәндік мақсатта орындалатын ота түрі. Дене мүшесін өзгерту және жасарту түрі бар. Алғашқысына мұрын пішінін өзгерту, иек түзету, омырау үлкейту немесе кішірейту, отамен ішті тарту жатады. Кейінгісіне бет тартып әжімді кетіру, қабақты тарту секілді құлпыру мақсатымен, табиғи болған кәрілікті жасыру мақсатында жасалатын оталар. Бірқатар ғалымдар пластикалық отаның осы түрлеріне тыйым салады. Себебі ол Алланың жаратқан жаратылысын өзгерту саналады. Қорыта айтқанда адамның туа бітті және кейіннен болған кемістіктерін түзеу үшін емдік мақсатымен реконструктивтік (еріксіз) отаға рұқсат. Егер ерікті отаға табиғи болмыстан бөлек, алдамшылық, көзбояушылық мақсатпен істелсе рұқсат етілмейді. [9]

Шариғат трансплантациясы былай бөліп қарастырылады: тірі адамның ағзаларын, өлген адамның мүшесін трансплантациялау және адам мүшесін денесінің бір жерінен екіншісіне ауыстыру. Осы тармақтардың әрқайсысы үшін діннің белгілі бір үкімдері бар.

-Тірі адамдардың мүшелерін трансплантациялау. 1) Егер трансплантаттың физиологиялық регенерация қасиеті болса, ағзаны бір тірі адамның денесінен екінші адамның денесіне трансплантациялауға рұқсат етіледі. Мысалы, адамның терісі мен қаны регенерацияның жоғарылау қасиеттеріне ие саналады. Сондықтан, осы органдардың белгілі бір бөліктерімен донорлық болған жағдайда, донор денсаулығының нашарлауынан құтыла алады. Бұл жағдайда толық денінің саулығы міндетті болып табылады. Операция кезінде шариғаттың барлық нормаларын сақтауына міндеттеледі. 2) Егер орган донорда оның ауруына байланысты ампутацияланған болса, басқа адамның органының бір бөлігін трансплантациялауға рұқсат етіледі. Ампутацияланған орган донордың денсаулығына ешқандай пайда әкелмейтін болса, сондықтан осы органның

көмегімен басқа адамның денсаулығын жақсартуын шарифат құптайды. Мысалы, ампутацияланған көздің мүйіз қабығын трансплантациялау кезінде болады.

-Мәйіт мүшесін трансплантациялау. Егер орган донорда оның ауруына байланысты ампутацияланған болса, басқа адамның органының бір бөлігін трансплантациялауға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда талаптарды сақтауға міндетті болып саналады, донордың өзі тірі кезінде немесе қайтыс болғаннан кейін оның мұрагерлері мұндай операцияға келіссе. Егер қайтыс болған адамның жеке басы сәйкестендірілмесе немесе мұрагерлері де болмаса, трансплантациялауға келісімді мұсылмандардың өкілетті басшысы береді.

-Адам ағзасын денесінің бір жерінен екінші орнына трансплантациялауға рұқсат беріледі, егер бұл отадан күтілетін оң ықтимал зияннан айқын асып тұрса және операцияның мақсаты жоғалған органды қалпына келтіру немесе оның пішінін немесе табиғи қызметін қалпына келтіру, адамға физикалық немесе моральдық азап әкелуі мүмкін ақауын немесе өзгеруін жою болса.

Сондай-ақ трансплантациялауға тыйым салынады: 1) науқастың өмірі донорлық органға байланысты болған кезде ғана трансплантацияға рұқсат етіледі. 2) тірі адамның өмірлік маңызды мүшесін трансплантациялау тыйым салынады. Мысалы, тірі адамның жүрегін трансплантациялауға толықтай тыйым салынады. Бұл жағдайда Ислам барлық адамдардың Алла алдындағы теңдігі туралы қағидасыны сүйенеді. Сондықтан бір адамның өмірін құтқару үшін басқаны құрбан етуге болмайды. 3) тірі адамның ағзасын трансплантациялауға тыйым салынады, егер ол оның негізгі өмірлік функцияларының бірі үшін асқынуға толы, бірақ өлімге қауіп төндірмейтін болса. Ішінара трансплантацияға келетін болсақ, негізгі өмірлік функциялардың бірін жоғалту қауіпі болса, бұл қосымша зерттеуді талап етеді. 4) адамды трансплантация үшін органды алу мақсатымен бүлдіруге тыйым салынады. Мысалы, адамды көзінен айыру немесе донорлық мақсатта пайдалану үшін болса. 5) жыныс мүшелерін трансплантациялауға болмайды [4].

Жоғарыда сипатталған жағдайларда трансплантацияға келісім беру кезінде органды сату актісі болмауы керек, өйткені адам ағзаларын сату-сатып алу ешқандай жолмен рұқсат етілмейді. Ислам шарифаты органдардың саудасын қатаң айыптайды. Донорлық органға аса мұқтаж адам ақшасын сыйақы немесе сыйлық ретінде жұмсайтын жағдайлар арнайы қадағалауда болуы керек.

Оталарға қатысты қорытындылар:

- Ислам діні жаңа білім алуды және жаңа технологияларды, соның ішінде трансплантологияны игеруді мақұлдайды.

- Жаңа технологияларды қолданудың басты қағидасы-зиян келтірмеу.

- Бір адамның өмірін екіншісінен жоғары қоюға болмайды.

Эвтаназия

Эвтаназия дегеніміз айығуы үмітсіз науқастың өз өтініші бойынша өмірін тоқтату, оған себеп төзгісіз азап, ауыртпашылық шегу. Осыдан құтылу мақсатымен өз өзін медициналық жолмен өлтіру. Егер емделмейтін ауруы бар науқасқа табиғи түрде қысқа мерзімде тыныш өлуге мүмкіндік берілсе, онда бұл эвтаназия болып саналмайды. Исламда, науқастар кез – келген уақытта медициналық көмектен бас тартуға құқылы, алайда өлімге әкелетін инъекция жасау туралы өтінішке жол берілмейді. Демек, егер науқас мұны жасаса, онда ол шарифатта өзін-өзі өлтіру болып саналады, ал егер дәрігер жасаса, онда оның әрекеті қасақана кісі өлтіру болып саналады. Осылайша, Ислам эвтаназияны толығымен құптамайды. Мұны «Сенім доктринасы» декларациясы (1980), «Жазықсыз адамды тіпті эмбрион, бала, ересек немесе егде жастағы, айықпас дертке шалдыққан немесе өліп жатқан адамды өлтіруге ештеңе де, ешкім де рұқсат ете алмайды. Сонымен қатар, ешкім мұндай кісі өлтіруді өзіне де, басқа біреуге де жасай алмайды» деп қаулы қабылдаған.

Эвтаназия - бұл барлық қасиетті ұғымға тікелей қол сұғу, ол өмірді де, өлімді де қорлайды. Оны жасай отырып, адам Жаратушының өзінен бас тартады. Мұсылман үшін өлім сол сәтте Алла оған жібергендей және ол қалағандай болады. Эвтаназияның бастамашысы қайтыс болғаннан кейін қатыгез тағдырды күтеді. Имам әл-Бухари (810-870) Мұхаммед (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбардың өзіне-өзі қол жұмсау туралы ескертуін көрсетіп, мына хадисті келтіреді: «...егер біреу темірдің көмегімен өзінің өмірін қиса, онда оны тозақтың жалынында азаптайды». Яғни, біз өзіне қол жұмсауға келетін жаза үкімін келтіріп отырмыз.

Осы мәселе бойынша ұстаным 2003 жылдың 15 шілдесінде исламдық Еуропалық кеңестің пәтуалар, заң және зерттеулер саласындағы блеммалар (ECFR) туралы XI сессиясында расталды. Онда: «Пациентке өзін-өзі өлтіруге тыйым салынады; басқа адамдарға да оны өлтіруге тыйым салынады, егер пациент оларға рұқсат берсе бірге оны орындау саналады. Бірінші жағдайда біз нағыз суицид туралы, екіншісінде кісі өлтіру халін негізге алдық»- деп қаулы қабылданған.[10]

Егер қойылатын кез-келген ем-дом науқас адамның өмірін төзгісіз жағдайда қысқа уақытқа ғана ұзартуға мүмкіндік берер болса, оған қабылдамауға рұқсат етіледі. Бұл эвтаназия болып саналмайды. Өлімге әкелетін ауруы бар науқасқа қысқа мерзімде табиғи түрде тыныш өлуге рұқсат етіледі. Әрине, мұндай жауапты шешімді білікті Құдайдан қорқатын дәрігерлер, науқастың өзі және оның туыстары қабылдауы керек және әр жағдай бөлек қарастырылады. Исламда науқастың азап шегуін жеңілдетуге тырысып, инъекция немесе тіршілікті қамтамасыз ететін аппараттарды өшіру арқылы өлім тудыру қасақана кісі өлтіру ретінде саналады. Ал ерікті келісім, өзін-өзі өлтіру ретінде қарастырылады. Шындығында, кез – келген науқас дәрі-дәрмекпен араласудан бас тартуға құқылы, бірақ өлімге әкелетін инъекцияны қолдану туралы өтініш мүлдем басқа мәселе. Дәрігерлердің назарын тоқтатуға жол берілмейді. Ислам ауыр немесе айықпас дертке шалдыққан болса да, өз өміріне де, басқа адамның өміріне де қол сұғуға тыйым салады. Сондықтан пассивті эвтаназия тәжірибесіне тыйым салынады.

Клондау

Адамды клондау-бұл генетикалық жағынан басқа тірі немесе қайтыс болған адамға ұқсас, оның көшірмесі алынатын адамның соматикалық жасушасының ядросын ядродан айырылған аналық жасушаға тасымалдау арқылы адам жасау процесі. Техникалық тұрғыдан алғанда, мұндай әрекет бүгінде өте жақсы: биологтар жасушалармен бірнеше рет осындай тәжірибелер жасады. Этикалық тұрғыдан алғанда, адам жасушаларын жасау көптеген мәдениеттер мақұлдамайды. Құқық тұрғысынан әлемнің көптеген өркениетті елдерінде адамды клондауға тыйым салынады.

Тағы бір өзекті мәселе – **жасанды ұрпақ** өсіру. Шарифат оған рұқсат береді, бірақ сперматозоидтар доноры **заңды жұбайы** болған жағдайда. Жасанды жолмен ұрпақ өрбіту тек некелі жарымен болса рұқсат етіледі. Жасанды ұрықтандыру үшін бұл шартты сақтау міндетті болады. Некесіз болған өзге адаммен және суррогат ана қызметіне жүгіну исламда харам саналады. Осылайша, ислам діні қантөгісті болдырмау және заңды туыстық байланысты қамтамасыз ету үшін тек заңды ерлі-зайыптыларға және олардың өзара келісімімен жасанды тууға жүгінуге мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, классикалық исламның этикасы мен биоэтикасы әлеуметтік бағдарланған, практикалық сипатқа ие екенін атап өтеміз. [11]

Қорытынды

Биоэтиканы биомедициналық тәжірибеге және ғылыми зерттеулерге қатысты этикалық бақылау ретінде қарастыруға болады. Фармацевтикалық компаниялардың өкілдері биохимиялық зерттеулерге қарсылық көрсетуі кездейсоқ емес. Сонымен қатар, ғылыми зерттеу шеңберінде ғалымның мінез-құлық нормаларына мұқият назар аудару

отырып, биоэтиканың ізбасарлары алдағы жаңа технологияға жылдам реакция көрсете алуға қауқарлы болуы қажет. Егер биоэтикалық зерттеулерді назарға алсақ басқа континенттерде, мысалы Африкада, принципализмнің антропологиялық негізін кеңейту қажеттілігі туындайды. Себебі адам құқығы тең дәрежеде қорғалмай қалатын жайттар мәлім. Биоэтиканың ізбасарлары Жер шарының белгілі бір аймағындағы мәдени қауымдастықтардың әртүрлілігі мен плюрализмін ескеруі керек.

Биоэтика - әлеуметтік, академиялық және ғылыми мәдениеттің жетістіктерімен байытылуы керек. Ол биоэтика өкілдерінің әлеуметтік, антропология, саясат, этнография, демография сияқты білім салаларына үндеуі арқылы кеңейтілуі мүмкін. Ілгерілеу идеясы адам тәжірибесінің негізін құрайтындықтан, бұл тәжірибе медицинаның да, биоэтиканың да дамуына айтарлықтай үлес қоса алады. Негізгі принциптер-әділеттілік, гуманизм, адам өмірінің құны, қоғамдық пайда, жалпы игілік, әл-ауқат және т.б.

Ислам адамдарды зұлымдықтан, жаман және зиянды нәрселерден жалпы пайда мен әл-ауқат үшін сақтауға тырысады. Барлық мұсылмандар мойындағандай, медициналық технологиядағы кез – келген ғылыми жетістіктер исламның қайнар көздеріне – Құран мен сүннетке қайшы келмеуі керек. Осылайша, ислам әлемінде моральдық-этикалық нормалар бүкіл әлеуметтік өмірдің үстемдігі болып табылатын діни ережемен анықталады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мухамедова З. М. Исламская биоэтика в историческом аспекте // Материалы Первого Национального конгресса по биоэтике с международным участием. - Т.: USAID, 2005. - С. 98 - 100.; Мухамедова З. М. XXI Ислам биоэтикаси муаммолари ва қарама-қаршиликлари. Toshkent Islom Universiteti. Scientific Analytic Bulletin.2006, №3. -Б.37-43; Mukhamedova Z. M. Issues and contradictions in bioethics of 21st century: Islamic prospects. //Abstract book First Sub-Regional Expert Meeting on Ethics Education in Science and Technology. Iran, Tehran. 28-29 October 2006. - P. 27.
2. Мухаммед Нуруддин Әл Макки. «Әдилләт ә-тахрим нақлу әл-ағда әл-әдәмия». -Каир.- 1995 ж., 35-77б
3. Абдулкарим Зайдан. «әл Уаджиз фи шархи қауағиди фикһия». -Бейрут.-2001 232б.
4. Mukhamedova Z. M. Issues and contradictions in bioethics of 21st century: Islamic prospects //Abstract book, First sub-regional expert meeting on ethics education in science and technology, Iran, Tehran. – 2006. – С. 28-29.
5. Maldonado С.Е. Crisis of bioethics and bioethics in the midst of crises. – Mode of access: http://www.umng.edu.co/documents/10162/702755/09_BIOETICA22_crisis.pdf
6. Sajoo A.B. Negotiating virtue: principlism and maslaha in muslim bioethics. – Mode of access: <http://sir.sagepub.com/content/43/1/53.full.pdf+html>
7. Мухамедова З. М. Прикладная исламская биоэтика: транснациональный опыт этико-правовых проблем//<https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/284782/1/76-79.pdf>
8. Қанат Қалымбет. «Трансплантация түрлері және шариғи үкімдері» Алматы: Нұр-Мүбәрак баспасы, 2022
9. <https://fatua.kz/kz/post/view?id=828>
10. Медицина и права человека. Нормы и правила международного права, этики, католической, протестантской, иудейской, мусульманской и буддийской религиозной морали. Совет Европы. Европейский Секретариат по научным изданиям А/О ИГ. Пер. с фр. Гаровникова Г. Д. – М.: «Прогресс», «Прогресс-Интер»,1992.
11. О. Ю. Голицына. Г. С. Табатадзе. «ИСЛАМ, ЭТИКА И БИОЭТИКА» DOI 10.19163/2070-1586-2019-1(23)-19-24

ИСЛАМ ТАҚЫРЫБЫНА АРНАЛҒАН ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ЖӘНЕ РАДИО ХАБАРЛАРҒА МАЗМҰНДЫҚ ТАЛДАУ

Дінтану, 2 курс **Шантемисов Е.Б.**

Ғылыми жетекшісі: доцент, Борбасова Қ.М.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Аңдатпа: Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамға әсері күшті, олар көбінесе қоғамдық қатынастардың сипатын анықтайды. Адам ақпараттың көп бөлігін БАҚ арқылы алады. Соңғы екі онжылдықта ғылым мен техниканың қарқынды дамуы қоғам өмірінің көптеген салаларына белсенді түрде енгізіліп жатқан жаңа технологиялардың пайда болуына әкелді. Бүгінгі таңда қоғамды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу саласында ауқымды жүзеге асырылып жатқан осындай бағыттардың бірі – исламдық БАҚ.

Мұсылмандық БАҚ-тың ерекшелігі, біздің ойымызша, олардың жұмысының мақсаты қоғамның ақпарат алу құқығын қанағаттандыру ғана емес, журналистиканы жер бетіндегі өз миссиясын орындау және оны насихаттау құралы ретінде пайдалану болып табылады. Мұсылман БАҚ-тың ағартушылық және ағартушылық гуманитарлық қызметі толерантты кеңістік пен ақпараттық қауіпсіздікті ілгерілетуге қызмет етеді.

Кілт сөздер: ислам, БАҚ, телевизия, радио, телебағдарлама

Посткеңестік кезеңдегі бұқаралық сананың жаңа елесі бұқаралық ақпарат құралдары тарататын қасиетті, құпия мәндерді сыни тұрғыдан електен өткізбестен, аңғалдықпен қабылдауға жақын. Діни бағдарлама дайындайтындар бағдарламаны жоспарлау, жасау барысында осы жағдайға аса көңіл бөледі. Дін күшті дезинтерграциялық әсерлерді тарату мүмкіндігіне ие. Сондықтан да діни журналистиканың қандай да бір қателіктері қоғам тарапынан қарсылыққа соқтырып, әлеуметтік-мәдени, ұлттық бағдардан айнытуы ғажап емес.

Діни тақырып мемлекеттік де, жекеменшік БАҚ-та да бір жолмен жазылады. Ресми БАҚ-та Ислам көбінесе позитивті реңкте, бірақ мәдениет контекстінде немесе іс-шаралар кезінде (мұсылмандық және мемлекеттік мерекелер, конференциялар немесе ноу-хау) көрсетіледі. Жеке бұқаралық ақпарат құралдарында, шамасы, мемлекеттік тапсырыс аясында, адамдардың әңгімелері арқылы ел заңдарына қайшы келетін дәстүрлер, мысалы, мұсылмандық неке (никах) туралы айтатын басылымдар пайда болады.

Түрлі сараптама нәтижелері дін тақырыбының мемлекеттік және мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарында жан-жақты көтерілетінін көрсетіп берді. Соның ішінде радионың діни хабарлар таратудағы рөлі салмақты десек болады.

Телевидение мен мерзімді басылым сынды бұқаралық коммуникацияның бір түрі саналатын радионың діни хабарлар дайындап, таратуда, сол арқылы бұқараның діни ілімін арттырып, діни көзқарасын қалыптастыруда, діни тұрғыдан тәрбие беруде, дін саласынан тыңдарманның ақпараттық сұранысын қанағаттандыруда айтарлықтай маңызы зор.

Радио – толықтай әрі жүйелі түрде қашықтыққа хабар тарататын коммуникативті құрал. Радио мен теледидар «адамның индивидуалды-жеке қарым-қатынасын қанағаттандыруға, әлемді визуалды қабылдауға, бүкіл қоғамды және әр жеке адамды ізгілендіруге себепші болатын адами құндылықтардың қалыптасуына, сақталуына және дамуына» ықпал етеді [30].

Діни радио хабар немесе радио бағдарлама қоғамдық сананың бір көрінісі ретіндегі дін мен бұқаралық ақпарат құралдарының бірі саналатын радио сынды қос бірдей жүйенің материалдық өзара әсерінің көрінісі. Мұндай радио бағдарламалар қоғамды діннің әлеуметтік, саяси, экономикалық өмірдегі рөлі турасында

ақпараттандыруға бағытталған бұқаралық ақпарат құралдарындағы кәсіби қызмет – діни журналистика негізінде дамуда.

Қазақстанда діни журналистика қалыптасып үлгере қойған жоқ десек те, журналистиканың аса маңызды бір саласы – діни журналистиканың іргетасы ретіндегі алғашқы қадамдар жасалуда. Бұлай айтуымызға медиа мамандарының сауаттылығын арттыру мақсатында университетте болашақ журналисттерге имамдарды болмаса да діни орталықтың мамандарын шақыртып, лекция тыңдату сынды алға қойған мақсат, жоспарлар дәлел.

Дін мен радионың түрлі мазмұндық мұраты бір арнада тоғыса келіп, жаңаша рухани-тәжірибелік құбылыс – діни хабарлар жасайды деп атап өттік. Бұл сарындас хабарлар мазмұндық-тақырыптық, идеялық ұстанымы жағынан, мақсатты аудиторияның әлеуметтік-демографиялық ерекшелігіне қарай жіктелетін хабар таратудың негізгі алты функционалдық түрінің біріне жатады. Ортақ ақпараттық діни кеңістікте тоғыса отырып, діни мазмұндағы бағдарламалар түрлі әлеуметтік міндеттерді жүзеге асыруға атсалысады: негізгі журналистіктен бастап (ақпарат, суреттеу, сараптама) діни, апологеттік(миссия, уағыз) .

Радиода діни мазмұндағы хабарлар нақтылы емес, қасиетті мәнге ие ойлармен, сюжеттермен беріледі. Сонымен қатар, әлемді қабылдау мен образдық-көркемдік шығармашылықтың, мәдени дәстүрдің негізін құрайтын кешенді, жасырын, мифологиялық-поэтикалық сюжеттер мен образдар, мистикалық-теориялық жай-күй, этикалық-құқықтық ұстанымдар айтылады [1].

«Қазақстан» телеарнасынан «Иман айнасы» бағдарламасы беріледі. Хабар эфирге әр жұма сайын кешкі уақытта жарты сағат көлемінде шығады.

Бағдарлама дәстүрлі исламды халқымыздың салтымен, әдет-ғұрпымен байланыстыра насихаттау және осы тұрғыда қалыптасып отырған түрлі көзқарастарды сараптау мәселесін көтереді. Мемлекеттіміздің діни ұстаным жөніндегі бағытын зерделеу, азаматтардың дін жолында адасуының алдын алуды қамтамасыз ету, осы мәселелерді бүгінгі ұрпақ санасына жеткізу, қателікті болдырмаудың жолдарын іздеу, жастарымызға оң бағыт, дұрыс жол сілтеуді мақсат етеді.

Қазақстандық журналистикада белгілі салаға бейінделу тәжірибесі алғаш дін тақырыбын негізге алып, сол бағытта ашылған «Асыл арна» телеарнасынан бастау алған еді. Бұл қазақ журналистикасы үшін алғашқы тәжірибе әрі үлкен жаңалық болды.

«Асыл арна» телеарнасы – Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің және басқа да құзырлы ұйымдардың тікелей қолдауымен 2007 жылы қыркүйек айында құрылған исламдық танымдық арна , 2008 жылы маусым айында Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат Министрлігінің Ақпарат және Мұрағат Комитетінде Бұқаралық ақпарат құралы (БАҚ) ретінде тіркелген. Тілі: қазақша, орысша. Меншік иесі: «Асыл арна» студиясы. ЖШС (Алматы қаласы).

Бастапқы кезеңде телеарна өз өнімдерін «Алма ТВ», «Секателл», «Диджитал ТВ», «ОТАУ TV» секілді кабельді жүйелер арқылы республиканың, және жақын шетел көрермендеріне ұсынады. Хабарлар екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Қазақша бағдарламалар саны бүгінгі таңда 70 % асып отыр. Таратылу уақыты: тәулік бойына.

Телеарна «исламның ақиқи қағидаларын насихаттау және Қазақстан мұсылмандарының береке-бірлігін арттыру және өз жұмысын Қазақстан Мұсылмандар Діни Басқармасымен, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Дін істері жөніндегі комитетімен және басқа да құзырлы органдармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып жүргізу» мақсатында ашылған[2, 300-356 б.].

Іс-әрекет ұстанымдары:

– көпұлтты және көпконфессиялы қоғам ретінде Қазақстан халықтарының ұлттық дәстүрлері мен мәдени өзгешеліктерін құрметтеу;

– елдегі әлеуметтік, саяси және қоғамдық тұрақтылықты сақтау жолында Қазақстан Мұсылмандар Діни Басқармасымен, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Дін істері жөніндегі комитетімен және басқа да мемлекеттік құзырлы органдармен және қоғамдық ұйымдармен қоян-қолтық араласа, бірлесе отырып әрекет ету;

– ҚР заңдарына толық бағыну және мемлекеттік саясат ұстындары мен ҚМДБ ресми бағытына сәйкес жұмыс істеу.

Арнада «*Шуақты аналар*», «*Халықпен қауышу*», «*Ұстаз және шәкірт*», «*Уақыттың қадірі*», «*Сахих хадистер*», «*Под шаныраком дружбы*», «*Өткеннен қалған өнеге*», «*Өнеге отауы*», «*Мың айдан да қайырлы*», «*Мұхаммед соңғы пайғамбар*» сынды тағылымы мол бағдарламалар берілуде.

Бір қызығы, бүгінде арнаның мазмұны бірнеше жыл бұрынғыдан таң қалдырады. Мысалы, 2011 жылы арна Сауд Арабиясы Корольдігі шығарған саудиялықтардың өмір салты мен саудиялықтардың исламды түсіндіруі туралы баяндайтын фильмдерді көрсетті. Бүгінде арнада негізгі діни мазмұнмен қатар Қазақстанның тұңғыш президенті туралы фильмдер, түрлі қайраткерлермен, соның ішінде шенеуніктермен немесе депутаттармен қоғамдық тақырыпта сұхбаттар көрсетіледі, арнада мұсылман әйелдері жүргізетін аспаздық шоу бар.

Негізгі тақырыптық бағыты: қазақ халқының тарихын, салт- дәстүрін зерделеу, рухани-діни сауаттандыру, ислам дінінің ағартушылық мүмкіндігін пайдалану туралы хабарлар тарату. Студия 2009 жылы тамыз айынан кабельдік жүйе арқылы республика аумағына хабар тарата бастады. «Асыл арнаның» жеке телеарна ретінде бөлек шаңырақ көтеруі де осы уақыттан басталды. Бір жылдың ішінде көрерменге қырықтан астам жоба ұсынылды. Олар өзінің тақырыбы жағынан ақпараттық- сараптамалық, таихи-танымдық, рухани-өмірбаяндық, оқу-ағартушылық және әлеуметтік-экономикалық деп бөлінеді.

Телеарна ҚР Дін істері агенттігінің қолдауымен және Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасымен бірлесе жұмыс істейді. Сонымен қатар «Қазақстан» ұлттық телеарнасы ұсынып жүрген «Иман нұры», Қарағанды облысының «5 арнасы» үзбей беріп отырған «Ислам нұры» және тағы басқа сол сияқты тәрбиелік мәні зор бағдарламалар қатары толып келе жатыр. Аталған бағдарламалар сұқбат түрінде өтіп тұрды.

Дін насихатпен дамиды демекші, Қазақстан халқына асыл дініміздің құндылықтарын насихаттап жеткізуде аталған бірегей басылымдардың атқарып отырған еңбегі зор. Қазір мектеп оқушысынан бастап еңкейген қарияларымызға дейін «Ислам және өркениет» газеті мен «Иман» журналын сүйіп оқитын болды. Қазақ жерінде қайта бой көтере бастаған дінімізбен бірге халық санасы да исламға бұрылып, жас та, кәрі де діни басылымдарды оқу керектігін түсіне бастады.

Сонымен қатар, арна эфирінен діни көркем фильмдер мен балаларға арналған базарлықтар – дін жолын насихаттайтын мультфильмдер көрерменге жол тартуда.

Жалпы дін тақырыбындағы қандай да бір БАҚ материалы аса қырағылықты, білімпаздық ты, объективтілікті, нейтралдылықты талап етеді. Жасыратыны жоқ, журналистер қауымы осы тұста ақсап жатады. Сонымен қатар бүгінгі таңда дін саласындағы кәсіби журналистерді ма мандандыру, БАҚ саласына бейімдеу өзекті мәселе ретінде үнемі назарда жүреді.

Еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарындағы дін насихаты бұл күрделі тақырып. Бұған бір жақты баға беру де, пікір білдіру де қиын. Себебі, қай мерзімді басылымды, телеарналар мен радио бағдарламаларын алсаңыз да әрқайсысы дін тақырыбын ең алдымен оның басшыларының дінге деген көзқарасына орай тартылған авторлары мен телерадио хабарларын жүргізушілерінің діни-танымдық деңгейінде жүйелі емес ішінара болса да көтеріп келеді.

Кім-кімге де белгілі елімізде бұғанға дейін атеизм үстемдік етті. Соның салдарынан барша халықтың саяси белсенділігі мен заманауи білімі де жоғары болуы бек мүмкін, ал есесіне діни білімі көбінің әлі күнге тым таяз. Тарихтан белгілі, кешегі кеңес заманының алғашқы кезеңінде жаппай сауатсыздықты жою іс-шарасы мемлекеттік деңгейде жүргізілді. Ал, қазір еліміздің ірі мешіттерінде діни сауат ашатын қысқа мерзімді курстар жұмыс істейді.

Дін тақырыбына терең бойлайтын жас ғалымдарымыз енді ғана төбе көрсетіп, алдының бірнеше кітаптары оқырман қолына тиіп те үлгерді. Ал, дін тақырыбын көтеріп, хабар жүргізетін журналистердің дені діни білімсіздіктен мәселеге терең бойлай алмай, көбіне-көп бір жақты үстірт сырғып өте шығады. Әрине, оларға өкпе арта алмаймыз. Себебі де түсінікті. Діни білімі жоқ журналисттер дін жайлы айтуы дінаралық алауыздық тудыруы. Дін мәселелері нәзік, жауапкершілігі мол болып табылады. Қасиетті Құранда айтылғанындай: «Білетін мен білмейтін тең бе?» Білместікпен үлкен мәселенің басын ашуы әбден мүмкін. Кейбір телеарна мен мерзімді басылым дін тақырыбын көтерген болады да оны аша түсу үшін пікірталасқа айналдырып, оған міндетті түрде дәстүрлі дінімізге қарсылас ретінде ниет-пиғылы мен ұстанымы мүлдем бөлек ағым мен топ өкілін қатыстырады. Діни көзқарасы мүлдем бөлек адам ұлттық ділімізді, дінімізді жете түсінбейді, халқымызға сай ертеден келе жатқан дәстүрімізді толық ұғынбай қате түсініктер қалыптастыруы әбден мүмкін.

Жалпы Ақтөбе қаласындағы жергілікті басылымдар діни мейрамдардағы іс-шаралар мен кейде дін өкілдерінің бірен-сараң материалдарын жария етумен ғана шектеліп қояды. Ал, жиі болмаса да облыстық «**Ақтөбе**» қоғамдық саяси апталығы мен «**Актюбинский вестник**» газеттері дін туралы көлемді, пайымы мол, танымдық мақалалар жариялап тұрады. Өкінішке орай, жергілікті телеарналар мен радиолардағы дін туралы ақпарат беретін хабарлар жоқтың қасы және радио хабарлар науқандық әлдебір діни мейрамдарға қатысты ғана жүргізілетіндігі белгілі болды[3, 125-150 б.].

Бұл мәселеге объективті түрде қарайтын болсақ, біріншіден біздің қоғамның дінге қатысты мүлде сауатсыз екендіктерін көріп отырмыз. Өз кезегінде қоғамның діни сауатын арттыру үшін белгілі бір деңгейде үлес қосатын БАҚ-тың өзінің жағдайы мәз емес. Екіншіден, біздің өңірде осы БАҚ өкілдерінің діни сауаттылығын көтеру яғни дін төңірегіндегі тақырыптар мәселесін талқылап, БАҚ пен дін қызметкерлерінің диалогын ұйымдастырып отыратын мемлекеттік мекемелердегі жұмыстардың әлі де болса кемшін тұстары сезіліп қалуда.

«Қазақ радиосы» - Қазақ мемлекеттік ақпараттық-сауықтыру радиосы. «Қазақстан» РТРК АҚ құрамына кіреді. 1921 жылдың 29 қыркүйегінен бері таратып келеді .

«**Шалқар**» радиосы – Қазақ радиосының тек мемлекеттік тілде хабар тарататын құрылымдық бөлімшесі. 1966 жылы 1 қаңтарда хабар тарата бастады

«Қазақ радиосы» мен «Шалқар радиосы» көптеген радио арналарға үлгі болды.

Мәселен,

–«Ислам құндылықтары»,

–«Пайғамбар хадистері»,

–«Тағылым тамшылары» т.б. хабарлары тыңдармандардың ыстық ықыласына бөленді.

Бұдан шығатын қорытынды жалпы аудиторияның сұранысын, кейбір республикалық БАҚ-тардың ғана ескеретіні аян болды.

Бізде жергілікті арналарда өкіншке орай, дінге қатысты телебағдарлама жүргізушілерінің діни сауаттылығының төмен екендігі байқалып қалып отырады. Бұл орайда, хабардың техникалық мүмкіндіктеріне тоқталмаған күнде жүргізушінің тақырыпты терең игермегендігі, сұрақтардың жұтаңдығы және хабар барысында қарапайым көрерменге түсініксіз діни терминдер көптеп кездесеуін қабылдау оңай емес.

Дін өкілі ньюсмейкер ол өз тілінде яғни діни сөздермен сөйлейтіні белгілі сондықтанда діни сауаты жоқ қарапайым көрермендер үшін оны ұғыну қиын. Бұл орайда ең бірінші журналистің діни білімі бірінші орында болуы керек, онсыз хабардың сапасының нашар болуымен қатар, көрерменге теріс әсер беруі мүмкін. Хабар арнайы діни білімі бар аудиторияға арналса да телехабарға анықтамалық ақпараттық сюжеттер қосылып, тілші ой өрбіткенде терең сараптамалық, зерделі ойлар білдіріп отырса әрине хабардың көркемдік-сапалық деңгейі арта түседі.

2000 жылдары діни экстремизмге қарсы күрес мемлекеттік органдардың қоғамдық және діни ұйымдармен бірлескен жұмысында тиімдірек болады. Ол үшін еліміздің барлық негізгі БАҚ тартылатын дін саласындағы мемлекеттің ақпараттық-білім беру саясатының бағдарламасын әзірлеу қажет.

Ескеретін бір мәселе бұл діни сауатсыздықтан бұрын журналистік сауатсыздыққа жол беріп отырған мұндай басылымдар біріншіден осылай арзанқол жолмен «сенсация» жасап, оқырмандарын көбейтуге тырысады бір сөзбен айтқанда «сары басылым» деңгейіндегі дүниелер деу орынды. Бұны дүңгіршектердегі сатылып жатқан арзанқол газеттер мен ғаламтор беттеріндегі көптеген материалдардан көруге болады.

Тәуелсіздік алған жылдардан бергі діни мәселелер өзінің алуандығымен назар аудартады. Мәселен, алғашқы жылдары діннің қаупі туралы емес, оның құндылықтық, рухани маңызы туралы мақалалар баспасөз беттерінде көтерілсе, 2000 жылдан бері қарай онда діни ағымдардың зияны мен зардабы туралы мақалалар көптеп жариялана бастады.

Бұлардың барлығы диссертациялық зерттеуде талқыланып, талданып көрсетілді. Қазіргі таңда Қазақстан қоғамындағы қазақ тілді БАҚ-ғы дінге қатысты мәселелер орыс тілді БАҚ-мен салыстырғанда, ұлттық мүдде тұрғысынан жиі көтеріледі.

Мәселен, республикалық қоғамдық-саяси газеттер:

– «Айқын», «Алаш Айнасы», «Жас Алаш»;

– Қазақстан Мұсылмандар Діни Басқармасына қарасты «Ислам және өркениет» газеті мен «Иман» діни-танымдық журналы.

Республикалық деңгейдегі алғашқы үш газеттерге мониторинг жүргізудің себебі олардың басқа газеттермен салыстырғанда діни мәселені жиі көтеруінде. Аталмыш газеттердегі жиі көтерілетін мәселелер:

- 1) Қазақстан Республикасындағы діни жағдай;
- 2) мемлекеттік биліктің дін саласындағы жүргізіп отырған саясаты;
- 3) діни және ұлттық идентификация;
- 4) елдегі діни сауатсыздық;
- 5) «дәстүрлі емес» діни ағымдар;
- 6) шет елдердегі діни орындардағы білім алу мәселесі;
- 7) «дәстүрлі» конфессиялар.

Осындай басылымдардағы, телеарналардағы тілшілердің өзі дайындап отырған сюжеттің немесе мақаланың тақырыбын терең зерттемей, үстірт көзқараспен эфирге алып шығып, аудиторияға сапасыз өнімдерін ұсынуы кәсіби деңгейінің төмендігінің белгісі. Бұл қасіреттің маңыздылығы - сонда қалың оқырмандар, көрермендерге ақпарат толық жетпей, көкейлеріндегі жүрген сансыз сұрақтарға тұшымды жауап ала алмай дұдамал күйде қалады. Дін тақырыбының толық ашылмаған тұсындағы жауабы жоқ сұрақтардың шиеленісе түсуі, дін өкілдеріне деген ашу-ыза өшпенділіктің артуына септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстандағы ислам» журналы: old.islamfund.kz
2. Рыскелдиев Т. «Имандылық иірімдері» радиохабары // Еуразия университеті. Журналистика сериясы, №2.- Алматы, 2000,- 300-356 б.

ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Исламтану білім беру бағдарламасының 1- курс докторанты **Н.Қ.Қабылбаева**

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор К.К.Бегалинова

Әл-фараби атындағы қазақ ұлттық университет

Аңдатпа: Бұл мақалада қазіргі қазақ жастары, олардың түсініктеріндегі өмірлік құндылықтар баян етіледі. Заманына қарай адамы демекші 2 ғасыр тоғысында өмір сүріп жатқан қазіргі жастар мен өткен ғасыр жастарының құндылықтық бағдарында айырмашылық бар. Қазіргі қазақ жастарында ауқатты тұлға образын қалыптастыру маңыздырақ десек, діни сенім мен адами капиталды, отбасы мен дос-жаранды да жоғары қоятын жастар да жоқ емес. Қай ғасырды алсақ та сол заманның азаматтарын тәрбиелеу әуелі рухани-адамдық қасиеттер мен құндылықтармен байланысты болған. Сол себепті де жастарға, келер ұрпаққа рухани құндылықтық бағдардың маңызын айшықтау сіз бен біздің міндетіміз.

Кілт сөздер: жастар, қазақ, құндылық, дін, мәдениет, замануи, сауат, білім, қоғам, жаһандану, мемлекет.

Жастар – еліміздің бүгіні мен ертеңі, егеменді еліміздің мәдени, экономикалық, ғылыми және рухани дамудың қайнар көзі. Себебі, тәуелсіз мемлекет халқының басым көпшілігін қамтиды бұл бір, екіншіден жастар өте шығармашыл, икемшіл, кретивті, заманның әртүрлі жаңашылдықтары мен өзгерістеріне жылдам икемделетін ерекше қабілеттерге ие социумның үлкен бір бөлшегі. Жастар бүкіл қоғамның экономикалық ғылыми техникалық әлеуметтік саяси мәдени рухани дамуының әрі объектісі әрі субъектісі. ХХ ғасырдың басында БҰҰ-ның зерттеуі бойынша әлемдік өзгерістерге прогрессивті түрде қатысатын әлеуметтің қуатты күші болып танылған [1, 278 б.].

Қай ғасырды алсақ та сол заманның азаматтарын тәрбиелеу әуелі рухани-адамдық қасиеттер мен құндылықтармен байланысты болған. Осы құндылықтар жүйесі елдің ішкі құрылысын реттеуші әрі ұйымдастырушысы болып табылады. Тұрақтылық пен құбылмалылық жағдайды реттеудегі ең негізгі екі сапа болып табылады. Э.Дюркгейм белгілі француз әлеуметтанушысы құндылықтық бағдардың құбылмалы болуы сол қоғамның жылдам дамуы мен сол елдегі экономикалық-әлеуметтік дағдарысты көрсетеді дейді [2, 352 б.]. Қоғамдағы әрбір дағдарыс кейбір құндылықтар мен нормаларды құлдырауға әкелсе, енді біреулері бірінші орынға көтеріліп, жаңа бір әлеуметтік маңызға, жаңа дүниетанымның пайда болуына себепші болады. Құндылық бағдардың астарында мән, мағына, идеал, талап, тілек, қажеттіліктер мен мотивтер сияқты адамның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері жатады.

Психологиялық сөздікте: «құндылық» түсінігі қоғам үшін әлеуметтік-тарихи маңызы бар, «жеке тұлға» өмірінің болмысын анықтайтын құбылыс деп анықтама берілген [3, 494 б.]. Тұлғаның құндылық бағдар жүйесі оның жеке басының маңызды мінездемелерінің бірі және оның жеке тұлғасының қалыптасуының негізгі критериясы болып табылады. Тұлғаның құндылық бағдарының даму дәрежесі тұлғаның дамуының деңгейін, оның тұтастығы мен тұрақтылығы жайында ой қорытындылауға мүмкіндік береді.

Кез-келген қоғамда пайда болған түрлі проблемалар сол қоғамдағы құндылықтармен бағытта келеді. Яғни қоғамдағы білімнің денсаулықтың, отбасы институтының, мәдениеттің, экономиканың, саяси демократизациясының дамуы немесе

калыс қалуы қоғамдағы басымдыққа ие құндылықтар жүйесіне байланысты. Мәселен, қоғамда тұтынушылық, қауіпсіздікке мұқтаждық, жемқорлыққа толеранттылық, білімге селқостық, отбасыға, еңбекке, руханилыққа бейжайлық құндылықтары басым болса, онда қоғамда прогреске қарағанда регрестің басым екендігін көрсетеді. Ал қоғамдағы шығармашылыққа ұмтылу, отбасы бақыты, адал еңбек, терең білім, адамгершілік, әділеттілік, әдептілік, рухани құндылықтардың басым болуы регреске қарағанда прогрестің басым екендігін көрсетеді. Осы құндылықтарды алып жүруші және жаңғыртушы, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу міндетін жастар атқарары белгілі. Ұлттық мәдени дәстүр мен құндылықтарды сақтау және оны әрі қарай дамыту жауапкершілігі дәл сол жастарға жүктеледі. Жастардың болмысын және оның сапалық деңгейін анықтаудың өзі Қазақстанның қоғамдық – мемлекеттік даму дәрежесін, ұлттық менталитеттің мықтылығын, сондай-ақ мемлекетіміздің әлемдік қауымдастықтағы орнын анықтайды. Жастардың мәдени құндылықтық жүйе арқылы тек жекелеген адамның материалдық және рухани қажеттілігін ғана байқап қоймаймыз, сонымен қатар бірге қоғамның нақты жағдайын да анықтай аламыз.

Бүгінгі жастардың құндылықтарын мұқият зерттеу бүгінгі және болашақ қоғамымызды сипаттап және сол қоғамда болуы мүмкін кемшіліктердің алдын алуға, артықшылықтарын арттыруға, қауіптерін азайтып, мүмкіншіліктерін арттыруға мүмкіндік береді. Жастар үшін уақытты қызықты өткізу, қарым-қатынас, белгілі бір мақсат көздемейтін қарым-қатынас процессі де мақсат ретінде танылады. Сол коммуникациялар кезінде жас жігіттер мен бойжеткендер құрдастарынан өз маңыздылығын растап, өз статусын анықтайды. Олар үшін қолдау өте маңызды, себебі, көптігінде өзіндік құндылықтар жүйесі қалыптаспаған. Олардың құндылықтар жүйесі жиі бұқаралық ақпарат құралдарының, интернеттің, құрдастары мен жан дүниесі ұқсас келген адамдармен араласу әсерімен қалыптастырылған [4,172 б.].

Қазіргі қазақ жастардың құндылық бағдарының ерекшеліктерін анықтау үлкен мақсаттардың бірі. Себебі, олар қоғамдағы жаңашылдық қолдан әрі тез қабылдайды, ұлттың мәдени-рухани құндылықтарын дамытуға әрі атадан-балаға мұра ретінде қалдыруда ерекше рөл атқарады. Әсіресе студенттердің таңдаған мамандыққа байланысты білім алуы, өмірдің мән-мағынасын айшықтау, болашақты жоспарлау, өзінің рухани-адамгершілік дүниетанымын кеңейту, өмірде өз орнын табу сынды мақсат-тілектері оларды ойландырып ғана қоймай соған белсенді әрекет етуге итермелейді [5, 288 б.].

Қазақстанның қазіргі жастары үлкен саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістер кезеңінде дүниеген келіп, өсті. Өзіндік көзқарастары мен құндылықтары бар жастар. Қазіргі қазақ жастарының құндылықтары өткен ұрпақтардың құндылықтарынан айтарлықтай айырмашылықтары бар. Екі негізгі аспектілердің әсерінен жастардың құндылықтық бағдарлары қалыптасады. Біріншісі – адамзатты сүюмен адамгершілік қасиеттерден қалыптасатын рухани жан дүние. Екіншісі – соңғы онжылдықта өзекті болған рухани құндылықтың орнын басқан материалдық құндылықтардың басуы жастар құндылықтық бағдарларының қалыптасуына әсер етуде. Заманауи жастардың өмірінде табысты болу, биік мансап, отбасы, достық қатынас, пайдалы байланыстар мен шығармашылық пен өздерінің қалауларын іске асыру басымдылыққа ие болып отыр.

Қазіргі уақытта жастардың ғылыми тұрғыдан «түсінуге мүмкіндік беретін көптеген әлеуметтік-мәдени зерттеулер бар. Осындай зерттеулерге сүйенер болсақ, жастардың құндылықтарының ішінде ең маңыздылары отбасы, денсаулық, достар, материалдық жағдайдың жоғары болуы, әділдік және жұмыс болса соңғы жетіншісі діни сенімі, басқаша айтқанда адами капиталды қалыптастыру мен дамыту. Денсаулық, білім, қабілет және т.б. болашақта жақсы әрі молшылықта өмір сүру үшін қажетті адами капиталдар жиынтығы.

Қазіргі жастардың көпшілігі құндылықтық бағдарларды өзінің белгілі бір мақсаттарына жету жолындағы мақсат деп қабылдайды. Қазіргі қазақ жастары тек ақша мен материалдық байлық ғана алаңдатпайды. Материалдық байлықтан көрі сенім мен шығармашылық және діни құндылықтар маңыздырақ. Өзінің жеке қасиеттері мен шығармашылық мүмкіндіктері адамның жетістікке жету жолында көмектеседі деп бүгінгінің жастары есептейді.

Жалпы қазіргі қазақ жастары құндылықтар шеңберін қалыптастыру сатысында. Бірнеше факторлар маңызды рөл атқаруда. Біріншіден, батыстандыру ағымы мен нарықтық психология ғылымы. Екіншіден, мемлекеттік идеологияның әсері. Үшіншіден, рухани-мәдени дәстүрлерді жаңғырту. Дәл осы бағыттардың араласуынан қазақ жастары деп аталатын әлеуметтік топ құралуда [6, 65 б.]. Қазақстандық жастардың бос уақыттарын мәдени-құндылықтық ұйымдарын дайындауда, есірткіні, ішімдікті, құрбы-құрдастарына күш қолдану арқылы өздерін көрсету және т.б. «бос уақыт түрлерімен» күресте шығармашылық және адамгершілік тұлғаны дамытудың бір жолы ретінде жастардың медиасауаттылығының үлкен мүмкіндіктерін ескермей кетуге болмайды [7, 20 б.].

Адам баласын барлық жан-дүниесімен, тәни құрылысымен, ақыл-ойымен біртұтас болмыс деп қарастыру керек. Жастар бойында ар-ұждан, ұялу, сүйіспеншілік сияқты сезімдермен қатар, осы сезімдерге итермелейтін құмарлық, әуестік, ынтық сияқты сезімдерде бар. Сол сезімдерді салмақтап белгілі бір шешімге келетін адамның – ақылы. Бұл жағдайда ақыл адамның сезімдерінің арасында қазылық қызмет атқарады. Бірақ бұл қазы кейде сезімнің жетегінде кетуі де мүмкін. Сондықтан жастар осы сезімдер мен ақылдың және ұжданның арасында әруақыт арпалыста болады деп пайым жасауға болады. Адамдар әрдайым құндылықтар ортасында өмір сүреді. Құндылықтардың қоғам мен адам өмірінде орын алуы міндетті олсыз мүмкін емес, әсіресе үнемі өзгеріске түсіп отыратын мына әлемде. Адамның жан-дүниесі құндылық бағдарларынсыз, құндылықсыз бос, қазіргі заманауи қоғам талаптары ежелден келе жатқан ұлттық және мәдени құндылықтарды өзгертіп, ешқашан өзгеріске ұшырауы мүмкін емес деген өмірлік құндылық формалары үлкен бұрмауларға ұшырауда. Өткен ғасырларда құнды деп есептелінген құндылықтар ХХ ғасырда күл талқан қылды, оның орнына әрбір тап өкілдері, ұлттар мен ұлыстар, елдер мен мемлекеттер өзіндік құндылықтар мен ережелер жүйесін қалыптастырды. Сол себептен де бүгінгі таңдағы ең үлкен мәселелердің бірі құндылық бағдарлары болып табылады [8, 138 б.].

Жастардың рухани құндылық бағдар жүйесінде олардың оқу формасына қарай айырмашылығы бар. Жоғары оқу орындарында студенттердің құндылық бағдарының тереңдеуіне жүйелі жүретін оқу тәрбие жұмыстарымен қатар, сабақтан тыс ұйымдастырылатын танымдық үйірмелер, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша конференциялар, пәндік олимпиадалар, диспуттар т.б. тиімді ықпал етеді. Жоғарғы оқу орнында білім берудің жаңашылдық бағытына сай, студенттердің құндылық бағдарын тереңдетіп, шығармашылық дербестігін қалыптастыру - кәсіптік білім берудің басты мақсаты. Өйткені қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, әлемдік ортада алдыңғы шептен орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің жаңа сипаты – жаңа оқыту технологияларын, оқу ақпараттарын ұтымды қолдану, шығармашылық оқыту түрлерін кеңінен пайдаланумен тығыз байланысты [9, 32 б.]. Қазақ жастарының құндылық бағдары мен қызығушылықтарының дұрыс ұйымдастырылуы, олардың психологиялық және тұлғалық қасиеттерінің дамуының нәтижелі болуына жетелейді. Тұлғаның қоғамдағы материалды және рухани мәдени қажеттіліктері құндылық бағдар түсінігі ретінде қарастырылады.

Қазіргі қалыптасып келе жатқан жастар арасындағы қарым – қатынас стилі, өмірлік қабылдаулар, құндылық басымдық өтпелі Қазақстан қоғамының әлеуметтік психологиялық құрылымының дамуының негізгі тенденциясы болып келеді. Бүгінгі жастардың құндылық бағдары қандай болса, біздің қоғамымыздың болашағы соған

байланысты болмақ, сондықтан өмірлік қоғамдық – пайдалы құндылықтарды олардың санасына бекіту маңызды болып табылады [10].

Қазақстанның бүгінгі жастары қарама-қайшылыққа толы қоғамда өмір сүріп жатқандықтан, осы кезең үшін рухани-адамгершілік бағдарлардың жұтануы тән. Осы келеңсіз жағдайдан арылу үшін бала тәрбиесінде ұлттық рухани- мәдени мұраларды игерту қажет [10]. Тәуелсіз Қазақстандағы барлық салаларда болып жатқан ауқымды реформалар бұрын қалыптасқан мораль жүйесін толығымен өзгертіп, оны адамгершілік құндылықтарға айналдырды. Ересек ұрпақтың жас ұрпаққа беретін әлеуметтік нормалар мен дәстүрлері бұзылды, өйткені кординалды түрді идеология өзгерді. Ересек ұрпақ адамдарында «өткен күндер» елесі әлі жақсы сақталған, олар бұрынғы құндылық бағдарды сақтай отырып, қазіргі өмірге, нарыққа бейімделуі күрделірек.

Бүгінгі жастардың өмірлік құндылықтары біздің «ертеңіміздің» бейнесін анықтайды. Ел ұлағатты ұрпағымен күшті мемлекет болмақ демекші, еліміздің ертеңі жастардың бойына сіңірген құндылықтарымен тығыз байланысты. Отан сүйгіштік, еңбеккерлік, жауапкершілік, мәдениеттілік пен инабаттылық қашанда жеке тұлғаның бетке ұстар адами қасиеттері болып табылады. Осы құндылықтарды күнделікті ұстанған адам өзінің жарасымды қылықтарымен қоршаған ортасында беделге ие болып, көздеген мақсатына жете алады.

Жоғарыда айтылғандардан жастар, тек өз халқының мәдени, рухани құндылықтарын дәріптеу керек деген сөз емес. Халқының ұлттық ерекшеліктерін құрметтеп, оны өз бойына сіңіре отырып, басқалардың құндылықтарына да құрметпен қарау адамзаттың жоғары нышаны, құндылығы, адамгершілігі болып табылады. Біздің көздеген мақсатымыз, жастарға мәдениеттің не екендігін үйретіп, өзге халықтармен ынтымақты қарым-қатынас жасауға, салтын құрметтеуге, бейбітшілікке баулу. Мәдениет- кез-келген халықтың айнасы [11, 3 б.]

Сондықтан жастардың материалдық және рухани тұрғыдан кемел болуы біздің болашағымыздың беки түсуіне ықпал етеді. Жастардың рухани тұрғыдан қалыптасуында әлеуметтік-мәдени құндылықтардың орны бөлек. Қандай салада болмасын болашақ ұрпақтың кемелденуінің негізін сол елдің дәстүрі мен құндылықтары, мәдениеті мен діні қалыптастыратын болса, оның еліне, жұртына адал болуын қамтамасыз етіп қана қоймай, елі үшін ерінбей еңбектенуіне негіз болады. Сол үшін мемлекеттің де жастарды назардан тыс қалдырмауы заңды құбылыс [12, 35 б.].

Әдебиеттер тізімі:

1. Абдрайымова Г.С. Социология молодежи. – Алматы: Жибек жолы, 2008. –278 с.
2. Социология. Её предмет, метод, предназначение// Пер. с фр., составление, послесловие и примечания А.Б.Гофмана. - М.: Канон, 1995.-352 с.
3. Психологический словарь //Под общ. ред. А.В.Петровского, М. Г. Ярошевского. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: Политиздат, - 494 с.
4. Алтынбеков А.Б. Қазіргі Қазақстан жастарының еңбек құндылықтары: салыстырмалы-әлеуметтанулық талдау.- Алматы. -2015. -172 б.
5. Человек как предмет познания. Санкт-Петербург, 2001.- 288с.
6. Елишев С. О. Теоретико-методологические подходы к изучению понятий «ценность», «ценностные ориентации» // Вестн. Моск. ун-та. Сер. Социология, Политология. 2010. № 3. С. 74–90.
7. Молдабеков Ж.Ж. Ақпараттық ресурс – ұлттық құндылық // Қазақ газеті. –Алматы, 2011. 20 б.
8. Абдигалиева Г.К., Габитов Т.Х., Исагамбетова З.Н., Бияздыкова К.А., Шорманбаева Д.Г. Ценностные ориентиры казахстанской культуры. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 138 с.
9. Қожамберлиев Б. Рухани болмыс пен әлеуметтік болмыс дамуының арақатынасы: автореф. филос.ғыл.докт. –Алматы: 2005. –32-35 бб.

10. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы.
11. Воронцов В.С. Этническое самосознание учащейся молодежи Удмуртии. –Ижевск , 2003. –3 с.
12. Масалимова Ә. Р. Мәдениет мәйегінің мекені қайда? //Алматы ақшамы. – Алматы, 2015. № 35.

ҚЫТАЙДАҒЫ БУДДИЗМНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Дінтану мамандығының 2 курс магистранты **Әділжан Г.**

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, PhD Мұқан Н.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Аңдатпа: Орталық Азияда буддизмнің таралуы әлі толық түсінілмеген. Егжей-тегжейлер қаншалықты қараңғы болса да, Үндістанның солтүстік-батысынан Қытайдың солтүстігіне дейінгі сауда жолдары буддизмнің Орталық Азияда таралуына және көптеген ғасырлар бойы гүлденген буддистік мәдениеттің сақталуына ықпал еткені анық.

Кілт сөз: Буддизм, Қытайдағы дін, дін тарихы.

Біздің дәуіріміздің басында буддизм Шығыс Түркістанда кең таралған болуы мүмкін. Дәстүр бойынша Ашोकаның ұлы б.з. д. 240 жылы Хотан патшалығын құрды. бұл патшаның немересі буддизмді Хотанға әкелді, онда ол мемлекеттік дінге айналды. Басқа дереккөздер Үндістанның солтүстігінде, Ауғанстанда және Орталық Азияның кейбір бөліктерінде біздің заманымыздың I-II ғасырларында билік еткен Кушан (Кусана) әулетінен шыққан үнді–скиф патшасы каниска буддизмнің Орта Азияға таралуына ықпал еткенін көрсетеді. Каниска маңызды будда кеңесін шақырды және буддистік иконографияға грек және парсы элементтерін әкелген Гандхара буддистік өнер мектебіне қамқорлық жасады. Қытай Түркістанының солтүстік бөлігінде буддизм Кугадан (Куча) Агнидес (Қарашахр), Гаочан (Торпан) және Бхарука (Ақсу) патшалықтарына дейін таралды. Орталық Азияға барған қытайлық саяхатшылардың айтуынша, Хинаянистер Турфан, Шаньшань, Каши (Қашғар) және Кукта ең күшті болған, ал Махаянаның тірек нүктелері Ярканта (Ярканд) мен Хотанда (Хотан) орналасқан.

Орталық Азияда тілдер, діндер мен мәдениеттердің симбиозы болды және буддизм осы әртүрлі дәстүрлермен өзара әрекеттескен сайын ол өзгеріп, дамыды. Шаманизм, зороастризм, несториандық христиандық және ислам бұл жерлерге еніп, буддизммен қатар өмір сүрді. Махаянаның Амиитабха сияқты кейбір бодхисатвалары ішінара зороастризмнен шабыттанған болуы мүмкін. Біздің заманымыздың III ғасырында құрылған ирандық дуалистік дін буддизм мен манихейизм арасында кейбір синкретизмнің дәлелі бар.

Буддизм Орталық Азияның кейбір бөліктерінде XI ғасырға дейін, әсіресе ұйғыр түріктерінің қамқорлығымен өркендеді. Бірақ исламның сәтті шапқыншылығымен (Б.З. VII ғасырдан бастап) және Қытайдағы Тан әулетінің (618-907) құлдырауымен Орталық Азия Үнді және қытай саудасы мен мәдениетінің маңызды түйіні болуды тоқтатты. Бұл аймақтағы Буддизм біртіндеп өткенге айналды.

Буддизм, біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырларында Қытайға еніп, дамыған жазуды, ерекше фольклорды, мифологияны және өзінің діни нанымдарын қамтитын бай, терең мәдениетке тап болды, бұл оның Қытай дәстүрімен қарым-қатынасының күрделі сипатына әсер ете алмады. Осы өзара әрекеттесудің нәтижесінде өте ерекше құбылыс пайда болды - Қытай буддизмі, оған екі деңгей кірді: элиталық және танымал. Танымал

буддизм Қытай қоғамының қоғамдық санасының барлық салаларында үлкен рөл атқарды. Бұл Қытайдың рухани мәдениетінің дамуына үлкен әсер етті. Оның құдайлары қытай әдебиеті, сәулет және бейнелеу өнері шығармаларының сүйікті кейіпкерлеріне айналды. Көптеген буддистік сюжеттер тан романдарының негізін қалады. Конфуцийшілдік пен даосизммен бірге ол "үш діннің" синкреттік кешенін (Сан цзяо) құрды, онда кешеннің әрбір құрамдас бөлігі қалған екеуін толықтырды.

Қытайдағы алғашқы буддистер туралы есептер біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырдан басталғанымен, буддизм біздің дәуіріміздің бірінші ғасырларына дейін белсенді түрде таралмады. Дәстүр бойынша, буддизм Қытайға Хань императоры Минди (б.з. 57/58–75/76 жж.) түсінде ұшатын Алтын Құдайды көргеннен кейін келді, бұл Будданың көзқарасы ретінде түсіндірілді. Император Үндістанға елшілерді жіберді, олар Қытайға астананың сыртындағы ғибадатханада сақталған "қырық екі бөлімнен тұратын сутрамен" оралды. Қалай болғанда да, буддизм Қытайға біртіндеп, негізінен Орта Азия арқылы, содан кейін Оңтүстік-Шығыс Азия арқылы сауда жолдарымен еніп кетуі мүмкін.

Хань әулеті кезіндегі Қытайдағы Буддизм сиқырлы тәжірибелермен терең боялған, бұл оны қазіргі халықтық діннің ажырамас бөлігі болып табылатын танымал Қытай даосизмімен үйлесімді етті. "Мен" болмау доктринасының орнына ертедегі қытайлық буддистер жанның бұзылмайтындығын үйреткен сияқты. Нирвана өлместіктің бір түріне айналды. Олар сондай-ақ Карма теорияларын, мейірімділік пен жанашырлық құндылықтарын және құмарлықты басу қажеттілігін үйретті. Хань әулетінің соңына дейін даосизм мен буддизмнің нақты симбиозы болды және екі дін де өлместікке жету құралы ретінде ұқсас аскетикалық тәжірибелерді насихаттады. Даосизмнің негізін қалаушы Лао Цзы Үндістанда Будда ретінде қайта туылды деген пікір кең таралған. Көптеген қытай императорлары бір құрбандық үстелінде Лао Цзы мен Буддаға табынған. Буддистік сутралардың қытай тіліне алғашқы аудармалары, атап айтқанда тыныс алуды бақылау және мистикалық шоғырлану сияқты тақырыптарға қатысты, оларды қытайлықтарға түсінікті ету үшін даосистік лексиканы қолданды.

Хань кезеңінен кейін Будда монахтарын Қытайдың солтүстігіндегі қытайлық емес императорлар өздерінің әскери-саяси кеңестері мен сиқырлы дағдылары үшін жиі қолданған. Сонымен бірге оңтүстікте буддизм философиялық, әдеби және асыл топтарға еніп кетті. Осы кезеңде Қытайдағы буддизмнің өсуіне қосқан маңызды үлестерінің бірі аударма қызметі болды. Алғашқы аудармашылардың ішіндегі ең үлкені-401 жылы Қытай сотына опасыздық жасамас бұрын Үнді Ведаларын, оккульттік ғылымдар мен астрономияны, хинаяна мен махаяна сутраларын зерттеген ғалым монах Кумараджива.

Біздің заманымыздың V және VI ғасырларында Қытайда Үндістаннан будда мектептері құрылды, сонымен қатар жаңа, атап айтқанда қытай мектептері құрылды. Буддизм Қытайда күшті интеллектуалды күш болды; монастырь мекемелері таралып, буддизм шаруалар арасында орнықты. Сондықтан Суй әулеті (581-618) Біріккен Қытайда өз билігін орнатқан кезде буддизм мемлекеттік дін ретінде өркендегені таңқаларлық емес.

Тан әулеті кезіндегі Буддизм (618-907) Қытайдағы буддизмнің алтын ғасыры Тан әулеті кезінде болды. Тан императорлары әдетте даосист болғанымен, олар өте танымал болған буддизмді қолдады. Таня кезінде үкімет монастырьларды, сондай-ақ монахтардың тағайындалуы мен құқықтық мәртебесін бақылауды кеңейтті. Осы кезден бастап қытай монахы өзін жай Чен деп атады ("тақырып").

Осы кезеңде бірнеше қытай мектептері өздерінің ерекше тәсілдерін ойлап тапты және буддистік мәтіндер мен ілімдердің кең ауқымын ұйымдастырды. Будда монастырларының саны мен олардың иелігіндегі жерлердің саны едәуір өсті. Сондай-ақ, осы кезеңде көптеген ғалымдар Үндістанға қажылыққа барып, Қытайдағы буддизмді едәуір байытқан мәтіндермен және рухани және интеллектуалды шабытпен оралды. Алайда буддизм ешқашан даосизм мен конфуцийшілдікті алмастыра алмады және 845

жылы Император Уцзун ауыр қудалауды бастады. Жазбаларға сәйкес, 4600 будда храмдары мен 40 000 ғибадатханалар қирап, 260 500 монахтар мен монахтар дүниелік өмірге оралуға мәжбүр болды. Тан әулетінен кейінгі Буддизм.

Қытайдағы Буддизм 845 жылғы Ұлы қуғын-сүргіннен ешқашан толық қалпына келген жоқ. Алайда ол өзінің мұрасының көп бөлігін сақтап қалды және Қытайдың діни өмірінде маңызды рөл атқарды. Бір жағынан, буддизм буддизм ретінде өзінің жеке басын сақтап, өрнектің жаңа формаларын тудырды. Оларға әйгілі мұғалімдердің "юлу" ("жазылған сөздер"), ең алдымен монахтарға бағытталған мәтіндері, сондай-ақ "батысқа саяхат" (XVI ғасырда жазылған) және "Қызыл палата туралы арман" (XVI ғасырда жазылған) сияқты әдеби шығармалар кірді.) және "Қызыл палата туралы арман" XVIII ғасыр). Екінші жағынан, буддизм конфуцийлік (әсіресе Сун мен Мин әулеттерінің неоконфуций қозғалысында) және даосистік дәстүрлермен бірігіп, "үш дін" (санцзяо) азды-көпті ыңғайлы болатын күрделі көп діни этиканы қалыптастырды.

Қытайда өміршеңдігін сақтаған әр түрлі мектептердің арасында медитацияға баса назар аударған Чан мектебі (батыста жапондық дзен деген атпен танымал) болды (чан – санскрит дьянды қытайландыру, "медитация"). буддистік адалдықты көрсететін Таза жер дәстүрі. Бұрынғы мектеп мәдени элита арасында, әсіресе өнер саласында үлкен әсер етті. Сонг әулеті кезіндегі Чан суретшілері (960-1279) Қытай пейзаждық кескіндемесіне шешуші әсер етті. Суретшілер бүкіл шындықтың аққыштығы мен бос екендігі туралы түсінік беру үшін кенеттен және ептілікпен соққылармен жасалған гүлдердің, өзендердің және ағаштардың суреттерін пайдаланды. Таза жер дәстүрі жалпы халық арасында ең үлкен әсер етті және кейде құпия қоғамдар мен шаруалар көтерілістерімен байланысты болды. Бірақ бір-біріне ұқсамайтын екі дәстүр жиі бір-бірімен өте тығыз байланысты болды. Сонымен қатар, олар басқа буддистік элементтермен араласқан, мысалы, "өлгендерге арналған массалар" деп аталатын, оларды бастапқыда практиктер танымал еткен ваджаяна буддизмі.

XX ғасырдың басында қытайлық буддистік дәстүрді жандандыруға және оның ілімдері мен институттарын қазіргі жағдайға бейімдеуге бағытталған реформа қозғалысы қалыптасты. Алайда, қытай-жапон соғысы (1937-1945) және одан кейін Қытайда коммунистік үкіметтің құрылуы (1949) салдарынан болған қирау буддизм ісіне көмектеспеді. Мәдени революция кезінде (1966-76) будда храмдары мен монастырлары жаппай қиратылып, будда қауымдастығы қатыгез қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Мәдени революция аяқталғаннан кейін басталған реформалардан кейін қытай үкіметі үлкен реттеумен болса да, діни көрініске қатысты толерантты саясат жүргізе бастады. Бұл тұрғыда буддизм жаңа өмірді көрсетті.

Жаңа дәуірден бастап буддистік мәдениеттің өзгеру кезеңі болды. Қазіргі уақытта буддизм ұзақ уақыт бойы көшбасшы ретінде дүниеге келген, патша билігі қолдау ретінде, монахтар орталық ретінде және монастырь меншігі ретінде қалыптасқан дәстүрлі даму моделі үлкен сынақтан өтті.

Буддизмнің өсуі оның институттарының, әсіресе Қытайдағы теңсіздік жағдайында кедейлерге әлеуметтік қызмет көрсететін буддистердің қайырымдылық ұйымдары туралы хабардар болуына әкелді. Си билікке келгеннен бері сарапшылар Қытайдағы дәстүрлі нанымдарға қарсы қатаң риториканың әлсіреуін және тіпті олардың насихатын атап өтті.

Си Цзиньпин Қытайдың «дәстүрлі мәдениеттері» - конфуцийшілдік, буддизм және даосизм - елдің «моральдық құлдырауын» болдырмауға көмектеседі деп үміттенді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Васильев, Л.С. Қытайдағы культтер, діндер мен дәстүрлер / л. с. Васильев. – М.: РФА шығыс әдебиеті, 2001. – 488 Б.

2. Лепехов с. Ю. ескі қытай әдебиетіндегі Буддистік философиялық идеялар / с. Ю. Лепехов // Бурят университетінің хабаршысы. 18 Серия : Шығыстану.- Ұлан-Уде: БМУ. – 2006. - Жоқ. 2. – 12-36 ББ.
3. Chen, K. Buddhism in China: A historical Survey Princeton / K. Ch'en. – Princeton University Press; Revised ed. edition (April 1, 1972), 1964. – 576 p.
4. Гарри и. Р. джогчен және Чан Тибеттің буддистік дәстүрінде / отв. В.И. Корнев, В. С. Далыкова. - Ұлан-Уде: РФА-дан БНЦ баспасы, 2003. — 2008 Б.
5. Чебунин а. в. Қытайдағы буддизмнің енуі мен қалыптасу тарихы: [монография]. - Ұлан-Уде: Басылым.- полигр. FGOU VPO VSGAKI кешені, 2009a — - 278 б.
6. Янгутов Л.Е. Қытай мен Тибеттегі буддизмнің Өзгеру ерекшеліктері // БМУ хабаршысы. — 2018. - Т. 4, № 3. — 31-36 ББ.

ХАНАФИ МАЗХАБЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘТІНДЕРІ МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ (ШАРХТАРЫ)

Исламтану, 2 курс **Оразбаев Ә.Т.**

*Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор, Бегалинова К.К.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

Аңдатпа: Әбу Ханифа, ижтиһад кеңесі саналатындай ауқымды шеңберде дәріс саптарында фикһқа қатысты мәселелерді талқыға салып, айтылған пікірлер мен көзқарастарға баға берілгеннен кейін шыққан нәтижелерді шәкірттеріне жаздыратын. Әсіресе, шәкірті Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәйбани осы көзқарастарды реттеп, фикһ тақырыптарына қарай реттейтін. Оның «Захирур Риуая» деген атаумен жазған мәтіндері Әбу Ханифаға қатыстылығы жөнінен бір ауыздан келісілген үкімдер қамтылған ең сенімді дерек көзі саналады. Әбу Ханифадан нақты тәуатур түрінде емес, бір немесе бірнеше кісі тарпынан риуаят етілген көзқарастар Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәйбанидің «Надирур Риуая» аталған кітаптары мен басқа да шәкірттерінің еңбектерінде жазылған.

Кілт сөздер: мазхаб, фикһ, риуая, мүснәд, рисала, усул.

Фикһ кітабын Әбу Ханифаның өзі жазып қалдырғаны жайында ешқандай дерек жоқ. Жазып қалдыру шәкірттерінің кезеңінен басталды. Ең алғашқылардан болып ұлы шәкірті Абу Юсуф жинаған болатын. Одан кейін ауқымды жазба ретінде қалдырған екінші шәкірті Имам Мухаммад ибн Хасан әш-Шайбани. Ол өзінің тікелей дәріс кезінде Әбу Ханифа және Әбу Юсуфтан естігендерін жинаған. Бұл кітаптар кейін әл-Мабсут, әл-Асыл, әл-Жамиғ әс-Сағир, Жамиғ әл-Кәбир, әс-Сияр әс-Сағир, әс-Сияр әл-Кәбир деген аттармен белгілі болды. Кей кезде мұның барлығын жиып, әл-Кәфи деп те атайды. Бұл кітаптар Ханафи мазхабында негізгі қайнар көздер. Бұл кезеңдегі Имам Мухаммадтың басқа да кітаптары ерекше маңыздылыққа ие болған, олар: «әл-Жаржаният», «әл-Кисаният», «әл-Һаруният», «әл-Худжа әл-әһлу әл-Мадина» және тағы басқа кітаптар.

Тікелей Әбу Ханифаға тиесілі саналған кітаптар мыналар:

1. әл-Фикһул-Әкбәр. Ақида тақырыбында арналған бұл кітабы, екі бөлек риуаяттан тұрады. Кейбір айырмашылықтары бар бұл риуаяттардың бірі шәкірті Әбу Мути әл-Бәлхи, екіншісі ұлы Хаммад ибн Әби Ханифа арқылы жеткен. Кейбір ғалымдар алғашқы риуаятты әл-Фикһул-Әбсат деп атаған. «Әл-Фикһул-Әкбәрдің» жеке мәтін ретінде де, түсіндірмелерімен бірге де көптеген басылымдары бар (Делхи, 1289; Каир, 1323; Хайдарабад, 1342; Лахор, 1890). Риуаят жолдарын да көрсеткен салмақты басылымын М. Захид Кәусари жүзеге асырған (Каир, 1368/1949; Бэйрут, 1425/2004, әл-Ақида уә илмул-кәләм деген атпен Кәусари жариялаған тоғыз мәтінмен бірге).

«Әл-Фикһул-Әкбәрдың» он бес шақты түсіндірмелері бар. Ең бастылары мыналар:

а) Әбул Уср Фахрул-Ислам Әли ибн Мұхаммед әл-Пәздәуи (482/1089). Шәрхул фикһил-әкбәр (Маниса облыстық халық кітапханасы, №963; бас. Лорд Стенли, Ал-Фикһ ал-Ақбар: The Principles of Muhammadan Faith, Лондон, 1862).

ә) Ахмет ибн Мұхаммед әл-Мағнисауи (X/XVI. ғасыр). Шәрхул Фикһул-Әкбәр (Стамбул, 1307; Қазан, 1896; Хайдарабад, 1321, 1400/1980, әр-Рисалатул Сәба фил-Ақайд ішінде; Каир 1430/2009, сол кітаптармен бірге).

б) Әли әл-Қари (1014/1605). Минаһур-раузил-әзһар фи шархил-Фикһил-әкбәр (Стамбул, 1303; Дели, 1890; Каир 1323, 1327).

в) Әбул Хасан Муинуддин Атаулла ибн Мұхаммед әл-Каршауи, Мухтасарул-мақала ала ШәрхилФикһил-әкбәр (Қазан, 1890).

г) Абдулкадир Сәлхати, Дүррүл-әнһур (Хайдарабад, 1298; Каир, 1368).

ғ) Баязида Ахмет Ефенди (1098/1687). Усулул-мунифа лил-Имам Әби Ханифа.

д) Мұхиддин Мұхаммед ибн Бахаеддин әр-Рахмауи әс-Суфи. Әл-Қаулул-фасл шәрхул фикһил-әкбәр (бас. Рафик әл-Ажм, Бәйрут, 1418/1998).

Осылармен қатар Әкмаладдин әл-Бабәрти, Хаким Ысқақ әр-Руми, Мұхиддин Мұхаммед ибн Бахаеддин әл-Байрами, Кочхисаризада Сүлеймен Талиб, Ахмет Кәшфи тарапынан жазылған түсіндірмелердің қолжазба нұсқасы қазірге дейін жеткен, бұл кітаптар кейбір ғалымдар тарапынан жүйеге келтірілген.

2. Мүснәд Әбу Ханифа.

Әбу Ханифа риуаят еткен хадистер шәкірттері тарапынан реттеліп, осылай аталған. Әбу Ханифаның фикһқа қатысты үкімдер шығарған кезде сүйенген хадистері және сахабалар мен табиғундар тарапынан алған риуаяттары жазылған жиырмаға жуық Мүснәді бар. Бұлар көбінесе, реттеп, сыныптаған адамдардың аттарымен аталады. Әбу Ханифаның кейбір шәкірттері бастап, осы Мүснәдтарды жүйелегендер қатарында мына кісілер аталады: Хаммад ибн Әби Ханифа, Мұхаммед ибн Хасан әш-Шайбани, Әбу Юсуф, Хасан ибн Зияд, Әбу Мұхаммед Абдулла ибн Мұхаммед ибн Яқұб әл-Хариси әс-Сәбәзмуни, Әбул Қасым Талха ибн Мұхаммед ибн Жағфар, Ибнул Мұзаффар, Әбу Нуайм әл-Исфাহани, Ибн Ади, Әбул Хусайн Омар ибн Әл-Ушнани, Әбу Бәкір Ахмет ибн Мұхаммед ибн Халид әл-Килаи, Әбул Қасым Абдулла ибн Мұхаммед Ибн Әбул Ауам әс-Сади.

3. әл-Уасия (Уасиятул Имам Әби Ханифа). Исламның сенім негіздеріне қатысты Әбу Ханифаның кейбір достарына берген кеңестерін қамтиды.

Осы кітапқа қатысты жазылған шархтардан Әкмәлуддин әл-Бабәртидің (786/1384) Шарху Уасиятил Имам Әби Ханифа ән-Нуман (Стамбул, 1289, 1327; бас. Хамза Мұхаммед Уәсим әл-Бәкри және Мұхаммед Субхи әл-Аиди, Оман 1430/2009) және Молла Хусайн ибн Искендер әр-Руми (1084/1672) әл-Жәуһаратул-мунифа фи шархи Уасияти Әби Ханифа (Хайдарабад 1321, 1400/1980, әр-Рисалатул Сәба фил-ақайд ішінде; Каир 1430/2009, сол кітаптармен бірге) деген шархтары басылған.

4. Рисала илә Осман әл-Бәтти алими әһлил-Басра. Өзін Мүржия ағымына жатқызған бір жалаға байланысты Осман әл-Бәттидің жазған хатына жауап ретінде жазылған кішкене кітапшада иман-амал байланысы, һидаят-далалат (адасу) және Мүрзия туралы көтерілген.

5. әл-Алим уәл-Мүтәаллим. Кейбір жазбаларда айтылғандай Хафс ибн Сәлімнің, басқа да жазбалар бойынша Әбу Мути әл-Бәлхидің, ұстазы Әбу Ханифаға қойған сұрақтарының жауаптарынан құралған кітапша, ақидаға байланысты қырық үш сұрақ-жауаптан тұрады (Хайдарабад 1349, бас. М. Захид әл-Кәусәри, Каир 1368; бас. Мұхаммед Рәууас Калажи, Абдулуахаб әл-Хинди ән-Нәдуи, Алеппо 1972).

Әбу Ханифа фикһ мәселелерін таңдаулы мүжтәһид шәкірттерінен тұратын дәріс ортасында солармен бірге қарастырып, пікір алмасқаннан кейін шыққан шешімдерін жаздыратын. Осылайша бір жағынан Ханафи мәзһабының әртүрлі мәселелерге байланысты көзқарасы жиналса, екінші жағынан жарыққа шыққан ижтиһадтардың белгілі кітап, тарау тақырыптары ретінде жинақталуы, жазылуы қамтамасыз етілетін,

бұл кейіннен жазылатын жүйелі фикһ кітаптары үшін іргетас қалыптастыратын. Әбу Ханифадан кейін осы дәріс шеңберін жалғастырған Әбу Юсуф, Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәйбани және Зуфәр ибн Хузәйл сияқты маңдай алды шәкірттердің, ұстаздарының көзқарастарымен қатар өз көзқарастарын да жаза отырып шәкірттеріне жеткізгендігі белгілі. Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәйбани әзірлеген, одан тәуатур түрінде жеткені үшін «захирур-риуая» (әл-Усул) деп аталған “әл-Асл” (әл-Мәбсут), “әз-Зиядат”, “әл-Жамиул-Кәбир”, “әл-Жамиус-сағир”, “әс-Сиярул-кәбир” атты кітаптар Ханафи фикһының алғашқы, ең сенімді дереккөзін құрайды. Кейбірі сан мәрте басылған бұл кітаптардың ішінде, әсіресе, “әз-Зиядат”, “әл-Жамиус-сағир” және “әс-Сиярул-кәбирге” танымал Ханафи ғалымдары тарапынан жазылған түсіндірмелер (шәрх), ихтисар (мазмұндамалар), және талдаулардың кейбірі қолжазба түрінде қазірге дейін жеткен.

Хорасан Самани Әмірі Нұх ибн Насрға уәзір болған Хаким әш-Шәһид, Шәйбанидың аталған кітаптарындағы көзқарастарды жинақтап, әл-Кафи деген кітап жазған. Шәмсуләйммә әс-Сәрахси бұл кітапты әл-Мәбсут деген атпен шәрх жасаған. “Әл-Мәбсут” – Ханафи фикһы негізделген, осы мәзһабқа қатысты көзқарастар дәлелдері түсіндірілген, әрі жүйелі талдау жасалған алғашқы ауқымды еңбек.

Шәйбанидің, ахад түрінде риуаят етілгені үшін «нәуадирур-риуая» деп аталған “әл-Хужжа ала әһлил-Мәдина” және “әл-Асар” және т.б. кітаптарымен қатар Әбу Юсуфтың Китабул-Хараж бастаған қазірге дейін жеткен бірнеше кітабы да Ханафи әдебиетінің қалыптасуында маңызды үлес қосқан алғашқы еңбектер.

Имам Мұхаммедтің Әбу Ханифа мен шәкірттеріне тиесілі көзқарастарды жинақтаған алғашқы деректерден кейін Ханафи мәзһабының ауқымды территорияға таралуы және Аббасилер дәуірінде үлкен ықпалға ие болуымен қатар алғашқы бірнеше буын Ханафи мүжтәһидтерінің (мутәқаддимин) көзқарастарын жинақтаған кітаптармен қатар әртүрлі аймақтардағы көзқарастық және практикалық құқықты білдіретін кітаптардың да жылдам көбейгендігі, сонымен қатар Ханафи фикһының мазмұнды түрде, жалпылама дәлелдері көрсетілмей жинақталған түпкі мәтіндерінің жазыла бастағандығын көреміз. Кейбірінде тек Әбу Ханифаның, кейбірінде тек шәкірттерінің көзқарастары қамтылған мұхтасар мәтіндерге, уақыт өте келе көптеген ғалымдар тарапынан шәрх жазылған. Бұл кітаптар сияқты фикһтың барлық тақырыптарын қамтумен қатар, кейінгі ғалымдардың көзқарастары мен сол кезеңдердегі туындаған мәселелердің шешімдері жазылған пәтуалар, нәуазил және уақият кітаптары және белгілі тақырыптарға арналған кітаптар, фикһ әдістемесі және Ханафи ғалымдарының хал-жағдайларына қатысты еңбектер мыңдаған томды құраған бай деректер қорын қалыптастырған.

Әбу Жағфар әт-Тахауи (321/933) әл-Мұхтасар. Ханафи мәзһабындағы ең қолданбалы кітап (Әбул-Уәфа әл-Ауғани, Каир 1370). Әбу Ханифа мен екі шәкірті Әбу Юсуф пен Шәйбанидің көзқарастарының жинақталған түрде қамтылған кітапта мүжтәһид ретінде өзінің де көзқарастары мен пікірлерінің айтылуы маңызға ие болған.

Кудури (428/1037) әл-Мұхтасар. Ханафи мәзһабының ең танымал кітаптарының бірі. Бұл кітапта Кудури дәлелдерді жазбай, таласты мәселелерде Әбу Ханифа, Әбу Юсуф және Мұхаммедтің көзқарастарын қамтыған. Бұл кітап Ханафилар арасында Ибн Әбу Зәйд әл-Кайраунидің әр-Рисала кітабына Малики ортада абырой мен құрметке ие болып, сол Малики мәзһабынан Халил ибн Исақ әл-Жүндидің әл-Мұхтасары сияқты «әл-Китаб» деп аталған.

әл-Мұхтасарға отызға жуық шәрх және басқа да еңбектер жасалған, ең танымал шәрхтары Әбу Бәкір әл-Хаддаттың “әл-Жәуһәратун-нәйира” және әс-Сиражул-уәһһаж бен Адулгани әл-Майдандің әл-Лүбәб фи шәрхил-Китаб еңбегі.

Бұрханаддин әл-Мәрғинани (593/1197) әл-Һидая. Бұл кітап мутәаххирин кезеңіндегі Ханафи ғалымдарының арасында ең үлкен сұранысқа ие болған кітаптардың

бірі. Кітап авторы Кудуридің әл-Мұхтасары мен Мұхаммед ибн Хасан әш-Шәйбанидің “әл-Жамиус-сағирінде” қамтылған мәселелерді жүйелеу түрінде жазған “Бидаятул-мүбтәдидің” шәрхы. Мәрғинанидің ғылыми потенциалы, тақырыптарды тұтас қарастыруы және тілінің жатықтығы себепті көп сұранысқа ие болған әл-Һидая сан мәрте басылған.

“Әл-Һидаядағы” хадистердің шығарылуы мәселесінде Ибн Хажар әл-Аскаланидің (852/1448) “әд-Дирая фи мунтахаби тахрижи ахадисил-Һидая” және Жамалуддин әз-Зәйлайидің (726/1325) Насбур-рая фи ахадисил-Һидая, Ибн Кутлубоганың Насбур-раяда көзден таса қалған хадистерге қатысты “Мүниятул-әмали” еңбектері.

“әл-Һидаяға” қатысты алпысқа жуық шәрх және түсіндірмелер жазылған, ең бастылары мыналар: Жәләладдин әл-Курлани I, “әл-Кифая”, Әкмәлуддин әл-Бабарти “әл-Иная”, Бәдрәддин әл-Айни, әл-Биная, Ибнул-Хумам, Фәтхул-қадир.

Абдулла ибн Махмут әл-Мәусили (683/1284), әл-Мұхтар (Әл-Мұхтар лил-фәтуа). Мутәаххирин кезеңінің Ханафи ғалымдары арасында танымал болған бұл кітапты Мәусили, жастық кезеңге аяқ басқандарға арнап жазған. Әбу Ханифаның көзқарастарына басымдық берілген әл-Мұхтарда Әбу Юсуф, Шәйбани және Имам Шафиғидің көзқарастарына да тоқталған. Кітапқа авторы тарапынан “әл-Ихтияр ли-Талилил-Мұхтар” деген атпен шәрх жазылған.

Бұл түсіндірмеде, әсіресе, жиі туындайтын мәселелермен қатар Ханафи имамдарының көзқарас айырмашылықтары және фикһи талдаулар қамтылып, даулы мәселелерде фәтуаға негіз болған көзқарастарға да ишарат жасалады.

«Әл-Мұхтар», «Кәнзут-Дәқайқ», «әл-Уикая» және «Мәжмәул-Бәхрайн» деген кітаптар мутәаххирин Ханафи ғалымдары тарапынан «Мутун әл-арбәа» (Төрт мәтін) деп аталатын төрт сенімді кітапты құрайды.

Мұзаффаруддин Ибнус-Сағати (694/1295), Мәжмаул-бахрейн уә мүлтақан-нәйирейн. Кудуридің «Мұхтасар» кітабы мен Әбу Хафс Омар ән-Нәсәфидің «Манзумәсы» негізге алына отырып жазылған бұл кітаптың жүздеген қолжазба нұсқаларының болуы қаншалықты сұранысқа ие болғандығын көрсетеді.

Кітаптың өз авторы тарапынан жазылған шәрхымен қатар Ахмет ибн Ибраһим әл-Айынтаби (767/1365), Ибн Мәләк (797/1395), Ахмет ибн Мұхаммед әт-Тарабулуси (967/1559), Ибнут-Дия әл-Мәкки (854/1450), Бәдрәддин әл-Айни (855/1455), Иса ибн Халаф әр-Рәшидидің қазірге дейін жеткен шәрхтары бар.

Әбул-Бәракат ән-Нәсәфи (710/1310), Кәнзут-Дәқайқ. Шәйбанидің заһирур-риуая кітаптарының ішінде, әсіресе, “әл-Жамиул-Кәбир”, “әл-Жамиус-Сағир” және “әз-Зиядаты” мен Тахауидің “әл-Мұхтасары”, Әбу-Хафс ән-Нәсәфидің “әл-Манзумасы”, Мәрғинанидің “әл-Һидаясы” және басқа да «нәуазил» пәтуа кітаптарынан пайдалана отырып, сол Нәсәфи тарапынан жазылған «әл-Уафи» атты кітаптың мұхтасары, бірнеше рет басылған.

Кәнзут-Дақайықтың отызға жуық шәрхтарының ішінде ең маңыздылары мыналар: Фахреддин Осман ибн Әли әз-Зәйлайи, Тәбинул-хақайық; Бәдрәддин әл-Айни, “Рәмзул-Хақайқ”, Әбул-Қасым әс-Самарқанди, “Мустахласул-Хақайқ”; Молла Мискин, Шәрху Кәнзит-Дақайқ. Зәйнуддин Ибн Нүжәйм, әл-Бахрур-райқ, Сиражуддин Ибн Нүжәйм, ән-Нәһрул-файқ.

Бурхануш шарифа Махмут ибн Садрушшарифа әл-Әууәл Убәйдулла әл-Махбуби әл-Бұхари (VII-VIII./ XIII-XIV. ғасыр), Уикаятур-риуая фи мәсәлил-Һидая. Автор, немересі Садруш шарифи әс-Сәниге арнап Бурхануддин әл-Мәрғинанидің “әл-Һидая” кітабынан жинақтап бастырған. “Әл-Һидаяда” көптеген мәселелер өте ауқымды түрде қарастырылса, Бурхануш шарифа бұл мәселелерді жинақтап “әл-Уикаяны” жазған. Кітап жазылған кезеңінен бастап, көп сұранысқа ие болып, Ханафи мәзһабы таралған барлық өлкелердің медреселерінде, автордың немересі Садруш шарифа тарапынан жазылған шәрхымен бірге дәріс кітабына (оқулық) айналған. Кудуридің әл-Мұхтасары, Нәсәфидің

“Кэнзут-дэқайықы” және Бурхануш шарифаның “эл-Уикаясы” мутәаххирин кезеңінде үлкен сұранысқа ие болған «мутун әс-сәләсәни» (үш мәтін) құрайды.

Автордың немересі Садруш шарифа әс-Сәни әл-Уикаяны алдымен ән-Нуқая деген атпен мазмұндаған.

“Ән-Нуқаяға” Жалаледдин Махмут ибн Әбу Бәкір әс-Самарқанди, Низамуддин әр-Биржанди, Абдулуәжид ибн Мұхаммед әл-Кутахяуи әс-Сайрами, Тақиуддин әш-Шумунни, Мусаннифак, Ибн Кутлубоға, Махмут ибн Иляс әр-Руми, Абдуррахман ибн Әбу Бәкір ибн Мұхаммед әл-айни, Абдуррахман Жами, Махмут ибн Ахмет әл-Әмшати әл-Айнтаби, Әбил-Мәкарим ибн Абдулла ибн Мұхаммед әс-Саббағи, Куһистани (“Жамиур-румуз фи шәрхин-Нуқая”, „ Әли әл-Қари (Фәтху бабил-иная бишәрхин-Нуқая сияқты ғалымдар шәрх жазған.

Мұхаммед ибн Хасан әл-Кәуакиби ән-Нуқаяны әл-Фәрәйдус-сәния деген атпен жүйелеп жазған, кейін оған “әл-Фәуайдус-сәмия” деген атаумен шәрх жазған.

Жалпы ханафи мәзһабы бойынша фикһ негіздері қағидаларын алғаш жасаған Әбу Юсуф (қ. 182 ж.) болып табылады. Алайда оның кітабы біздің заманымызға келіп жетпеген. Имам Әбу Юсуф пен Имам Мұхаммедтен (қ.189 ж.) кейін олардың шәкірттері фикһ негіздері саласында зерттеулер жүргізген. Солардың арасында Иса ибн Әбанды (қ. 221/836 ж.) атауға болады. Ол – Имам Мұхаммедтің шәкірттері арасында ұстазының усул мен фуруғқа қатысты пікірлеріне ең көп жүгінген ғалымдардың бірі. Ханафи усул кітаптарында оның көзқарастары әсіресе хадис-сүннет, «тахсисул-амм», яғни жалпы айтылған үкімдерді жалқылау мәселелерінде кездеседі. Ол ханафи методологиясының қалыптасуына қомақты үлес қосқан. Бертін келе ханафи көзқарастарына айналған көптеген құқықтық ережелердің бекітілуіне жол салған, ханафи ғалымдары арасында хадис методологиясына қатысты көзқарастарды алғаш ғылыми тұрғыда негіздеген ғұлама. Оның атын шығарған негізгі еңбегі – «Хужажус-сағир» болып табылады.

Келесі кезекте ханафи мәзһабының ішінде көзқарастары таңдалатын мужтахид, Бағдатта танымал болған ғалым – Әбул-Хасан әл-Кәрхиға (қ. 340 ж.) тоқтала кетейік. Оның ханафи фикһ усулуның негізін қалаушылардың бірі екенін көпшілік ғалымдардың жүгініп, атын жиі атаулары нақты көрсетеді. Оның қаламынан туған «Усул» атты кітабы ханафи ғалымдарының көзқарастары мен мәселелерді шешудегі негізгі ұстанымдарын көрсететін маңызды еңбектердің бірі. Ол кітап басылып шыққан. Бұл кітапқа Нәжмуддин Әбу Хафс ән-Нәсәфи (қ. 537) шәрх (түсіндірме) жазған. Сол секілді имамның «әр-Рисәлә фи әл-усул», «әл-Жамиғу әл-Кабир», «Әл-Жамиғу әс-Сағир», фикһ саласында «Мухтасар» атты еңбектері бар.

Хижра жыл санауы бойынша 4-ғасырда өмір сүргендігі айтылған мауараннахрлық ханафи ғалымы Әбу Тахир әд-Дәббас фикһ қағидаларын алғаш рет бір жерге жинақтаған тұлға. Ибн Нұжәймнің (қ. 970 ж.) берген мәліметтеріне сүйенсек ол ханафи фикһын 17 жалпы қағидаға негіздеген көрінеді.

Кәрхидің шәкірттерінің бірі Әбу Бәкір әл-Жассас (305/917-370/981 ж.) та фикһ усулы ілімінің дамуына сүбелі үлес қосқан мужтахид ғалымдардың қатарынан саналады. Кәрхимен қатар өз заманының ірі ғалымдарынан сабақ алған әл-Жассас Бағдаттағы ханафи ғалымдарының ең атақтысы болған. Көптеген ғалым шәкірттер тәрбиелеген ол тақуалыққа ерекше мән бергендіктен өзіне ұсынылған бас қазылық қызметін қабылдамаған. Фикһ пен қатар тәпсір саласында да атағы шыққан. Ханафи ғалымдары арасында ең көп беделге ие кітабы – Құрандағы үкімдік аяттарды түсіндірген «Ахкамұль-Қуран». Көптеген қолжазба нұсқалары кездесетін бұл тәпсір ең алғаш 3 том күйінде Стамбулда, бертін келе 1985 жылы 5 том ретінде Мухаммед әс-Садық Камхауи тарапынан басылып шыққан. Сонымен қатар оның «Шәрху әдәбил-қади лил-Хассаф», «Шәрху мухтасарил-Кәрхи», «Шәрху мухтасарит-Тахауи», «Усулул-фикһ», «Ихтисару ихтиләфил-фуқаһа лит-Тахауи» және «Шәрхул-Жамиил-кәбир» т.б. секілді кітаптары да бар.

Келесі әрі усул, әрі фуруъ саласында аса ірі ғалымдардың бірі – Әбу Зәйд әд-Дәбуси (430 ж.). Ол фикһ негіздері саласында өте терең зерттеулер жүргізген. Ол «хилафият» (пікір айырмашылықтарын қарастыратын) ілімінің негізін қалаушы. Ақылының ұшқырлығы және фикһ әселелеріне қатысты пікірталастырудағы ерекше үстемдігі арқасында Бұхара мен Самарқандта жасалатын ғылыми пікірталастарда аты аңызға айналған. Қазылық міндетін атқарғандықтан «Қади Зәйд» лақабымен аты шыққан. Ол ханафилер арасында «қудатус-сабға», яғни жеті қазы ретінде танымал ғалымдардың санатына кіреді. Оның «Тәқуимул-әдилла» атты кітабы Жассастың «Усул» кітабынан кейін фикһ негіздеріне қатысты жазылып, бізге дейін келіп жеткен еңбектердің бірі. Бұл еңбегі – ең баста Пәздәуий және Сарахсиймен қатар, барлық ханафи фикһ негіздері саласы ғалымдары сүйенетін ең негізгі қайнаркөз кітап.

Фикһпен қатар тасаууф саласында да маңызды еңбек жазатындай дәрежеде ғұлама саналған Дәбусидің ақида саласында кейбір мәселелерде өзі ұстанған матуридия мектебінен басқаша көзқарас ұстанғандығы да айтылады. Оның шығармаларын саралаған кезде жоқ дегенде мәзһаб ішінде белгілі мәселелерде мужтахид-ғалым екендігін көруге болады. «Тақуимул-әдилласымен» қатар екінші бір маңызды кітабы «Тәсиссун-назар фи ихтиләфил-әимма» болып табылады. Сопылыққа қатысты жазылған «әл-Әмадул-ақсадан» басқа фикһ саласына қатысты оған телінген кітаптар да кездеседі. Дәбусиден кейін «Фахрул-ислам» (Исламның мақтанышы) деген лақап атпен танымал болған әл-Пәздәуий (482/1089 ж.) мен Шәмсул-әиммә деп аталып кеткен әс-Сарахсий (483 ж.) екеуі ханафи фикһ негіздері саласын дамытып, толықтырған. Олар Дәбусидің шығармасын пайдалана отырып, фикһ әдіснамасына қатысты мәселелерді кең көлемде ашып түсіндірген және осы терең зерттеу жұмыстарының нәтижесін кітаптарында жазып, баяндаған.

Пәздауий Самарқанд пен Бұхарада қазылық міндетін атқарған. Ол өз кезеңіндегі Мауараннахр ханафи мектебінің танымал имамы, ең алғаш Шамсуләимма деп аталған әл-Халуаниден ілім алған. Пәздауий мәзһаб ішіндегі белгілі мәселелер бойынша мужтахид имам, өзіне тән ерекше тәсілі болғандықтан «сахибут-тариқа фил-мәзһаб» деп аталған. Шығармасында ерекше жүйелілікті ұстанған Пәздауийдің фикһ негіздеріне қатысты еңбегі ғыламдар жүгінетін қайнаркөз әрі медреселерде негізгі оқулық ретінде қолданылған. Сонымен қатар ол – ханафи мәзһабындағы негізгі мәтіндерді жадынан айта білуімен ерекшеленген ғұлама. Соңғы кезең әдебиеттерінде «Кәнзул-усул ила маърифатил-усул» ретінде өтетін шығармасының негізгі атауы «Усусул-Пәздауий». Ол кітап бірнеше рет басылып шыққан. Бұл кітап фуқаһа әдісі бойынша жазылған фикһ негіздері саласындағы еңбектердің ең жетілген түріндегі классика болып табылады. Пәздәуийдің фикһ негіздеріне қатысты жазғандарын Абдулазиз Бухари (730 ж.) «Кәшфул-әсрар» атты кітабына кіргізіп, соған түсіндірме жазған. Сол кітабы осы түсіндірменің ішінде басылып шыққан. Ұғынықты һәм шұрайлы тілмен жазылған «Кәшфул-әсрар» мамандар үшін өте пайдалы еңбек. Одан кейін келген көптеген ғалымдар оның кітабын негізге ала отырып, еңбектер жазған. Пәздауийдің кітабына көптеген шәрхтар жасалған. Солардың ішінде жерлестеріміз Хусамуддин әс-Сығнақи мен Әмір Кәтип әл-Итқанидің де шархтары бар. Оның фикһ негіздерімен қатар фуруғул-фикһқа, кәләм мен тәпсірге қатысты еңбектері де бар.

Шәмсул-әиммә Сарахсий үшінші имам ретінде қабылданған. Ол да фикһ усулі ілімінің негізін қалаған кемеңгер ғалымдардың бірі. Ханафи фикһында Имам Мұхаммедтің Имам Ағзамнан кейінгі орны қандай болса Дәбусиден кейінгі орны да сондай. Жазған шығармаларының көптігіне байланысты ең ірі фикһ ғалымы екендігі күмәнсіз. Ханафи ғалымдарын дәрежелеріне қарай классификациялап бөлген Ибн Камал оны Имам Ағзам Әбу Ханифадан және Мұхаммед әш-Шайбаниден кейін Хассаф, Тахауи, Кәрхи және Хәлуанилермен бірге үшінші қатардағы мужтахид ғалымдардың санатына қосқан. Оның фикһ усуліне қатысты жазған еңбегі екі том болып басылып шыққан. Сарахси шығармаларының көпшілігін қапаста отырып жазған. Солардың

ішінде 30 том көлемінде жарық көрген «әл-Мабсут» атты кітабының орны бір төбе. Ол ханафи мәзһабындағы фикһтық көзқарастар мен дәлелдердің ең кең көлемде қолға алынған әрі жүйелі түрде талдау жасалған ең алғашқы әрі көлемді еңбек болып табылады.

Дәбуси, Пәздәуий және Сарахсий ханафи мәзһабының фикһ негіздері саласының үш тірегі ретінде саналады. Осы үш ғұламаны ханафи фикһ усулінде «әиммәтүс-сәләсә» (Үш имам) деп атайды. Пәздәуий мен Сарахсий Шәйхан (Екі имам) ретінде аталады. Дәбуси фикһ усулінде ұстаздардың ұстазы, ал Пәздәуий екінші ұстаз. Оның да Дәбуси секілді фикһ әдіснамасына қосқан үлесі ұшан теңіз. Осы үш ғалымнан кейін келген фақиһтардың көпшілігі осылардың кітаптарын негізге ала отырып жазған. Көп жағдайда солардың айтқан пікірлерін қорытындылап, кейбір тақырыптардың орнын ауыстырып беруден ары аса алмаған.

Сонымен қатар, осы тұста ханафи усулін жандандырған ерекше ғалымдардың бірі жерлесіміз Шәмсул-Әиммә әл-Кердериді (599-642/1203-1244 ж.) де айтпай кетуге болмайды. Ислам ғылымдарындағы беделіне байланысты ол «Фақиһ әл-машриқ», «хабар әл-кәмил», «Шәмс әл-миллә уәд-дин», «шейх», «аллама», «мухаққиқ», «Әбул-бурһан» деп аталған. Ол фикһ негіздері саласының жандануына ерекше үлес қосуына байланысты өз заманының Дәбусиі ретінде қабылданған. Өз кезеңіндегі әйгілі ғалымдардан сабақ алған Кердери «өз дәуірінің Әбу Ханифасы» деп те аталған.

Оның негізгі кітабы – «әр-Рәдд уәл-интисар ли Әби Ханифа» (екінші атауы «Фәуәидул-мунифа фид-даб ан Әби Ханифа»). Аты айтып тұрғандай бұл шығармасы Имам Ағзамды сынаушыларға жауап беру мақсатында жазылған. Ол шафиғи мәзһабының көрнекті өкілі, әйгілі Имам Ғаззалидің «әл-Манхул» атты кітабының соңында Әбу Ханифаны өте ауыр түрде сынағанын көріп, осы шағын еңбегін қолға алғандығы айтылады. Алайда кейбір ғалымдар Ғаззалидің «Ихиясында» Имам Ағзам туралы құрметпен сөз еткендігін ескере келе, ол шығарманың Ғаззалиге тиесілі емес екендігін алға тартқан.

Жерлесіміз Кердеридің шәкірті Әбул Бәракат ән-Насафидің (710) де осы салаға сіңірген қызметі ерекше. Ол шамамен үш ғасыр (XI-XIV) бойы ханафи мәзһабының орталығы болған Бұхарада өсіп жетілген. Ол жерлесіміз атақты Хусамуддин әс-Сығнақиға ұстаздық жасаған. Нәсәфи – ханафи мәзһабының классикалық дәуір кезеңінен кейінгі уақытта өте беделді саналған тұлға. Ол негізгі ислам ғылымдары саласының барлығында өте құнды кітаптар жазған. Ол шығармалардың кейбірі ханафи ғалымдары арасында ықпалды болған. «Мәнәрул-ануар» атты кітабы классикалық дәуір кезеңінен кейінгі ханафи фикһ негіздері саласында ең құнды шығармалардың бірі екендігі ешқандай талас тудырмайды. Осы шығармаға байланысты жүзге жуық зертеу жұмыстары жасалған. Екінші бір маңызды шығармасы жоғарыда аты аталған «Кәнзуд-дақиқ» – ханафи мәзһабының ең негізгі қайнаркөз кітаптардың бірі.

Сонымен қатар фикһ негіздері саласында маңызды саналған Алауддин әс-Самарқандидің (533 ж.), «Мизанул усул фи нәтәйжил-укул», Абдулазиз Бухаридің (730/1329 ж.) «Кәшфул-әсрар», Ибн Мәләктың (885 ж.) «Шәрхул-мәнәр» атты шығармаларын да атай кеткен жөн.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахмет Өзел. Имам Әбу Ханифа және Ханафи мазһабы – 2016. №1. – С. 97-108.
2. Р.Мухитдинов. Фикһ әл-ғибадат – 2013. №1. – С. 19.
3. А. Әділбаев, Т. Имам Мәди имам Ағзам Әбу Ханифаның ғибратқа толы ғұмыры – 2015. – С. 59-60.
4. А.С.Хаууа. Әл-Мадхал илә мазһаб имам Әби ханафа – 2002. – С. 77-79.
5. М.А.Зарко. Әл-Мадхалул фикһи амми – 2004. – С. 73-85.

ОТНОШЕНИЕ К РАЗЛИЧНЫМ ФОРМАМ СОБСТВЕННОСТИ В МИРОВЫХ РЕЛИГИЯХ

Религиоведение, PhD докторант, 3 курс, **Мелисова Б.М.**
кандидат философских наук, доцент Альмухаметов А.Р.
Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак

Аннотация. В данной статье исследуется институт собственности в мировых религиях. Затрагиваются общие вопросы собственности и виды разграничений. Республика Казахстан многонациональная страна. В условиях глобализации произвол и усиление конфликтов в одном регионе угрожают всем частям мира. В последние годы в мире было много смут и заговоров, связанных с религиозными факторами. Эти инциденты, показывают, что формирование и укрепление культуры религиозной толерантности, уважения и сотрудничества между представителями различных конфессии является объективной исторической необходимостью. В то же время, роль религиоведческих знаний в укреплении и сохранении мира и стабильности, а также, гармонии между народами и религиями несравненно. Данная статья посвящена сравнительному анализу учений мировых религий, а также, определению, истории и устройству понимания собственности как упоминалось выше.

Ключевые слова: мировые религии, христианство, ислам, личность и собственность, имущество.

Частная собственность относится к фундаментальным экономическим институтам человечества. Ветхозаветные и новозаветные авторы, христианские авторы последующих веков отмечали богоустановленность этого института. В то же время, они практически едины во мнении, что строй, основанный на частной собственности, не является христианским идеалом, наиболее близок к которому имущественный строй первохристианской общины Иерусалима. Вопрос о частной собственности стал одним из центральных в обществоведческих дискуссиях XIX–XX веков. Сторонники марксистского учения отстаивали и продолжают отстаивать идею о преимуществе строя, основанного на общественной собственности, прежде всего, на средства производства. При этом они основываются на концепции об определяющем влиянии общественных условий на сознание и мировоззрение отдельного человека [1, 367 – 372].

К основным причинам появления собственности в христианстве относят не столько объективные экономические условия, сколько морально-психологический фактор и, в частности, грехопадение. В состоянии невинности человек не знал собственности: земля и все ее природные ресурсы были общим достоянием. Грехопадение привело к появлению притязаний и таких страстей, как сребролюбие и любостяжание. Общие блага сделались предметом непрерывных раздоров, споров и войн. Соответственно, в основе собственности лежит нравственное несовершенство человека, его эгоистическое начало, недостаточная любовь к ближнему и противопоставление себя другим [2].

Собственность и имущество, собственность и богатство, собственность и владение, личная и государственная собственность - это весьма немногие слова, которые сопровождают жизнь современного человека не только в напряжённом информационном поле массмедиа, но и в обыденной повседневности, часто становятся точками озабоченности каждого простого человека, даже не умудрённого научными знаниями или отягощённого «владением» каких-либо «богатств».

«Собственность» является самым актуальным смысловым понятием в юридических постулатах всех конституций, регулирующих политико-правовую деятельность современных государств. Либеральные учёные, идеологи и практики, как

правило, частную собственность апологетически провозглашают «священной». При этом многие ссылаются на библейские заповеди: «Не кради... Не желай дома ближнего твоего; не желай жены ближнего твоего, [ни поля его,] ни раба его, ни рабыни его, ни вола его, ни осла его, [ни всякого скота его,] ничего, что у ближнего твоего» (Ис. 20; 15, 17). Собственность и её формы – очень важная часть человеческой жизни, которая, как и многое другое, изначально регулировалась религиозными нормами. Нынешние представления о формах собственности и их функционирование до сих пор связаны в том числе с религиозными традициями, поэтому имеет смысл рассмотреть эту зависимость. [3, с. 103-109].

В общественном и обыденном сознании, философских и научных текстах преобладают до сих пор политико-экономические, юридические и, в лучшем случае, этические (аксиологические) трактовки собственности [2]. Понятие богатства во многом тождественно понятию собственности. Владение богатством подразумевает наличие (обилие) некой совокупности материальных и (или) социальных благ, принадлежащих физическому или юридическому лицу. Бедность противоположна по своему смыслу и содержанию и связана с недостатком материальных ценностей, денег и социальных возможностей. В толкованиях отношения христианства к богатству и бедности присутствует некоторая двойственность и неоднозначность, сформировавшаяся не сегодня. Настороженность по отношению к богатству имеется и в православии, и в древнем учении, и в Новозаветных текстах. На основании слов Христа: «Удобнее верблюду пройти сквозь игольные уши, нежели богатому войти в Царство Божие» (Мф. 19.24) часто делаются выводы о принципиальной несовместимости христианства и богатства [4].

В христианстве изначально присутствовали разные точки зрения на частную собственность, которые позднее развились в разных конфессиях. Однако есть общая база, с которой согласны все: в мире нет ничего нашего, всё принадлежит Богу (поэтому частная собственность не может полностью принадлежать человеку), человек, по выражению Григория Богослова, всего лишь «управляет Господним», а блага этого мира предназначены в идеале для всех людей [3, с. 103-109].

Ветхий Завет повествует нам о собственности как о «божественном даре» и бытийном установлении, которое не следует человеку нарушать во избежание впадения в грех.

«Богатство не может быть чем-либо дурным, ибо Бог не создал ничего дурного; только злоупотребляя тем, что Бог сотворил во благо, человек рождает грех». Блаженный Августин, развивая эту мысль, писал, что богатство «создано для испытания праведных и наказания грешников, поэтому нет никаких оснований хулить его. Золото и серебро в том виде, как они даны нам Богом, являются сами по себе благом, хотя и не высшим, и вообще не большим благом... Владеть временными благами есть ценный дар Божий» [4]. Определяющим в христианском взгляде на собственность является отношение к ней как принадлежащей Богу, христианская вера учит, что «все земные блага, по своему существу и природе, принадлежат своему Творцу», что «только Он является истинным и полным обладателем». Такое представление является сквозным и принимается в качестве исходного и теми, кто говорит о совместимости веры и собственности, и теми, кто ее отрицает. Все, чем владеет человек, он получил от Бога; это воззрение – главенствующее и неоспоримое. Ничто внешнее не бывает абсолютной собственностью: «человек является лишь временным собственником». Истинный христианин рассуждает о собственности лишь «как приставник чужого имущества».

В православии считается, что частная собственность – это насущно необходимая данность, и самое должное с ней обращение – разделение её с нуждающимися. В старообрядческом варианте православия считалось, что, если результаты предпринимательской деятельности не отдаются общине, они должны быть отданы сиротам. Купец выступал как управляющий Бога и считал свою собственность

общинной. Если общинная собственность «оскудевала», это считалась позором для купцов, которые, следовательно, «украли» эту собственность [3].

С первых веков церковной истории выдвигались разные учения о субъекте собственности церковных имуществ. Ещё на почве римского права сложилось учение, согласно которому церковное имущество, предназначенное исключительно для церковных нужд, принадлежит Богу. Но противники этой теории использовали такой аргумент: к Богу неприменимы юридические понятия гражданского права об обязательствах, взысканиях за долги, подчинении регулярной власти государства. Поэтому некоторые немецкие учёные назвали данную теорию «наивным богохульством» [5].

Католичество в своём отношении к собственности исходит, прежде всего, из того, что должно защищаться человеческое достоинство (включающее в том числе и в достойных условиях жизни), что блага предназначены изначально для всех людей (при том, что должна защищаться частная собственность как выражение человеческой инициативы и свободы), и из баланса между общим и частным интересом, который должен привести к «общему благу». Общественная собственность, согласно католическому богословию, необходима для производства общественных благ. Государство, распоряжаясь общественной собственностью, должно помнить, что оно распоряжается имуществом Бога. На практике эти положения выразились, в частности, в феномене так называемого «католического синдикализма», при котором всем рабочим принадлежали средства производства. Особенно успешны были такие синдикаты и кооперативы в Канаде, начиная с 1940-х гг. Согласно представлениям католиковсиндикалистов, следует сочетать частную и корпоративную собственность, а также ввести общую собственность на средства производства. Представители просоциалистической теологии освобождения отвергали выстроенный в официальном католическом учении баланс и призывали вернуться к основам раннехристианской общины [3].

В протестантизме считается, что человек – управляющий Бога, и всё, что у него есть, принадлежит Создателю и должно использоваться для совершения добрых дел. В целом протестантизм исходит из сохранения и освящения частной собственности как особой «зоны ответственности», которую должна «разрабатывать» отдельная человеческая личность, однако при сохранении идеала равенства в «общине верных». В истории протестантской мысли в связи с этим были идеи отойти от частной собственности. Так, известный англиканский священник Ч. Кингсли отдавал предпочтение корпоративной собственности [3].

В иудаизме, с одной стороны, декларируется неприкосновенность чужой собственности. С другой стороны, подчёркивается, что частная собственность богатого принадлежит Богу через бедных, которым он должен отдавать от одной десятой до одной пятой своего дохода. С точки зрения мудрецов Талмуда, у всех людей есть право пользоваться чужой частной собственностью во всех случаях, когда владельцу не наносится ущерб, а его имуществу не причиняется вред. Например, запретить посторонним ступать по полю лишь на том основании, что оно – частая собственность, считается неэтичным (Тр. Баба Камма, 81б). С точки зрения ислама, верховный собственник всего – Аллах, который всего лишь предоставляет в аренду людям земные блага [3].

Несмотря на то, что право собственности не принадлежит «к области благодатной христианской жизни», и потому к нему не может быть прилагается предикат «священное», понятие собственности подразумевает ее неприкосновенность и имеет жесткие, вполне конкретные рамки – «грешно желать чужого». Четко и определенно это проявилось еще в древнем учении. В заповедях Десятилетия говорится: «Не кради» [4].

В исламе собственность разделена на четыре части: 1) потребительская собственность – собственность, удовлетворяющая естественные потребности человека,

такие как пища, вода, одежда и т. д.; 2) индивидуальная собственность – собственность, добытая разрешённым путём, куда входят жилища, бизнес (торговля, производство), земля, личное имущество, т. е. человек имеет полное право распоряжаться ими, не пренебрегая рамками шариата. Допускается иметь собственность как индивиду, так и группе людей. Индивидуальная собственность охраняется как одно из проявлений инстинкта самосохранения. Однако законной считается только та собственность, которая была приобретена честным трудом, получена в дар или по наследству [3].

Современная мусульманская юриспруденция уделяет проблемам собственности значительное внимание. Опираясь на выводы средневековых авторитетов, она стремится обобщить и переосмыслить их в русле тенденций современной мировой правовой мысли. Это касается всех основных относящихся к праву собственности понятий и категорий, среди которых центральными являются понятия «маль» (имущество) и «милк» (собственность). Термин «маль» встречается более чем в 90 стихах Корана, но в этом основном источнике шариата нет точного его определения [6].

Государство обязано запрещать монополию. Любое лицо, которое завладело имуществом, не имеющим собственника и разрешённым нормами шариата, приобретает на него первичное право собственности (например, право на заброшенную и необработанную землю) [3]. Для общественного блага во время бедствий государству и обществу разрешено пользоваться такой собственностью при согласовании интересов с собственником. Для всех собственников предусмотрен обязательный налог в пользу бедных (закят), а также очень поощряется милостыня (садака) с целью перераспределения доходов; 3) общественная собственность – пастбища, водоёмы, полезные ископаемые (золото, серебро, медь, нефть, газ, углеводороды), крупные дороги, кладбища. Это принадлежит всем людям (в частности, мусульманской умме); государство является представителем уммы, поэтому природные богатства считаются государственной собственностью; 4) вакуфная собственность – имущество, переданное государством или отдельным лицом на религиозные или благотворительные цели [3]. В вакф может входить как недвижимое, так и движимое неотчуждаемое имущество, но лишь приносящее пользу (доход) и нерасходуемое (например, в вакф не могут быть переданы деньги). Из всех этих норм исходит концепция «третьего пути», которая декларирует отказ от крайностей капитализма (примата частной собственности) и коммунизма (примата общественной собственности). В связи с этим интересно рассмотреть три феномена – «капитализм мулл» в Иране, «арабский социализм» и «феодалнобюрократический капитал». [3].

Исламские религиозные представления об Аллахе, наделяющем своих рабов материальными благами, юридически выражаются в понимании права собственности как особого закрепленного шариатом отношения между человеком и указанными благами. Такая связь означает, что лицо, наделенное свыше тем или иным имуществом, т.е. законно им завладевшее, тем самым становится его собственником и, в частности, получает право препятствовать другим претендовать на него [6].

Актуальность рассмотрения влияния религии на сферу, традиционно являющуюся областью частной жизни, обуславливает и специфика последней, где нравственные основы тесно переплетаются с религиозными убеждениями и в то же время с ощущением необходимости сохранения личной правовой безопасности, создания юридических гарантий, позволяющих осуществлять свою свободу в соответствии с собственными убеждениями, если они не противоречат основам общественной морали, нравственности, правопорядка, правилам человеческого общежития. Формирование частнопроводного пространства немисливо без учета норм и правил поведения, складывающихся в иных сферах социального регулирования. И в этой связи мы порой видим воспроизводство социальных норм в области религии, морали, этики, эстетики в нормах права [7].

Богатство дает больше поводов к гордости, тщеславию и надменности. Оно способствует самовозвышению или, говоря современным языком, повышает самооценку. Деньги и богатство наделяют человека властью над другими людьми. Однако это под силу не каждому. Унижения, притеснения бедных и слабых, приобретения богатства с обидою для ближнего – этого должны опасаться богатые люди. В целом, наряду с определенной противоречивостью оценки богатства, в богословской литературе присутствует, как отмечал С. Н. Булгаков, развитие взглядов по этому вопросу: от преобладания аскетически пренебрегающего отношения – к видению и раскрытию его положительных сторон. Таким образом, бедность и богатство не являются чисто экономическими понятиями, в отношении к ним присутствует большая доля этического начала. Сами по себе они нравственно нейтральны, одинаково законны и не являются критериями богоугодности или условиями спасения. Бедность и богатство осуждаются, если они служат причиной отдаления от духовной жизни, становятся источником человеческих и социальных пороков. Порицается пристрастие к богатству, несвобода от него, зависть к имеющим больший материальный достаток. Можно сказать, что христианство не видит непримиримых противоречий между духовным и материальным и не призывает к полному отказу от всего вещественно материального [4].

Таким образом, в соответствии и согласии со Священными Писаниями в христианстве и во остальных религиозных традициях подчёркивается, что человек обладает частной собственностью довольно условно, поскольку она зависит от кого-то или чего-то высшего, и поэтому частный собственник должен уметь делиться своим богатством. Во всех религиозных традициях защищается общественная, коллективная собственность.

Список литературы:

1. Лукин С.В. Частная собственность в христианской доктрине // Экономика и религия. – 2014. - № 2 (50). С. 367 – 372.
2. Симор П.У. Сакральные смыслы собственности в культурных практиках// тема диссертации и автореферата кандидат наук. – 2022.
3. Куропаткина, О. В. Отношение к различным формам собственности в разных религиозных традициях / О. В. Куропаткина // Сборники конференций НИЦ Социосфера. – 2011. – № 37. – С. 103-109. – EDN RFVMEZ
4. Цыпин В. Имущественные права Церкви прот.// Церкви. - Клин: Христиан. Жизнь. - 2004. – С.700
5. Сюкийнен Леонид Мусульманское право собственности: юридическое осмысление религиозных постулатов // Россия и мусульманский мир. 2006. №3. URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/musulmanskoe-pravo-sobstvennosti-yuridicheskoe-osmyslenie-religioznyh-postulatov> (дата обращения: 14.03.2024).
6. Горшунов Денис Николаевич Частное право и ислам // Учен. зап. Казан. ун-та. Сер. Гуманит. науки. 2010. №4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/chastnoe-pravo-i-islam> (дата обращения: 14.03.2024).
7. Солодова Г.С. Некоторые воззрения христианства: собственность, богатство и бедность // ЭКО. 2006. №1 (379). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/nekotorye-vozzreniya-hristianstva-sobstvennost-bogatstvo-i-bednost> (дата обращения: 14.03.2024).

ПОСТСЕКУЛЯРЛЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМ: ДАМУ ҮРДІСТЕРІ МЕН ҮДЕРІСТЕРІ

Исламтану мамандығының 1 курс докторанты **Сақбаева А.Қ.**
Ғылыми жетекші: Байтенова Н.Ж. - филос. ғ. докторы, профессор
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Аңдатпа: Ислам дінінде саяси–қоғамдық, рухани өмірдің барлық саласы қамтылған. Солардың бірі діни сенім және діни төзімділік мәселесі. Ислами идеяларды өркениеттік тұрғыда қабылдап, оларды еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму жолында қолдана білсек, біздің қоғамдағы біраз қиындықтар шешілер еді. Алайда, Қазақстанда, көптеген басқа елдердегідей, діни экстремизм мен терроризмге қатысты белгілі күрделі мәселелер бар және осы мәселені шешудің сындарлы тәсілдерін іздеу маңызды болып табылады. Экстремизм мен терроризм – бұл оның таралуын болдырмау үшін мұқият қарауды және тиімді шараларды қажет ететін құбылыс. Мақалада Қазақстандағы радикалды діни экстремизм мен терроризм өсуінің ішкі және сыртқы саяси себептері, бұл процестің ұлттық қауіпсіздік пен жалпы өңірлік тұрақтылыққа әсері қарастырылады. Терроризм және экстремизм мәселесіне ұзақ уақыт бойы тап болмаған еліміз бүгінде осы жағдайға байланысты тиімді және жылдам шешімдерді қабылдауды қажет етуде. Аталған мәселені шешу үшін мемлекеттік құрылымдар соңғы жылдары елеулі күш-жігер жұмсап, дін саласындағы үрдістер мен үдерістерге бақылауды айтарлықтай кеңейтіп, нығайтуда. Мақалада мемлекетте орын алған экстремизм мен терроризм оқиғалары және олардың Қазақстан халқының ортақ мемлекеттік мәдениетінің дамуы мен бірігуіне, демократиялық реформалардың халық санасында орнығуына әсері талқыланады. Экстремисттік және террористік мәселелерді шешудің жолдары ұсынылады.

Кілт сөздер: ислам, дін, экстремизм, терроризм, антирроризм

Кіріспе.

Діни экстремизмді, оның іс-әрекетінің мотивациясын білмей түсіну мүмкін емес. Сараптамалық ортада діни экстремизмнің анық сипаты және оның табиғатта қалай кездесетіні туралы нақты түсінік жоқ. Діни экстремизм мәселесін түсінуде сараптамалық бірліктің болмауы, біртұтас координаттар мен құндылықтардың бірыңғай жүйесіне, зерттелген және білікті әдістердің бірыңғай жиынтығын қалыптастыруға кедергі келтіруде.

Діни экстремизм діни ұйымдармен тікелей байланысты. Көптеген діни ұйымдар тек дінге деген қызығушылықтарын жасыра отырып, іс жүзінде адамның санасын басқарып, өз мүдделерін насихаттайды. Сонымен қатар, оларға әсер ете отырып, жеке тұлға ретінде адам психологиясы мен оның құқықтарын, отбасылық этиканы бұзады. Діни негізде жанжал туғызып, адамның конституциялық құқықтарын шектейді немесе айырады. Діни экстремизмді ұстанушылар өздерін «діни өрлеудің шыңына» жеткендер деп түсінеді. Өмірдің мәнін табу және жоғары этикалық мақсаттарды ұстану олардың ақыл-ой дәлелдеріне «соқыр» сеніммен ауыстырылады. Мұндай сенім адамды зорлық-зомбылықтың тиімді құралына айналдырады [1].

Діни экстремизм қазір қарулы және оқытылған халықаралық террористер бандалары жасаған ауқымды тұрақты соғыс немесе жүйелі террористік актілер түрінде анықталады. Олардың идеологиясы – «джиһад» – «кәпірлермен» соғыс, олар басқа дінді ғана емес, сонымен бірге «Исламға» сай емес зайырлы өмір салтын, демократиялық саяси бағытты ұстанатындармен де күреседі. Қоғамдағы жағымсыз резонанс әр түрлі тоталитарлық діни ұйымдардың, неопагандықтың, оккультизмнің, сатанизмнің және басқа өз қызметін жасыратын (немесе жарнамаламайтын) топтардың ізбасарларының қызметін тудырады. Олардың ықпалындағы қауымдастықтарда діни фанатизм пайда

болатыны, бұзақылық әрекеттері жасалатыны, олардың мүшелерінің моральдық, психикалық және физикалық денсаулығына зиян келтірілетіні белгілі [2].

Діни экстремизм көбінесе зорлық-зомбылықпен қатар жүретін таптық және азаттық күрестің әртүрлі формаларынан бастап жалдамалы агенттер мен арандатушылар жасаған қылмыстарға дейінгі гетерогенді құбылыстарды білдіреді.

Негізгі бөлім. Зайырлы және көпмәдениетті Қазақстан ұзақ уақыт бойы әлемдік ауқымдағы – діни экстремизм мәселелерінен тыс болатын. Алайда, соңғы уақыттардағы жағдайлар («Қаңтар» оқиғасы) кезінде тұрғындар алғаш рет және үлкен ауқымда оның көрінісіне тап болды.

Тәуелсіздік алғанға дейін елде мұндай мәселелердің болмауының бірнеше себептері бар [3]:

- коммунистік, атеистік идеологияның үстем болуы;
- оңтүстік аудандардан басқа республика аумағында исламның әлсіз таралуы.

Ислам діни исламға дейінгі пұтқа табынушылық нанымдармен, соның ішінде тәңіршілдікпен қатар күнделікті өмірде де мойындалды;

- КСРО азаматтарын сыртқы әлемнен идеологиялық және мәдени оқшаулау;
- КСРО КГБ-ның коммунистік доктринаға сәйкес келмейтін кез-келген идеологиялық көріністерді анықтау, алдын-алу және жолын кесу жөніндегі қызметті белсенді атқарды.

Ал, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жағдай түбегейлі өзгерді, яғни діни экстремизмді КСРО-ның ыдырауының салдарының бірі деп атауға болады. Себебі, осы уақытта ескі идеалдар құлады, қоғам әлі жаңартылған «дұрыс» идеологияны анықтаған жоқ еді. Қазақстандағы Ислам, барлық Орталық Азия елдеріндегі секілді, жыл сайын дәстүрлі мәдениеттің ғана емес, әлеуметтік және саяси өмірдің маңызды факторына айнала бастады. Елде діни сенім бостандығы, діни бірлестіктерді мемлекеттен бөлу, мемлекеттің діни қауымдастық істеріне араласпау құқығы жарияланды. Көптеген зерттеулерге сәйкес, діни экстремизм халықтың күнкөріс деңгейінің төмен болуы мен жастардың арасындағы білімсіздік салдарынан артқандығы анықталған. Ал, Қазақстан тәуелсіздік алған кезеңде болған дағдарыс салдарынан, халықтың осал тұстарының арасында көптеген адамдар діни білім алу мүмкіндігі болмады және осы уақытта жұмыссыз адамдардың саны артты, бұл қоғамның әлсіз тұсы, «бос құлақтар» мен «бос қолдардың», яғни тез сенуге бейім топтардың қалыптасуына алып келді. Осылайша елімізде тәуелсіздік алған кезден бастап діни экстремизм мен терроризм орын ала бастады [4].

Қазақстанда діни экстремизм Ислам радикализмін қоса алғанда, түрлі нысандар арқылы көрінеді. Бұл биліктің үлкен алаңдаушылығын тудырады, өйткені бұл ықтимал қақтығыстар мен қоғамдық қауіпсіздіктің бұзылуына алып келуі мүмкін. Бүгінгі таңда Қазақстан үшін негізгі қауіпті факторларының бірі діни экстремизм болып табылады. Бұл факторды (әсіресе бірқатар қиын аймақтарда) сыртқы күш орталықтары елдегі әлеуметтік-саяси жағдайды тұрақсыздандыру үшін оңай қолдана алады. Қазақстандағы бұл мәселенің ерекшелігі келесідей:

- біріншіден, Қазақстандағы діни-экстремистік топтар салыстырмалы түрде аз және бытыраңқы;

- екіншіден, Алматы (2016 ж., жаз) мен Тараздың (2011 ж.) тәжірибесі көрсетіп отырғандай, тіпті жалғызбасты террорист те, әсіресе қоғамдық-саяси резонанс тұрғысынан орасан зор залал келтіре алады.

Қазақстанда ислам экстремизмінің дамуы шаамамен 2011 жылдан бастау алды деп қарастыруға болады. 2011 жылдан бастап, экстремистер қызметінің террористік күрес әдістеріне көшуі, билікке қарулы қарсыласу кезеңі байқалады. Оқиғалардың қайғылы тізбегінің тағы бір бөлігі негізінен жастар қатысқан 2016 жылғы Ақтөбе қаласындағы террористік акт және осы жылы Алматы қаласында орын алған жалғызбасты террористік актіні атауға болады.

Террористік акциялар негізінен құқық қорғау жүйесіне, соттарға, түзеу мекемелеріне қарсы бағытталған және көбінесе жарылыстар, соның ішінде жанкешті опция арқылы жүзеге асырылды. Сол кезде «Халифат сарбаздары» (Джунуд әл-Халифат), «Дінді қорғаушылар» (Ансар-уд-дин), «Бейбарыс батальоны» және т.б. жаңа террористік құрылымдар өздері туралы жариялай бастады [5].


2016 жылғы террористік актілер мемлекеттің зорлық-зомбылық экстремизмі мен терроризмге қарсы практикалық шараларын жүйелі және кешенді күшейту жөніндегі жаңа кезеңнің басталуын белгіледі. «Экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қарастырылды. Сондай-ақ, діни қатынастарды ретке келтіру мақсатында «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2017-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама» қабылданды және Тұңғыш Президенттің 2017 жылғы 20 маусымдағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясаттың 2017-2020 жылдарға арналған жаңа тұжырымдамасы бекітілді [6].

Мемлекеттегі террористік актілердің негізгі себебін халық арасында діндарлықтың өсуінен анықтауға болады, бірақ Қазақстан Республикасының саяси ашық болуы жағдайында бұл табиғи үдеріс болып табылады. Экстремизм мен терроризмге байланысты құқық бұзушылықтар бойынша өңірлер арасында Түркістан облысы көш бастап тұр (18 жағдай). Антилидерлерде басқа да оңтүстік өңірлер - Жамбыл облысы мен Шымкент қаласы кіреді. 2023 жылы Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарында ең аз құқық бұзушылық (1 жағдай) тіркелді. Сонымен қатар, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, таптық немесе діни алауыздықты қоздыру туралы бап бойынша - 48 жағдай тіркелді. Сондай-ақ, «Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру», «сот шешімімен тыйым салынған қоғамдық немесе діни бірлестіктің қызметін ұйымдастыру және оған қатысу» баптары да кездеседі.

2022 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында Қазақстанда 124 адамға, ал 2023 жылы бұл көрсеткіш 2 адамға (минус 1,6%) азайып, 122 адамға қатысты экстремизм мен терроризмге байланысты қылмыс-іс қозғалған және сотқа жіберілген [7].

Анықталған адамдардың үштен бірі, 41 адам – терроризмді насихаттаумен немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақырумен айналысқан. Сондай-ақ, жиі кездесетін құқық бұзушылықтардың қатарына қоғамдық немесе діни бірлестіктің, не өзге ұйымның қызметіне тыйым салу немесе оларды жою туралы сот шешімінен кейін (24 адам, плюс жылына 60%) ұйымдастыру және әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, таптық немесе діни араздықты қоздыру (23 адам, плюс 76,9%) кездеседі.

Сотқа тартылғандардың арасында 30-39 жас аралығындағы 44 адам, 40-49 жас аралығындағы 38 адам, 50-59 жас аралығындағы 15 адам, 60 жастан асқан 6 адам, кәмелетке толмағандар – 3 адам, 18-20 жаста – 4 адам, 21-29 жаста – 12 адам болды (сурет 1) [7].




Сурет 1 – 2023 жылы экстремистік терроризм бойынша қылмыстық іс тіркелген азаматтардың жас бойынша статистикасы [7]

2023 жылдың он екі айында Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде экстремизм мен терроризмге байланысты 208 қылмыс тіркелді – бұл 2022 жылмен салыстырғанда 5,6%-ға артық.

Жиі кездесетін қылмыс – әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, таптық немесе діни алауыздықты қоздыру: 84 құқық бұзушылық, жылдық өсу – 82,6%. Бұдан әрі терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру, сондай-ақ олардың қызметіне тыйым салу немесе жою туралы сот шешімінен кейін қоғамдық немесе діни бірлестіктің не өзге ұйымның қызметін ұйымдастыру және оған қатысу [7].

Өңірлік бөліністе экстремизм мен терроризмге байланысты ең көп қылмыстар елордада тіркелді: 50 жағдай — өткен жылмен салыстырғанда 28,2% - ға артық. Сондай-ақ, антилидерлік өңірлердің қатарында Алматы (21 жағдай), Солтүстік Қазақстан (16 жағдай), Атырау (14 жағдай) және Жамбыл (13 жағдай) облыстары болды. Құқық қорғау органдары бір жыл бұрын 302-ге қарсы 153 экстремистік материал тәркіледі. Көбінесе мұндай материалдар, кітаптар (96 бірлік) және парақшалар (42 бірлік) болды (сурет 2) [7].



Сурет 2 – ҚР өңірлік бөліністе экстремизм мен терроризм статистикасы, 2023 жыл [7]

Елімізді болып жатқан оқиғалар статистикасы діни экстремизмнің таралуына ықпал ететін факторларға терең талдау жүргізу қажеттілігін көрсетеді. Жағдайдың күрделенуінің белгілі себептері: діни сауатсыздық, халықтың идеологиялық және діни бағдарларының бірінші реттілікте болмауы, көптеген діни ілімдер мен ұйымдардың пайда болуы және т.б.

Бүгінгі таңда ең маңызды фактор – «зайырлылық» терминінің мазмұнын дұрыс түсінбеудің нәтижесі болған дін мен мемлекеттің қарама-қайшылығы. Кейбір шенеуніктер бұл терминге идеологиялық сипат беруі дін мен мемлекет арасындағы қарым-қатынаста, зайырлылық пен руханилық арасындағы байланысты қабылдауда қиындықтар тудырды. Нәтижесінде, мемлекет экстремизммен күресу үшін емес, діндарлықпен жұмыс істейді деген әсер қалады және барлық іс-әрекет руханият пен ислам нормаларына шабуыл сияқты сезіледі. Бұл мәселені шешуде, әлемдік тәжірибе зайырлы мемлекет пен Ислам арасындағы өзара әрекеттестікте екі стратегияның бірін таңдау керектігін көрсетеді:

– исламды тежеу стратегиясы (жалпы бірқатар елдерде бұл стратегия өзінің

тұйықтығы мен өнімсіздігін көрсетті);

– исламмен ынтымақтастық стратегиясы (оның ішінде радикалды исламизмге қарсы «қалыпты» исламмен ынтымақтастық; Малайзия мен Сингапурдың табысты тәжірибесі айқын мысал болып табылады).

Бұдан әрі радикалды діни құрылымдардың тұрақсыздандырушы белсенділігі қазақстандық қоғамның өзінде жеткілікті елеулі объективті ішкі алғышарттар болған кезде ғана табысты болуы мүмкін. Мысалы, мұсылмандарға қысым жасау, сондай-ақ ҚР азаматтарының әлеуметтік-мүліктік жіктелуі аясындағы жағдай конфессиялық-идеологиялық шекаралардың әлеуметтік және саяси шекаралармен сәйкес келуінің ықтимал қауіптілігін туындатады. Бұл жағдайда исламды саясаттандырудың өсуі маңыздылыққа ие болады. Мысалы, биліктің хиджаб киюдi шектеу, зайырлылықты исламға шабуыл ретінде беру әрекеттеріне байланысты, ҚМДБ-дан кейінгі көптеген қалыпты сенушілер, әрине, Сирияға кетуге және/немесе террористік актілерге бармайды, бірақ зайырлы саяси оппозицияның деструктивті үгіт-насихатына көбірек бейім болуы мүмкін, әсіресе діни жастар.

Бұл мақсатта, білім беру, экономикалық жағдай, сондай-ақ радикалдануды ынталандыратын әлеуметтік-мәдени аспектілерін қарастыру керек. Толеранттылықты насихаттауға, мәдениеттер мен діндердің алуан түрлілігін түсінуге бағытталған білім беру бағдарламаларын дамыту неғұрлым инклюзивті қоғам құруға ықпал етеді. Бұған дінаралық түсіністік курстарын енгізу және сыни тұрғыдан ойлауға үйрету пәндерін қосу керек.

Тиімді құқық қолдану: діни экстремизм актілерінің алдын алу және жолын кесу үшін құқықтық базаны нығайту және оны қатаң орындау қадағалау. Бұған экстремистік идеяларды насихаттауды бақылау және экстремистік ұйымдардың қаржылық қолдауымен күресу шаралары бақылау керек.

Халықаралық ынтымақтастық: діни экстремизммен күрес оң нәтиже көрсетіп жатқан басқа елдермен тәжірибе және ақпарат алмасу Қазақстанға құнды сабақтар мен стратегияларды ұсына алады. Жастардың қоғамдық өмірге, спортқа, мәдениетке және білімге белсенді қатысуы үшін жағдай жасау олардың экстремистік топтарға тартылу ықтималдығын төмендетуі мүмкін. Интернеттегі мазмұнды тиімді бақылау және реттеу интернеттегі рекрутинг пен экстремистік идеялардың таралуын болдырмауға көмектеседі.

Қорытынды

Қазақстандағы діни экстремизм проблемаларын шешу кешенді және жүйелі тәсілді талап етеді. Қоғамның, биліктің және діни лидерлердің қатысуымен ел тұрақты және толерантты қоғам құруға ықпал ететін стратегияларды жасай алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Никишин В. Д. и др. Словесный религиозный экстремизм. Правовая квалификация. Экспертиза. Судебная практика. Монография. – Москва: Проспект. – 2020. – 240 с.
2. Шувалов А. П., Тишкин Д. Н. Оперативно-розыскное прогнозирование в сфере противодействия религиозному экстремизму: актуальные вопросы комплексного взаимодействия с институтами гражданского общества // Юристъ-Правоведъ. – 2020. – № 1 (92). – С. 135-140.
3. Жусупов С. Ислам в Казахстане: прошлое, настоящее, будущее во взаимоотношениях государства и религии // Ислам на постсоветском пространстве: взгляд изнутри / Московский центр Карнеги. – М., 2001. – С. 121, 122
4. Абжанов Б. С. О противодействии экстремизму в Казахстане // Онтология и аксиология права. – 2021. – С. 3-6.
5. Бубербаев Н. Д. Проблемы противодействия религиозному экстремизму в Республике Казахстан // ББК 67я431 П 781. – 2021. – С. 29.

6. Казахстан П. П. Р., Сагинтаев Б. Об утверждении Государственной программы по противодействию религиозному экстремизму и терроризму в Республике Казахстан на 2018-2022 годы: утв. 15 марта 2018 года, № 120 //URL: https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo_respubliki_kazahstan_premier_ministr_rk/natsionalnaya_bezopasnost/id-P1800000124/(дата обращения: 01.07. 2018). – 2020. (қаралым күні 16.03.2024)

7. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті [Электронды ресурс] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat?lang=kk> (қаралым күні 15.03.2024)

ТҰЛҒАНЫҢ ДЕСТРУКТИВТІ ҰЙЫМҒА ЕНУ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ДЕСТРУТИВТІ СЕКТАНЫҢ АДАМҒА ӘСЕР ЕТУ САЛДАРЫ

Дінтану мамандығының 2 курс магистранты **Сайлау Т. Ж.**

Ғылыми жетекші: з.ғ.к., профессор м.а. Бишманов К.М

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қоғамдағы тұлғаның деструктивті ұйымдарға ену себептері мен оның адам баласына әсер ету салдары туралы зерттеледі. Қазіргі қоғамның дерті саналатын деструктивті ұйымдардың әлеуметтік ортада үлкен қызығушылықта болуы болашаққа төнетін қауіп есебінде көрсетіледі. Өтпелі, аумалы-төкпелі заманда дін тұрақтылыққа да, дау конфликтілерге де себеп болуы мүмкін еді.

Қазақстандағы діни жағдай, басқа елдердегі сияқты көбіне елдің ішіндегі және одан тыс саяси, экономикалық және құқықтық жаңдайға тікелей байланысты. Сонымен қатар, ол мемлекеттің ішіндегі этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынасқа да тәуелді.

Мақаланың қорытынды бөлімінде отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлеріне сүйене отыра өзіндік тұжырымдарымызды келтіреміз. Қазіргі таңдағы деструктивті ұйымдарға нақты баға беріп, қазақ жастарының ұстанған діни бағыттарына сараптама жасаймыз.

Кілт сөздер: дінтану, қазақ, діни ахуал, деструктивті ұйымдар, секта, өркениет, әлеумет, тұлға.

Қазақстандағы қазіргі діни ахуалдың ерекшелігі жаһандану үдерісімен байланысты, ол көптеген әлеуметтік-мәдени өзгерістерге және көптеген проблемалардың шиеленісуіне алып келді, олардың бірі әлемдік діндер қақтығысы болды. Сонымен бірге әртүрлі діни дәстүрлердің өкілдері арасындағы өзара түсініспестік барған сайын айқын бола түсуде. Сонымен қатар, кейбір діндер «өркениеттік қақтығыстарға» қатысу арқылы саяси мәнге ие болады.

Бұл мәселені тек өзара төзімділік пен сыйластық принциптерін қалыптастыру арқылы, сондай-ақ жаңа діни топтар қоғамға әкелетін мәселелерді шешетін дінаралық диалогты нығайту арқылы шешуге болатыны сөзсіз. Діни фундаментализм – кез келген дінге тән консервативті әлеуметтік мақсаттарға берілгендік. Діни фундаментализм әлеуметтік және саяси тұрақсыздық жағдайында туады.

Бүгінгі таңда елімізде ұлтаралық және конфессияаралық келісім орнығып, ел тұрғындары тату-тәтті өмір сүруде. Әрбір азаматқа Конституциямен сенім бостандығы беріліп, ар-ождан құқығы қорғалған. Осы құқықтың негізінде азаматтарымыз өз еркімен діни сенімге нанып, қалаған ғибадатын жасауға құқығы бар.

Бірақ сенім бостандығы құқығын желеу етіп, жұрттың сенімін алдайтын діни ағымдар да кездеседі. Біз бұл ағымдарды «деструктивті діни ағымдар» деп атаймыз.

Деструктивті діни ағымдарға азаматтарымыздың мүшелікке енуінің себептерін төмендегідей:

- ақпараттық кеңістікте сараланбаған ақпараттың көптігінен туындаған салғырттық;
- ақпараттың көптігінен жүйелі шешім шығаруға қабілетсіздік;
- қордаланған әлеуметтік мәселелердің жиынтығы;
- әлеуметтік өмірдің психо-физиологиялық ауыртпалығы;
- саналы ойлауға жүгінуге қабілетсіздік; азаматтардың өз өміріне мағына беруге талпынысынан саналы түрде бас тартуларға баруы[1, 23-бет].

Дін тұлғаның дүниетанымын қалыптастыратын қасиетке ие. Ол негізгі қоғамдық құндылықтарды қалыптастырады. Адамгершілік пен инабаттылық – азаматтық қоғамның басты ерекшеліктері деп санасақ, бұл құндылықтар діннің көмегінсіз жүзеге асуы мүмкін емес. Алайда әлемдік және дәстүрлі діндердің заман ағымына сай даму барысы өз ішінде дәстүрлі емес деструктивті ағымдардың пайда болуымен де ұштасып жатқандығы да шындық. Дәстүрлі діннің қоғамдағы орнын төмендетіп, оның дамуын тежейтін әрі дін атын жамылғанымен түп мақсаты діннен алыс жатқан деструктивті ағымдар, секта және культ түсініктері бүгінгі күннің үйреншікті құбылысына айналды.

Бір атап өтетін жайт, ол қазіргі таңда отандық дінтану саласында деструктивті ағымдарға қатысты жалпы қалыптасқан топтама жоқ. Бұл әсіресе осы деструктивті ағымдардың белгілері мен ерекшеліктерінің әртүрлілігі және олардың қызметінің күрделілігімен байланысты болып отыр. Демек қазіргі таңда отандық дінтану саласы деструктивті культ не секта болсын оларды белгілері бойынша топтастыру жұмыстары әлі де болса зерттеуді қажет етеді. Осы ретте отандық дінтанушы ғалымдардың деструктивті діни ағымдарға қатысты пікірлерін саралаудың маңыздылығы арта түседі.

Отандық зерттеуші деструктивті ағымдардың сыртқы белгісі бойынша деструктивтілік сипатын төмендегідей әлеуметтік-теологиялық аспектілерде қарастырады:

-Жалпы қабылданған әлеуметтік құндылықтарды теріске шығарып, ұстанушыларды адасқандар немесе күнәһарлар деп қарастырушылық;

-Қоғамда орнаған тәртіпті сақтауға қарсы шыға отырып, деструктивті діни ұйымының идеологиясына шектен тыс бағынушылық;

-Дәстүрлі діни конфессиялар мен оның өкілдеріне деген өшпенділік;

-Мемлекет бекіткен заңнамалық негіздерді мойындамау және сақтамау;

Өздерінің идеологиясын мойындамайтындарға қарсы үздіксіз күрес жүргізу деп айшықтай келе, ағымдардың ішкі сипаты бойынша деструктивтілік белгілерін төмендегідей жіктейді:

-Тұлғаның өн бойындағы қасиеттерін тұншықтырып, өз идеологияларына мойынсұндыру;

-Қоғамдағы этикалық және рухани кедергілерді жеңу;

-Жақындар мен әлеуметтік ортасынан ажыратып, өзіндік сыни ойлау қасиетінен айыру;

-Әлеуметтен тыс өмір сүру қағидаттарының үстемдік құру деп зерттеуші жіктейді[2, 15-бет].

Отандық дінтанушы Г.А. Базарбаеваның пікірінше «дәстүрлі емес діни ағымдардың көздеген мақсаты – халықты айтқанға көнетін ойсыз топқа айналдырып, оларды жанды қуыршақ сияқты басқару, санасына әмір жүргізу болып табылады. Кез келген адамды халықтың, не болмаса қандай да ұйымның құрамдас бөлігі ретінде қарастырсақ, тұлға ұйымның ортасына түскен кезде сол ұйымның ықпалына бейімделгіш келетіні белгілі. Тұлға ұйымның арасына қалған сәттен бастап бұрынғы табиғи қалпынан өзгеріп, мүлдем басқаша ойлай бастайды, сол ұйымға тән іс-әрекеттер жасайтын болады» деп ой қорытады [3, 119-бет].

Ал дінтанушы А.Қ. Омаров өзінің «Теріс діни ағымдардың ортақ белгілері» атты мақаласында деструктивті ағымдарға тән негізгі үш белгіні атап көрсетеді. Олардың

катарында «адам жүрегіне төзімділік пен сүйіспеншіліктің емес, өзімшілдік пен қатігездіктің дәнін себу», «дәстүрлі дінді қабылдамай, оның жергілікті ерекшеліктеріне өре түрегеліп, қарсы тұру», «әр халыққа отбасылық және ұлттық құндылықтар тән. Егер қай дін, қай ағым болмасын жергілікті әдет-ғұрыпты сыйламаса, оларды сыртқа тебетін болса, бұл оның шатақ дін екенінің айғағы» деп ой қорытады [4, 131-бет].

Деструктивті ағымдарға қатысты У.К. Шубаеваның «Жастардың діни психологиялық белсенділігінің негіздері» деп аталатын зерттеу жұмысында Деструктивті ағымдардың бірқатар ерекшеліктерін атап өтеді. Мысалы ғалым Деструктивті ағымдар жұмысының басты ерекшеліктері өздерінің діни ғибадатханаларына тартудың түрлі психологиялық әдістердің бар екендігін растай отырып, олардың жұмысының бір ерекшелігі адам өміріне қауіпті тренингтер мен семинарлар, біліктілікті арттыру курстар өткізу болып табылады. Автордың пікірінше мұндай әлеуметтік-психологиялық қатерлер қазіргі қоғамның басты түйіткілді мәселесіне айналып отыр. Деструктивті ағымдар жұмысының бір ерекшелігі санаға бақылау орнату болса, автор сананы бақылаудың психологиялық әдістері бар жерде азаматтардың шынайы таңдау жасау сияқты адами мүмкіндіктері жоқ деп тұжырымдайды [5, 23-бет].

Дінтанушы Н.Ж. Бәйтенованың редакторлығымен шыққан «Дінтану негіздері» атты оқулықта деструктивті ағымдар ұғымын біршама ашып, анықтама беруге тырысады. Отандық дінтанушылар деструктивті ағымдар, соның ішінде секта ұғымын белгілі бір діни бағытқа оппозициялық ағым ретінде пайда болады деп есептеп, сектаның жұмысына өзінің идеялық ұстанымдары мен құндылықтарын, ұйғарымдары мен ерекшеліктерін мойындату тән деп көрсетеді. Ең бастысы секта жұмысы мүшелерін қоғамнан оқушаулауға әрекеттер жасалады деп санайды. Отандық ғалымдардың пікірінше секталардың қызметі өміршең емес. Уақыт өте келе олардың бірқатары өмір сүруін тоқтатса, ендігі бірі басқа типке айналады деп санайды [6, 79-бет].

Осы бағыттағы өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген Ж.А. Шаукеновтың «Дінтану және діни қауіпсіздік негіздері» атты еңбегінде де деструктивті діни ағымдардың қоғам үшін қауіп мен оның түрлері барынша сараланған [7, 4-бет].

Қазіргі таңда отандық дінтану саласы деструктивті культ не секта болсын олардың белгілері бойынша топтастыру жұмыстарына көңіл бөліп, олардың ортақ белгілеріне қатысты қалыптасқан тұжырымдарға сай төмендегідей қорытындыларға келген:

-Әлеуметтік жағынан өзара көмек көрсетуге үнемі дайын;

-Кішіпейілділік пен елгезектік сияқты қасиеттер арқылы көз бояп, өздерінің астыртын идеяларын насихаттау және тарату;

-Кез келген елдегі және сол елдің ауыр тұрмыс тіркелген аймақтарында жұмыссыздық пен мұқтаждық, діни сауатсыздық пен экономикалық мәселелерді тиімді пайдалануға тырысушылық;

-Қаржылық көмекті ұсына білу;

-Ұлттық құндылықтарды менсінбейтін немесе білмейтін жастарды тартудағы белсенділік.

-Мемлекеттік төңкеріс немесе мемлекеттік қайта құру жағдайында халықтың әбігерге түскен сәтін сәтті пайдалану.

Демек жоғарыда келтірген мәліметтерден шығатын қорытынды деструктивті ағым өмірден орнын таппаған, қарым-қатынастарға мұқтаж жандарды физикалық әрі психологиялық тұрғыдан өздеріне тәуелді ететін ұйым деп тұжырымдауға негіз бар. Отандық дінтанушылардың пайым, қорытындыларына сай деструктивтік ағымдардың барлығына тән белгілерді сараптайтын болсақ олардың әрқайсысы да адамгершілік құндылықтарын насихаттамайды деп айта аламыз. Деструктивтік ағым, секта, деструктивті культ ұйымдары көп жағдайда адамды өзіне баурап алатындай білімге ие. Ал адамды өздерінің ұйымдарына мүше қылып қабылдаған соң, барлығы да нейролингвистикалық бағдарлама және өзге де психологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы адамның санасын тазарту жұмыстарын жүргізеді. Бұл аталған

деструктивтік ағым мен секта және деструктивті культтер мүшелер арасындағы бірлік пен бауырластықты өздерінің көшбасшыларына мүлтіксіз бағыну арқылы жүзеге асырады.

Бүгінгі таңдағы дінтану саласында жүргізілген зерттеулерге сай, дәл осындай деструктивті ағымдар болсын, не секта тіпті культтер қатарын әсіресе жастар толтыруда. Оның басты себептерінің бірі де деструктивті ағымдардың басты жұмысы жастарға бағдарланған. Тіпті алғаш осындай теріс ағымдар қатарына кірген жастарды ағым мүшелері қаумалап, үнемі оған Құдайдың оны жақсы көретіндігі және дәл осы ұйымда оны қадір тұтып, пікірін тыңдауға әзір екендігін барынша жеткізіп отырады. Бұл өз кезегінде албырт және өз өмірінен басқа адам үшін жауапкершілігі жоқ жастардың жаңа эмоция мен жаңа белесті бағындыруға жігер береді. Нәтижесінде еліміздің болашағы саналатын жаста адасып, қайғылы күй кешіп жатады. Өмірден түйгені аз саналатын жастарды әрі өз ырқына көндірудің бірқатар тәсілдері бар. Жастардың ойлау қабілеті де өмірлік тәжірибесі бар адамдарға қарағанда ерекше болары анық. Міне сондықтан түрлі психологиялық әдіс-тәсілдер де жастарға тез жұғымды болады. Осы өмірден орнын іздеген жастар мен уайым-қайғысының орнын толтыруды көздеген адамдар үшін деструктивті ағымдар таптырмас орын, жаңа пана болып жатады. Алайда кейінгі оқиғалар көрсететіндей, артылған үміт пен жүктелген сенім ақталмай жатады. Идеологиялық шырғаға түсіп, басқармалы және өзіндік ойы жоқ тірі организмге айналады. Осылайша адам өмірінде рухани тоқырау пайда болады.

Осындай деструктивті ұйымдардың салдары экстремизм мен терроризмде көрініп жатады. Жас буын өкілдерінің ұлттық құндылықтарды бойға сіңірмей тұрып, дінге келуі ұлтқа төнетін үлкен қауіпке айналмақ.

Діни экстремизм дегеніміз – діннен шектен тыс көзқарастар мен іс-әрекеттерді ұстану. Мұндай экстремизмнің негізі – зорлық-зомбылық, қатыгездік және агрессивтілік, демагогиямен үйлеседі. Қоғамдағы мұндай экстремизмнің себептері: әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар, саяси құрылымдардың деформациясы, халықтың көп бөлігінің емір сүру деңгейінің төмендеуі, биліктің қарсылықтары мен оппозицияларының жолын кесу ұлттық қысым, саяси партиялар мен діни топтардың жетекшілерінің өз міндеттерін орындауды тездетуге ұмтылыстары және т.б.

Діни экстремизм дегеніміз тұрақты діни көзқарастарын немесе жеке адамның конституциялық құқықтарын, ар-ождан бостандығының кепілдіктерін тікелей немесе жанама түрде бұзатын қазіргі діни сананың бір түрі деп түсіндіріледі.

Соңғы уақытта «діни экстремизм», «радикализм», «діни терроризм» терминдері «ислам факторы» контекстінде жиі кездеседі, бірақ құқық қолдану тәжірибесі көрсеткендей, экстремизм исламнан тыс әртүрлі нысандарда да таралады.

Зерттеушілер бұл құбылыстың әмбебаптығы мен құрылымдық біртектілігін атап өтеді. Діни экстремизм саяси маңызға ие, өйткені ол азаматтардың құқықтарымен бостандықтарының бұзылуына әкеледі, қоғамдық қауіпсіздік пен мемлекеттің тұтастығын бұзады, қоғамдағы толқулар тудырады, конституциялық құрылым негіздеріне нақты қауіп төндіреді және қоғамдық тәртіпті тұрақтансыздыруға себепші болады.

Діни негіздегі экстремизм Интернетті белсенді қолданады, ол арқылы әртүрлі жанрдағы экстремистік материалдар таралады, парақшалардан бастап, экстремистік мазмұндағы әндері шығарады, бар дискілерге дейін. Діни экстремизм идеологиясы қарама-қайшылықты жоққа өзінің діни және этикалық көзқарастарын берік ұстанады. Экстремисттер өздерінің қолдаушыларынан кез-келген, тіпті ең абсурдтық бұйрықтар мен нұсқауларды орындауды талап етеді. Экстремизмнің дәлелі ақылға емес, адамдардың көзқарастары мен сезімдеріне арналған. Діни экстремизм басқа конфессиялардың өкілдеріне төзімшілдігінен немесе бір конфессия шеңберіндегі шиеленістен көрінеді.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз қоғам да, мемлекет те діни экстремизм мен терроризммен күресу керек деген тұжырымға келеміз. Әрине, олардың күресу әдістері әртүрлі. Егер мемлекет экстремизмнің пайда болуына ықпал ететін әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларды жоюы және экстремистердің заңсыз әрекеттерін болдырмауымен жұмыс азаматтар) діни және саяси жасаса, онда қоғам (қоғамдық бірлестіктер, БАҚ және экстремизмге, экстремистік идеялар мен саяси гуманистік идеялар мен шақыруларға қайшы келуі керек.

Діни экстремизм мен терроризмді жеңу үшін күрестің әр түрлі формаларын қолдануға болады: саяси, әлеуметтанулық, психологиялық, билік, ақпараттық және басқалар. Әрине, қазіргі жағдайда билік пен саяси күрес формалары алдыңғы орында. Құқық қолдану практикасы маңызды рөл атқарады. Заң нормаларына сәйкес, құқықтық жауапкершілік тек қана діни және саяси экстремизмнің қылмыстық әрекеттерін ұйымдастырушылар мен орындаушылар ғана емес, сонымен бірге оларға идеологиялық шабыт берушілері де тартылады [8, 6-бет].

Конфессионалдық ұйымдар мен рухани тәлімгерлердің діни және саяси экстремизм мен терроризмді жеңуге елеулі үлес қосу қабілетін Қазақстанның діни лидерлері мойындайды. Кейде діни ұйымдардың жетекшілері сияқты, экстремизм мен терроризмнің алдын-алуы бойынша жтістіктерге ешқандай да басқа әлеуметтік қатысушылар жете алмайтыны туралы мәлімдемелер жасалынады.

Адамдардың діни сезімдері арқылы экстремистік топтарға тарту, қылмыстық әрекеттер жасау үшін пайдалану мәселелері бойынша әшкерелеу туралы сөз қозғалғанда, мұндай тұжырым толығымен ақталады. Бұл жерде діни лидерлердің жарқын да сенімді сөзі бәсекелестіктен тыс болуы мүмкін. Қоғамдық бірлестіктер мен діни ұйымдар діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу үшін қоғам мүшелеріне толеранттылық пен түрлі мәдениеттегі адамдарға, олардың көзқарастарына, дәстүрлеріне, сенімдеріне құрметпен қарауға шақыру арқылы көп келісімдер жасай алады.

Діни экстремизмнің алдын-алу мақсатында оның көріністеріне мониторинг жасау, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары мен ғибадатхананың көрермендерін, оның идеяларын насихаттау үшін бақылаудың маңызы зор. Экстремистік шақырулар көпшілік алдында сөйлеу емес, ал кейбір жағдайларда жасырын түрде жасалынып, онда конституциялық құрылысты құлатуға шақыра отырып, діни іс-әрекетті құру, дін негізінде өшпенділік пен жеккөрушілік тудырады. Осы жағдайда, өкінішке орай құқық қорғау органдарының жұмысы қанағаттандырмайды.

Сондықтан, бұл феноменді мұқият зерттеп, оның көріністерін бақылап, онымен күресудің тиімді әдістерін жасау керек.

Түйін. Деструктивті ағымдардың алдын алу өте маңызды іс. Мұндай жолдардың бірі әлеуметтік жарнамаларды күшейту деп ойлаймыз. Бүгінгі күні қоғамдағы адам өмірінде бұқаралық ақпарат құралдарының алар орны ерекше. Оның ішінде теледидар адам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналды. Теледидар ұлттық және мемлекеттік идеологияны насихаттаудың керемет үлгісі. Ол үшін деструктивті ағымдар жайындағы әлеуметтік жарнамаларды күшейту қажет деп санаймыз. Қазіргі таңда ресми теледидар арналарын қандай да болмасын тауар немесе түрлі ақылы қызмет туралы жарнамалар жаулап алғаны шындық. Әрине нарық заманы, ақша төленген жағдайда олар эфир уақытын осы іспеттес жарнамалармен толтыруға мұқтаж немесе мәжбүр. Алайда ұлттық қауіпсіздік пен мемлекет тыныштығы үшін де деструктивті ағымдардың кері жақтары туралы адамды шаршатпас түрлі жарнамалар берілуі тиіс және ең бастысы мұндай жарнама күні бойына тек бір діни ағымды ғана қамтымауы керек. Бұл елімізде тыйым салынған бірқатар діни ағымдарды қамтыған жарнамалар топтамасы болғаны абзал.

Сонымен қатар жастардың басын қосқан жоғары оқу орындары мен мектептерде сол елдің дәстүрлі діни басқармаларымен жиі кездесу өткізіп тұру қажет. Діни басқармаларда осы іске жауапты, білімді тек дәстүрлі дінді уағыздау ғана емес, деструктивті ағымдар турасында мол мәліметтерді беруге қабілетті болғаны абзал деп санаймыз. Дін қызметкерлері Жаратушының махаббаты бір-біріне қайталап айта беруден емес, шынайы сенім мен қоршаған ортаға залалын тигізбестен әрі адамгершілікке толы әрекеттер, дұрыс құлшылық арқылы ғана келетінін түсіндіріп, жастардың санасына құюы тиіс. Осылайша дұрыс дүниетаным қалыптастырып, жастардың бойында кездесіп жатқан жат ағымдардың белгілерін жоюға тырысуы тиіс. Бүгінгі таңда жастар ғана емес, барлық азаматтар үшін қай діннің немесе мәдениеттің идеологиясы көп насихатталса, соның жетегінде кететіні түсінікті. Сондықтан дәстүрлі діннің насихатталғаны да дұрыс деп санаймыз.

Қазіргі таңда көптеген демократиялық мемлекет құруға бағыт алған елдерге тән белгі олардың дін мәселесінде зайырлылық принципін ұстануы болып табылады. Зайырлылық – мемлекеттің дін істеріне араласпауын білдіреді. Елдің әр азаматының дін бостандығы, сенім еркіндігі бар. Сөзсіз бұл дұрыс принцип. Алайда осы зайырлылықты пайдаланып, бірқатар діни теріс ағымдар елде өздерінің насихат жұмыстарын еркін жүргізе алады. Әрине кез-келген зайырлы мемлекет өзінің территориялық тұтастығының бұзылуы мен ұлттық қауіпсіздігіне бағытталған әрекеттерге жол бермейді. Дегенмен түпкі мақсаттарын сәтті жасыра білген діни теріс ағымдар өз насихаттарын еркін жүргізу арқылы ұйым қатарына діннен хабары аз азаматтарды белсенді түрді кіргізе алады. Тек ұйым қабырғасында ғана, мемлекеттік заңнама мен идеологияны мойындамауға, рәміздерді құрметтемеуге үндейді. Медициналық рәсімдерден бас тартып, мектепте жекелеген пәндерді оқудан бас тартқызады. Заңда белгіленген әскери қызмет, міндетті білім сынды міндеттерді орындаудан бас тартуға шақырады.

Сонымен қатар деструктивті ағымдардың алдын алу мақсатында ең басты шешуші рөл осы мәселеге қатысты ғалым-зерттеушілердің тың тұжырымдары болып табылады. Осы бағыттағы белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуі және мамандардың жасаған тұжырымдарының барынша ескерілуі сөзсіз деструктивті ағым өкілдерінің жұмысын ауыздықтауға мүмкіндіктер береді деп санаймыз. Сол себепті аталмыш мәселе отандық дінтану ғылымының өзекті тақырыптарының бірі болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының II съезінде сөйлеген сөзі. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің «II съезі». – Алматы, 2006. – 147 б.
2. Абдулганеев Р.Р. Деструктив культы, тоталитарные секты – источник распространения религиозного экстремизма // Грамота. – Тамбов, 2012 – № 10(24).– 184 стр.
3. Базарбаева Г.А. Жат Жат діндер және жастар // Дін және қазіргі заман. – Екінші басылым. – Астана, 2015 – 147 б.
4. Омаров А. Теріс діни ағымдар мен олардың белгілері // Дін және қазіргі заман. – Екінші басылым. – Астана, 2014 – 140 б.
5. Шубаева У.К. Жастардың діни психологиялық белсенділігің негіздері // ҚазҰУ хабаршысы. - Философия, 2014. - 140 б. мәдениеттану сериясы. - №2(37). - Алматы, 2011
6. Бәйтенова Н.Ж. Дінтану негіздері. - Алматы, 2006. - 356 бет
7. Шаукенов Ж.А. Дінтану және діни қауіпсіздік негіздері. Оқу құралы. - Қостанай: А.Байтұрсынұлы атындағы ҚМУ, 2018. - 104 б.
8. Бочарников И. Ресейдің ішкі саяси қауіпсіздігі және оның аумағындағы қақтығыстардың ықтимал себептері // Аналитика хабаршысы. – 2002. – № 3 (9).

THE FORMATION OF A PERSONALITY AS A PERFECT PERSON IN ISLAMIC EDUCATION

8D02216 Contemporary Islamic Studies, 3 course, **Sarsengali B.**

Scientific supervisor: Shagyrbay A., PhD

Al-Farabi Kazakh National University

Abstract. In this article considered the role of the human concept of three Turkic thinkers and the concept of “perfect man” in philosophical discourse. The concept of a person plays an important role in the formation of personality. At various times, different ideas about human perfection were formed in philosophical thought and were born new concepts, theories, and ideas. It was given the definitions of the concept of the perfect man by Muslim thinkers, the peculiarities of a various aspects of this concept, the meaning in Sufism, the importance of revealing of the general axiological value. Due to its capabilities, we will try to understand the concept of the “perfect man” developed by thinkers.

Keywords: Sufism, Islamic philosophy, perfect man, concept, hikmet, morality, ethics.

In the medieval Islamic world, human perfection was measured by his justice and sincerity of intention. Therefore, the path of a perfect man is the path of a man with a merciful heart and an open soul to the truth. In this connection, in the medieval understanding, a perfect person is a spiritual person. In general, the meaning of a Muslim's life is viewed through the prism of Islamic education, submission to nafsa, and achieving moral perfection through the knowledge of Allah and oneself. One of the central problems in Islamic education is the problem of forming a perfect person – *Insan al-Kamil*, it was in her that the Islamic moral paradigm was realized – “*Makarim al-akhlaq*” – a noble disposition, which was formed in the texts of the Koran and the Sunnah. The very same Arabic word “*kamal*” or “*kamal (un)*” means “perfection”, “integrity”, “completeness”. Words formed from the root “*kamal*” acquire meanings such as “full-fledged”, “mature”, “luxury item”. The polysemantic meaning of the concept of “*kamal*” can be identified in Sufi, Kalamist and Adabic literature. In Sufism, the term “*insan al-Kamil*” appears – a perfect man, in *falsaf* – a virtuous man, and in the philosophical lyrics of the East – a stoic man, a skeptic, whose perfection consisted in tragic wisdom. Already the first Arab philosopher al-Kindi, in his essay “On the first Philosophy”, proclaimed the idea that the improvement of mental abilities leads to refinement of the soul [1, p. 64]. The term “perfect man” in Sufi and, in general, in Muslim philosophy was widely used by Ibn Arabi (1165-1240), although the very concept of a perfect man as a standard and role model was used much earlier. *Insan al-Kamil* – the perfect man is a famous concept in *Falsafa* and Sufism, projecting the idea of universal human development. The origins of this idea lie in the Islamic religion. The idea of universality in *Falsaf* is embedded in human creative activity, through which a person penetrates into the universal structures of the world and masters them, turning universal laws into the object of his consciousness and will [2, pp. 105-106]. In Sufism, the idea of universality or perfection is to achieve a state of enlightenment and fusion with God. In both *Falsafa* and Sufism, a perfect person is a spiritual and moral person who has achieved harmony with God, and therefore with himself. It is possible to become a perfect person only through the process of education and cognition. Hence, it becomes obvious that from an Islamic point of view, it is almost impossible to become a full-fledged Muslim without a deep awareness of Islamic doctrine, philosophy, Adab, religious beliefs, lifelong education, self-development, and achieving new scientific and moral heights. For example, Abu Hanifa divided people by degrees: a full-fledged person, an inferior person, “nobody”. A full-fledged person, according to Imam Azam, is the owner of a sound mind, who has his own correct understanding and consults with others. An inferior person is one who has his correct understanding, but does not consult, or, conversely, who does not understand correctly, but is

advised. "No one" is someone who does not have his own correct understanding and does not consult with anyone [3, p. 22]. In the works of Ibn Arabi, there are several dozen synonyms of the term perfection, revealing its content from various sides. And all of them testify that "perfection" in this context "has not a moral and ethical meaning, as it may seem at first glance, but an ontological and gnostic one. The doctrine of the "perfect man" is actually the concept of the Logos (Arabic. "Kalima"), in which three main aspects can be distinguished: 1) ontological (metaphysical), 2) cosmological, 3) revelatory (revealed)" [4, p. 98]. A follower of Ibn Arabi, who introduced something new to the concept of the perfect man, Abd al-Karim al-Jili identifies three successive levels of perfection of a Muslim – this is the concretization of divine attributes and names; knowledge of virtuous qualities, hidden secrets; knowledge of wisdom – followed by the fourth – the final, final, unattainable stage of al-kibriya, i.e. the majesty that is inherent only to the Creator [5, p. 85]. In addition to Ibn Arabi, the creativity of Muslim scientists who created and created concepts bearing a personal philosophical meaning is of great importance in understanding this Islamic concept. In particular, the Islamic concept of "Insan al-Kamil" – the perfect man – was filled with its own personal, authorial meaning in al-Farabi, Ibn Sina, Ibn Rushd, Ibn Bajji, Yassawi, al-Ghazali. A person has the right to choose between good and evil. Through this choice, he is given the opportunity to improve himself. According to al-Ghazali, the concept of perfection is used to denote the full extent of any quality or ability, as opposed to inferiority or incompleteness. So, only God has complete, perfect beauty, everything else next to him is flawed [6, p. 307]. Al-Ghazali combines knowledge, piety and prophecy into a single whole and says: "A perfect person is one whose light of knowledge does not extinguish the light of his piety, but the basis of piety is prophecy" [7, p. 309]. Moving away from bad deeds and striving for virtue depends on a person's knowledge, that is, knowledge about the positive and negative qualities of character. Knowledge that points the right way. And if so, then it is appropriate for a Muslim to make all his efforts and efforts to achieve the pearl and an inexhaustible source of knowledge [8, p. 101]. The thinker argued that the best thing a Muslim does is to gain knowledge through dialogue with highly moral scientists and understanding the meaning of teachings that explain the essence of worldly and afterlife. True knowledge points to a path that will help get rid of rudeness, arrogance, filth, lies, bragging and other negative qualities. Therefore, a person must understand the primary essence, the importance of knowledge and get rid of ignorance. The philosopher al-Ghazali considered the concept of kasbah (appropriation) and the instructions of the "Science of Behavior" to be the basis for solving the problem of human perfection. The perfection of a person is determined by his moral worldview paradigm, therefore, "a perfect person according to al-Ghazali is a person who relies on God in everything. He is devoid of earthly desires, all his thoughts are directed towards spiritual perfection. Preaching the laws of moral purity, al-Ghazali believes that it is impossible for a person to do evil, because evil does not contribute to perfection, evil destroys the soul and heart. Overcoming one's pride is also one of the principles of the ethical concept of a scientist. A perfect person must find peace of mind, he must destroy negative feelings in himself and direct his heart to Allah" [9, pp. 14-15].

A perfect person, who has made moral laws the main ones in his life, takes the path of the law of holiness. Holiness – vilaya – is closely related to the law of purity. A perfect person, as al-Ghazali believed, is a sage who follows the path of moral purity, who strives for perfection by his own efforts of the spirit. In this regard, researcher N. Seitakhmetova writes: "The path of the perfect man al-Ghazali includes the fulfillment of the following necessary norms and rules: purification - spiritual and physical; the destruction of one's own selfishness; self-control; the fulfillment of religious laws; self-improvement of the spirit" [10, p.204]. The concept of the perfect man plays an important role in the formation of a religious worldview. To form a holistic and correct perception, knowledge and feelings are certainly required. According to Islamic thinkers, it is impossible to know the Creator through the five senses, therefore, a sixth sense is initially inherent in a person – intuition. Islamic philosophers explained its essence by calling it a "light" or "ray", appealing to the verse of the Holy Quran: "Did they not walk the

деген шумақ. Бұл өлеңдегі Майлықожа ақынның сөз қолданысы, тың теңеу табу ізденісі елі сүйген ел ағасының тұлғасын көкке көтере сомдап, әр оқырман жүрегіне ұмытылмастай ұялата білген. «Бақ қонған будақ-будақ, немесе таралғы тарту келген қойдай шулап» деген теңеулер бұрын сонды біз естімеген тың теңеулер. Мұндай теңеулерді іздеп табу кім кімге де оңай емес. Ол үшін әркімнің көрген-білгені, сезгені көп, ойы терең , қиялы бай болуы керек.

Ақынның «Сейітжаппар төреге» деген өлеңінің:

Бұрқырап тұрған мас бура,
Бұрғанмен жүрмес жетекке.
Биікке шықпас ерен күш
Бір қалған соң етекте.
Дұшпан халқы дос болар.

Қамшы, таяқ, келтекке, - деп басталуында, ұға білсек, қойнау-қойнау сыр жатыр. Ақын Сейітжаппар төренің «бұрғанмен жетекке жүрмейтін» табиғатын түсініп, «мас бураға» теңеуі, оны ойлантып, алда араңдап қалмауы үшін күтіп тұрған қауіп қатерден сақтандыруы нағыз қамқор ұстазды көз алдымызға әкеледі. [1 , б. 17].

Кек пен намыс екеуі екі басқа. Кектің түбі қан төгіспен аяқталады. Ол жеке адамды да, халықты да орны толмас қырғынға ұшыратады. Ұлттық намыс деген бар. Ол жақсылықты қорғаушы, қазіргі заманымыздағы өзекті мәселе десекте болады, оған мысал мына бір оқиға.

Майлықенттегі ағалы-інілі Тәйтелі, Сарыпбек екеуі болыстыққа таласып, бір бірімен араздасып, елді екіге бөліп, бір бірімен қырылыса жаздағаны ел есінде. Дулаттың төрт атасының игі жақсылары бірнеше рет жиналып, екеуін татуластыра алмайды. Мұны естіген Майлықожа ақын «мен барып татуластырып көрейінші» деп алыстан ат шалдырып келеді.

Тәйтелі ағасы, Сарыпбек інісі екен. Алдымен Майлықожа ақын Тәйтелі ағасының үйіне түседі. Төңірегіндегі жақсылар жиналып, Майлықожаның жырларын тындайды. Ең соңында ақын «татуласындар» дейді. Тәйтелі көнбейді.

Ертеңіне Сарыпбектің үйіне барады. Ол да мал сойып күтеді. Майлықожа жыр айтып, қорытынды сөзінде «татулас» дейді. Сарыпбек те көнбейді. Қайтатын күні Майлықожа атына мініп, есік алдында тұрған Тәйтеліге:

- Ілім оқып, білім алдым жазған хат таң,

Дулаттың баласы едің қырда жатқан.

Өлсе өлер Дулаттың бір баласы,

Қонырат өлер деймісің Сырда жатқан,

- деп атын камшылап, жүріп кетеді. Сонда Тәйтелі: Апыр-ай, ұстаса берсек, екеуіміздің біреуіміз өледі екенбіз. Майлықожаны шақырындар. Мен Сарыпбекті шақырайын, - деп ағалы-інілі екеуі татуласқан екен. [2, б. 20].

Майлықожа поэзиясы кекшілдікке, ашу-араздыққа қарсы. Бұл оның суреткерлік шеберлігінің ерекше қыры. Аз сөзбен, ұтымды теңеумен көп ой айта біледі. Мәселен, «Сарыатанды жұлдызды, салтанатты іреңін» деп суреттей келіп: «Жайлы тұлпар боп туған, Жиреншедей тіл еді», - деп Мәделіқожа бейнесін сомдауын шын тапқырлық деп білеміз. [5, б. 20].

Сикым елінен шыққан қос болыс Қасымбек пен Ыса екеуі заманын да бәсекелес болып, дауласып жүріпті. Ақырында Қасымбек басымдық етіп Ысаны жер аудартыпты. Мылтықты екі айдауыл айдап бара жатса, Ысаға Шақпақ деген жерде қырғыз Шабдан болыс кездеседі. Ол айдауылдарға: «Сендер маған үш күн мәулет беріндер, мен Ысаны босатқызып алайын», депті. Бұларды ауылына апарып, бір отау тіккізіп, мал сойып, думандатып жата береді. Шабдан Ташкендегі жандаралға, губернаторға адам шаптырып, кісі жіберіп, Ысаны босатуды өтінеді. Ұлықтар Шабданның тілегін беріп, Ысаны айдаудан босатады.

Ыса қырғыз елінде алты ай тұрып, еліне қайтыпты. Сонда қырғыздар оны ұнатқан қызына үйлендіріп, отау тігіп, ішіндегі канша таза мүлкімен алдына екі жүз жылқы салып, Ысаны өз еліне көшіріп салған екен. Ол еліне жетсе, осы дан үш айдай бұрын Қасымбек қайтыс боп кетіпті. Ысаның алдынан бір жандайшап шығып «Сүйінші беріңіз, Қасымбек қаза болды» депті. Сонда Ыса сүйінші сұраған адамның маңдайынан камшымен тартып жіберіп, «Еріксем ермегім еді, еркелік етсем бауырым еді, басыма ауыр күн түсіп, қиналсам сүйенішім еді. Енді Қасымбектей болып маған кім пар келер, ондай бауыр маған енді қайдан табылар?» деп жылап жіберген екен. Сөйтіп, Қасымбектің үйіне қырық жігітімен ат қойып, бауырымдап келіпті. Ыса Қасымбектің жыртысын қолынан таратып, келер жылы асын да өз қолынан өткізген екен. Осындай ел ағасы Ысаның бейнесін:

Қиырдағы қырғыздар,

Кадірінді біледі.

Елінен тандап қыз беріп,

Жантайұлы Шабдан да,

Айтып келді даңқынды,

Алматыға барғандар.

Әбуірін, Ыса, басқа екен,

Енді мына жалғанда,

Кім саған тең боп жарбандар, - деген жолдармен-ақ елге өнеге болар ел ағасының бейнесін тамаша жасаған.

Ел ағасы екеудің арасында кикілжің орын алғанын, қарсыласы Қасымбек қайтыс болғаннан кейін Ысанын өкінген адамгершілігін ақын білді. Білсе де оған көңіл бөлмеді. Туыс қырғыз елі даналарынын тандап қыз берген құрметін бәрінен манызды санап, Ысанын қандай тұлға екенін қырғыз ағайындар құрметі арқылы барынша даралап, барынша тұлғаландыра суреттеуін шыны дей аламыз.

Ысанын ақталып келген уағында Қазығұрт тауының бауырында Қалшора байдын асында жолығып, Майлықожа ақынның Ысаға айтқаны:

Барса келмес қатерден
Ысаның аман келгені
Қазасы жетіп дүниеден
Қасымбектің өлгені
Көреді екен дүниеде
Тірі кеткен пендені.
Лашын сыпат Ысаны,
Сағынып көрді көзіміз.
Баста сәлде бөзіміз.
Қасымбектен айрылып,
Қапалы биыл кезіміз.
Кетті сұлтан Ахмет те,
Бәрі барар ақыретке,
Дүниеде түгел сеніңіз,
Амандық жер бар ма екен.
Жаһанның жүзін кезіңіз.
Жұрт үшін басы шатылған,
Биік таудан атылған,
Ысаны көрді көзіміз.
Ғаныбет жақсы заманда,
Амандасқан сөзіміз.
Түркістан елін билеген,
Ілгексіз киім кимеген,
Жорғадан басқа мінбеген.
Ғайыры дін жұрты болмаса,
Казактан таяқ жемеген.
Ысаға аман жолықтық.
Бұ дағы дәурен бір келген.
Опасыз жалған дүниеден
Атганып кетті Қасымбек
Асқар тау басы қармысың,
Ауыр жүк артқан нармысың?
Жалқыдан озған бір кісім,
Талайдың алдын алғысын,
Талайдың алдың қарғысын,
Рүстемдей данлысың,
Жүйрік аттай шаңлысын!
Сағымнан біткен жанбысың?
Таласар адам таусылды,
Қазақтың озған алдысың.
Қасымбекті капияда
Ажалдың қарашы, андысын.
Енді іздесең таптырмас,
Қиямет күнге қалды ісің.
Ежелгі ескі жолдасым,

Сырттан туған жолбарысым,

Арыстан туған - ер Ыса, деген жолдар дан Майлықожа акынның Ысадай ел ағасы бейнесін даралай сомдаудағы шеберлігі еріксіз тамсанып, «ақын болсан, осындай бол» дегізеді. [5, б. 87].

Сопылар

Дүниеден аңқау да өтті, пасық та өтті,

Аңдасып тышқан менен мысықта өтті,

Мал дегенде жүгірді не сопылар,

Басынан сәлделері ұшып кетті.

Акын жас кезінде Бұхараға өтіп, аз уақыттай ислам қағидаларынан білім алған, жалпы, едәуір дәрежеде сауаты болған. Олай дейтініміз, «Әбділлә бала», «Зарқұм» секілді дастандарды кітаптан алып жазғандықтан, кейбір тұстарда шалқып кеткені болмаса, кітаптан мазмұны алыс кетпейді. [2, б. 28].

Акынның атын шығарған, халыққа калаулы еткен жанр бұл терме. Назиралық турде айтылатын терме жүйесі Сыр бойында қатты дамыған деп айтатын болсақ, сол дамытушының бірі де, бірегейі де Майлықожа акын. Терме қасиетінің өзі бір айтылған жүйеде бір адамның басынан өтетін жақсы-жаман, ащы тұщы, ақты-қаралы жайлардың бәрінің басын қосып келіп, әлеуметтік, қауым қарындас, тіпті ұлтық санатқа дейін көтере алады. Бұл жүйеде Майлықожадан өтетін санлақ кемде-кем.

Акын барлық өмірлік іс-әрекетінің түпкі қазығын исламнан, исламдық дүние танымнан алады. Алланы аузына алмай сөз айтпағы былай тұрсын, әрбір дүниелік әрекеттің соңғы нүктесі Алланың разылығы үшін, пенделік міндетті өтеу үшін істелуі керек деген тұжырымға алып келеді.

Әрбір жақсы амалыңа Алладан рахмет аласың, әрбір қауым-халыққа істеген жаман әрекетіңнен нәлет аласың деп ашып айту арқылы халықты ізгілікке үндейді.

Қыл көпірден өткенше,

Уақытыңды күліп қош қылма, - деген бір ауыз сөздің өзінде дүниелік ұстаным жатыр. Яғни, сенің алдында «қыл көпір» сұрақ беретін уақыт, сураққа алатын бекет бар. Сол бекеттен өтпей, босқа дарақыланба, әлі күліп қош болатын уақыт болған жоқ. Уақыт ғанибет - әрбір сәтті жақсылық, ізгілік, игілік етуге жұмса.

Қайырлы бол көршіне,

Жыландай шағып ысқырма.

Яғни, сен көршіңе қайырымды болсаң, ол арғы көршісіне қайырымды болса, оңы мен солың ізгі-қасиетті адамдармен қоршалған болса, түпкі ізгілік осы смес пе? Көршімен көрші тату турса, көрші мемлекет, ұлттар-ұлыстардың татулығына жетуге апаратын жол, бейбітшіліктің бастауы осы татулықтан басталатынын меңзеген акын өмірлік ұстаным, қағидалардың жолын көрсетеді.

Байқап басқын ізінді

Жамандармен іс қылма,

Құрбы-құрдас досыңды

Бәлеге басын дұш қылма.

Яғни, мен ақылды екенмін деп, аяқты алшақ басып, соңыңнан ерген, қасыңда жүрген дос-құрбыларыңды бәлеге ұшыратып қойма. Әрбір басқан қадам өлшеулі, андулы болсын. Өзінді қатты қадағалай алсаң ғана басқаға ақылшы бола аласың. Яғни, ақылдың әрекеті иманға байланған болсын дейді. Ал, иманның берік тұтас, толық болғанын шариғат жолдарын берік тугу деп білетін акын:

Шариғат жолын берік тұтсаң

Тайдырмас отқа табанды.

Алла тағала дос тұтар

Аллалы, момын адамды.

Әрбір ізгі амалдың өтеуі - рахмет, қара ниеттің өтеуі - нәлет, яғни жаза. Жазаның ауыры соңғы сәттегі жаза, яғни енді қайтіп амал етуге, қатені жуып, күнәні азайтуға

уақыт қалған жоқ, енді өзінді -өзің саналы түрде отқа салып тұрсың. Бұл қасірет шарифат жолын берік, бекем тұтынбағаннан болып тұр. Саған жол көрсетілген, білмедім деп жалтара алмайсың, не істесең, өзіннің нәкастігіңнен істедің. Алла тағала тек адал, момын пендесін ғана сүйеді. Арғы жаққа тек ізгі ниет, ізгі амалмен барып қана бенделік кемелді табасың дейді ұлы шайыр

Ауам болып мән айтсаң,
Ашылып калар жыртығын.
Алымға көңіл имесен

Мусылман емес бір түгің, - деп, акын ислам, иман жолын тек алым-галымвалий оқымысты кісілерден үйренуге шақыра отырып, әрбір пендеге оз болмысын, өз қадір-қасиетін, өз пенделік мәртебелік иеленер жолды көрсетеді.

Тәуба кылсан саф болар
Таудай күнәң мүшкілда.
Жаз кетпестен жалқау боп,
Кыс калтырап кысылма.
Бул дуние бей опа,
Алданба дүние уш пулга.
Алды, артынды ойламай
Көңілінді боска кош кылма.

Кайсы бір күнә болса да, тек күнәһардың өзі айыбын толық мойындаған сәтінен бастап кешіріле ме, жоқпа деп карала бастайды. Күнәсін мойнына алмаған жан канша жерден ағайын, қарындас ара тускенімен кешірілмеуі керек. Айыбын мойнына алмаған адам ертесіне кешегіден де жаман күнә істеуге дайын адам. Жас кезінен тәубе калимасынын сырын білмеген жандар тайған кезінде нені жарытсын. Жаз өтіп кетті, енді кыс келе жатыр. Міне, калтырайтын кез енді келеді. [4, б. 177].

Сонымен қатар, Майлықожа ел жүгін көтерген, азаматтық міндетті, ұлттық қандылықты терең түсінген акын. Майлықожанын жаны күйініп жырлаған бір жүйесі - Қазақ халқынын егемендігінен айрылған сәтіндегі ұлттық қасырет. Қазақ хандығы тарап, шеттен келген ағайыннын куйт-күйтіне сенген ру басылары оз алдына бір руға бас болуды кездесе, хан тұқымы әрқайсысы бір-бір дуанға жеке хан болуды максат тұтып, бет-бетімен кеткен заман да болды. Алауыздықтың аркасында небары 2,5-3 мың адамдық әскерге қарсы келе алмаған қазақ қолы, сырғи-сырғи Кыргыздын шекарасына жетіп, қолбасы Кенеханнан айрылып тынды. Кокан да, Кыргыз да Кенесарыға бағынғысы, онымен біріккісі келмеді. Неге десен, артында Кенесарынын көзін жойсак болды, әрқайсынды өз елдеріне патша етіп қоямыз деген аярлық турды. [6, б. 387].

Әдебиеттер тізімі:

1. Оспанұлы Ә. Майлықожа шығармалар жинап, зерттеп, жариялай жүріп құрастырған. – Алматы, 2005. – 222 б.
2. Берда Р. Терме ғибраты, Қазақстан өнер, Жылнама. – Ақтөбе, 2004. – 129 б.
3. Қазыбайұлы С. XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті («Жыраулар поэзиясы»). – Ақтөбе: А Полграфия ЖШС, 2004. – 296 б. Мырзахмет М. Або же шығыс – Алматы: «Қазақстан», 2014. – 214 б.
4. Нукасов Е.С Мухитдинов Р.С. Майлықожа шығармаларындағы нәпсі тәрбиесі. – Алматы, 2018. – 399 б.
5. Оспанұлы Ә. Майлықожа. – Алматы, 2005. – 100 б.
6. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы: Санат, 2006. – 904 б.

«БАЙБАРЫС СҰЛТАННЫҢ ИСЛАМ ҒАЛЫМДАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ МЕН МӘДЕНИ ПАРАДИГМАЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕРІН ТАЛДАУ»

Магистрант исламтану 2-курс **Қабиденов Ж.**
Ғылыми жетекші: доцент, PhD Жамашев А.
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Аңдатпа: «Байбарыс сұлтанның ислам ғалымдарымен қарым-қатынасы: мәдени парадигмалардың қалыптасуына әсерін талдау» мақаласында Мысыр елінің көрнекті билеушісі Байбарыс сұлтанның ғалымдармен және діни ойлар саласында зерттеулермен айналысқан философтармен қарым-қатынасы терең талданады. Мақалада ортағасырлық ислам өркениетіндегі мәдени және интеллектуалдық парадигмалардың қалыптасуы үшін өзара әрекеттестіктің маңыздылығына назар аударылады. Байбарыс сұлтанның дінтану саласындағы ғалымдардың қамқоршысы, дем берушісі ретіндегі рөлін анықтау үшін жинақталған тарихи деректер, мәтіндер және әдеби дереккөздер мұқият сарапталады. Олардың сол кездегі ойлау мен мәдени нормалардың дамуына ықпалына ерекше назар аударылады. Зерттеу нәтижелері Байбарыс сұлтанның өз дәуіріндегі интеллектуалдық және діни салаға қосқан елеулі үлесін, сондай-ақ оның қызметінің мұсылман әлеміндегі кейінгі мәдени парадигмалардың қалыптасуына ықпалын көрсетеді. Мақалада патша мен ғалымдар арасындағы диалогтің білім мен мәдени өркендеудің жолы ретіндегі маңыздылығы да айтылады. Зерттеу ортағасырлық қоғамдардағы билеушілердің рөлін және олардың интеллектуалдық үрдістерге әсерін түсінуге маңызды үлес болып табылады. Бұл талдау ортағасырлық ислам тарихын зерттеуге жаңа перспективалар ашады. Мақала Байбарыс сұлтанның дін ғұламаларымен қарым-қатынасын талдай отырып, 13 ғасырдағы ислам әлеміндегі билік пен интеллектуалдық құрылымдардың динамикасын жақсырақ түсінуге көмектеседі. Ол бұл қарым-қатынастың білімнің таралуына ғана емес, сонымен бірге мәдени құндылықтардың нығаюына қалай ықпал еткенін ашып, ортағасырлық ислам өркениетіндегі діни зияткерлік пікірталастардың мәнін ашады.

Кілт сөздер: сұлтан, Байбарыс, дін, ислам, ғылым, шейх

13 ғасырдағы Ислам әлемі тарихында Байбарыс сұлтан батылдық мен хикметтің символына айналған билеушісі ретінде көрнекті орын алады. Оның билігі тек әскери жеңістермен ғана емес, сонымен қатар діни ғылымдарға деген терең қызығушылықпен сипатталды. Бұл мақалада Байбарыс сұлтан мен сол кездегі дін ғұламалары арасындағы қарым-қатынасқа назар аударамыз.

Әскери қолбасшы, дана стратег ретінде танылған Байбарыс сұлтан ислам дінінің рухани аспектілеріне де үлкен қызығушылық танытқан. Оның дін ғұламаларымен қарым-қатынасы оның билігінің негізгі элементі болды, онда мәдени байланыс маңызды рөл атқарды. Оның дәуіріндегі исламның саяси және әлеуметтік институттарға әсері діни мәселелерді талқылауды қоғамдық өмірдің ажырамас бөлігіне айналдырды.

Сол кездегі дін ғұламалары әділет, имандылық, рухани турашылдық сияқты көптеген мәселелерде кеңесші қызметін атқарды. Олардың Байбарыс сұлтанмен қарым-қатынасы білім мен ой алмасуды жүзеге асырды, осылайша мәдени және интеллектуалдық парадигмаларды қалыптастырды.

Мәмлүктер дәуірінде ілім беру алқалары көбейді. Атап айтқанда, Ибн Тулун және әл-Әзһар, әл-Хәким би-Әмриллә жамиғтары, Каирдағы Әйюбилер салған әс-Салахия мен ән-Нәсирия медресесінің оқу істері жанданды. Бұлардың барлығында әртүрлі сала ілімдері оқытылды.

Мәмлүк сұлтандары мен әмірлері Мысыр, Каир, Шам өлкелеріндегі ғылым мәселесіне тиянақты қараған. Тіпті, олардың билік еткен тұсында бір ғана Каир

қаласының 40 медресесі болған. Сұлтандар оларды уақф етіп, ондағы өмір сүру жағдайын жақсартып берген.

Осы медреселердің бірі – аз-Заһирия – сұлтан Бейбарыстың бастауымен 662 жылы Каир қаласында бой көтерген. Одан бөлек «әл-Мансурия» медресесі әл-Мансұр Қалауынның бұйрығымен салынған. Сол секілді «ән-Насирия» медресесін әл-Адил Кетбұға негізін салып, ән-Насир Мұхаммад ибн Қалауын аяқтаған.

Негізінен, ғалымдар әрдайым патшалардың құзырында ерекше құрметке ие болған. Мысалы, Иззуддин ибн Абдуссәләм мен Салих патшаның, Суфиян әс-Сәури мен әл-Мәһдидің, Мысыр қазысы – Бәккәр ибн Қутайба мен Ибн Тулунның арақатынасына зер салсақ, ұлы патшалардың ғалымдар алдында кішірейіп, ізеттілік көрсеткенін байқаймыз. Байбарыс сұлтан мен Имам ән-Нәуәуидің де арақатынасы солай болған.

Имам ән-Науауи – Шараф ад-Дин ән-Науауи деген атпен белгілі, ислам тарихындағы ең көрнекті тұлғалардың бірі. Оның ислам ойы мен мәдениетінің дамуына қосқан үлесі ортағасырлық және қазіргі ислам әлеміне терең әсер еткен өшпес із қалдырды.

Біріншіден, имам ән-Нәуәуи фикһ (құқықтық заңдар) және хадис (пайғамбарлық дәстүрлер) саласындағы көрнекті ғалым болды. Оның ислам құқығын жүйелеу және түсіндіру жөніндегі еңбектері мұсылман әлемінде ең беделді және кеңінен қолданылатын еңбектердің бірі болып қала береді. Оның «Әл-Минһаж фи Шарх әл-Жамиғ ас-Сағир» атты еңбегі қырық хадис жинағы «Арбағин ән-Науауи» классикалық түсініктемесі болды.

Екіншіден, имам ән-Нәуәуидің де білім саласы мен рухани дамуға ықпалы зор болды. Оның еңбектері көптеген исламдық оқу орындарына негіз болды, ал хадистерді зерттеу әдістемесі көптеген ғалымдарға үлгі болды. Оның рухани өсу және моральдық жетілдіру туралы ілімдері бүгінгі күні де көптеген мұсылмандарды шабыттандырады.

Соңында, имам ән-Нәуәуи мұрасының ислам әлемінен тысқары жерлерге тарағанын атап өткен жөн. Оның шығармалары көптеген тілдерге аударылған және оны бүкіл әлем ғалымдары зерттейді. Оның исламдық бірегейлік пен мәдени мұраны нығайтуға қосқан үлесі баға жетпес.

Осылайша, имам ән-Нәуәуидің ислам әлеміндегі маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. Оның ілімі мен нұсқауы мұсылмандардың көптеген ұрпақтары үшін даналық пен нұсқау көзі ретінде қызмет етуде және оның мұрасы ислам ойлары мен мәдениеті тарихында өшпестей болып қалады.

Алауддин ибн әл-Ғаттар айтады: Имам ән-Нәуәуи аз-Заһир Бейбарысқа хат жазып, халыққа әділ болуын әрі салықты жоюын сұрады. Оны қаржы мәселелеріне жауап беретін әл-Әмир Бәдруддин Білік әл-Хазандар арқылы жіберді. Шейх хатын бисмилләмен бастап, Бәдруддинге ізгі лебіздерін білдірді. Сосын Шам халқына бұл жыл ауыр болғанын айтты. Өйткені, құрғақшылық орын алып, бағалар тым өсіп кеткен еді. Осындай қиын жағдайда халыққа мейірімділік таныту керек екенін ескертті. Кейін Сұлтанды тілге тиек етіп, оған да жылы тілектерін білдірді. Осы хатты кешіктірмей сұлтанға жеткізу міндет екенін айтып әрі аманатты орындау ләзім екенін «Шуғара» сүресінің 88-аятымен дәлел қылды. Аталмыш хат жеткенде, сұлтанның намысына тиіп, қаһарлы жауап жазды. О баста хат жазған ғалымдар бұл жолы жабырқап қалды. Соған қарамастан Имам ән-Нәуәуи сұлтанның хатына кері жауап беруді жөн көрді. «Үнсіздік қылу – бізге харам» деп, Тәубе сүресінің 90-аятын келтірді. Кейін жиһадқа арнайы қатысатын әскери адамдарға арнап халықтан ақша сұраудың орнына, ел капиталындағы қаржыны жұмсау керектігін айтты. Дегенмен, сөздерін дөрекі жазбады. Керісінше, әдеп сақтай отырып, сұлтанға ізгіліктер тілей отыра жеткізді. Соңында сұлтаннан еш қауіп көрмейтінін айтып, Ғафир сүресінің 39-аятын келтірді.

Байбарыс сұлтанның дін ғұламаларымен қарым-қатынасы ортағасырлық ислам әлеміндегі мәдени және интеллектуалдық ағымдарға әсер еткен оның билігінің маңызды аспектісі болды. Олардың диалогтары мен білім алмасулары тек діни-философиялық

ойлардың кеңеюіне ғана емес, сонымен бірге қоғамның нормалары мен құндылықтарының қалыптасуына да ықпал етті. Осы өзара әрекеттестіктің арқасында дін ғұламалары тек діни ғана емес, саяси салада да негізгі тұлғаларға айналды. Байбарыс сұлтанның дін ғұламаларымен қарым-қатынасы билеуші мен зиялы элита арасындағы тығыз қарым-қатынастың үлгісі болып табылады, ол өз дәуірінің мәдени және интеллектуалдық ландшафтының қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Мұндай қарым-қатынастар тек тарихшыларды ғана емес, сонымен бірге қазіргі заманғы көшбасшыларды да қызықтырады, қоғамның үйлесімді дамуы үшін диалог пен ғалымдардың пікірлерін құрметтеудің маңыздылығын атап көрсетеді.

Татар-моңғол әскерін талқандаған Мысыр мен Сирия билеушісі Захир Байбарыс Дамаскіге келгенде, қазынашы Дамаск бақтарының көп бөлігі мемлекетке тиесілі екенін айтты. Байбарыс сұлтан бұл жерлерді пайдаланғандардың барлығынан меншік құқығын растауды талап ету туралы жарлық шығарады. Адамдар имам ән-Нәуәуиге жүгініп, көмек сұрады. Имам әміршіге хат жазып, сұлтанның бұл шешімімен келіспейтінін білдіріп, әрекетінің шарифатқа қайшы екенін көрсетеді. Бұл хатты оқыған сұлтан ашуланып, имамды жалақысы мен қызметтерінен айыруды бұйырады, бірақ оған имамның лауазымдары жоқ және ақы алмайды деп жауап береді. Имам хатының дұрыс әсер етпейтініне көз жеткізген соң, өз наразылығын сұлтанға жеке барып көрсетті. Оның әрекетінің шарифат бойынша харам екенін білдірді. Шейхтің сөзін естіген сұлтан ашуланып, имамды жазалағысы келеді, бірақ Алла Тағала оның жалындылығын суытып, ұлы имамды патша қаһарынан қорғайды. Сұлтан өз бұйрығын жойды, халық езгіден құтылды. Жеңілмейтін жауынгер, талай шайқастардың батыры Байбарыс сұлтан ол туралы: «Бұл кісі менің бойыма қорқыныш ұялатады» деген екен. Күш-қуаты зор батырдың қарапайым ғалымнан қорқуы кәпірге түсініксіз болуы мүмкін, бірақ мұсылман үшін бұл таңғаларлық емес, өйткені Алла Тағала Өзінен қорқатын адамдарға қарсы кісілердің жүрегіне қорқыныш ұялатады.

Тарих беттерінде мынадай да деректер кездеседі: «Сұлтан Байбарыс татарларға (моңғолдарға) қарсы жорықта жергілікті ғалымдар тарапынан «Егіндіктен жауға қарсы соғыста көмек беру мақсатында мал алуға болады» деген пәтуаға ие болды. Дегенмен, бұл пәтуаға тек Имам ән-Нәуәуи қол қоймай, өзінің бас тарту әрекетін былай түсіндірді: Сенің әмір Бундуқтардың құлы болғыныңды білемін. Ешқандай қаражатың болмап еді, Алла сенің жағдайыңды көтеріп, патша қылды. Одан бөлек сенің 1000 мәмлүк адамдарың бар екенін, әрі олардың әрқайсысында тартпа/айласы бар екенін естідім. 2000 күнің барын да, олардың әрқайсысында әшекей барын да білем. Егер осылардың барлығын жұмсасаң, егіндіктен мал жинауға мұқтаж болмайтын едің. Сұлтан аз-Заһир шейхтің бұл сөзіне ашуланып кетті. Сөйтіп, «Қаламнан шық!» деп бұйырды. Шейх патшаның бұйрығын орындап, Дамаск қаласынан шығып, Науа елді-мекеніне көшті. Жергілікті ғалымдар патшаға «Бұл арамыздағы ең ұлы ғалымдардың бірі еді» деп қорғаштады. Патшаның қайта оралу ұсынысын Имам Науауи қабыл етпей, «Сұлтан бар жерге кірмеймін» деп жауап берді. Осыдан 1 ай өткен соң, шейх қайтыс болды.

Бір қызығы, Байбарыс пен Имам Науауи бір уақытта – 676 жылы (1277) қайтыс болды.

Байбарыс сұлтанның дін ғұламаларымен қарым-қатынасының негізгі түйіні диалог пен сыйластық болды. Сұлтан олардың діни дәстүр мәселесіндегі беделін мойындап қана қоймай, саяси-әлеуметтік істерде де олардың пікірін жоғары бағалады. Бұл диалог екі жақты біліммен байытып қана қоймай, қоғамдық өмірдің үйлесімділігіне де ықпал етті.

Байбарыс сұлтанның дін ғұламаларымен қарым-қатынасының тарихы ұлы билеушілердің өз заманының зияткерлік капиталын өздерінің билігін нығайтуға және қоғамның мәдени дамуына қалай пайдалана алатынының маңызды үлгісі болып табылады. Олардың билігінің бұл аспектісі олардың жеке наным-сенімдерін көрсетіп

кана қоймайды, сонымен қатар олардың мемлекеттерінің жан-жақты дамуына ұмтылысын көрсетеді.

Осылайша, Байбарыс сұлтанның дін ғұламаларымен қарым-қатынасы оның жеке тарихының бір бөлігі болып қана қоймай, ислам әлемінің мәдени және интеллектуалдық тарихында терең із қалдырды. Олардың өзара әрекеттесуі қоғамдағы келісім мен тұрақтылыққа жету үшін билікті даналық пен руханиятпен ұштастырудың қаншалықты маңызды екенін көрсетті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Махмуд Ризқ Сәлим. Әл-Әдәб әл-Араби уа тәрихуһу фи аср әл-Мәмәлик уа әл-Усманиин уа әл-аср әл-хадис. Мысыр: Дәр әл-кутуб әл-араби, 1957. – 225 б. 12-б.
2. Али ибн Мустафа әт-Тантауи. Әз-Зикрият. Жидда: Дәрул-Мәнәра, 2006. – 3-т. 416 б. 258-б.
3. Жәләлуддин әс-Суюти. Хуснул-мухадара фи тарихи Миср уа әл-Қаһира. Тхқ.: Мухаммад Әбу әл-Фадл Ибраһим. Мысыр: Дәру Ихья әл-Кутуб әл-Арабия, 1967. – 2-т. 448 б. 97-101 бб.
4. Ибн Кәсир. Әбул Фидә Исмағил ибн Омар. әл-Бидәя уа ән-Нихәя. Тхқ.: Абдулла ибн Абдулмухсин әт-Турки. Әр-Рияд: Дәру Алам әл-Кутуб, 2003. – 17-т. 754 б. 530-б.

ХАНАФИ МӘЗҒАБЫ ҒҰЛАМАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ КОНТЕКСИНДЕГІ БИОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗДЕР

Магистрант исламтану 2-курс **Мәметбай Н.**

Ғылыми жетекші: PhD Аманқұл Т.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Аңдатпа: «Ханафи мәзһабы ғалымдарын зерттеу контексіндегі өмірбаяндық дереккөздер» атты мақалада Ханафи мәзһабындағы ғұламаларды зерттеудегі өмірбаяндық дереккөздердің маңызы мен рөлі және олардың ислам іліміне қосқан үлестері қарастырылған. Мақалада осы ғалымдардың өмірін, еңбектерін және исламдық құқықтық ой мен мәдениетке ықпалын жаңғырту үшін өмірбаяндық деректерді пайдаланудың әдіс-тәсілдері талданады. «Табақат әл-Ханафия» және «Сияру Әғлам ан-Нубала» сияқты биографиялық еңбектердің маңыздылығына және олардың исламдық бірегейлікті қалыптастыруға қосқан үлесіне ерекше назар аударылады. Мақалада сонымен қатар ислам академиялық орталарында мәдениетаралық түсіністік пен диалогті ілгерілету үшін өмірбаяндық ресурстарды пайдалану қарастырылады. Бұл мақала исламтану әдіснамасын зерттеуге қосылған маңызды үлес болып табылады және ханафи мәзһабы ғұламаларының мұрасын тереңірек түсіну және бағалау үшін өмірбаяндық дереккөздердің маңыздылығына тоқталады. Мақалада биографиялық дереккөздердің ханафи мәзһабы ғұламаларын зерттеудегі негізгі аспект ретінде ислам ғұламалары туралы түсініктерді байыту және ислам ғалымдары мен зерттеушілер арасындағы диалогті ілгерілету маңыздылығы атап өтілген. Бұл тәсіл тек ғылыми мұраны байытып қана қоймай, исламдық болмысты терең түсінуге ықпал ететіні баяндалған. Мақалада қазақ және араб тіліндегі дереккөздер пайдаланылған.

Кілт сөздер: ханафи, табақат, биография, мәзһаб, ғұлама

Исламның төрт негізгі сунниттік құқықтық мектебінің бірі болып табылатын ханафи мәзһабы теологиялық трактаттар мен құқықтық пайымдауларға ғана емес, сонымен қатар ислам ілімі мен мәдениетіне елеулі үлес қосқан көрнекті ғалымдарға да бай. Бұл ғалымдардың өмірбаяндары исламның құқықтық ой-пікірлері мен мәдени болмысының қалыптасуына өмірі, еңбектері, ықпалы туралы негізгі ақпарат көздерін береді.

Ханафи мәзһабы ғұламаларының өмірбаяндарын зерттеудің маңызды аспектісі олардың исламдық құқықтық ойды дамытуға қосқан үлесі болып табылады. Имам Әбу Ханифа, Имам Әбу Юсуф және Имам Мұхаммед әш-Шайбани сынды ғұламалар ислам құқығының қалыптасуына және оның әртүрлі әлеуметтік жағдайларда қолданылуына айтарлықтай әсер еткен ханафи фикһының негізгі қағидаларын әзірледі. Олардың өмірбаяндары ханафи мәзһабының шығу тегі мен эволюциясын, оның ерекше белгілері мен қағидаларын түсінуге көмектеседі.

Сунниттік исламның негізгі құқықтық мектептерінің бірі Ханафи мәзһабы еңбектері ислам ғылымында өшпес із қалдырған көптеген көрнекті ғалымдарды тәрбиелеп шығарды. Олардың өмірбаяндары мен еңбектерін зерделеу олардың ислам ойы мен мәдениетінің дамуы үшін маңызын тереңірек түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді.

Имам Әбу Ханифа (699–767) – Ханафи мәзһабының негізін салушы және ислам әлемінің ең ірі ғұламаларының бірі. Оның еңбектері, соның ішінде «Әл-Уасыя» және «Әл-Фикһ» Ханафи мәзһабының классикалық мәтіндеріне айналды және бүгінгі таңда ғалымдар мен заңгерлер тарапынан қолданылуда.

Имам Әбу Юсуф (731–798) имам Әбу Ханифаның шәкірті және ізбасары, ханафилік құқықтық ойды дамытуда өз дәстүрін жалғастырды. Оның ең маңызды еңбектеріне Әл-Харадж және Әл-Ассас жатады.

Имам Мұхаммед әш-Шайбани (749–805) – Әбу Ханифаның тағы бір көрнекті ғалымы, шәкірті және ізбасары. Оның Ханафи заңдық дәстүрінің маңызды дереккөзіне айналған «Китаб ас-Сияр әл-Кабир» атты еңбегінде Ханафи мәзһабының дамуына қосқан үлесі жатыр.

Бұл ғұламалардың өмірбаяндары мен еңбектеріне арналған кітаптар мен беттер олардың ислам ғылымына қосқан үлестерін зерттеуде маңызды рөл атқарады. «Табақат әл-Ханафия» және «Сияру Ағлам ан-Нубала» - осы атақты ғалымдардың өмірі, ілімі және ықпалы туралы егжей-тегжейлі сипаттама беретін өмірбаяндық дереккөздердің бірнеше мысалы ғана.

Ханафи ғұламаларының өмірбаяндарын зерделеу олардың теориялық тұжырымдары мен сот шешімдерін түсінуге көмектесіп қана қоймай, олардың әрекет еткен мәдени және тарихи жағдайын түсінуге де ықпал етеді. Бұл заманауи ислам ғалымдары мен студенттеріне өз мұраларын терең зерттеп, бағалауға және ілімдерін заманауи контексте қолдануға мүмкіндік береді.

Ханафи мәзһабы ғұламаларының өмірбаяндары олардың рухани жетекші және қоғам қайраткері ретіндегі рөлін ашып көрсетеді. Олар көбінесе билеушілер мен құқық қорғаушылардың кеңесшісі қызметін атқарды және олардың даналығы мен беделі мұсылман және мұсылман емес қоғамдарда мойындалды. Бұл өмірбаяндар олардың ғылыми мұрасын ғана емес, сонымен бірге өз дәуіріндегі қоғамдық-саяси процестерге ықпалын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Ханафи мәзһабы ғұламаларының өмірбаяндарын зерделеу исламдық болмыс пен мәдени өзіндік сананың қалыптасуына ықпал етеді. Ханафи фикһының өкілдері ислам өркениетінің маңызды бөлігі болды және ислам дәстүрін сақтау мен жеткізуде шешуші рөл атқарды. Олардың өмірбаяндары өмірлерінде Исламды түсінуге және қабылдауға ұмтылатын көптеген мұсылмандар үшін шабыт көзі және үлгі болып табылады.

Ханафи ғұламаларының өмірбаяндары ислам ілімі мен мәдениетінің негізгі тұлғалары туралы мол мағлұмат береді. Оларды зерттеу ислам өркениетінің дамуына және исламдық бірегейлікті қалыптастыруға қосқан үлесін жақсырақ түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді.

Сунниттік исламдағы негізгі төрт құқықтық мәзһабтың бірі болып табылатын ханафи мәзһабының бай тарихы мен қайталанбас мұрасы бар екенін осы мәзһаб ғұламаларының өмірбаяндық кітаптары дәлелдейді. Бұл кітаптар исламдық құқықтық ойдың дамуына елеулі үлес қосқан ұлы ғұламалардың өмірі мен қызметі туралы маңызды ақпарат көзі болып табылады.

Ханафи мәзһабы ғұламаларына арналған ең танымал өмірбаяндық еңбектердің бірі – ислам тарихшысы және өмірбаяншысы Шихаб ад-Дин әл-Қади Ияд жазған «Табақат әл-Ханафия». Бұл кітапта ханафи мәзһабының негізін қалаушы Имам Әбу Ханифадан бастап, кейінгі ғалымдарға дейінгі жетекші өкілдерінің өмірі мен қызметі баяндалған.

«Табақат әл-Ханафияда» әр ғалымның өмірбаяндары мен ханафи фикһының дамуына қосқан үлесі, жалпы ислам іліміне ықпалы егжей-тегжейлі баяндалған. Сонымен қатар, бұл кітап ханафи мәзһабының қандай жағдайда дамығанын түсінуге көмектеседі және сол кездегі әлеуметтік және мәдени орта туралы құнды мәліметтер береді.

Ханафи мәзһабының ғұламаларына арналған тағы бір маңызды өмірбаяндық еңбек атақты ислам өмірбаяншысы және тарихшысы Әбу әл-Фараж әл-Рафидің жазған «Сияру Ағлам ан-Нубала» («Әйгілі ғұламалардың өмірі») болып табылады. Бұл кітапта көптеген ғұламалардың, соның ішінде ханафи фақиһтарының өмірбаяндары қамтылып, олардың шәкірттік кезеңдері, фикһ ғылымына қосқан үлесі және өз дәуірінің басқа ғұламаларымен қарым-қатынастары туралы толық ақпарат берілген.

Ханафи мәзһабы ғұламаларының өмірбаяндық кітаптары олардың мұрасын сақтап, келешек ұрпаққа жеткізуде басты рөл атқарады. Олар зерттеушілер мен ғалымдарға ұлы ғалымдардың өмірі мен шығармашылығын зерттеуге және олар өмір сүріп, қызмет еткен тарихи-мәдени жағдайды талдауға арналған құнды материалдармен қамтамасыз етеді. Мұндай кітаптар өткен туралы білімнің баға жетпес көзі және ислам өркениетінің мәдени мұрасын сақтаудың маңызды элементі болып табылады.

Бұл өмірбаяндық кітаптар да Ханафи ғұламаларының интеллектуалдық қабілеттерін, мінез-құлқын, рухани ұмтылыстарын суреттей отырып, олардың жеке тұлға ретіндегі бейнелерін жаңғыртуға көмектеседі. Олар оқырмандарға олардың ғылыми жетістіктерін ғана емес, сонымен қатар замандастарымен қарым-қатынасын, өз дәуіріндегі әлеуметтік мәселелер мен саяси оқиғаларға көзқарасын көруге мүмкіндік береді. Бұл кітаптар сонымен қатар Ханафи мәзһабының ғалымдары арасында кездесетін пікірлер мен көзқарастардың сан алуандығын ашып, олардың диалог пен пікір алмасу қабілетін көрсетеді.

Сонымен қатар Ханафи мәзһабы ғұламаларының өмірбаяндық кітаптары исламдық тұлғаны тәрбиелеу мен қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Олар мұсылмандарды ата-бабаларынан үлгі алуға итермелеп, оларды ислам ғылымын үйренуге және салихалы өмір салтын ұстануға шақырады. Сондай-ақ бұл кітаптар ислам әлемінің мәдени мұрасын сақтауға, оның зияткерлік дәстүрінің байлығын және ойшылдары мен ғұламаларының сан алуандығын көрсетуге үлес қосады.

Ханафи мәзһабы ғұламаларының өмірбаяндық кітаптары тек тарихи маңыздылығымен ғана емес, қазіргі жағдайда өзектілігімен де зерттеушілердің назарын аударады. Өткен дәуірдегі ұлы ғұламалардың өмірі мен еңбектерін зерделеу қазіргі ғалымдар мен жалпы мұсылман қоғамы үшін құнды тағылым мен бағыт-бағдар бере алады. Бұл кітаптар бізге білімнің, даналық пен рухани өсудің маңыздылығын, сондай-ақ исламдық білім мен дәстүрлерді сақтау және жалғастыру жауапкершілігін еске салады.

Сонымен қатар, ханафи ғұламаларының өмірбаяндары исламдық студенттер мен зерттеушілердің аналитикалық дағдыларын дамытуға көмектеседі, оларға тарихи

дереккөздерді талдауға және ислам ілімінің дамуындағы негізгі тақырыптар мен тенденцияларды анықтауға үйретеді. Бұл кітаптар ислам тарихы мен мәдениетін одан әрі зерделеуге ынталандыру болып, исламды және оның әлемдік өркениеттегі орнын тереңірек түсінуге көмектеседі.

Ендеше, Ханафи ғұламаларының өмірбаяндық кітаптары өткен тарих туралы маңызды дерек көзі болып қана қоймай, қазіргі мұсылмандар мен ислам ғұламаларына да құнды бағыт-бағдар береді. Олардың зерттелуі мен талдауы ислам мәдени мұрасын сақтау мен жеткізуде басты рөл атқарып келеді және ғалымдардың ислам дәстүріндегі маңызы туралы жаңа зерттеулер мен ой толғауларға шабыттандырады.

Ханафи мәзһабы ғұламаларының өмірбаяндық кітаптары да тұлғаларымен, еңбектерімен сәйкестендіру тұрғысынан маңызды. Олар ислам қоғамдастығына осы ғұламалардың мұрасын жақсырақ түсінуге және бағалауға және олардың исламдық ғылым мен құқықтық ойды дамытуға қосқан үлестерін құрметтеуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе исламның көптеген аспектілері түсіндіруге және әртүрлі түсіндіруге жататын заманауи контексте маңызды. Ханафи ғұламаларының өмірбаяндары Исламның рухани және зияткерлік аспектілеріне енуге ұмтылатын көптеген мұсылмандар үшін шабыт көзі және үлгі болып табылады.

Сонымен қатар, ханафи ғұламаларының өмірбаяндарын зерттеу мәдениетаралық түсіністік пен диалогтың дамуына ықпал ете алады. Бұл ғалымдардың қосқан үлесін түсіну және бағалау исламның әртүрлі секталары арасындағы келіспеушіліктер мен түсінбеушіліктерді жеңуге көмектеседі және мұсылман қоғамдастығы мен оның және басқа діни және мәдени дәстүрлер арасындағы үйлесімді қарым-қатынастардың қалыптасуына ықпал етеді.

Олай болса, ислам өркениетінің мәдени мұрасын сақтау мен жеткізуде, мұсылмандарды діни дәстүрін мазмұнды әрі терең зерделеуге баулып, рухани және интеллектуалдық даму жолына бағыттауда ханафи мәзһабы ғұламаларының өмірбаяндық кітаптарының маңызы зор.

Қорыта айтқанда, Ханафи ғұламаларының өмірбаяндық кітаптары Ислам тарихының ұлы ақыл-ойлары мен рухтары туралы құнды деректер көзі болып табылады. Олар бізге осы ғұламалардың өмірі мен қызметін жақсырақ түсінуге көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың даналығы, руханилығы және исламдық қағидаларға берілгендігі туралы түсінік береді. Бұл кітаптар бүкіл әлемдегі мұсылман қауымы мен ислам ғұламалары үшін маңызды шабыт пен білім көзі болып қала береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Шамсуддин эз-Зәһәби. Сияр Ағлам ән-Нубәлә. Каир: Дәрул-Хадис, 2006 – 487 б.
2. Омар Рида Каххала. Муғжам әл-муаллифин. Бейрут: Дәру Ихья әт-Турас әл-араби, 1957. – 320 б.
3. Жәләлуддин әс-Суюти. Хуснул-мухадара фи тарихи Миср уа әл-Қаһира. Тхк.: Мухаммад Әбу әл-Фадл Ибраһим. Мысыр: Дәру Ихья әл-Кутуб әл-Арабия, 1967. – 2-т. 448 б.
4. Мухаммад ибн Мухаммад Әбул Фидә әл-Қураши. Әл-Жауаһир әл-Мудия фи табақат әл-Ханафия. Карачи: Мир Мухаммад Кутуб Хане, 1911. – 417 б.

ПАЙҒАМБАР, САХАБА, ТАБИҒИНДЕР ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ТӘПСІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Магистрант исламтану 2-курс Д. Сайлауұлы
Ғылыми жетекші: доцент м.а., PhD Мұқан Н.
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Алматы қ. Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада тәпсірдің алғашқы қалыптасу сатылары қарастырылады. Тәпсір саласы қалай бастау алғаны және алғашқы кезеңдерін зерттейтін боламыз. Сонымен қатар әр кезеңде болған өзіндік ерекшеліктерді де келтіреміз. Тәпсір қай кезеңнен бастап бір жүйеге түсе бастағанында зерттейміз. Ислам тарихындағы алғашқы және кейінгі ғалымдардың зерттеулері бірінші болып осы тәпсір саласына басымдылық берілетін. Өйткені Құрандағы мухаммад (мағынасы ашық) және муташабиһ (мағынасы көмескі) аяттарды дұрыс түсіну арқылы барлық ғылымға жол ашылатын болған. Сондықтан тәпсір саласында зерттеу жүргізетін ғалымға осы саладағы жазылған еңбектер мен авторларды білу маңызды болып табылады. Көптеген тәпсірші ғалымдар өздерінен алдын өткен муфассиршілердің еңбектеріне сүйеніп отырған. Тізбек ретінде жалғасып келе жатқан бұл сала күні бүгінге дейін осы әдіснаманы сақтауда. Қоғамда туындап жатқан қайшылықтар Құранды дұрыс түсінбеу салдарынан өршіп келеді. Бұндай теке-тірестер елдің болашағына, бірлігіне әсер етпей қоймайды. Әр нәрсенің бастау алатын негізгі принциптері болады. Алғашқы принциптер нәтижесінде көптеген ғылыми тұжырымдар қалыптасады. Тәпсір саласындағы көптеген еңбектер алғашқы өзектің жемістері болып табылады.

Кілт сөздер: тәпсір, кезең, пайғамбар, сахаба, ерекшелік

Құран Кәрім оқу-жазу білмеген үмми пайғамбарға түскені белгілі. Оның өзіндік сырлары өте көп. Адами өлшем бірлікпен қарастырып пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) надан адам ретінде қарастыру үлкен ағаттық іс болып табылады. Оқу-жазу білмеген пайғамбарымыз Құранды қалай тәпсірледі деген сұрақ туындауы мүмкін. Оның жауабы, Алла елшісі (с.ғ.с) өз ойынан қосып ештеңе айтпаған. Тек қана уахи етілген нәрсені жеткізіп отырған. Оны Құран ілімдерінде «хабарун матлубун» (خبر مطلوب) яғни, Құран Кәрім, «хабарун ғайру матлубин» (خبر غير مطلوب) яғни, хадис. Бір сөзбен айтқанда, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадистері Құран кәрімнің тәпсірі деп айтуға болады.

Тәпсірдің бастамасы Пайғамбарымыз (с.ғ.с) өмір сүрген уақыттан бастау алғаны анық. Ол бастама күнімізге дейін жалғасып, одан әрі де дами беретіні сөзсіз. Сонымен қоса ол бір деңгейде де тұрып қалмайды. Өйткені, адам болғаннан соң оның түсінігі, сезіу қабілеттері әртүрлі болып келеді. Кішкентай бастаудан ағып шыққан бұлақтардың барлығы қосыла келе ағыны қатты өзенге айналатыны сияқты, тәпсір ғылымы да кішкентай нәрсемен бастау алып, уақыт өткен сайын кемелдене түсуде.

Құран түсіп жатқан уақытта көбі арабша сөйлеп, түсіне алатын таза арабтар болды. Оларға мағынасы оңай келген аяттардың сырын түсіну қиынға соқпайтын. Өйткені олардың арасында Пайғамбарымыз (с.ғ.с) болған еді. Кейіннен уақыт өте келе тәпсір өрісі кеңейіп ауқымды айналымға түскен соң оның өзіндік кезеңдері қалыптасқан болатын. Ол кезеңдер төмендегідей:

1. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) және сахабалар кезеңі;
2. Табиғиндар ғасыры;
3. Табиғиндар кезеңінен кейін және біздің күнімізге дейін;

Енді, осы кезеңдерге тоқталып өтсек. Алғашқысы әрине Пайғамбарымыз (с.ғ.с) ғасыры мен оның көзін көрген сахабалар кезеңі болмақ. Құран Кәрім араб тілінде Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) түсірілді. Сонымен қоса арабтардың ішінде араб тілін

ең жақсы білетін Алла елшісі (с.ғ.с). Алла Тағала Құранды жай ғана түсіріп қоя салған жоқ. Оның мағынасын да сүйген құлы әрі елшісі Мұхаммед (с.ғ.с) баяндап береді.

Бұл турасында Алла Тағала Құранда «Қиямет» сүресінің 18-19 аяттарында былай деген: «Ал, оны біз оқығанда, оның оқуына ілес*Сосын оны түсіндіру бізге міндет». فإذا قرأناه فتبعه قرآنه*ثم ان علينا بيانه

Құранның көмескі болған үкімдерін, сырларын, мағыналарын жалпылай және егжей -тегжейлі түсіну Пайғамбарымызға түсіну міндет болып саналған. Кейін сол иләһи түсініктерді Құран аяттарымен және хадистер арқылы мұсылман қауымына жеткізіп отырған.

Алла елшісі (с.ғ.с) Құранды толық тәпсірледі ме әлде жоқпа деген пікірде ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ. Мысалы, Ибн Тәймия секілді ғалымдар, пайғамбарымыз (с.ғ.с) сахабаларына аяттардың барлығын және сөздерінің мағаналарын баяндап кетті деп айтса, имам әс-Суюути сынды ғалымдар, Алла елшісі (с.ғ.с) сахабаларына Құран Кәрім аяттарының аз ғана бөлігін ашық бергенін айтқан. Екі топтыңда өздеріне тән дәлел-дәйектері бар.

Сондықтан екі көзқарастың ортасын ұстанар болсақ, сахих хадистер жинағында келгені сияқты, Пайғамбарымыз (с.ғ.с) Құран Кәрімнің көптеген аяттарын баян еткен. Дегенмен, барлық аяттарды тәпсірледі деп айта алмаймыз. Барлығын тәпсірлемеудегі өзіндік себептері де бар. Ол турасында жоғарыда өткен бөлімде айтылған болатын. Құран арабтардың өз тілі болғандықтан мұхкам аяттарды түсіну оларға жеңілге соқты, түсінігі ешкімге қиындық тудырмайтын тұстары, ғұламаларға ғана мәлім болған тарабы және Алла Тағаладан басқа ешкім білмейтін жерлері.

Сахабалар пайғамбарымыз (с.ғ.с) тікелей тәлім алып Құран сырын үйренген және оның біздің күнімізге дейін жетуіне үлкен үлес қосқан кемел тұлғалар. Олардың ішінде ғалым сахабалар және қарапайым ғибадат құлшылықпен шектелген сахабалар да болды. Сахабалардың білімдері бірдей болмасада, түсінік-қабілеттері және тілдерінің тазалығымен Құран Кәрім мағаналарын түсінумен ерекшеленді. Кейбір сахабалар әрдайым Алла елшісінің (с.ғ.с) жанынан бір елі қалмай аяттардың түсу себебіне куә болып жүрсе, кейбіреулеріне ол нәсіп болмаған.

Ибн Құтайба: «Расында арабтар Құранның көмескі аяттарының сырлары мен мағыналарын түсінуде бір деңгейде болмағандықтан бірі екіншісінен ерекшеленетін», - деген.

Сахабалар Құран аяттарының мағынасын түсіне, алғанымен олар көбінесе, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) тәпсіріне мұқтаж болатын. Сондықтан да Алла елшісі (с.ғ.с) мағынасы құпия аяттарды ашықтап, насых пен мансух аяттарды ажыратып, аяттардың түсіу себептерін баяндаған.

Адам баласы болғандықтан бір нәрсенің астарын толық түсініп, егжей-тегжейлі білгісі келетіні анық. Сондықтан кейбір сахабалар өз беттерінше ізденетін болған. Сахабалар кейде кейбір аяттардың тәпсіріне бір ауыздан келісе алмаған. Әрине бұл кезде тәпсір түрлерінен мәсур тәпсірдің болғаны анық. Сонымен қоса сахабаларға Құранды тәпсірлеу керектігінің құны да шамалы деп айтсақ болады. Өйткені олардың ғасырында Алла елшісі (с.ғ.с) болғандықтан кезкелген мәселеде ол кісіге барып жүгінетін болған.

Сол себепті де сахабалардың тәпсіріне байланысты екі түрлі пікір қалыптасқан.

Біріншісі көзқарастаимам; Кейбір ғалымдар жеке оймен жүзеге асқан яғни, сахаба ижтиһады қабылданбайды деп айтқан. Ол өз ойымен тәпсірледі және Алла елшісіне жетпей сол сахабада мауқуф болып қалды деген. Сахабалардың ижтиһады да басқа ғалымдардың ижтиһады сияқты. Сондықтан мүжтаһид ғалымның қателескені секілді сахаба ижтиһады да қате болуы мүмкін.

Екінші көзқараста; Ал кейбір ғалымдар сахаба сөзіне жүгінуге болады, тіпті оны ұстану керек деп айтқан. Себебі, олар пайғамбардан естіген болуы мүмкін. Сонымен

қоса, сахабалар Алланың кітабын басқа адамдарға қарағанда жақсырақ білушірек. Олар Алла елшісі Мұхаммед (с.ғ.с) сұхбатында болып, тәлім-тәрбиесін алған. Құран тілін жетік білген және кейінгі келген адамдардан қарағанда Құранды жақсырақ түсіне алад деген.

Имам әз-Зеркаши: «Сахаба тілдік жағынан немесе куә болған аяттардың түсіу себебімен аяттарды тәпсірлеген болса, ешқандай күмәнсіз қабыл етіледі», - деген.

Ал, Хафиз ибн Кәсир: «Егер Құранның -Құранмен және Алла елшісі (с.ғ.с) сүннетімен тәпсірленгенін тапсақ, сахабалардың сөзіне жүгінеміз, себебі олар тәпсірге тікелей қатысты мәліметтерге куә болып, білім мен ерекше түсініктері жағынан жоғары дәрежеде болған», - дейді.

Ендігі кезекте пайғамбар және сахабалар кезеңіндегі ерекшеліктерді келтіріп өтсек.

1. Құран Кәрімнің кейбір аяттары болмаса, толық тәпсірленбеген. Пайғамбар мен сахабалар дәуірі алыстаған сайын мағынасын түсінбейтін аяттар саны арта түсті. Аяттарды түсінбеу артқан сайын, тәпсірдің артуы да жеделдей түскен;

2. Аяттардың мағыналарын түсінуде ихтилафтар өте аз болған;

3. Аяттарды егжей-тегжейлі баяндау көрініс таппай, қысқада-нұсқа түсіндірумен шектелген;

4. Көбіне, сөздер синоним сөздермен ғана шектелген;

5. Құран аяттарынан үкімдер алу көп көрініс таппаған. Белгілі бір мәһабқа сәйкес үкім шығару үрдісі болмады;

6. Тәпсір кітаптары жинақталмаған. Өйткені, жинақтау һижри екінші ғасырда басталған.

7. Тәпсір тек хадис түрінде жетіп, хадистің көлеңкесінде қалып қалған. Жекелеген сахаба бір аят жайында Алла елшісі (с.ғ.с) сұрып, оған ашықталған аятқа қанағаттанған сахаба естімеген біруге жеткізген. Жалпы айтқанда бұл кезеңдегі тәпсір, риуаят жолынан арыға бара алмаған (Халифа А, 1992: 40 б.).

Тәпсір дамуының екінші кезеңі ол табиғиндер дәуірі. Сахабалар Алла елшісінің (с.ғ.с) көзін көріп, тәлім-тәрбиесімен қаныққан болса табиғиндер сахабаларды көріп, пайғамбардан келе жатқан тәрбие және іліммен сусындаған. Бұл рухани тізбек Алла елшісінен (с.ғ.с) бастау алып қиямет күніне дейін силсила ретінде жалғасын таба бермек.

Табиғиндер сахабалардан ғылым үйреніп, олардан көптеген риуаяттарды алған. Бұл ғасырда Алла елшісі мен сахабалар кезіндегідей көзі ашық, көкірегі ояу мұсылмандар саны азайып, Құрандағы аяттардың мағыналарын фақиһтар мен ғалымдарсыз түсіне алмайтын бір дәрежеге келген болатын. Табиғиндер Құранды тәпсірлеу барысында бірінші- Құран кәрімге, одан кейін Алла елшісінің (с.ғ.с) сүннетіне және сахабалардың сөздері мен ижтиһадтарына сүйенген болатын.

Бұл кезеңде тәпсір саласы алғашқы кезеңге қарағанда айтарлықтай дамып түскен. Табиғиндер Құранды өз райларымен көптеп тәпсірлегендерін көптеп аңғаруға болады. Сонымен қоса тәпсір ілімі пайғамбарымыз (с.ғ.с) мен сахабалар ғасырындағыдай хижрет мекенінде ғана шектеліп қалған жоқ. Бәлкі ислам жайылып фәтх етілген жерлерге тәпсір саласыда орныға бастаған болатын. Мекке, Мәдина, Ирақ тағыда басқа елді-мекендерде тәпсірді меңгерген ғалым қай жерге тұрақтасын сол жерде Алланың кітабын адамдарға тәпсірлеп беретін бір үрдіс қалыптасқан еді.

Табиғиндардан жеткен хабарды қабыл ету және қабыл етпеу мәселесінде ғұламалар арасында ихтилаф болған. Бұл ихтилаф тікелей табиғинның сөзіне қатысты болған. Қандайда бір табиғин Алла елшісіне (с.ғ.с) және сахабаларға сүйенбей бір нәрсе жеткізетін болса оны қабыл ету керек ба жоқ ба деген сұрақ туындаған. Яғни бұл табиғинның өз ижтиһадымен жасаған тәпсірінен шыққан мағыналарға байланысты.

Бұл турасында Имам Ахмадтан жеткен екі риуаят бар. Біріншісі қабыл етіледі десе, екіншісінде қыбыл етілмейді делінген.

1-Шұғба сынды кейбір ғалымдар табиғиндардан жеткен тәпсірлерден хабар алмаған. Өйткені оларда Алла елшісінен (с.ғ.с) естийтіндей мүмкіндік болмаған.

Сонымен қоса сахабалар сияқты Құран аяттарының қандай жағдайлар мен ахуалдарға байланысты түсіп жатқанына тікелей куә болмаған. Құран мен хадис бізге сахабалардың әділ тура екендерін баян еткендей табиғиндардікін баян етпеген дейді.

Әбу Ханифадан (Алла ол кісіден разы болсын) жеткен бір сөзінде былай деген: «Алла елшісінен (с.ғ.с) және сахабалардан көз қуантып, сүйсінерліктей істер жеткен. Сол сияқты табиғиндардан да жеткен. Өйткені, оларда адам, бізде адамбыз», - деген.

2-Тәпсірші ғалымдардың көп бөлігі табиғиндардан жеткен сөзді аламыз деген пікірді ұстанған. Өйткені табиғиндер өздерінің тәпсірлерінде сахабаларға жүгінген. Мыслаы, Мұжаһид былай дейді: «Мен Ибн Аббасқа Құранды үш мәрте қайталап тапсырдым. Әр тапсырғанымда қалай түскенін, қалай болғанын сұрап отыратынмын», - деген (Мұхаммед Х., 1976: 32-33 б).

Қатада былай деген: «Құранда қандай аят бар болса, сол аяттағы нәрсені мен толықтай естігенмін», - дейді

Бұл екі кісі де атақты табиғин тәпсірші ғалымдар. Сондықан тәпсіршілердің көбісі дерлік табиғиндардың сөздерін өз еңбектерінде сенімді түрде келтіріп отырған. Бұл мәселені қортындылай айтатын болсақ, табиғинның сөзінде күман, шұба жоқ болатын болса олардың сөзін қабыл етіу бізге міндет. Ал, егер әһл-кітап иелерінен бір хабар қосқан деп күманданатын болсақ, онда ол сөзді аламай тәрік етеміз және оған сенімді хабар ретінде жүгінбейміз.

Бұл кезеңде осы ғасырға сәйкес тәпсір саласында өзіндік ерекшеліктер болды.

1-Тәпсірге яхудиелер мен христиандардың мағлұматтары көптеп еніп кетті. Бұның бір себебі кітап иелерінен исламды қабылдаған адамдар көбейген болатын.

2-Тәпсір турасында келген бір хабарды қабыл ету мен риуаят мәселесі сақталды. Бұл үрдіс бұрын соңды бұлай баса назарда сақталмаған еді.

3-Сахабалар кезеңінде олардың өз араларында оырн алған ихтилаф, табиғиндар арасында да орын алды. Бірақ, кейінгі келген тәпсіршілер арасындағы келіспеушіліктерге қарағанда аз болған.

4-Бүгінгі ғасырымызда жарыққа шығып жатқан діни мазһабтар сияқты бағыттар табиғиндар кезінде тәпсір саласында көрініс тапқан. Мысалы, Қатада ибн Диғама әс-Садуассиге телінген қадария ағымы.

Өткен бөлімде тәпсірдің риуаят бейнеінде көп көрініс тапқанын айтып, тәдуин кезеңіне тоқталып өтеміз деп айтқан едік. Тәпсірдің үшінші кезеңі осы тәдуинге тікелей қатысты. Жалпы, Ислам ғылым саласында ғылымдарды классификациялау һижри екінші ғасырдың жартысынан кейін басталғандығы жайлы ғалымдар арасында ортақ бір мәміле бар. Дегенмен, соңғы кездегі зерттеулерге сәйкес классификациялау әдісі һижри екінші ғасырдың жартысынан алдын басталғанын көрсетіп отыр.

Тәпсірді жүйелеу Умәуи халифалығының соғы кезеңдерінде, Аббасия халифатының басты кезеңдерінде басталған еді. Яғни, табиғиндар заманынан кейін басталған. Тәпсір саласындағы тәдуин өрсін былай келтіруге болады. Алғашқы кезде хадистен бөліне алмай хадистің көп бөлімдерінің бірінен орын алған. Тәпсірге байланысты хадистер бір бап ретінде бөлек жіктелген болатын. Сүре -сүре, аят-аят бойынша Құранды арнайы басынан аяғына дейін тәпсірлеп бір ортаға жинақтау ісі жүзеге аспаған. Бәлки, ғұламалардан бірқатары хадис жинақтау үшін сапарға шыққанда Алла елшісі (с.ғ.с) мен сахабаларына және табиғиндарға телінген тәпсірді жинақтаған. Олар, Язид бин Харун әс-Сулами (қ.ж.һ 117), Шұғба бин әл-Хужжаж (қ.ж.һ 160) (Мұхаммед Х., 1119: 89 б). .

Бұдан кейін тәпсірдің кезекті бір қадамы хадистан бөлініп жеке шығуымен ерекшеленіп, өз алдына бөлек бір ғылым саласына айналды. Бұл қадамнан кейін әлі нақты бір жүйе болмағандықтан тәпсірде дұрыспен бірге жаңсақ пікірлерде араласып жатты.

Аббаси ғасырынан біздің күнімізге дейін жалғасып келе жатқан ең бір алға жылжыу қадамы келіп жеткен болатын. Бұл кезде мәсур тәпсірімен ақыл тәпсірі

араласып бір жүйеге келтіріле бастаған. Ғылыми терминдер қалыптасып, тіл білімдері жүйеге келтірілді. Құран философиялық тұрғыдан тәпсірлене бастады. Мәзһабтар фикһтық тұрғыда дәлелдерді алып тағассуб жарыққа шықты. Бидағат иелері Құранды өз мәзһабтарына қарай тәпсірледі. Мысалы, муғтазилиядан болған әз-Зәмаһшари, исна ашариядан болған Мұхсин әл-Каши. Ибн Араби және Абу Абдурахман әс-Сулами сынды сопылар тарғиб пен тәрһибті ұстанып Құраннан ишари мағыналар шығарды.

Осылай әркім өз ұстанған мәзһабы мен бағытына қарай және сәйкестендіре отырып Құранды тәпсірледі. Сөздің ашығы керек ертеден басталған бұл жүйе әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Кейбіреулер көздеген мақсаттары мен армандарына қол жеткізу үшін Құран Кәрімнен түрлі мағыналар шығарып асыра сілтеушілукке бой алдырған. Бұл кезеңдегі тәпсір ахуалы мен ерекшеліктеі осылар болып табылады.

Ендігі жерде қазіргі кездегі тәпсірдің қалыптасқан ахуалын саралап өтсек. Қазірге кезде ислам әлемінде соның ішінде қазақ жеріндегі тәпсірдің дамуын келтіріп өтеміз.

Әлемде тәпсірдің немесе тәпсір ілімінің даму тарихы әлі күнге дейін қарқынды жалғасын табуда. Қазіргі таңдағы ғалымдар өткен ғасырлардағы ғалымдар секілді Құранды тек тіл мен әдебиет тұрғысынан, методика (услуг) мен мағына тұрғысынан ғана тәпсірлесе өзге салалардағы адамдарға біз Құранның кереметін қалай жеткіземіз? Мүмкін болғанынша біз Құранды физика, география, математика, астрономия т.б. ғылымдары тұрғысынан тәпсірлеуге ұмтылуымыз керек секілді (Исмайл Ч., 2011: 140б.)

Соңғы ғасырларда өмір сүрген әйгілі ғалым, имам, тәпсірші Шағрауи былай дейді: «Құран мұғжиза болғандықтан өзгелерді пікірталасқа шақырады. Ол түскен кезеңде өзінің шешендік стилі арқылы арабтарды бәсекелесуге шақырды. Ислам барша адамзатқа түскен дін. Сондықтан, Құран өзі түскен кезеңдегі араб еместерді де, одан кейін келетін ұрпақтарды да бәсекеге шақыратыны сөзсіз. Егер олай болмаса мұғжиза болмас та еді».

Әр тәпсірші өзінен бұрынғы тәпсіршілер секілді Құранды бастан аяқ аят-аят, сүре-сүре етіп тәпсірлейтін. Бұл көп жағдайда бір тәпсірді екінші тәпсірдің қайталауы секілді мәселені тудырды. Классикалық риуаят тәпсірлердің көп тұсы бірдей боп келетіні де содан.

Осы жағдайларды ескере отырып, ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында бірқатар тәпсір ғалымдары Құранды жеткізу жолдарын іздестіру және зерттеуге кірісті. Тақырыптық тапсырма Құранның өзекті мәселелерін талдап, шешімін табу болды. Бұл қоғамдық және жаратылыстану ғылымдары жеке сала ретінде қалыптаса бастаған кезең еді. Бұл кезеңнің ерекшелігі сол тақырыпты жалпы білу ғана емес, оның тереңіне үңіліп, соған қатысты аса нәзік мәселелерді білу болды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Халифа Алтай. Құран кәрімнің қазақша мағынасы мен түсінігі. -Түркия: Фахд,1992.
2. Мұхаммед Хусейн әз-Зәһаби. Ат-тәфсир уәл-муфассирин 1-том. – Кайр,1976. – 348 б.
3. Мұхаммед Хусейн әз-Зәһаби. Ғилму ат -Тәфсир. – Кайр: Дарул-мағариф,1119. – 89 б.
4. Исмайл Чалышқан. Тәпсір әдістемесі. – Түркістан,2011. –148 б.
5. Хазим Сағид Хайдар. Улумул Құран бәйнәл бүрһән уәл итқан. – Мәдина:Дару әз-Зәмән, 1427. – 820 б.

"LANGUAGE" OF RELIGION: A REVIEW ON THE PROBLEM IN CONTEMPORARY CONTEXTS

1st year master's student in the specialty "Religious Studies" **Alibaeva A.**

Scientific supervisor: Utebaeva D.S.

Al-Farabi Kazakh National University

Abstract. The article presents theoretical and methodological analysis of the problem of studying the “language” of religion. The place and role of the “language” of religion in the conditions of globalization is defined. The status and role of computer video games in the cultural modern world with the presence of religious overtones in them is outlined. Within the framework of systematic study of this problem the variety of modern theories of different scientists concerning the definition of the “language” of religion was considered. The main attention in the work the author emphasizes the description of the prominent role of religion in the game culture, which influences the peculiarities of understanding people's worldview. Not only characteristic concepts are highlighted, but also a historical sketch of the visual novel as a new branch of digital games is considered. The article proposes such methods as semiotic, comparative analysis of game characters with supernatural abilities presented in visual novels. The images of gods, god-man and other supernatural beings in virtual computer games were considered. The representative mythical reality was analyzed on the example of several stories of visual novels.

Keywords: religion, mass culture, visual novels, modernity, players, influence, youth.

The technological breakthrough that has occurred, especially after the pandemic period, has brought a new reality to society in everyday life - the developed virtual and gaming reality. A modification of culture and tradition and their transformation into a game is revealed, and this is clearly visible in popular culture. The importance of religion as a worldview and a person's way of life has increased greatly. The influence of religion is great, and it also extends to sociocultural aspects through its unique language - the “language” of religion. Modern games have taken over virtual culture, and the demand for new varieties is growing day by day. Keeping pace with the times, religion has penetrated various forms of popular culture. The language used in sacred texts can have a profound impact on how society perceives and treats them in the modern world. This can have far-reaching social, cultural and political consequences. Religion plays a prominent role in gaming culture, exerting a significant influence on the public's collective imagination, so the study of religion, characters, and representational reality in digital games should be central to the field of religious studies seeking to understand youth perceptions of religion.

The phenomenon of the “language” of religion in a scientific research framework has been the subject of philosophical and methodological positions since the dawn of human consciousness. The Russian philosopher M.K. also speaks about this. Petrov: “Language is rightly considered the main means of communication and its instrument, a symbolic way of influencing each other by people of a single linguistic, and usually social, affiliation to achieve a variety of goals” [1, p. 39]. The use of systematic, retrospective and semiotic methodological tools in the study made it possible to study in detail this phenomenon as a modern phenomenon of mass culture, presented in the form of semiotic and comparativist analysis. The method of content analysis was used, as well as questionnaires and unstructured interviews, with the help of which we were able to effectively process a large amount of information. SWOT analysis allowed us to draw up a qualitative hypothesis and recommendations. This holistic approach allowed us to gain a comprehensive understanding of the subject of research and study it in depth.

B. Russell paid special attention to a critical understanding of traditional theological arguments in favor of God and sought to develop a logically and empirically based approach to religious issues: “Religion draws strength from the feeling of unity with the universe - a feeling that it can evoke in a person. At first, unity was achieved by subordinating the universe to our own concept of good; union with god was easy because god was love. But the collapse of traditional religion made us doubt whether we can trust this method of unity” [2, p. 7].

For example, Ludwig Wittgenstein can be considered a supporter of two main ideas, according to J. Hyman: “semantic (about the meaning of religious speech) and epistemological

(about the justification of religious beliefs)” [3, p. 179]. Semantics holds that the expression of religious beliefs is distinct from statements of facts supported by logic or science, and instead involves an interpretation of reality based on a specific set of religious principles. According to the second belief, since religious claims cannot be tested or confirmed empirically, they are fundamentally resistant to falsification and verification. Wittgenstein talked about how similar the world and language are: “language is an image (projection) of the world, which is a mosaic of atomic facts” [4, p. 85]. Speaking about facts, in his work “Logical-Philosophical Treatise” Wittgenstein writes: “1.13 The world is facts in logical space, thereby denoting its objectivity, that which is inherent in the natural sciences” [5, p. 10]. Wittgenstein's fideism consists in not turning inside out the various aspects of human activity, and religion in particular, and allowing them to develop in this world through their own “language”, the proof of which is not necessary

Already in the modern world, the “language” of religion can be called “multimodal” [6, p. 93]. This term is defined by religious scholars David Lewis A. and Christine Kramer H., explaining the phenomenon of comics and religion in them. Multimodality is characterized by facilitated understanding of text with a unique assembly and products. The basis lies in visual perception, a narrative that evokes a wide range of emotions in readers. And scientists include religion there, arguing that religious experience is multimodal. We know that a single formalized definition of religion does not yet exist. However, it is normal to consider that religious traditions include rituals, texts, beliefs that are expressed through speech, prayer, meditation, music, art and other things. And therefore, these symbolic texts, images, and other means of religious expression, such as “the plots of comic books, the narrative of short stories, include and awaken many ways of interpretation and understanding, and also reflect the basis of sensory perception” [6, p. 94].

For example, in his article Porosenkov S.V. examines the specifics of the language of religion in a historical and philosophical framework and its relationship with natural languages in culture. He writes: “...artificial languages began to be created, a prerequisite for the functioning of which is the possibility of reinterpreting their meanings...” [7, p. 62]. Similar to S. Porosenkov's theory, in this study the object became “language” as a phenomenon of codification in digital games. Within the framework of post-secular times in the modern world, when the model of religion is changing - its language will be used directly as a “code” in digital games and visual novels.

Studying the problem of the relationship between games and religion in his work, another scientist, Jason Anthony, defines a typology of dimensions based on ancient Greek civilization. He argues that “digital games entangle the human mind to the same extent as religious practice” [8, p. 9]. The two sides of his idea are that, firstly, he creates a single “language” that can contain religious elements, past and future. Secondly, it gives a lot of game developers the opportunity to create more detailed, complex and specific religious images, characters, movements and overall narratives.

Images of Gods, God-Man in Digital Games

First, we need to consider the origin story of the visual novel? Visual novels originated in Japan in the 1990s and are a new form of storytelling that has become particularly popular among computer games in recent years. They combine traditional literature, graphics and sound effects to create an established and popular form of entertainment. Visual novels are interactive games that combine elements of classic video games with the deep narrative structure of novels. At first they used stylized animation and were accompanied by voice acting, sound effects and music. Although visual novels have minimal gameplay mechanics common in conventional video games, their unique storytelling creates an engaging experience for players.

The first researcher of visual novels as mass culture was N.A. Karskanova. In his master's thesis, he defines short stories from the point of view of plot development as “a very

flexible type of storytelling, in which the story can be developed as much and as desired, while a book published in the same format will be very large in volume” [9, p. 10]. Thus, it reflects the peculiarity of visual novels from a number of other manifestations of mass culture, especially gaming culture. And while the concept of interactive storytelling isn't entirely new, visual novels represent a significant shift in the implementation of this idea. Unlike traditional role-playing games or interactive fiction, visual novels tend to be more narrative-driven. This is because they prioritize storytelling over actual gameplay mechanics. They are often praised for their ability to emotionally involve players in their immersive narrative experiences.

For example, studying visual novels as a way of developing foreign language project competence, senior teachers of the Ural Pedagogical University and the Ural State University of Foreign Languages Zelenina L.E. and Sosnina N.G. come to the conclusion that: “the methodological value of visual novels lies in the technical accessibility of this application for both students and teachers” [10, p. 156]. Open access to visual novel templates and the tools used to develop them is widely available on the Internet. In their opinion, these tools significantly simplify the process of adapting short stories to the conditions of language learning. Compared to other complex or expensive educational programs and resources, visual novels are relatively easy to use and integrate into the classroom. In addition, visual novels often have a user-friendly interface and intuitive navigation system, which contributes to their technical accessibility. Ease of use allows students to engage with content without requiring extensive technical knowledge and skills. Likewise, teachers can use visual novels in their teaching methods without going through a difficult learning curve. Thus, now we have the opportunity to study the specifics of the visual novel in a multidisciplinary way, because it can be applied to various areas of human activity.

On the Internet you can find a huge number of video reviews of visual novels. One of these videos presents popular virtual games in 2017, to which they added their own - Policenauts, Phoenix Wright: Ace Attorney, Hanachirasu [11]. All the plots of these stories were classic and fell under the standard genre of romance, since the term “novels” itself in this context means exactly that. This was the start for post-Soviet countries to come up with their own unique visual novels six years ago. East Asian novels entered the international market, quickly gaining popularity and being released one after another, while in the West they had not even heard of such video games.

Thus, based on our research using a questionnaire on the Google platform, we can present a statistical analysis of the most popular visual novels this year (Figure 1).




Figure 1 - Statistics of popular visual novels.

A visual novel released in 2018, Romance Club is ranked number one in the gaming rankings. As of February 2024, the game features thirty-five unique stories, half of which contain religious motifs and plots. Most screenwriters, artists, composers and other game developers work in the CIS countries. To expand the audience, the stories are translated into English, Russian, Turkish and other languages. On the popular Google Play platform, the number of downloads of the game exceeded 10 million, while other games in the ranking have

an average of 100,000 to 500,000 downloads. Statistics of popular stories are available in the game itself.

In the world of virtual games, religious motifs are manifested through visual and audio elements. For example, the music in them may have a connotation of religiosity or spirituality, and the game world may contain symbols, signs, or architectural elements associated with religion. The most popular novella of August-September 2023 was the story called “Kali: Call of Darkness” from the novella “Romance Club”, which received a figure of 3,045,776 readings. This story is about the angry Hindu goddess of death, Kali, as described in the Vamachara Bhava tantra. In the future, we will take a closer look at this goddess and her story “She appears in a dark blue appearance. Her hair is disheveled, She is adorned with a necklace of human heads..., She has four arms... She is adorned with a crown of precious stones and various ornaments” [12, p. 42]. In history we see the image of the goddess Kali (Figure 3) as one of the incarnations of Parvati. The story is permeated with a religious plot, which explains the essence of religious holidays, symbols and rituals of Hinduism. It tells the story of the arrival of Amala, the Indologist protagonist, to Calcutta, India in 1980. Her goal is to solve the mystery of the disappearance of a British diplomat. During the investigation, the task force finds the headless body of a man, who turned out to be one of the victims of a ritual murder committed as an offering to the goddess Kali by supporters of Kaula Shaktism. The moon is considered to be her symbol, and anorthosite is a moonstone, widely known in esotericism and known as the Muktakeshi stone, as mentioned in the story.

Also in the story appears a young man named Raitan Vaish, who is gradually revealed as one of the avatars of the god Shiva, known for his concern for order. His believers call him Mahadeva Rita-Shiva (Figure 2). Writer Alexandra R. in a recent interview shared that she added the prefix “Rita” to avoid comparisons with other acting Hindu avatars.



Figure 2 - Goddess Kali. Mahadeva Rita-Shiva.

This story refers to Hindu sacred texts such as the Mahanirvana Tantra and Vamachara Bhava: The Left Hand Path in Tantra, which was mentioned above. The main character also recites the text about which the Russian sectologist A.L. Dvorkin writes: “This universe was born by you, this world was created by you” [13, p. 172]. Studying the text of Mahanirvana tantra, in chapter four one can find many similar appeals to the goddess Kali: “You are the only Para-prakriti..., and from You the entire Universe arose. You are the Mother of this Universe (10)” [14, p. 206]. The screenwriter, focusing on the creative and destructive form of the goddess, implies words from Tantra: “You are the Beginning of everything, the Creator, the Guardian and the Destroyer of the world (34)” [14, p. 209]. In other words, it can be argued that the historical materials and scriptures mentioned in history do not contain significant deviations from the original English and Russian translations.

Analyzing the content of news articles, photographs and videos, as well as comments from users of popular social networks such as TikTok, Youtube and Instagram, it is worth

noting that the story, which attracted the attention of a huge number of people in the post-Soviet space, leads to a serious fascination with Indian culture and language. Many people travel around India, arrange thematic photo sessions and filming in the style of a visual novel, idealizing the country and all its geo-ecological, socio-cultural and spiritual-religious aspects.

As part of the study, an interview was conducted with a photographer from Odessa, Ukraine, who creates such photo sessions. During the interview, it became clear that the photographer is more skeptical about virtual games and the transfer of their stories into real life. His vision of games is romanticized and denigrated, which does not always reflect their true essence. The photographer also gave permission to use his edited photographs, including those that have not yet been published on official pages on social networks. As part of the filming, people not associated with virtual games took part, who tried on the images of avatars of Shiva and the goddess Kali (Figure 3).

Also during the interview, another story was discussed - "Arcanum" - the name of which speaks for itself, since it is directly related to tarology. The photographer, who is a practicing tarot reader, notes that the real meaning of the cards is distorted and incomplete, which applies not only to this story, but also to other stories and games in general.



Figure 3 - Photo set in the style of the story "Kali: Call of Darkness"

In conclusion, the "language" of religion used can have a strong influence on how society perceives it in the modern world and relates to its reinterpreted forms. This can have profound social, cultural and political consequences. For example, many readers of the Hindu story Kali: Call of Darkness travel to India to study the language and read the original sacred texts. Thus, religious language, starting with ancient symbols and signs, is now widely used in mass (especially gaming) culture, including religious themes, symbols, images of gods and messiahs.

The research work presented here demonstrates that religion provides important resources for the creation of cultural meaning and symbolic scripts that are relevant in contemporary popular culture. The connection between religion and games is that both offer activities based on the establishment of order and a form of escapism that allows one to escape from everyday life. Religion and games offer similar tools and represent different worldviews. Digital religious games are very popular and have religious significance, although they are a little-studied area.

Based on the results of the study, it is recommended to study the problem of religion in virtual games in more depth. This includes considering measures to address these issues, analyzing trends and features of the introduction of religion into gaming culture, studying the impact of games on a global level, and understanding the roots, causes and consequences of such symbiosis.

Transliteration

1. Petrov M.K. – Jazyk, znak, kul'tura. – M.: Nauka. Glavnaja redakcija vostochnoj literatury, 1991. – 328 s.

2. Rassel B. – Sushhnost' religii. Zhanr: Religija. - M.: Izdatel'stvo Politizdat, 2004. – 18 s.
3. Hyman J. Wittgenstein // A Companion to Philosophy of Religion. Wiley-Blackwell, 2010. P. 176-188.
4. Vitgenshtejn L. Filosofskie issledovaniya // NZL v. HVI // Lingvisticheskaja pragmatika. - M., 1985. - S. 128.
5. Vitgenshtejn L. - Logiko-filosofskij traktat / Ljudvig Vitgenshtejn; [per. s nem. L. Dobrosel'skogo]. — Moskva: Izdatel'stvo AST, 2022. — 160 s.
6. Lewis A. D., Kraemer C. H. (ed.). Graven Images: Religion in Comic Books & Graphic Novels. – A&C Black, 2010.
7. Porosenkov S. V. - «Specifika jazyka religii i ego znachenie v kul'ture» // Vestnik VjatGU. 2010. №4. (data obrashhenija: 19.09.2023).
8. Steffen O. et al. Playing with religion in digital games. – Indiana University Press, 2014.
9. Karskanova N. A. Vizual'nye novelly kak izdatel'skij fenomen: masterskaja dissertacija / Ural'skij federal'nyj universitet imeni pervogo Prezidenta Rossii B. N. El'cina, Ural'skij gumanitarnyj institut, Kafedra izdatel'skogo dela. — Ekaterinburg, 2019. — 364 s. (data obrashhenija: 15.09.2023).
10. Zelenina L. E., Sosnina N. G. - Vizual'nye novelly kak sposob formirovaniya inozazychnoj proektnoj kompetencii // Pedagogicheskoe obrazovanie v Rossii. 2020. №2. (data obrashhenija: 13.09.2023).
11. Kostin S. 15 vizual'nyh novell, v kotorye stoit poigrat' // DTF URL: <https://dtf.ru/games/5468-15-vizualnyh-novell-v-kotorye-stoit-poigrat'?ysclid=li3956g8g3802291683> (data obrashhenija: 23.06.2023).
12. Bhavavsenahu Sh. Vamachara: Put' Levoj Ruki v Tantre: [perevod] / Shri Bhavavsenahu. - Bombay [i dr.]: Sat'ja-Veda, 2007. - 221 s.
13. Dvorkin A. L. Sektovedenie. Totalitarnye sekty. – Nizhnij Novgorod, 2003. S. 284.
14. Mahanirvana-tantra. — Perevod s anglijskogo E. Hazanovoj. — M.: Sfera, 2003. — 576 s. (russkij perevod anglijskogo perevoda Artura Avalona).

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІНДЕ СӨЙЛЕУ ШЕБЕРЛІГІН ШЫҢДАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

8D03102 Мәдениеттану мамандығы, 2-курс докторанты **Исламбеков Ә.Б**

Ғылыми жетекші: филос.ғ.к., аға оқытушы Аликбаева М.Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Аға оқытушы Жумабай Л.Ж.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент

Аңдатпа: Қарым-қатынас мәдениетінде сөйлеу шеберлігінің алатын орны ерекше. Дархан даланың даналарынан қалған шешендік өнер арада қанша ғасырлар өтсе де бүгінгі күні жалғасын тауып мәдениет саласы қызметкерлерінің темірқазығына айналып келеді. Сөйлеу шеберлігін шыңдауда өнер мамандарын даярлайтын арнаулы орта, жоғары оқу орындарында Сахна тілі, Сөйлеу мәдениеті, Тіл техникасы сынды пәндер оқытылса, қазіргі кезде түрлі қосымша курстар, шеберлік кластарында тәжірибе алмасып, қажетті дағдыларды меңгеруге мүмкіндіктер мол. Мақалада ұрпақ тәрбиесіне баса мән берген қазақ халқының ұрпағының тіл тазалығы, сөз саптауы, қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынасында өз ойын еркін жеткізе алуы мәселелеріне көңіл бөле отырып, қарапайым жаңылтпаштар мен жұмбақтарды орынды қолдануы туралы да айтылады. Сонымен бірге мәдени-тынығу жұмысы саласындағы жүргізушілердің тіл-тазалығына да ерекше мән берілген. Ұйымдастырушылар жазып берген мәтінді ғана оқып бермей сөздік қоры мол, суырып салмалық қасиеті басым, кез

келген ситуациялық жағдайлардан қисынын тауып шыға алатын конференсье деңгейіне жету үшін сөйлеу шеберлігін шыңдау маңызды.

Кілт сөздер: сөйлеу шеберлігі, қарым-қатынас, мәдениет, шешендік өнер, сахна тілі, жүргізуші

Адамзат баласының негізгі қатынас құралы – тіл. Мәдениет саласы қызметкерлерінің де негізгі кәсіби құралы тіл болып есептелінеді. Түрлі хабарландырулардан бастап, көрермендердің алдына шығып салтанатты іс-шара жүргізушісінің, көркемөнер үйірмелеріне қатынасушылармен тіл табысып, олардың рухани заман талабына сай жұмыс ұйымдастырушының тілдік мүмкіндіктері де, сахнаға шығып өнер көрсетушілердің айтар сөзі арқылы ойы мен сөзінің мәнін жеткізу де – бәрі бос уақыттағы қарым-қатынас, сахналық қарым-қатынас. Оның нәтижелілігі сөйлеу шеберлігін игеруіне байланысты. Дәстүрлі мәдени-тынығу әрекеттері барысында сөйлеу шеберлігін игеру жолдары қалыптастырылған. Оның қалыптасқан өзіндік жолдары да белгіленіп, отбасы мүшелері мен сөйлеу шеберлігін меңгерген ақындар мен шешендердің де сол сөз шыңдау кезеңдерінен өткен.

Тәулік уақытының бір бөлігін адами қалыпты сақтау кезеңі деп аталады. Сол адами қалыптың бір саласы баланың тәрбиесіне байланысты. Бесікте жатқан баланы жұбату ана үшін басты парыз, қажеттілік болса, ал сәби үшін ең алғашқы қарым-қатынастың әліппесі іспеттес. Анасының аялау сөзі мен әлдиінен бастап, отбасының басқа мүшелерінің үйретуімен дене мүшелерін, қолына ұстайтын заттардың атауларын игеруі арқылы ең әуелі өзін таныту кезеңі өте қарапайым сөздерден басталады. Отбасындағы тіл үйрену процесі жөнінде Р.Сыздықова өзінің «Сөз сазы» атты еңбегінде - «Ең алдымен, баланың тілі үй ішінде, отбасында шығады, демек баланы ана тіліне баулуда, оның ішінде сөздерді дұрыс дыбыстай білуге үйрететін тұңғыш ұстазы - ата-анасы және үй ішіндегі өзге де үлкендер екені мәлім» деп атап өтеді [1, 76].

Өзін танығаннан кейінгі күрделілеу танымның сатысы – жас баланың ой-өрісін кеңейтіп, қиялын оятатын аңыз-әңгімелер, ата-әжесінің ертегілері, жан-жануарлар мен қоршаған орта, табиғат құбылыстары жайлы жасырылған жұмбақтарды игеруден басталады. Бұл баланың өз тарапынан ерекше белсенділік байқататын кезеңі. Ата-бабаларымыз осы кезеңге лайықты жұмбақтар мен жаңылтпаштар үйретіп, ой өрісін кеңейтіп, сөздік қорын көбейтіп, өз қатарластарымен қарым-қатынас жасаудың оң бағытта, тиімді қалыптасуына ықпал еткен. Осы кезеңдегі тілді игерудің негізгі, басты шарттарының бірі – тілдің мүкістігін болдырмауды ыждағатты қадағалаған. Сөзге мән беріліп, мағынасын жоймайтындай, сөзді жартыкештендірмей айтуға жаттықтырып отырған. Осындай талапты ескермеудің нәтижесінде быдық, шолжың деген тіл кемістігін әжуалайтын атақтарға ие болған.

Сонымен, ересектердің тіршілігіне кеңінен араласа қоймаған баланың тіл игеруі ойын арқылы, ойын барысында жетіліп отырған. Ал үлкендердің қолғабысына жараған бала сөйлеу шеберлігін жасы үлкендерден үлгі алып өскен. Туыстық қарым-қатынастарға лайықталған тілдесу жолдарын игеріп, меңгерген. Аға-әпкесімен сыйластық, еркелікті байқатса, жезде-жеңгелерімен әзіл-қалжың, сөз арқылы астарлы сөздер мағынасына мән беріп, жүздесуде тапқырлық, өткір жауап қайтаруға шыңдалып отырған. Өзінің қатарлас-құдастарымен бірге жастардың ойын-сауығын тамашалауға қатынасып, ауылға қонаққа келген ақындар мен сал-серілердің өнеріне қаныққан, талабы барлары ақындық өнерге талпынып, өзгелермен өз-ара сайысқа түсу арқылы шешендік өнерге бейімделген.

Қарым-қатынас мәдениеті туралы зерттеушілердің пікіріне сүйенсек. Мәдени-тынығу жұмысы саласының тәжірибелі мамандары Е.О.Омар мен Ю.А.Сапарова өздерінің «Қарым-қатынас мәдениеті» атты еңбегінде келесідей тұжырым жасайды: «Әрбір адамның қарым-қатынас мәдениеті, оның дара тұлға ретінде қалыптасуы өткен белгілі бір әлеуметтік топтың мәдениетін меңгерген жағдайда ғана орнығады. Адам

элеуметтену барысында тілді үйренеді, мінез-құлық үлгілерін, қарым-қатынас нормалары мен ережелерін меңгереді, мәдениет сырын таниды»[2, 276]. Мерекелер мен салт-дәстүрлер бойынша ұзақ жылдар ғылыми-зерттеу, тәжірибелік жұмыстар жүргізген Н.Камалованың да пікірі біз үшін құнды. Алматы қаласынан 2017 жылы шыққан «Қазақтың мәнін жоймас құндылығы» атты монографиясында ғалым - «Қарым-қатынас – адамның элеуметтік қажеттілі. Өзіне тақылеттестермен қарым-қатынас жасалмайынша, еш адам қоғам мүшесі бола алмайды» деген сипаттама жасайды[3, 376]. Қарым-қатынастың ең жоғары деңгейдегі сөз шеберлігін таныту – билік жасау мен даудамайға араласып, қара қылды қақ жарғандай қазылық жасау. Ондай биік белеске екінші бірі көтеріле алмаса да, өз дәрежесіндегі ортада бітімдік жасауды, отбасы мен ағайындар арасындағы келісімді сақтарлық сөз иесі болуды азаматтық деп білген. Сонымен, бір адам мен екінші адам арасындағы дәнекерлік рөлді атқарушы, оларды байланыстырушы құрал – тіл сөйлеу процесінде пайдаланылып, сөйлеу арқылы танылған. Бұдан тіл мен сөйлеуді бір ұғым екен деп қабылдауға болмайды. Олар бір-бірімен тығыз байланысты. Тіл - сөйлеудің материалы, яғни, қолдануға бейімделген тілдік бірліктердің дайын жиынтығы, ал сөйлеу сол дайын тілдік бірліктерді пайдаланып отырады. Нәтижесінде тіл сөйлеу арқылы дамиды.

Тіл мәдениетінің бастауалды, қайнар көзі - жеке қарым-қатынаста, белігілі бір топ алдындағы сөзде, бұхаралық ақпараттар арқылы жүздесіп, дидактасуда, өнерде қолданылатын тіл. Тіл халықты жүзбе-жүз көріп отырып, мәдениетті, өнерді, әдебиетті, саясатты, басқа да мәселелерді уағыздайтын, халықтың санасына сіңіріп, ұрпақты да тәрбиелейтін тіл. Жоғарыда аталып өтілген салалардағы тіл – адамның жүрек қыл сезімін шертетін, оны кез келген жағдайларда, қуанышта да, қайғыда да тәрбиелей алатын, үйрететін тіл.

Қарым-қатынас мәдениетінде сөйлеу шеберлігін шыңдаудың маңызы зор екеніне үнемі көзіміз жетіп отыр. Мәдени қарым-қатынас тілі қанша тыңдарман отырса, сонша адамның құлағына кіріп, жүрегіне ұялап, жан дүниесін шымырлатып, көкірегіне сәуле түсіретін тіл болуы қажет. Тілді халыққа әдемі, сазды, мәнерлі, жеткізе білу үшін тіл техникасын үйрену ауадай қажет.

Қара сөз болсын, ақ өлең болсын, қай – қайсысында да тыңдаушыға түсінікті болып келетін айқындылықтармен қатар, сөздерді сөйлеу процесіндегі бір – біріне әсері, дыбыстардың бір - бірінің ыңғайына қарай икемделіп, үйлесіп, үндесіп айтылуы қатаң сақталғаны абзал.

Сөйлеу актісінде сөздерді бір – бірімен үндестіріп, қиылыстырып айтатын тілдің фонетикалық заңдары бірдей болғанымен, әр жанрдың, тіпті әр жанрдағы шығарма түрінің, әр жағдайда сөйлеген сөздің айтылу мәнерінде азды-көпті айырмашылық болады. Мысалы, күнделікті сөйлеу практикасында, тіпті жиналыс, митингілерде сөйлегенде түрлі айырмашылықтарды байқауға болады. Сөйлеу мәнерімен қатар, ерте замандағы жыршы-жыраулар, әнші-термешілер сөйлеу шеберлігімен де ерекше дараланған. Шеберлік дегеніміз тек әдемі үн, шыныққан дем, анық сөз ғана емес, ол орындаушылық өнерді де, сөз техникасын да игеру деп айтсақ қателеспейміз. Сөз техникасы адамның творчестволық диапозонын кеңейтеді, сөздің хас шебері етеді, іштей белсенділікке үйретеді. Сондықтан да әрбір сөздегі әріпке ерекше көңіл қою қажет. Оған әрине жаттығулар арқылы жетуге болады.

Сөз техникасымен қатар дәстүрлі мәдениет иегерлері ерекше дауыс арқылы танылған. Құлаққа жағымды даусы бар, оны орынды пайдалану арқылы сыбырлағанының өзін сонау жерге – ең артқы қатарға отырған адамдарға естірте алатын лектор, әнші, өнерпаз, концерт жүргізушісі, көркемсөз оқушы сөз мәні мен характерін жеткізіп, көрерменнің көкірегіне жол ашады, эмоциональдық көңіл-күй сыйлайды, режиссердің алға қойған түпкі мақсатына жетеді. Мұндай мақсатты жетістікке жету үшін мәдениет қызметкерлері даусына дикцияның әсері зор, өйткені дикциясыз ешбір адам өзінің сөзін тыңдаушысына түсіндіре алмайды. Тыңдаушысының жүрегінен орын алып,

оған жүгіну үшін де дауысына дикция өте қажет. Айтар сөзінің басты идеясын, оның өзіне тән өзгешеліктерін жеткізу үшін де әрине дикция қажет.

Мәнерлі дауыс демсіз жақсы болуы мүмкін емес, дикциясыз да жақсы дем болмайды. Сондықтан да осы 3 элементті бір-бірінен ажыратып қараған дұрыс емес. Сонымен қатар бұл үш элементті жеке дара өз алдына жаттықтырып, машықтануға да болмайды. Бұл үш қисынды талап шешендік өнердің құрамдас бөліктері болып табылады.

Бүгінгі қарым-қатынаста сөйлеудің шеберлігі туралы сөз саптағанда әрине сан ғасырлық тарихы бар әлемдік риторика, қазақ халқының шешендік өнері туралы айтпай кету мүмкін емес. Айтыстар мен дау-дамай шешуде тартысқа түскен адамды жеңіске жеткізер ұтымды ой мен туғанына тартқызбай турашыл бола алатын адалдық қасиеті және орынды сөзбен қарсыласын тізе бүктіріп, бас идіретін, иландыратын шешендік өнер. Ел мен ердің тағдыры сарапқа, таразыға түскенде, әлеуметтік маңызды мәселелер мінберде сөз болатын сот залдарында, мәжілістерде, халық көп бас қосып, жиналатын аспен той-жиындарда азулы шешендер мен саяси қайраткерлер ел тезінен, сынынан өтіп шыңдалатын.

Шешендік сөздер халықтың даналығынан туған мұра, халықтың асыл қазынасы. Адам өмірге, дүниеге деген көзқарасын ой-өрісі арқылы бейнелейді. Сан-алуан құбылыстарды бір-бірімен тенең, салмақтап, салыстырып, болашағын болжап, өзгеше қиялдап сөйлеген сөздер табысқа, жеңіске жетуге құлшындырған, рухтандырып отырған, қуаныштыға дем беріп, реніш тұсындағыға жұбатұшылық қызмет атқарған. Шешендік өнер алқа жиылған топтың алдында бағаланған. Майқы би, Аяз би, Жиренше шешен, Сырым батыр және дана қария, шешен әйел, тапқыр бала, дауды өз пайдасына шеше білген азамат болып, есімдері тарихта қалмаған талай аталы сөз иелері халықтың ішінен шыққан. Сондықтан да бүгінгі билік басындағылардан ғана емес, ұжым басшыларынан да өзіндік сөзуарлық талап ету егемендік алған елдің талабына айналуы орынды талап деп ойлаймыз. Себебі, ұлттық мәдени мұрамызды игеру арқылы ғана, қазақ мәдени даралығын мойындау ғана өзге елдердің алдында даналардан өнеге алған саналы ұрпақ екенімізді дәлелдеуімізге керек. Шешендік сөздердің басты құндылығы шындығы мен ой тапқырлығында. Қиядан жол, қиыннан сөз табу – шешеннің ең басты да бағалы қасиеті. Шешендік өнер көрген-білгенді көкейге түйіп, көп үйренуді талап ететін, тартысқа түсіп жалықпай жаттығу арқасында игерілетін өнер. Осылардың арқасында әрине сөз шеберлігін игеруге де болар, бірақ соған қоса адами қасиеттері: тапқырлық, сөз бастауға батылдық, мықты қарсылас алдында сабырлық байқата білу – нағыз шешендік өнерінің төріне тура жеткізеді.

Қазақ дәстүрлі мәдениетінің күрделі саласының бірі халықтың бос уақытын ұйымдастыру мәдениеті – мәдени-тынығу жұмысы саласындағы қарым-қатынастағы сөйлеу шеберлігі туралы да айтып кету парызымыз. Өзге халықтар сияқты қазақ мәдени-тынығу жұмысының бастауалды ерекшелігі еңбекпен, өмір-тұрмыс салтымен тығыз байланыстылығында. Мәдениеттің реттеушілік міндеті мәдени-тынығу әрекеттері: ойын-сауық, салт-дәстүрлер, мерекелер арқылы атқарылған десек, іс-шараларды ұйымдастыратын мәдени-тынығу саласындағы қызметкерлер үшін мемлекеттің мәдениет саласындағы ұстанымына сәйкес жұмыс атқару әрине кәсіби қажеттілік. Әр мемлекеттің елдігін танытатын күретамырының бірі ол - мәдениеті екені даусыз. Кез келген халықтың ұлттық дүниетанымы мен рухани өмірінің деңгейі мен байлығы, халқының даналылығы мен зерделілігі де ұлттық мәдениет туындылары арқылы танылып отырған. Ғасырлардың сынынан өтіп, ұрпақтардың өмірінде өзара сабақтастық тауып отырған тілі мен ауыз әдебиеті, әлеуметтік және саяси билік жүргізу өнегесімен қатар, дәстүрлі мәдени-тынығу әрекеттері де, яғни атап айтқанда, адамның рухани қалыптасып жетілуіне әсер ететін мәдени әрекеттері де өзіндік мәнге ие. Келешегінің кемел болуын мақсат еткен халықтық мәдени әрекеттерді игеруі мен

ұғынуы арқылы әр азаматтың ұлттық рухы қалыптасып, елінің намысшыл азаматын тәрбиелеу міндеті де атқарылады. Сондықтан да рухани өмірдің қандай бір саласы болмасын ежелден қалыптасып, бүгінгі күнге жеткен дәстүрлерін жинақтап, сақтау, насихаттау, соларға сүйене отырып трансформациялау, заман талабына сәйкес, жаңа технологияларға негізделген соны, тың туындылар жасау арқылы мәдени мекемелер ұлттық мәдениет дамуына өз үлестерін ерекше қоса алады. Бұл тұрғыда әдеби-музыкалық композиция, тақырыптық кештер, театрландырылған концерт, байқаулар, сайыстар, театрландырылған қойылымдардар, ток шоу, фестивальдер, көрмелер, мерейтойлар, бұқаралық мерекелер сынды т.б. іс-шараларды ұйымдастыруға қатысатын режиссерлер, сценарий авторлары, хореографтар, суретші, актерлармен бірге әрине іс-шара жүргізушілеріне қойылатын заманауи талаптар да жоғары болып отыр.

Мерекенің идеялық-тақырыптық негіздемесін жасап, сценарий жазылып, дайындықтар басталған кезден бастап, басты көкейкесті түпкі ойды көрерменге жеткізетін адам, бұл әрине - жүргізуші. Өнердің саласындағы білікті мамандардың пікіріне сүйенетін болсақ, «жүргізуші – бұл – оркестр адам», ол актер, ол режиссер, ең бастысы көрерменге де, тыңдаушыға да, ойыншыға да қызықты, тартымды адам.

Жазып берген мәтінді сахнада мәнерлеп ғана оқып беретін жүргізушілерді конференсье деңгейіне жеткізу мәдени-тынығу жұмысы саласындағы шешуді қажет ететін басты мәселенің бірі тұрғаны ащы шындық. Конференсье (француз тілінен адарғанда – баяндамашы, көркем сөз шебері деген мағынаны білдіреді) - концерттік-эстрадалық ойын-сауықтарды жүргізуші әртіс. Ол ойын-сауыққа қатысушыларды көрермендерге хабарлап, әрі оларды ойын-сауық арасында суырып салмалық қасиетімен уытты әзіл-оспақ, күлкілі қалжыңмен көңілдендіріп отырады. Конференсье өнері сахна орындаушысынан мәнерлі үнді, қиыннан қиыстырар тапқырлықты, әдебиет саласынан мол багажды, өткір тілділікті талап етеді. Бізде жүргізушінің арнайы мектебі жоқтың қасы. Сондықтан да осы уақытқа дейін біз іс-шараларды ұйымдастырушылар, театр актерларына, белгілі өнер иелеріне иек артып келдік. Әрине тілі таза, сахналық тәжірибесі мол, дауысы, демі қойылған жетекші актер үшін жүргізушілік аса қиын емес болып көрінері хақ. Дегенмен де бұл өнердің де арнайы көңіл бөліп, ден қойып үйренетін, игеретін жақтары да жеткілікті. Оның бастысы, әрине - сахна тілі.

«Сахна тілі - ауызекі тіл емес, ол өлшемдік бітім толыққанды, композициялық құрылымы түп-түгел, идеялық табиғаты көркемделген, шешен тілімен таразыланып, терең оймен өрнектелген, құлпырған көркі көргеннің көзі тоятын, жылы үнін естіген құлақтың құрышын қандыратын, ой дінгегіне, сөз шеберінің парасат бұлағына, құдығына байланып, асыл ойдың жасыл жайлауында терең тыныстап, мөлдірлігі көңілді ойға көмек беріп, тұңғыық ойдың айдынында таза саф алтындай жарқыраған, тілдік қуаты әбден пісіп жетілген тіл» - деген сипаттама береді сахна тілі мамандары Д.Тамбетова мен Э.Абсаматова өздерінің студенттерге арналған «Сахна тілі» атты еңбектерінде[4, 78б]. Қазіргі кездегі біздің жүргізушілеріміздің сахна тілі, сөйлеу шеберлігі қай деңгейде? Осы туралы айтып өтелік. Республика адеңгейінде өткізілетін, көбіне телеарналардан көрсетілетін мерекелік іс-шаралар, порттік кештерде 4-5 театр және кино актерларының қайта қайта тізгінді қолға ұстауы ащы шындық. Сонда жиырма миллион халқы бар егемен елімізде елді өзіне қаратып, қағазға қарамай сөз маржанын төгілтер мықтылардың болмағаны ма деген сұрақ туындауы бек мүмкін. Көптеген үлкен мегаполис пен облыс орталықтарындағы ауқымды шараларға да сол ат төбеліндей Алматы қаласының білікті жүргізушілерін шақыратынымыз тағы бар. Себебі түрлі ситуациялық жағдайларда қиыннан қиыстырып жол таба алатын, үлкен жауапкершілікті қажет ететін марапаттау рәсімі бар шараларда өз ісінің шеберімен жұмыс істеу ұйымдастырушылар үшін де, режиссерлар үшін де мерекенің жоғары деңгейде өтуінің басты кепілі. Сондықтан да тек алдындағы қағазға жазылғанды ғана оқып беріп қана қоймай, ақын жанды, интеллекті жоғары, ширақ қимылды, кез-келген қиын-қыстауда суырылып жол таба алатын, сахнадағы өнерпаздың ғана емес,

көрерменнің де тамырын дөп басып, көңілін тауып, жоғары дәрежелі дикция, тіл тазалығын көрсете білуге ұмтылу, конференсье деңгейіне жету – бүгінгі сахнаға сән беріп жүрген жүргізушілердің басты міндеті болғаны жөн. Дарынды конференсье дегеніміз – сөздік қоры мол, тілге шешен, тапқыр талант, әннен де музыкадан, биден де хабары бар, сахналық өнерді меңгерген жәй ғана шебер емес, өзі түскен ортаның «тілін жетік меңгерген» дипломат, өзі жүргізгелі отырған мерекенің барлық «тарихын» зерттеп, жете білетін білгір, сегіз қырлы, бір сырлы сайыпқыран.

Қорыта келгенде айтарымыз, жүргізушілердің білімінің, ой-өрісінің таяздығы, саяси сауатсыздығы, сөз саптауының жұтаңдығы көрініп, елдің сынына ұшырамауы үшін әрине сөйлеу шеберлігін шыңдау қажет. Жасыратыны жоқ, соңғы кездерде іс-шараның жүргізушілері сахна мен той алаңының айырмашылығын елемей, көп жағдайда сөйлеу мәнеріне сахна тіліне жат қыстырма(паразит) сөздерді өте көп қолданып жүр. Мерекеге дем алуға келген көкірегі ояу, көзі ашық талғамы зор көрермендер күнделікті тұрмыста жиі кездесетін сөздерді емес, мазмұнға бай, терең мағыналы, саралы ой түбінен шыққан сөз маржандарын тындап, ерекше эстетикалық ләззат алып кеткісі келеді, сахнада болып жатырған әрбір әрекеттен өресі биік өнерді талап етеді. Сол талап деңгейінен шығып, барлық белгіленген номерлерді идеялық-эмоциональдық тұрғыда өз шеберлігін салып әсерлі жеткізетін жүргізушілерге сөйлеу шеберлігін үнемі шыңдап отырудың маңыздылығы өте зор екенін тағы да қадап айтқымыз келеді. Бүгінгі күні әрине сөйлеу шеберлігін шыңдаймын деген, ізденемін деген адамға мүмкіндіктер өте мол. Қарым-қатынас мәдениетін жетік меңгерген, сахна тілі, сөйлеу мәдениеті саласының хас шеберлерінің анайы курстарына жазылып, ел алдында көсіліп, еркін сөйледуді, логикалық дұрыс ойды жеткізе білуді, түрлі қанатты сөздерді орын-орнымен қолдануды, сахна тілін, сөйлеу шеберлігін меңгеруге әбден болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сыздықова Р. Сөз сазы.(Сөзді дұрыс айту нормалары). Көмекші оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1995.-120 бет
2. Омар Е.О.,Сапарова Ю.А. Қарым-қатынас мәдениеті: Оқу құралы: - Шымкент, 2004.- 116 бет
3. Камалова Н.К. Қазақтың мәнін жоймас құндылығы: монография/Н.Камалова.-2-бас.- Алматы:«Нұрай Принт Сервис» ЖШС. 2014.-164 бет
4. Тамбетова Д.Х., Абсаматова Э.А. Сахна тілі. Оқу құралы/Шымкент,М.Әуезов атындағы ОҚМУ, «Өрнек » баспа орталығы, 2015.- 216 бет.

ҚҰРАНДАҒЫ ТӘДРИЖИЛІК (САТЫЛЫЛЫҚ)

Исламтану, 1 курс магистранты **Аширалиев Қ.А.**

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Балтымова М.Р.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Андатпа: Құран Кәрім ислам дінінің негізгі қасиетті кітабы. Ислам дініндегі әрбір теологиялық мәселе Құран Кәрімге негізделеді. Ал осы кітапты дұрыс түсіну – исламды дұрыс ұстануға алып келеді. Ал керісінше қате түсіну – исламды қате түсінуге алып келеді. Ал қандай да бір дін қате түсінілсе көптеген қиындықтар туғызады. Құран Кәрімді дұрыс түсіну үшін оның сатылап түсу принципін білу маңызды.

Кілт сөздер: Құран Кәрім, сатылап түсу, тәдрижилік, аят.

Құран Кәрім мұсылмандардың ең бірінші қайнар көзі. Және ең қасиетті кітабы. Құран Кәрімді дұрыс түсіну мұсылманның дін ұстануына тікелей әсер етеді. Құран Кәрім Жаратушыдан Мұхаммед пайғамбарға 23 жылда түсті. Негізі ислам теологиясында Алла тағала Құран Кәрімді әуелі «әл-Ләуху әл-Махфузда» бекітіп, сосын «Бәйту әл-Иззаға» бір-ақ мәрте түсірді де, берекелі рамазан айының мүбәрак қадір түнінде елшісі – Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) Жәбірейіл періштені жіберіп, адамзатқа тура жол көрсету үшін бөлек-бөлек аяттар түрінде жиырма үш жылға жуық уақыт бойы түсірді делінеді [1].

Сатылап түсу мағынасына келетін арабша «тәдриж» немесе «тәдәрруж» сөздері негізі араб тілі сөздіктерінде «көздеген мақсатқа ақырындап жету, мақсатқа қарай адым-адым жүру» деген мағынаға келеді [2]. Демек Алла тағала адамдарға ислам дінін жіберу арқылы белгілі бір ұлы мақсатты мұрат етті. Ол мақсатына жету үшін, немесе адамдарға мақсатқа жетудің жолын көрсету үшін осы «тәдриж» яғни сатылылық принципін ұстанды. Негізі сатылылық мәселесі өміріміздің ажырамас бір бөлігі деуге болады. Ол біздің өміріміздің барлық саласында бар. Әсіресе білім беру саласы бұл принципті өте қатты ұстанады. Мысалы бала мектепке енді қадам басып бірінші сыныпқа барғанда оған өз деңгейіне сай білім беріледі. Өйткені бұл табиғи заңдылық. Ешбір бала біліп туылмады және мектепке білімді болып келмейді. Оған жоғары сыныптардың немесе университет секілді жоғары оқу орнының тапсырмасын беру ақылға қонымсыз іс болады.

Жаратушы өзінің жаратылыс заңдары арқылы да, Құран Кәрім арқылы да сатылылық мәселесін бізге үйретеді. Мысалы ислам сенімі бойынша Алла тағаланың құдыреті шексіз. Кез-келген істі қаласа бірден «бол» деу арқылы болдыра алатын күшке ие. Оған байланысты Құранда дәлелдер бар [3]. Бірақ соған қарамастан өзінің жаратылыстарында «тәдриж» әдісін қолданады. Мысалы исламда адамның жаратылысы топырақтан жаратылды делінеді. Топырақтан адамның мүсінін жасап, содан соң оған жан берілді. Оған қоса адам баласының ана құрсағында қалыптасу кезеңдерін де айтуға болады. Сенімді хадистерде адамның ана құрсағында қалыптасуы бірнеше кезеңнен өтетіні баяндалған. Яғни, бірінші 40 күн аталық ұрық күйінде, 40 күн ұйыған қан, 40 күн бір тістем ет күйінде болатыны айтылады. Содан кейін ғана оған жан үрленеді [4]. Жоғарыдағы аятқа негізделіп айтатын болсақ, егер Алла қаласа адам баласының жатырда даму кезеңдерін бір сәтте жасауға құдыреті жетеді. Бірақ оны белгілі бір уақытқа байлады және баланың жатырда сатылап қалыптасуын қалады. Ислам ғұламаларының айтуынша, бұл жерде жаратушы Алла бізге сабақ беруді қалайды. Сатылылықты (тәдриж) үйреткісі келеді. Бұған ұқсас мысалдар Құранда өте көп.

Алла тағала жаратылысындағы табиғи заңдары арқылы тәдриж әдісін бізге көрсеткен. Енді бұл әдісті өзінің дінінің негізгі қағидалары мен ұстанымдары жиналған Құран Кәрімде жоқ деу үлкен қателік болады. Құран Кәрімді де тәдриж әдісімен түсірді. Оған қатысты аятта: «Біз саған (Мұхаммед) Құранды адамдарға асықпай оқып беруің үшін бөліп-бөліп түсірдік...» дейді [5]. Алла тағала Құранды бөліп түсірудегі мақсатын анық айтып тұр. Мақсат – адамдарға оны түсіндіру және адамдардың оны қабылдауы. Егер бірден барлығы түсетін болса адам табиғаты күрт өзгерістерді қабылдай алмайды. Адамды жаратқан жаратушы оған не қажет екенін және сол қажетін қалай беру керек екенін де жақсы біледі. Сондықтан Құран Кәрімді осылай бөліп-бөліп түсірген. Өйткені мақсат Құранды қалай болса солай түсіріп, оны қабылдағандарды марапаттап, қабылдамағандарды жазалау емес. Құранды барынша адамдарға ұғынықты етіп, оны қабылдату.

Құранның сатылап түсуінің тағы бір мәні басқа аятта былайша баяндалады: «Кәпірлер, бұл Құран неге бір ретте түспеді дейді. Негізі біз бұл Құранды сатылап түсіру арқылы жүрегінді қуаттаймыз...» - дейді [6]. Демек Құранның сатылап түсуі Мұхаммед пайғамбар мен сахабаларына рухани күш әрі азық ретінде де қажет болды. Әр кез Құран

түсетін кезде оны Жәбірейіл періште уахи ретінде алып келеді. Міне бұл Мұхаммед пайғамбарды рухани тұрғыда қуаттайды. Рухани мықты пайғамбар айналасындағы сахабаларын да рухани энергиясымен сусындата алады. Ислам дінінің алғашқы қалыптасу кезінде мұсылмандар өте аз және әлсіз болды. Міне осындай уақытта оларға үнемі демеу болатын рухани ұстаз керек еді. Ол әрине Мұхаммед пайғамбар. Ал Мұхаммед пайғамбарға да рухани қолдау керек. Оның қолдаушысы Жәбірейіл періште. Олардың Құран аяттары түсу барысында жиі кездесуі пайғамбардың иманын қауттап, рухани кемелдікке жеткізу үшін өте керек еді. Және әрбір жаңа түскен Құран аяты мұсылмандарға да жігер беретін. Адамның табиғаты өзі солай жаратылған. Әрбір адам бір істі алғаш бастап жатқанда қашан сол істің шебері болып, өзін-өзі алып кеткенге дейін бір жол көрсетушіге мұқтаж. Міне сол мысалды алғашқы мұсылмандарға да қолдансақ болады. Олардың да иманы бекіп, дін үшін жан беріп күресе алатындай иманның шыңына шығуына Құран аяттарының Жәбірейіл періште арқылы сатылап түсіп отыруы өте маңызды болды.

Құран аяттары Меккелік және Мәдиналық деп екіге бөлінеді. Бұлай бөлінуі де біз сөз етіп отырған тәдриж әдісіне негізделген деп айта аламыз. Енді біз осы мәселеге кеңінен тоқталамыз.

Меккелік аяттар деп – хижретке дейін түскен аяттарды айтамыз. Ал Мәдиналық аяттар дегенде – хижреттен кейін түскен аяттар меңзеледі. Бұл жердегі Меккелік және Мәдиналық аяттар дегенде мекен емес, уақыт тұрғысынан қаралады. Мысалы хижреттен кейін қандай да бір аят Меккеде түсетін болса оны Меккелік емес, Мәдиналық аят деп атаймыз. Өйткені жоғарыда айтып өтілгендей мәселе мекенде емес, уақытта [7]. Дегенмен бұл біраз тартысты мәселе. Бұған қатысты негізгі үш көзқарас бар деуге болады. Кейбіреулер Меккелік және Мәдиналық деп бөлуде мекенге қарай десе, енді бір топ ғалымдар адамдарға қарай деген тұжырым айтады. Яғни ондағы мәселе Құран аяты кімді меңзейді соған қараймыз дегенді алға тартады. Бірақ ең дұрыс әрі басым көпшілік ғалымдардың таңдауы, біз айтып өткен заман тұрғысынан қарау. Аяттардың бөлінуі – хижретпен өлшенеді.

Бұның өзі бізге тағы да тәдриж мәселесін еске салады. Өйткені Меккелік кезеңде түскен Құран Кәрім аяттарында көбіне сенім мәселелері айтылған. Ал хижреттен кейін түскен, яғни Мәдиналық деп аталған аяттарда құқықтық нормалар, ғибадаттар туралы айтылады. Енді Мекке және Мәдиналық аяттарға жеке-жеке тоқталамыз.

Меккелік аяттардың ерекшелігі – ол аяттарда жалпы алғанда сенім мәлесі бірінші орында тұрады. Ислам келген алғашқы жылдары мұсылмандар Меккеде көп қиыншылықтарға тап болды. Жергілікті билік мүшрік арабтардың қолында болған соң олар мұсылмандарға өте ауыр қиындықтар туындатты. Мұсылмандар соның бәріне сабыр етіп көнуге мәжбүр болды. Мұндай қиын уақытта мұсылмандарға жұбаныш болатын жалғыз нәрсе ол – Алладан түсетін аяттар еді. Ол аяттарда Мұхаммед пайғамбар мен оның сахабаларына бұрынғы өткен қауымдар мен олардың пайғамбарларының дін жолындағы күрестері және өз замандарындағы залымдардан көрген зұлымдықтары туралы айтылады. Сондай-ақ солардың ауыр сынақтарға қалай төтеп бергені, Алланың мейірімі кең екені, ақырет нығметтерінің молдығы туралы да баяндалған аяттар түсіп отыратын. Өткен қауымдарды мысал ретінде беру арқылы Алла тағала қазіргі мұсылмандарға да солар секілді табанды болуға, сабыр сақтауға шақырады. Сондай аяттардың бірін мысал ретінде берейік. Алла тағала Құран Кәрімде: *«(Уа, пайғамбар!) Расында саған дейін де қаншама пайғамбар өтірікшіге баланып, жалғанға шығарылды. Бірақ олар ол өтірікшілердің өтірігіне сабыр етті. Олар біздің жәрдемiмiз келгенге дейiн көп қиыншылық көрдi»* [8] - дейді.

Негізі жалпы Құран Кәрімнің басты тақырыбы сенім мәселесі. Ал осы тақырып Меккелік сүрелерде айқын көзге түседі. Мәдиналық сүрелерде сенім мәселесі жоқ деп айтуға келмейді. Бірақ Меккелік сүрелерде орын алғандай емес. Меккелік сүрелердің қарастыратын басты тақыры – сенім мәселесі (ақида).

Меккелік сүрелерде Алла тағала адамның бес сезім мүшесімен сезіп не өлшеп біле алмайтын ақырет әлемі туралы және өзінің бар әрі жалғыз екеніне біздің ой-санамыз жететін салыстырмалы мысалдар береді. Кейде табиғат құбылыстары арқылы өзінің жалғыз, теңдесі жоқ екенін дәлелдейді. Бұған қоса өзі жіберген елшілерінің (пайғамбарлар), өлімнің, өлген соң қайта тірілудің бар екенін. Қайта тірілген соң адамның әрбір ісіне есеп беретінін де дәлелдермен, мысал бере отырып айтады. Мысалы Ясин сүресінде бір мүшріктің қолына шіріген бас сүйекті ұстап пайғамбарға келіп, «Мына шіріген сүйекті кім тірілтеді» деп сұрайтыны бар. Меккелік сүрелерде осы секілді тақырыптар қозғалады. Және осындай сұрақтарға адам ақылына қонымды қисынды дәлелдерді мысал бере отырып жауап береді.

Меккелік аяттарда исламға дейінгі «надандық» дәуірінің ескі әдет-ғұрыптарын сынайды. Әрине бұл соқыр сынау емес, қисынға қонымды сын деп айтуға болады. Өйткені Құран Кәрім аяттарының қай-қайсысы болса да ақыл қағидаларына қайшы емес. Қатып қалған догма да емес. Керісінше ақылға қонымды дүниелер алға тартады. Кәпірлердің, мүшріктердің өмір сүру салтынының дұрыс еместігін, пұтқа табынушылықты ақымақтық екенін, ақылды адамның мұндай әрекеттерге бармайтынын айтып, адамдарды тура жолға шақырады. Міне осы кезден-ақ ислам мәдениеті мен өркениетінің ірге тасын қалана бастады деуге болады [9].

Мекке кезеңінде түскен аяттарда иман негіздері, жаратылыс сыр, өмірдің мәні, Алланың сипаттары және ғибратты қиссалар көп айтылады.

Алла тағала Мекке кезеңінде түсірген аяттарында адамдарға қарата «Уа, адамдар» деген сөзді қолданады. Бұдан біз Меккелік аяттарда тек мұсылмандарға ғана емес, керісінше барлық адамдарға үгіт бар екенін түсінеміз [10].

Мәдина кезеңі. Меккеде сенім негіздері қалыптасып болған соң ғибадат, қарым-қатынас және қоғамдық ережелер бекітіле бастады. Өйткені Мәдина кезеңі шариғи үкімдердің түскен кезеңі. Негізі шариғи үкімдер ежелден бар деп айтуға да болады. Мекке кезеңінде оларды «маскутун анһа» деп қарастырсақ дұрыс болады. Оның мағынасы «айтылмаған, уақытша үнсіз қалған» дегенге келеді. Яғни Алланың шариғи үкімдері әуел бастан бар еді. Мысалы оразаның парызығы Алланың ілімінде тек Мәдина кезеңі басталған кезде ғана пайда болған жоқ. Ол бұрыннан бар еді. Жәй ғана Мекке кезеңінде айтылған жоқ. Сол секілді Мәдинада басқа да шариғи үкімдердің қалыптасу кезеңі болды десек қателеспейміз. Бұл кезеңде мұсылмандардың сенім тұрғысынан да, әлеуметтік тұрғыдан да, тіпті саяси-экономикалық тұрғыдан да біршама күшейіп, белгілі бір деңгейде мемлекет болып қалыптасты.

Мәдинада мұсылмандарға қарсы Мекке мүшріктерінің соғыс ашуы себепті соғысқа (жиһад) қатысты үкімдерді баяндайтын аяттар түсе бастады. Сәйкесінше соғыс жағдайларының шариғи үкімдері бекітілді [11].

Мұхаммед пайғамбар мен сахабалары Құран аясында ақиқатқа негізделген мемлекет құру барысында тәдрижилік ұстаным арқылы бір реформа жасады. Бұл мемлекет әуелі «қарым-қатынас» қоғамы ретінде, сосын «құқықтық қоғам» ретінде, сосын «құқықтық мемлекет» ретінде көрініс тапты.

Мекке мен Мәдина кезеңін бөлек-бөлек емес, бір бүтін ретінде, толықтай қарастыру керек. Өйткені екеуін бірге зерттемей исламның қалыптасу картинасын құрастыра алмаймыз. Ислам тарихында ойып орын алатын ғұлама Әш-Шатиби Меккедегі түскен аяттарда мызғымас қағидалар айтылса, Мәдина кезеңінде түскен аяттар соның түсіндірмесе әрі ашықтауы деп айтады. Негізі шариғаттың мақсаты дін, жан, нәсіл, ақыл мен мал-мүлікті қорғау. Ал бұл мақсаттарды бекіткен үкімдер Мекке кезеңінде-ақ түсті. Мәдина кезеңінде түскен аяттар оларды тарқатып жеткізді. Осы кезде

жоғарыда айтқан, Мекке мен Мәдина кезеңін бір бүтін ретінде қарастырудың маңыздылығы ашылды деп ойлаймын. Бұған мысал ретінде Меккедегі «жақсылыққа шақыру мен жамандықтан тыю» үкімінің Мәдина кезеңінде жиһад үкімімен толыққанын айтсақ болады [12].

Меккеде түскен аяттардағы бір құдайға сенім және рухани құндылықтарды күнделікті өмірде қолданысқа енуін және сол құндылықтарға негізделген қоғам құруды Мәдинада түскен аяттар бекітті. Мәдинада ислам мемлекеті қалыптаса бастады. Соған орай ол кезде ғибадат және қарым-қатынас мәселелеріне қатысты аяттар көп түсті. Мысалы саяси-экономикалық, кітап иелерімен қарым-қатынас, мемлекет аралық дипломатиялық қатынастар, соғыс, соғыстан туындайтын олжа мен тұтқындар мәселелеріне қатысты үкімдердің барлығы Мәдинада қалыптасты. Меккелік аяттарда адам мен Алла арасындағы қарым-қатынастар қарастырылса, Мәдиналық аяттарда адам мен адам арасындағы қарым-қатынастар қарастырылады.

Мәдинада түскен аяттарда жеңілдік мәселесі және тәдрижилік тұжырымдары бар. Мысалы Бақара сүресінің 286 аятында: Алла ешкімге шамасы жетпейтін істі жүктемейді» - деген аят Мәдинада түскен. Тағы сол Бақара сүресінің 285 аятында: «Алла ауырлық қаламайды, жеңілдік қалайды» - деген аятын да айтуға болады.

Осы кезеңде түскен аяттарда Алла тағала пенделеріне жеңілдік қалайтынын білдіреді. Қиындық бар жерде, жеңілдік принципі алға шығатыны айтылады. Мысалы сапарға шыққанда ораза ұстамауға болатыны, намаздың қысқартылуы және қосып оқылуы секілді жеңілдіктер бізге тағы бір рет діннің мақсаты адамды қиындыққа салу емес, керісінше жеңілдік қалайтынын көрсетеді.

Қорыта келе Құран аяттарының сатылап түсуінде сатылылық принципі бар екенін айтуға болады. Негізі сатылап түсу мәселесі тек Құранда ғана емес. Пайғамбардың хадистерінде де біз мұны көруге болады. Бірақ тақырып Құран аяттарының аясында болған соң біз хадистерді қарастырмаймыз. Жоғарыда келтірген аяттардан байқағанымыздай, Алла адамдарға тек жақсылық қалайды. Сол үшін де адамдарға қиындық тудырмау мақсатында әрбір шариғи үкімді сатылап түсіріп отырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Маннағ әл-Қаттан, Мабахису фи улуми әл-Қуран, 96-б. Дамаск, - 1990.
2. Абдулғани Абул Азм, Муғжам әл-Ғани, 456 б. Триполи, - 2000.
3. Бақара сүресі, 117-аят.
4. Бухари, Муслим. «Халқул инсан» бабы.
5. Исра сүресі, 106 аят.
6. Фурқан сүресі, 32 аят.
7. Мухаммад Абу Захра, Әл-муғжизатул кубра, Әл-Құран, Дәрул фикрул араби, 21 бет. Мысыр, - 2008.
8. Анғам сүресі, 34 аят.
9. Абул Ағла, Тәфһимул Қуран, 18 бет. Бейрут, - 1998.
10. Әз-Зәркәши, Әл-Бурһан, 132-135 бет. Каир, - 2003.
11. Бақара сүресі, 216 аят, Тәубе сүресі 36 аят.
12. Әш-Шатиби, Әл-Муафақат, Мысыр, дәру ибн Афған, 3 том, 235-236 бет. Каир, - 1993.

ТЕОЛИНГВИСТИКА: ДІН МЕН ТІЛ САБАҚТАСТЫҒЫ

2-курс дінтану магистранты **Қасымхан Д.**

*Ғылыми жетекшісі: филол.ғ.д. профессор А.Д. Құрманалиева
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

Аңдатпа: Бұл мақалада дін мен тіл арасындағы өзара қарым-қатынасы мен байланысы туралы. Мәдениеттер мен қауымдастықтардағы мінез-құлықты қалыптастыруда дін мен тілдің алар орны ерекше. Адамзат бір-бірімен тілдесіп коммуникация орнату үшін тіл керек болса, рухани өмірінде Құдаймен тілдесіп, адами қасиеттерін жетілдіру үшін діннің маңызы зор болды. Дін мен тілдің байланысына тоқталмас бұрын бұл ұғымдардың мәні мен зерттелу аумағы да ауқымды.

Кілт сөздер: дін, тіл, теолингвистика, діни тіл, діни орта.

Мәдениеттер мен қауымдастықтардағы мінез-құлықты қалыптастыруда дін мен тілдің алар орны ерекше. Адамзат бір-бірімен тілдесіп коммуникация орнату үшін тіл керек болса, рухани өмірінде Құдаймен тілдесіп, адами қасиеттерін жетілдіру үшін діннің маңызы зор болды. Дін мен тілдің байланысына тоқталмас бұрын бұл ұғымдардың мәні мен зерттелу аумағына тоқталып өтсек.

«Тіл» ұғымына ғалымдар әр түрлі анықтамалар берген. Ағылшын филологы Г. Свит бойынша тіл дегеніміз «идеяларды жеткізуге көмектесетін сөздерге негізделген дыбыстар тізбегі. Сөздер сөйлемдерді құрайды және мұндай комбинация идея мен ойдың ұштасқаны іспетті» деп тұжырымдаған. Американдық лингвистер Б. Блох пен Дж.Л. Трейгер мынадай анықтама ұсынады: «тіл – бұл ерікті түрде алынған вокалдық белгілер жүйесі, ол арқылы әлеуметтік топ өз мүшелерінің ынтымақтастығын іздейді» [1, 74 б.]. Бірінші анықтамада тілдің идеалды жағына назар аударса («ой»), екіншісінде –тілдің маңыздылығында («ерікті сөйлеу белгілері») көңіл бөледі. Егер Г. Свиттің анықтамасына сүйенетін болсақ, діни тілдің материалдық субстраты діни идеялары болады (белгілер мен мағыналары). Екінші анықтамаға сүйене отырып, діни тілде бірінші кезекте діни рәміздерінің материясын, белгілердің пайда болуы, мәтіндерінің лингвистикалық компонентін зерттеуге көңіл бөлу керек болады. Сайып келгенде, діни тіл ұғымына екі көзқарас та сай келеді, алайда ең алдымен лингвистикалық ерекшеліктерінен бастаған жөн.

В. Гумбольдт (1767-1835) жасаған гипотеза бойынша адамның ойын білдіріп және қалыптастыруына көмектесетін кез-келген тілде жасырын метафизика бар. Бір ғасырдан кейін бұл идеяны Ресейде А.А. Потемня (1835-1891) дамытты. XX ғасырда американдық лингвисттер Э. Сепир (1884-1939) және Б. Уорф (1897-1941) сол уақытта қызу пікірталас тудырған «лингвистикадағы салыстырмалылық гипотезасын» алға тартты. Бұл гипотезада тіл мен ойлаудың тікелей өзара тәуелділігі туралы айтылады. Ойлау жүйесінің ұлттық ерекшеліктерге байланысты өзгеріске ұшырауы көптеген этникалық тілдерде көрініс табады. Этникалық тілдердегі метафизикалық мазмұнның айырмашылығы ретінде мәтіндерді нақты аудару алмауды айтса болады. Мысалы, орыс православие терминдерін англиканизм тұрғысынан дәл жеткізу мүмкін емес.

Дін мен тілдің байланысы ретінде сенушінің жасайтын дұғаларын алсақ болады. Жалбарыну, қалаған мұң-мұқтаждарын, тілектерін айту арқылы Құдаймен тілдесуге тырысуды діни өмірдің өзегі десек те болады. Дін туралы жұмбақ тақырыптар күнделікті ауызекі тілде көп қолданылады және олардың мәлімдемелері белгілі бір дәрежеде жаппай түсінуге қол жетімді. Қарапайым және діни мағынаға ие кез-келген терминдер («сенім», «үміт», «махаббат», «құтқару» және т.б.) бір-бірімен көп ұқсастықтарға ие. Сонымен бірге бұл терминдердің мәні контекстке байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Бірінші жағдайда прозалық сарындағы мәні болса, екінші жағдайда абсолюттіге қатынас туралы. Діни тіл деп конфессиялық қарым-қатынас процесінде

идеяларды бөлісу мақсатында қолданылатын құрал ғана деп айта алмас едік. Тіл болмаса адамның ойлау алаңы тарылар еді. Сөйлеу процессі кезінде адам санасында көптеген ойлар мен идеялар пайда болады. Осы ойларды сыртқы ортаға жеткізуші – тіл.

Дін мен тілдің өзара байланысы мен бір-біріне әсер ету процессін зерттейтін ғылым саласын теолингвистика деп атайды. Дін және тіл мәселесі әдетте философия, теология, дінтану, лингвистика және де басқа да ғылым салаларында зерттеледі. Тарихқа ең алғаш теолингвистика терминін Жан-Пьер ван Ноппен енгізді. 1981 жылы осы тақырыпта монографиялық еңбегі жарыққа шығады. Теолингвистика – адам сөздері арқылы Құдаймен қарым-қатынас орнатуға тырысуы. Осылайша тіл діни тұрғыда коммуникация орнатуға арналған құрал ғана емес логикалық ойлау жүйесі ретінде де көрініс табады. Д. Кристел жасаған Кембридждік сөздіктің арқасында теолингвистика ғылыми ортада танылмалдыққа ие болады. 1999 жылы А. Вагнердің Касселде болған 32-нші лингвистикалық коллоквиумде оқыған «Теолингвистика? – Теолингвистика!» баяндамасынан кейін көптеген ғылыми қызығушылықтар пайда болады. А.Вагнер ғылымда енді зерттеліне бастаған «социолингвистика» және «нейролингвистиканың» қатарына жаңа ғылыми зерттеу бағыты ретінде теолингвистиканы қосады. 2008 жылы Германияда «Theolinguistik» кітабының 1-нші томы жарыққа шығады. [2, 290-б.] Қазіргі уақытты бұл баспадан теолингвистика туралы жазылған 5 кітап жарыққа шықты. Соңғы онжылдықта әлемнің әр түпкіріндегі (Нидерланды, Германия, Ұлыбритания, Польша, Сербия, Украина, Белоруссия, Россия, Словакия, Бельгия және т.б) ғалымдар діни тәжірбемен діни санада тілдің алатын орны туралы ауқымды зерттеу жұмыстары жасауда.

Теолингвистика (гректің *theos* “құдай” және латынның *lingua* “тіл” деген сөздерінен) – тіл мен діннің тоғысында пайда болған ғылым саласы. Ол діннің тілмен байланысын айшықтайтын және онда берік орныққан көріністерін қарастырады. Ғылыми әдебиеттерде оған «тіл білімінің дін тілін тар және кең мағынасында зерттейтін саласы» [3, 290-б.] деген анықтама берілген. Теолингвистика- құдай және онымен байланысты басқа да діни ұғымдарды, олардың атауларына, яғни теонимдердің қолданысына қатысты ерекшеліктерді, дінтану немесе теология ғылымының шеңберіне кіретін көптеген мәселелерді қарастыратын дербес сала болып табылады. Оның диахронды және синхронды теолингвистика деген үлкен екі бөліміне қатысты өзекті мәселелері арнайы қарастыруды қажет етеді. Теолингвистиканың дербес ғылыми бағыт ретінде танылуына А.К.Гадамский Н. Б. Мечковская, С. И. Шамарова сынды ресейлік ғалымдар өзіндік үлесін қосып келеді. Ресейде А.К. Гадамский аталмыш саланың негізін салушы ретінде мойындалған. Ол ұсынған «теолингвистика», «дін тілі//діни тіл» (религиозный язык), «діни стиль» сияқты терминдер ғаламның діни бейнесі мен ғаламның тілдік бейнесі арасындағы өзара байланысты барынша дәл, сәйкес түрде айшықтайтындықтан, ғылыми айналымға еніп, орыс, башқұрт зерттеушілерінің еңбектерінде тұрақты қолданылып жүр .

Шетелдік және ресейлік зерттеушілердің еңбектерінде «теолингвистика» терминіне балама ретінде «сакролингвистика» /сакралды – қасиетті, киелі, шарапатты д.м./, «діни лингвистика» «теопоэтика», «лингвистикалық дінтану» «православтық лингвистика» деген атаулардың қолданылып жүргені байқалады [4, 362-363-бб.]. Осылардың ішінде «құдай», «тәңірі», «жаратушы» сияқты лексемалардың және тіліміздегі діни сенімді білдіретін көптеген атаулардың ұғымдық аясын барынша толық қамтитын «теолингвистика» нұсқасын негізгі термин ретінде алуға болады. Ал «теопоэтика» нұсқасын діни өлеңдер мен поэзиялық шығармаларға қатысты термин ретінде қолдануға толық негіз бар. Сондай-ақ «лингвотеология» терминінің семантикалық әлеуеті «теолингвистикамен» барабар десек, «лингвистикалық дінтану» нұсқасын оның бір бөлігі, ал «православтық/католиктік/протестанттық лингвистика» деген нұсқаларды аталмыш саланың түрлі конфессияларға қатысты тармақталған бағыттары деп санауға болады.

Жалпы қазақ тіл білімінде теолингвистика бағытында жазылған зерттеулер біршама. Соның ішінде, профессор Б.Сағындықұлының «Ғаламның ғажайып сырлары» (1997) атты еңбегін, Ы. М. Палтөренің «Абай Құнанбайұлының шығармаларында Құран және хадис мәтіндерінің интерпретациялануы» тақырыбындағы философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясын (2012) арнайы атағанымыз жөн. Сонымен қатар Сүйеркүл Б. М., Сейітбекова А.А. «Тарихи теолингвистика: қалыптасуы, дамуы, негізгі бағыттары. Н.Рабғұзидің «Адам ата-Хауа ана» қиссасы мен А.Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастаны материалдары негізінде» атты 2017 жылы жарық көрген монографиялық еңбегін де осы тізімге қоса аламыз. [5, 62-63-66.]2021 жылы ҚР БҒМ ҒК Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Кирилл және латын графикаларында теолингвистикалық сөздік» жасалды. Бұл сөздікте қазақ тіліндегі діни еңбектер мен әдеби шығармаларда, сондай-ақ діни сайттардағы мәтіндерде қолданылған тек Ислам дініне қатысты лексикалық бірліктер жинақталып, сөзтізбеге алынған. Сөзтізбеге алынған сөздердің кирилмен қатар латынша нұсқасы да бар. Сөздікте 600-ге жуық сөз қамтылып мақалалардағы атау сөздердің (бірнеше нұсқасы бар сөздің әдеби нұсқасы атау сөз ретінде алынған) анықтамалары, түсіндірмелері, этимологиялық белгісөздері, дәйектемелік материалдары нақ әрі жүйелі берілген.

Теолингвистика зерттейтін алғашқы өзекті тақырып- тіл арқылы діни идеяларды жеткізу. Тіл қарым-қатынас процесінің негізгі құралы болғандықтан діни ілімдер мен нанымдарды жеткізуде тілдің алар орны ерекше. Тілдік құрылымдардың діни идеяларды қалай қалыптастыратынын және жеткізетінін зерттеу діннің мәнін және оның қоғамдағы рөлін жақсы түсінуге көмектеседі. Құдайға құлшылық жасап, арман-тілектерін жеткізуді де осы топқа жатқызуға болады. Тілдің күдіреті, сөздің күші ең дұрыс бағаланатын әлеуметтік институт дін деп айтуға болады. Мысалы, спиритуалисттік шіркеулерде айтылған сөздің міндетті түрде орындалатындығы жайлы сенім бар. Сондықтан олар «өлім», «ауру» секілді сөздерді айтудан қашқақтайды. Индуизмде қасиетті мәтіндердің кейбір бөліктері тиімділігін арттыру мақсатында бірнеше рет қайталанатын. Оған дәлел – мантралар. Кейбір мұсылмандар Құран аяттары жазылған тұмарларды тағып жүреді.

Теолингвистика айналысатын екінші маңызды аспект- діннің тілдік құрылымдарға әсері. Дін, әсіресе қасиетті мәтіндері бар ұйымдасқан діни жүйелер тілдің дамуына және оның құрылымына қатты әсер етеді. Мысалы, әртүрлі діни мәтіндерде сенушілер қауымдастығының тілінің қалыптасуына әсер ететін нақты терминдерді, синтаксистік құрылымдарды және грамматикалық ережелерді қолдану байқалуы мүмкін. Тілдік идеологияларды қалыптастырудағы діннің рөлі ретінде қасиетті мәтіндер маңызды орын алады. Мысалы, Ислам, Иудаизм мен Индуизм араб, еврей және санскрит тілдерін қасиетті деп санайды (Шифман,1996). Шынында да, исламда дұғаларды тек араб тілінде жасауға болады. Ал христиандықта қасиетті тіл ұғымын қасиетті жазбалар жазылған тілдер: латын, грек тілдері құрайды. Діни тәжірибе сайып келгенде қасиетті кітапта және кітап туралы айтылған пікірлердің айналасында шоғырланады. Барлық қасиетті жазбалардың көрнекті әдеби қасиеттері мен түпсіз мағынасы бар. Сенушілер өз діндерінің қасиетті мәтіндеріне үлкен құрметпен қарап, ұқыпты ұстауға тырысады.

Теолингвистиканың үшінші өзектілігі - бұл тілді мәдени мұраның бөлігі ретінде зерттеуге мүмкіндік береді. Дін мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және осы мәдениетте қолданылатын тілмен тығыз байланысты. Теолингвистиканы зерттеу тілдің мәдени маңыздылығын және оның әртүрлі халықтар мен қоғамдар үшін маңыздылығын тереңірек түсінуге көмектеседі. Әлем тарихынан қанша ұлт өз отанынан қуғынға ұшырап, қоныс аударуға мәжбүр болса да өз мәдениетімен ана тілдерін ұмытпаған. Ресейде негізі қаланған, кейіннен Америкаға қоныс аударған Молокандар діни бірлестігі осы күнге дейін өз құлшылықтарында орыс тілін қолданады. Иудейлік Ашкенази мен Сефарди бағыттары арасындағы лингвистикалық ерекшеліктер де олардың бір тілді қолданып отырса да, өткен кезеңдердегі географиялық тұрғыдан

алшақтығы себепті туындайды. Ал заманауи Израильдегі жастардың қолданатын лингвистикалық құралдары жаңа әлеуметтік айқындалудың діни тіл ретінде мүлдем бөлек тілді қабыл етумен қатар жүретіндігін көрсетеді. Бірақ бұл жаңа діни тіл кейде қолданыстан шыққан көне тіл немесе түпкілікті өзгертілген тіл болуы да мүмкін.

Теолингвистика сонымен қатар діннің әсерінен тілдік құрылымдардың өзгеруін зерттейді. Діни мәтіндер мен тәжірибелер сөз семантикасының өзгеруіне, жаңа терминдер мен құрылымдардың пайда болуына және грамматикалық ережелердің өзгеруіне әкелуі мүмкін. Осы тілдік өзгерістерді зерттеу тілдің дін контекстінде қалай дамитынын және діннің қоғамның тілдік дамуына қалай әсер ететінін түсінуге көмектеседі. Діннің тілге әсері айналасындағы ең көп зерттелген тақырыптардың бірі – діннің тіл саясатына және оның таралуына қалай әсер ететініндегіне қатысты. Шифман (1996) мұны көптеген халықтардың мысалында келтіреді. Мысалы, Оңтүстік Кореяны 1910 жылы Жапония толығымен отарлап алды. Кәрістерге мектептерде кәріс тілін қолдануға тыйым салынды. Тек американдық миссионерлер аймағына бұл саясаттың күші жетпеді. Бұның нәтижесінде Азиядағы ең сәтті христиандық миссионерлік іс әрекет Оңтүстік Кореяда жүзеге асты [6, бб.433]. Басқа мысал ретінде Францияға шекаралас орналасқан Эльзас аймағын ала аламыз. Бастапқыда бұл жердің тұрғылықты халқы неміс тілінде сөйлейтін болған. Алайда французша сөйлейтін протестанттық гугеноттар әсерімен француз тілінде сөйлейтіндер көбейеді. Бұған неміс тілінде сөйлейтін жергілікті лютерандықтар қарсы шығып гугеноттарды елден қудалай бастайды. Бұл жағдай олардың Страсбургте басқа қалаларға көшуге мәжбүр етті. Қала адамдары алдыңғы аймаққа қарағанда оларға толерантты қарады. Содан кейін бұл босқындар Француз шапқыншылығын орната бастады [7, бб. 65].

Үнді түбегінде тіл мен дінде үлкен айырмашылықтар болды. Дегенмен, негізгі тілдер арасындағы сөйлеу вариацияларда аса қатты өзгешелік болмады. Жазу жүйелерінің мүлде басқа болуына байланысты діни жазбаларында түрлі өзгерістер болды. Урду тілінде сөйлейтіндердің басым көпшілігі мұсылман болғандықтан урду тілі араб емлесіне сай жазылады. Хинди тіліне индуизмнің қасиетті діни мәтінінің тілі – санскрит алынды. Пенджаби – сикхизмнің діни мәтіндерінің тілі болды. Бұл тілдік айырмашылықтар діни негізде саяси бөлінуге ықпал етті.

Діни өмір әрқашан символға және белгіге толы. Діни тіл құдай туралы жоғары идеяларды жеткізуге таптырмас құрал. Дін адамзат мәдениетінің құндылық негізі болғандықтан, діни тіл қоғамдық өмірдің негізін құрап, өмірге трансцендентальдық мән береді. Діни терминдер құндылықтардың негізгі төрт тобын қалыптастырады:

- а) абсолютті құндылық (Құдай);
- б) шекті мақсаттардың құндылықтары (Құдай патшалығы, мәңгілік жан, жұмақ);
- в) осы мақсаттарға жетудің жердегі құралдары (дін, шіркеу, сенім, культ);
- г) дінмен қасиетті күнделікті өмірдің құндылықтары.

Сенушілер өз діндеріндегі белгілі бір тілдік құрылымдарға ерекшелік беруге ұмтылады. Мысалы: а) ғажайып құбылыстар (Иерусалимдегі жыл сайынғы Пасха кереметі, глоссолалияның кереметі); б) Құдай туралы ойлар (абсолютті идея, жұмақ идеясы); в) мистикалық тәжірибе (нуминозды тәжірибе, медитация күйі, «жоғарыдан» аян тәжірибесі); г) сенім-нанымдар (Жаратушыға, Құтқарушыға, шіркеудің қателеспейтіндігіне); д) культтік практиканы (литургия, , крест жорығы) айта аламыз.

Тілге қатысты көзқарас қауымдастықтың лингвистикалық қайнарларының кез келген қырына әсер ете алатындықтан, түрлі тілдердің қолданылуына да ықпал ете алады. Дін екінші бір тілдің қолданылуына себепкер болатын немесе бір тілдің жоғалып кетуіне ықпал ететін қуатты күш. Сол себепті теолингвистика дін тілін немесе діни тілді зерттеуде тек діннің емес, тілдің де ерекшеліктерін ескеріп, екеуінің өзара ықпалдастығы мен бір-біріне деген әсерін негізге ала отырып, осы екі ұғым арасындағы байланысты көрсету арқылы тілдің құрылымы мен жүйесінің дұрыс күйінде сақталуына, ал дін

тілінің өз алдына дінге сенушілердің дүниетанымын айқындауда қосымша құрал ретінде қала беруіне өзіндік септігін тигізе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гелюта А. М, Староверов В. И. Социальный облик рабочего–интеллекта. М, 1977. Б. 74.
3. Rambo, L. R. Conversion studies, pastoral counseling, and cultural studies:engaging and embracing a new paradigm / L. R. Rambo // Pastoral Psychology. -2010. № 59. P. 433– 445.
4. Heirich, M. Change of Heart : a test of some widely held theories of conversion / M. Heirich //American Journal of Sociology. — 1977. — Vol. 83. — № 3. — P. 65-68.
5. Samarin, William J. (1972) Tongues of men andangels. The religious language of Pentecostalism,New York.
6. Сүйерқұл Б. М., Сейітбекова А.А. «Тарихи теолингвистика: қалыптасуы, дамуы, негізгі бағыттары Н.Рабғұзидің «Адам ата-Хауа ана» қиссасы мен А.Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастаны материалдары негізінде. Монография. – Алматы, 2017. – 140 б.
7. Samarin, William J. (1972)“The Language of Religion”. Basics II: Basic Sociological and Sociopsychological Concepts, Toronto, Canada.
8. Bauman, Richard (1970) «Aspects of 17th century Quaker rhetoric», in: Quarterly Journal of Speech. Б.510

Қ.ХАЛИДИ МЕН С.ҒЫЛМАНИДІҢ ӨМІРБАЯНДЫҚ ЖИНАҚТАРЫНА САЛЫСТЫРМАЛЫ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

«Исламтану» 2-курс магистранты *Елеусызбаева Н.М.*
Ғылыми жетекші: PhD доктор, аға оқытушы Жамашев А.Ш.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Аңдатпа. Бұл мақалада тарихшы Құрбанғали Халиди мен көрнекті қоғам және дін қайраткері Сәдуақас Ғылманидың ғалымдардың өмірбаянын баяндайтын биографиялық еңбектеріне салыстырмалы талдау жүргізілген. Құрбанғали «Шығыс қазақ даласының ислами биографиялық сөздігінде» 1770-1912 жылдар аралығын қамтыса, Ғылмани «Заманамызда болған ғалымдардың ғұмыр тарихтары» еңбегінде ХІХ ғ.с.-ХХ ғасырдағы тұлғалар жайлы сөз етеді. Жақын уақытта өмір сүрген екі ғалымның жазу стилінен, биографиялық еңбектерінен методологиялық ұқсастықтар байқалады.

Кілт сөздер: ғалымдар биографиясы, Халиди, Ғылмани, діни қайраткер, табақат.

Құрбанғали Халиди – тарихшы, этнограф, өлкетанушы. Оның қолжазбалары мен басылып шыққан еңбектері Шығыс Қазақстан және Шыңжаң өлкесінің өткенінен хабар береді. Құрбанғали Халиди (Халидұлы) 1846 жылы қараша айында Аягөз қаласында дүниеге келген. (Жамашев, 2023б: 270).

Құрбанғалидың балалық шағы Аягөзде өтті, бастауыш білімді 1850 жылдары Петропавл көпесі Мұртаза Мақсұтов салдырған (Кармышева, 1971:101) Аягөз медресесінен алды. Мұнда тәлім берген алғашқы ұстазы – Шейхул-ислам Ахун ибн Мұхаммед-Садық ибн Исмаил (д.қ.ж. 1889). Одан кейін білімін Семей медреселерінде жалғастырды. Ол Семей тарихына қатысты деректерді Семейдегі ұстаздарының бірі молда Мәлік ибн Мұхаммед-Рахим Шамауиден естіген. Шынында, Құрбанғалидың тарихшы ретінде қалыптасуына әсер еткен әрі ауызша тарихи деректерді жинауға

қызығушылығын оята білген бірден-бір ұстазы – осы молда Мәлік (Allen, 2001:74-75). Басқа да ұстаздары жайлы ол қолжазбасында кеңірек мәлімет берген (Khalidi, 2005).

Біраз уақыт Бақты бекінісінде тұрып, кейін 1874 жылдан бастап 1913 жылы өмірден қайтқанша Құрбанғали Шәуешек қаласындағы мешітте имамдық қызметін атқарды, сонымен қатар, жергілікті татар медресесінде дәріс берді. Оның барлық тарихи еңбектері осы кезеңде жазылған (Khalidi, 2005:XX).

Жалпы Құрбанғали Халиди және оның еңбектері жайлы Кармышева Ж., Мұқанова А., Халитова И., Тұрсын Ж., шетелдік ғалымдардан Allen J. Frank, Османов М. іргелі зерттеулер жүргізген (Кармышева, 1971; Мұқанова, 2007; Халитова, 2014; Allen, 2001:63-82; Халиди: 2016)

Сәдуақас Ғылмани (1890-1972) – Ақмола облысы, Ерейментау маңындағы Малтабар ауылында дүниеге келген көрнекті қоғам және дін қайраткері, аудармашы, хадисші, ақын. Ол Ерейментаудағы бірнеше мешіттің алғашқы имамы. Қайраткер 1952-1972 жылдары Қазақстан қазиятының қазии, сондай-ақ Орта Азия және Қазақстан діни басқармасының мүшесі қызметін атқарды. Ағартушы 70-жылдары «Құран туралы жала мен өтіріктерге қарсы» атты кітап, 110 мыңға жуық сөзді қамтыған «Арабша-қазақша түсіндірме сөздік», «Ел аузынан жиған-тергендер (бишешендер мұрасы)» жинағын даярлады. Құран-Кәрім аяттары мен хадистердің қазақша тәфсірлерін, мәуліт өлеңдерін, діни сауалдарға жауаптар мен діни уағыздарды да әзірледі. 14 тараудан тұратын әйгілі «Кәлила мен Димнаны» қазақшаға аударды. Қазақстан Ғылым академиясының тапсырмасымен әл-Фараби шығармаларын араб тілінен тікелей қазақ тіліне аударуға атсалысты. Қайтар алдындағы өсиетіне қарағанда, ол «ислам діні туралы 42 кітапша жазған, «Кәлила мен Димна» аудармасын 1958 жылы Ғылым академиясына тапсырған, Олжабай Нұралыұлы екеуі Л.Толстойдың «Адамның ақыл парасаты» атты еңбегін өлеңмен аударған» (Исатайұлы, 1993:106; Қамзабекұлы, 2017: 191; Ғылмани, 2010:5). Сәдуақас Ғылманидың өмірбаяны мен еңбектеріне қатысты жеке зерттеулер жасалған (Мүминов, 2015; Бердалиев, 2016; Қамзабекұлы, 2017:191).

Сәдуақас Ғылманидың өмірбаяндық жинағы «Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары» атымен екі том болып басып шығарылды. Мүминов Ә., Франк А.Дж. бастаған зерттеу тобы кітапты өңдеп, бірінші томды кирилл емлесімен қазақша нұсқасы мен ағылшын тіліндегі аудармасына арнады. Ал екінші томында толықтай қолжазбаның факсимилесі берілген (Ғылмани, 2015:24).

Зерттеудің негізгі бөлімінде екі өмірбаяндық жинақты құрылымдық және ішкі (мағыналық) тұрғысынан салыстыра қарастырамыз.

Екі еңбекке жалпы сипаттама. Халидұлының қолжазбасының жалпы көлемі – 137 парақ. Тарихшы Құрбанғалидың жоғарыда аталған қолжазбасының мазмұны:

- 1a-18b парақтары Семей қаласы мен ондағы діни білім орталықтарының тарихы;
- 19b-109a парақтары атаусыз өмірбаяндық сөздік;
- 110a-112a парақтары Шәуешектің тарихына қатысты материалдар;
- 112b-137b парақтары Құрбанғали отбасының шежіресі жайлы мәліметті қамтыған (Khalidi, 2005:XX).

Қолжазбаның алғашқы екі бөлігін Аллен Франк пен Мірқасым Османов ағылшын тілінде биографиялық сөздік ретінде өңдеп шығарған. Оны қазақ даласында жазылған ислами ғылымдарының дәстүріне сай табақат еңбектерінің қатарына қосуға әбден болады. Семей қаласы мен ондағы мешіт-медреселердің тарихына қатысты 1a-14a парақтарындағы мәлімет «Materials for the Islamic history of Semipalatinsk: two manuscripts by Aḥmad-Walī al-Qazāni and Qurbān‘ali Khālidi» кітабында, ал 21b-98a және одан кейінгі кейбір парақтары (106b, 107b, 108a) «An Islamic biographical dictionary of the Eastern Kazakh steppe, 1770-1912» кітабында жарияланған. Алғашқы, соңғы парақтарының берілмеуі ол беттердің табылмауы немесе оқылуының қиындығымен байланысты болуы мүмкін. Ағылшын тіліндегі аудармадан кейін екі кітаптың да соңында түркі (шағатай) тіліндегі мәтін берілген. Аталған кітапта қолжазба Мірқасым Османовтың кітапханасында сақталғаны жазылған. Бірақ Құрбанғали

Халидидің немересі Исламия Рамазанқызымен жүргізген сұхбатта ол бүгінгі күні қолжазбаның нақты қай жерде сақталғаны белгісіз екені айтылды (Жамашев, 2023а: 386).

«An Islamic biographical dictionary of the Eastern Kazakh steppe, 1770-1912» шығармасында автор көбіне Ресейдің қарамағындағы Семей және Қытайдың қарамағындағы Шәуешек қалаларының ғалым, сопыларына көбірек тоқталған. Еңбектің жартысы дерлік Семеймен байланысты тұлғаларға арналған. Оған қоса, аймақтық кішігірім Бақты, Аягөз, Лепсі, Қопал, Өскемен, Көкпекті, Зайсан секілді қалалар жайлы мәлімет бар (Khalidi, 2005:XXI-XXII). Халиди шығыс аймақтарынан, көбіне Семей қаласынан шыққан, тұрақтаған, уақытша өмір сүрген барлығы 107 тұлғаның өмірбаянын қысқаша, кейбірін кең мәліметпен таныстырады, соның ішінде көпшілікке танымал Алдар көсе (бірақ оны аңыз ретінде көреді), Жиренше шешен, Құнанбай қажы есімдері кездеседі. Жинаққа енгендердің барлығы таза ғалым емес, әртүрлі дәрежеде діни білімі бар тұлғалар, генерал Остриев секілді қоғам қайраткерлері де, Алдар көсе сынды аңыз кейіпкері де айтылғанымен, Халидидің критеріі бойынша, исламға, исламды зерттеуге қатысы бар болғандықтан хатқа түсті. Аталған генерал Остриев Құранды зерттеуге қатысқандықтан жинаққа енгізілген. Бір тұлғаның өмірбаянын баяндау барысында оған қатысы бар басқа да тұлғаларды сипаттаған. Соның нәтижесінде жинақта айтылған жалпы тұлғалардың саны көп шығады. Халидидің өзі даталарды һижри жыл санағымен берген, ал өңдеп шығарған авторлар оның жанына милади күнтізбесіне сәйкес жылды қосып берген.

Ал Ғылманидың жинағы 9 бөлімнен тұрады, мұнда көптеген тұлғалардың, негізінен, Қазақстанның солтүстік және орталық аймақтарынан шыққан тұлғалардың өмірбаяны жинақталған. «Сәкен Ғылмановтың өрелі мұрасы» тізімінде 59 адамның өмірбаяны жинақталған, қолжазба 980 беттен тұрады деп көрсетілген. М. Салқынбай да бұл сандарды қайталайды (Ғылмани, 2015:19). Басылым екі томнан тұрады. Бірінші томға өмірбаяндық жинақтың қазақ (кирилл емлесімен) және ағылшын тілдеріне аудармасы енді. Аудармада кісі есімдері, географиялық, этностық атаулар мен терминдердің авторлық нұсқасы сақталды. Аударма мәтінінде тік бұрышты жақша ішінде түпнұсқа беттерінің рет саны көрсетілген. Екінші томда түпнұсқа мәтіннің факсимилесі беріледі. Екі томды да толыққанды ғылыми көрсеткіштермен қамтамасыз ету көзделді. (Ғылмани, 2015:24).

Еңбектегі тұлғалар реттілігі. Халиди өз еңбегінде тұлғаларды көне түркі (шағатай) әліпбиінің ретімен тізген, яғни, «әлифтен» бастап «йә» әрпіне дейін ретімен берсе, Ғылманиде тақырыптарға қатыстылығына байланысты реттелген. Көбісі өз есімдерімен танылған. Оған қоса Халиди лақабы мен күниясын көрсеткен.

Стиль тұрғысынан екі жинақта ұқсастық бар. Негізінен, екі еңбек те ғылыми болғанымен, көркем әдебиет стилі басымдық береді, кейде, тіпті, ауызекі стилге тән сөздер қолданылған, тіркестерден эмоционалды реңк байқалады. Құрбанғали Халиди еңбегінен бір мысал: Артұқ қари ибн Абдул-Қаһһар дамолла Наманганди. Қари, имам. Әкесі 1291/1874-1875 ж. Шәуешектегі №2 мешіттің имам болған. Одан кейін 1295/1878 ж. оның орнына ұлы Артұқ қари келеді. Оның ілім дәрежесі жоғары емес, Құран оқуына да қатысты күмәнді. Оның сөзі мен ісінде диуана болса да, әулиелік қасиеттермен сипатталған. Оның діндарлық дәрежесі белгісіз болғанымен, (манакиб) ғалымдардың, ізгі тұлғалардың қиссаларын, артықшылықтарын асқан ыждағаттылықпен айтып беретін әрі өзгелерден артық білетін. Жиындарда көп сөйлейтін, жұртты шаршатып жіберсе де, айтқанын тыңдап тұрған адамның бар-жоғына қарамай, үзбей сөйлейтін. Егер біреу оған қарама-қарсы отырып, бір жағына сөйлесіп жатса, оны түрткілеп, назарын аударатын. Өзін тыңдамағандарды дөрекі балағаттайтын. Ал тыңдаушылар оны әулие деп, қорлығын сүйсіне тыңдайтын (Khalidi, 2005:10).

Енді Ғылманидың жинағынан мынадай бір үзінді келтірсек: Токмұхаммад (Туқ-Мухаммад Думаұлы) (1851-1916 жж.) - Барақ-Шабак деген таптың ішінде Есіркеп деген

рудан тараған. Әкесі – кедей шаруа Дума. Ауылы - Ерейментау Керегетастың Тұмсық деген жері. Білім алған орны - Қызылжар 1-махалла имамы Ахмад Уали хазіреттен. Қасиеттері: өзгеге сыр бермейтін, намысқой, шешен тілді болғаны молда болып келгеннен кейін аңдалды.

Айтушылардың сөзінше, ұстазы Ахмад Уали хазіретте оқып жүргенде өте зейінді шәкірт болған деседі. Ұстазына қарсы сұрақ-бахстарды көп қоятын, оңайлықпен тез ғана сабақ алып шығып кететін шәкірт болмапты деседі. Бертін келе ұстазы жеті күнде бір-ақ сабақ беретін болыпты, өте зейіні кемуі үшін «әһлі Кітаптың» нанын жегізу керек деп, ұстазының тапсыруы бойынша бір шәкірттер ертіп апарып, нанын жегізіпті-міс. Өзі оңаша ғана жататын болады. Түнде оның хұжрасында пері болып, солармен бірлесіп сұхбаттасатын болыпты-мыс деген әңгімелер айтылады. Ескі усул бойынша ақайыд даражасында ғана оқыпты. Содан кейін ұстазына қарсы келуі себепті, ұстазы оны медреседен шығарыпты делінеді. Қарсы келуі мынадай бір уақиғадан болыпты...» (Ғылмани, 2015:89) деп сөзін жалғайды.

Жазу тілі. Кармышеваның айтуынша, Құрбанғалидің көпке танылмай қалуына негізгі себеп шығармаларының тілінің күрделілігінде болса керек. «Тауарих хамса-и шарқи» еңбегі татар, шағатай лексикасын қамтыған түркі тілінде жазылған. Сонымен қатар, онда арабизмдер көп (Кармышева, 1971:100). Оның өмірбаяндық жинағы да осы дәстүрді жалғастырады. Сонымен қатар, Халиди тарихи еңбектерін жазу барысында жазбаша деректермен қатар, ауызекі таралған мәліметтерге көбірек жүгінген. Өмірбаяндар жинағында да өзіне дейінгілерден естігенін қағазға түсірді және өз замандастары жайлы жазды.

Сәдуақас Ғылмани болса, А. Байтұрсыновтың әліпбиі бойынша насх үлгісінде араб графикасында, қазақ тілінде жазған. Шығарманың тілі қазақтың ауызекі сөйлеу тіліне жақын. Мәтінде араб және парсы сөздері мен сөз тіркестері көп кездеседі. Көптеген өмірбаяндарда сипатталып отырған тұлғаның фотосуреттері желімделген. Шығарма 1967 жылдың маусымында Алматыда басталған. Өмірден озғанға дейін автор мәтінге толықтырулар енгізіп отырған. Мәтін автордың өз жазбаларынан, басқа адамдар жазған және Садуақас Ғылманиға пошта арқылы жіберген өмірбаяндардан құрастырылған. Мұндай өмірбаяндары бар хаттар Петропавл, Павлодар, Қарағанды, Жанаарқа, Теміртау қалаларынан, Қазақстанның басқа да орталық және солтүстік аудандарынан келген. Бұлардың кейбір бөлігі кітапқа енгізіліп, ал кейбірі хат-қағаздар қалпында топтамаларында сақталып қалған (Ғылмани, 2015:19).

Негізі екі еңбек те биографиялық сипаттама жасағанымен, манақиб еңбектерінің дәстүріне сай, яғни, сөз қозғалған адамның қасиеттерін білдіруге, халық арасында танылған оқиғаларын бүкпесіз баяндауға көңіл бөледі. Тіпті кейбір тұлғалардың айыпты қасиеттерін де жасырмайды.

Қорыта айтқанда, салыстырмалы талдауға аталған екі жинақты таңдап алуымыздың себебі – географиялық және заман факторы, Халиди Қазақстанның шығыс аймақтарындағы қазан төңкерісіне дейінгі діни ахуалды жеткізсе, Ғылмани орталық және солтүстік аймақтардағы, қазан төңкерісіне дейінгі және кейінгі жағдайдан хабар береді. Сонымен қатар, өмірбаяндық жинақ жазу дәстүрі қазақ жеріндегі тарихшы, зерттеушілердің ғана емес, Рамзи, Ахмад Уәли әл-Қазани секілді өзге татар ғалымдарының еңбектерінен байқалады. Ендеше, XIX ғ.с.-XX ғ.б. арнайы мемлекеттік жүйенің талабы немесе бастамасымен болмаса да, жекелеген зерттеушілер тарапынан ислам дінінің таралуын хатқа түсіру үрдісі қазақ және татар халқы арасында кеңінен етек алған деген нәтижеге келеміз.

Аталған табақат еңбектерін зерттеу сол кездегі мұсылмандардың жағдайынан хабар берген дін қайраткерлерінің жазу стилін тануға; деректану саласына: соның ішінде авторы белгісіз қолжазбалардың хронологиялық мерзімін анықтауға көмектеседі. Оған қоса, биографиялық еңбектерден бұған дейін белгілі болмаған тұлғалардың есімдері шығады. Бұл зерттеу XIX-XX ғасырдағы қазақ даласындағы ислам дінінің тарихына,

тұлғатану, деректану салаларына қызығушылық танытатын зерттеушілерге пайдалы болады деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Allen J. Frank, Usmanov M. Materials for the Islamic history of Semipalatinsk: two manuscripts by Ahmad-Walī al-Qazāni and Qurbān‘ali Khālidī. – Berlin: Das Arabische Buch, – 2001.
2. Khalidi Q. An Islamic biographical dictionary of the Eastern Kazakh steppe, 1770-1912. ed. Allen J. Frank, Mirkasyim A. Usmanov. Brill’s Inner Asian library. – Brill, Leiden, 2005. V. 12. – P. 179.
3. Бердалиев И. Сәдуақас Ғылманидың теріс ағымдарға тойтарыс берудегі әдіс-тәсілдері. – Астана. Мастер по ЖШС. – 2016. – 288 б.
4. Ғылмани С. Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары. – Алматы. Дайк-Пресс. – 2015. – I. – 576+8 б.
5. Ғылмани С. Шығармалары. Құраст.: Д.Қамзабекұлы. – Алматы. «Ел-шежіре». – 2010. – 392 б.
6. Жамашев А., Елеусызбаева Н. *XIX ғ. II жарт. – XX ғ.б. Семей қаласының рухани-ағартушы тұлғалары жайында құнды қолжазба. // Студенттер мен жас ғалымдардың «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» Халықаралық ғылыми конференциясы материалдары. – Алматы. Қазақ университеті. – II. – 385-389 бб.*
7. Жамашев А., Елеусызбаева Н. *Шығыстың заңғар тұлғасы – Құрбанғали Халиди. // «Globally Interconnected: New Opportunities and Challenges for Sustainable Development» атты IV халықаралық ғылыми және оқу әдістемелік конференцияның ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалар жинағы. – Алматы. Қазақ университеті. – 2023. – 270-272 бб.*
8. Исатайұлы Қ. Дін және қоғам қайраткері Садуақас Ғылманидың еңбектері. Терілген қолжазба. – 1993-1994. – 106 б.
9. Кармышева Дж. Х. Казахстанский историк-краевед и этнограф Курбанғали Халиди. – Советская этнография, 1971. № 1. – С. 100-110.
10. Қамзабекұлы Д. Алаш арқауы (зерттеу мақалалар). – Алматы. «Қазақ энциклопедиясы». – 2017. – 408 б.
11. Мұқанова А. Н. Құрбанғали Халидтың «Тауарих хамса» еңбегі қазақ тарихының дерегі ретінде: т.ғ.к. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Ғылыми жетекші т.ғ.д., профессор Жұмашев Р.М. – Қарағанды, 2007.
12. Мүминов Ә., Бердалиев И. Сәдуақас қажы Ғылманидың атеистік пікірге қарсы тұрудағы әдіс-тәсілдері. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. – №1 (104). – 2015. – 221-225 бб.
13. Халид Қ. Тауарих хамса. Ауд.: Төтенаев Б., Жолдасов А. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.
14. Халитова И.Р., Халитова М.М., Халитов Б.М. Құрбанғали Халидұлы: тарихшы, этнограф, ғалым. Монография // – Алматы: «Evo Press», – 2014 -240 б.
15. Құрбанғали Халиди. «Тауарих-и хамса-и шарқи» – «Шығыстың бес тарихы», қолжазба, транскрипция, кітаби басылым, аударма. Ғылыми жетекшісі Т.Қ.Жұртбай. Транскрипциялағандар Б.Мұстафаев, Ш.Бегімтаев. Қазақша аударғандар Т.Жұртбай, Б.Мұстафаев, Ш.Бегімтаев. // А. 2016. –587 б.

АЛТЫН ОРДАҒА ИСЛАМ ДІНІНІҢ КЕЛУІ

Дінтану мамандығының 1 курс докторанты **Агабаев А.Т.**

*Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Балтымова М.Р.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

Аңдатпа: Ежелгі түркі және моңғол халықтарының тарихында көптеген ұқсастықтар болды. Шамандық идеология ең маңызды болды, бірақ бұл халықтардың Тәңірі жүйесі белгілі бір себептермен әртүрлі ұсынылды. Біздің шаманизм мен тәңіршілдікке деген қызығушылығымыз "моңғолдардың саяси мақсаттылығынан" гөрі тереңірек, Жошы Ұлысындағы шаманистердің исламды қабылдауының себептерін түсінуге деген ұмтылысымыздан туындайды.

Кілт сөздер: Алтын орда, ислам, дін.

Алтын Орда Дешті Қыпшақты Еділ Бұлғариясымен, Хорезммен, Каспий маңы аймағымен және Парсымен біріктіретін империяның ерекше мұсылман-моңғол аймағының құрамында болды. Жошы Ұлысына ежелден исламданған аймақтардың кіруімен мұсылмандардың мемлекеттік және қоғамдық институттардың қалыптасуындағы, қалалар мен қолөнердің, сауда мен мәдениеттің дамуындағы маңызын алдын ала айқындап берді [1].

Алтын Ордадағы мемлекеттік деңгейде сопылықпен айналысқан бірінші шенеунік 1258 жылы таққа отырған Берке хан болды. Осы уақытқа дейін ол көптеген елдерде исламның жалынды ізбасары ретінде танымал болды. Берке хан Бұхардағы мұсылман ғалымдарын аралап, әңгімелесті. Дәл сол жерде ол сопы шейх Сайфетдин әл-Бохарзиден исламды қабылдады [2].

Алтын Ордадағы алғашқы мұсылман ханы –шамандық дәстүрлерді жоққа шығаруымен танымал Берке (1255–1266). Тохты хан тұсында сауда мен қалалардың мүддесі үшін ақша айналымын біріздендіру жүзеге асырылды, бұл сауда жүйесінде оның ішінде сыртқы сауданы кеңейтуге мүмкіндік берді. «Бірақ Тохты реформаны аяқтамай қайтыс болды. Феодалдық ақсүйектердің ислам дінін ұстанған саудагерлермен және мұсылман дінбасыларымен, оның ішінде бұлғармен тығыз байланыста болған бөлігі Мұхаммед Өзбекті Орда тағына ұсынды. Соның салдарынан исламдық басқару бағытын ұстану шартын алға қойған мемлекеттің исламшыл күштерінің қолдауымен таққа отырған Өзбек ханға мұсылмандар мен өзге дін өкілдері арасында үнемі бұлтарып отыруға тура келді [3].

Ежелгі түркі және моңғол халықтарының тарихында көптеген ұқсастықтар болды. Шамандық идеология ең маңызды болды, бірақ бұл халықтардың Тәңірі жүйесі белгілі бір себептермен әртүрлі ұсынылды. Біздің шаманизм мен тәңіршілдікке деген қызығушылығымыз "моңғолдардың саяси мақсаттылығынан" гөрі тереңірек, Жошы Ұлысындағы шаманистердің исламды қабылдауының себептерін түсінуге деген ұмтылысымыздан туындайды[4].

Жошының болашақ ұлысында, XIII ғасырдағы Моңғол империясының бүкіл аумағын жаулап алу біркелкі болмады. Егжей-тегжейлі тоқталмай, моңғол империясының мемлекеттік дәстүрін зерделеу негізінде моңғолдардың жаулап алу саясатының стратегиясы мен тактикасында моңғолдарды әскери процестерге дайындау формасына байланысты бірнеше кезеңдерді бөлуге болатындығын атап өтеміз [5]. Біріншіден, бұл "көшпелі халықтар арасындағы түркі-моңғол бірлігін қыпшақтар мен олардың одақтастарын бөлу құралы ретінде" насихаттау үшін қолданылатын "біріктіру саясаты"бағдарламасын жүзеге асырумен байланысты кезең, онда үгіт-насихат объектісін таңдау критерийі «жалпы генеалогиялық шығу тегі (шынайы немесе бұрмаланғанына қарамастан) болды». Келесі кезең Хорезм және Еділ Болғариясы сияқты отырықшы мемлекеттермен соғыс қимылдарына дайындықпен байланысты "енді кішкентай моңғол ұлысына емес, үлкен және қуатты қағанаттарға – моңғолдар мен оларға қосылған түріктер қоныстанған көшпелі империяға қарсы тұрды" . Моңғолдар армиясында "моңғолдардың өздері небәрі 60 мың болды"[6].

Моңғолдардың Шығыс Еуропадан Орта Азияға, Арал маңына, Закавказьеге, Иранға ескі керуен жолдарының шабуылынан кейінгі қайта өрлеу Жошы Ұлысында халықаралық транзиттік сауданың дамуына ықпал етті. Бұған Батыспен керуен саудасын ұзақ уақыт бақылап келген ислам елдерінің саудагерлері үлкен пайда әкелді. Нәтижесінде Алтын Ордадағы мұсылман саудагерлері ықпалды саяси күшке айналды. Хорезмдік және болгарлық ірі саудагерлер бірте-бірте Алтын Орданың феодалдық дворяндарымен бірігіп, сатып алушылар, қаржылық кеңесшілер, дипломаттар рөлінде елдің саяси бағытына әсер ету мүмкіндігіне ие болды. Осылайша, Алтын Орданы исламдандыру идеясы әлдеқайда танымал болды, өйткені күшті хан билігі бар орталықтандырылған мемлекет қана сауда компанияларының керуендеріне мыңдаған шақырым Қыпшақ даласында қауіпсіздікке толық кепілдік бере алды [7].

Алтын Ордадағы исламның позициясының күшеюі түркі-моңғол тектілерінің ең жоғарғысын екі лагерьге – «жаңа сенімнің» жақтаушылары мен қарсыластарына бөлу процесінің күшеюімен қатар жүрді. Мемлекет өмір сүрген уақытта бұл жағдай үздіксіз болды. Исламның күшеюі моңғол - түркі көшпелі ақсүйектерінің ықпалына нақты қауіп төндірді, олардың жақтастары мұсылман топтары сияқты осы мемлекеттегі саяси билікке үміткерлердің қатарында болды. Осы симбиотикалық қарама-қайшылықтың дамуын бақылауға тырысайық; Ислам және моңғолдар мен түріктердің ескі сенімдері [8].

Алтын Орда әр түрлі қауымдастықтардың конгломераты ретінде (екі қауымдастықтың панорамасымен шектелейік: түркі-татар және моңғол) әр түрлі мәселелерді шешуде осы қауымдастықтардың мәдени дәстүрлеріне сүйенді. Табиғи сұрақ: бұл дәстүрлердің Алтын Орда мұрагері деп аталатын және біздің заманымыздың көптеген халықтары осы мемлекетпен, атап айтқанда, этникалық топтардың кристалдану орталығы ретінде байланыстыратын ортақ мұраға әсері қандай болды? [9].

"Бірде – бір халық бірнеше жыл ішінде мемлекеттілікті құрай алмайды; тармақталған мемлекеттік жүйенің (моңғолдар арасында) пайда болуын тек ұйғырлар кеңесіне немесе Шыңғыс ханның данышпандығына жатқызу аңғалдық болар еді". Әрбір дәстүр белгілі бір іс-әрекеттің тәртібі мен тәсілі туралы идеялардан тұрады [10].

Әр түрлі өркениеттердің өкілдері кездескенде, мәдениеттің рәміздерін әр түрлі түсіну олардың қарым-қатынасын қиындатады. Сонымен қатар, дәл осы негізде халықтар арасында ұзаққа созылған соғыстар жүріп жатыр, бұрынғыдай - әдетте тұздық астында "варварлық" және қазіргі кезде – ұлттық мүдделерді сақтау мақсатында Алтын Ордада оқиғалардың сәл өзгеше бұрылысы байқалды, онда әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлер кездесті, олардың жалпы күш-жігері екі ғасырдан бері "Шығыс Еуропа мен Орта Азияның ортағасырлық тарихында ерекше орын алған" мемлекет құрылып және жойылды [11].

Жазба деректерде әр кезеңде ислам дінін қабылдаған хандардың үнемі билікке құқылы беделді төрелер тарапынан қарсылыққа ұшырап отырғаны, олардың күреспен өткен өмірі сипатталады. Демек, дінге деген көзқарас Шыңғысхандық билеушілер арасында ұжымдық тұрғыда емес, жеке пікір деңгейінде болғаны және қоғамдық резонанс алып отырғаны анық. Осылайша олар діни топтар арасындағы үлкенді-кішілі мәселелер төңірегінде полемикалық дау-дамайларға алаң ашып беріп отырған.

Өзбек ханнан кейін оның екінші ұлы Жәнібек (1342– 1357) билікке келді. "Ол өзбектің бүкіл ұлысын исламға айналдырды, пұттардың барлық капицаларын қиратты, шамасы келгенше көптеген мешіттер мен медреселер тұрғызды. Ол барлық назарын халықты исламды қабылдауға аударды". Осылайша, Алтын Орда түріктері мен моңғолдардың санасында исламға дейінгі және исламдық қабаттар "қолайлы көрсеткіштерге" сәйкес келгенде, олардың бейбіт қатар өмір сүруі басталды, бұл бүкіл Алтын Орда қоғамының дамуына пайдалы әсер етті [12].

Жоғарыда айтылғандар Алтын Ордада түркі дүниетанымына бейімделген исламның таралуы табылды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді, ол көптеген түрлі мәдениеттердің элементтерімен қатар Тәңіршілдік элементтерін ежелгі түріктер

мен моңғолдардың ата – баба дінінің түрі ретінде шаманизмді және исламның пайда болуы ретінде сопылық элементтерін біріктірді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Исхаки Г. Идель-Урал. – Казань: Татарское кн. изд-во, 1991. – С. 17;
2. Газиз Г. История татар., 1994
3. Тәжімұрат М. Мазһабсыз мүміндер // Алтын Орда. – 2004. – №6 (212).
4. – Б. 28-31.
5. Бира Ш. Монгольская историография XIII–XVII вв. – М.: Наука. Гл. ред. Восточной литературы, 1978. – С. 10
6. Трепавлов В.В. Государственный строй...
7. Халиков А.Х. Монголы, татары., С. 21-42
8. Идель-Урал. – Казань: Татарское кн. изд-во, 1991. – С. 17
9. Кульпин Э.С. Путь России. Кн.1..., с. 14
10. Трепавлов В.В. Государственный строй..., с. 22.
11. Егоров В.Л. Золотая Орда: мифы и реальность..., с. 64.
12. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности..., с. 29, 30

«ӘЛ-ӘРБӘҮН ӘН-НӘУӘУИЯ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ИНСАН КАМИЛ КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Исламтану, 1-курс **Жанысбаев Р.М.**

Ғылыми жетекші: доцент, Жамашев А.Ш.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа: Кемел адам концепциясы қай заманда болмасын өз өзектілігін жоғалтпаған. Бұл мақалада әйгілі Имам Яхия ибн Шәраф ән-Нәуәуи Мухиддин деген лақап атымен танымал ғалымның жинақтаған «әл-Әрбауи ән-Нәуәуи» еңбегінде келтірілген хадистердің кейбірін келтіре отырып, кемелділіктің көрінісі қарастырылады. Ардақты Пайғамбарымыздың (Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қандай хадисі болмасын, адам баласын кемелділікке жетелейді. Сондықтан олардың арасынан бірнеше хадис келтіріп, жалпы Ислам сенімінің негіздеріне назар салынады. Кейбір хадистерге қысқаша ғалымдардың түсіндірмелері келтіріледі

Кілт сөздер: кемелділік, хадис, имам Нәуәуи, ихсан, тасаууф.

Кемелділік – ниет пен амал. Еңбекте келтірілген екінші хадистің мәтінінде ихсан, яғни кемелділік жайлы былай айтылған: ...Жәбірейіл (Алланың сәлемі болсын): «Енді маған ихсан жайлы хабар бер», – деген кезде Алла елшісі (Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ол – сенің Аллаға Оны көріп тұрғандай құлшылық қылуың, егер Оны көріп тұрғандай бола алмасаң, Ол сені көріп тұрғанын естен шығармау», – деп айтады... [1, б. 364] Алла елшісінің (Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бұл сөздерінен кемелділікке ұмтылған адам әрдайым бақылауда жүретінін естен шығармау керек екені анықталады. Себебі белгілі бір істер басқалардың назарынан тыс жүзеге асады деп санаған адам ол істерінде салғырттық танытып, кемеліне жеткізіп орындамауы мүмкін. Ол адам сыртқы келбетімен басқалардың көзіне түскен амалдарын керемет орындауы мүмкін, бірақ оның Аллаға ғана мәлім ішкі жан дүниесі мен руханиятының шынайы көрінісі кемелділіктен айырылады.

Бұны осы еңбекте алғаш келген ниетке қатысты хадис баяндайды. Ол хадисте: «Расында амалдар ниетке байланысты...» [2, б. 21], – деген ислам шарифатының үлкен маңызға ие қағидасы сипатталған. Бұл қағидаға сәйкес адам кемел, әрі толық болу үшін екі нәрсеге ұмтылу керек: дұрыс амал және шынайы ниет. Тек өзінің сыртқы көрінісін кемелдендіріп, бірақ ішкі жан дүниесі оған сәйкес болмаған адам өз кемеліне жетуі мүмкін емес. Сол секілді жақсы, әрі дұрыс ниетті болған адам өз іс-әрекеттерін дұрыстылыққа негіздемесе де осы жағдай.

Кемелділік – өз шегінді, шекаранды білу. Кітаптың он бірінші хадисінде Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ елшісінің (Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Адамның Исламды жақсы ұстануының белгісі – оның өзіне қатысы жоқтан бас тартуы», – деп айтқанын жеткізген [3, б. 457].

Ғалымдардың пікірінше келтірілген хадистен Пайғамбарымыздың (Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ерекше қасиеті, яғни, аз көлемді сөзбен үлкен, әрі терең мағынаны қамтуын аңғаруға болады. Өйткені сеніміз бойынша бір іс-әрекеттер атқарылса басқалардан бас тартуды қамтиды, және бұл жерде бас тартудың аспектісіне баса назар аударылады. Басқа ғалымдардың ойынша бұл толық сенімді қамтиды, себебі бұл хадисте тек бас тартуға ғана емес, сонымен қатар, қандай іс-әрекеттер орындау керектігі баяндалған. Атақты ғалым Ибн Ражабтің пікіріне сәйкес, бұл хадисте айтылған сөздер мінез-құлық пен әдепке негіз болатын ең ұлық сөздер. Ал, үлкен мухаддис Абу Дауд әс-Сижистани бұл хадисті өзінің сүннетімізге негіз деп санаған төрт хадистің қатарына қосқан [4, б. 81].

Кітап түсіндірмесіне сәйкес бұл хадистен шығарылатын пайдалар өте көп, және олар «инсән кәмил» концепиясының негіздерін ашып көрсетеді. Ислам дінінің ең маңызды мақсаттарының бірі ол – кемел қоғам құру. Осы мақсатқа сәйкес ол қоғам тіректерінің фундаменталды қағидаларына байланысты мәселелерді қозғайды. Олардың бірі, әрі маңыздысы ол – қоғамның әрбір мүшесі өзіне белгіленген шеңбер аясынан аспай, өзіне тиесілі қызметтер мен міндеттерді атқаруы. Бұл қағида бұзылған жағдайда қоғамның тыныштықта, бейбітшілікте болуы және оның тұрақты дамуы қиындай түседі. Бұл адам мен адам секілді қарапайым қарым-қатынастармен, қазіргі таңдағы қалыптасқан өркениетаралық, мәдениетаралық секілді күрделі қарым-қатынастардың барлығына бірдей қатысты. Алла Тағала Құранда: «Сондай-ақ сендерді бір-біріңмен танысып, табысуларың (һәм біріңе-бірің қамқоршы дос болып, өзара жәрдемдесіп, тату-тәтті өмір сүрулерің әрі жер бетін көркейтулерің) үшін сан алуан ұлыстар мен руларға бөлдік», – деп келтіреді [5, б. 517]. Осы тұрғыдан алып қарағанда дәл қазір үлкен өзектілікке ие, бір адамның басқа адамдардың ісіне араласу құбылысының өркениет, мәдениет деңгейіндегі көрінісі ретінде қарастыруға болатын жаһандану үрдісінің қоғамға кері әсерін байқауға болады.

Қоғамның күрделі процестері дұрыс қызмет атқару үшін оның қарапайым бір бөлшегі ретінде адамды өз қызметін дұрыс атқарып, өз шегін білу қажет. Бұл адамның рухани тұрғыдан да тұрақтылыққа, тыныштыққа апаратын дұрыс бағыт болып саналады. Себебі, егер ол өзіне қатысы жоқ бос нәрселерге уақытын арнаса, қажет нәрселерге көңіл бөле алмай қалады. Өз кезегінде бұл кез-келген адамның руханиятын құлдырауға әкеледі.

Атақты ғалым Имам Мәлик ибн Әнәс хабарларға сәйкес Лұқманнан оның биік дәрежеге жетуіне не нәрсе себеп болуын сұрағанда, ол шыншыл, сондай-ақ, аманатқа берік болып, және өзіне қатысты болған істерге араласпағанын айтқан [4, б. 83].

Кемелділік – өзімшілдік емес. Хадис жинағының он екіншісінде Аллаһ елшісінің (Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қызметшісі Әбу Хамза Әнәс ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың (Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Сендерден ешқайсың өзіне қалағанды бауырына да қаламайынша (толық) иман келтірмейді», – деген сөзін жеткізген [2, б. 31]. «Қырық хадис» жинағына түсіндірме

жазған әйгілі ғалымдарың бірі Әл-Жәрдәни бұл хадисті ислам негіздерінің бірі деп түсіндірген.

Адам кемелдікке жету үшін өз-өзін жетілдіріп, тек өзімен айналып, өз амандығы мен тыныштығын ойлап, соған ғана әрекет жасап қана емес, айналасындағыларды да осы бағытта шақырумен, оларға осы ізгі жолды қалаумен жетеді. Бұл жоғарыда келтірген кемел қоғам қалыптастыру деген дініміздің мақсатына сәйкес. Өйткені, қоғам жалғыз бір адамнан тұрмайтыны секілді, жалғыз бір адамның дамуы ғана да ол алдыға жылжымайды. Ол біртұтас жүйе ретінде оның әрбір бөлшегінің өзіндік маңызы мен рөлі бар. Сондықтан кемелділікті көздеген жан басқаларды соған жетелеу қажет. Осы осыға сәйкес жинақтағы тағы бір хадисті келтіруге болады.

Он төртінші хадисте Әбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың (Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, жақсы сөз айтсын немесе үндемесін, кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, өз көршісіне құрмет көрсетсін, кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, қонағына құрмет көрсетсін», – деген сөзін келтірген [2, б. 128].

Хадис мәтінінен негізгі үш ойды шығаруға болады:

1. Жақсы, дұрыс сөз айту, айта алмаған жағдайды үндемеу арқылы адам өзін, иманын кемелділікке жеткізеді.

2. Иман еткен адам сенімін кемеліне жеткізу үшін көршісін, айналасындағыларды құрметтеу көрсету керек.

3. Иман еткен адамын бір белгісі – қонағына құрмет көрсету.

Алғашқы ойға сәйкес қажетті жерде және уақытта ғана сөйлеп, және қажет кезде және мекенде үндемеу даналық пен кемелділік сипаттарының көрінісі деп нақты айтуға болады. Бұл қағидаға керісінше әрекет ету адамның толыққандылығына нұқсан келтіреді. Оның даму сатысында түрлі кедергілердің пайда болуына әсер етеді. Исламның қайнар көздерімен сусынданып, өз тұла бойына сіңірген қазақ дүниетанымында да осы ойға сәйкес айтылатын нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді кездестіруге болады. Мысалға, «жақсы сөз жарым ырыс» секілді жақсы нәрсені айтуға шақыру, және «он бәленің тоғыз – тілден» деген секілді үндемеуді насихаттау бар екенін байқауға болады.

Екінші ойға қатысты дініміз берік, тарих сүзгісі мен тәжірибесінде өзіндік тиімділігін дәлелдеген көптеген қағидалар мен ережелер бекіткен. Сондай маңызды ұстанымдардың бірі ол көршіге құрмет көрсету, оған жақсылық тілеп, қажет жағдайда жәрдемдесу. Иман етіп, ақыретін ойлаған адамның өмір жолындағы көршінің орнын ерекшелеудегі көзделетін нәрсе, ол – оның өміріндегі ортасының, айналасының негізгі құрамдас бөліктерінің маңыздысы, әрі кейбір жағдайда бастысы. Көршінің құрметтілігін арттырып, оның орнын ерекшелеу арқылы дініміз адамдардың бір-біріне қандайда бір зиян тигізбеуін қамтамасыз етіп, керісінше, пайда беруді міндеттейді. Ал бұл адамның және сол арқылы қоғамның кемелденуіне негіз болып, құлдыраудан сақтайды.

Имам Науауидің еңбегіне жазылған «Әл-Уафи» атты түсіндірмеде көршіге жақсылық жасаудың маңызын келтіріп, оның әдіс тәсілдері жайлы сөз қозғайды. Оның келесідей жолдарын айтады:

а) Көршінің қандай да бір қажеттілігін өтеп беру, көмектесуге ұмтылу.

ә) Оған көмектесу үшін белгілі бір дәрежеде зиян шекпейтіндей бір нәрседен бастартуды қажет етсе, соны істеу.

б) Көршіге сыйлап тұру [4, б. 97].

Хадистен туындайтын үшінші ойдың да негізінде адамды кемелдендіру мақсаты жатыр. Қонақты құрметтеу, оған жақсылық жасау адамның кез-келген жағдайда ізгі қасиеттерінен айнымауды, өз бойында оларды әрдайым жетілдіруге үйретеді.

Осы хадистегі ойларды жинақтап, ауқымын кеңейтетін «Қырық жинақтан» тағы бір хадисті келтіруге болады. Он жетінші хадисте Әбу Зарр Жундуб ибн Жунада мен Әбу Абдур-Рахман Муғаз ибн Жәбәл (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) Аллаһ елшісінің

(Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Қайда болсаң да Аллаһтан қорық, жаман істен кейін оны жоятын жақсы іс істе және адамдармен қатынас жасағанда жақсы мінез-құлық таныт», – деген сөзін жеткізген [3, б. 714].

Кемелділік – амалдарды кемеліне жеткізу. Жоғары дәрежедегі кемелділіктің сипатына сай жинақта он жетінші ретпен келетін хадисте Әбу Яғла Шаддад ибн Аус Пайғамбардың (Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ақиқатында, Аллаһ әр нәрсені (іс амалды) жақсы істеуге бұйырған, егер өлтіру (керек болса), жақсы тәсілмен өлтіріндер, тіпті мал соятын болсаңдар да жақсы орындаңдар, пышақты (жақсылап) қайрап, (сойылатын) малды азаптан құтқарыңдар», – деп айтқанын келтіреді [1, б. 293].

Ғалымдар бұл хадис қандай да амал болмасын оны барынша кемеліне жеткізіп жасау – әрбір адамға міндет деген ойға меңзейді деп айтқан. Әрине, ол іс-әрекеттер толық шарифатқа сай, соның шеңберінде болу қажет. Демек, бұл жағдайда байқайтынымыз істі толық қанды орындау кемелділікке жетелейтін, оның маңызды шарттарының бірі.

Кемелділіктің ажырамас бөлігі – ұят. Он тоғызыншы хадисте Әбу Мәсғуд Уқба ибн Әмр әл-Әнсари әл-Бәдри Аллаһ елшісінің (Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Шын мәнінде, адамдарға әуелгідегі пайғамбарлардан «ұялмасаң, білгеніңді қыл», – деген сөз қалған», – деген сөзін жеткізген [2, б. 319].

Кемел адамның өз жолынан таймай, өз ұстанымдарының берік ұстауға көмектесетін асыл қасиет – ұят. Бұл қасиет арқылы адам опасыз, арсыз және бос нәрселерден өзін аулақ ұстайды.

Ғалымдардың пікірінше, бұл хадисті үш тұрғыдан қарастыруға болады.

Алғашқысы, Бұл хадистегі «ар-ұят болмаса, қалағаныңды жаса» сөзде «Алланың қаһара мен азабы қатты» деген кәпірлерге ескерту жатыр деп айтуға болады. Осы секілді бұйрықтар Құран Кәрімде де көптеп кездеседі.

Екінші тұрғыдан, бұл хадистегі бұйрық Пайғамбарымыздың (Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кім менің атымнан жалған сөйлесе, өзіне тозақтан орын дайындай берсін» деген хадисіндегі бұйрық іспеттес.

Үшінші тұрғыдан алып қарағанда бұл хадистің мәтіні адам жасауға ұялмайтын іс-әрекеттер рұқсат деген мағынаға меңзейді. Яғни, егер адам белгілі бір іс-әрекетте орындауда басқалардың алдында қысылмаса, демек, ол істі жасауда еш әбестік жоқ.

Имам Науауи осы үшінші мағынаны алға тартса да, негізгі ғалымдардың көзқарасы бойынша бірінші мағына дұрыс болып саналады [2, б. 140-141].

Қорытындылай келе, кемелділікке апарар жолға түсу үшін адам өз бойына алдымен ниетін дұрыстап, содан кейін амалға кіру қажет. Сонымен қатар, амалының өзі дұрыс, әрі кемел түрде орындалуы керек екені айқын болды. Іс-әрекеттері басқаларға зиян тигізбей керісінше, пайда беріп, оларды да кемелділік жолына жетелеу керек. Осы асыл қасиеттер мен іс-әрекеттерді жүзеге асыраған адам, өзін жаман, арсыз нәрселерден өзінің бойын аулақ ұстау үшін ұятшылдықты өзін бойына сіңіру керек. Нәтижесінде адам шынайы кемелділікке бағыт алып, қоғамның дамуына жұмыс жасайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Муслим инб Хажжж. әл-Муснаду әс-сахиху әл-мухтәсару мин әс-сунәни би нақли әл-ьадли ьән әл-ьадли илә расулуллаһи саллаллаһу ьалейһи уә сәлләм . – Бейрут: Дәру әл-жил, 1916.
2. Мұхаммад бин Исмаил әл-Бұхари. әл-Жамиъ әл-Муснад әс-Сахих. – Бейрут: Дәру әл-жил, 1909.
3. Әбу Иса әт-Тирмизи. Жәмиъ әт-Тирмизи. – Иордания: Бәйт әл-Әфкәр әд-Дәулия, 2006. – 817 б.
4. Мұстафа әл-Бұға, Мухиддин Мисту. Әл-Уафи фи шәрхи әл-әрбәьин ән-нәуәуия. – Дамаск: Дәру әл-кәләм әт-тайб. 2007. – 376 б.

МУХКӘМ ЖӘНЕ МУТАШАБИҢ АЯТТАРДЫҢ МАҒЫНАСЫН ТҮСІНУДІҢ ТЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ

Исламтану, 1 курс магистранты **Еркебуланұлы Р.**

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Балтымова М.Р.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Аңдатпа: Мухкәм және мутәшәбиһ аяттарды түсіну-исламдағы көптеген адасулардың себебі болған дұрыс түсінбеудің алдын алатын және ислам теологиялық мәселелерінің негізін құраушы болып табылады. Барлық адасуға себеп болды дей алмаймыз. Адасуға аяттар себепкер емес, аяттарды түсінбеген адамдар себепкер екендігін көрсету үшін ислами дереккөздер көптеп дәлелдер келтіреді. Мутәшәбиһ аяттарды сақтап, адамды шатасудан аман алып қалатын дәрі Құран ғылымдары және мухкәм аяттарды дұрыс түсіну.

Кілт сөздер: насих, мансух, мухкәм, мутәшәбиһ, тәуил, ақида, кәләм

Ислам дінінің кемел дін ретінде айтылуы діннің көптеген артықшылықтары мен туралығына байланысты берілген анықтама екендігі белгілі. Бұл анықтама ғалымдар арасында да, қарапайым халық арасында да қолданыста жүргеніне қарамастан, діндегі кейбір ішкі мәселелерге байланысты көп сындарға ұшырап, қарсы көзқарастар айтылып жатқаны да жасырын емес. Қарсы көзқарастарға қарап тұрып, олар негізсіз деген жеңіл сөзді айту әркімге оңай әрине. Ал, ғылым иелеріне ондай жеңіл, дәлелі болмаған фанатизмге жақын сөзді айта салу пайда бермейді. Осындай негіздерге сүйене отырып сөйлейтін артықшылықтарына да байланысты болар, Алла Тағала ғалымдарды пайғамбарлардың мирасқорлары деңгейіне дейін көтеріп, ғылым ізденуші құлдарын ерекше дәріптейді.

Ғалымдар ислам дінінің бастапқы ғасырларынан бастап өте үлкен бүліктерге тап болғандығын ауыр сынға алады. Себебі, сондай үлкен бүліктердің себепкер болуынан көптеген сахабалардың өмірлері қиылып, үлкен ғылым ордаларына орны толмас шығындар келтіріліп, бір ғасырда біртуар ғалымдардың өмірлеріне қауіп төніп, ғылыммен еркін айналысуына тосқауылдар табылды. Ол бүліктерге түрлі себептер бар екендігін ислам ғалымдары алға тартады. Яғни, барлық бүлік тек бір ғана себептен шығып, тоқтаусыз соғыс болып жалғасты деген сөз емес, керісінше, әр заманда жаңа проблемалар туындап, ғылыми, саяси, діни шешімдерге мұқтаж болып отырды. Сансыз көп көзқарастардың кезекті бірімен қарасақ, бүлік мен проблема туындамаған жерде даму болмайтыны сияқты, ислам әлемі белгілі бір уақыттарға дейін тұрақты даму мен өркендеуін ондаған ғасырлар бойы тоқтатпады. Алайда, қоғамда адам өміріне қауіп төндіретін қайғылы жағдайлар аз орын алмады. Әр заманда, исламға өте үлкен еңбек сіңірген ғалымдар, қарымта сұрамастан, Алла разылығы мен адамзат игілігіне еңбек сіңіріп, жағдайларды жақсылықпен шеше білді.

Алайда, бізге керегі проблемаларды тауып қана қоймай, олардың шешімдеріне баса назар аудару. Себебі, заманымызда да өткен шақтың қиындықтары жаңа проблемаларға негіз болуы ықтимал оқиғалардың қатарынан шығып кетпейді. Сол проблемалардың бірі Құран аяттарын керекті мағына мен дәрежеде түсінбеу және алдай алмау.

Құран аяттары ислами үкімдер үшін кез келген салада басты қайнаркөз екендігіне күмән жоқ. Алайда, қайнаркөз болғандықтан Құранды ғылыми түрде түсініп талдау оңай

шаруа емес. Себебі, толығымен бір ғана ақылға салып түсіне салатын қарапайым құрылымды кездестіре қоймайсыз. Кез келген аятына ғылыми анализдер жасау арқылы неше түрлі үкімдер шығаруға болады. Сол үшін ислам әлемінде «улумуль Құран» деп аталатын ғылымдар жүйесі бар. Яғни Құраннан үкім шығару мен одан адамзат үшін жаңа пайдаларды табуға кірісуді көздеген адам Құранға қатысты бірнеше ғылымдарды толығымен игеру керек. Мысалы: қырағат ілімдері, Құранның түсу себептерін зерттейтін «әсбәун нузуль» ілімі, сарф ілімі, наху ілімі, бәләға ілімі, нәсих және мәнсух ілімі деген сияқты көптеген ілімдерді игеру керек. Ол ілімдерді игермеген адамға Құранды тәпсір жасап, өзінің ойын айтуына рұқсат берілмейді. Әрине, өз ойы ретінде білдіруіне емес, өзінің Құраннан түйгені ретінде таратып, кесімді дерекке айналдыруына қарсы. Себебі, Құран кез келген керекті білімдерді игермеген адамның ой елегінен өткізіп зерттеуіне көнетін кітап емес. Оған дәлел іздеген адам исламдағы мәһабтар тарихына назар аударса, керек деректер жетіп артылады.

Құранның аяттары бірнеше түрлі деңгейлер мен түрлерге бөлінетіні белгілі. Мысалы көп мәселелерде едәуір проблемалар туындауына себеп болып жүрген насих және мәнсух аяттар немесе мухкәм және мутәшәбиһ аяттар. Құран аяттарының осылардың арасындағы қай категорияға тиесілі екенін білмейтін кез келген адам аяттарды оқып, зерттеу барысында қате көзқарастарға ұрынуы мүмкін. Тақырып кеңірек ашылуы үшін аяттардың түрлерінің анықтамаларын белгілеп алу керек. Біріншісі насих және мәнсух. Ол насх ету процесі арқылы жүзеге асады. Шарифат үкімінің кейін келген екінші бір шарифат үкімінің әсерімен жойылуы-насах деп аталады. Жоюшы аят насих деп аталады, ал үкімі жойылушы аят мәнсух аят. Насих пен мәнсух [1, б. 190] үкімдерін білмеген адамның шатасып, артынан ергендерді адастыруы мүмкін екендігіне дәлел келтіретін болсақ Құранда шарап пен ішкілік жайлы бірнеше аят келеді. Бірінші аятта мас күйде намазға тұрмау жайлы айтылса, келесі аятта шарап пен құмар ойындардың шайтанның амалына жататын жағымсыз әдеттерге жататындығын ескертіп түбегейлі харам етеді. Енді екі аяттың қайсы мәнсух қайсы насих екенін білмейтін адамның жағдайына ойша анализ жасап көрсек, ол адам мас күйде намазға тұрмаңдар деген аятқа қарап, ал арақты түбегейлі харам ететін аятқа мән бермей арақ харам емес деген үкім шығаруы әбден мүмкін. Бұған себеп, ол адамның алдында аяттардың барлығы бір деңгейде болып көрінуі. Барлық аяттар бір деңгейде көрінген соң, оларды зерттемеген адам дұрыс емес үкім шығарады да арақты намаздан тыс уақытта қолдануға рұқсат беріп қойып, қоғамды адастырып, үлкен бүліктерге жол ашады. Біз аяттардың насих немесе мәнсух болатындығы жайлы қайдан білеміз деген сұрақ туындауы мүмкін. Ол жайлы бізге Құранның өзі Бақара сүресінің 106-аятында: «Біз (дінді кемеліне жеткізу һәм нығметтерімізді толықтыру үшін) қандай да бір аяттың үкімін (толық яки жартылай) жоятын немесе ұмыттыратын болсақ, орнына одан да абзалын, яки соған ұқсасын түсіреміз. Алланың құдіретінің барлық нәрсеге толық жететінін сен әлбетте білесің!» деп келген аяттағы аяттың үкімін жою сөзіне назар аударсақ, жою процесі келесі бір жаңа аяттың келуімен болатындығы белгілі. Алла Тағала айтылған аятта үкімі жойылған жағдайда одан басқасын келтіретіндігін баяндады. Құранды зерттеуші ғалым осы насих және мәнсух мәселелерінде шатасып қателіктерге ұрынуының алдын алу үшін тағы бір ілім болып саналатын аяттардың түсу уақыттары мен себептерін және түсу орындарын жеткілікті деңгейде зерттеп игеруі шарт.

Насх жасалуы жайлы кішігірім сөз қозғағаннан кейін тақырыптың негізгі өзегі болып отырған өте жоғарғы нақтылықты меңзейтін мухкәм аяттарды және көмескілігі жағынан соның қарама-қарсы жағында орналасатын мутәшәбиһ аяттар жайлы сөз қозғалады. Ең алдымен мутәшәбиһ аяттар жайлы өзге емес, қасиетті кәләмді адамзатқа түсіруші ұлы жаратушы қозғайды. Құранның Әли Имран сүресінің жетінші аятында Құранда мағынасы нақты болған мухкәм аяттар бар екендігін көрсетеді. Бұл бізге Құранның мухкәм болған аяттарын негізге алып, олардың көрсеткен шекарасынан шықпауымыз керек екендігіне нұсқау. Егер мухкәм аяттар көрсеткен шектеулер мен

үкімдерден шығып кеткен жағдайда, адам дінге жаңалық енгізіп, бидғат жасаушылардың қатарына кіріп кетеді. Аяттың келесі бөлігінде Құранның келесі бір топ аяттары мағынасы бірнеше нәрсеге меңзеп, кейде тіптен түсініксіз болып келетін мутәшәбиһ аяттар екендігін айтады. Аятты бізге танымал болған мағынамен түсінуді жалғастыра болсақ, жүрегінде ауытқу болған адамдар осы мутәшәбиһ аяттарды тәпсірлеп, мағынасына ұмтылып, жасаған істерін мұсылмандарды тура жолдан тайдыру үшін пайдаланатындығы баяндалады. Ал, өз кезегінде ондай аяттардың мағынасын Алла Тағаладан өзге ешкім білмейді. Құран қолданған мағынаны термин ретінде келтіріп анықтамалар берілгенімен, ғалымдар оны түрлі мағынада қолданғандығы да кездеседі. Мысалы: Ибн Масъуд мутәшәбиһ аяттарды үкімі жойылған мухкәм мағынасымен, ал мухкәм аяттарды үкімді жоюшы насих мағынасында қолданған. Ибн Аббас тек бұл мәселеде ғана емес, «иллә» сөзімен келетін истисна аяттарды да насих ретінде баяндап, түсіндіргені баяндалады [1, 190 Құран ілімдері]. Деобанд медреселік жүйесінің негізін салушылардың бірі Шах Уалиуллах әд Дәһләуидің баяндауы бойынша алғашқы кезеңдерде насих мағынасының астына шамадан тыс көп аяттарды жинай берудің соңғы көрінісі мансух аяттардың да шектен тыс артуына негіз болған. Сол кезеңдерде мансух саналған аяттардың саны бес жүзге жеткен. Оның себебі, аталып өткен кең мағынадағы қолданыс болып саналады [2, б. 84].

Терминдік мағынасына келер болсақ, атақты ғалым Нуруддин Итр терминдерді зерттей келе, имәм әт-Тыйбидің анықтамасын қуатты деп жеткізеді. Оның анықтамасы бойынша:

Мухкәм-ол ешқандай күмәнді бұлыңғыр нәрселер қосыла алмайтын анық мағыналы аят. Мутәшәбиһ-ол ішіндегі мақсат етілген мағынаға жасырын мағына қосылған аят түрлері. Мән беріп, анализ жасасақ алдыңғы аяттағы контексттен осыны түсіне аламыз. Себебі, Алла Тағала аталған екі терминді бір-біріне антоним мағыналар ретінде қолданды. Ол жерден түсінетін тағы бір мәлімет ретінде мухкәм аяттың өз антонимін баяндап беруі міндеттелетіндігін түсінеміз. Мутәшәбиһ аяттардың мағынасына тікелей кіріп, күрделі жағдаяттарға ұрынбастан, оның тәуилін жасау керек екендігі түсініледі [3, б. 122]. Тәуил болса, бізге белгілі болғандай, ештеңеге сүйенбестен жасалынатын процесс емес. Сондықтан, біз тәуил жасау барысында сүйенетін қайнаркөз мухкәм аяттар. Бізге мағынасы құпияланған аят келгендіктен, оны түсініп, зерттеу мүмкін бе деген ой келуі мүмкін. Бұл ой бұрынғыларға да келіп, олар түрлі көзқарастарға бөлінген. Олай бөлінудің себебі тағы да біз айтып өткен аятқа оралады. Құран ережелерінде біз білетіндей тоқтаудың арнайы орындары бар. Аяттың контекстінде мутәшәбиһтің тәпсірін Алла Тағаладан басқа ешкім білмейді деген бөліктен кейін тоқтауды мақұлдаған ғалымдар, келесі жалғасы белгілі бір істі жетік меңгерген адамға меңзейтін «расихун» сөзімен басталып, оның сипаты ретінде олардың ғылымдағы мамандар екендігін баяндап, Аллаға иман келтіргендерін айтады деп жалғастырады. Ал, келесі бір топтың өкілдері «расихун» сөзін Алла сөзімен бірге сөйлемнің бірыңғай мүшелері мағынасындағы атф ережесімен қарастырып, аяттың мағынасын «мутәшәбиһ аяттарды Алла және ғылымдағы мамандар біледі» деп түсіндіреді. Енді, екі топтың да дәлелдері белгілі болған соң, біз олардың дәлелдерін қолданған орындарына мән берсек, берген мағыналарының әрқайсысы өзіне сай қуатты екендігін байқай аламыз.

Бізге көптеген мағынасы көмескі аяттардың бар екендігі белгілі болған соң, біз оларды баяндаудың қалай болатындығына тоқталғанымыз жөн. Бізде ең әуелі ақидалық мәселелерде қиындықтар тудыратын мутәшәбиһ аяттардағы хабари сипаттар мәселесі. Оны ислам үмметінің алғашқы ғасырындағы ғұламалар тафуид жолын ұстана отырып баяндаған. Алғ олардан кейінгі келген халаф ғалымдар өзіміз баяндап отырған тәуил жолын ұстанып, көмескі аяттардың мағынасын адасып кетуге апаратын ықтималдықтардан сақтап отырған. Тафуид аятта айтылған хабари сипаттарға айтылған қалпында иман келтіріп, ешқандай болжам мен қалай деген сұрақтар қойып,

толғанбастан сену. Біз айтқан тәуил мәселесін кейінгі сунниттік кәләм ілімі қалыптасқан ғасырлардағы ғалымдар көптеп қолдағандықтан «халафтардың ұстанымы» деген атауға да ие болған. Ескертіп айтып өттік! Олар ешқандай да ойдан жорамал жасаған жоқ, керісінше араб тілінің күрделі ережелері мен риторикалық ерекшеліктерін ескере отырып, мухкам аяттарға негізделген ғылыми тәуил үлгісін көрсетті. Ақида немесе кәләм ілімін зерттеу мамандарына тәуил жасау процесінде негіз болып табылатын мухкам аят киелі Тәнзилдің Шура сүресінің 11-аятында келетін «оның ешқандай ұқсасы жоқ» деген аят. Тәуил жасаудың бір көрінісін келтіретін болсақ, Құранда көптеген талаптарға себеп болып жүрген «истауа» мәселесін келтіруге болады. Оны кейбір адасушы адамдар Алла Тағала Аршыға орнықты мағынасымен аударып, адасуға себеп болып жүр. Енді бізде қағида бар, Алла Тағала ешнәрсе ұқсамайды, кез келген жағынан. Қандай тұрғыдан қарасақ да Алла Тағала жаратылыс атаулыға ұқсас емес. Сол үшін бүкіл бар нәрсе екіге бөлінеді, бірі барша әлем болса, екіншісі әлемдерді жаратып, оны бағындырып отыратын Алла Тағала. Біз білетін жаратылыс атаулының барлығының соңы белгілі бірнәрсеге мұқтаждықпен аяқталады. Ал, Жаратушы оларға ұқсамағандығы себепті, ешқандай да мұқтаждық атаулы Оған теліне алмайды. Ал, енді Алла Аршыға орнықты дегендерге логикалық жауап берсек, алдымен Алланың Аршыға толық орнығуы жағдаяты қарастырылады. Жауабы: Алла Тағала Аршыға толық орнығатын болса, ол белгілі бір шектеулермен өлшемдермен шектелген деген мағынаға саяды. Бізге өлшемдерді жаратып берген Жаратушы өлшемдерге өзі мұқтаж болуы ақылға сиымды емес.

Енді, екінші жағдаятқа келер болсақ, Алла Тағаланың бір бөлігі Аршыға орнықты деп қарастырып көрелік. Жауабы: Алла Тағала белгілі бір бөлігімен орнығатын болса, ол теңдей бөліктерге бөлшектене беретін материялық дене деген ұғым туындайды. Ал, біз білетін қағидаға сай Алла Тағала жаратылыс сияқты бөлшектерге бөлінбейді. Ол барлық кемел сипаттарға ие Жаратушы. Біздің ақидалық зерттеулерде қолданатын формуламыз дайын, кез келген Алла Тағалаға жаратылысқа сай келетін сипат тағайындалса, оны тілдегі ауыспалы ең кемел мағынасына сала отырып, Алла Тағаланы әлемнің кез келген бір жаратылған бөлшегіне ұқсатудан пәктейміз.

Айтылған нәрселерден біз Алла Тағаланың Аршыға тура мағынада орнығу процесін меңзегендігін түсіндік. Ал, енді ауыспалы мағынасы араб тілінің сөздігінде әмірін жүргізу, билеу, басқару деген мағына береді. Оған араб тілінің риторикалық ережелеріне басты қайнаркөздер рөлін атқаратын ертедегі шифрларды дәлел ретінде келтіреді. Мысалы, бір басшы қаланы жаулап алды десе, оның өзі емес, әскері жаулап алды деген мағынаны білдіретін дәлелдерді келтіре отырып, Алланың Аршыға билігін жүргізуі деген қорытынды тәуил шығады[4, б. 18-19].

Сол сияқты әйгілі ханафи мәнһабының ғалымы әл-Мәйдәни Тахауи ақидасының мәтініне жазған түсіндірмесінде алдыңғы ғалымдардың сөздерінен мынандай бір үзінді келтіреді: «кімде-кім «Алла Тағала сияқты ештеңе жоқ» дегенді түсінетін болса, болмыстың ақиқатын түсіну процесінде ешқашан күпірлік жасамайды»[5, б. 39]. Яғни, біз айтып отырғандай білімсіз адамдардың ғылымға кірісіп, Құрандағы аяттарды жеткілікті деңгейде танып, біліп алмастан өздігінше үкім шығаруы болып саналады. Баршамызға белгілі болғандай, ертеде Алла Тағаланы пәктеуді мақсат етсе де, надандықтары себепті Аллаға тән мутәшәбиһ сипаттарды түгел жоққа шығарып, күпірлікке бас ұрғандар да аз емес. Себебі, Құранда келген кез келген үкімді жоққа шығару адамның исламнан шығып кетуіне себеп болатын ең басты факторлардан.

Хабари сипаттардағы көмескі мағыналар жайлы сөздер қозғалған соң, біз хабари сипаттар тек Құранда ғана бар, хадис саласында жоқ деп ойлап қалуымыз қате болады. Баршаға мәлім көптеген сахих хадистер хабари сипаттармен келген. Мысалы: күң әйел Алла қайда екенін сұраған кезде, Алла елшісінің аспанды көрсетуі деген сияқты. Біз бұл хадистерді де айтылған мухкам аяттың формуласына салып, Алла Тағала пәктей отырып

баяндаймыз. Яғни, айтылған мухкам аят бізге қай жерде болса да, кез келген ақидалық иләһият мәселесінде жолбасшы болатын аят.

Бұл мәселе тек ақидада ғана емес, амалға қатысты үкімдерді зерттейтін фикһ ғылымының шығу тегі мен ережелерін қарастыратын усуль фикһ саласында да қарастырылады. Ол жерде арнайы «дәлел келтірудің анық болуы мен оның сатылары» және «дәлел келтірудің анық емес болуы мен оның дәрежелері» деген екі өте кең бөлімдер қарастырылады.

Бірінші бөлімдегі дәлелдің анық болуы төрт сатыдан тұрады:

- 1) заһир
- 2) нас
- 3) муфассар
- 4) мухкам

Ал, анық емес болуы да төрт дәрежеге жіктеледі:

- 1) хафи
- 2) мушкил
- 3) мужмал
- 4) мутәшәбиһ [6, б. 175-188]

Байқап отырғанымыздай, ең жоғарғы сатыларға мухкәм мен муташабих орналасты. Яғни, бұл анық пен анық емес тараптардың кез келген бір сатысындағы екі ұғым бір-біріне антоним екендігін көрсетеді. Оны да талдау мен түсіндіру әдісі ақидалық әдіске ұқсас болғанымен өте терең. Оны қысқаша түсіндіруге бұл жазба жұмысы жеткіліксіз. Ал, оларды келтірудегі мақсат, ислам үкімдерінде күрделі мәселелерін көп екендігін ескерту үшін болып саналады.

Мухкәм және мутәшәбиһ аяттарға адам ақылын дұрыс қолданбауының себебінен тарихта түрлі адасқан ислами ағымдардың шыққаны белгілі. Мысалы Абдулла Дираз «Мүшаббиха, мужассима және сол сияқтылардың шығуы халафты (кейінгілерді) тәуил жасауға итермелеген себептердің бірі» деген көзқарасты айтады [7, б. 140].

Құран аяттарына Құран ережелері мен ілімдерін үйренбеген адамның талдау жасамағаны жөн деген қорытынды жасауымызға әбден болады. Оған бірнеше мысалдар да келтіріліп, қысқаша анықтамалар да берілді. Теологиялық мәселелерді шешудің қысқаша формуласын ұсыну арқылы, өткен буындарда болған қателіктен сақтау мақсаты орындалды. Алайда, бұл тақырыпта ашылмаған мәселелер көп екендігі қарапайым көзге де белгілі екендігі ескеру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрманбаев Қ. Құран ілімдеріне кіріспе.—4-басылым. Алматы: «Нұр-Мүбарак» баспасы, 2019. - 386 бет.
2. Шах Уәлиуллах әд-Дәһлауи, Әл-Фәузу әл-Кабир фи усули әт-тәфсир. Дамаск: «Дару әл-Ғауасани лиддирасати әл-Қураһия», 2008. – 158 б.
3. Нуруддин Итр. Булумуль Құраниль кәрим. –Каир. Дәрул Басаир. 2014. 305 бет.
4. Әділбаев А. Ш., Имаммади Т. Матуридия ақидасы (әл-Бидая мин әл-кифая фи әл-һидая фи усул ад-дин): Аударма – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. – 90 б., «Қазақстандық исламтану мектебін дамытуға қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу» тақырыбы бойынша грант аясында жарық көрген монографияның 16 томы 18-19 бб.
5. Абдул-Ғани әл-Ғунәйми әл-Мәйдәни әл-Димәшқи әл-Ханафи. Шархул-ақидатит-Тахауия әл-мусәммәту «бәянуһ-суннәти уәл-жамағати».–Станбул. Дәруш-Шифа. 2018. 192 б.
6. Доктор Уәһбәтуз-Зухайли. Әл-уәжиз фи усулиль-фикһ.–Дамаск. Дәруль-фикр. 2019. 248 б.
7. Ержан Қ. Ислам ақидасы. – Алматы. «Самға» баспасы, 2018. – 319 б.

СОПЫ АЛЛАЯРДЫҢ «СӘБАТУЛ АЖИЗИН» ЕҢБЕГІНДЕГІ НӘПСІ ҰҒЫМЫ: ТАРИХИ КОНТЕКСТ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРДІ ТАЛДАУ.

Исламтану, 1 курс магистранты **Қадыр І.**
Ғылыми жетекші: доцент, Phd Жамашев А.
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Аңдатпа: Ихсан ілімі – адам бойындағы жағымсыз әдеттерді тазартып, мінез-құлықты реттейтін, адам баласының ішкі жан дүниесі мен сыртқы болмысын кемелдендіретін ғылым түрі. Фикһ ілімі құлышылық амалдарды дұрыс орындау жолдарын үйретіп, тәртіпке шақырады және дін үкімдерді түсіндіру арқылы даналыққа бастайды. Ақида ғылымы діндегі сенім мәселелерін дәлел-дәйектер арқылы орнықтырып, жан-тәнімен иман етуге жетелейді. Ал, ихсан ілімі жүректерді тазалап, оның түгесілмес сырларын тек жаратушыға арнауды мақсат етеді.

Кілт сөздер: ихсан, тасаууф, сәбадул ажизин, сопы аллаяр, рисалаи азиза, нәпсі.

Ихсан – пенденің иманын бекемдеп, құлышылыққа деген құлышынысын арттыратын, адамгершілікке тән игі қасиеттерді кемелдендіре түсетін рухани ілім. Өзге де дереккөздерде сопылық немесе тасаууф деген атаулармен кездеседі. Ихсан немесе сопылық ілімі – исламдағы арнайы мистикалық, иррационалдық бағыт. Басты мақсаты – адамның рухани болмысын дамытуға және ақыл-ойын жетілдіруге бағытталады. Осыдан ихсан ілімінде гносеологиялық мәселелер маңызды рөл атқарылатыны аңғарылады. Ғылым мен діннің, рационалды және иррационалды танымның, интуитивтік, мистикалық танымдардың арасындағы арақатынасты зерттейді. Аталмыш ғылымның негізі бастауы «Негізінде Алла әділдікті, игілікті (ихсанды) және ағайынға қарайласуды бұйырады. Сондай-ақ арсыздықтан, жамандықтан және зорлық зомбылықтан тыяды. Түсінерсіңдер деп сендерге насихат береді» – деген Құранның Нахыл сүресінің 90-шы аятынан бастау алады [1, 16:90.].

Ихсан сөзінің тілдік мағынасы «жақсылық», «игілік» деген мағынаға саяды [2, б. 1189]. Терминдік мағынасы: «қандай да бір істі орындағанда оны ең әдемі, ең кемел түрде жасау». Мұсылман ойшылы Саид Шариф әл-Журжани «Тағрифат» атты философиялық сөздік атты кітабында ихсан іліміне: «Адамның Құдайды көріп тұрғанындай құлышылық жасауы, оған шамасы келмесе пендені Құдай көріп тұр деп сезіну – деп анықтама берген [3, б. 12]. Жоғарыдағы анықтамалардан адамның рухани жетіліп, сана-сезімінің екінші деңгейге көтерілуі деген қорытынды жасауға болады. Ихсан ілімінде концепциясы осының төңірегінде өрбиді. Сондай-ақ ихсан ілімінің негізгі мақсаты адамның басты жауы нәпсіні тәрбилей саналады. Нәпсі туралы ой толғамдарды, ғалымдардың пікірлерімен Сопы Аллаярдың түсінігіндегі нәпсімен жан-жақты талдау жасалады.

Сопы Аллаярдың өмірі жайлы түрлік деректер жеткен. Шамамен 1631-1634 жылдары дүниеге келген. Солардың ішіндегі ең ауқымдысы Тажуддин Жалшықұлұлының «Әзизаға хат» («Рисалаи Азиза») кітабының кіріспе бөлімінде жазылған. Сондағы дерекке сәйкес, Самарқандта «Мыңлаң» деген тұрғындары мейірімсіз, зұлым ауылда Теміряр деген тақуа жан болып, әйелі оған ұл тауып береді. Ұлының атын Аллаяр қояды. 12 жасқа толғанында, оны Бұхара шаһарына апарып, медресеге түсіреді. Аллаяр медреседе 13 жыл білім алады. Оқуын аяқтан, жасы 25-ке жеткенінде Бұхара ханы оны салық басқармасының төрағасы етіп сайлайды.

Аллаярдың үш әйелі, екі қызы мен бір ұлы болған. Қыздары – Әмина, Әлима, ұлы – Мұхаммед Садық.

Ихсан іліміне арналып жазылған еңбектер Қазан төңкерісіне дейін түркі тілдес халықтар арасында зор құрметке ие болған. Солардың ең танымалдары Ахмед Иасауидің

«Диуани хикмет», Қажы Мұхаммедшәріпұлы Мұхаммедәмин Шымыр Алты Бармақтың «Дәләил нүбүүа» және Сопы Аллаядың «Әлсіздердің табандылығы» («Сәбатул ажизин») кітабы мен оларға арналып жазылған түсіндірмелер. Өз заманында бұлар Орта Азия мен Қазақстан аумағында және барша түркі тілдес елдерде ең көп тараған оқулықтар ретінде саналған. Аталмыш еңбектердің негізгі мақсаты – ізгілік, адамгершілік, мейірімділік, әділдік, отансүйгіштік, жақсылыққа шақыру, жамандықтан қайтару сияқты көпке ортақ адамзаттық моральдық-адамгершілік қағидаларға негізделген. Әсіресе Сопы Аллаярдың «Сәбатул ажизин» кітабы мен оған арнап Тажуддин Жалшықұлы жазған «Рисалаи Азиза» түсіндірмесі ұлты қазақ Мұхаммедшәріпұлы Мұхаммедәминнің «Дәләил нүбүүа» деген атақты кітабының концепциясына негізделгендіктен, олардың идеясы мен тәлімдік бағыты біздің халықтардың менталитетімен толықтай сәйкес келеді. Міне, осы жағынан қарастырғанда, бұл шығармалардың көптің руханиятын кемелдендіруге тигізер септігі мол және ол адамзаттың тасы өрге домалап, қуанған сәттері мен қайғырған кездерінде, үмітсіздікке салынған шақтарында ақыл айтатын құнды кеңестер берілген. Бұл кітаптардың ең басты құндылығы – Ислам теологиясына қатысты мәселелер «Құран Кәрім» және Мұхаммед пайғамбардың сүннет талаптарына сай, әһлу сунна уәл жамағат сенім мектебінің өкілдері мен Имам Ағзамның мектебінің ғұламаларының идеялары негізінде жазылған.

Сопы Аллаярдың «Сәбатул ажизин» кітабына Тажуддин Жалшықұлұлының жазған түсіндірмесі бүгінге жеткен аса құнды шығармалардың бірі саналады. Атауы – «Рисалаи Азиза». Кітаптың бұлай аталуына – автордың Азиза есімді қызы әкесіне хат арқылы «Сәбатул ажизинге» шолу жасап беруін өтінуі себеп болған. Сол өтінішке сай осы кітап жарық көрген. Сондықтан ол «Рисалаи Азиза», яғни «Әзизаға хат», немесе «Азизаның хаты» деп аталады. Бұл шығарма Сопы Аллаярдың маснауи, яғни екілік терме тәсіліндегі шумақтарына түсініктеме ретінде жазылға. Шығарма түркі-шағатай тілінде жазылған.

Кітаптың араб тіліндегі нұсқасы 1841 жылы Қазан қаласындағы Людвиг Шиветсон табиғханасында (баспаханасында) басылып шыққан. Кітаптың көшірмесі «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Қазан мемлекеттік университетінің Н.И.Лобачевский атындағы ғылыми кітапханасынан алынған. Қазіргі таңда Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында сақтаулы. Аталмыш кітапты «Әлсіздердің табандылығы» атауымен Зәріпбай Жұмаұлы Оразбай түркі шағатай тілінен аударып, түсіндірме жазған. Баспаға филология ғылымдарының кандидаты Қазыбек Тажиев дайындаған. 2014 жылы Алматы қаласындағы «Баспалар үйі» баспасынан 2000 данамен басылып шықты.

«Әлсіздердің табандылығы» (Сәбатул ажизин) Сопы Аллаярдың бүгінге жеткен аса құнды шығармасы. Бұл шығарма негізінде ақынның парсы тіліндегі «Мәсләкул муттақин» кітабына түсініктеме ретінде түркі тілінде жазылған діни көркем туындысы. Бұл жайлы ақын «Кітаптың жазылу себебі» атты тақырынбында айтып өткен. Кітап маснауи, яғни екілік терме тәсілінде жазылғанымен, тасаууф іліміне қатысты ортодоксалды ислам ғалымдарының ұстанымы негізінде көркем түрде баяндалған. Ең құндысы, кітапта тасаууфтың еш бұрмалауға түспеген қағидалары келтірілген. Еңбектің осы аспектісіне назар салғанда тарикаттардың шындығы бұрмаланып жатқан біздің дәуірімізде Сопы Аллаяр еңбегінің құны өте жоғары.

Мақаланың мәні мен мазмұнының ашылуы мақсатында «Сәбатул ажизин» кітабының «Сұм нәпсінің баяны» тақырыбындағы ихсан концепциясына, соның ішіндегі «нәпсі» ұғымына философиялық талдау жасалады яғни исламның негізгі қайнаркөзі саналатын Құран мен сүннетпен және ихсан ілімі ғалымдарының сөздерімен салыстырмалы талдау жасалады.

Сопы Аллаяр «Сұм нәпсінің баяны» бөлімінің алғашқы өлең жолын:

Кел, ей нафс, булма акнун табишьи нафс,

Сұлнур ақшом бу гардани гафс – деп бастайды.

Түсіндірме – Ей, сопы деп аталмақшы болған пенде, тоқта, нәпсінің соңына ілесе берме. Өткен күнәларыңа өкініп тәубе қыл да бұдан былай нәпсіңе ерік берме. Оның тілегенін орындай берсең мойны жуандап ырық бермей кетеді, жағдайдың соңы нашарлап кешікпей сана-сезімің азғындап, рухын әлсірейді. Есің барда өз нәпсіңе қарсы аяусыз күрес жүргіз» [4, б. 252].

Ислам ғалымдары әр күнәдан тәубе етудің міндет екендігін айтқан. Күнә адам мен Алла арасында орын алса, оның 3 шарты бар.

1.Күнәдан тыйылу.

2.Істегеніне өкіну.

3.Екінші қайтып орындамауға шешім қабылдау. Аталмыш шарттардың бірі орындалмаған жағдайда, пенденің тәубесі дұрыс болмайтындығы айтылады.

Егер жасалған күнә адам мен адамның арасында орын алса, тәубе дұрыс болудың 4 шарты бар. Жоғарыдағы 3 шарт осы жағдайда да міндет етіледі. Ал, төртінші шарт – екінші тараптағы адамның ренжітіп қойса кешірімін алу, затын тартып алса, қайтарып беру, сыртынан ғайбаттаса, алдынан өту [5, б. 17]. Тәубенің шарттары Сопы Аллаярдың сөзінен көрініс тапты деп атуға толықтай негіз бар, және ол «*өткен күнәларыңа өкініп тәубе қыл да бұдан былай нәпсіңе ерік берме*» деген түсіндірмесінен көрініс табады.

Құранда адамның тәубе етуіне қатысты «Расында, нәпсісін тазартқан кісі құтылды. Әлде кім оны кірлетсе, қор болды» [1, 91:9-10], «Уа мүміндер, бәрің бір ауыздан Аллаға тәубе етіндер. Сонда ғана мақсат-мұраттарыңа жетесіндер» [1, 24, 31.] деген және өзге де аяттар кездеседі.

Нәпсімен күресу, оны тәрбиелеу – адам баласының екі дүниеде де бақытты не бақытсыз болуын айқындайтын негізгі факторларының бірі саналады. Сондықтан, нәпсімен күресу – ислам дініндегі үлкен жиһад деп қарастырылады. Хасан әл-Басри: «Жиһадтың ең абзалы – нәпсімен күресу»; «Жүгендеуге мұқтаж болған нәпсіден артық тұсау жоқ – деген.

Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінде адам баласының рухани дерттері аталып қана қоймай, онымен күресі жеңу жолдары да қарастырылған.

Олар:

1.Мұрақаба

Мұрақаба – Алла Тағаланың адам баласының сыртқы және ішкі дүниесін әрдайым бақылап тұрғандығын сезінуі әрі оған нақты илануы. Құранда: «Біліп қойыңдар. Алла іштеріңе бүккен ойларыңды түгелдей біледі. Ендеше сақатаныңдар» – деп ескертеді [1, 2:235.]. Мұхаммед пайғамбарға ихсан туралы сұрақ қойылғанда: «Ихсан дегеніміз – Алланы көріп тұрғаныңдай құлшылық ету. Сен оны көрмесеңде, ол сені көріп тұрады – деп жауап берген. Демек оқитын намаз, ұстайтын ораза, беретін зекет, орындайтын қажылық, т.б амалдар ихсан жағдайында кемел болса, нәпсіні жақсы жаққа тәрбиелеу әлдеқайда жеңілдей түседі.

2.Нәпсіні жаман қалауларынан тыю

Мұсылман адам ішкі үн-қалуы небір ой салғанда, сол істің дұрыс бұрыстығын саралап барып істеуі қажет. Әйтпесе, нәпсінің қалауын орындай беру адамды құрдымға әкетеді. Шал ақын:

Нәпсің бір көкжал бөрідей,

Иманың бағлан қозыдай.

Егер тыю салмасаң,

Иманыңды жеп кетер – дейді.

3.Нәпсіні әс-әсте тәрбиелеу

Нәпсіні бірте-бірте үйреншікті істерден ажыратып, жақсы істерге тұрақтандыру қажет. Осы тұста Шәкәрім былай дейді: «Сөзіңді түзе – әдетіңе айналады, әдетің мінезіңе айналады, мінезің – сенің тағдырың».

Бурунга боди кибр есмай бурундин,

Бурундұқ сол анга құймай үрундин.

Түсіндірме: – Әміршіл нәпсіңе тізгініңді беріп қойма! Байқа, тәкәппарлықтың қолаңса иісі санаңды илеп алмас бұрын, нәпсіңнің мұрынына мұрындық сал, нәпсің күйшейіп, рухыңнан асып кетпей тұрып ауызына кергіш салып таңып үнін өшір [4, б. 253].

Нәпсі – араб тіліндегі қолданысына қарай, жан, тән, құштарлық, эго секілді бірнеше ұғымды білдереді. Ал, қазақ ғұрпында «нәпсі» сөзі, көбінесе тойымсыздық, құмарлық деген мағынаға саяды. Қазақ тұрмыс-салтында «нәпсі», «нәпсіқұмарлық» деген сөздер қолданылады. Мысалы, Асан Қайғы:

Адам әзіз айтар деп, көңіліңді салмағыл.

Нәпсі – алдаушы дұшпаның, насихатын алмағыл – деп толғаған.

Нәпсінің де бірнеше түрі бар. Қасиетті Құран Кәрімде бірнеше түрі айтылған.

Олар:

1.Нәфсул аммара. Жамандыққа бастаушы нәпсі

Бұл көпшілік адамда кездеседі. «Юсуф» сүресінде Жүсіп пайғамбар: «Нәпсімді ақтамаймын. Расында нәпсі жамандыққа бұйырады...» – деген [1, 12:53]. Аяттағы «жамандыққа бастаушы нәпсі» атты түрі түсіндірменің «*Әміршіл нәпсіңе тізгініңді беріп қойма*» деген сөзімен сабақтасып жатыр.

2.Нәфсул-ләууама. Сыншыл нәпсі

Бұл жақсы жандардың бойынан табылатын нәпсі. Оған қатысты Құран Кәрімде: «Сөгіс беруші сыншыл нәпсіге серт – деп айтылған [1, 75:2].

Сыншыл нәпсі – шынайы мұсылманда кездесетін нәпсі түрі. Тұзу жүретін мұмин өзінің әр іс-әрекетіне үнемі сын көзбен қарайды. Әрдайым сөзі мен іс-қимылына өзі есеп береді.

3.Нәфсул-мутмаинна. Жаны жай тапқан нәпсі

Құран Кәрімде: «Уа, жаны жай тауып көңілі орныққан нәпсі – деп әмір етілген. Ғалым Әли Журжани: «Бұл жүректің нұрымен нұрланып толысқан, арсыз сипаттардан арылып, ізгі мінезге ие болған нәпсі» – деп анықтама берген [3, б. 243].

Адамнан байқалатын теріс ықпалдар оң өзгерістерге ауысып, пайғамбардың үмметіне лайық көркем өнеге көрініс табады. Шынайы орындалған діни амалдарымен иман қуаты арта түсіп, қоғам алдында, Жаратушы Ие алдында биік абыройға жол бастайтын, бірінен-бірі биіктей беретін айрықша ықылас пен ерекше құлшылықтың қақпасы ашылады. Жаны (нәпсі) тынышталып жүрек нұрлана түседі. Аталмыш принциптің негізін Сопы Аллаярдың:

Бу Мехнат бирла ул амморайи дун,

На бұлғай мутмаинна бұлса бир күн.

Түсіндірме: Нәпсіңді орташа қиыншылықтармен шынықтырып құлшылыққа үйрете берсең, бір күні ол рахаттанады. Сонда «Фажр» сүресінде зікір етілгендей, Алланың ризалығына ие болып, бақи билах мақамыңа жетуің мүмкін – деп нәпсінің жоғары дәрежесіне қалай жету керектігін насихат етеді [4, б. 254].

Осы түсіндірмеден ғалымның сөзі, өлең шумақтары жоғарыда аталып өткендей исламның басты принциптерімен толықтай сәйкес келеді. Тек, жеткізу, баяндай формалары ғана әр түрді. Зерттеу нәтижесінде мағыналары мен мәндерінің бір екендігі анықталды.

Имам Ғазали нәпсісін тазарту әрбір мүмінге парыз айн екендігін айтқан. Тіпті ол адамның бойында жаман мінез болмаса да, әр адам жүрек дертін біліп, оны қалай тазалап, тәрбиелеу жолдарын меңгеруі қажет деп санайды. Атақты ислам ойшылының бұл пікірінмен Сопы Аллаярдың өлең шумақтары сабақтасып жатыр. Жоғарыда аталып өткен нәпсінің түрлері де ақынның еңбегінен көрініс тапқаны жасырын емес. Осыдан нәпсіні тәрбиелеу ұғымы мұсылман өлкесінің батысында да, шығысында актуалды тақырып болғаны аңғарылады. Қоғамның ілгері басуына, мәдени-социологиялық тұрғыдан дамуына үлес қосатын нәпсісін бағындыра білген жандар. Сондықтан ойшылдардың бұндай ауыр тақырыпта қалам тербеуі бекер емес. Сырты көріністен тек

діни сипатта көрінгенімен, қоғамның материалдық жағын ілгері бастыратын да осы нәпсісін тізгіндей білген жандар. Осыған орай Сопы Аллаярдың еңбегі күні бүгінге дейін маңыздылығын жоғалтпай, адамзатты ізгілікке бағыттап отыр. Нәпсі ілімі кіретін ихсан ұғымының басты мақсаты, мақаланың басында аталғандай – қоғамды ізгілікке бастау.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әкімханов А. Анарбаев Н. Құран Кәрім. Қазақша түсіндірмелі аударма. – Алматы: Көкжиек, 2015.
2. Мәждуддин Фәйрузәбәди. Қамус әл-Мухит. – Бейрут: Муэссаса әр-Рисәла, 2005. 1189 б.
3. Әли ибн Мухаммад әл-Журжани. Тағрифат. – Бейрут: Дәр әл-Кутуб әл-Илмийа, 1983. 626 б.
4. Сопы Аллаяр. Сәбагул ажизин әлсіздердің табандылығы. Аударған: Оразбай Ж. – Алматы: Баспалар үйі, 2014. 315 б.
5. Яхия ибн Шараф ән-Нәуауи. Риядус салихин. – Дамаск: Дәр әл-Мустафа, 2016. 734 б.

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ДІННІҢ РӨЛІ «МӘШЬҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕГІ НЕГІЗІНДЕ»

Дінтану 2 - ші курс магистрантты **Ермекбаев Қ.Т.**

*Ғылыми жетекші: Әлтаева Н.С., PhD доктор, аға оқытушы
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті*

Аңдатпа: Бұл мақалада Наурыз мейрамының пайда болу тарихы мен оны әр ұлт өкілдерінің атап өту дәстүрлері, баяндалады. Қазақ халқының бұл мерекеге деген ескі заманнан бергі көзқарасы, жаңа туған жыл мен табиғаттың жаңаруынан болашақта жақсылықтарды күтетіндігі толығырақ ашылған.

Кілт сөздер: Наурыз мейрамы, қазақ халқының салт-дәстүрлері, «Ұлыстың ұлы күні».

Ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтары дін қағидаларымен үндесіп жатыр. Дін дегеніміз тек сенім жүйесі емес, ол – өмір сүру мәнері, қарым-қатынас әдебі, моральдық нормалар жиынтығы, жақсы мен жаманды, адал мен арамды ажыратушы рухани қағидалар жүйесі. Сондықтан, дін мәселесі – руханият мәселесі.

Дін – бұл сонау Адам (а.с)-нан бергі бізге дейін Мұхаммед (с.а.с) пайғамбарымыз арқылы жеткізіліп келген шариағат аясындағы үкімдер, қоғамдағы ынтымақ пен бірліктер, басшыға бағынып бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүру сияқты нақты қадамдар болса,

Дәстүр – бұл Қазақ ұлтымыздың ертеден сақталып келген әдет-ғұрпы. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демекші бұл әдет ғұрыптарымыздың басым көпшілігі шариағат шеңберінде үйлесіп келген. Кез келген мәдениетіміздегі құндылықты, салт-дәстүрді алып қарасақ діннен негізін табамыз. Қарапайым халық олардың діндегі сүннет, мұстахат, уәжіп екенін білмеуі мүмкін. Бірақ, ол діндегі негізгі құндылықтардың бірі болып табылады.

Дін мен дәстүр – қашанда бір-бірін қуаттап, қоғамда ынтымақ пен бірліктің, бабаларымыздан қалған асыл құндылықтардың жоғалып кетпеуне үндеп, кейінгі ұрпақтың болашағы жарқын болуына, өткенді ұмытпай, саралап ұлттық ар ожданының жоғалмауына шақырады. Дін мен дәстүр үлкенге құрмет, оларға дауыс көтеріп сөйлеу былай тұрсын, жолда өтіп бара жатса алдын кесіп өтпеуге үндейді. Хадисте: «Береке сендердің үлкендеріңмен бірге келеді» делінсе, дана халқымыз: «Қариясы бар үйдің

казынасы бар» дейді. Жасы үлкен адамдарды төрге шығарамыз, сыйлаймыз, бас тартамыз. Үлкенді құрметтеу бізде бұрыннан бар еді, ислам енгеннен кейін дәстүрлі құндылық болып қалыптасты. Ислам дініндегі құндылықтар біздің салт-дәстүрімізде де болғандықтан, ол тез сіңіп, халық тез қабылдап алды.

Алайда бүгінгі таңда түрлі ағымдар белең алып, құнды дәстүрлерімізді жоққа шығаруға барынша үгіттеп жағымсыз жайттарға жол бастады. Ханафи мазхабының фикһ және пәтуа кітаптарында кездесетін ғұламаларымыздың наурызға қатысты «тойлау харам, тойлау күпірлік» деген үкімдері тікелей отқа табыну жоралғысына қатысты айтылған деп. Отқа табыну дінін ұлықтау мақсатында азғындық қылықтар жасау, ритуалдарын жүзеге асыру хақ сенімге қайшы болғандықтан, бұл мейрамды тойлаған кісі «күпірлікке түседі, харам іс жасағандардың қатарына жатады» деп үкім бере бастады. Дәстүрлерімізге балта шапты. Осындайда бойымыздан ұлттық намыс жоғалса – елім дейтін ерлердің жоғалуы, имандылық жоғалса – басшыға бағыну деген шарифаттың пайғамбар (с.а.с) салып кеткен бағыты жоғалуы ғажап емес. Сондықтан қашанда дініміз бен дәстүрді ұштастыра отырып түрлі ағымдардың алдын алуға, жас ұрпақтың санасын дұрыс бағытта тәрбиелеуге, бастысы дініміз бен дәстүріміздің жоғалмауына, оған ешкімнің кедергі жасамауына атсалысуымыз қажет.

Наурыз мейрамы өте көне заманнан келе жатқан мейрам. Ол «береке» деген мағынада тойланады. Наурыз сөзі көне парсы тіліндегі «нава»-«жаңа» және «рәзңһ»-«күн» деген сөздерінің бірігуінен құрастырылып, жылдың бірінші күнін білдіреді. Қазақ тілінде «наурыз» сөзі бірнеше мағынадағы түсініктерді аңғартады: біріншіден ол – жыл басында тойланатын думанды халықтық мейрам; екіншіден - жыл бастауына тұстас келетін айдың атауы; үшіншіден ұлыс күні жасалатын көжені еске түсіреді.

Бұл күн аспан денелеріне бастапқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңелетін, жан-жануарлар түлеп, адамдардың аузы аққа тиетін, жер бетіне шаттық орнаған күн. Наурыздың тойланғанына БҰҰ Бас ассамблеясының түсініктемесінің көрсетуі бойынша 30 ғасырдай уақыт өткен. Бұл мейрамды ежелгі гректер «патрих», бирмалықтар «су мейрамы», армяндар «навасарди», буряттар «сағаан сара», чуваштар «норис ояхе» деп түрліше атаған. Шығыс халықтарының қалай тойлайтындығы туралы деректер бізге Әбу Райхан әл-Бируни, Ибн Балхи, Омар Хайям еңбектері арқылы жетіп отыр.

Наурыз мейрамын тойлау дәстүрі дүниежүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында әртүрлі мағына-мазмұнға ие болған. Мысалы орыстарда мұны «масленница» деп атап, қысты шығарып салуға арнаған. Онда бақанға шығып тауықты алу, ән айтып, би билеу, т.б. ұлттық өнер түрлері көрсетілетін болған. Немістер арасында ХҮІІ ғасырға дейін 16-18 жасар қыздарын жеребе ойынына салып, оларды ұтып алғандарға ұтыстарын еріксіз алып кете беру дәстүрі болған. Қыз кетерде әке-шешесіне мұңын шағып, сыңсу айтып, тереңмен қоштасқан. . [1, 27-30б]

Немістердің қызық дәстүрі - қыз жасауымен бірге әтешке сыпырғыш байлап апару. Тойда әтешке алдын ала арақ ішкізіп, оны құйрығына байланған сыпырғышпен, ку-ка-ре-кулеген қатты шақыруымен қойқандатып жүргізген. Олар осы дәстүр арқылы жын шайтанды қорқытуды көздеген.

Парсы тілдес халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндерде әр жерге үлкен от жағып, отқа май құйған. Жаңа өнген жеті дәнге қарап болашақты болжаған; жеті ақ кесемен ұлттық көже «сумалақ» ұсынған; ескі киімдерін тастап, ескірген шыны аяқтарын сындырып, бір-біріне гүл сыйлаған; үйлерінің қабырғаларын «күн символы» ретінде дөңгелек оюмен безендіріп, тіреу ағаштарға гүл іліп, түрлі жарыстар ұйымдастырған.

Ұлыстың ұлы күні де алтыбақан ұйымдастырылып, басында ән айтылып, тәтті күйлер төгілген. Дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, тең көтеру, т.б.) ойналып, таң ата көпшілік маңайдағы биік төбенің басына шығып атқан таңды қарсы алған. Бірақ, бұл мейрам кеңес үкіметі тұсында тоқырауға түсу жылдарын да бастан өткізді.

А1926 жылдан бастап оған «діни мейрам», «ескілік сарқыншағы» деген айдар тағылып, тойлауға тиым салынды. Дегенмен, бұл тиым көне мейрамды халықтың жадынан аластата алған жоқ. Қазақстанның кейбір аймақтарында әркім өз отбасында, өз үйінде тойлауын жалғастыра берді. 80-жылдардағы демократияның өріс алуының, егемен ел болуға ұмтылысымыздың арқасында ұлттық мерекеміз жалпыхалықтық мейрам ретінде жаңғырып халықпен қайта қауышты. . [3,19-25б]

1988 жылдың көктемінде заман талабы мен қоғамдық пікірге көңіл аударған үкімет, Қазақстанда 62 жылдан соң тұңғыш рет «Наурыз тойының» тойлануына өзі тікелей басшылық етті. 1989 жылдан бастап «Жыл басы тойы» жалпыхалықтық мейрам ретінде қарсы алына бастады. Бүгінгі күндері бұл мереке халықаралық деңгейде ресми түрде танылған мереке болып отыр. 2010 жылдың 10 мамырынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 64 қарарына сәйкес 21 наурыз «Халықаралық Наурыз күні» болып аталып өтілуде. Біздің наурызда қарсы алатын 2015 жыл – қой жылы болғалы тұр. Атабабаларымыз қой жылын құтты жылдардың бірі санап, төлдің басы көбейеді, молшылық халықты мейірлендіреді деп болжаған. Қазақстан үшін 2015 жыл шынында да бірнеше атаулы даталарға - Қазақ хандығының 550 жылдығына, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығына, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына - сәйкес келіп тұр. Еңбекқор халқымыздың ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Нұрлы Жол» Жолдауында анықтаған шараларын жүзеге асыру арқылы аталған даталарды [4, 3-4б]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мәшһүр Жүсіптің «Наурызнама» кітабы 1993 ж Алматыда «Жалын» баспасын 101 б..
2. Мұқанова, Б.Этнопедагогика: Оқу құралы /Б. Мұқанова, Р.Ильясова.– Астана: Фолиант, 2014. – 371 б.
3. Қалиев, С. Этнопедагогика:Оқулық / С. Қалиев, Ж. Молдабеков, Б. Иманбекова.– Астана: Фолиант, 2014. – 297 б.
4. Қазақ энциклопедиясы. - Том 7. – Алматы: Аруна, 2005. – 560 б.

МИРОВОЙ ОПЫТ ПРЕПОДАВАНИЯ РЕЛИГИОВЕДЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Религиоведение, 1 курс, маг. **Абдуллин А.**

Научный руководитель: д.филос.н., профессор Байтенова Н.Ж.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби

Аннотация: В статье оценивается опыт преподавания религиоведческого образования как в мировом, так и в отечественном контексте, а так же актуальность религиоведения как академической дисциплины. В статье анализируются различные подходы, применяемые в учебных заведениях различных стран. В ходе исследования оценивается эффективность и актуальность данных методов в контексте мира, а также освещается применение сравнительного метода и междисциплинарного подхода в преподавании религиоведения. Представленный мультидисциплинарный подход обеспечивает понимание религиозных явлений и их влияния на культуру и общество, что открывает новые перспективы для формирования толерантного и осведомленного общества.

Ключевые слова: преподавание, образовательный процесс, школа, религия, Республика Казахстан.

В течение конца 1990-х годов в индустриально развитых странах происходил процесс секуляризации в сфере образования, при котором религиозные аспекты начали

вытесняться из учебных программ. Однако после терактов 11 сентября 2001 года в США, увеличения угроз религиозного экстремизма в обществе, произошел пересмотр государственных образовательных программ [1].

Нужно отметить, что уделение внимания религиозным вопросам в целом и религиозному обучению также связано с демократическими преобразованиями в мире. Изменение роли религии в общественном пространстве, которое наблюдается в последние годы, привело к возрастающему признанию необходимости диалога между различными духовными традициями.

В настоящее время более 70 стран признают важность введения урока религии в образовательный процесс. В свете усиливающегося религиозного разнообразия, вызванного интенсивными миграционными процессами, многие государства стремятся управлять этим явлением в соответствии с концепциями свободы совести и вероисповедания, закрепленными в правах человека [2].

Сегодня можно выделить три основных типа обучения религиоведению [3]:

1) Учебные программы, которые осуществляются религиозными общинами, которые несут полную ответственность за религиозное образование. Примерами такого подхода могут послужить Польша, Ирландия, Италия.

2) Обучение, организованное совместно государственными органами и религиозными общинами. Такая методология практикуется в Австрии, Бельгии, Англии, Германии, Греции, Венгрии, России, Испании, а также в некоторых регионах Швейцарии.

3) Обучение, которое полностью осуществляется государственными органами без участия религиозных общин. Примерами такого подхода могут послужить Дания, Эстония, Финляндия, Норвегия, Швеция, а также некоторые регионы Швейцарии.

В таблице 1 представлен перечень государств, где религиоведение изучается в государственных школах с использованием различных методик преподавания.

Таблица 1. Страны с уроком религии в государственных образовательных программах

Германия	Малайзия	Австрия
Дания	Ирак	Финляндия
Тайланд	Бахрейн	Румыния
ОАЭ	Таджикистан	Палестина
Бразилия	Мальта	Венесуэла
Грузия	Испания	Чешская Республика
Польша	Южная Африка	Бельгия
Швеция	Саудовская Аравия	Казахстан
Бирма	Австралия	Египет
Израиль	Азербайджан	Оман
Колумбия	Исландия	Чили
Люксембург	Венгрия	Литва
Ирландия	Средний Восток	Англия
Норвегия	Йемен	Шотландия
Пакистан	Нигерия	Иран
Иордания	Болгария	Кувейт
Аргентина	Швейцария	Узбекистан
Словакия	Новая Зеландия	Португалия
Италия	Сирия	Греция Ливан
Эстония	США	Турция
Латвия	Босния	Катар
Ливан	Перу	Кыргызстан

Россия	Кипр	Нидерланды
--------	------	------------

Источник: Ожиганова А. Преподавание религии в школе: поиски нейтральности и «культурные войны»

Краткий анализ задач стоящих перед религиозным образованием в современном мире показывает, что участники социального процесса зачастую придерживаются прямо противоположных либо конкурирующих целей и устремлений. С конца XIX- середины XX в. в Европе отмечалось угасание интереса к религиозному образованию, но по окончании 2-ой мировой войны с возрастанием популярности в обществе социалистических идей религия стала рассматриваться, как противоядие этим идеям. Вторую волну интерес к религии начал переживать в конце 90-х годов XX в. в свете современных идей мультикультурализма, толерантности, индивидуализма и плюрализма. С увеличением доли мигрантов и усилением глобализационных процессов многие работники системы образования стали выдвигать идеи замещения моноконфессионального образования на неконфессиональный, инклюзивный подход включающий преподавание нескольких религий с учетом интересов мусульман, индусов, сикхов и др. Еще одна интересная тенденция заключается в том, что во многих странах с развитой экономикой и соответственно высоким жизненным уровнем наблюдается снижение интереса к религии в обществе и снижение авторитета традиционных религиозных институтов. Этому способствовали процессы секуляризации и повышении чувства уверенности в завтрашнем дне порождаемым повышением уровня социальной обеспеченности каждого члена социума. Показателен пример Швеции которая в 2000г. отказалась от института государственной религии.

Религиозное образование представляется обществу инструментом социального воздействия в решении многих задач среди которых на первом месте стоит стабилизация общества. Однако некоторые исследователи полагают сомнительной идею о том, что религиозное образование может решить проблемы, которые лежат в других социальных областях, несмотря на заложенный высокий этический потенциал [11]. Некоторые страны используют религиозное образование в качестве инструмента сохранения национально-религиозной идентичности. В пример можно привести опыт Дании и Норвегии где остро стоит проблема интеграции мигрантов. Достаточно вспомнить раскрытие школьной инспекцией дела о "троянском коне" в системе среднего образования Бирмингема которое стало одним из самых обсуждаемых событий Британии в 2014 году. В европейских обществах где ислам рассматривается как угроза политическому и общественному порядку религиозное образование рассматривается как инструмент ассимиляции интеграции мигрантов, что кажется вполне оправданным. Ведь курсы религиозного образования предоставляют равные права представителям всех верований. Еще одним аргументом необходимости религиозного образования является то, что многие родители, у которых не хватает ресурсов дать хорошее религиозное образование дома, видят в школьном курсе возможность привить культурные, духовные ценности подрастающему поколению, выработать мировоззренческую позицию [11]. Остается множество вопросов на которые еще не найдено однозначного ответа. Обсуждаются такие вопросы как приоритет в преподавании религиозного образования-знания важнее или формирование мировоззрения у детей? Как лучше организовывать учебный процесс в соответствии с потребностями учеников? Каким образом можно сформировать у обучающихся широкие взгляды, восприимчивость к новым прогрессивным знаниям, передать им определенные общечеловеческие ценности через религиозное образование? Как найти баланс между светским и религиозным в образовании? Но единство мнений наблюдается в том, что государства признают необходимость религиозного образования как фактора, способствующего формированию осведомленного и культурно компетентного общества, способного к диалогу и взаимопониманию в

многонациональном и многокультурном пространстве. Сегодня в современных государственных школах Европы существуют основные модели религиозного образования: конфессиональная и неконфессиональная [4]. Конфессиональная модель предполагает добровольный выбор в восточных, южных и юго-западных регионах Европы, за исключением Греции, где религиозный урок является обязательным для всех. В то же время следует отметить, что в Эстонии государственные школы не предлагают религиозное образование. В традиционной модели конфессионального религиозного образования проводятся совместные христианские уроки (в Германии – с участием католиков и протестантов), которые направлены на содействие экуменическим целям в контексте распространения ислама. Один из факторов включения других религий в конфессиональную модель обучения становится все более характерным для многих европейских стран с доминирующей религией, таких как Испания и Италия. Это является переходным этапом к неконфессиональной модели обучения, основанной на изучении различных религий. В этом контексте можно привести пример проекта «гамбургского пути», реализуемого на базе академии мировых религий Гамбургского университета в Германии, где религиозное образование является обязательным предметом с отдельным обучением по конфессиональному признаку в соответствии с основным законом. В настоящее время немецкая наука о религии, также известная как «religionswissenschaft», является одной из самых сильных школ религиоведения и представляет период конца XIX - начала XX века [5].

Наглядным примером развития новых подходов к преподаванию знаний о религии является австрийский опыт. В Вене авторитетное влияние на образовательную систему осуществляют представители католической конфессии, которые успешно сотрудничают с протестантами, православными и старокатоликами в сфере предоставления духовного образования. Коллективное обучение в школах венской системы образования позволяет организовать конфессиональное религиозное воспитание посредством совместных учебных занятий. Проект также включает в себя католиков и мусульман. В нескольких школах Штирии и Каринтии проводится совместное обучение [6]. Преподавание религиоведческих дисциплин в школе имеет целью способствовать формированию мировоззренческих и культурных основ личности. Уникальность культурно-этического потенциала религиоведческих предметов заключается в их глубоко гуманистичной направленности. Казахстан не является исключением в контексте внедрения религиозного образования в школьную программу (рисунок 1).

Рисунок 1. Развитие религиозного обучения в Казахстане



Так, с 2016 г. в школах Казахстана введено обязательное преподавание религиоведения. Введение данного предмета является одной из государственных мер, необходимых для формирования у молодежи толерантного сознания, не приемлющего идеи экстремизма и терроризма; повышения общего уровня знаний о религии; оценки и понимания современной религиозной ситуации [7].

По данным Министерства по делам религии и гражданского общества, заинтересованность в предмете религиоведение сформировалась с момента получения Республикой Казахстан независимости и объявления свободы вероисповедания [8]. Таким образом, отправной точкой развития религиоведения можно считать 1992 год.

В 2004 г. в школах Казахстана был введен факультативный курс «Основы религиоведения» в рамках реализации Указа Президента «О мерах по предупреждению и пресечению проявлений терроризма и экстремизма» [9]. В связи со светскостью государственных школ школьная программа Казахстана охватывает только общую информацию о религиях и не предоставляет религиозного обучения. Таким образом, религиоведение в Казахстане согласно «Толедским руководящим принципам ОБСЕ» является образованием в целях расширения общих знаний учащихся о религиях (learning about religion) [10].

В 2013 году была утверждена государственная программа по противодействию религиозному экстремизму и терроризму [11]. Одним из ее главных мероприятий было планирование полного охвата школьников учебным предметом «религиоведение» в учебных заведениях средних школ, а также освоение необходимого объема знаний о религии.

С этой целью с 2016 учебного года в школах Казахстана с 9 класса был введен обязательный предмет «Светскость и основы религиоведения», который заменил факультативный курс «Основы религиоведения». Объем изучения курса «Светскость и основы религиоведения» составляет 1 час в неделю. Введение данного курса

«предполагает акцент на укрепление принципов светскости и профилактику религиозного экстремизма и терроризма.

Одной из существенных причин запуска программы обучения данного предмета в 9-м классе являлся тот факт, что в соответствии с данными, полученными при реализации международных тюремных реформ в странах Центральной Азии, молодые люди в возрасте от 14 до 29 лет оказались наиболее уязвимы и чаще других подвергаются вербовке и вовлечению в деятельность экстремистских и террористических группировок [12].

Введенный в школах Казахстана с 2016 учебного года обязательный предмет «Светскость и основы религиоведения» на сегодняшний день преподается или в рамках предмета «Глобальные компетенции» или же в качестве отдельного предмета. Выбор формы преподавания оставлен за школой. Формат предмета изменился: частично религиоведение входит в новый предмет «Глобальные компетенции» и изучается только в девятом классе. Проблемы с качеством преподавательского состава, качеством их переподготовки, малым количеством часов предоставленных предмету остались. Нововведения никак не улучшили существующего положения.

Как показывает практика, сегодня далеко не все взрослые могут правильно и корректно ответить на вопросы, касающиеся религий, поэтому очень важно давать верную информацию именно детям, то есть тем, чья личность ещё только формируется, чтобы избежать их попадания в деструктивные религиозные течения.

Мы придерживаемся мнения, что повышение качества религиозного образования и передача надлежащей информации о вере молодому поколению являются значимыми задачами образовательного процесса. Современное поколение демократического государства уже с юного возраста должно учиться самостоятельно оценивать религиозно-политические события, ориентироваться в многообразии различных тенденций, иметь собственную позицию и чувство неприятия к чуждым идеологиям.

Назрела необходимость тщательного и скрупулезного изучения вопроса религиоведческого образования в мире. Рассмотрение возможности внедрения зарубежного опыта в области религиозного образования подчеркивает, что использование данной практики в государственных школах страны является наиболее эффективным способом обеспечения религиозной грамотности учащихся. Данный подход не только ставит перед собой задачу передачи фундаментальных знаний о религиях, но и стремится к формированию понимания и анализа многообразия культурных и религиозных традиций и ценностей, укреплению гармоничных отношений и устойчивому социокультурному прогрессу современного общества.

Список использованной литературы:

1. Barnes L. Education, Religion and Diversity, 2014. p.280
2. Ожиганова А Преподавание религии в школе: поиски нейтральности и «культурные войны» [Электронный ресурс].URL <http://www.religion.ranepa.ru/> (дата обращения 08.03.2024).
3. Понкин И.В. Преподавание знаний о религии в светской школе: европейский опыт правового регулирования // Религиозная культура в светской школе. М.: Институт государственно-конфессиональных отношений и права, 2007. С. 6-37.
4. Schreiner P. (2015), Religious education in the European context. Crossings and Crosses: Borders, Educations, and Religions in Northern Europe, (дата обращения 08.03.2024)
5. Выступление профессора из Нидерландов Софи Ван Бьестервельд на 27 ежегодном симпозиуме ICLRS “Religious Freedom: Rights and Responsibilities” в октябре 2020) [Электронный ресурс].URL <https://www.iclrs.org/annual-international-law-and-religion-symposium/27th-annual-international-law-and-religion-symposium-2/> (дата обращения: 08.03.2024).

6. W. Weisse. Dialogical Religious Education in the Life Trajectories of Political and Religious Stakeholders in Hamburg. Religion & Education. Vol.44, 2017, Issue 4, P. 54–70.
7. Абдрасилкызы А. Качественное обучение религиоведению в школе благоприятно воздействует на сохранение внутренней стабильности страны. Научно-исследовательский и аналитический центр по вопросам религий. [Электронный ресурс]. URL <https://www.zakon.kz>. (дата обращения 08.03.2024).
8. Научно-исследовательский и аналитический центр по вопросам религии Комитета по делам религий Министерства по делам религий и гражданского общества РК (2017), [Электронный ресурс]. URL <http://www.niac.gov.kz/ru/> (дата обращения: 08.03.2024).
9. Указ Президента «О мерах по предупреждению и пресечению проявлений терроризма и экстремизма». [Электронный ресурс]. URL <http://adilet.zan.kz/> (дата обращения 08.03.2024).
10. Toledo Guiding Principles on teaching about religions and beliefs in public schools prepared by the ODHR Advisory Council of experts on freedom of religion or belief (2007), [Электронный ресурс]. URL <https://www.osce.org/odhr/> (дата обращения 08.03.2024).
11. Цели, стандарты и педагогические подходы к проблеме религиозного образования в современной Европе. Е.В. Разбаева. Вестник ПСТГУ. Серия IV: Педагогика. 2018. Вып.49. С.22-38
12. Государственная программа по противодействию религиозному экстремизму и терроризму в Республике Казахстан на 2013-2017 годы. [Электронный ресурс]. URL <http://adilet.zan.kz/> (дата обращения: 08.03.2024).
13. Шамбилов А. (2017), Доклад регионального директора PRI на Национальном форуме по вопросам радикализации заключенных и противодействия насильственному экстремизму в тюрьмах Казахстана. [Электронный ресурс]. URL <https://www.zakon.kz/> (дата обращения 08.03.2024).

«ӘЛ-ИНСАН ӘЛ-КАМИЛ» ИСЛАМ ІЛІМДЕРІНДЕГІ ЭТИКА МЕН ЭСТЕТИКАНЫҢ БІРЛІГІ

Дінтанудың өзекті мәселелері 2- курс докторанты **Қасымқан Қ.**
Ғылыми жетекші: д.ф.н., профессор Сейтахметова Наталья Львовна
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Андатпа: Ислам этикашыларының пікірінше, адамның бақытты болуы ең алдымен өзін-өзі тану мен өзін жаратқанды құрметтеуге байланыстырады. Ақыл-ойы басқа күштерге үстемдік ететін және өзін-өзі басқара алатын және өзін құрметтей алатын адам - айналасындағы барлық жанды және жансыз тіршілік иелерімен көркем қарым-қатынаста болуы, Құдаймен көркем қатынаста болған адамның моральдық бейнесі болмақ. Адамның бақытты болуы оның табиғи болмысына сәйкес келетін іс-әрекетіне байланысты. Көркем мінез-құлықтың болуы, ақыл иелеріне өз табиғатына сәйкес әрекет етуге көмектеседі. Бұл зерттеу мақаламызда ислам философтарындағы этика мен эстетика түсінігі және «әл-Инсан әл-Камил» Ислам ілімдеріндегі этика мен эстетиканың бірлігі тұрғысынан ашып көрсету.

Кілт сөздер: әл-Инсан әл-Камил, Ислам әдебі, этика, эстетика, таухид, бақыт

Ғаламдағы тәртіпке көз жүгіртсек, адамға әр қырынан ләззат бағыштайтын көркемдік-эстетикалық сұлулықты байқауға болады. Ой тарихында өнер мен көркемдік іс-әрекеттер сөз болған сәтте этика мен эстетика мәселесіне де ерекше мән берілетіні сөзсіз. Тарих бойы адамзаттың іздегені әрқашан сұлулықты табу және оған ұмтылу болды. Алайда сұлуды табу аздық етіп, ең сұлуға жету мақсатқа айналды. Ежелгі дәуір

философтарының ой-пікірлерінде этика мен эстетика ұғымы адам тану мәселесі мен өнер, музыка, сәулет саласындағы сенсорлық құбылыстарға қатысты талқыланды. Алайда ол сезімдік өріспен шектеліп қалмады, көркемдік асқақтық ізденіс метафизикалық өріске көшті. Платондық ой-пікірде дәл осылай қарастырылатын этика мен эстетика концептісінің сенсорлық жағына қарағанда метафизикалық жағына көбірек мән беріледі. Осы ойлармен қатар ислам философтары да этика мен эстетика ұғымын талқылады. Алайда, Құранның этика-эстетика туралы түсінігі олардың ойларының қайнарында өз ізін қалдырды. Ислам этикашылары деп отырған – адамның рухани кемелдігі мен ахлақ-мораль, жан дүние сұлулығы жәйлі ой-санасын қозғап, сындарлы пікір білдіріп, осы салада еңбектер жазған ислам ойшылдарының пікіріндегі «Этика», «Ахлақ-мораль» сөздерінің баламасы ретінде араб тіліндегі «жарату», «жаратылыс» секілді мағыналарға келетін «халқ» сөзімен түбірлес «ахлақ» сөзімен мәндес екенін айтады. АХЛАҚ — (ар. ахлақ اخلاق) сөзі араб тіліндегі «ха лә қа» етістігінен шыққан құлықтың (хулқ) көпше түрі, мінез-құлық, болмыс Мораль[1,б. 658]. Сөздік кітаптарында «хулқ» сөзінің мінез, сезім, табиғат, жомарттық, дін және жаратылыс мағыналарына келетіні айтылады[2]. «Этика» термині ежелгі грек тілінде «бірлесе өмір сүруші адамдар тобының мекен-жайы» дегенді білдіреді, кейін әдеп туралы ілім мағынасына ие болды. «Әдеп» термині түрік халықтарының тіліне орта ғасырлардағы араб-мұсылман мәдениетінің ықпалымен енген. Көптеген мамандар этиканы әдептану деп аударып жүр. Қазақ этикасы туралы басылымдарда «әдеп», «ақылақ», «мораль» «адамгершілік» сияқты ұғымдар қолданыла береді және оларға әртүрлі анықтамалар беріледі[3]. Дегенде атап көрсеткен. Демек, «хулқ» дегеніміз – адам атаның жаратылысында бар болған һәм адам ата ұрпақтарының бойында тәрбие жолымен қол жеткізетін рухани адамгершілік болып табылады. Оңғаров Е.А. өзінің «Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары» атты еңбегінде Аристотельдің ізгілік, мейірімділікке қатысты пікірінде, ізгіліктің екі түрін ой-сана ізгілігі және мінез ізгілігі[4,б.1787]. Деп қарастырады. Демек адам жаратылысындағы ақыл-ой мен мінез характер тумасынан бар болған адамға тән құндылық екеніне назар аударар болсақ ол әлбетте біздің ахлағымыздың, адами мінезіміздің һәм моральдық әдеттеріміздің жиынтығы.

Эстетика гректің «aisthêsisé» сөзінен шыққан және өнердің табиғаты мен әртүрлі өнердің техникасы туралы айтатын ғылым. Сұлулық туралы теориялар Ежелгі Греция, Үндістан және Қытайдың ежелгі философияларында жиі кездеседі[5]. Яғни Эстетика термині ежелгі грек тілінен “сезінуші, сезімдік қабылдау» деп аударылады. Бұл ұғым сезімге қатысты қабылдауды да білдіреді. Эстетика болмысты оның сұлулығы тұрғысынан қарастырады. Оған материалдық және рухани сұлулық кіреді. Осы тұрғыда философтардың әсемдікті этикалық, психологиялық, онтологиялық және метафизикалық контексте талқылауы қажет болды. Этика мен эстетика адамзат мәдениеті мен ұлттық поэтикалық жанрларында берілген ақын-жыраулардың шығармаларында үлкен орын алған. Сондай-ақ этика мен эстетика кемел адамның қалыптасуындағы имандылық пен адамгершілік, әдептілік пен әдемілік ұстындарының өзегі екендігін ерекше атап көрсеткен. Сонымен қатар, олар білім мен білімділіктің маңыздылығын терең түсіндіріп ізгілік пен шындықты, әдептілік пен ақыл-ойды, адамгершілік пен білімді кемелдіктің ең негізгі ұстындары деп қарады. Сондай-ақ этика мен эстетика бай арлы адам әр уақытта өмірінің аяғына дейін адамдық қасиетінді жоғалтпай, аяққа баспай, адамгершілік нормалары мен ұстындарын күнделікті өмір сүру тәсіліне айналдырған адамды ғана нағыз кемел адам деп есептеген.

Этикадағы әдеп – адамдармен қатынас барысында сыпайылық шегінен шықпау, адамның жеке ерекшеліктерін ескеру, өзгенің де өзінің де ар-намысын қадірлеумен бірге, шама мен шекті сезіне білу. Әдеттегі әдептілік пен мұсылмандық әдептің ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар. Ислам әдебі діннің ажырамайтын бөлігі ретінде қарастырылады. Сондықтан «ахлақ» ілімі Ислам дінінде өте маңызды орын алады. Асылында, ислам діні негізгі үш ілімге құрылады. Олар: иман, ислам, ахлақ. Бұл үшеуі

толық болмай иман толық болмайды. Бұдан біз сенім мен ғибадат пен қатар алақтың өте маңызды екенін көреміз. Тарихта «ахлақ» сөзіне мұсылман ойшылдары әртүрлі анықтамалар берген. Солардың бірі, танымал мұсылман ғалымы имам әл-Ғазали: «Ахлақ – адам бойына пікірсіз, зорлықсыз оңай жасалынатын туа біткен қасиеттер» [6] деп түсіндірген. Демек сөз әдебі, ісі әдебі, жүріс-тұрыс әдебінен адамгершілік байқалып тұрса, онда мұны ахлақты, яғни ең алғашқы адам атаның жаратылысына тән тәрбиелі кемел тұлға деп түсінеміз.

Ислам философтарындағы эстетикалық түсінігі

Ислам философтарының эстетика туралы зерттеулерді талқыламас бұрын, осы тақырыптағы діннің көркем өнерге деген көзқарасы мен құранның эстетика түсінігіне қысқаша тоқталар болсақ. Теология мен өнердің арақатынасы теология мен ғылымның және теология мен мораль арасындағы қарым-қатынасқа қарағанда салыстырмалы түрде талдау әр заманның ең қиын мәселелері екені даусыз. Өйткені ғылымның сипаттамалық аспектісі моральдың нормативті аспектісінен басым болды. Бірі адамның танымдық жағын қарастырса, екіншісі функционалдық жағын қарастырады. Өнерге назар аударып зерттеу жүргізсек керісінше, адамдардың көбінде эмоциясы мен қиял әлемімен байланысты екенін көреміз.

Ғаламдағы барлық сұлулықтар адамдарға мүлде басқа толқу тудыратыны сөзсіз. Құдайға сенушілердің көзқарасымен қарасақ, Алла әр нәрсенің жаратушысы болғандықтан, өздеріне осы сұлулықтарды ұсынып отырған Алланың құдіреті мен ұлылығын лайықты бағалауға және әрбір қараған затынан осы құдіреттің әсерін табуға тырысады. Құранда жұмақтың сұлулығы суреттелгенде, адамдардың ол мекенге жетуге деген құштарлығы арта түседі. Сүйтіп, жанға ләззат сыйлайтын эстетиканың құндылығы Құран кәрімде көрсетілген көркемдік арқылы тіптен керемет жақсы аңғарылады.

Құрандағы жәннатқа қатысты аяттар мұсылмандар үшін өте тартымды аяттар болып табылады, ал адамға бақыт сыйлайтын элементтердің сұлулығы мен эстетикалық ерекшеліктері жұмақты сипаттайтын аяттарда суреттелген. Құранда әсемдік, сұлулық, сансыз нығметтер, әшекейлер туралы айтылған аяттар сияқты, күмістің, алтынның, інжу-маржанның сұлулығын сипаттайтын аяттар да бар. Алла тағала жаратқан жаратылыста кемел жүйе, тәртіп, үйлесім, жарасымдылық, дәлдік бар екенін әркім қабылдайтын ақиқат. Құранның меңзеп отырған сұлулығы шын мәнінде – шексіздіктегі сұлулықтың шектідегі көрінісі. Проф. Dr. Қайрани Алтынтас өзінің Құран және эстетика атты мақаласында «Құранның көзқарасы бойынша барлық көркемдіктің негізі жауһары - Алла, Алла тағала барлық жағынан мұңсыз, нұқсаннан пәк, толық, ең кемел сұлуы. Сондықтан, Алладан басқа ешбір суретші жоқ және оның туындысынан басқа көркем өнер жоқ, шексіз сұлулық-Алла[7,б.57] дейді. Құран аяттарында Алла тағаланың жаратқан жаратылыстарынан өнерді, сұлулықты, кемелдікті тануға және ғибрат алуға нұсқаулықтар бар. Демек Алла тағала жаратушы ретінде жаратқанның бәрін әдемі көркем етіп жаратқан. Сонымен бірге Алла әр нәрсенің өлшемі мен тепе-теңдігін белгілеген. Оның әл-мусаввир көркем есімінің мәнін доцент. доктор исмаил карагөз эсма-и-хусна кітабында әл-МУСАВВИР - Көп шу шығару, жақындау, еңкейу, иілу, жөнелу, бейімдеу деген түбір мағынасынан шыққан мусавир сөзі сөздікте бір нәрсеге пішін мен бейне беру, сурет пен бояу және сипат беру деп түсіндіріледі. Аллаһтың бір сипаты ретінде «Мусавир» - болмыстарға пішіні мен сурет беруші деген мағынаны білдіреді[8,б.196]. Дейді. Ғалымдар осы негізде Құранда айтылған сұлулықты, тәртіпті, орналасуды, симметрияны, үйлесімділікті және тіршіліктегі белгілі бір өлшемді «Алтын қатынас» деп атайды. «Алтын қатынас» - бұл әлемдегі жанды және жансыз тіршілік иелерінің құрылымында бар деп есептелетін өлшем. Ғасырлар бойы өнерде, сәулет өнерінде және көптеген салаларда қолданылып келе жатқан бүтіннің бөлшектер

арасындағы тұрақты қатынасы мен өлшем үйлесімділік тұрғысынан ең тамаша өлшемдерді береді, «Алтын қатынастың» математикалық эквиваленті 1,618 түрінде көрсетілген[9]. Деп көрсеткен.

Этика – бір жағынан өмір сүру салтындағы мінез-құлық үлгілері болса, екінші жағынан құндылық болып табылады. Күнделікті өмірдегі көрініс беретін мінез-құлықтардың көпшілігі этикаға қатысты әрекеттерден тұрады. Ал философия – этиканы ақыл мен пайымға сүйенетін бір мәселе ретінде қарастырады. Бұл жолға теориялық этика деген атау беріледі. Этика ғылымының негізгі нысаны – «асыл болмысты» бұзып алмастан жалғастыру үшін, өз алдына жеткіліксіз болған қалау – тілектерімізді белгілі бір ұстанымдарға сай жүйеге келтіру. Этика философияның бір тармағы бола отырып, онымен бірге жүреді. Күніміздегі философияның ең ежелгі қайнарларынан саналатын Сократ алғаш рет өз-өзімізді қалай ұстауымыз керектігі жайында келелі пікірлерді алға тарта отырып, құндылықтар философиясының да негізін қалаған. Сонымен қатар этика философиясына – «ахлақ феноменіне қатысты пайым және адамның жеке және қоғамдық өміріндегі этикалық қимыл әрекеттерін зерттейтін ілім саласы» деген анықтамалар беріледі. Демек практикалық этикамен айналысқан әлеуметтанушы ғалымдар этиканы нақты жүзеге асатын істерге сүйене отырып, бекіте түседі. Ислам ғұламалары да қоғамдық ережелерге қуатты заң үкімі ретінде қараған. Этикаға қатысты мәселелерде Ислам ғұламалары батыстық әлеуметтанушылардан, практикалық ережелерді Құраннан, яғни нақты мәтіндерден шығару тұрғысынан ерекшеленеді. Осылайша Ислам ғалымдары жүріс-тұрыстағы ережелерді бекітуде, теориялық ережелерге жүгінген.

Эстетика мәселесінде ерте заманнан бүгінгі күнге дейін талқыланып келеді. Антикалық философтар мен неоплатондық философтар бұл мәселені метафизикалық, этикалық және онтологиялық негіздер бойынша талқылады. Өлең, сурет, музыка, әдебиет, мүсін сияқты өнер түрлерінің адам санасына тигізетін әсері туралы айтатын философтар дене және психикалық саулық адамдарға әдемі болатын өнер әрекеттерін орындауға байланысты екенін айтады. Адамдарды дұрыс наным-сенімге жетелейтін, олардың психикалық саулығын қамтамасыз ететін нәрсе – эстетикалық болмысты санаға сіңіру екенін атап айтатын философтар эстетиканың материалдық және рухани түрлері туралы да айтады. Демек жер бетіндегі діни көзқарас, дүниетаным ежелгі заманнан бері келе жатқаны белгілі. Діндер өздерінде қалыптасқан мойындалатын құндылықтар жүйесін – рухани құндылықтар деп атайды.

Дәстүрлі этика термині мұсылман этикасына жақын мағынада қолданылады. Дәстүрлі этика дегеніміз – мәдени немесе басқа ерекшеліктеріне байланысты белгілі бір аймаққа тән моральдық нормаларды да білдіреді. Қазақ халқының моральдық-этикалық тәрбиесінің басқа халықтарға ұқсамайтын өзіне тән мән-мазмұны, ерекшеліктері бар. Моральдық-этикалық дәстүрлер дегеніміз моральдық сана тәжірибесіне ендірілген, адамгершілік қатынас мазмұнында көрініс тапқан моральдық ережелер мен нормалар. Тарихи кезеңдердің жаңа дәуірі туғанымен ешқашан құнын жоймайтын моральдық-этикалық категорияларға: ар, ұят, намыс, абырой, ұждан, борыш, парыз, т.б. жатқызуға болады.

Қорыта айтқанда, қазіргі қоғамға тән кемел адам проблематиканың ерекше маңыздылығы оның этика-эстетикалық зерттеулерінің барлық аспектілеріне қызығушылық тудырады. «әл-Инсан әл-Камил» Концепциясындағы Рухани құндылықтардың девальвациясы бүгінгі күннің маңызды дертіне айналып, қазіргі қоғамымыздың қайғылы жетістігі ретінде үзілген дәстүрлі мәдениетімізді қалпына келтіру, жалпы «әл-Инсан әл-Камил» Ислам ілімдеріндегі этика мен эстетиканың бірлігі екендігіне басымдықты асыру қажеттілігін айқындайды, ол үшін моральдің тарихи қалыптасу ерекшелігі мен этикалық рефлексияның ерекшелігін терең түсіну қабілетімізді жоғарлатуға байланысты. Бұл қабілет жетілдіру үшін кез келген адамда

ислам ілімдеріндегі этика мен эстетиканың бірлігі дамыған тұлғаға тән болуы тиіс, сондықтан адамзаттың адамгершілік тәжірибесін зерделемей жоғары білім толық емес болады. Адам мінез құлқының өзгермелі халіне ислам шариғатының өзгермейтін қағидаты негізінде шешім қабылдап Исламдағы «әл-Инсан әл-Камил» Концепциясы арқылы жүзеге асады. Яғни, кемел адам этикасы мен эстетикасын кемелдендіру үшін негізгі ұстанымдар мен қағидаларды Исламның таза бастауларына негіздей отырып, адамгершілік құндылықтарды қайта електен өткізу, қайта тұжырымдау. Біздің дәуірімізге дейінгі Сократ, Платон, Аристотель мен орта ғасырлардағы әл Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ясауи, Ахмет Иүгінеки сынды ойшылдар жазылған көптеген іргелі еңбектердің қазіргі ғасырдың тұлғасы болу сұраныстарына ізгілік қасиеттерін сіңіріп адамгершілікті сипаттайтын жақсы әрекеттермен жағымды мінезді сәулелендіріп мінез құлық сапасын исламдық ілімнен ұтымды пайдалану қажеттілігін нақтылай түседі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Г. Мамырбекова. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы. 2017.
2. <https://sozdikqor.kz/search?q=%D0%90%D1%85%D0%BB%D0%B0%D2%9B> (қаралған күні 10.03.2024)
3. «Қазақ этикасы және эстетикасы». Жиырма томдық. 12-том. Астана: Аударма, 2007. – 2 б.
4. Оңғаров Е.А. Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары – Алматы : «Көкжиек» баспасы, 2013.
5. Nihat Keklik, Felsefenin İlkeleri, (İÜEFY: İstanbul, 1987), 267-269, bk. Suut Kemal Yetkin, Estetik, (İstanbul: Devlet Basımevi, 1938), 1.
6. <https://www.ihsan.kz/kk/articles/view/10399> (қаралған күні 14.03.2024)
7. Nayrani ALTINTAS. Ankara üniversitesi ilahiyatfakültesi dergis. Altıntaş, Kur'an ve Estetik.
8. Исмаил ҚАРАКОЗ. Аяттар Мен Хадистер Тұрғысынан Алланың Есімдері Мен Сипаттары асма-и хусна. - АНКАРА, ШАҒЛАЯН Баспаханасы, 2020.
9. M. Sözen – U. Tanyeli, Sanat Kavram ve Terimleri Sözlüğü, (İstanbul: Remzi Kitabevi, 1986), 18

ӘЛ – ФАРАБИДІҢ БАҚЫТ ТУРАЛЫ ЭТИКАЛЫҚ – ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Дінтану кафедрасының 2 – курс магистранты *Абикаева А.Д.*
әл –Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Аңдатпа: Бұл мақалада күллі шығыс еліне танымал, ойшыл, ғұлама Әбу Насыр әл – Фарабидің бақыт туралы философиялық – этикалық ұстанымдары қарастырылады. Адамның бақыты және оның нақты мәнінің негізгі тұжырымдары талданды.

Кілт сөздер: бақыт, этикалық тұжырымдар, ізгілік, құндылық.

Бақыт – адам баласының жанының жай тауып, тәнінің рақатымен сипатталатын күй. Дегенмен, бақыт нақты сипатқа ие болса да – оны адамдардың түсінуі мен қабылдау әртүрлі. Біреулер бақытты отбасының жанында болып, жақындарымен уақыт өткізу деп білсе, басқалары жалғыз қалып, жанын тыныштандырғанды бақыт деп біледі және біреулері бақыттың кілті материалдық жайлылық деп те санайды. Адамзаттың саны қанша болса – олардың бақыт туралы да ойы сан алуан. Сол себепті, бақытты іздеу, оған

жол табу және сол жолда аянбай тер төгу адамзаттың өмірлік маңызы бар мақсаттарының бірі.

Бақыт жайлы өлең жазбаған ақын, ән арнамаған сазгер, күй арнамаған күйші жоқ шығар сірә... Ақиық ақын М.Мақатаев «Бақыт деген сенің бала күндерің» деп өз өлеңінің өргеніне бақытты қосқаны бәріне аян. Бақыттың мекені, бақ қонар уақыт пен оның сыйы адамзат үшін ашылмаған құпия болып отыр. Сол себепті, «бақыт» ұғымына этикалық – философиялық деген баға береміз [1].

Бақыт және оның құрама бөліктерін ғалымдар моральдық танымның бір саласы деп атап өтеді. Бақытты зерттеу бүгінгі ғылымдар үшін ғана емес, сонымен қатар, ертедегі зерттеушілердің де жұмысына арқау болған. Мәселен, Эпикур, Диоген, Сократ, Аристотель. Лао Цзы және тағы басқалар өз еңбектерінде бақыт жайлы пікірлер білдіріп, тіпті, толығымен еңбек те арнаған болатын. Олардың еңбектерін саралар болсақ, бақытты болу, бақытты тану - этикалық ойлардың бастамасы.

Бақыт пен оның мәнін зерттеу ертеден басталса да, әрбір кезеңде оның жаңа астары ашылып, су астындағы маржандар сынды жаңа қырлары шығып келеді. Әрбір дәуір өмір сүру сипаты мен ондағы адамдардың құндылықтарына орай бақыттың кілтін әртүрлі әрекеттерден табады.

Бақыт пен бақытқа жету мәселесін қозғағанда оның көрнекі өкілі Әбу Насыр әл – Фарабиді айтпай кетуге болмас. Әл – Фараби өз заманының белді зерттеушісі, бай мұралары бүгінге дейін жалғасып келе жатқан философия өкілі.

Оның бақыт туралы айтқан тұжырымдарына келетін болсақ, адамның жетілуінің шыңы бақытты табуында деп атап өтеді. Яғни, оның айтуынша, адам белгілі бір кезеңдерді өтпей бақытты толыққанды таба алмайды. Дей тұрғанмен автордың жұмысында толыққанды гуманистік көзқарас жатқандығын да атап өткен жөн. Автор жұмысында адамды тұлға деп танып, оның ерекшелігі мен өзгешелігін басты орынға қояды. Сәйкесінше, әрбір адам бақытқа өз бетінше жетіп, даму шыңына да түрлі жолмен қол жеткізеді деп біледі. Оның ойынша, әрбір адам тумасынан мінсіздікке ұмтылады. Ал, бұл жолда адамға қолдау мен түсіндіру қажет болады. қарапайым өмірде бақытқа жету жолын ата – ана мен оның айналасы көрсеткен болса, білім алуда бақыт жайлы теория оның белгілі бір түсінігін қалыптастырады.

әл – Фараби адамның бақытқа жету жолын сипаттай келе, бақытқа жеткен адамды философиялық тұрғыдан кемелденген тұлға дей отырып, мына жолдарды келтіреді: «Біз кереметті көру арқылы ғана бақытқа қол жеткіземіз, ал, кереметті көре білу философияға тән, осыған сай бақытқа философия арқылы ғана қол жеткіземіз». Автордың бұл жолдарды келтіре отырып, философияға жоғары баға бергендігін байқаймыз. Осылайша, автордың ойынша, бақыт философия астарында жатыр және оны ашу тек қана білім алу мен жеке ізденістердің қосындысында ғана мүмкін болады. Философия көптеген адамдардың өмір тәжірибесін қанаттандырады, көптеген ұрпақтың жаңа белестерге жетуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, философия пайдалы қағидаларды қалыптастырады, ал, бұл адамның қоғамда сәтті өмір сүруіне алып келеді [2].

әл – Фарабидың ойынша жер бетіндегі әрбір адам өзінің не үшін өмірге келгендігін, өмірден қандай мақсаттар күтетінін ойланады деп санайды. Адамның нақты осындай ойы оны философияға бастайтын алғашқы қадамы болып табылады. Бұл сұрақтардың жауабын табу әр адамның өмір сүруі барысындағы бай тәжірибесі мен ізденісінің нәтижесінде түрлі жаста мүмкін болады. Кейбіреулер жастығына қарамастан озық ойлы, шебер тілді және ізденісті жақсы көретін ізденімпаз болып философияның моральдық құндылықтарын тануға ерте көшеді. Ал, кейбір жандар, керісінше, бақыттың үстіртін «жылтырағына» қызығып, өмір бойы соның жетегінде өтіп кетеді. Шындығында, мұндай адамдар бақытты емес, бақыттың елесімен өмір сүрушілер деп те айтылады.

Жоғарыда атап өткендей, адамдар сұрақтар арқылы жауап тауып, жауаптарды бақыттың баспалдағы етіп құрады. Баспалдақтың әрбір басқышы шынайы бақытты

адамның «тағына» бастар сара жол болмақ. Сондықтан, автор бақыт этикасын әрбір жанның өзінде жатыр деп біледі.

Философияны меңгеру, оның таным көкжиегін ашу және моральдық құндылықтарды түсіну адамға асқан ақыл мен көркем мінездің нәтижесінде қол жетімді болады. Сондай – ақ, асқан ақыл деп отырғаны ақыл мен мінездің үйлесімділігі, жағдайлар мен оқиғаларға тараптар зардап шекпейтіндей көзқарас таныта алуды қамтиды. Әл – Фараби ақыл күшті болған жағдайда саналы ой қалыптасатынын, керісінше, ақылдың таяздығы ойдың төмендігіне алып келеді деп біледі [3].

әл – Фараби өзінің «Бақытқа жол» трактатында адам өмір сүруі барысында адалдық пен даналықты танытып, шынайылықпен өмір сүретін болса – бақыт адамға өзі – ақ келетіндігі туралы жолдар айтылады. Яғни, адамның ниеті мен әрекеті адамның пайдасына қызмет еткенде бақыт оның досына айналады. Ал, адамның ойы арамдыққа құрылса – бақыт та оның қас жауы болмақ. Бірақ, автор ұнамды қасиеттердің адаммен бірге тумайтындығын, керісінше, адам өмір сүру барысында түрлі жағдаяттармен бетпе – бет келіп, өз бойында жақсы қасиеттерді дамытатынын айтады. Демек, өмір бойы жамандық пен қастықтың ортасында өскен адам да ұнамды қасиеттерге ие болып, нағыз бақытты сезінуге құқылы.

Әл – Фараби бақытты адам өмірі мен қызметінің басты мақсаты ретінде қарастырады. Бұл ой оның «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы Трактат», «Қоғамды зерттеу кітабы», «Азаматтық саясат», «Ізгі мораль», «Бақытқа жету туралы», «Бақытқа жету жолын көрсету» және т. б. сияқты еңбектерінде қарастырылады. Бұл еңбектер бақыт философиясының мәнін көрсететін қымбат мұралар.

Оның түсінігіндегі бақыт – адам өмірінің абсолютті құндылығы мен игілігі. Бұл адамның ұмтылысының шегі. Сонымен, ойшыл өзінің «Бақытқа апаратын жолды көрсету» трактатында: «Бақыт – бұл әр адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол кемелдіктің бір түрі. Кез – келген кемелдік – бұл адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол белгілі бір игілік болып табылады, өйткені артықшылықты игіліктер ретінде ұмтылатын мақсаттар көп болғандықтан, бақыт артықшылықты игіліктердің ішіндегі ең пайдалысы болып табылады. Әлбетте, игіліктер арасындағы бақыт-бұл ең үлкен игілік, ал артықшылықты нәрселер арасында-адам ұмтылатын ең керемет мақсат».

Әл-Фараби адам үшін артықшылықты игіліктің мәнін ашады. Ол артықшылықты игіліктерге басқа мақсатқа жету үшін емес, өздері үшін ұмтылатын игіліктер кіретінін дұрыс көрсетеді. Жоғары игілік – бұл бақыт та, мақсат та. Бақытқа қол жеткізген адам басқа мақсатқа ұмтылудың қажеті жоқ. Біз бақытты басқа нәрсе үшін емес, өзі үшін таңдаймыз. Адам бақытты болу үшін себеп іздемейді, артықшылықтарды іздейді. Осылайша, ол бақытты барлық артықшылықтар арасында ең қолайлы, мағыналы және кемелді деп санайды.

Ойшыл күнделікті сана деңгейінде бақыт көбінесе субъективті әл – ауқатпен анықталатынын көрсетеді. Кейбіреулер үшін бұл байлық жинаудан тұрады. Басқалар үшін бұл рахат пен жайлылық. Үшіншілері үшін бұл жеке жетістік, атақ пен құрмет. Алайда, оның пікірінше, мұның бәрі шынайы бақыт емес. Оның пайымдауынша, бұл көптеген жақсылықтарға қол жеткізуге кедергі келтіретін және бақытқа қол жеткізетін нәрселердің көпшілігін алуға кері әсер ететін сенсорлық ләззат. Ләззат алу үшін ысырап болған өмір-жануардың құл өмірі. Табысқа, құрмет пен даңққа келетін болсақ, мұның бәрі сізді бағалайтындарға байланысты сыртқы нәрсе. Ал, материалдық құндылықтарды жинақтау үшін өмір жай абсурд. Бұл табиғат пен ақылға қайшы өмір, өйткені байлық-бұл басқа нәрсенің құралы және мақсат ретінде мағынасы жоқ [4].

Аристотельден кейін Әл-Фараби бақыттың, іс – әрекеттің және ізгіліктің бірлігін негіздейді. Аристотель сияқты, ол бақыт жанның ең жоғары қасиетіне сәйкес келетін адамның ақылға қонымды іс – әрекетінде толық ашылады деп санайды. Тек ізгілікпен өмір сүру арқылы адам бақытты бола алады және жоғары игілікке ие болады.

Ізгілік әл – Фарабидің ойынша «тамаша іс – әрекеттерді» орындауды білдіреді. Мұндай әрекеттер мәжбүрлеусіз, адамның жүрегінен шығатын және оған дейінгі әрекеттерімен өзара байланысты болуы тиіс. Сондай – ақ, адамның еркін моральдық таңдауы да маңызды рөл атқаратынын атап өтеді. «Тамаша іс – әрекеттер» адамның күнделікті өміріне еніп, үнемі жасайтын тірлігіне айналғанда бақыт оған өзі – ақ келеді. Керісінше, адам біле тұра, жүйелі және тұрақты түрде үнемі келеңсіз жағдайлар мен қауіпті салдарды тудыратын болса – бақыт пен байлық, ізгілік пен кемелдік ауласын әрі ұстап, одан қашатын болады. Бірақ, әл – Фарабидің бақыт жайлы этикасына сай адам тек қана жақсы істермен немесе тек қана жаман істермен ғана айналыспайды. Күнделікті өмірде адамның ойы сан құбылып, мың өзгереді. Демек, өмір сүруі барысында бақытты да, бақытсыз да күндерді бастан кешеді. Соған орай, автор адамның ұнамды қасиеттері мен моральдық құндылықтарын тұрақсыз және өзгермеді деп бағалады.

әл – Фараби бақыт іздеу жолындағы «шек» ұғымына да аса мән берген. Ол өзінің еңбегінде денсаулықты мысал етіп алады. Айтуынша, денсаулық белгілі бір дүниелердің, нақты айтар болсақ, тамақтың, қозғалыстың нақты шегі болғанда ғана жақсы болады. Дәл осылай бақытқа бастап ұнамды қасиеттерде мінез – құлықтағы сезімнің, моральдық құндылықтардың, әрекет және ондағы саналылықтың шегімен өлшенеді. Өз трактатында шектен асу ұнамды болса да, жағымсыз болса да негативті салдарға алып келеді деп іледі. Яғни, менің түсінуімше, адам өмір бойы бірінғай жақсы немесе бірінғай жаман бола алмайды. Ол тек өз өмірінің аясында балансты сақтау арқылы ғана бақытқа жетеді. Мысалы, адам бойындағы шектен тыс батылдық оны ессіздікке алып келеді немесе батыллықтың шектен тыс аз болуы адамның қорқақ болуына ықпал етеді.

әл – Фарабидің бақыт туралы еңбегінде бақытты белгілі бір әрекеттердің жемісі ретінде келетін марапат ретінде қарамауға назар аударады. Олай болған жағдайда автор адамның әрекеті есепке, марапатқа, тек қана нәтиже алуға ғана құрылып, жүрек қатаяды деп біледі. Егер адам, жақсылық жасарда жүрекке жүгінбей, тек қана біреудің айтуымен, күштеуімен орындаған болса – онда ол бұл әрекеттен ешқандай бақыт сезінбейді, керісінше, ол адамның бойында шаршау мен істі аяқтауға деген құлшыныс басымырақ болмақ. Ал, жүрегі ізгілік пен құндылыққа толы адамның жасаған әрекеті оның бақытының бастауы болады. Өйткені, адам оны бақытқа жетем деп жасамайды, тек қана өз ісінің ләззатын сезіну үшін ғана жасайды. Ал, бақыт оның ізгілігінің артынан еріп, басына қонады. Бұл жолдарды қарастыра отырып, әл – Фарабидің бақыт және бақытқа жету туралы көзқарасының И.Канткімен ұштас келетінін аңғаруға болады.

Автордың бақыт туралы ойларын әрі қарай зерделер болсақ, бақыттың тағы бір жолын білім мен танымда деп көрсеткенін байқаймыз. Алайда, білім мен таным адамның ізгі әрекеті тәрізді еркіндікке құрылған болуы тиіс. Яғни, бір адамды күштеп оқыту, оның танымын өзгерту нәтиже әкелмейді. Осылайша, автордың ойы шығыс философиясына ұқсас болып келеді. Яғни, шығыс философтары білім мен рухани құндылықтың теңдігін сақтау арқылы бақытқа жету қажет деген көзқарасты ұстанған болса – әл – Фарабидің де ойы осыған жақын болғаны белгілі. Бұл орайда, кейіннен Абай да «Ақыл, қайрат, жүректі теңдей ұста» деп айтып кеткен болатын. көрнекі ойшылдардың танымы мен ойы бір арнаға бұрылып, бір көзқарасты ұстанғандығы бақыт этикасының мәнін одан сайын ашпақ.

әл – Фарабидің ойынша нағыз бақыт айналадағы әлем мен адамдар туралы толыққанды білім қалыптасқан кезде орын алады. Осы тұста автор адамның ақылының мінсіздігіне тоқталып өтеді. Яғни, адам өз ақылына жүгіну арқылы барлық дүниені, оның бөліктері мен құбылыстарын тани алады. Ақылға сала отырып, себептер мен салдарды да, табиғаттың заңдылықтарын да түсіне алады. Бұл – адамға берілген ұлы қазына. Ал, оны жетілдіру философияны зерттеу арқылы одан сайын мінсіз ете түсуге болады делінген автордың жұмысында. Ал, философияны зерттеу жаратылыстану ғылымдары, математика және метафизика ғылымдары арқылы жүзеге асады деп

көрсеткен. Яғни, ғылым жолында аянбай тер төгу бақыттың кілтін табудың бір амалы болмақ.

Ғұламаның философиялық – этикалық концепциясы жер бетінде адамның бақыт табуына бағытталған танымның рационалды танымды және бақытқа жетудің жолдарына бағытталады. Оның бақыт туралы ойлары дәстүрлі эсхатологиядан біршама айырмашылыққа ие болып келеді. Эсхатологияда бақыт түсінігі «жұмақ», «тозақ» ұғымдарымен сипатталады, ал, әл – Фараби философиясында бақытқа тек қана жер бетінде өмір сүріп қана жете алады делінген. Яғни, «Бақытқа жол» трактатында бақыт адамның өзін – өзі жетілдіруі арқылы жер бетінде жете алатын ризығы, оны басқа жерден іздеу ақымақтық деп келтіреді. Ал, жер бетінде бақытты болуы үшін жақсылыққа ұмтылып, жамандықтың бетін қайтару қажет. Авторға сай, «жақсылық» ұғымына игі істер, қайырымдылық пен мейірімділік жатады. Ал, «жамандық» ұғымы ашу, ізденістің болмауы мен санасыз әрекеттерде біріктіреді [5].

Шексіз бақыт пен жақсылықтар әл – Фарабидің тұжырымына сай жамандықты жеңіп, жан мен тән біріккенде орын алады. Ал, осыдан кейін бақыт тапқан жүректер бір – бірімен қосылады. Осылайша, жақсылық өсіп, ұрпақтан – ұрпаққа таралады. Әрбір ұрпақ бақыттың бір бөлігіне айналар бір қазынаны қалдырып отырады және бұл адамдардың одан әрі өзін – өзі жетілдіре түсуіне ықпал етеді. Осыдан шығатын қорытынды, бақыт дегеніміз – сана мен ғылымның нәтижесінде қол жеткізетін қоғамның рухани мәдениетінің жоғары деңгейі. Мұндай жоғары мәдениет бір қоғамның ғана емес, ұрпақтар сабақтастығының құндылығы. Жер бетінде өмір сүретін ұрпақтардың барлығына ізгі қызмет ететін байлық. Кейбір ғұламалардың еңбектерінде бақытқа жету әрбір адамның жеке басына қатысты ұғым болса, әл – Фараби этикасында бақыт жеке мен жалпының бірлігінің нәтижесі делінеді.

Жеке мен жалпының бірлігі туралы өрбітіп айтар болсақ, адамдардың шынайы бақытты табуы бір адамның ғана әрекеті емес, ол адамның өзгелермен ізгі қарым – қатынас орната отырып, қоғамда жеткен жетістіктері болып табылады. Ойшыл адам өмір бойы жалғыздан – жалғыз бақытты ғұмыр кеше алмайды, адам өзін өзіне жайлы қоғамда ғана бақытты сезінеді. Адамның бір – біріне деген қажеттілігін табиғи құбылыс дей келе, олардың бақытының кілтінің де бірлікте жатқандығын айтып өтеді.

Сонымен, ұлы ғұлама, ойшыл Әбу Насыр әл – Фарабидің бақыт туралы этикалық – философиялық ойларын талдай келе, бақыттың ізгі істер мен жақсылықта, бірлік пен татулықта жатқандығын көруге болады. Яғни, бақыт дегеніміз шынайы рухани құндылықтар, адамның жүрегінің тыныштығы, оның қоғамдағы орны мен сол орынды нақты таба білуі болып табылады. Ойшылдың жұмысында бақыт туралы айтылғанда бірде -бір материалдық құндылықтар ескерілмейтінін негізге ала отырып, бұл құндылықтар бақыттың көрініс емес екендігін нақты айта аламыз. Шынайы бақыт – өзін – өзі жетілдіріп, айнала мен әлемді тани алатын адамдардың болуы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Аль-Фараби. Трактат о взглядах жителей Добродетельного города. – В кн.: Григорян С.Н. Из истории философии Средней Азии и Ирана VII–XII вв. – М.: Изд-во АН СССР, 1960. – С.177.
Тәңіршілдіктегі отқа табыну мен зороастризмдегі отқа табыну екі түрлі. Тәңір сеніміндегі от культі өзге діни сенімдердің ықпалынан пайда болмаған. Отқа табынуды үгіттейтін зороастризм мен маздакизм сеніміндегі культтік үлгілер Тәңір сеніміндегі отқа қатысты түсініктерден мүлде басқаша. Түркілер отқа мүлде дербес құдай ретінде қарамаған. Оны Тәңір сенім жүйесіндегі сакральді күштердің бірі ретінде бағалаған [8] - деп Мұхан Исахан Тәңіршілдік кітабында сөз етеді. Салыстырмалы тұрғыда айтылған екі діни сенімдегі оттың негізгі киелі ұғымға ие екенін атап өтуге болады. Оттың алғашқы қауымдық кезеңнен бастап адамның рухани материалдық құралына айналып, тек белгілі бір діннің ықпалымен келді деген ойды құптамаймыз.

Зороастризмнің құдай туралы ілімінде, тек бір құдайды ғана таниды. Неміс шығыстанушысы, Мартин Хаугтің пікірінше, дуализмнен бөлек, Авеста мәтіндері тікелей зороастризмнің монотеизмге негізделген дін екенін айтады. Мысалы, 43-Яснада:

Нұрға толы таныдым сені!

Түп бастаудан жалғыз сен,

Жақсылық үшін құрметтеп.

Зұлымдық үшін жазалаушы да сен,

Көшпелілер үшін аса маңызды зороастризмнің әсері итті қадірлеу. Авестаға ерте заманнан бері тотемдік жануар - ит енген. 22 бөлімнен тұратын Авестаның Видевдат атты кітабында “итті өлтірген адам тоғызыншы ұрпағына дейін күнәһар болады” делінген [6,266 б.]. Итті жәбірлеген адам қатаң жазаланады. Бұл көне қауымдастықта иттің құрметті орын алғанын көрсетеді және ол тотемдік сенімдермен тығыз байланыста болған.

Буддизмнің ықпалы түрік қағандарымен қатар, Тұрфан аймағындағы қарапайым халыққа да әсер етті. Орталық Азия арқылы буддизмнің «үлкен жолы» махаяна таралды. Қазіргі уақытта махаяна бағытын ұстанушылар Қытай, Жапония, Малайзия, Непал елдерінде көп таралған. Бумынның ұлы Мұхан-Қаған осы сенімді бірінші болып қабылдады. Оның Тобо-Қаған буддалық мәтіндерді түркі тіліне аударуға бұйрық беріп, Таспар-Қағанның билігі барысында келесі қадам жасалды: буддизм мемлекеттік дін болып жариялануы да осы уақыт еді [9, 526]. Тобо қағанның тұсында буддалық сутралардың түркі тіліне аударылуы ерекше оқиға. Нақтырақ келсек Тобо қаған «Нирвана-сутраны» аударуға жарлық берді. “Махапаринирванасутра” немесе Нирвана-сутра — бұл 2500 жыл бұрынғы, бұл Будда Шакьямунидің өлер алдындағы айтқан соңғы уағызы [10]. Махапаринирванасутра санскриттен “Ұлы азаттық туралы уағыз” деп аударылады. Бұл сутраның екі санскрит нұсқасы бар: біріншісі сарвастивадин мектебіне жатады және пали мәтінінің аудармасы; екіншісі санскрит тілінде жазылып, қытай тіліне талай рет аударылған (алғаш рет 423 жылы, Дхармааракша). Оны кейде «Жұмақ сутрасы» деп те атайды. Бұл санскрит, Махаяна Махапаринирванасутра өзінің палилік Хинаяна Махапариниббана сутрасынан мүлдем өзгеше. Махапаринирвана сутраның заманауи зерттеушісі, американдық Дэн Люстхаус пікірінше Нирвана сутра Қытайға тікелей Үндістаннан емес, Орталық Азия арқылы келгенін алға тартады. Нирвана сутраның пайда болуы тікелей махаянаның дамуымен байланысты. Бұл сутраның басты идеясы: будданың бейнесі табиғаттың әр құбылысы мен затына бар «Чжуншэн се ю фосин» [11]. Бастапқы санскрит тіліндегі толық нұсқасы қазіргі уақытқа дейін жетпей, аз ғана бөліктері жетті [12]. Бірақ, қытай тіліне аударылған бірнеше нұсқалары бар. Соның ішінде қытай тіліндегі ең бірінші 40 цзюаннан (свиток/орама қағаз) тұратын аудармасы 414–423 жылдары өмір сүрген Дхармааракшаға тиесілі. Бұл аударманы, солтүстік нұсқа деп атайды. Екінші нұсқасы, Хуэй-яннің 36 цзюаннан тұратын, оңтүстік нұсқасы [12, 139 б]. Қытай тіліне аударған Дхармааракша мен Хуэйяннен бөлек Үндістаннан келген Буддхабхадра мен қытайлық Фасянмен сутраның 6 бетін аударғандығы туралы дерек бар. Нирвана сутраның қытай тіліне аударған атақты аудармашы-тәпсіршілерінің бірі - Чжу Дао Шэн [13]. Аталған аудармашылардың еңбектері V ғасырда жиырма жылдан аспайтын аралықта жазылған. Дао Шэн немесе Шэн Гун, монах болмай тұрып Вэй деген

есімі болды, сутраның насихатталуына көп ат салысқан. Ұстазы Кумараджива да үнді елінен келген монах еді. Көріп отырғанымыздай, үнді монахтарының қытайдағы буддизмнің таралуына қатты әсер етті. Көшпелі түркілер мен отырықшы түркілердің арасында діни сенімнің орнығуы ерекше. Соған дәлел Қағанаттағы дала көшпенділері үшін, арнайы діни плакаттар жасап таратуы [14]. Нирвана сутраның қанша бөлімі түрік тіліне аударылғаны туралы нақты ақпарат жоқ, бірақ қытайдағы аудармашылардың түркілерге ықпалы туралы келесі тұжырым жасауға болады. Буддизм ашиналық түркілердің билікке келмес бұрын да, Куча (қазіргі Шығыс Түркістан) секілді ерте ортағасырлық мемлекеттерде буддизмнің ықпалы зор болды. Тарихи негізде қағанаттың құрыла сала буддизмнің ықпалында болуы да жергілікті халықтың әубаста болғандығы дәлел. Кейінгі Тұрфан аймағындағы X ғасырдағы Гаочан-ұйғыр мемлекетінің киелі сутраларды аударуы қытай тілінен болды. Түрік қағанатындағы сутраларды аудару ісі тікелей санскриттен үнділік Чинагупта атқарса, ұйғырлардың нұсқасында Тұрфан аймағындағы соғыстардың салдарынан көптеген сутралардың жолуына болжам бар. Гаочан ұйғырлар буддизм дініне келмес бұрын әскери негізделген манихейлікті ұстанды. Ұйғырлардың Тұрфан аймағына көшіп келген ұйғырлар алдымен отырықшыланып кейін буддизм дінін қабылдаған.

Соғды жазулы көне түркі тілінде жазылған будда дінін насихаттайтын «Секиз Йарук Йүкмек» сутрасындағы терминдерді қарастыруға болады. Мысалы:

1)Намо бут намо дрм намо сан (namo but namo drm namo san) Будда дінінің әрбір мәтінінің басында және соңында кездесетін бұл сөздер ислам дініндегі «бисмиллә» сөзімен салыстырылады. Намо – санскрит тілінде «намах» (илу, құрметтеу) дегенді білдіреді. Санскрит тілінде дыбыстық өзгеріске ұшыраған бұл сөз «о» түрімен ескі ұйғыр тіліне «намо» болып өткен.

2)Теңри тенриси (tengri tengrisi) Құдайлар құдайы. скр. деватидева (devātideva). Бұл термин «құдайлардың құдайы» дегенді білдіреді және Вишнуды атап көрсетеді. Ол сондай-ақ Будданың үйден кеткенге дейінгі есімі ретінде көрсетілген. Осылайша, тіршілік иелері Будданы құдайлардан жоғары қоя отырып, оны ең жоғары құндылыққа ие деп көрсетеді. (қара: Хаджер Тоқйүрек, 2019:181) [15].

3)Ном көзі (nom közi): «Дхарма көзі» Буддалардың және Бодхисатвалардың бес көзінің бірі. Бодхисаттва адамдарды құтқару үшін Дхарма көзімен барлық Буддист ілімінің табиғатын қамтиды және көреді. Дхарма көзі барлық оқиғалар үшін Бодхисатвалардың таза қабылдауын көрсетеді. Бодхисатвалардағы Дхарма көзі барлық нәрселерге ене алады. Айрықша термин, Қытай. Файан джиң «ачык сэчик», толығымен көру, Хинаянада төрт шындық үйретуді көру, Махаянада қайта туудан құтылу шындығын көру» болып та түсіндіріледі. (қара:Тоқйүрек Х., 2019:188) [15].

4)Үш әрдини (üç erdini) – үш асыл, скр.триратна, ратнатрайя, трисарана немесе шаранагамана.

-Будда: ең кемел ағартушы

-Дхарма: Будда жариялаған ілім

-Сангха: діни қызметкерлер мен монахтар қауымы немесе Дхарманың шынайы ізбасарлары. (Өзлем Айазлы, 2012:5) Термин три «үш» және ратна «асыл» немесе «үш асыл» немесе «үш асыл тас» дегенді білдіретін триеа «үш» және Будда, Дхарма және Санга немесе Будда, заң және діни қауымдастық деген сөздерден тұрады. Бұл үштікті Брахма, Вишну және Шивадан тұратын Тримуртиге ұқсатуға болады. Триратнаның яғни үш асылдың көптеген түрлері болғанымен, төрт және алты сияқты бөліктері де бар. Барлық буддистер құрметтейтін және қызмет ететін үш нәрсені білдіретін бұл термин жоғарыда айтылғандай Будда, Будда ілімі болып табылатын заң мен Буддаға сенетін қауымдастықтан тұрады.

Қорытынды

Мақаламызды қорытындылайтын болсақ, Ислам дініне дейінгі діни сенімдердің көшпелі қоғамға әсер етіп отырғаны мәлім. Тәңірлік ұғымындағы түсініктерді

күрделендіріп, толықтырып та отырды. Мысалы, отты қастерлеу өз жалғасын зороастризмде тауып, күрделі мәнге ауысты. Қарапайым отпен аластау феноменінен күрделеніп, құдайдың атрибутына айналып, сот төрелігін беретін құралға дейін өзгереді. Сонымен қатар манихейлік бағытты ұстанған ұйғырлардың бір бөлігі отырықшылыққа өтіп, буддизмді қабылдауға себепші етті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтенова Н.Ж., Дуйсенбаева А.К. Қазақстандағы исламға дейінгі наным-сенімдердің ұлт дүниетанымындағы көріністері. ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. №3 (44). 2013.
2. Ғ. Есім «Хакім Абай». – Алматы, «Ғылым», 1994 ж. 200 б.
3. М. Орынбеков, Қазақ сенімдерінің бастаулары, Алматы «Қазақ университеті» 2002. 200 б. ISBN 9965-12-190-7 .
4. Сейдуманов С.Т., Қасабекова Е.Қ. Қазақстанның діндарлық дәстүрлердегі Зороастризм элементтері. [<https://adamalemjournal.ru>].
5. Т.Еңсегенұлы Қазақ әдебиеті тарихының арғы арналары (Тәңірлік дәуір әдебиеті). Монография. Алматы: Білім, 2001, 290 б. ISBN 5-7667-2476-4
6. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Е 33. Жиырма томдық. I том. Астана: Аударма 2005. 496 б. ISBN 9965-143-8.
7. Г.Соловьева Қазіргі Қазақстан аумағындағы діндер тарихы. Оқу құралы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2020. – 324 б.
8. Ясна. [<http://zoroastrism.ru/avesta/yasna/index.phtml>].
9. Исахан М., Мұқатай Е. Тәңіршілдік. Ұғымы мен мәні, тарихи сипаттамасы, бүгінгі проблемалары. - Алматы «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2023 - 228 б.
10. Л.Е. Янгутов. Традиции Праджняпарамиты в Китае. Улан-Удэ: Издательство Бурятского госуниверситета, 2007. - 272 с. ISBN 978-5-9793-008-5
11. ЭРМИТАЖНЫЕ ЧТЕНИЯ ПАМЯТИ В. Г. ЛУКОНИНА (21.01.1932 – 10.09.1984) 2013–2017. Санкт-Петербург Издательство Государственного Эрмитажа 2021. Е. А. Кий. Вновь найденные китайские и уйгурские тексты из Восточного Туркестана.
12. Ван Бан-вэй. Краткие сведения о переводах махаянской Махапаринирвана-сутры // Вестник исследований китайского буддизма. – 07.1993. – № 6. – Факультет восточных языков Пекинского университета. – С. 103-127.
13. Ван Бан-вэй. Краткие сведения о переводах махаянской Махапаринирвана-сутры // Вестник исследований китайского буддизма. – 07.1993. – № 6. – Факультет восточных языков Пекинского университета. – С. 103-127.
14. Д. Е. Желобов. «Три религии» гаочанских уйгуров (IX–XII вв.) НАУЧНЫЙ ДИАЛОГ. 2012. Выпуск № 9. ИСТОРИЯ. СОЦИОЛОГИЯ. УДК 94(5)+2-67.
15. Бүркітбаева Ш.Д. Соғды жазулы көне түркі тіліндегі мәтіндерге анықтама (Секиз йүкмек йарук мәтіні негізінде). ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №2 (105) 2023.

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАНУ

КАЗАХСКАЯ КУЛЬТУРА И КАЗАХОВЕДЕНИЕ

KAZAKH CULTURE AND KAZAKH STUDIES

МӘДЕНИ ДИСКУРС ЖӘНЕ ЖҰМСАҚ КҮШ

Мәдениеттану, 3-курс **Зейнуллин Р.Б.**

Ғылыми жетекші: филос.ғ.д., профессор Ғабитов Т.Х.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Қазіргі уақытта нақты анықтамасы жоқ және шартты түсіндірмесі жоқ, бірақ академиялық жұмыстарда да, бұқаралық ақпарат құралдарында да кеңінен қолданылатын екі термин бар - дискурс және жұмсақ күш. Сондықтан, осы терминдерді түсіндіру қажет. Барлық саяси идеологиялар адамның ұжымдық өміріне (әлеуметтік топтар деңгейінен бастап жалпы қоғамға дейін) және билік үшін күреске қатысты кейбір дискурстарды құрастырады және мақсатты түрде таратады [1]. Нақты айтылғандай, кез келген қоғамда билікті дискурсивті жаңғырту және билікті теріс пайдалану бар және білім негізінен дискурс арқылы қайта шығарылатындықтан, белгілі үштік (дискурс – білім – билік) маңызды және дискурсты сыни тұрғыдан зерттеу қажет [2]. «Дискурс» термині түрлі пәндік салаларда әртүрлі түсіндіріледі. Мысалы, дискурс коммуникацияның басқа компоненттерімен, атап айтқанда: таратқыш, қабылдағыш, арна, кері байланыс, жағдай немесе коммуникация контекстімен бірге белгілі бір хабарлама ретінде анықталады [3]. Бұл жерде дискурстың белсенді әлеуметтік-саяси және/немесе мәдени рөлі мен күші мүлдем жоғалады [4].

Дискурс – аймақтық бейтарап пікірталасқа негізделген, әлеуметтік ортадан алшақтау әрекетіне негізделген ауызша қарым-қатынас түрі. «Философиялық сөздік» терминнің келесі бейтарап этимологиясын береді: «Французша және латынша, дискурс – пайымдау, дәлелдеу» [5]. Дегенмен, белсендірек немесе пәрменді этимологияны да табуға болады, бұл осы мақаланың контекстіне көбірек сәйкес келеді: «дискурс – орап алу, рейд». Соңғы этимологиялық интерпретация саяси және геосаяси дискурстың белсенді және тіпті агрессивті сипатын әлдеқайда жақсырақ ашады, оның мүмкіндіктері біздің заманымызда «саяси дискурс саяси емес контексте кездесетін» Интернеттің желілік технологияларымен күрт артады [6].

Дискурсты жұмсақ күштің құралы ретінде пайдалану туралы болжам жұмсақ күш ұғымының өзі пайда болғанға дейін жасалған. дискурстың өзін анықтаған кезде қолданылады: «дискурс бұл бастапқыда тілдің арнайы қолданылуы ... белгілі бір менталитетті немесе идеологияны сөзбен білдіру; бұдан кейін тілдің белгілі бір сипатты белгілерінің, ерекше грамматика мен лексиканың белсенділенуі болып табылады,.. бұл өз кезегінде ерекше семиологиялық-семиотикалық дүние жасайды. Ол виртуалды әлемнің қандай түрі құрылатыны мазмұны мен құрылымына және сайып келгенде, осы

дискурсты жасаушының идеологиясына және біздің жағдайымыз үшін оның геосаяси мақсаттарына байланысты» [6]. Әлеуметтік лингвистикалық көзқарасқа сәйкес келетін, дискурс анықтамасының құрамдас бөліктері (P. Serio бойынша) мыналар: мәлімдеменің әсері өтініштің мәнін, адресатты, айтылу сәтін және орнын білдіретін өтініштің жағдайын ескере отырып алушы; әлеуметтік немесе идеологиялық ұстанымның шектеулердің шектеусіз санына қойылатын белгілі бір шектеулер жүйесіне әсері [7].

Сайып келгенде, саяси дискурс [8] анықтамаларына сүйене отырып, біз геосаяси дискурсты негізінен вербалды коммуникациялардың жаһандық мақсатты біріктірілген жүйесі ретінде анықтауды ұсынамыз, ол осы дискурсты құрастырушыларға мақсатталған сәйкес идеологиялардың жасырын және айқын берілуін тұжырымдауға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мақсатты өмір сүру ортасының ұлттық мәдени кодын өзгерту және осылайша өмір сүру ортасының қызмет ету фактілерінен жасанды түрде енгізілген жат құндылықтардың үстемдігін қамтамасыз ету, бұл халықты қисынсыз және жиі радикалды әлеуметтік-экономикалық әрекеттерге ұмтылуға ынталандыруы керек. және саяси өзгерістер, олардың түпкі мақсаты мен шынайы бенефициарлары халықтың негізгі бөлігін эмоционалды түрде жасырады.

Дискурс сияқты құралды қамтитын жұмсақ күш бүкіл әлем бойынша саясаткерлер, журналистер және академиктер белсенді түрде қолданылады (көбінесе дұрыс емес, бұл әсіресе Ресейге тән). Дж. Най [9] әзірлеген және ғылыми айналымға енгізген бұл терминнің анықтамасына сәйкес, «жұмсақ күш басқаларды сіз қалаған нәтижелерді қалауын білдіреді, сонымен қатар олар сіздің хабарламаларыңызды қалай тыңдайтынын және олардың хабарларыңызды қалай тыңдайтынын түсінуді талап етеді. оларда лайықты ма?» [9. 11]. Басқаша айтқанда, геосаясат шеңберіндегі жұмсақ күш құралдарын бір елдің (немесе елдер альянсының) ресурстарының жиынтығы ретінде түсіндіруге болады, бұл кез келген басқа ұлтқа әскери емес, бірақ әсер ету мүмкіндігіне әкелуі мүмкін. мәдени және экономикалық құралдар (санкциялар емес, керісінше шетелдік көмек) белгілі бір тәртіпті құру, көндіру және қолданушы елдің (елдер тобының) пайдасына зардап шеккен елде қолайлы саяси/экономикалық нәтижелерге қол жеткізу үшін жағымды тартымдылықты орнату бұл жұмсақ күш. Тиісті түрде құрастырылған дискурс, біздің ойымызша, жұмсақ күштің айқын және жасырын мәдени құралдарының арасында орталық орынды алады.

Нәтижесінде тілдің таңбалық құрылымы бұл жерде саяси дискурс ретінде түсініледі, белгілі бір тілде сөйлеуші әлемді бағалайтын ерекшеліктерді немесе, ең болмағанда, егер ол жасаса, осы құрылымды анықтайды. дүниетанымын анықтамайды, әлі де белгілі бір тілде сөйлеушінің осы тілге сәйкес дүниетанымды қабылдауға бейімділігіне өте әсер ететін болып шықты. Осылайша, 2018 жылдың басында барлық веб-сайттардың 51,3% болған жаһандық коммуникациялық орта. ұлттық мәдени кодтарды қайта кодтау (авторлар идеологияның немесе дүниетанымның абстрактілі формальдандырылған матрицасы ретінде түсінеді) тұжырымдамасына сәйкес, дискурстарды қайта кодтаудың полюстері немесе қайнар көздері бұрынғы топологиямен анықталған геосаяси күш орталықтарымен сәйкес келеді. Ол триадада (АҚШ – ЕО – Жапония) PAX AMERICANA идеологиясымен көбірек анықталады [10]. Дискурсивті жұмсақ күш қауіптері ұлттық мәдени код арқылы біздің заманымызда қатал билік (экономикалық санкциялар енгізу, соғыс немесе соғыс қатері) жұмсақ күшімен салыстырғанда геосаяси аренада геосаяси мақсаттарға жетудің тиімді және өзара қауіпті құрал ретінде қарастырылатын сияқты. . Әлеуметте жат емес тіл бөлімдері тұрғысынан жұмсақ күш ұлттық мәдени кодты өзгерту арқылы ұлттық сананы да, жеке адамды да қайта кодтаудың икемді және «жасырын» құралы ретінде түсіндірілуі керек.

Агрессияшыл дискурстың осындай жойқын жұмысының көптеген мақсаттарын түсіне отырып, ең маңызды мақсаттардың біріне тоқталайық. Бұл қазіргі демократияға сәйкес ішкі және сыртқы саясатты айқындайтын әлеуметтік лифт немесе ұлттық элитаға апаратын жолдың бір бөлігі ретінде (әсіресе жоғары оқу орнында) қарастыруға болатын

ұлттық білім беру жүйесі. Бүгінгі студенттер және олардың геосаяси әлеуметтенуі ел болашағын анықтайды. Сондықтан жоғары оқу орындарындағы ағылшын бөлімдері әртүрлі дискурстар үйлестірілген өркениетаралық лингвоәлеуметтік-мәдени интерфейс ретінде қарастыруға болады. Сондықтан елдің ұлттық мәдени кодын қорғау және нығайту жүруі керек. Сайып келгенде, сыртқы әлемді жеке қабылдау дискурстың ана тілі мен түпнұсқа тілі арқылы жүзеге асады. Осылайша, ауызша ақпаратты түсінудің жеңілдетілген дәйектілігінде «алу - бағалау (хабарлама мазмұнын жеке тұлғаның мәдени кодымен салыстыру арқылы) - әрекет» басым рөлді тұлғаның ана тілі және көптеген бірлестіктер алады. Негізгі хабарлама жасырын түсінудің гипермәтіндік құрылымын құрады. Ұлттық мәдени кодтың кез келген крекингі тіл арқылы жүзеге асады. Демек, ұлттық тілді қорғау ұлттық мәдени кодты қорғаудың ең маңызды міндет болып табылады.

Сондықтан ол шет тілде материалдарды таңдауда сыни талдауды талап етеді. Екінші жағынан, студенттердің ана тілінде барлық байлықты меңгеруі ұлттық мәдени кодты нығайтып, студенттерде оның сынықтарына қарсы иммунитетті қалыптастыруы керек. Посткеңестік қоғамдық санада ұлттың белгілі сталиндік анықтамасы әлі үстемдік етеді [10]: «Ұлт – бұл мәдениет қауымдастығында көрінетін ортақ тіл, аумақ, шаруашылық өмір және ақыл-ой қоймасы негізінде пайда болған тарихи қалыптасқан, тұрақты адамдар қауымдастығы. Батыс әдебиетінде де тілдің көп ұлтты қоғамдарда ұлтты құруда және ұлттық болмысты қалыптастыруда ажырамас рөл атқаратынын атап өтеді [11]. Расында, елге ортақ тіл тек қарым-қатынас пен білім құралы ретінде емес, ұлттың мәдени кодының ең маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы керек [12].

Қазақ тілінің, тұтастай алғанда Қазақстанның тарихы мен мәдениетінің тоталитаризмнен кейінгі мәртебесіне жетуі, мәдени мұраның барлық нысандарын ұлттық жадының, әлеуметтік келісімнің ортақ көзі ретінде ілгерілетуге көзқарастары табысты үкіметтік емес ұйымдардың тәжірибесін мұқият зерттеу, өзара түсіністік, бірлік, сәйкестік және қалыптасқан бірлескен шығармашылық табысты болуы керек ұлттық мәдени саясат. Мұнда сіз жұмсақ күш құралдарын пайдаланудың түпкі мақсатын көре аласыз - қатты қуатқа көшуге дайындық. Геосаяси контексте жұмсақ күшті қолданудың тиімділігі мен тиімділігі азаматтардың жаңа идеологиялық матрицаға (әлеуметтік-мәдени код) немесе ескінің модификациясына бейімділігіне байланысты. Ділдік қашықтыққа ұқсастығы бойынша, ұлттық мәдени кодты ауыстыру немесе өзгерту міндеті көбінесе дискурс жасаушы елдің мәдени ортасы мен осы дискурс үшін мақсатты ел арасындағы әлеуметтік-мәдени өлшемдердің маңыздылығына байланысты. Жоғарыда айтылғандай, тілдің құрылымы белгілі бір тілде сөйлеушілердің әлемді қалай бағалайтынын анықтайды немесе мұндай күшті мәлімдемеден аулақ бола отырып, тілдің бұл құрылымы дүниетанымды айқындамайды, өйткені ол өте әсерлі болып шығады. белгілі бір тілде сөйлеушілердің бейімділігінде. Бір дүниетанымды қабылдауына қатысты [13. 221-222]. Дискурстың негізгі мазмұны - кез келген саяси тапсырманың вербализациясы. Нәтижесінде әсер ету субъектісіне пайдалы құндылықтарды, кодтарды, өкілдіктер мен мінез-құлық үлгілерін қалыптастыру үшін Интернетті пайдаланушылардың үлкен топтарына сыртқы әсер ету үшін барлық қажетті технологиялық мүмкіндіктер әзірленеді. Осылайша, интернеттің виртуалды кеңістігімен көбейтілген геосаяси дискурс бұрын-соңды болмаған күшке ие болады. Геосаяси дискурс арқылы болатын агрессивті сыртқы жұмсақ күшке қарсы әрекет етуде жоғарыда атап өтілген тілдік бөлімдердің рөлін Э.Сэпирдің болжамдарының жиынтығы болып табылатын келесі тезиспен растауға болады [14]]: тіл мәдениеттен бөлек өмір сүрмейді, яғни. біздің өміріміздің мәтінін айқындайтын және белгілі бір мағынада тіл «әлеуметтік шындыққа нұсқау» болып табылатын әдет-ғұрыптар мен нанымдардың әлеуметтік мұраланған жиынынан. Азияның екі алып мемлекеті Үндістан мен Қытай тарихындағы тілдің рөлін салыстыру қызықты. Мегаполистің тілі мен мәдениетін алғаш қабылдаған – Үндістан. Ал бүгінде осы елдердің қайсысы алда! Мәдени империализм әскери және экономикалықпен қатар жүреді. Мәдени империализмді тұтыну қоғамы концепциясын

сынау тұрғысынан сынау дамыған елдердегі азды-көпті «солшыл» академиктердің еңбектерінде кездеседі. Бұл жерде мәдени империализм концепциясына кеңірек тоқталуды мақсат етпей, біз тек тіл мен дискурстың арақатынасына тоқталамыз. Тілдер адамның олардың не екенін және не істейтінін түсінуінен тыс бұрыннан жасалған нәрсе емес. Олар әртүрлі мақсаттарға қызмет ететін идеологиялық құрылымдар.

Жоғарыда айтылғандай, кез келген жақсы құрастырылған дискурс жұмсақ күштің құралы немесе қаруы болып табылады. Дегенмен, кез келген қару сияқты, кімнің қолында екеніне байланысты, геосаяси дискурс шабуылдау және қорғаныс болуы мүмкін. Дискурс ұлттық мәдени кодтарды жоюға/өзгертуге де, қорғауға/сақтауға да қызмет ете алады. Осылайша, Бурдьенің ескі болжамына сәйкес [15. 191-192], әрбір тұлға өзінің қалыптасуы үшін белгілі бір жолмен кодталған шебер үлгі түрінде алған белгілі бір дайындық түріне қарыздар. Сондықтан, бұл теорияға сәйкес, тәрбиенің отбасының күшімен қатар сананың қалыптасуында өзіндік күші бар, бірақ мектептің бұл рөлі оның «формальды заңдастыруында жай ғана енжар емес, белсенді деп танылатыны анық. «отбасында қалыптасқан әдет. Бұл ережені орта білімнен жоғары білім саласына көшу кезінде адам кодталған түпнұсқа шаблонды («норма» түріндегі мәдени кодты адам қабылдайды) беру жағдайын қамту үшін кеңейтілуі мүмкін. Шын мәнінде, кез келген ұлттық білім беру жүйесі ұлттық мәдени кодты жаңғырту жүйесі болып табылады (немесе болуы керек); білім берудің формальды қондырғыларынан тыс қабылданатын мәдени тұжырымдамаларды (идеяларды) нығайтады және жетілдіреді [16].

Осылайша, кез келген университетке түсуші өмірінің алдыңғы кезеңінде алған белгілі бір мәдени кодқа сәйкес «бағдарламаланған» және іс жүзінде бірқатар мәдени кодтардың суперпозициясы болып табылады және бұл процесс университетте оқудың барлық уақытында жалғасады. университет. Студенттің ұлттық мәдени кодына әсер етудің қазіргі заманғы көрінісі қарама-қайшылықты және біршама ретсіз сипатқа ие. Бір жағынан, университет шеңберінде, атап айтқанда, профессорлық-оқытушылық құраммен қалыптасатын дәстүрлі ұлттық мәдени кодта жоқ геосаяси дискурстың жасырын/айқын әсері бар, ал екінші жағынан, екеуі де шоғырланған және кем дегенде тұтынушылық қоғам идеологиясын ұстанатын шашыраңқы антагонистік геосаяси дискурс. Студенттердің Интернетте өте көп уақыт өткізетінін, жүйелі оқу жұмысының ұзақ уақыт бойы жүргізілмеуін және тиісті қоғамдық ұйымдардың жоқтығын атап өтейік.

Қорытынды

Біріншіден, ксенофобия немесе авторитарлы кеңестік режимге қайтарылу туралы ықтимал айыптаулардан өзімізді қорғау қажет. Екіншіден, қазақ мәдениеті Батыс-Шығыс өркениеттерінің «қиылысында» синтезделген және еуразиялық мәдениет ретінде қарастырылған. Бұл көп мәдениетті сипаттағы күнделікті қазақ лексикасында расталады. Сонымен бірге, қазақ тілі семиотикалық жүйе ретінде (ұлттық мәдени кодты көрсететін) қазақ мәдениетінің өміршеңдігі мен тұрақтылығын, оның қалыптасуы мен қызмет етуін қамтамасыз ететінін және сайып келгенде, болмысының кепілі ретінде әрекет ететінін ұмытпауымыз керек және ұлттық ерекшелікті сақтау, адамдардың этнолингвистикалық және ұлттық-мәдени ерекшелігі негізінде тарихи қалыптасқан қауымдастықтың тілдік санасының қалыптасуына ықпал етеді» [17, 3-4]. Осылайша, біз қазақ тілін ұлттық мәдени кодтың тасымалдаушысы ретінде қорғауға шақыра отырып, ұлттық тар көзқарас пен ксенофобияға емес, бұқаралық мәдениеттің лингвистикалық примитивизмінің жаһандық таралуына қарсымыз. Қазақтың ұлттық мәдени кодын қорғау интерфейсіні жасау керек, өйткені мәдениеттану тұрғысынан, жұмсақ күш - дұрыс құрастырылған дискурс арқылы жүзеге асырылатын - «қайта кодтаудың» тиімді құралы ретінде қарастырылады.

Ұлттық білім беру жүйесінің мақсатты функциясын оқыту функциясы мен тәрбиелеу функциясының жиынтығы ретінде қарастырып, оны Қазақстандағы қазіргі жағдаймен салыстыра отырып, оқытушы тұлғасының толық құқықтарын қалпына

келтіру қажет деген қорытындыға келу қисынды. Қазақстанның мәдени кодтарын нығайтуға және студенттердің қорғаныш геосаяси әлеуметтенуін қалыптастыруға ықпал ететін дискурсты бастау үшін қолайлы «қолжетімділік нүктелерін» дұрыс таңдау үшін жаңа ұрпақтардың жалпы цифрлық желісін ескеру қажет. Мұнда геосаясаттың заманауи субъектілерінің картасын құру маңызды, өйткені жаһандық мәдени ортаның мета- және макродеңгейлерінен (елдер мен елдердің бірлестіктері) байланыс корпорациялардың, партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың мезодеңгейін қамтиды және ерекше назар аудару мен зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. Gosselin, P.B. (1986) A Cybernetic Approach to the Definition of Religion. URL: http://www.samizdat.qc.ca/cosmos/sc_soc/tm_pg/ch2_eng.htm#fnB15
2. Teun, A. Van Dijk (2008) Discourse, knowledge, power and politics: Towards Critical Epistemic Discourse Analysis 6 Lecture CADAAD, Hertfordshire. URL: <https://repositori.upf.edu/bitstream/handle/10230/20021/WORKING%20PAPERS%20TEUN%20VAN%20DIJK.pdf?sequence=1>
3. Черенков В.И., Черенкова Н.И. (2018) Некоторые вопросы восстановления воспитательной функции в российской высшей школе (маркетинговый подход к геополитической социализации студентов) // Alma mater (Вестник высшей школы). — № 4. — С. 79–86. DOI 10.20339/AM.04-18.079 /
4. Энциклопедия социологии [Encyclopedia of sociology]. URL: <https://dic.academic.ru/dic.nsf/socio/>
5. Философский словарь [Philosophical dictionary]. — URL: http://www.endic.ru/enc_philosophy/Diskurs-2595.html
6. Wojcieszak, M.E., Mutz, D.C. (2009) Online Groups and Political Discourse: Do Online Discussion Spaces Facilitate Exposure to Political Disagreement? URL: <http://citeseerx.ist.psu.edu/viewdoc/download?doi=10.1.1.458.5699&rep=re>
7. Seriot P. (1985) Analyse du discours politique soviétique. Revue des Études Slaves, Paris.
8. Андрюхина Т. (2013) Язык власти и власть языка / Право и управление XXI век. Andryukhina, T. Language of power and power of language. In: Law and administration 21st century. 2013.
9. Nye, J.S.Jr. (1991) Bound to Lead: The Changing Nature of American Power. NY: BasicBooks.
10. Ключев Ю.В. (2010) Политический дискурс в массовой коммуникации: анализ публичного политического взаимодействия. С.-Петербург. Klyuev, Yu.V. Political discourse in mass communication: analysis of public interaction. St. Petersburg, 2010.
11. Ohmae, K. (1985) Triad Power, The Coming Shape of Global Competition. The Free Press, New York.
12. Gill, S.K. (2014) Language Policy Challenges in Multi-Ethnic Malaysia, Multilingual Education 8, Springer Science+Business Media Dordrecht.
13. Wardhaugh, R. (2002). An introduction to sociolinguistics. Oxford: Blackwell Publishers. of development of Internet : <https://www.twirpx.com/file/2107846/>
14. Thanasoulas, D. (2001). Radical Pedagogy: The importance of teaching culture in the foreign language classroom. URL: http://radicalpedagogy.icaap.org/content/issue3_3/7-thanasoulas.html
15. Bourdieu, P. (1971) Systems of education and systems of thought. In: Knowledge and Control: New Directions in the Sociology of Education. London, Collier-Macmillan.
16. Teekens, H. (2003) The Requirement to Develop Specific Skills for Teaching in an Intercultural Setting. Journal of Studies in International Education. Vol. 7, no.1, pp. 108-119.
17. Язык как культурный код нации. — СПб, 2014. Language as culture code of nation. St. Petersburg, 2014

ҰЛТ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ

Мәдениеттану, 3-курс Зейнуллин Р.Б.

Ғылыми жетекші: филос.ғ.д., профессор Ғабитов Т.Х.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Ұлт пен мемлекеттің жігін ашып, ұлттық мемлекет деген ұғымды толық түсіну үшін біз ұлт, этнос жайындағы ғылыми теорияларды шолып шығуға тиіспіз. Ұлтты азаматтық негізде, мемлекеттен ажырағысыз етіп түсіндіретін тұжырымдардың ішіндегі қабырғалысы Бенедикт Андерсонның «ұлттық тұтастықтың елесі» концепциясы. Б. Андерсон антропологияға сүйеніп ұлттың мынадай анықтамасын ұсынады: ұлт дегеніміз адамдардың ойындағы тұтастық елесі және ол тұтастық егеменді қоғам түрінде елестейді [1]. Сонымен, біз ұлттық тұжырымдарды азаматтық негіздегі ұлт теориясы және этникалық негіздегі ұлт теориясы деп жіктедік. Және осыған орай конструктивистік тұжырым мен примордиалистік тұжырымдарға бөлдік. Шығыс елдерінде стандартты құқық кодекстері мен мемлекеттік институттардан гөрі этнографиялық дәстүрлер мен діни түсініктер, дәстүрлі институттар (ақсақалдар соты, шарифат, мешіт, ұлттық аңыздар т.б.) ұлттық тұтастыққа пайдалы әсер етеді. «Бірақ, – дейді Э.Д. Смит, – Шығыс елдерінің көбіне этнос пен мемлекеттің тұтастығы бірдей нәсіп болмаған. Мысалы, Түркия көпұлттылық әсерінен этникалық пантүркизм идеясынан бас тартуға мәжбүр болды... ұлттың территориялық және этникалық тұжырымдарының дуализмі әлі шешілген жоқ» [2]. Барлық мемлекеттер өз іштерінде біртұтас мәдениет құруға ұмтылмайды, көп елдер өз ішіндегі саяси тұрақтылықты нығайту үшін аз ұлттардың да мәдениетін дамытуға құқық береді. Этностар тарихта ежелден шешуші рөл ойнап келеді, болашақта да солай болады. Уоллерштейн «Этникалық сана-сезім латентті түрде барлық қоғамда болады. Бірақ, тыныш жатқан осы сезім ұлт басына қауіп төнген сын сағатта ғана іске қосылады. Әсіресе, ұлттың саяси құқықтарын кеңейтуге мүмкіндік туып тұрған кезде күшейеді», [3] – дейді. Егер ұлттық сана-сезім «барлық халықтың бойында латентті түрде жасырынып тұратын болса, оның іске қосылуы үшін алдыңғы заманда болған бір мәдени қуат керек.

Мәселенің ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы.

1. Соңғы отыз жылдың тәжірибесі Қазақстандағы ұлттық құрылыс және тарихи сана мәселесі бойынша жаңа зерттеулердің қажеттілігін көрсетеді. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ халқының тарихи санасындағы түбегейлі өзгерістер тағдырдың тәлкегімен ұмыт болған ұлттық дәстүр мен мәдениетті қайта жаңғыртуымен сипатталды. Бірнеше ғасыр бойы отаршылдық пен тоталитаризмнің ықпалымен әлеуметтік-этникалық деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету мемлекеттік деңгейде төмендегі міндеттерді шешуді жүктейді: ең алдымен ұлттық сананың негізін құрайтын түбегейлі (фундаменталды) құндылықтарды қайтару, яғни адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту; ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мәдени-рухани мол мұрасын игеру; осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың тарихи өткенін толығымен, жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, жаңа тарихи сананы қалыптастыру арқылы мәңгүрттік жағдайдан арылу. Өз тарихын, рухани мұраларын, құндылықтарын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін келесі ұрпаққа таныту – ұлттың өзін-өзі сақтау инстинкті. Әсіресе, тарихи сананы қалыптастырудың орны ерекше. Өйткені, өткенімізді білмей келешекке қадам басуға болмайды. Ұлттық мүддені ұғынуда зиялы қауымның атқарар рөлі аса зор. Нақ солар бұқара, көпшілік санасына ұлттық мүддені

жеткізуі, көрсетуі тиіс. Ұлттың өз мүддесін қорғай алуы – оның күштілігінің, өміршендігінің көрсеткіші. Оның адамзат тарихынан іс-түссіз жоғалып кетпеуінің кепілі. Қазіргі өзекті мәселенің бірі – қазақтардың ұлттық өзіндік болмысын, тәлтума мәдениетін сақтап қалу жайында. Өркениетті тарихи сана өзімен өзі қалыптаспайды. Оны жүйелі түрде насихаттау, енгізу, дамыту қажет.

2. **Мәселе** идеясының қазіргі аналогтардан қағидаттық сипаттағы айырмашылықтарына келсек, антрополог У. Бек қазіргі ұлттық тарихи сананың жаңа құндылықтарына назар аударады: «Егер сен өз тобыңда, мәдениетті бірге бөлісетін адамдар ортасында болсаң, сен өз сөзіңді және іс-қимылыңды алдын ала ой таразысына салмайсың, өйткені сен және олар бір ой-ұстаным әлемінде бірге өмір сүресіңдер және бір-біріңнен нені күтуге болатынын да білесіңдер. Ал егер сен жат мәдениет әлемінде жүрсең, сен өзінді біртүрлі сезінесің, яғни өзінді әлсіз және белгілі бір бағыты жоқ жандай сезінесің – осы күйді мәдени шок деп атайды» [7, 98 б.]. Мәдени шоктың мәні – ескі және жаңа мәдени ережелер мен бағыттардың қақтығысы. Ескі мәдениет – бұл индивид тастап кеткен қоғам мәдениеті, ал жаңа мәдениет – бұл индивидтың жаңа қоғамға еніп, қабылдап алған мәдениеті.

Қазіргі Қазақстандағы ұлттық құрылыс пен тарихи санаға ықпал ықпал ететін төмендегідей әлеуметтік-өркениеттік факторларды ескерген жөн:

1. Қазіргі әлемді түбегейлі өзгертіп жатқан өркениеттің ақпараттық толқыны бізді енді ғана шарпып жатыр. Яғни, жазу мәдениетін алмастырып жатқан экрандық революция қазақстандық тарихи сананы әлі толық қамтымай отыр.

2. Қазіргі өркениетті елдерде жүріп жатқан, ұлттық және тарихи сананы басқа деңгейге қоятын, жеке-дарашылдық, шығармашылықтың құндылығы мен еркіндігі, адам құқықтары, этноцентризм мен логоцентризмді шектеу, күш көрсетпеу этикасы сияқты қазіргі заман құндылықтары елімізде толық өрістеді деп айту ерте. Біздегі ұлттық сананың құндылықтары тоталитаризмнің ықпалдарынан толық арылмаған, ретсіз нарықтан бюрократиялық-әміршіл жүйеден алыс кетпеген. және кейде оның ерекшеліктерін білдіреді.

3. Зиялы қауымға жаңа тәуелсіз елдерге тән «егемендік ауруы», бірегейлендіру қажеттілігі, даму үлгілерін таңдау, түпнегіздерді жаңғырту, жаңа элитаны қалыптастыру, өтпелі қоғамның қиындықтары сияқты, қалыптасқан елдер өтіп қойған үрдістер де әсер етуде.

4. Қазақстандағы жаңа тарихи сананың қалыптасуына жағымды әсер ететін факторларға мемлекет ұстанатын бейбітшілік идеологиясы, толеранттылық, зайырлылық, ашықтық, білімділіктің біршама жоғары деңгейі ж.т.б. жатады. Жобаның экономикалық әсеріне келер болсақ, елдің саяси ғылымының одан әрі дамуы, саяси шешімдер қабылдайтын және ұлттық құрылыс саласындағы саясатты әзірлеу кезінде ғылыми негізге мұқтаж адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру. Қазақстанның басқару сапасын арттыруға алып келетін осы саладағы аналитика мен консалтинг деңгейін арттыру. Ал, әлеуметтік тиімділік: саясаттанудың зерттеу парадигмасының ғылыми-теориялық және практикалық маңыздылығын арттыру және жетілдіру, сондай-ақ ұлттық құрылыс саясатына қатысты отандық саяси ғылым мектебін дамыту. Жарияланған жұмыстардың материалдары «саясаттану», «этносаясат», «әлеуметтану» мамандықтары бойынша отандық жоғары оқу орындарында оқитын магистранттар мен докторанттарға ұсынылуы тиіс. Зерттеу материалдары осы пәндер бойынша дәрістер курсы әзірлеу кезінде қолданылуы керек.

Этномәдени шок дегеніміз индивид санасы деңгейіндегі екі мәдениеттің қақтығысы. Осы қақтығысты шешудің төрт жолы бар:

Геттоизация. Бұл жағдай индивид жаңа қоғамға енген кезде болады, осы индивид жат мәдениетпен белгілі бір себептермен (тілді білмеуі, табиғи жасқаншықтық, діни ұстанымға және т.б. жағдайларға байланысты) бетпе-бет келуге тырыспайды. Бұл жағдайда ол өз мәдени ортасын (өзге мәдени ортадан оқшаулау) – туған-туысқандар бас

қосқан ортаны қалыптастыруға тырысады. Мысалы, Нью-Йорктағы қытай кварталы немесе Берлиндегі Кройцберг ықшамында түрік кварталы. Бұл жерлерде, бір қызығы, сол мемлекеттің тілін білмей өмір сүруге болады.

Геттоизацияға қарама-қайшылықты ассимиляция тәсілі. Бұл жағдайда индивид өз мәдениетінен толық бас тартып, өмір сүру үшін қажетті өзге жұрттың мәдениетін игеруге талпынады. Әрине, әр уақытта бұған қол жеткізіле бермейді, оның бірнеше себептері бар – ассимиляцияға түсуге талпынған тұлғаның икемділігінің жеткіліксіздігі немесе тұлғаның мүше болғысы келетін мәдени топтың қарсы болуы. Мысалы, бірқатар Еуропа елдерінде (Франция, Германия) ТМД елдерінен барған эмигранттарға қарсылық көрсетіледі. Эмигранттар сол елдің тілін игеріп, бар ынтамен сол елдің мәдениетін құрметтесе де, белгілі бір себептермен, жағдайлармен әр уақытта туған-туысқандардан немесе «мұндастардан» құралған ортаға ығыстырылып шығарылады. Ал, бұл эмигранттардың балаларына, өзге мәдениетте кішкентай кездерінен өскендіктен, ассимиляция көп қиындықтар туғызбайды.

Мәдени алмасу мен өзара әрекеттен тұратын аралық. Мәдени алмасу процесі екі жаққа пайда мен байлыққа әкелу үшін екі жақ бір-біріне жылы қабақ көрсетуі және ашық болуы тиіс. Бірақ, өкінішке орай, практикада мұндай жағдай өте сирек кездеседі. Алғашқы кезден-ақ екі жақ теңбе-тең келмейді: бірінші жақ – автохтонды, ал екінші жақ – эмигранттар. Тарихта оң нәтиже берген мәдени өзара әрекеттер мысалдары бар: Германияғы Варфоломей түні оқиғасынан қашқан гугеноттар француздық мәдениет пен неміс мәдениетінің жақындасуына көп ықпал етті; билік басына нацистер келген соң Германиядан кеткен неміс философтары мен ғалымдар ағылшын тілді елдердің ғылым мен философиясына қосқан үлесі мол. (Осындай өзара әрекеттің нәтижелері, кей кездері, процесс барысында емес, бірнеше уақыт өткен соң көрінеді).

Жартылай ассимиляция. Индивид жартылай өз мәдениетін өзге мәдениет ортасы пайдасына құрбан етуі кезінде орын алады.

Ұлт және этикалық мәселелер

Зерттеу әдістерін айқындап алу үшін ұлттық құрылыс пен тарихи санаға қатысты негізгі концепцияларға қысқаша тоқталып өтейік. С.Хантингтон өзінің аты шулы «Өркениеттер қақтығысы» (2003) деген еңбегінде мынадай ой-пікір айтқандай болатын, яғни, «жалпы, ұлт болған жерде ұлттық идея болады» [5]. «Біздіңше, ұлт болу үшін үш үлкен ұлттың тірегі бар. Бірінші – ұлттың жері, екінші – ұлттың тілі, үшінші – ұлттың мәдениеті. Бұл мәдениетке мен дінді де қосамын. Дін сенім емес, дін – мәдениет. Сондықтан осы үш тірек мықты болса, ұлт жұтылып кетпейді». Ұлттық идеяны осы үш маңызды қырынан қарап, осы мәдени, рухани жағынан ұлтқа күш беретін факторлар осылар. Азаматтық қоғамдағы діни институттардың рөлі, тек теориялық сипат алып қана қоймайды. Бұл әсіресе, өзіндік геосаяси жағдайы мен тарихы бар Қазақстан үлгісінде айқын көрінеді. Жоғарыда айтқан С. Хантингтонның концепциясы бойынша, Қазақстан үш өркениеттің (исламдық, конфуцийлік, православиялық) түйіскен тұсында орналасқан, сондықтан ірі жан-жалдар шығуы мүмкін зілзалалық сыну аймағында тұрғандығын есте ұстау керек. Бұл шыныда да солай. Алайда, екінші жағынан, Қазақстан территориясында әртүрлі этностардың, діндер мен мәдениеттердің қатар өмір сүруінің көпғасырлық тәжірибесі бар екенін есте ұстау қажет. Қазақстан халқының күрделі конфессионалдық құрамы этнократиялық және исламдық мемлекет құру идеясын жоққа шығарады. Сондықтан Қазақстанда демократиялық және азаматтық қоғам құру дінаралық диалог пен келісімді талап етеді, яғни, сипаттамалық зерттеу типі қолданылады.

Елімізде құндылықтардың теориялық негіздері бойынша тәжірибелік материалдар жеткілікті жинақталғаны белгілі. Ал Қазақстан қоғамының құндылықтарының рәміздік әлемі туралы мағлұматтар толық емес. Құндылықтарды анықтау бойынша пәнаралық ғылыми талдаулардың қажеттілігі бар. Барлық ұлттардың табынатын киелі мәтіндері, әулие-әнбиелері, пайғамбарлары бар. Бұл мәтіндерде көбінесе Құдайдың бар екені, дүниеқоңыздықтың, нәпсі мен сайтанның азғырғанына ерудің ауыр күнә екені баса айт-

ылады. Бір ұлттың әдет-ғұрпы, киімі мен тағамы екінші халық үшін күнә, Құдайға емес басқа нәрсеге табыну, сайтанның сайқымазағы болып көрінуі мүмкін. Сондықтан, Еуропаның индустриалды, либералдық, зайырлы мәдениеті мен сексуалды революциясы Шығыс халықтарының бойында ксенофобия мен діни сезік, күнәліден аулақ жүруге тырысушылық сезімдерін тудырады. И.Гердердің айтып отырғаны: «Кез-келген ұлттың өзіне тән ерекшеліктері бар. Сондықтан, бір ұлттың жасанды (индустриалды мәдениеттің этикасы, түрлі субмәдениет стильдері) ережелерге бағынуы, жат халықтың тарихи тәжірибесін қайталауға ұмтылуы оны іштен ірітіп, ыдыратып жіберуі мүмкін» [6] деген пікірі шындығында да нақты өмірде жоғарыдағы себептермен болуы мүмкін.

Тарих өткен шақпен, адами жадымен және әлеуметтік еспен байланысты болғандықтан, бұған төл тарихты тану арқылы қол жеткізуге болады. Яғни, ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын іргелі құндылықтарды – адамдарды рухани тұрғыда оятатын ана тілі мен дәстүрді жаңғыртумен қатар, халықтың тарихи өткенін толығымен, жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, тарихи өзіндік сананы қалыптастыру тәуелсіздіктің рухани тұғырын құрайды. Кеңес дәуіріндегі жетпіс жыл бойы халқымыздың өзіне лайық тарихы тұмшаланып айтылмай келгені, айтылса да саясаттың ыңғайына қарай бұрмаланып, теріс түсіндіріліп келгені белгілі. Шынайы тарихи дамуды түсіндіру амалдары маркстік-лениндік әдіснамаға сай, тап күресін таңумен сипатталды. Кезінде тек еуразиялық аймақтың дамуына ғана емес, әлемдік дамуға да өзіндік ықпалын тигізген Қазақстан мен Орталық Азиядағы үш мыңжылдық көшпелі мәдениет еуроорталықтық көзқарастағы әдебиеттерде алғашқы қауымдық, варварлық ретінде қарастырылып, ұлттық тарихтағы өркениеттік, мемлекеттік дәстүр жоққа шығарылды. Қоғамдық және мәдени дамудың батыстық үлгіден түбірлі айырмашылықтары ескерілмеді. Қазақстанның Ресейге кіруінің себеп-салдары асыра дәріптелді, оның отаршылдық саясатының астарлары бүркемеленді. Қазақ халқының әлеуметтік және мәдени тарихына деген нигилистік көзқарас қалыптасты.

Әдебиеттер:

1. Андерсон. Б. Воображаемые общности. Размышления о происхождении и распространении национализма. Этнос и политика. Хрестоматия. – М.: Изд-во «УРАО», 2000. – С. 78-79.
2. Энтони Д. Смит. Образование наций // Этнос и политика. Хрестоматия. – М.: Изд-во «УРАО», 2000. – С. 90-99.
3. Петрелла К. Националистические и региональные движение в Западной Европе // Этнос и политика. Хрестоматия. – М.: Изд-во «УРАО», 2000. – С. 239-240.
4. Геллнер Э. Нации и национализм. – М.: Прогресс, 1999. – С. 110-119.
5. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. – М.: Изд. АСТ, 2003. - 603 с.
6. Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. – М.: Наука, 1977.- 703 с
7. Ульрих Бек. Что такое глобализация? – М.: Прогресс-Традиция, 2001. – С. 186

ИЗУЧЕНИЕ СПЕЦИФИКИ ТЕКСТОВ КАЗАХСКОЙ РЕКЛАМЫ В РАМКАХ МЕТОДА КЕЙС-СТАДИ

Культурология, 3-курс **Ержан З.М.**

Научный руководитель: д.филос. наук, профессор Масалимова А.Р.

Казахский национальный университет им. аль-Фараби

Аннотация. В статье описаны условия проведения, методология и результаты лонгитюдного кейс-стади, использованных в ходе проведения мониторинга переводов текстов рекламы на казахский язык. Цель кейс-стади – выявить причины распространенности текстов казахской рекламы, создаваемых путем калькированных переводов. В ходе исследования были выявлены особенности социокультурного контекста, которые не позволяют в настоящее время исправить ситуацию. В соответствии со спецификой метода кейс-стади, были очерчены горизонты научных исследований, которые в перспективе могут способствовать решению изучаемой проблемы. Проведенное кейс-стади подтвердило характеристику метода как «наблюдательного пункта», который позволяет исследователю перейти от частного к общему. Проведение мониторинга рекламы в виде полевого эмпирического исследования стало основой для формирования концепций, обращенных к изучению социальной структуры городской среды, особенностей развития национального языка в современных условиях и приоритетов государственной языковой политики.

Ключевые слова: кейс-стади, казахская реклама, лингвистическая креолизация, языковая политика, исследования городской среды, междисциплинарные исследования

Введение

Статья посвящена возможностям исследования казахских рекламных копирайтов в рамках метода кейс-стади. Причиной выбора казахской рекламы в качестве объекта анализа стала получившая распространение в Казахстане практика некорректного перевода на казахский язык рекламных текстов. Их низкое качество демонстрирует невнимание рекламодателей к созданию качественных копирайтов на казахском языке. В большинстве своем они представляют собой более или менее точные подстрочные переводы русских копирайтов и не отвечают задачам «продающего» текста [3], [4].

До настоящего времени тема лингвистической некорректности рекламных текстов рассматривалась как в публицистическом дискурсе, в средствах массовой информации [5], [6], так и в ряде публикаций отечественных ученых [7], [8], [9], [10], [11].

В данном случае исследовательский интерес сосредоточен на социальном контексте бытования некорректных текстов в публичном пространстве.

Предлагаемая статья основывается на данных лонгитюдного проекта по мониторингу текстов визуальной рекламы Алматы. Опыт проведенного исследования, интерпретируемый как кейс-стади, позволяет взглянуть на описываемую проблему как факт, характеризующий и выявляющий многие особенности современной социокультурной ситуации. Это, в свою очередь, способствует формированию нескольких дополнительных кейсов, специфическое содержание которых изучается целым рядом гуманитарных наук: лингвистикой, культурологией, социологией, политологией. То есть, случай «специфики переводов текстов казахской рекламы» в перспективе может послужить основой междисциплинарного изучения современного казахстанского общества посредством исследований состояния казахского языка, языковой политики, специфики формирования городской среды и ее социальной структуры.

В фокусе кейс-стади, мониторинг текстов визуальной рекламы города Алматы представляют собой полевое эмпирическое исследование, которое нацелено на объективное описание явления с тем, чтобы найти решения для его качественного улучшения. Выводы и обобщения, которые были сделаны в ходе данного исследования, позволяют обратить внимание на возможности использования метода кейс-стади в современной отечественной культурологии.

Методология

Методологическая задача данной статьи состоит в том, чтобы продемонстрировать, как методы кейс-стади систематизируют материалы полевых

исследований, а также выявляют и формируют новые перспективы для изучения современного социо-культурного контекста.

Истоки возникновения этого метода связывают с деятельностью Чикагской школы социологии первой четверти XX века, ведущая роль в формировании которой принадлежала Р.Э. Парку. [12] Среди заслуг школы – первостепенное внимание к специфике функционирования городского пространства, которое рассматривалось как «социальная лаборатория»; создание таких направлений, как «городская этнография», «городская экология»; опора на эмпирические социологические исследования. Именно в рамках Чикагской школы впервые было концептуализировано понятие «городской образ жизни». Данный термин был введен Л. Виртом. Обращает внимание то, что немаловажную роль при этом сыграл факт наличия социального заказа - возникновение школы было обусловлено практической необходимостью решения проблем города Чикаго, связанных со все более усложняющейся структурой городской среды. В те же годы в качестве одного из методов полевых эмпирических исследований Э.У. Берджессом был сформулирован метод исследования отдельно взятого случая - кейс-стади. Первоначально он использовался для наблюдений за жизнью отдельных людей, городских маргиналов.

Современные гуманитарные науки внедряют методы case-study для того, чтобы прояснить, «как» и «почему» функционирует конкретное социо-культурное явление. В настоящее время его широко применяют в антропологии, психологии, экономике, бизнесе, образовании. При этом акцент делается на то, что данный метод способен объективно описывать существующие реалии, подчеркивается высокая степень его валидности для выявления закономерностей общего контекста. В связи с этим кейс-стади ныне позиционируют как исследовательскую стратегию, в результате которой делаются важные обобщения.

«В кейс-стади случай – это специфическая единица наблюдения, фрагмент социальной реальности, рассматривающийся как пример проявления какого-либо социального феномена», - отмечается в статье российских исследователей И. Козиной и Е. Сыроежкиной. Далее они приводят важное замечание канадского исследователя Ж. Амеля о том, что «социологический “кейс” представляет собой удобный наблюдательный пункт, включающий определенные качественные характеристики, позволяющие исследователю перейти от частного к общему [13, с. 68], [14].

Для задач нашего исследования важными представляются также положения Р. Йина, раскрывающие гибкость и перспективность методологических разработок в рамках кейс-стади. Он указывает на то, что эмпирические наблюдения кейс-стади могут служить отправной точкой для формирования новых теорий и концепций. В своей книге «Case Study Research: Design and Methods» Р. Йин указывает, что теория или теоретические положения, вошедшие в первоначальный дизайн кейс-стади, эмпирически подкрепленные его результатами, служат основой для аналитического обобщения. Наряду с этим, на основе результатов конкретного исследования может возникнуть новое обобщение. Другими словами, аналитическое обобщение может быть основано либо на (а) подтверждении, изменении, отвержении или ином продвижении теоретических концепций, на которые исследователь ссылается при разработке своего кейса, либо (б) новых концепциях, возникших по завершении данного кейса [15, с. 41].

Таким образом, методология кейс-стади признается ценным инструментом эмпирических исследований, на основе которых могут быть выявлены глубинные закономерности обширного контекста изучаемого случая, подтверждены известные или выдвинуты новые теоретические положения.

Наследие же Чикагской социологической школы для настоящего культурологического исследования видится особо важным вследствие двух факторов. Во-первых, из-за высокой презентабельности исследуемой темы, поскольку уровень грамотности общества служит маркером большого числа характерных для него

процессов. Во-вторых, опыт обращения к специфическим проблемам городской среды, урбанистике, которое было ведущим в Чикагской социологической школе, может быть полезным для отечественных гуманитариев при изучении социо-культурных явлений, характерных для городов Казахстана.

Аннотация: В статье представлено общее понятие и обзор муралов - особого направления искусства с точки зрения городской культуры. Данное яркое направление стрит-арта время от времени наполняет жителей искусством и эстетикой, воспитывая в них художественный вкус и дарит душевное спокойствие. Таким образом, широкая аудитория горожан и жителей урбанистического пространства обращают внимание на творчество, обогащают уровень собственного художественного восприятия; культурных ценностей и духовного мира: Современное эстетическое искусство через маралы достигает новых стадий культуры. Соответственно, приятно видеть, что эстетическая задача в применении муралов сегодня имеет место в урбанистической культуре. Поэтому, крайне важно исследовать тему муралов, ведь акцент делается на раскрытии границ городской культуры и творчества, с упором на роль муралов, а также на современную тенденцию в развитии урбанистической культуры.

Ключевые слова: искусство, мурал, стрит-арт, город, общество, урбанистическая культура, творчество.

Annotation: The article presents a general concept and overview of murals, a special art direction from the point of view of urban culture. This bright direction of street art from time to time fills residents with art and aesthetics, educating them with artistic taste and gives them peace of mind. Thus, a wide audience of citizens and residents of urban space pay attention to creativity, enrich the level of their own artistic perception; cultural values and the spiritual world: Modern aesthetic art reaches new stages of culture through murals. Accordingly, it is pleasant to see that the aesthetic task of using murals today takes place in urban culture. Therefore, it is extremely important to explore the topic of murals, because the emphasis is on revealing the boundaries of urban culture and creativity, with an emphasis on the role of murals, as well as on the current trend in the development of urban culture.

Keywords: art, murals, street art, city, society, urban culture, creativity.

Көше өнері, яғни стрит-арт пен қала мәдениетінің ең монументалды да көркем туындыларының бірі, әрі бірегейі болып саналатын муралдар бүгінде барлық дерлік әлемде кеңінен таралуда. Ескі үйлер мен ғимараттардың сұр және қараңғы қабырғалары ерекше және эстетикалық суреттермен безендіріле бастады. Ағылшын жазушысы мен суретшісі Сэмюель Батлер «Өнер тарихы - бірнеше рет қайта өрлеген тарих» [1] деп айтып кеткендей, сонау бейнелеу өнері тарихынан бастау алған қабырға суреттері ғимараттардың шеткі жағы мен қасбетінде орналасқан үлкен өлшемді, тәрбиелік мән-мағыналы, эстетикалық көркем өнер нысаны ретінде санала бастады. Осылайша, муралдар тек қала кеңістігіндегі қабырғалар, ғимараттар мен мүсіндерге салынған сурет ретінде ғана емес, өнер тарихындағы және қала кеңістігіндегі жаңа атау мен бағыт

ретінде сипатталды. Сонымен қатар, қазіргі заманғы бейнелеу өнерінің әрі көше өнерінің де көркем стилі болып табылатындықтан, олар қалалар кеңістігінде суретшілердің жұмыстарын орналастыруға негіз болды. Ал көше өнерінің өкілдері қала көшелерінде тек өзін-өзі көрсету үшін ғана емес, сонымен қатар қоғамның назарын күнделікті маңызды мәселелерге аудару үшін де өнермен шұғылданды.

Қоғамның, әсіресе қала тұрғындарының жылы шыраймен қарсы алған қабырға суреттерінің әртүрлі бағыттары мен түрлері осы ырғақпен кең етек алды. Қала қоғамы мен қарапайым тұрғындары қабырға суреттерін тереңінен түсіне бастады, тіпті оларға бет бұрып қараған сайын күнделікті өмірдің күйзелісі мен ауыртпалығынан бертін келе арыла бастады, осылайша өздерін мәдениет пен шығармашылықпен байыта бастады деуге болады. Ал екінші қырынан сөз қозғайтын болсақ, бұл процесті ежелгі антика дәуіріндегідей «катарсистің» көрінісі деп атайтын едім. «Катарсис» процесінің қарапайым тілдегі интерпретациясы өнер арқылы эмоцияларды босату, ішкі қақтығыстарды шешу және өзін-өзі сан қырынан көрсету, таныту немесе өнер туындыларын қабылдау кезінде эмпатиядан туындайтын еркіндік сезіміне сәйкес келеді [2]. Өйткені, руханият пен өнердің қырлары жанасып, сол арқылы бізді ой ауыртпалығынан босататыны рас. Қазіргі таңда болса, муралдарға қарап-ақ, адам өнерді білуші және қабырға суреттерін тұтынушы ретінде көп нәрсені саралай бастайды, сол ой-өрісі мен өнерге деген терең толғанысының нәтижесінде кемел руханиятқа ие болады. Осылайша, «өнер туындысының оның тұтынушыларына әсері жан-жақты және әртүрлі әлеуметтік қабаттарда жоғары дәрежеде сараланған» деген пікірмен де толық келісетіндігіміз ап-айқын [1, 4 б.].

Біртіндеп көркем өнерге толған қала көрінісі мен мәдени сипаты күн өткен сайын үлкен масштабқа ие болуын тоқтатпады. Бастапқыда мұражайлар мен галереялардың қабырғаларынан шыққан өнер қаланы түгелімен басып алып, өзінің кең аудиториясын жинау арқылы бұқаралық масса, яғни қоғам мүшелері арасында және жалпы, бұқаралық мәдениетте өз орнын ойып алды. Қазір тіпті қазақстандық қалалардың әкімдіктері де көше өнерінің көптеген жобаларын қолдайды, оларға арнайы қаржы мен көңіл бөледі емес пе? Әрі қабырғаларды да бояуға, әрлеуге, тек әдемілік үшін ғана емес, сонымен қатар терең мағына жүктеу мақсатында да безендіруге оңайлықпен рұқсат беріп, кейде өздерінің тарапынан да коллаборациялық және кәсіби ұсыныстар алға қойылып жатыр. Бізде де, әлемдік тәжірибеде де бұл әрдайым болмағанын және стрит-арттың өте қиын жолды кешкенін ескере отыра, бастапқыда өз алдына дербес бола алмаған, сыни пікір мен негативтің басты нысанына айналған, «өнер» деуге келмеген мәдени құбылыстың тәуелсіз өнер түріне айналғаны үлкен бір маңыздылыққа ие екені дәлелденді. Қазақстандағы муралдық мәдениеттің де аз уақыт ішінде қарқынды түрде дамып, жаңа белестерге шыққаны мүлдем бөлек әңгіме болар, сірә. Бүгінгі таңда Қазақстанның ірі қалаларының көшелері инсталляциялармен, мүсіндермен, муралдармен безендірілгені куантады.

Қазір муралдар мен олардың түрлері кез келген елді мекен мен урбанисттік кеңістіктерде сөз бостандығы мен әлеуметтік белсенділіктің қуатты құралы болып табылады. Олар өнерді қоғам арасында таратудың және жастар мен тұрғындарды әдемілік, эстетикалық талғам мен шығармашылыққа үндеудің маңызды аспектісі болып саналады, және өнер мен әлеумет, қоғам, мемлекет арасындағы қарым-қатынаста маңызды рөл атқарады.

Мәдениет пен қоғам арасындағы алтын көпірге айналған қалалық муралдар сипатына, басты назар аударылып отырған тақырыбына, мақсатына, мән-мағынасы мен тәрбиелік рөліне қарай алуан түрлі типтерге жіктеледі. Мәселен, Алматы қаласының кез келген бөлігіндегі ғимараттар мен пәтер қабырғаларының, бірнеше қабатты тұрғын үй кешендерінің қасбетіне мән беріп қарасақ, әлеуметтік, саяси, діни, патриоттық, этникалық, эстетикалық, философиялық, заманауи және коммерциялық типтегі мурал туындыларын байқауға болады. Мурал типтерінің әрқайсысына өзіндік идея мен

урбанисттік контекстіндегі маңыздылық, өзектілік тән. Сәйкесінше, сурет арқылы баяндалғысы келген тақырыптың өзектілігі мен муралдық бейнелердің әдемілігі, визуалды көркемдігі мен орындаудың жоғары шеберлігі олардың көпшілікке үндеуін одан да тартымды және қадірлі етеді. Мәселен, тек елімізді, қоғамдық өмірімізді ғана емес, әлемдік деңгейде дүйім халықтарды жайпап өткен коронавирус ауруы аса маңызды да ауқымды әлеуметтік мәселелердің бірі еді. Ауқымдылығы соншалық, дүние жүзі өнерінде де, Қазақстан шығармашылығында да коронавирус өзінің көптеген салдарын көрсетті, қалалардың тұрғындарын үйлерінің төрт қабырғасына қамады. Ал көше ғимараттары болса қаңырап қалды, сол себепті қала тіршілігі, өкінішке орай, ұзақ уақытқа тоқтап қалды. Осындай қиын-қыстау кезеңде өнер адамдары қаланың бос жерлерін аздап жандандыру үшін бүкіл әлемдегі суретшілерді коронавирусқа қарсы күреске шақырып, бірлікті жариялады емес пе? Осылайша, тек дәрігерлер мен денсаулық сақтау мүшелері, саясаткерлер, құқық қорғау органдары ғана емес, олармен бірге көше суретшілері де коронавирустық пандемиямен күресуге қосылып, урбанисттік мәдениетті жаңа деңгейге алып келді. Мұның өзін «әлеуметтік бірлік» деп атауға болады. Себебі, карантин жарияланған алғашқы кезеңде көптеген қалалардың әрқайсысында өзекті және әлеуметтік тақырыптағы муралдар пайда болды. Бәлкім, бұл әлеуметтік муралдар кей жандарға рухани жігер мен «заманауи жауынгерлік рух» сыйлады, ал басқа біреулеріне тіршіліктің мүлдем тоқтамағанының, әлі де шуақты күндердің үмітінің белгісіне айналды. Міне, бұл мысал жоғарыда атап өтілген «катарсис» процесінің айқын көрінісі десем қателеспеспін, сірә.

Халық тынысында орын алып жатқан өзге саяси сарындағы мәселелер де баршылық. Мәселен, Қазақстанның ең ірі қаласы әрі біздің аса қастерлі урбан-алаңымыз - Алматыда муралдар жастардың мемлекет қоятын идеялармен күресінің нышанына айналғаны даусыз. Суретшілер мен муралисттер үшін ғимараттардың қасбеттерімен қоса, қала қабырғалары да үкіметтік дискурстан алыс, күрделі тақырыптар үшін балама алаңға айналды. Ондағы кейбір муралдар қазіргі саяси жүйеге тікелей қарсылығын білдірсе, ал басқалары керісінше, оларды дәріптейді. Көпшілік жағдайда, бұл тәріздес муралдардың еркін мінез-құлқына толы екендігі ортаға шығуда. Әдетте, қалада пайда болатын муралдар көптеген тұрғындардың көңілінен шығатын үлкен тақырыптарды қозғайды: саяси өзгерістер, жастар саясатына бетбұрыс, үгіт-насихат т.с.с. Расымен де, әрі саяси, әрі әлеуметтік тақырыпты көтеру - жастар мәдениетінде де позитивті үнге сөзсіз ие болмай қоймайды, одан бөлек, урбанисттік мәдениеттің жарқын мәдени қабаты болған муралдар тек нақты сюжетімен ғана емес, сонымен қатар жарқын түстерімен, үйлесімділігімен де көзге түсу арқылы да қала мәдениетіндегі маңызы мен өзіндік рөлін айқындай түседі.

Алайда қазіргі таңдағы муралдардың кейбіреулері белгілі бір тақырып пен идеяға негізделмей, көрермендердің санасына, ойлау қабілетіне, визуалды және эстетикалық қабылдауына әсер етуді мақсат етеді. Ондай муралдардың түрлеріне философиялық және эстетикалық мурал тобын жатқызуға болады. Әдетте бұл муралдар тобы «Өнер – өнер үшін» ұстанымы бойынша өзін көрсетеді. Философиялық муралдар атауы меңзеп тұрғандай, өнер туындысына қараған сайын адамды шынайы өмірден тыс қиялдарға алып кетіп, ойлау дағдыларын дамытса, эстетикалық муралдар ләззат әлеміне бағыттап қана қоймай, көрерменнің бойындағы көркемдік талғамдары мен қабілеттерін шындайды, әрі шығармашылық рухын ортаға қояды. Үнді ғалымы В. Бахадүр: «Өнердің мақсаты – адамға шабыт беру, оны тазарту және жақсы қасиеттерін арттыра түсу, осы үшін ол әсем болуы керек», - дейді [3, 137 б.]. Расымен де, адам бұл топтағы муралдарға қарап, рахатқа бөленуі қажет деп ойлаймын, себебі философиялық муралдың мақсаты – өнерді ұғынғысы келетін адамға шабыт беру, өмірдегі басты құндылықтарды сезіндіру, толғандыру, қуаты күшті эмоциялар сыйлау. Ал эстетикалық муралдар арқылы адам әсемдіктің шегін сезініп, рухани азық ала отырып, урбанисттік мәдениеттегі мурал ықпалының орнын анықтайды. Аталған топтағы муралдар қазіргі таңда қалалардың әр

қырында, кез келген мәдени бөлігінде кездеседі, себебі олар өзге санаттағы муралдар секілді шектеулі емес, олардың қолданылу аясы мен таралу диапазоны әлдеқайда кең болып саналады. Сәйкесінше, урбанисттік алаңдардағы әсері де зор болып келеді.

Қала мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналып, урбанисттік сипатқа ие болған бірден-бір мурал түрлері – діни муралдар. Алматы қаласының контекстінде бұл гипотеза айқын сипатқа ие болады деп айта аламын. Алматы қаласының ең жанданған, көше инфрақұрылыстарына бай бөлігі болып саналатын Саин – Ұлықбек даңғылының бойын діни сарындағы муралдар жаппай қамтып тұр. Дәл осы жергілікті діни муралдар жайлы сөз қозғайтын болсақ, Алматы қаласының жоғарыда атап көрсеткен көшелер бойында жергілікті тұрғындардың үйлері де орналасқан. «Жетісу-2» шағын ауданында шоғырланған көп қабатты үйлердің қабырғаларында өте ескі муралдарды байқауға болады. Қабырғаларда көбінесе христиан руханилығына сай келетін дәстүрлі шіркеу түрлері мен кішкентай шіркеулер, ғибадатханалар салынған. Ал өзге үйлердің қасбеттеріндегі муралдарда мешіт, кесене және медресе орын алды. Аталмыш муралдар «Бюджет участия» жобасы аясында тұрғылықты халық өтінішімен салынды [4]. Жобаның басты ерекшелігі де – бұл жолы мемлекеттің емес, халықтың белсенді ат салысуы арқасында Алматы ғимараттарының жаңа түрге енуі болып табылады. Ал көптен күткен жобаның мақсаты – әр түрлі халықтар мен мәдениеттердің ескерткіштері мен мұраларын, діни құндылықтарды тарату. Көше бойында орналасқан 6 бірдей үйдің қасбетіндегі діни муралдар көп ұзамай халықты тәнті етті. Бұдан-ақ, қазіргі таңдағы муралдардың қала кеңістігіндегі суреткер мен көрерменнің ортақ тіліне, құралына айналғанын және де аса маңызды рөл ойнап тұрғанын көруге болады емес пе?

Демек, әлеуметтік, патриоттық, саяси, философиялық, эстетикалық, діни муралдар қала мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналып, негізгі рөлді атқарады. Олардан басқа да мурал түрлері әдетте жарнама сияқты өзге мақсаттармен жасалуда. Қазіргі күнгі жарнамалық, яғни коммерциялық муралдар қоғам өмірінде ең өзекті әрі маңызды орынды алады. Заманауи муралдардың басты ерекшелігі де осында сақталады, себебі муралдар бүгінгі таңда барлық адамның қабылдауы үшін ашық, масштабты да монументалды қала өнерінің түрі болғандықтан, коммерциялық мақсаттарда да еркін қолданылады.

Кез-келген түрдегі коммерциялық мурал – нақты жобалар үшін, мысалы, барлар, мейрамханалар, фитнес-орталықтар, компаниялардың кеңселері мен дүкендер үшін қолданылады. Мұндай муралдар келушілерді өзіне ыңғайластырып, тартады, ал әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында муралдардың фотосуреттерін тарату арқылы аталмыш брендті мүмкіндігінше танымал етеді. Сыртқы жарнаманы қалалық орта контекстінде «бренд» ретінде қарастыру арқылы, тек экономикалық пайда келіп қана қоймайды, сонымен қатар қалалық ортаға үйлесімді түрде сәйкес келетін қаланың келбеті қалыптастырылады [5, 271 б.]. Сонымен қатар көше өнерін коммерциялық бір бағыт ретінде қолдану арқылы қоғамға жаңа бір идея мен көзқарас тастау мүмкіндігі бар. Себебі, көше кеңістігі мен өнері – ұтымды «жарнама тауары» деп есептелгендіктен, қала да, қоғам да, урбанисттік мәдениет деңгейі де сыртқы коммерцияға толады, ал оларды дұрыс жолға шақыруды ұйымдастыру арқылы маңызды үндеу тастауға болады, мысалы, салауатты өмір салтын ұстануға немесе отбасылық құндылықтарды сақтауға шақыру әбден мүмкін. Заманауи мурал өнері де дамыған, қоғам арасына сіңген, өзін қалыптастырған бір өнер түрі болғандықтан, бұқара да оны тез қабылдай алады деп сенемін.

Қазіргі таңда, муралдар қаланы эстетикалық тұрғыдан өзгертіп қана қоймайды, сонымен қатар елдегі, қаладағы, көшедегі экономикалық белсенділікке де жағымды әсер етеді. Мәселен, «муралдар неғұрлым көп орналасқан қала бөлігінде, соғұрлым тұрғын үй құны өсуде» деген пікір бар [6]. Сондай-ақ, бұл жағдай бизнестің белсенділігінің де артуына септігін тигізуде. Себебіне үңілер болсақ, муралдар заманауи қала өнері мен мәдениетіндегі ең маңызды да өзекті өнер бағыты болғандықтан, бұқаралық массаға да,

қоғамға да, тұтынушыларға да тәуелді болып саналады. Сондықтан, муралдарға жақын шоғырланған жерлерде бизнес ашу тиімдірек деп ойлаймын, өйткені адамдар эстетикалық ләззат алу мақсатында, рухани байлықпен сусындау үшін, әрі жай ғана визуалды түрде өнерді сезініп, ол жайлы пікір алмасу, талқылауға және муралдарға қарауға барады. Ал бұл бизнес пен қала болашағына жаңа дем мен өмір сыйлайды, сонымен қатар муралдардың қызмет ету алаңының бай екендігін дәлелдей түседі.

Бүгінгі таңда муралдар әлемдік мәдениетте лайықты орын алады. Олар адамдардың өмір сүруіне ыңғайлы қалалық кеңістікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, туристерді өздеріне тартады, рухани құндылықтарға байыта түседі, және ең бастысы - талантты суретшілердің өзін-өзі танытуының тамаша құралы ретінде қызмет етеді.

Осылайша, муралдардың заманауи өнер түрі болғанына карамастан, әртүрлі бағыттарының таралғанына көз жеткіздік деп ойлаймын. Ерекше бейнеге толы болған әрбір мурал түрінің өзіндік қолданылу аясы да баршылық. Өте үлкен сұранысқа ие болған муралдардың атқаратын қызметі де қолданылуына сай әрдайым өзгеріп отырады. Сәйкесінше, заманауи қоғам мен урбанистік алаң контекстіндегі муралдар әлемі адамның өнерге деген түсінігі мен эстетикалық талғамын, көркем көзқарасын қалыптастырып жатқандықтан, муралдардың құндылығы мен маңызының зор екендігін білдіріп кеткім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Jones H.F. Samuel Butler, author of Erewhon (1835—1902) a memoir. London: Macmillan and Co., 1919 (биография)
2. Шевцев Н. «Что такое катарсис и в чем он заключается» - TechInsider 2023 [Электронный ресурс] - <https://www.techinsider.ru/editorial/1587565-katarsis-chto-eto-takoe-i-v-chem-on-zaklyuchaetsya/>
3. Боров Ю. Б. «Эстетика» - Алматы «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020.- 408 б.
4. «Муралы в Ауэзовском районе» - AlmatyTv 2021 [Электронный ресурс]- <https://almaty.tv/news/obschestvo/2117-muraly-v-auezovskom-rayone-zaigrali-novymi-kraskami-v-den-stolitsy/amp>
5. 38. Васильев Г.А., «Технологии производства рекламной продукции – М.: Инфра-М, 2015.- 271 б.
6. Ханафина А., Как муралы меняют экономику и эстетику Алматы и Караганды – СТЕПРЕ, 2021 [Электронный ресурс] <https://the-steppe.com/obshestvo/istoriya-sozdaniya-muralov-kto-i-kak-risuet-na-fasadah-zhilyh-domov>

ROLE OF EXPERIMENTAL THEATRES IN ALMATY CITY CULTURE: A CASE STUDY OF “ART-SHELTER BUNKER THEATRE”

Культурология, 1-курс Эрнст Е.М.

Казахский национальный университет им. аль-Фараби

Annotation: Looking through the history of theater, we can find many and various ways of making theater and plays. Traditionally, there is a hierarchical method of creating theater – a writer writes a script, a director interprets it for the stage, and the performers perform.

Practitioners started changing this and started seeing the performers as creative artists, and giving them more interpretive and creative freedom.

The experimental is term that changed over time as the mainstream theater and the world has adopted many forms that were considered as radical. It is used interchangeably with the term avant-garde theatre. Like other forms of the avant-garde, it was created as a response to a perceived general cultural crisis. Beside different political and formal approaches, all avant-garde theaters oppose bourgeois theater. They have been coined for the sake of critical convenience, critics are confronted by theatre which is not a “real” play, they see it as foreign to tradition that it must be defined as “experiment”.

This term been used since the middle of the twentieth century with many other terms: “event” or “Happening” in the 1950s; “multimedia” in the 1960s; “visual theatre” in the 1970s; Performance Art in the 1980s; Live Art in the 1990s.

It introduces a different use of language and the body, and tries to change the perception on the theater and plays and to create a new, active relation with the audience.

Theaters and performances are trying to involve the audience in a variety of ways, as active participants. Audience participation can range from asking for volunteers to go onstage to having actors scream in audience members’ faces, the performer invites the audience to feel a certain way.

Keywords:experimental theater, Art-Shelter Bunker, unusual object, audience, social message.

BUNKER ART-SHELTER AS AN UNUSUAL OBJECT

Experimental theater involves a protest against patterns, frames and rules, against social norms and polished mass culture [1, P. 62-74]. Today, this type of theater opens up a second wind in the Internet space, and its main target audience is young people. At the same time, experimental theater is the desire to stand out brought to a critical point, the most popular culture, but brought to the point of absurdity and turned inside out.

The phenomenon under consideration is closely related to the psychological desire to express their individuality. As for the youth, the theater provides opportunities for self-expression, and at the same time, it is a form of association with others like themselves.

Let us turn to the origins of the formation of the type of theater under consideration, paying the most attention to that part of it that challenges social norms. As I mentioned in the first chapter of my work, the experimental theater was formed in the 20th century. within the territory of the United States of America. Until now, her followers adhere to one main idea to stand out among the crowd of people around them. To do this, they use not only clothes, but also a system of worldview, behavior. Each follower of this direction creates his own image and in no case adheres to social standards. With the development of independent experimental theaters, changes have affected not only the way of life and external image. For example, it was the freaks who made the fashion for piercing and tattoos, for them it was originally a means of self-expression, which are still used today, acquiring new forms and varieties.

The experimental theater is made up of active people who are able to challenge society, creative in their essence, strong-willed. From the point of view of psychology, on the one hand, strong personalities can be participants in this direction, on the other hand, such a protest against social foundations can be an element of the psychological defense of a young person.

Talented and famous people come across in these ranks, the most striking proof of these words is Kseniya Drachukova, the founder of the Art-Shelter Bunker.

It is worth noting that in Western countries, the experimental theater is much more developed than in our country. First of all, this is due to the development of the subculture, since in the 30s, during its appearance, the access of Western tendencies to the territory of the Soviet Union was closed.

Summarizing, experimental theater today continues to be a part of culture and has a significant impact on ignoring social norms, as well as containing such a phenomenon as “trolling”, which is widespread in the network space and has a direct impact on the development of a young person, introducing forms of communication that are opposite to

socially approved forms of communication, a special language, offering new standards of behavior [2, P. 167-196]. Rather than maintaining a traditional separation between performers and audience, they seek to blur the boundaries and create a more interactive experience. Here are a few common ways experimental theaters interact with their spectators:

Audience participation: Experimental theaters often involve audience members directly in the performance. This can include inviting them on stage, asking for input or suggestions, or assigning them specific roles within the performance.

Non-linear narratives: Rather than presenting a straightforward plotline, experimental theaters may employ non-linear storytelling techniques. This can include fragmented narratives, multiple storylines happening simultaneously, or even allowing the audience to choose their own path through the performance [3, P. 13-38].

Immersive environments: Experimental theaters often create immersive environments that surround the audience, making them an integral part of the performance. This can include staging the performance in non-traditional spaces, such as warehouses or abandoned buildings, or using multimedia elements like projections and interactive installations [4, P. 40-43].

Breaking the fourth wall: Experimental theaters frequently break the “fourth wall” that traditionally separates performers from the audience. Actors may directly address the spectators, engage them in conversation, or involve them in the decision-making process during the performance.

Playful interactions: Experimental theaters may incorporate playful and interactive elements into their performances. This can involve games, puzzles, or challenges that require audience participation, encouraging them to actively engage with the work and each other.

Overall, the goal of experimental theaters is to create a more dynamic and participatory relationship between performers and spectators, challenging traditional notions of passive observation and encouraging active engagement [5, P. 255-264].

Experimental theaters often defy social norms by challenging conventional ideas and expectations surrounding performance, audience behavior, and societal norms.

Experimental theatres play a vital role in shaping the cultural landscape of Almaty, Kazakhstan. Here are some key roles that experimental theatres can play in the city’s culture [6, P. 56-70]:

Pushing boundaries and innovation: Experimental theatres in Almaty have the freedom to explore unconventional and innovative approaches to theater. They often challenge traditional norms and experiment with new forms of storytelling, staging techniques, and thematic explorations. By pushing artistic boundaries, these theaters inspire creativity and encourage artistic experimentation within the broader cultural scene.

Fostering artistic diversity: Experimental theatres provide a platform for diverse voices and perspectives in the performing arts. They often showcase works by emerging artists, marginalized communities, or underrepresented groups. By presenting alternative narratives and experiences, these theaters contribute to a more inclusive and diverse cultural ecosystem in Almaty, enriching the city’s artistic offerings.

Engaging with social and political issues: Experimental theatres have the flexibility to address pressing social and political issues through their performances. They can tackle topics that are often considered sensitive or taboo, sparking conversations and challenging the status quo. By engaging with relevant social issues, these theaters contribute to critical dialogue and civic discourse in Almaty, promoting a deeper understanding and empathy among the audience.

Creating immersive and interactive experiences: Experimental theatres often blur the boundaries between performers and audience, creating immersive and interactive experiences. They may incorporate multimedia elements, interactive installations, or site-specific performances that actively engage the audience and encourage their participation. This interactive nature of experimental theater enhances audience engagement and fosters a deeper connection with the artistic work [7, P. 56-62].

Nurturing emerging talent: Experimental theaters provide a nurturing ground for emerging artists, directors, designers, and playwrights. These theaters often prioritize collaboration, mentorship, and experimentation, allowing emerging talents to explore their artistic visions and develop their skills. By providing a platform for these artists to showcase their work, experimental theaters contribute to the growth and development of the local arts community in Almaty.

Overall, experimental theaters in Almaty play a vital role in challenging artistic conventions, promoting diversity and inclusivity, addressing social and political issues, creating immersive experiences, and nurturing emerging talents. They contribute to the vibrant cultural fabric of the city, fostering a dynamic and forward-thinking artistic community.

Art-Shelter Bunker is an innovative and experimental theater located in Almaty. It is known for its immersive and thought-provoking performances that challenge traditional theatrical norms and engage audiences in unique ways. As a case study we can highlight the key aspects and impact of Art Shelter Bunker: unique Concept and Setting: Art Shelter Bunker is situated in an actual underground bunker, providing a distinctive and atmospheric environment for performances. The underground location creates an immersive experience, transporting audiences to a different world and setting the stage for unconventional and boundary-pushing theater. Experimental and Provocative Productions: Art Shelter Bunker is known for its provocative and politically charged productions. The theater tackles sensitive social and political issues through immersive performances, interactive installations, and audience engagement. The plays staged in the bunker often defy social norms, challenge power structures, and encourage critical reflection among audiences. Audience Interaction and Participation: Art Shelter Bunker actively engages its audience through interactive elements and participatory experiences. Spectators are often invited to contribute to the narrative, make choices, solve puzzles, or share their reflections. By breaking down the barrier between performers and audience, the theater creates a sense of ownership and collaboration, fostering a deeper connection with the artistic work. Fostering Artistic Collaboration: Art Shelter Bunker encourages collaboration among artists from various disciplines. The theater brings together actors, directors, visual artists, musicians, and designers to create multidimensional and immersive performances. This interdisciplinary approach promotes artistic experimentation, exploration, and the merging of different art forms within the theatrical space. Impact on Cultural Landscape: Art Shelter Bunker has made a significant impact on the cultural landscape of Almaty. It has expanded the possibilities of theater and introduced new forms of artistic expression to the local audience. The theater's innovative approach and thought-provoking productions have challenged traditional notions of theater, sparking conversations, and contributing to a more dynamic and diverse arts scene in the city. Nurturing Emerging Artists: Art Shelter Bunker has provided a platform for emerging artists to showcase their work and develop their skills. The theater supports and mentors young talents, giving them the opportunity to experiment, collaborate, and grow within a supportive artistic community. This nurturing environment has contributed to the growth and development of the local arts scene in Almaty. Art Shelter Bunker's unique concept, experimental productions, audience engagement, and impact on the cultural landscape make it a prominent and influential force in Almaty's theater scene. By pushing boundaries, fostering collaboration, and providing a platform for emerging artists, the theater has made a lasting contribution to the artistic and cultural fabric of the city.

Experimental and Alternative Theater: The Bunker Art-Shelter offers a unique and alternative form of theater that breaks away from traditional norms. It provides a platform for experimental performances, pushing the boundaries of theatrical conventions and exploring unconventional storytelling techniques. By offering a space for innovative and thought-provoking productions, the Bunker Art-Shelter contributes to the diversity and dynamism of Almaty's theater scene. The Bunker Art-Shelter creates immersive and interactive experiences that actively engage the audience. It invites spectators to become participants, blurring the lines

between performers and viewers. Through interactive installations, personalized documentation, and opportunities for audience interaction, the Bunker Art-Shelter enhances the theatrical experience and creates a deeper connection between the audience and the performance [8]. Nurturing Emerging Artists: The Bunker Art-Shelter provides a platform for emerging artists, allowing them to showcase their talents, experiment with new ideas, and develop their artistic skills. It offers opportunities for collaboration and mentorship, enabling young artists to explore their creativity and contribute to the city's cultural landscape. By nurturing emerging talent, the Bunker Art-Shelter plays a crucial role in supporting the growth and development of the local arts community. Cultural Reflection and Identity: The Bunker Art-Shelter often reflects the cultural identity of Almaty and Kazakhstan in its performances. It explores themes and narratives that are rooted in local traditions, history, or contemporary issues. By showcasing these stories and perspectives, the Bunker Art-Shelter contributes to the preservation and celebration of cultural heritage, fostering a sense of identity and pride among the local community.

In addition, the Bunker Art-Shelter plays a pivotal role in Almaty's cultural scene by offering experimental and alternative theater experiences, challenging social norms, providing a platform for emerging artists, creating immersive and interactive performances, and reflecting the cultural identity of the city. It contributes to the artistic diversity, critical discourse, and cultural enrichment [9, P. 341-358] of Almaty's vibrant cultural landscape.

Also, the Bunker Art-Shelter stands as an influential force in the cultural landscape of Almaty. Through its experimental and alternative approach to theater, the Bunker Art-Shelter challenges traditional norms, defies social boundaries, and engages audiences in immersive and thought-provoking experiences. The theater's role in fostering artistic diversity, nurturing emerging talent, and reflecting the cultural identity of Almaty has made a lasting impact on the city's cultural scene.

Throughout this article, we have explored the concept and setting of the Bunker Art-Shelter, delving into its provocative plays, interactive performances, and innovative approaches to audience interaction. We have seen how the theater's immersive and participatory experiences create a deeper connection between spectators and the artistic work, sparking critical reflection and promoting dialogue.

Moreover, the Bunker Art-Shelter's role in challenging social norms, addressing sensitive issues, and encouraging social change has demonstrated its commitment to pushing boundaries and fostering a more inclusive and progressive society. By defying cultural norms and amplifying marginalized voices, the theater plays a crucial role in promoting diversity, fostering empathy, and contributing to the growth and development of Almaty's artistic community.

This work has also highlighted the Bunker Art-Shelter's contribution to the nurturing of emerging artists. By providing a platform for experimentation, collaboration, and mentorship, the theater supports the growth and development of local talents, enriching the cultural landscape of Almaty and fostering a vibrant arts community.

In conclusion, the Bunker Art-Shelter is a significant and influential institution that challenges traditional theater norms, engages audiences in immersive experiences, and contributes to the cultural enrichment of Almaty. Its unique approach to theater, commitment to social change, and support for emerging artists make it a driving force in the city's cultural scene. As Almaty continues to evolve, the Bunker Art-Shelter will undoubtedly play a crucial role in shaping the future of experimental theater and pushing the boundaries of artistic expression.

BIBLIOGRAPHY:

1. Roose-Evans J. *Experimental Theatre: From Stanislavsky to Peter Brook*. — Routledge, 2013. — P. 62-74

2. Jones P. Drama as therapy: Theatre as living. — Psychology Press, 1996. — P. 167-196
3. Sakellaridou E. "Oh my god, audience participation!": Some twenty-first-century reflections //Comparative Drama. — 2014. — Т. 48. — №. 1. — P. 13-38.
4. Machon J. Immersive theatres: Intimacy and immediacy in contemporary performance. — Bloomsbury Publishing, 2017. — P. 40-43
5. Grotowski J. Towards a poor theatre. — Routledge, 2012. — P. 255-264
6. Turbide J., Laurin C. Performance measurement in the arts sector: the case of the performing arts //International journal of arts management. — 2009. — P. 56-70.
7. Radbourne J. et.al. The audience experience: Measuring quality in the performing arts //International journal of arts management. — 2009. — P. 16-29.
8. Sokel W.H. Anthology of German expressionist drama: A prelude to the absurd. — Doubleday, 1963. — Т. 365. — P. 6-8.
9. Apollinaire G. Preface” to The breasts of Tiresias: A surrealist drama (Louis Simpson, Trans.) //Modern French theatre: The avant-garde, dada, and surrealism. — 1964. — P. 56-62.

КИЕЛІ МЕКЕН НЕМЕСЕ РУХАНИ ОРТАЛЫҚ

Мәдениеттану, 1-курс **Таңсық Ж.П.**

Ғылыми жетекші: филос.ғ.д., доцент Жолдубаева А.К.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Аңдатпа: Киелі мекен - киелі сипатқа ие халықтың ұжымдық жады. Бұл қазақ халқын біріктіретін күш. Өзінің ата-бабасынан мұра болып қалаған рухани орталықтары, басқаша айтқанда темірқазығы, яғни руханияты. Темірқазығымыз – ұлтты біріктіруші, ұлтты сақтаушы этностың «жаны». Бұл терминді мифтанушы Серікбол Қондыбай «төретам» деп берсе, философ Мирчча Элиаде «киелі кеңістік» деп атаған.

Кілт сөздер: кие, киелі мекен, төретам, ахилпа, киелі кеңістік, экзистенция, Иерусалим, двир, яхве

Әрбір ұлт пен ұлыстың яки мәдениеттің өзіне тән кие ұғымдары болады. Бұл «кие» ұғымы кейіннен ауқымы кеңі келе «киелі мекенге» айналады. Мәселен қазақ мәдениетін алайық. Біз ақбөкенді кие тұтып, қадірлейміз. Қызыл кітапқа да енген жануар деп атуға тыйым саламыз. Маңғыстаудағы Бекет атаның жер асты мешітіне барар жолда ақбөкендердің емін-еркін таудан тасқа секіріп жүргенін көреміз. Бұл кие мен киелі мекеннің бір-біріне интеграциялануы деп айту болады. Маңғыстау жерінің, Бекет ата жер асты мешітінің қазақтар үшін киесі қандай болса ақбөкеннің де қазақ үшін киесі осындай.

Былай қарасақ Маңғыстау жерінің өзге жерлерден артықшылығы шамалы. Ақбөкеннің өзге жануардан алып бара жатқан аса өзгешілігі жоқ деп жоғарыдағы біздің талдауымыз скептик үшін күлкілі. Тіпті оны надандықтың қалдығы деп қарауы мүмкін. Немесе діннің догмалық бағытын ұстанатын діншілге зор күнә болып саналады. Оған бұл әрекет маңғыстаулықтар бейне бір Құдайға ортақ қосып, қайдағы жоқ жануар мен мешіттен медет тілеп, оған табынып жатқандай әсер қалдырады.

Серікбол Қондыбайдың «Арғы қазақ мифологиясы» атты еңбегінде «Қай халықтың болмасын, қандай да бір өзіндік рухани орталығы (кіндігі) болады немесе болуы тиісті. Халықтың өмір сүруі де осындай рухани орталықтың күш қуатына тікелей тәуелді. Егер әлгіндей кіндіктің күш-қуаты пәрменді болса, халықтың да өзін-өзі сақтап қалу қабілеті, қиыншылақтар мен сыртқы ықпалға қарсы иммунитеті де жоғары болады, ал егер рухани кіндік әлсіресе, халық та әлсірейді, жойылса, рухани орталықсыз, рухани бағдарсыз қалған халық бірте-бірте өз сипатынан айырыла отырып жойылып кетеді не

басқаға сіңіп кетеді, - дейді. Серікбол Қондыбай «рухани орталық» деген сөзді және «төретам» сөзімен алмастырады. Ал енді қазақ халқының басты төретамамы, яғни темірқазығы не болады деген сұраққа, Серікбол Қондыбай: «Түркістандағы Йассауи кесенесінің, сол кесенедегі тайқазан, Қазығұрт тауы қазақтар (және мұсылман түркілер) үшін рухани орталық болғандығын айтар едік» деп жауап береді. Рухани орталыққа, яғни темірқазыққа байланысты ойын жалғастыра отырып, ол: «Қасиетті, киелі деп есептелген немесе ежелгі арутамдар (святителище) орналасқан алқап, тау, орман, тоғай, өсіп тұрған жеке ағаш немесе топ ағаш, құдық, бұлақ, үңгір, әулиелі бейіт, әулиенің мүрдесі, мешіт немесе кез келген діни ғимарат, ғибадатхана, т. б. жатады,» - дейді. Әр халықтың, тіпті әр заттың біріктіретін элементі, күші болады, ал қазақ халқында ол орында ең бірінші Әзірет Сұлтан алады. Маңғыстау өңірі үшін Бекет ата мазары болса, Орал аймағында Жұмағазы әулие, яғни «Дәдем ата» бейіті, Орталық Қазақстанда Ұлытау т.б. көптеген киелі жерлер. Бұл аталған темірқазықтардан айырылған уақытта ұлт ретінде жойыламыз, шабуыл жасалса, ұлттық дінгеімізге шабуыл жасағаны, бүгіндері жырларымыздың шумақтарын қасақана алып тастап жатқан, сөздерін өзгерістерге ұшыратып жатқан жайттар да кездесіп жатқандығын көріп отырмыз, ол дегеніміз мемлекеттігіміз бен елдігімізге шабуыл жасалғаны деп қабылдауымыз қажет. Төретам киелі сипатқа ие халықтың ұжымдық жады.

Құнанбай қажының мына асыл сөздері ойға келеді:

Құм жиналып тас болады,

Іліктілер лай болса.

Құл жиналып бас болады,

Біріктірер Құдай болса, - дейді.

Қазақ халқын біріктіретін күші өзінің ата-бабасынан мұра болып қалаған рухани орталықтары, басқаша айтқанда темірқазығы, яғни руханияты. Темірқазығымыз – ұлтты біріктіруші, ұлтты сақтаушы этностың «жаны». Бұл «жан» туралы, дәлірек айтсақ ұлттың рухы туралы американдық футуролог Самюэль Хантингтон «Кто мы?» деген еңбегінде мынадай тамаша анықтама береді: «Душа существует в святых, богах и монахах. У нации, как, например, у американцев, может существовать кредо, но душа нации – это не кредо, это нечто иное, и она определяется общей историей, традицией, культурой, общими героями и злодеями, победами и поражениями, воплощенными в «мистических аккордах памяти» дейді. (Рух әулиелерде, Құдайда және тылсым қара күштерде болады. Ұлтта, мысалы американдықтарда кредо болуы мүмкін, бірақ ұлттың жаны – кредо емес. Ол басқа нәрсе, ол ортақ тарих, дәстүр, мәдениет, ортақ батыр мен ортақ жау, жадтың мистикалық түкпірінде пайда болған ортақ жеңістер мен жеңілістер») Ұлттың рухы дегеніміз – ол ұлттың ортақ тарихы, салт-дәстүрі, мәдениеті, батырлары мен жауыздары, жеңістері мен жеңілістері екен.

Адамның ішінде де өзінің темірқазығы болады. Қазақ халқы үшін ішкі темірқазық – «қазақ» сөзі мен ішкі дүниесінде ойнап тұратын қара домбыраның қоңыр үні, ұлттық рухымен дарыған, жусанның иісімен, боз жорғаның сұлу желісін көргенде тамсанып, сардаланың сағыныш саз-самалымен санамызға сіңген осындай ортақ нәрселер қай түкпірде жүрсек те ұмытылмайды. Бұл сезім әр қазақтың бойында сақталып тұрғанда, мейлі ол Қазақстан территориясында я шетелде жүрсе де өз ұлтынан бөлінбейді. Яғни өзін қазақ ұлты мен түрік өркениетінің бір бөлшегі ретінде сезіну қасиеті жоғалмайынша, халқымыз ешқашан жойылмайды.

Атақты ғалым Мирча Элиаде «Киелі кеңістік» деген ұғым енгізген. Оған себеп болған фактор адамдардың ежелден-ақ киелі мекен іздеп соның айналасына топтасып қала салуы еді. Халық ғылыми карта сызбай тұрып киелі кеңістікті анықтап алумен әуре болатын. Керекті мекенді тапқан соң өзіне мызғымас рухани тұғыр тапқандай көңілдері жайланып сала беретін. Киелі мекенді зиярат етіп оған лайықты құрмет көрсету дәстүрі қоршаған ортадан басқа да мағыналы құндылықтар іздеп табуға септесетін. Мұндай құбылысты барлық қоғам мен мәдениеттен көруге болады. Расымен де әр елдің ішінде

жергілікті жұртты өзіне магнит сияқты тартып тұратын міндетті түрде бір киелі жер болады. Адамның бойына дарыған осы бір мөлдір сезім оның жан-жүрегінің ең терең қатпарларына өтіп кеткен. Тіпті осындай киелі жерге деген ынтық сағынышты қазіргі рационалды ғылым да түсіндіріп бере алмайды. Киелі мекенмен байланысты неше түрлі әсерлі аңыз-әпсана да қабаттаса өріледі. Бұл аңыз-әпсаналар бізді жиі мазалайтын «біз кімбіз?», «бұл планетаға қайдан тап болдық?», «жердегі аз күн тіршілікте атқаруға тиісті қандай да бір адами борышымыз бар ма?», «өлген соң бізден тіршіліктің жауабын алатын біреу бола ма?» деген сияқты экзистенциялық сұрақтарға жауап береді. Осындай сұрақтардың шабуылына ұшырап, жүрегіміз алабұртып мазасы қашқанда шыдай алмай киелі жерге зиярат етіп, онымен байланысты аңыздарды естігенде таңғажайып бір сезімді бастан кешеміз. Діннің де ең негізгі мұраты сол. Ол бізге рационалды ғылым беруді бірінші орынға қоймайды. Діннің мақсаты ұмыт бола бастаған рухани сезімді жүрегіңде жаңалап отыру. Осындай сезімге шөліркеген жұрт рационалды танымы бекем болып тұрса да киелі мекендерді шарқ ұрып іздеп, тау-тасты кезіп қаңғып кетеді. Киелі нүктеде Аспан мен Жер түйісіп, жаратушы Құдіреттің шұғылалы сәулесі сол нүктеден басқа аймаққа тарайды деп сенеді. Сондықтан да киелі жерден ажырасақ өмірде адасамыз, тіршіліктен мән кетеді деп сақ жүреді. Мысалы Австралияның АХИЛПА атты тайпасы көшіп қонғанда өздерімен бірге киелі бөренені арқалап жүруге мәжбүр. Киелі бөрене тәңірлік әлемнен келетін құт пен берекені бізге дарытушы деп қабылдайды. Егер алда-жалда киелі бөренеге бір зақымет келе қалатын болса олар тіршіліктен түңіліп кетеді. Себебі адам бұл өмірде Мәнсіз, Мағынасыз тіршілік кеше алмайды. Ғайыптағы мәңгілік мұратты меңзеп тұратын Мән мен Мағынадан көз жазып қалғанда бұл ғаламға сыймай, жанымызды қоярға жер таппай аласұрып кетеміз. Сондықтан біз өмірімізге Мән дарытып тұратын киелі мекенге әманда мұқтажбыз.

Адамзат тарихында киелі мекеннің ең айшықты ықпалы мен атқаратын маңызын ең ежелгі шаһарлардың бірі Иерусалимге қарап білуге болады. Синай тауының етегіне қоныс тепкен көне қала бірнеше жұрттың рухани астанасы саналады. Оның киесіне қызыққан яһудейлер де ежелден-ақ осы қалаға орнығу үшін талай таласты бастан кешкен. Аңыз бойынша Мұса пайғамбар да нәбилік қасиетін осы таудың етегінде тауыпты. Киелі кітаптары мен заңдары және бүгінге дейін маңызын жоймаған «Мұсаның он өсиеті» де Мұсаға қасиетті Синай тауында нәсіп болыпты. Одан кейінгі Дәуіт те киелі мекен саналатын Сион тауының етегіне киелі храм соғамын деп бүкіл күшін жұмсапты. Алайда ол арманына жете алмай о дүниелік болады. Оның арманын жүзеге асырып, үлкен храм соққан Сүлеймен пайғамбар екен деседі. «Сүлеймен ол храмды жындарға соққызған» деген аңыз да осыған орай тараған. Сүлейменнің храмынан соң Иерусалимнің даңқы шарықтап елдің бәрі ол қаланы бір көруді армандапты. Сүлейменнің храмы Яхве атты құдайдың құрметіне салынған. Оның ішінде пұт атымен болмаған. Оның төрінде яһудейлердің Мысырдағы құлдықтан құтылғанын еске салып тұратын киелі бұйымдар ғана тұрыпты. Міне дәл осы храмнан кейін ескі қаланы Жердің кіндігі деп қарайтын мифтік түсінік тамырын тереңге салды. Бұл мекенге қадам басып, оның киесінің шұғыласына шалынған бақытты жандар басқа бір тәңірлік өлшемге өтіп, адамға мәңгілік болмыстың өлмес сипатын дарытатын бақытқа кенелетін. Әсіресе храмның ДВИР деп аталатын ең түпкі бөлмесі ең-ең қасиетті жер саналды. Ол бөлмеге Құдайдың назары түскен санаулы абыз ғана кіре алатын. Храмға өліп-өшіп жеткен зияратшылар бейне бір өздерінің болмысын ит тіршіліктің қиындығы бөлшектеп тастаған ыдыраңқы хәлінен құтылғандай болатын. Храмның іші әу баста бүкіл болмыс атаулы бірігіп бір жерде тұтасып тұрған ғайыптағы қайырлы мекенді еске салатын. Жалпы алғанда мұндай қасиетті храм «қоғамдық яки әлеуметтік теңдікті» елдің есіне салып, әлемде әділдік барын әйгілеп тұратын. Патшаның да міндеті осындай храм арқылы анықталды. Яғни киелі мекенге тәңірлік әлемнен төгілген Тәңірдің құтын адамшылықтан аттамай ел-жұртына әділдікпен жеткізу. Сонда ғана тыныш мекенді хаос жайламайды. Күйреу мен қираудың алдын осылай ғана ала аламыз деп сенді олар.

Патшалар неғұрлым осы міндетіне адал болса елінің де топырағы құнарлы болып отаны байтақ мекенге айналады. Ал егер олар құлқынының құлы болса елдің құты қашып, сырттан жау шабады. Б.з.д 6 ғасырда елдің ниеті мен пейілі бұзылып, киелі топырақтың құты қашса керек Иерусалимге Вавилон патшасы Новохуднасор әскер жібереді. Б.з.д 597 жылы Вавилон патшасы көне қаланы қиратып, қыздарын күн етіп, ұлдарын құл қылып, ат артына өңгеріп еліне алып кетті. Олармен бірге яһудилер патшасы сарайдағы бүкіл элитасымен қоса айдалды. Осылайша Иерусалим үйіндіге айналып, топырақ басып жатты. Ал аңызға айналған Сүлейменнің сарайы жермен-жексен болды. Сарайдағы жылынамашылар алтынмен апталып, күміспен қапталған таңғажайып сарайдың қалай тоналғанын еңіреп отырып жазыпты. Бірақ оның сонда да діни символы өшкен жоқ. Алыс аймаққа құлдыққа кеткен яһудилерге үміт пен жігер сыйлап тұра берді. Ал қашып-пышып ескі мекенде қалып қойған яһудейлер болса киелі қаласын жоқтайтын неше түрлі зарлы өлең-жырлар шығарып тоқтаусыз төгіп жатты. Олар жыл сайын қаланың қираған орнына жиналып, храмның ашылуына орай пайда болған Суккот мерекесінде неше түрлі діни ритуалдарын орындайтын. Олар шаһарды шапқан басқыншыларды емес «бәлені тілеп алған біздің дүниеқоңыздығымыз» деп өздерін айыптап жылайтын.

Б.з.д 67 жылында империяның ауыр салығынан ығыр болған иудейлер Иерусалимде тағы да бас көтерді. Бұл жолы олар Рим әскерін жеңеміз деп дәмеленді. Бірақ Рим бұл көтерілісті басуға соғыс өнерін жетік меңгерген қолбасшы Веспасианды жұмсады. Ол үш жылдың ішінде көтерілісті тұншықтырып, храмды өртеп жіберді. Осылайша Израиль жұртының рухани астанасы болған Иерусалим Рим армиясының әскери базасына айналды. Сонда да Иериусалмнің киесінен үміт үзбеген ілім иелері қасиетті қала мен храмды ұлықтайтын неше түрлі өлеңдер шығарып, елдің бәрін айрандай ұйытатын неше түрлі уағыздар таратты. Өстіп жүргенде б.з.д 118 жылында Публий Адриан император боп тағайындалды. Ол Рим империясын кеңейтіп оның барлық аймағын бір-бірімен тығыз байланыстырғысы келді. 130 жылы Адриан патша иудей халқына жаңа қаланы сыйға тартып абырой жинағысы келеді. Ол соғыстан алқам-салқамы шыққан Иерусалимді әдемілеп қайта тұрғызып, оған «Элия Капитоли» деген жаңа ат беруді ойлады. Ал бұрынғы Сүлейменнің храмы тұрған Сион тауына Юпитер құдайына арналған жаңа храм саламыз. Қаланың ең көрікті жерлеріне Римдегі құдайлардың ескерткіштерін тұрғызамыз деп жар салды. Патшаның мұндай жоспарын естігенде еврейлердің үрейі ұшты. Бұл жоба қақ жүрекке қадалған қанжар десе де болады. Иерусалим және Сион деген ұғымдар иудей жұртының ұлттық танымы мен сана-сезімін айқындап тұратын ең қастерлі ұғымдар еді. Бұл ұғымдар олардың есіне бір Құдайды үздіксіз салып тұратын. Міне осындай қасиетті қалада бірқұдайлық діннің реңін бұзатын пұт-парастар қаптайтын болды. Римдіктер қаланың атын өзгертіп, храмды біржола жоятын болса еврейлер де халық ретінде жер бетінен жоғалмақшы. «Императордың жаңалығы біздің өлкеде хаос туғызады» деп қауіптенді иудейлер. Ал Адриан болса олардың не үшін үріккенін сол күйі түсінбеді. Себебі ол қираған сұрықсыз қаланы сол заманның ең сұлу шаһарының біріне айналдырмақшы болған еді. «Еврейлер ескі діннің сарқыншақтарын тастап, грек-рим мәдениетін қабылдап, заман талабына ілессін. Жаңа туған ұл баланы сүндеттейтін жабайы дәстүрлерін тәрк етсін!» деп бұйырды. Осылайша еврейлер мен Римнің арасында тағы да қақтығыс басталды. Бұл жолғы теке-тірестің қатты болғаны сонша, екі жақ та қасық қаны қалғанша қырқысты. Римдіктер мыңнан аса ауылды өртеп жарты миллионнан астам еврейді қырып жіберді. Бұдан соң ашуланған император 135 жылы еврейлерді Иерусалим тұрмақ бүкіл Иудей аймағынан түбегейлі көшіріп жіберуге әмір берді. Олар осылайша отандарынан айрылып, әлемге шашырап кете барды. Ал Иерусалимнің орнына Рим мәнерінде салынған жаңа қала пайда болды. Римдегі құдайлардың храмдары мен ескерткіштері де бой көтеріп шыға келді. Осылайша бір заманда Сүлейменнің сарайымен аты шыққан Иерусалим пұт-парастар мекеніне айналды.

Мұндай жеңілістен соң Иерусалимнің киесі мен храмның қасиеті санадан мүлде ұмытылуы тиіс болатын. Бірақ керісінше болды. Кітап ұстаған абыздарының бәрі бүкіл пайғамбардың аңызын Сион тауының етегіне әкеп байлай берді. Олардың тарихи факты мүлде қызықтарған жоқ, Ең бастысы кейінгі ұрпақтың түпсанасына құтты мекен жайлы түсініктің ұрығын себе берсе жарап жатыр. Олардың аңызы бойынша Құдай ең бірінші теңізді осы тұстан жаратыпты. Адам атаның да денесі осы жердің топырағынан иленген екен. Абыл мен Қабыл да құрбандықты Сион тауында шалыпты. Топан су тоқтағасын Нұх пайғамбар да осы жерге кемесін шалдырып тіршілікті жалғапты деп кете береді. Әлбетте мұндай әсерлі аңызбен өскен жаңа ұрпақ Иерусалимді көрсе де көрмесе де сол жаққа көшкісі кеп аңсары ауып тұратын. Қысқасы римдіктер оларға бұ қалаға көшіп келуге тыйым салған сайын оның трансцендентті сипаты мен иләһи символы еврейлер үшін арта берді.

Уақыт пен сағат сынаптай сырғып біраз ғасырды артқа тастап әлемге әйгілі 610-шы жыл келді. Бұл кезде «Аравия түбегінен жаңа пайғамбар шығыпты» деген тың хабар аймаққа ақырындап тарап жатты. Жаңа пайғамбар Ислам деп аталатын жаңа дінді дүниеге әкелді. 623 жылға дейін Мұхамбет атты пайғамбар Мекке мен Медина шаһарының көп құдайлыққа бас ұрған жабайы тайпаларын Құран үндеуіне ұйытамын деп неше түрлі күрес пен қатерді бастан кешті. Ақыры жеңіске жетіп өзінің үмбетін құрды.

Құран да момындарды бұ дүниенің қызыл-жасылына алданып, өлшеулі ғұмырды мағынасыз өткізіп алудан сақтандырады. Ислам ілімі бойынша жүректі материалдық құндылыққа байлау өте қауіпті. Шамадан тыс дүниеқоңыздық жүректің рухани қабатын семітіп өлтіріп тастайды. Сондықтан жүрегі тірі мұсылмандар өмірдің өткіншілік сипатын бір сәтке де естен шығармауға міндетті. Алайда соның өзінде «киелі география» ұғымы Исламды да айналып өтпеді. Мұсылмандар да киелі мекен, қасиетті қалаға мұқтаж болатын. Оны пайғамбар да терең түсінді. Сондықтан да Исламда Мекке, Меккедегі қағба, Арафат тауы, зәм-зәм құдығы және Медина шаһары деген сияқты киелі мекендер мұсылмандардың санасына бірден бекіді.

Еуропада «Жаңа Дәуір» деп аталатын заман басталғанда Франциядан басталған рационализм батыстың барлық өлкесіне тарай бастады. Енді кез келген құбылысты академиялық ғылымның күшімен тексеріп, эмпирикалық әдіспен ақиқатты анықтаймыз деген тың түсінік тамыр жайды. Ғылыми революция ескі түсініктің бәрін төңкеріп тастады. Батыс жұртын ендігі жерде көрінбейтін әлемнің символдары емес физикалық әлемнің нақты заңдылықтары ғана қызықтыратын болды. Ғылыммен тексеруге келмейтін аңыз, әпсана, қисса сияқты ескі құндылықтың бәрін жарамсыз деп тапты. Оның үстіне теңізшілер мұхитқа түсіп жаңа аралдар мен құрлықтарды бірінен соң бірін ашып жатты. Енді осыншама кең дүние тұрғанда Иерусалимді жер кіндігі деп көріксіз қалаға жосылып жөңкілуді надандық деп таныды. Бұрынғы қанды қыздыратын аңыздар мен қиссалар жәй ғана символдарға айналды. Эмоциямен жасалатын ритуалдар қызық үшін жасалатын ойынға теңелді. Енді ескілерше «киелі георграфия», «қасиетті топырақ», «әруақты аймақ» деп белгілі бір жерлерді әспеттеп, оларға жабысып қалудың түк те мағынасы жоқ деді. Осыдан бастап Иерусалимге кеудесінде үміт оты маздап тұратын пилигримдер емес оқымысты, көзі ашық туристер келетін болды. Бірақ заман бір орнында тұрмайды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Еуропада еврейлерді геттоға қамау, кез келген мемлекеттік сәтсіздікті яки жеңілісті соларға жаба салатын антисемиттік көзқарас қайтадан күшейді. Мұндай ауру психологияны билік басындағы шенеуніктер мен монархтар өздерінің саясаттарына өте тиімді пайдаланды. Қоғам тұйыққа тіреліп, әлеметтік теңсіздің толқулар туғыза бастаған кезде елдің назарын аударып жіберу үшін антисемиттік дертті қоздырып қоя беретін. Сол кезде ашынған тобыр иудейлер қоныстанған кварталдарды талқандап жас-кәрі демей бәрін сабап таптап кететін. Ғылым-білім дамыды. Прогресс адамзатты ұлы бақытқа бастайды деп ұрандатып жатқан жаңа дәуірдің мынадай надандығын көрген кезде өздерін жетім бала

сияқты сезінген еврейлер тағы да құтты қала Иерусалим жайында ойлана бастады. Киелі мекен, қасиетті қала деген көне түсініктер қайтадан тірілді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы: оқулық – Алматы: Brand Book, 2008. – 320 б.
2. Армстронг К. Иерусалим: Один город, три религии – Москва: Альпина нон-фикшн, 2012 г. – 790 с

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ БАС КИІМДЕРІНІҢ СЕМИОТИКАСЫ

Мәдени антропология, 1-курс **Алшынова Ә.А.**

Ғылыми жетекшіі: филос.ғ.к. Аликбаева М.Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Аңдатпа: Қазақстан өзінің бай тарихы мен мәдени әртүрлілігімен мәдени артефактілерді зерттеушілер үшін бірегей зерттеу алаңы болып табылады. Осындай жәдігерлердің бірі – қазақтың дәстүрлі киімінің маңызды элементі ғана емес, сонымен қатар терең мәдени-символдық мәні бар ұлттық бас киімдер. Бұл мақалада қазақтың ұлттық бас киімдерінің семиотикасы мен олардың мәдени контексттегі рөлін қарастырамыз.

Кілт сөздер: Қазақтың ұлттық бас киімдері, Семиотика, Мәдени рәміздер, Символизм, Әлеуметтік-мәдени маңызы

Орталық Азиядағы кең байтақ және мәдени жағынан алуан түрлі ел Қазақстан ұлттың тарихи жолын айғақтайтын дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың және рәміздердің бай гобеленімен безендірілген. Бұл мәдени мозаиканың негізінде ұлттық бас киімдер жатыр, олардың әрқайсысы тірі өнердің бір бөлігі және терең символизмнің қоймасы. Бұл зерттеу қазақтың ұлттық бас киімдерінің семиотикасын зерттеуге кірісіп, сол баурап алатын тұлғалық белгілерге тоқылған түстердің, өрнектердің және материалдардың күрделі тілін ашуға бағытталған.

Қазақтың ұлттық бас киімдерінің семиотикасын түсіну көптеген себептерге байланысты өте маңызды. Ең алдымен, бұл бас киімдер жай аксессуарлар емес, мәдени мұраның ыдыстары болып табылады, олардың әрқайсысында өткен және бүгінгі күннің қайталанбас баяны бар. Бұл бас киімдердің символдық тілін ашу қазақ мәдениеті мен ұрпақтар бойы сақталып келе жатқан құндылықтарды тереңірек бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жаһандық байланыс пен мәдени алмасу дәуірінде бұл рәміздерді сақтау және құжаттау Қазақстанның бай мәдени бірегейлігін сақтау үшін өте маңызды. Қазақтың ұлттық бас киімдерінің семиотикасы ұлттың жан дүниесіне үңіліп, оның құндылықтарына, наным-сеніміне, салт-дәстүріне сәуле түсіреді [1, б.45].

Алдыңғы зерттеулер. Қазақтың ұлттық бас киімдері тақырыбы толығымен зерттелмеген. Алдыңғы зерттеулер бұл бас киімдердің тарихи эволюциясынан бастап, оларды жасау кезінде қолданылған материалдар мен техникаға дейінгі кейбір аспектілеріне жарық берді. Дегенмен, бұл мәдени жәдігерлердің семиотикасын түсінуімізде айтарлықтай алшақтық бар. Бұрынғы зерттеулер қазақ бас киімдерінің сипаттамалық және тарихи аспектілеріне жиі назар аударғанымен, олар бұл әшекейлердің мән-мағынасы мен символизміне терең үңілген жоқ. Қазақ халқы. Бұл зерттеу осы бас киімдердегі мәдени және символдық тілді ашу арқылы бар білім жиынтығын құруға және кеңейтуге бағытталған. Осылайша, біз қазақ мәдениетін және

оның өзгермелі әлемдегі маңыздылығын жан-жақты түсінуге үлес қосамыз деп үміттенеміз.

Біз осы бас киімдердің күрделі дизайнында, материалдарында және түстерінде жасырылған мағыналар мен мәдени белгілерді ашуға тырысамыз. Осы барлау арқылы біз осы мәдени жәдігерлердің қазақ қоғамындағы маңызын тереңірек түсінуді ұсына отырып, олардың көрнекі және символдық тілін декодтауды мақсат етеміз.

Бұл зерттеу ұлттық бас киімдердің семиотикасын зерттеу арқылы қазақ мәдениетінің өзегіне үңілуді көздейді. Біз бұл бас киімдер бейнелейтін мәдени рәміздерді, дәстүрлерді және тарихи әңгімелерді құжаттау және түсіндіруді мақсат етіп отырмыз. Қазақстанның мәдени мұрасын сақтауға үлес қосу. Бұл бас киімдер тек көркем туындылар ғана емес, сонымен қатар тарих пен болмыстың қоймасы болғандықтан, бұл зерттеу олардың болашақ ұрпақ үшін мәдени маңызын сақтауға көмектеседі [2, б.20-25]

Заманауи өзектілігі: Біз қазақтың ұлттық бас киімдерінің мәдени символикасының қазіргі қоғамда қалай сақталып отырғанын көрсетуге ұмтыламыз. Осы арқылы біз осы бас киімнің қазіргі қазақ өміріндегі мәдени мәні мен атқаратын рөлін ашуды мақсат етіп отырмыз.

Мәдени алмасу: Жаһандану және мәдени алмасу дәуірінде біз жаһандық аудитория арасында қазақ мәдениетін тереңірек түсінуге ықпал етуді мақсат етеміз. Бұл бас киімдердің семиотикасын ашу арқылы біз қазақ дәстүрі мен кең дүние арасындағы алшақтықты жоюға болады.

Зерттеуге қосқан үлесі: Бұл зерттеу қазақтың ұлттық бас киімдері туралы бар білімдер жиынтығына үлес қосуды көздейді. Бұрынғы зерттеулер көбінесе олардың тарихи және көркемдік аспектілеріне назар аударғанымен, біз бұл бас киімдерге енгізілген мағыналарға, символизмге және мәдени контексттерге тереңірек үңілуді мақсат етеміз.

Осы мақсаттар мен мақсаттарға жету үшін біз қазақ мәдениетінің байлығы мен тереңдігін осы бірегейлік пен дәстүрдің таңғажайып нышандары арқылы көрсететініне сенеміз.

Бұл зерттеу нысаны – қазақтың ұлттық бас киімдерінің алуан түрлілігі. Бұл қазақ халқының бас киімдерінің әртүрлі түрлерін, соның ішінде «сәукеле», «тақия» және басқа аймақтық нұсқаларды зерттеуді қамтиды. Ол осы бас киімдерді жасау кезінде пайдаланылған материалдарды, түстерді, өрнектерді және дизайнды тексеруді қамтиды. Бұл бас киімдердің физикалық аспектілері мен көркемдік сипаттамалары біздің зерттеуіміздің негізгі нысаны болып табылады.

Бұл зерттеудің тақырыбы, керісінше, қазақтың ұлттық бас киімдерінің киюі, түсіндірілуі және ұлттық киімге кіріктірілген мәдени және әлеуметтік контексттер болып табылады. қазақ халқының. Бұл келесі аспектілерді қамтиды:

Мәдени контекст: Біз бұл бас киімдердің қазақтың мәдени дәстүрлеріне қалай терең енгенін зерттейміз. Біздің тақырыбымыз олардың рәсімдермен, әдет-ғұрыптармен және әртүрлі мәдени тәжірибелермен байланысын түсінуді қамтиды.

Әлеуметтік маңыздылық: Біз осы бас киімдердің әлеуметтік рөлдері мен маңыздылығын зерттеуді мақсат етеміз. Бұл олардың киюшінің әлеуметтік мәртебесін, жынысын немесе жасын және қазақ қоғамындағы құндылықтарды қалай білдіретінін қамтиды.

Тарихи эволюция: Біздің зерттеу тақырыбымыз осы бас киімдердің тарихи эволюциясын бақылауды қамтиды. Біз олардың өзгерген әлеуметтік динамика мен мәдени өзгерістерді көрсете отырып, уақыт өте келе қалай дамығанын түсінуге тырысамыз.

Заманауи өзектілігі: Біз бұл бас киімдердің қазіргі қазақ қоғамындағы маңызын қалай сақтайтынын да зерттейміз. Біздің тақырыбымыз олардың бүгінгі әлемде күнделікті өмірдің, мерекелердің және жеке басының бір бөлігі болып қала беретінін зерттеуді қамтиды. [1, б.55-56]

Объектіні (бас киімнің өзін) тақырыппен (олар өмір сүретін мәдени-әлеуметтік контекст) байланыстыра отырып, біз қазақтың ұлттық бас киімдерінің күрделі семиотикасын ашуға және олардың мәдени және әлеуметтік маңыздылығына тұтас көзқарас ұсынуға ұмтыламыз.

Зерттеу гипотезасы:

Гипотеза 1 Қазақтың ұлттық бас киімдеріндегі материалдар мен бояулардың таңдауы белгілі бір мәдени және символдық мағыналармен тығыз байланысты.

2-гипотеза: Қазақтың ұлттық бас киімдерінің қазіргі мәдени және әлеуметтік мәніне тарихи контекст айтарлықтай әсер етеді.

3-гипотеза: Қазақ бас киімдерінің әртүрлі түрлері қазақ мәдениетіндегі алуан түрлілікті көрсететін ерекше символдық хабарлар береді.

4-гипотеза: Қазақтың ұлттық бас киімдерін кию қазақ қауымы ішінде киетін адамның әлеуметтік болмысын құруда және көрсетуде маңызды рөл атқарады.

Зерттеу сұрақтары:

Зерттеу сұрағы: Қазақтың ұлттық бас киімдеріндегі материалдар мен түстерді таңдау мәдени символизмді қалай береді және бұл таңдауларға қандай ерекше мән жатады?

2-зерттеу сұрағы: Тарихи жағдай, соның ішінде қазақ қоғамындағы өзгерістер қазақтың ұлттық бас киімдерінің қазіргі мәдени-әлеуметтік мәніне қалай әсер етті?

3-зерттеу сұрағы: Қазақ бас киімдерінің әр алуан түрлерінің символизмі мен маңызының айырмашылығы неде және бұл айырмашылықтар қазақ мәдениетіндегі әртүрлілікті қалай көрсетеді?

4-зерттеу сұрағы: Қазақтың ұлттық бас киімдерін кию қазақ қоғамдастығы ішінде киетін адамның әлеуметтік болмысын құруға және көрсетуге қалай ықпал етеді және бұл тәжірибенің қоғамдық және жеке салдары қандай? [3, б.64]

Бұл гипотезалар мен зерттеу сұрақтары қазақтың ұлттық бас киімдерінің семиотикасын зерттеуге негіз болып, зерттеу процесіне бағыт-бағдар беріп, осы қызықты мәдени жәдігерлердің жасырын мағыналары мен мәдени мәнін ашуға көмектеседі.

Бұл зерттеу сапалы және сандық деректерді жинау мен талдауды біріктіретін аралас әдістерді қолданады. Әдістеме қазақтың ұлттық бас киімдерінің семиотикасы туралы олардың мәдени және әлеуметтік жағдайларын ескере отырып, жан-жақты түсінік беруге арналған.

Мәліметтерді жинау әдістері:

Көрнекі талдау: Қазақтың ұлттық бас киімдерін материалдарға, түстерге, өрнектерге және оюларға назар аудара отырып, егжей-тегжейлі тексеру және көрнекі талдау. Бұл фотосуреттер мен құжаттамалармен толықтырылады.

Сұхбат: Осы бас киімдерді киетін немесе мәдени байланысы бар қазақ тұлғаларымен құрылымдық сұхбат. Бұл сұхбаттар бас киімдерге қатысты мәдени және әлеуметтік мағыналар туралы түсінік береді.

Сауалнамалар: Сауалнама сауалнамасы әртүрлі жас топтары мен аймақтардағы респонденттердің әртүрлі тобына таратылады. Сауалнама барысында олардың қазақтың ұлттық бас киімдері туралы түсінігі, білімі мен түсінігі сұралады.

Мұрағаттық зерттеулер Қазақтың бас киімдеріне қатысты тарихи жазбалар, фотосуреттер мен әдебиеттер осы мәдени жәдігерлердің эволюциясының тарихи контекстін қамтамасыз ету үшін зерттеледі. [4, б.78]

Үлгі алу және қатысушылар. Іріктеу стратегиясы әр түрлі жас топтарынан, географиялық аймақтардан және Қазақстандағы мәдени ортадан қатысушылардың кең ауқымын қамтуға бағытталған мақсатты болады. Бұл әртүрлі қатысушылар тобы қазақтың ұлттық бас киімдерінің семиотикасы туралы бай және көп қырлы көзқарасты ұсынады.

Деректерді талдау:

Көрнекі талдау: Көрнекі талдаудың нәтижелері материалдарға, түстерге, үлгілерге және дизайнға негізделген санаттарға бөлінеді. Бұл санаттар қауымдастырылған болады. Сұхбат: Сұхбаттан алынған сапалы деректер тақырыптық тұрғыдан талданады, бас киімдердің мәдени-әлеуметтік маңызына және олардың символикасын түсіндіруге назар аударылады.

Сауалнамалар: Сауалнама деректері әртүрлі демографиялық топтар арасындағы жалпы қабылдаулар мен интерпретациялардағы өзгерістерді анықтау үшін статистикалық бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану арқылы сандық талданатын болады.

Этикалық ойлар: этикалық ойлар зерттеу барысында сақталады. Барлық қатысушылардан ақпараттандырылған келісім алынады және олардың анонимділігі қамтамасыз етіледі. Қазақтың ұлттық бас киімдерінің семиотикасын талқылағанда мәдени сезімталдық пен жеке өмірді құрметтеу басты мәселе болмақ. [5, б.27-29]

Тарихы мен мәдениетіне бай Қазақстанның этникалық әртүрлілігінің байлығын көрсететін көптеген бірегей элементтері бар. Осы элементтердің бірі – осы елдің мәдениеті мен салт-дәстүрінде елеулі орын алатын ұлттық бас киімдер. Бұл мақалада қазақтың ұлттық бас киімдерінің семиотикасы мен олардың мәдени нышан ретіндегі маңызын қарастырамыз.

1. Тарихи контекст

Қазақтың ұлттық бас киімдерінің тарихы осы халықтың сонау өткенінен бастау алады. Уақыт өте келе олар күн мен суықтан қорғау ғана емес, сонымен қатар мәдениет пен әлеуметтік мәртебенің мәнерлі элементіне айналды.

2. Пішін және дизайн

Әрбір бас киімнің Қазақстанның әртүрлі аймақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын көрсететін өзіндік пішіні, әшекейлері мен түстері бар. Мысалы, ою-өрнекпен және түрлі-түсті өрнектермен әшекейленген кең жиекті қалпақ қобыз көбінесе оны киген адамның байлығы мен мәртебесін білдіреді.

3. Символизм және семиотика

Қазақтың ұлттық бас киімдері рәміздерге бай, ол киген адамның аймаққа, әлеуметтік жағдайына байланысты өзгеріп отырады. Мысалы, белгілі бір өрнектер мен түстер белгілі бір тайпаға немесе руға мүшелікті, сондай-ақ киімнің қоғамдағы мәртебесі мен рөлін көрсетуі мүмкін.

4. Әлеуметтік-мәдени маңызы

Қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігінің сан алуан саласында, мейлі ол неке кию рәсімі, мереке, дәстүрлі ғұрып немесе күнделікті тұрмыста маңызды рөл атқарады. Олар мәдени мұраның құрамдас бөлігі болып табылады және қазақ халқының мақтанышы мен бірегейлігіне айналды.

5. Қазіргі тенденциялар

Қазіргі заманда қазақтың ұлттық бас киімдері мәдени мұра мен ұлттық болмыстың белгісі ретінде назар аудартуда. Олар сонымен қатар заманауи дизайнерлер мен суретшілер үшін модернизация мен шабыттың нысанына айналды.

Қазақ бас киімді жерге тастаса, бақ таяды, бас кемиді деп ырымдаған. Баршылықты білдіретін қасиетті киім саналған. Киіп жүргенін ешкімге сыйламаған, бермеген. Қазақ ғұрпында жақсылықтың барлығы адамның маңдайына жазылады деген ұғым бар. Сондықтан бас киімді тебуге, лақтыруға, теріс киюге, басып отыруға тыйым салып, төріне ілген.

Ханға арналған бас киім

Қазақта ер адамдар бас киімінің бірнеше түрі болған. Қай түрі болмасын үйде ер адамның бас киімін тек шешесі мен әйелі ғана ұстаған. Бұл ырым үйдегі ер адамның басын қадірлеуден туған. Қазақтың бас киімдерін зерттеумен айналысып жүрген суретші, дизайнер Мүслім Жұмағұлов сақ дәуірінен бас киім киелі саналған дейді. Қазақта бас киімнің түрі көп болған. Ер адамдар да, әйелдер де жасына лайық бөлекше

киетін. Бас киіміне қарап хан ба, қара ма ажыратады. Мысалы, мұрақты тек арнайы мерекелерде бөріктің үстінен тек хандар киген. Өйткені мұрақ – тек хан-сұлтандарға, ел билеуші лауазымды тұлғаларға арнап тігілетін бас киім. Мұраққа қарап халық оның мансабын, дәрежесін анықтайтын болған. Қазақ оны орналасқан аймағына қарай айыр қалпақ, сәукеле қалпақ деп те атаған. Екі жағы қошқар мүйізденіп келетін, оюлармен әсемделіп, алтын және күміс түстес жіптермен зерленіп тігіледі. Пайдаланылған жіп түрлеріне қарай мұрақтың ою-өрнегі алыстан-ақ жылтырап көрінетін болған. Мұрақты шошақ қалпақтың сыртынан киген. Оны әр түрлі салтанатты жиындарда, ас пен тойларда және ғұрыптық шараларда киген. Ел аузында бас киімге қатысты "Хандар киер мұрақты, қараша киер құрақты" деген мақал-мәтелдер сақталған, – дейді Мүслім Жұмағұлов.

Құлақшынды басында шамандар киген

Ал төбесі сәл ғана шошайып тігілген құлақшынды сақ дәуірінде дінтанушылар мен шамандар киген.

Өйткені шошайып тігілген құлақшынның төбесі шаманды басқа адамға қарағанда тәңірге бір қадам жақындатады деген түсінік болған. Басқа кигенде ол құлақ үстінде қалқайып тұрғандықтан құлақшын деп атап кеткен.

Батырлар бұрымды болған

– Жалпы сақ дәуірінен бастап ер адамдар да бұрым өрген. Бұрым қою XVIII ғасырға дейін жалғасты. Соғыста жекпе-жекке шыққан батыр қарсыласының басынан гөрі бұрымын кесіп алса, үлкен абыройға бөленген.

Оқи отырыңыз: Қазақ бренді

Жеңімпаз кесілген бұрымды найзаның басына іліп жүрген. Найза ұшындағы бұрымға қарап, қанша батырмен күрескенін байқайтын болған. Алайда қазір найза ұшындағы шашты көп адамдар аттың қылы деп ойлайды, – дейді Мүслім Жұмағұлов.

Тымақтың бірнеше түрі болған

– Үкілі тымақты көбіне бақсылар киетін болса, үкілі қалпақ, үкілі тақия, үкілі бөрік – нәрестенің, жас балалардың атрибуты. Тіпті тымақ ешкі, қой терісінен де жасалған.

Мысалы, оңтүстікте өңірлерде күн қатты суыта қоймайтындықтан аса қалың қылып тікпеген. Күзен, қарсақ терісінен бас киімдер киген. Солтүстік өңірлерде қозы, ешкі терісінен тіккен. Ал шығыс пен батыс жақтың қазақтарында тымақ жауырынды жауып тұратындай мол тігілген.

Әсіресе, найман мен керей руларының тымақтары ерекше. Олар тымақтың төбесін қызыл матамен көмкерген. Ал тапшылық кездің өзінде найман-керейлердің көрші отырған башқұрттардан мата алып, тымақты әсемдеп тігуі бірден көзге түсетін болған.

Қазақтар бас киімді үйдің құты мен берекесі, басқа қонған бақтың "тұрағы" деп есептеген. Сондықтан оған қатысты ырым-тыйымдар құт пен берекені сақтауға, баянды етуге бағытталады. Сол үшін де қазақ ұғымында: бас киімді тарту етпеу, ауыстырып кимеу, бас киімді қабаттамау сияқты сенімдер бар.

Бас киімге қауырсын тағу барлық халықтарда мифтік наным бойынша жердегі адамның рухтық болмысының аспан әлемімен байланысты екендігін білдіреді. Сондықтан сыйлыққа тек жаңа бас киім сыйлаған, – дейді зерттеуші.

Шала туған баланы тымаққа салып өсірген

Сондай-ақ жас нәресте үшін, әдетте айы-күні жетпей дүниеге келген бала үшін тымақтың да алар орны орасан. Ал тымақтың өзі ел арасында қасиетті саналады. "Шала туып, тымаққа салып өсірген екен" деген сөз бар. Халықта айы-күні жетпей шала туған баланы тымаққа салып, керегеге іліп қоятын дәстүр бар.

Себебі шала туған сәби ия ұстауға, ия бесікке салуға келмейді. Ал тымақ жылы, әрі бөлеуге, ұстауға ыңғайлы. Шала туған баланың неше күні кем болса, сонша күн керегенің әр басына ілініп қойылатындықтан, күн кереге басы арқылы есептеледі.

Мысалы, қырық күні кем болса, керегенің қырқыншы басына ілінген тымақтан баланы алып, жаңа туған балаға жасалатын рәсімді жасайды. Егер бала қыста туса, үй

қабырғасына бірнеше шеге қағылып, соған тымақ ілінеді. Бұл да – тымақтың қадірі мен қасиетін бейнелейтін көріністердің бірі деп түсінген.

"Тымақ ұру" дәстүрі де бар

Сондай-ақ "Тымақ ұру" немесе "Тымақ тастап, кешірім сұрау" – дау-жанжал кезінде қолданылатын дәстүр. Кінәлілер арызданушылардың алдына барып, кешірім сұрайтын болған. Ол – бітімге шақырудың ең үлкен көрінісі.

Қызды алып қашу үрдісінде де "аяққа жығыла" барған кездейсоқ құдалар да бас киімін жерге, қыз жағының алдына тастайтындығы тағы бар.

Ер адамның бас киімінің ең көп тараған түрі – бөрік. Ол төрт үшкілден, төрт қырлы күмбез іспетті пішіліп, арасына жүн салып астарланып, барқытпен, шұғамен, күдерімен тысталған. Бөріктің ішінен тақия киген. Абай атамыз:

– Күлпара басымда, пұшпақ тымақ,

Ішкі бауын өткізген тесік құлақ.

Тобылғыдан кесіп ап, жіппен қадап,

Артын бірге қыстырған бар құрысқақ, – деген екен.

Бөрік – ұлттық бас киім ішіндегі ең әдемісі саналған. Бөрікті қазақ жылдың қоңыр салқын, аумалы-төкпелі кезеңдері – көктем мен күзде киген. Өйткені ол киіп жүруге әрі жылы, әрі жеңіл. Бөрік үшін міндетті түрде қымбат тері қажет. Қазақта бөріктің атауларын қандай аң терісінен тігілгеніне қарай атау дәстүрі бар. "Сусар бөрік", "Құндыз бөрік", "Кәмшат бөрік" деген атаулар содан қалған.

Бөрік – көне сөз, "бөрі" – қасқыр деген сөзден шыққан. Қасқыр – түрік тайпаларының ежелгі тотемі. Пішіні бойынша бөрік конус тәріздес биік, үстіңгі жағымен дөңгелек болып немесе үстіңгі жағы кескіленіп сүйірленген болып келеді. Әрқашанда кәмшат, бұлғын, елтірі және т.б. аң терісімен жиектеп тігілген.

Сондай-ақ алтын, күміспен апталған, құндыз, кәмшат, бұлғынның терісімен жиектеп тігілген ежелгі қымбат қалпақтар, қара-құба және қызыл түлкінің терісінен жасалған қысқы тымақтар әлі де бар.

Бөрік тәріздес бас киімді қыздар да киген. Бірақ қыздардың бөрігі алқамен, үкі, көкқұтан немесе тауыстың қауырсынымен әшекейленген. Қазақтар осындай бас киімді "кәмшат бөрік" деп атайды.

Қалпақ

Ерлердің кейбір бас киімдерін киізден жасаған. Олардың ішінде ең көне және дәстүрлісі – "қалпақ". Шошақ төбелі киізден жасалған бас киім алғаш рет Пазырық қорғанында табылыпты. Ал киізден жасалған қола қаңылтыры бар шошақ бөрік Николаев облысының қорғанынан шыққан.

Қазақта қалпақтың екі түрі бар. Ақ қалпақ және айыр қалпақ деп аталады. Ақ қалпақтың айналасы тұтас дөңгеленіп тұрады. Ақ киізден жасалған биік болады. Тігуіне байланысты "ақ қалпақ" деп атаса керек. Мерекелік ақ қалпақтар ақ жібекпен көмкеріліп, күміс оқамен кестеленіп, шет жағын бау тігісімен безендірілген.

Айыр қалпақтың аты айтып тұрғандай, оның етегі екі айыр болып келеді. Соңғы уақытта айыр қалпаққа айрықша мән беріліп жүр. Үстіне қарай бүгілген кең жиекті қалпақ – "айыр қалпақ".

Қалпақ – тек ерлер киетін бас киім ретінде саналады. Ол – киіз бас киімдердің ішіндегі ең көнесі. Қазіргі өндіріс мүмкіндігі молайып, материалдар көбейген заманда оны қалың драптан да тіге береді.

Телпек

Телпек – қалпақтың бір түрі. Телпек – ол сұлтан қалпағы, сол себептен телпекті ХІХ ғасырдың ортасына дейін тұрмыста қолданыста болған.

Тақия

"Тақия" – барқыт, қамқа немесе оқалы паршадан жасалған жеңіл жазғы бас киім. Ежелгі уақытта олардың шетін құндыз, кәмшат, тиін терісімен жиектеп тігіп, күміс және алтын тоқыма баумен әшекейлеген.

Әйелдердің бас киімдері

Қазақ дәстүрінде ер адамның тері сіңген бас киімін ешкімге сыйға тартпағанмен, әйелдерде ол дәстүр жоқ. Керісінше ізін басып келе жатқан келіндеріне өзінің жолын берсін деп ырымдап, өздері тағып жатады. Алайда қыз бала басына ақ, қара орамал тартпайды. Ақ – жаулықтың, қара – қайғының белгісі.

Қазақта ер болсын, әйел болсын бас киіміне құрметпен қараған. Дүниеге келген қыз балаға тұлым, ал ұл балаға айдар салған. Тәй-тәйләп жүрген кезден бастап, көз тимесін деп маржандап әшекейленген тақия кигізген. Бес жасынан бастап шашын өріп, шолпы таққан. Осылайша үкілі тақия, бойжеткен соң кәмшәт бөрік киген дейді этнограф Құралай Сәрсембина.

– Күйеуге тиетін кезде дәстүр бойынша қызға сәукелені, басқа да киімдерін әкесінің үйінде ұзатылар сәтте жеңгелері арнайы келіп оң жақтағы үкілі тақиясының орнына кигізіп, енесінен байғазы алған. Жас келін түскен жерінде бір жылға дейін желек жамылып жүреді. Қазақта сонымен қатар, "шарғы салу" деген салт бар. Ол бойынша ұзатылған қыз өзіне таяу сіңілісіне басына тартатын орамалын "ендігі кезек сенікі, бақытыңды тап" деген ниетпен тарту етеді.

Киелі бас киімдер қатарынан саналатын сәукеле – ертеден келе жатқан қалыңдықтың негізгі атрибуты саналды. Қазақы дәстүрдегі сәукеле кигізу де ерекше салт. Ол бойынша қалыңдыққа сәукеле кигізу рәсіміне барлық құда-құдағилар шақырылып, ақ бата айтылып, жөн-жоралғы жасалып, сәукеле кигізуші "ана" байғазы алған. Жалпы сәукеле ең қымбат бас киім саналған. Тастармен көмкерілген кейбір сәукеленің салмағы жеті келіге дейін тартқан, – дейді этнограф.

Қасаба

Қазақ ұғымында сәукелемен қатар жүретін бас киімдердің бірі – қасаба. Кейінгі уақытқа дейін белгісіз болған қасабаны қазақ халқының дәстүрлі киімдерінің бірі ретінде танытқан этнограф Ө.Жәнібеков. Оның айтуынша, қасаба – көне түркі, қыпшақ бас киімінің негізгі элементтерін бойына сіңірген. Қасабаны тақиядан сәл биіктеу қылып тігеді. Арт жағында әйелдің бұрымын жауып тұратын желегі болған.

Қасаба – "алтын зерлі" деген мағынаны береді. Оның өн бойы түгелдей зерлі жолақпен әдіптеліп, алтын жіптермен кестеленетін болған. Қасабаны келіншек үкісіз, желексіз, сыртына жаулық салып, тойдан кейін де киген. Ол қазақ тіліндегі "қасабалы келіншек", "қасабалы қалыңдық" деген атауды қалыптастырған.

Кимешек

Кимешек – әйелдердің негізгі бас киімі. Әдетте, бұл бас киімді кию рәсімі де ауыл арасында ерекше аталып өткен. Ол бойынша жаңа түскен келін аяғы ауыр болғаннан кейін, сән-салтанатқа сәукеле киюді ерсі санап, ауыл әйелдерін шақыртып, оның ішіндегі құрметті саналғаны кимешек кигізу рәсімін жасаған. Ол үшін кимешек кигізуші сый-сияпат алған.

Кимешек – көбінесе ақ матадан, немесе ақ жібектен тігілетін бас киім. Кимешек басты, кеудені, арқаны жауып тұратын болған. Оның жиектерін көмкеріп кестелейді. Жас келіншектерге бет жақтауы жалпақтау болып, кестесі де көркем тігіледі. Мосқал тартқан әйелдердің кимешегінің бет жақтауы тар болады. Бірақ әшекеленбейді.

Кимешектің қазақ рулары мен тайпаларының өзгеше болуына байланысты әртүрлі үлгілері бар. Кимешекті 25-40 жас аралығындағы әйелдер киген. Маңдайы оқалы, биік сұлама кимешек әйелдің өңіне салтанатты кейіп береді.

Кимешектің күрделі пішімі – басқа киілетін бөлігі. Ол – "төбелдірік", "шықшыт", "желке", "маңдай", "алқым", "иін" деп аталатын бедер қиындылардан құралады. Ұзындығына қарай кимешек – арқа жабар, бел жабар, қылта шалғай, өкше қағар болып төрт өлшемге бөлінген.

Жеті жарғыда да бас киім туралы айтылған

Ежелгі "Жеті жарғы" заң ережелерінде "Сары жаулық" деп аталатын құн түрі бар. Кісі өлтірушінің туыстары құн төлеуге келісетіндерін білдіріп, өлген адамның үйіне

жаулық жіберулері керек екен. Күйеуін кісі өлтірген әйел өзінің қаралы екендігін таныту үшін бір жыл бойы сары жаулықты тағып жүретін болған.

Қауырсынды аспан әлемімен байланыстырған

Ата-бабаларымызда бас киімге қауырсын тағу дәстүрі де бар. Мұны "Алтын адамның" бас киімінен көруге болады. Оған төрт алтын қауырсын тағылған. Таңбалы таста да осындай қауырсынды бас киім киген, малдас құрып отырған адам суреті бейнеленгенінен байқаймыз. Мифтік наным-сенім бойынша бұл жердегі адамның рухтық болмысының аспан әлемімен байланыста екендігін білдірген.

Қазақ әйелі бас киімді жасына қарай киген

Тақия – кестелеп, сырып тігілген дөңгелек, жеңіл бас киім. Үкілі тақия қазақ қыздарының ерекше ұнатып киетін бас киімі. Ол ұлттық өрнек мәнеріне тігілуіне қарай әр түрлі болған. Қыздардың тақиясы қызыл, күлгін, жасыл т.б. түстермен, шұға, барқыт, мәуіті сияқты маталармен тігіледі. Түрлі-түсті моншақ-маржан, алтын, күміс теңгелер және асыл тастармен безендіріледі. Үкінің үлпілдек қауырсынын әсемдік үшін тақияның төбесіне қадайды. Бұл қазақ халқының арасына көне діни ұғымға байланысты үкі құсын "қасиетті құс" деп, тотем тұтқандығынан пайда болған.

Жаулық – әйелдер басына тартатын орамал. Жаулықтың жібектен, матадан, жүннен жұқа етіп тоқылғаны да, қалың етіп тоқылғаны да болады. Жүннен қалыңдап тоқығанын "бөртпе" деп атайды. Жібектен не матадан шашақ шығармай тоқыған түрін "салы" деп те атаған.

Қазақ әйелдерінің жас ерекшелігіне қарай жаулық әртүрлі болады. Бүркіншек – басқа салатын жамылғы.

Ақ бүркеншік салған жұрт,

Ал ендігін жаққан жұрт

Қызыл маржан таққан жұрт (Едіге батыр), – деген өлең жолдарындағы яғни жамылу мағынасында дәл келетінін байқаймыз. Бұл сөз ХІ ғ. түркітанушысы М.Қашқаридың сөздігінде: "бүркүншүк – қатындар бүркенетін нәрсе" деп түсіндіріледі екен.

Бөрік – елтіриден, аң терісінен істелген, матамен тысталған, құлақсыз бас киім. Бөрік қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық бас киімі болып, қыстық және жаздық болып бөлінеді. Қыстық бөрік ішіне жүн немесе мақта салып тігіледі. Ал жаздық бөрік мақта салынбай, қос астарланып тігіледі.

Жырға – әйелдің асыл тас, ақық моншақтарды тізіп әшекейлеген сәнді бас киімі. Жырға әдетте көп салпыншақты әр түсті меруерт тастардың жарқырауық сәулесімен құбылып, адамның бет-бейнесін ажарландырып бет моншақ, шұбыртпа, жақ алқа тәрізді тізіліп, бас киімнің етегін шашақтап тұрады. Өте баппен сәндеуді "ырғалып, жырғалып" деп атайды. Кейде сәукеленің шұбыртпасын, сырғаның салпыншағын, моншақ әшекейлерін жырға деп те атайды.

Әйел бас киімінің ғұмырнамасы:

3 жас (нәресте, сәби) – ит тақия, сырма, кепеш тақия;

5 жастан шыт тақия – сырға тағар ("қыздың сүндеті");

7-13 жас – үкілі тақия, тепеш, жұрынды бөрік (төрт сай, шошақ төбелі) топы, көз тәті, үлбірлі үкілеген жаннат бөрік;

13-тен кейін (бір мүшел) отау иесі – сораба, жанатпен жиектелген қауырсын қадаған дәрежелі қарқара бөрік;

25 жас (екінші мүшел) – сәт құндызды салтанатты тәж сәукеле, зерленген шашақты қасаба;

37 жас (үшінші мүшел) – кимешек. Кимешекке қосымша бөлшектердің атаулары: шылауыш, бұрмаша жаулық, сәлде, күндік, құндық бөрік, шыт байлама, желек, салы (шәлі);

49 жаста (төртінші мүшел) сән – салтанаты биязылау кимешекке қатысты қосымшалардың бәрін қолдануға болады;

61-73 жас аралықтары кейуана деңгейіне жатады. Бұл кезеңде баскиімнің жеңілдеу жалаң кимешек, иекше, байлауыш түрлерін киген лайық деп саналған.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттық бас киімдері киімнің функционалды элементі ғана емес, сонымен қатар осы халықтың мәдениетінің байлығы мен алуан түрлілігін көрсететін терең символдық нысан болып табылады. Олардың семиотикасын зерттеу бізге осы бірегей мәдени артефактілердің құндылығын жақсырақ түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сулейменов, М. (2005). "История казахского национального костюма". Алматы: Оркен.
2. Смагулов, М. (2012). "Традиционная одежда казахов". Астана: Мектеп.
3. Жубанышев, М. (2009). "Очерки истории костюма казахов". Алматы: Алматы университеті.
4. Джапаров, М. (2017). "Традиционная одежда казахского народа". Алматы: Кітап.
5. Молдахметова, Ж. (2008). "Традиционный казахский убор: семантика и символика". Вестник Карагандинского университета. Серия "Филология. Психология". №4(52).
6. Сеилов, Б. (2003). "Традиционный костюм казахского народа: история и современность". Алматы: Ирбис.

ҚАЗАҚ ДӘСТҮРІНДЕГІ ЕСІМ БЕРУ РӘСІМІНІҢ МӘДЕНИ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Мәдени антропология, 1-курс **Алмаханова Н.А.**

Ғылыми жетекші: филол.ғ.к. Аликбаева М.Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Аңдатпа: Қазақ дәстүріндегі есім беру рәсімі жаңа туған нәрестеге ат қою процесін ғана емес, сонымен бірге осы халықтың терең дәстүрлері мен құндылықтарын бейнелейтін бірегей мәдени оқиғаны білдіреді. Бұл мақалада біз осы салттың мәдени-антропологиялық мәнмәтінін зерттейміз, оның қазақ қоғамының мәдени кеңістігін қалыптастырудағы маңызы мен рөлін қарастырамыз.

Кілт сөздер: қазақ есімдері, балаға есім беру дәстүрі, рәсім, ат қою ерекшеліктері, есімнің семиотикасы

Қазақ мәдениетінде балаларға есім беру рәсімі терең тарихи тамырға ие және жеке тұлға мен қоғамдық мәртебені қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл рәсім тек формальдылық қана емес, қазақ халқының құндылықтарын, дәстүрлері мен нанымдарын бейнелейтін символдық акт болып табылады. Қазақ дәстүрінде есім беру рәсімі әдетте бала туылғаннан кейінгі бірінші аптада өткізіледі және осы халықтың мәдени мұрасының байлығын бейнелейтін түрлі салт-дәстүрлермен сүйемелденеді. Маңызды сәттердің бірі-көбінесе дәстүрлермен, тарихи тұлғалармен немесе маңызды оқиғалармен байланысты атауды таңдау.

Бұл рәсімнің әлеуметтік аспектісі де маңызды. Ат қою қоғамның баладан күтуіне, оның болашақ мәртебесіне және отбасы мен қоғамдағы рөліне байланысты болуы мүмкін. Бұл рәсім отбасы мүшелері, қоғамдастық және мәдени дәстүрлер арасындағы байланысты нығайтады. Қазақ дәстүрінде есім беру рәсімінің мәдени-антропологиялық аспектісі адамның шығу тегімен, мәдениетімен және ата-бабаларымен байланысы

туралы терең нанымдарды да көрсетеді. Бұл атау тек сәйкестендіру тәсілі ғана емес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мұраның символына айналады.

Дәстүрлі қазақ мәдениетінде «есім» терең мәдени мағынаға ие адам тұлғасының ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл тек сәйкестендірудің белгісі ғана емес, сонымен қатар ата-аналардың үміттерін және олардың баланың болашағына деген көзқарасын көрсететін пайғамбарлықтың бір түрі. Есім табиғаттың, дәстүрдің немесе рәміздердің элементтерін қамтуы мүмкін, бұл мәдени тамырлармен ерекше байланыс жасайды. Есім беру рәсімінің өзі қазақ мәдениетінде қабылданған әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді біріктіретін маңызды оқиғаға айналады. Ата-аналар бұл іс-шараға алдын-ала дайындалып, оның мәдени және отбасылық коннотацияларын ескере отырып, атауды мұқият таңдайды. Әдетте отбасылар бұл салтанат үшін туыстары мен жақындарының үйіне жиналады, онда есім айтылып, өзіндік мәдени және рухани мәнге ие болады.

Қазақ мәдениетінде ат қою рәсімі терең мәдени-антропологиялық мағынасы бар көптеген символдық әрекеттерді қамтиды. Осындай рәсімдердің бірі-жаңа туған нәрестені туыстары мен достарының кең ауқымына таныстыру. Бұл қоғамдастыққа ата-аналарды құттықтауға мүмкіндік беріп қана қоймай, жаңа отбасы мүшесінің бүкіл ұжым үшін маңыздылығын көрсетеді. Рәсімнің тағы бір маңызды аспектісі-атауды таңдау. Бұл атау тарихи және мәдени дәстүрлерді де, ата-аналардың жеке қалауын да ескере отырып, ерекше назар аударып отырып таңдалады. Көбінесе есімдер бала үшін белгілі бір қасиеттерге немесе қалаған жетістіктерге байланысты таңдалады. Мысалы, атау батылдыққа, даналыққа немесе әл-ауқатқа байланысты болуы мүмкін.

Сондай-ақ, ат қою рәсімі отбасы мен достары баланың өміріндегі осы маңызды сәтті атап өту үшін жиналатын маңызды әлеуметтік оқиға екенін атап өткен жөн. Бұл қоғамдастық ішіндегі байланыстарды нығайтады және қолдау мен ынтымақтастық сезімін тудырады. Сонымен қатар, ат қою рәсімімен бірге жүретін көптеген салт-дәстүрлер мен рәміздердің тамыры көшпелі қазақтардың ежелгі дәстүрлерінде, олардың әдет-ғұрыптарын, өмір салтын және дүниетанымын бейнелейді. Осылайша, қазақ дәстүрінде ат қою рәсімі отбасының жеке қалауын көрсетіп қана қоймай, мәдени мұраны сақтау мен беруде, әлеуметтік байланыстарды нығайтуда және баланың қоғамдағы жеке басын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Кісі аттарының адамның жеке қасиеттерінің белгісі, нәрестенің физиологиялық сипатынан хабар беретін және тұлғаның ортамен қарымқатынас орнатуының құралы ретінде қызмет ететіні де дәлелденген. Звевнер бастаған ғалымдар көлемді зерттеудің нәтижесінде адам есімін «сыртқы әлеуметтік фактор» ('external social factor') ретінде бағалап, әр есімнің адам мінезінен, әрекет-танымынан, сыртқы келбетінен хабар беретін «әлеуметтік белгі» ('social tag') тұжырымын дәлелдеді [1, 528б].

Түркі жұртының бір бөлшегі ретінде қалыптасқан қазақ халқының дүниетанмында көне замандағы лақап есім беру ғұрпының көріністері сақталған. Оны сақтаған сауыт – фольклорлық шығармалар. Қазақ фольклорындағы лақап есім беру ғұрпы эпостық жырлар, ертегілер, аңыз жанрларының композициялық-сюжеттік фабуласына көріктеу, дәріптеу құралдары ретінде қызмет жасайды. Оның қызметі фольклорлық түрлі жанрлар мазмұнында әртүрлі белгімен көрініс табады. Қазақтың эпостық мұраларында қаһарманға лақап есім беру көріністерінде көне мифологиялық түсініктермен қатар қаһарманның орасан күш иесі немесе батырлық ерлік көрсету, болмаса шыққан тегіне қарай лақап есім беру көріністері бар. Мысалы, арғы түбі Алтай кезеңінен бастау алатын көне Алпамыс батыр эпосының Қоңырат вариантында «Хәкім» деген есіммен жүрген қаһарман алып күш иесі екендігін танытқан соң «Алпамыс» деген лақапқа ие болады [2, 15-16Б]. Ноғай ордасының даңқты билеушісі Едіге туралы эпостық жырда болашақ батыр Едіге есімін жасырып, Құбағұл деген есіммен Тоқтамыс ханның күзетшісі болады [3, 418-420Б].

Қазақ есімдері ежелден қазақстандық ғалымдардың зерттеу объектісі болып келген, олардың еңбектерінде құрылымдық, функционалдық ұлттық антропонимдердің

ерекшеліктері, көркем шығармалар мәтіндеріндегі оларды аудару мәселелері және т.б. (А. Қайдаров, Р. Сыздықова, Т. Жанұзақов және т. б.). Ең үлкен Т. Жанұзақовтың еңбектері танымал болды, қазақ тілінің көлемдік анықтамалығын құрастырушының қазақ антропонимиялық жүйесінің қалыптасу тарихын, оның ішінде фонетикалық аспектісін, басқа тілден енген есімдерді егжей-тегжейлі зерттеген [6, 180б]. Ғалым қазақ дамуының маңызды кезеңдерін қарастырады архаикалық дәуірден бастап ХХ ғасырдың аяғына дейінгі антропонимдік жүйе. ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы белгілі қазақ ғалымдары А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов,

Қазақ мәдениетіндегі исламдық ықпалды ескере отырып, есім қосымша діни және рухани аспектілерге ие болады. Көбінесе бұл рәсім балаға рухани басшылық пен өмір жолында қолдау көрсетуге арналған дұғалар мен баталармен бірге жүреді. Қазіргі қазақ антропонимдері түрлі экстралингвистикалық факторларға байланысты өзгеріске түсіп, жаңа есімдермен толығып жатқаны сөзсіз. Бекжан Әбдуәліұлы санамалап өткен факторлардың, нақтырақ айтқанда, «ислам факторы», «ұрпақ факторы», «тұрмыстық фактор», «үйлесім факторлары» [4, 265б] әсер етті. Ғалым Асқар Смағұловтың пікірінше, қазақтың «ат қою шығармашылығында қысқарған және қолдан жасалынған есімдер» пайда бола бастады [5, 372б]. Оның ішінде батысеуропалық есімдер (Жанна, Марат, Роллан, Клара) мен кірме есімдер де аталады. Ғалым Жанұзақовтың пікірінше, жаңа ат қою және кірме есімдерге қарай ығысушылық дәстүрі ХХ ғасырдың 50 жылдарынан басталған. Сондайақ, Жанұзақов «қазақ төл антропонимдерінің таңдаулы, ең сұлу, айшықтыларын талғап», таңдалған есімдердің айтуға жеңіл болу шартынан бөлек, интернационалдық бағытқа қарай икемдеу ұстанымының басым болғанын жеткізеді [6, 70б]. Қазақ қоғамындағы есім маңызды әлеуметтік-мәдени рөл атқарады. Дұрыс айтылу және атауды құрметтеу жеке адамға деген құрмет ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, бұл атау адамның әлеуметтік мәртебесі мен қоғамдағы жағдайына әсер етуі мүмкін, бұл оны әлеуметтік-мәдени қатынастардың ажырамас бөлігі етеді.

Қазақтың жеке есімдерін талдай отырып, С. Аманжолов оларды құру кезінде қолданылатын 9 мотивтерді бөліп көрсетеді:

- жақсы, бақытты өмір сүруге тілек (Омар, Оспан); ұзақ өмір сүруге тілектер (Жанұзақ, Өмірбек);
- баланың мінезі жақсы болсын деген ниетпен Жібек;
- баланы хан (бай) сияқты құрметтеу үшін (Омархан);
- белгілі бір табиғатқа нұсқау құбылыс (Айтуар "ай көтеріледі", Күнтуар "күн шығады");
- осы ауылда, үйде болған қандай да бір оқиғаға нұсқау (Аманкелді "аман-есен оралды");
- туу жағдайларын көрсету бала (Сұрабалды "сұрады", Құдайберді);
- аудан атауларымен байланыс (Алтай, Орал);
- Қазан төңкерісінен кейін берілген атау (Роза, Марат, Тельман – халықаралық маңызы бар есімдер) [7, 188б]. Бұл жіктеу заң бойынша бір болып саналады, қазақ есімдерінің алғашқы семантикалық жіктемелерінен.

Қорытындылай келе, адамзат қоғамының ежелгі дәуірі және ерте орта ғасырлар кезеңіндегі кісі есімінің өзгеруі белгілі бір наным-сенімдермен, салт-дәстүрлер және әдет-ғұрыптармен байланысты болса, кейінірек қоғамдық қарым-қатынастардың тереңдеуіне байланысты әлеуметтік жіктелу пайда болған тұста ол батырды немесе билеушінің есімін әлеуметтік ортадағы мәртебесі мен қызметіне қарай өзгертетін дәстүрлі ғұрыпқа айналады. Қазақ дәстүріндегі есім беру рәсімі мәдени, діни және әлеуметтік элементтердің күрделі үйлесіміне айналады. Бұл салтты сақтау қазақ халқының мәдени бірегейлігін сақтау мен нығайтудың негізгі факторына айналуға. Осы аспектілердің барлығы есім беру рәсімін ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтатын және оған бай мәдени мағына беретін маңызды және символдық оқиғаға айналдырады. Осылайша, қазақ дәстүрінде ат қою рәсімі осы халықтың мәдени мұрасының байлығын

және оның тарихпен, қоғаммен және нанымдармен байланысын бейнелейтін көптеген аспектілерге ие. Бұл салт қазіргі әлемде қазақ халқының тұлғасы мен бірегейлігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Zwebner et.al. (2017). We look like our names: the manifestation of name stereotypes in facial appearance. *Journal of Personality and Social Psychology*, Vol. 112 (4). Washington. (in English)
2. Жирмунский, В. Сравнительное изучение героического эпоса народов Средней Азии. – М.: Наука, 1960.
3. Семенов, Н. Туземцы Северо-восточного Кавказа (Рассказы, очерки, исследования, заметки о чеченах, кумыках, ногайцах и образцы поэзии этих народов). – Санкт-Петербург, Типография А. Хомского и Ко, Литейный пр, №43, 1895.
4. Әбдуәлиұлы Б. Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері. – Астана: Астана-полиграфия, 2012. –
5. Смағұлов А. Қазақ есімдері. – Алматы: Атамұра, 2013. – 800 б.
6. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Наука, 1971. – 224 б.
7. Amanzholov S. Kazakh tili teoriyasynyn negizderi. [Fundamentals of the theory of the Kazakh language] (Almaty, Gylim, 2002, 366 p.).

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚЫЗДЫҢ ОРНЫ (МӘДЕНИ ТАЛДАУ)

Мәдени антропология, 1-курс **Алимхан А.Б.**

Ғылыми жетекші: филос.ғ.к., доцент Жарқимбаева Д.Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Аңдатпа: Қыздың дәстүрлі қазақ қоғамындағы орнын оның мәртебесіне, өмірінің түрлі салаларындағы рөлі мен мүмкіндіктеріне әсер ететін әлеуметтік-мәдени және құқықтық-экономикалық факторларды түсіну, сондай-ақ қазіргі қазақ мәдениетіндегі осы саладағы өзгерістерді анықтау.

Халық тарихында протоқазақтық кезеңдегі әйелді құрметтеудің көптеген мысалдары бар. Сондықтан қазіргі қоғамда қазақ халқының этномәдениетін жаңғыртуға және көтеруге баға жетпес үлес қосатын әйелдердің мәдени типтері мен бейнелерін зерттеу, танымал ету және дамыту өте маңызды болып көрінеді.

Кілт сөздер: дәстүрлі қазақ қоғамы, мәдениет, дәстүрлі мәдениет, гендерлік теңдік, әлеуметтік теңдік

Қазақ халқы қашанда қыз баласын ерекше қадірлеген. Оны болашақ ана, ұрпақ өрбітуші ретінде жоғары бағалап төрден орын ұсынған. Сондай-ақ ұлттың болмысын қалыптастыратын жан болғандықтан қыз тәрбиесіне аса жауапкершілікпен қараған.

«Әйел бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді», – дейді дана қазақ. Ұрпақ өрбітіп, келешек келбетін қалыптастыратын, ел мен елді жақындастырып, табыстыратын – жаны нәзік қыз баласы. Соны білген текті халқымыз қыздың тәлім-тәрбиесін, мінез-құлқы, жүріс-тұрысын баса назарда ұстаған [1].

Грек ойшылы Платонның «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қызды тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деген қанатты сөзіне біздің халық қаншалықты лайық болғандығын айқындайды [2]. Тегіне көз салған ата-бабамыз «жақсы болсын тегі, заты, тұқымы, пәк ұяты болсын жанның тұнығы» деп орта ғасырлық ғұлама Жүсіп

Баласағұн айтқандай, қыз бойындағы пәктік, тазалық, тәрбиелік, ар-ұяттың мөлдірлігі басты қасиет екендігін таразылаймыз.

Ежелгі қазақ тіршілігінде ақылы асқан дана қыздардың, әйелдердің рулы ел басқарғанын, рудың әйел атымен аталуының мысалдары өте көп және мұның өзі сол дәуірде ерекше бір құбылыс емес – қалыпты нәрсе саналуының өзі – халқымыздың қыз балаға деген көзқарасының соншалықты озықтығының бір айғағы. «Астың дәмін тұз келтірер, елдің сәнін қыз келтірер» деген дана халқымыз қыз баланы сондықтан мәпелеп, аялап өсірген. Қазақ халқының аңыз, ертегі, дастан жырларында ердің сенімді серігі, анасы, ғашығы, жары, аяулы қарындасы ретінде әйел, қыз бала бейнесі келтірілмеген шығарма табу қиын. Осылардың көпшілігі халық ауыз әдебиетінде аңызға айналған. Кейбірі дала төсінде, желдің өтінде ескерткіштерге айналса, кейбір көркем кейіпкерлер ретінде халық жадында сақталған. Мысалы, ежелгі Оғыз елін басқарған тоғыз батырдың сенімді серіктері бола білген батыр аруларға қойылған тоғыз ескерткіштің жетеуі Қазақстан жерінде болуы, Домалақ ене, Айша бибі, Бабаджа әйел мазарлары арқылы ақын Сара, ақылды Айман, күйші Дина, Нұрғаным, Зере, Айғаным бейнелері – соның дәлелі.

Қазақ халқы қыз баланың тәрбиесіне үлкен мән берген. Қызды әрқашан да қонақ деп, төрге отырғызған. Ол ешуақытта өз әке-шешесінің үйінде төменге отырмаған. Себебі қыз төрге отырса, байимыз, құтымыз өзімізде болады деген сенім болған. Қыз – жат жұрттық. Өскеннен кейін ұзатылып, басқа босағаға баратын болғаннан кейін, қызға, қыздың тәрбиесіне кішкентай кезінен үлкен мән берген. Тіпті, қазақ халқының ерекшелігі, қыз бала дүниеге келгенде-ақ жұмбақтап: «Шырақжағарым келді», – деп айтқан. Себебі адам о дүниеге өткеннен кейін, байырғы, исламға дейінгі дәстүр бойынша қырық күнге дейін сол үйдің әйелі, қыздары қайтыс болған ер адамның артынан шырақ жаққан [3, б. 184].

«Қыз – жағадағы құндыз, жігіт – аспандағы жұлдыз», «Қыз кетсе-қызық кетер», «Қыз қылығымен сүйкімді», «Ырыс алды – қыз», «Қарағым-шырағым, ауыл көркі – ақ лағым», «Қызы бар үйдің – қызығы бар» – деп оларға үлкен сеніммен үміт артады. Болашақ ана ретінде қадірлеп, «Ер адамның алдында ашылатын есігі болсын, әйел адамның алдында тербететін бесігі болсын» деп зор міндет жүктейді.

«Қыз, әйел, ана» – қасиетті ұғымдар, өйткені олар – өмірдің ұрпақ өрбітетін бастау-бұлағы. Ұлттың бар болмысын – тілі мен дінін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін – ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, бойына дарытатын әйел-ана. Сондықтан ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды дәстүрге сүйеніп, уақыт талабына сай тәрбиелеу – ата-ананың ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Қазақ халқы «қыз» деген сөзді әдеміліктің, әдептіліктің, жинақылықтың үлгісі деп танығандықтан, «қыздың жиған жүгіндей», «мінезі қыздай», «қыз қылықты» деп жақсы нәрсені қызбен байланыстырған. «Қыз – өрісің, ұл – қонысың» деп білген қазақ өрісін кеңейтетін қыз балаға айрықша көңіл бөлген. «Қызың мінезді болсын, ұлың өнерлі болсын» дейтін халық «Қызды күте алмаған күң етеді, жібекті түте алмаған жүн етеді» деп, қызды үй шаруасына үйреткенмен, оны күнше қажытпаған.

Әр жарнама түрі жеке ішкі жүйелер байланысы мен өзара қатынастар сипатымен ерекшеленеді. Бірақ, жарнама берушінің рөлі - белсенді субъект болса, халықтың алатын орны - пассивті субъект. Жарнаманың кез-келген түрі аудиторияның сұранысы бойынша құрастырылады. Сонымен қоса, ол адамдардың жас, жыныс және статус айырмашылығына қарай бөлінеді. Өйткені, егер жарнама тек жастар аудиториясына негізделген болса, ол жарнаманың түрі тек сол типтік ерекшелікке тән, басқа категорияға бұл жарнама типі қызықсыз болуы мүмкін. Сондықтан да, көп жағдайда жарнама берушілер жарнаманы жоспарлау барысында аудиторияның сұраныстарын зерттеп, бағалы және танымал тауарларды шығаруға тырысады. Кейбір жағдайларда жарнама жасаушылар объектіге өз билігін күшейту мақсатында танымал медиялық тұлғаларды жарнаманы насихаттауға шақырады. Осы схема арқылы жарнама шығарушы маркетингтер халықтың назарын аударуға тырысады.

Жарнаманы шығарушы биліктің қозғаушы күші ретінде қарастырылмайды, керісінше бүкіл билік аудиторияның қолында. Егер халық жарнаманы жағымды қабылдаған жағдайда, ол жарнаманың сәтті өткенін көрсетеді. Маркетингтер басқарушы күш емес, жарнаманың әсері басқару процесінің басты күші болып табылады. Жарнамалық әсер ету процесі өзара басқару, өзара әрекеттесу, өзара байланыс сияқты билік ету процестеріне ие. Синергетикалық жүйеде тұтыну қоғамы сұраныс пен ұсыныстың басты объектісі мен қуаты.

Сатушы мен сатып алушының арасындағы тығыз және тұрақты қарым-қатынас орнату жарнаманың әсер ету процесінің ең негізгі делдалдық қажеттілігі ретінде қарастырылады. Тауардың тұрақты сатып алушы субъектісі болған жағдайда, ол тауардың болашақта басқа субъектілерге жарнамалық әсерін арттырумен қатар, сатып алушылар санын көбейтеді. Жарнаманың әсері тек белгілі бір коммуникациялық желілер арқылы ғана емес, адамдардың тауарды бір-бірлеріне айту, бөлісу, жарнамалаудың көмегімен де жүзеге асырылады. Осындай жарнамалық әсер процесі тұлғалардың бұл тауар оң жақтан қабылдауға және болашақта сол тауарды қолдануда сенімділік сезімін туғызады.

Жарнама - тұтынушылық ресурстарының тікелей басқару аппараты. А.Турен «ақпараттандырылған қоғам» концепциясын ұсыну кезінде тұтынушылық қоғам ұғымын қолданған болатын. А.Турен атап көрсеткендей, тұтынушылық қоғам болашақ қоғам қалыптасуының формаларының бірі. Жарнама шығару арқылы тұтынушы халық әр жаңа шығарылған тауарға қол жеткізуге тырысады, соның нәтижесінде әлеуметтік институттар, орталар, компаниялар жарнама әсер акторына толығымен тәуелді болатынына алып келеді. Көріп отырғанымыздай, бүгінгі халық тек материалдық құндылықтарға негізделген, ал рухани байлықтардың маңыздылығы мүлдем артта

калуда. Бұл қоғамның даму процесінің алдыға қарай емес, керісінше артқа қарай шегінеп отыр.

Жарнама ұзақ тарихтық эволюциядан өткен, социологияның жаңа ғылым саласы. Теориялық шеңберде жарнаман ұғымын тек XX ғасырдың басында В.Зомбарт ғылымға енгізді. Ол «Буржуазия. Еврейлер және экономикалық өмір» атты еңбегінде жарнаманың мағынасын ерекше әлеуметтік процесстің генезисі деп атап өткен. Ғалым «алу және сату» тенденциясының таралу технологиясын экономикада жаңа құрал пайда болған, оның ерекшелігі клиенттердің назарын өзіне аудара алу мен тарту орындылығы. В.Зомбарт жарнамалық жүйені кәсіпкерлік қызметті дамытудың жаңа жолы деп қарастырған.

Нәтижесінде, әлеуметтануда және басқа гуманитарлық ғалымдар жарнаманы интеграциялық құбылыстарды зерттеу пәндер қатарына жатқыза бастады. Жарнаманы тұжырымдама ретінде зерттеуде әлеуметтануда құрылымдық-функционалдық, интерпретациялық, стратификация, интегративті теориялар қолданылады.

Құрылымдық-функционалдық парадигма қоғалдық жүйенің арттыруы мен сақталуын қамтамасыз ететін, элементтік топтардан тұратын жүйе болып табылады. Жарнаманы зерттеу жұмыстары жүйе, функция, жарнаманы қарау ұғымдарының көмегімен жүзеге асырылады. Құрылымдық-функционалдық талдауды зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі - Толкотт Парсонс, теорияны индивидтің мінез-құлқын жағымды жақтан анықтауға ұмтылатын қоғамда әлеуметтік рөлдің қызметін атқарады. Парсонс әлеуметтік рөлдің процесі белгілі бір әлеуметтік институттарда қалыптасатынын айтқан. Әлеуметтік институтта орнын тапқан әлеуметтік рөл жағымсыз әсерден аулақ болудан көмектеседі. Адам - биоәлеуметтік жан болғандықтан, қоғамның бір мүшесі. Қоғамда орын алатын кез-келген өзгерістер индивидке тікелей әсер етеді. Адам қоғамда белгілі бір рөл атқаратындықтан, ол бір әлеуметтік топтың несе ұжымның бір бөлігі болады. Әлеуметтік ортаның мүшесі ретінде индивид жеке іс-әрекеттер қызметін атқарады, басқа индивидтер тобымен араласып, өзара әрекеттесу барысында тұлға болып қалыптасып, жоғары даму жүйесіне алып келеді. Тұлға әлеуметтік институтқа кіретіндіктен міндетті түрде жарнамаға тап болады. Жарнама тәжірибеде қоғамдық, топтық идеяларды белсенді насихаттауға тырысады. Ал, тұлға сол модельдік идеяға бірден болмаса да, біртіндеп кіре бастайды, себебі оның айналасындағы басқа тұлғалар сол модельге тәуелді болады.

Жалпы, Т.Парсонс әлеуметтік институттың жүзеге асыру қызметтерін үш түрге ажыратады. Біріншісі, жағдайлық институттар - әрекеттің белгілі бір ситуацияға тап болуымен әрекеттеседі, екіншісі, бағытталған институттар - белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған, үшіншісі, интегративті институттар - конфликттік жағдайларды алдын-алуға немесе оң медиацияға қол жеткізуге тырысады. Парсонстың теориясы бойынша, жарнаманың рөлі бағытталған институттар тобында тұрақты орын алып қойған. Жарнама мақсатты болып жоспарланады, оның атқаратын әрекеттері ең алдымен тұтынушылық мінез-құлыққа әсерін тигізеді.

Осылайша, құрылымдық-функционализм теориясы жарнама қоғамдағы әлеуметтік институттың, әлеуметтік ортаның, әлеуметтік топтың, әлеуметтік жүйенің бір бөлігі, орны мен рөлі болып айқындалады.

Келесі парадигма, жарнаманың қоғамда пайдалану тәсіліне байланысты - интерпретация болып саналады. Оның мақсаты - тұлғаның мінез-құлқын зерттегенде, әрекеттерін түсіндіруде қолданылатын мотивтерді анықтау мен талдау. Жарнаманы қарастырған ғалымдар қатарында, символдық интеракционизмнің басты қалаушысы Дж.Мид болды. Мидтің ойлауы бойынша, қоғам мен адамның өзара байланысы мен қарым-қатынас жүйесі белгілердің көмегімен функциялар жиынтығын қамтиды. Қоғамның тұрақтылығын сақтау мақсатында адамдар бір-бірімен барлық белгілер жүйесін бірдей бақылап тұру қажет. Бір себеп ретінде, тұлға қарым-қатынасқа түскен сайын әртүрлі ойлар мен көзқарастарды қабылдайды, содан бір тұлғаның екінші тұлғаға

(немесе керісінше) қатысты символдық ой қалыптасады. Бұл ойды мақұлдаған Дж.Мидтің қолдаушысы Г.Блумер болды. Блумер қоғамда адамдар міндетті түрде бір-бірін жақын білу мақсатында белгілердің көмегіне жүгінетінін айтқан. Жарнамада солай, символдық кеңістікті суреттермен байланыстырады. Жарнаманы халыққа дайындаған суреттермен күнделікті өмірді және әлемді суреттейді, ол халықтың есінде визуалды сақталады, өйткені визуалды адам үшін ақпарат сақтау оңай және тез. Зерттеуші бұқаралық жарнамаға ерекше назарын аударады. Бұқаралық жарнамада көп жағдайда маңызды ақпаратпен бөліседі, жарнамада көрсететін бейнелер тұтастай біріктіріліп, жарнамлап жатқан өнім шындыққа ие болатындай сатып алушының сезімін пайдаланады. Нәтиже ретінде, жарнаманың көмегімен тұлға әлемге басқа бұрыштан қарап, көп жаңалықтарға ие болады. Бұл әдіс жарнамалық әсердің қоғам үшін рөлін бұқаралық сана арқылы қалай тұтынушылық жоспарларды насихаттайтынын көруге болады.

Жарнаманың әсерін зерттегендердің қатарына А.Шютцтің феноменологиялық теорияларды жатқызуға болады. Ол өз концепциясында өмірдің мәні күнделікті іс-әрекеттер жиынтығынан тұратынын атап өтіп, әр жасалынған функцияның белгілі бір символы не мағынасы болатынын сенген. Индивидтің әлемі субъективті және объективті болатынын түсіндірген. Субъективті әлемді адам өзі құрастырады, сыртқы әрекеттердің араласуынсыз, ал объективті әлемді құрастыруда қоршаған ортаның әрекеттері тарапынан жүзеге асырылады. Индивидтің әлеуметтік ортамен тығыз байланысы - әртүрлі құбылыстарды пайда болау процестеріне жарнама қатысады. Шютцтің тұжырымдамасына сәйкес, әр объектінің жеке өлшеу шкаласы болады, сол шкаланың көмегімен белгілі бір топқа не ұжымға кіретін тұлға сол объектілерді көреді және күнделікті өмірде қолдана алады. Осыдан, тұлға мен топ арасындағы айырмашылықтарды, қорқыныш сезімдерді әлеуметтік шындықты құрайтын құбылыстардан көруге болады.

Шютцтің феноменологиялық принциптерін қолдаған П.Бергер мен Т.Лукман болды. Олардың тұжырымдамасы бойынша, әлеуметтік ортада қалыптасатын іс-әрекеттер тобы сыртқы күштердің араласу тарапынан немесе басқа индивидтердің әрекет етуіне байланысты. Ол тікелей тұлғаның мінез-құлқына және оның пікіріне әсер ететінін атап өткен. Бүгінгі күні сол басқалардың сырттан араласуын жарнамада белсенді орын алып жатқанын көруге болады. Феноменология әдісін жарнама әсерін қарастыру барысында, жарнаманың қоршаған ортаның тарапынан, әлеуметтік топтардың әрекет ету құбылыстарынан әлеуметтік шындықтың қалай өзгеретінін және оны адамға әсер ету дәрежесін көруге болады.

Әлеуметтік жүйелер мен құбылыстарды зерттеу барысында макросоциологияның орны мен тұлғаның мінез-құлқын қалыптастыруда интегративті тәсілдің ерекшелігіне тоқталуға болады.

Әлеуметтік мәдени тұжырымдаманың негізін қалаушы әлеуметтанушы, интегративті және стратификация теорияларын әзірлеген орыс-американдық ғалым Питирим Сорокиннің қосқан үлесі зор. Социолог жұмыстарында әлеуметтік мәдени, әлеуметтік динамикаға, әлеуметтік стратификация, тұрақтылық пен идеалистік теорияларға көп көңіл бөлген. Сорокин жарнаманы талдауда оның дизайндық және стилистік қасиеттерін үлкен мән берген. Жарнаманың маңыздылығы тауарды сатуда емес, оны қоғамның жадында сақталып қалатындай арнайы стильдік сипаттамаларды құрастыра алу, себебі табысты өнім халықтың назарында тез әрі ұзақ уақытқа қалу керек. Ол жарнаманың параметрлерін стиль, сипат, ынталандыру сияқты әдістемелер арқылы талдайды.

Жарнамалық хабарламаны құрылымдық теорияда Э.Гидденстің ойлау тұрғысынан да қарастыруға болады. Ғалым құрылым концепциясына ерекше көңілін бөлген. Құрылым тарапынан кеңістік пен уақытқа тән қайталанатын заңдар мен регламенттер түрінде және тұлғаның жадында немесе есінде уақыт өткен сайын

жинақталған тәжірибенің жаңғырықтар түрінде анықталуы мүмкін. Бұл әлеуметтік әлемді түрлі жолдармен не іздермен арттыруға болатынын көрсетеді. Яғни, кеңістік пен уақытта дамитын әлеуметтік жаңғырықтар, тәжірибенің субъектіде де, объектіде де қалыптастыруға болатынын дәлелейді. Құрылымдық тұжырымдамада жарнаманың әлеуметтік дискурсы тәжірибелік сана мен әдетте жасалынатын әрекеттерді қалыпқа келтіру әсерін талдау жөн. Себеп ретінде, адамның күнделікті өмірінің қимылдары мен қатынастарды негізінен сол істер құрайды.

Жарнама жүйесін белсенді зерттегендердің бірі - Ю.Хабермас. Оның «өмір әлемін игеру» жұмысында «жүйе» мен «өмір» ұғымдары бір-біріне сәйкес келеді. Автор жазғандай, қазіргі әлемде олардың тепе-теңдігі бұзылуда. Бұл екі термин уақыт пен кеңістікте үнемі өзара байланыста болады. «Жүйе» формалары көмегімен қоғамның мағыналық пен коммуникациялық функцияларын тұрақты сақтауға тырысады. Алайда, ақпараттық қоғамда БАҚ институттары «жүйені» нарықтар мен билік өкілдері көмегімен бақылауда ұстайды, нәтижесінде күнделікті өмірдің жүйесі біртіндеп ыдырай бастайды. Қоғамның медиалық өмірде белсенді болуы, тауарды тұтынумен бекітілген. Халық мемлекеттік құрылымдардың қызметтерін пайдалана бастайды және тұтынушының ролін атқарады, билік институттары атынан шешімді күтеді. Осы тенденциялар қоғамдық тәртіпті заң тарапынан манипуляция жасап, нарық пен билік «тұтынушы» қоғамның дамуына үлесін қосады. Осы себепті, Хабермасынң концепциясына сүйенсек, қазіргі әлем коммуникация жүйесінің қарқынды даму салдарынан өмірді отарлау саясаты бұқаралық ақпараттың басты құралдардың біріне айналуға.

Қорытындылай келе, жарнама мен оның әсерін құрылымдық-функционализм, интегративті, интерпретациялық және символдық теориялар аясында зерттеуге болады. Бүгінгі күні, жарнаманы қоғамдық әлеуметтік институттың жеке мүшесі ретінде қарастырады. Жоғарғы аталған тұжырымдамаларды жарнаманы талдауда оның қоғамға әсерін, индивидтің бойында тұтынушылық мінез-құлқы мен іс-әрекеттерді дамытатын себептерді көруге болады. Тұлғаның күнделікті өмірде кездестіріп отыратын жарнаманың барлық түрлері қоғамның ажырамас құбылысына айналған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Подвальская В.С. Реклама в исследовательском поле в социологии управления. СПб: Минск, 2015. 52-53 с.
2. Saunders P. Social theory and advertising. London: Unwin Hyman, 2011.
3. Thomas M.S. Consumer Market Research: Some Postmodern Thoughts. 2013, p 33-34.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРДІҢ САПАЛЫ ӨМІР СҮРУІ: ШЕТЕЛДІК ТӘЖИРИБЕЛЕРГЕ ШОЛУ

Әлеуметтану, 2 курс, **Тұрсынхожа Г. А.**

*Ғылыми жетекшісі: Социология ғылымдарының кандидаты Мамытканов Д. К.
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті*

Аннотация.

Мақалада зейнеткерлердің сапалы өмір сүруіне әсер етуші фактілер мен шетелдік тәжірибедегі белсенді және сапалы өмір сүруге көмек беретін технологиялар мен бағдарламалар туралы айтылады. Авторлар дамыған елдерде зейнеткерлердің өмір сүру сапасы жоғары болады деген ғылыми болжамды нақтылау мақсатында әртүрлі елдердегі зейнеткерлерге арналған мемлекеттік әлеуметтік қорғау бағдарламаларына шолу жасап, олардың сапалы өмір сүруге әсерін ашып көрсетуге тырысады. Сондай-ақ, шетелдік

тәжірибеден Қазақстанда зейнеткерлердің өмір сүру сапасын жақсарту жолдарын іздеп, кешенді тәсілді ұсынады.

Кілт сөздер: қарттар, зейнеткерлер, сапалы өмір, белсенді өмір, технологиялар, әлеуметтік бағдарламалар.

Зейнеткерлердің өмір сүру сапасы әр ел үшін маңызды әлеуметтік мәселелердің бірі болып табылады. Ол әртүрлі факторларға, соның ішінде зейнеткерлердің тұрғылықты еліне, ол елдің экономикалық даму деңгейіне, әлеуметтік саясатына, сондай-ақ, зейнеткердің денсаулық жағдайына, әлеуметтік мәртебесіне, қоғамдағы рөліне, өмір сүру стиліне және басқа жағдайларға байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Әлеуметтік қорғаныс механизмі, медициналық қызметтер мен әлеуметтік қолдауға қол жетімділік қамтамасыз етілген дамыған елдерде зейнеткерлердің өмір сүру сапасы жоғары болады деген ғылыми болжам жиі айтылады. Алайда, дамушы елдерде зейнетақыны қорғаудың жеткіліксіздігі, жоғары инфляция, медициналық қызметтерге қол жетімділіктің деңгейінің төмендігі зейнет жасындағы адамдардың өмір сүру сапасын төмендетеді. Осыған орай зейнеткерлердің өмір сүру сапасы қандай аспектілермен тығыз байланысты деген сұрақ туындайды. Алдымен, зейнеткерлердің өмір сүру сапасына әсер ететін негізгі аспектілерді талдасақ, олар:

Қаржылық қамтамасыз ету: зейнетақымен қамсыздандыру деңгейі, өмір сүру құны және қаржылық ресурстардың қол жетімділігі.

Денсаулық және медициналық қолдау: медициналық қызметтердің қол жетімділігі, денсаулық сақтау сапасы және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету.

Әлеуметтік байланыстар және белсенді қатысу: қоғамдық өмірге қатысу, әлеуметтік және қолдау шеңберіне ие болу мүмкіндігі.

Тұрғын үй және тұру шарттары: тұрғын үй сапасы, қызметтердің қолжетімділігі және инфрақұрылым.

Мәдени және ойын-сауық мүмкіндіктері: мәдени, білім беру және ойын-сауық іс-шараларына қатысу мүмкіндігі.

Қауіпсіздік: зейнеттегі адамдар үшін өздерін қауіпсіз сезіну маңызды. Зорлық-зомбылықтан, қылмыстардан және жазатайым оқиғалардан қорғау, сондай-ақ төтенше жағдайлардан қорғау мүмкіндігі.

Тәуелсіздік: тәуелсіздікті сақтау және өмірлік шешімдерді бақылау өмірдің оң сапасы үшін өте маңызды. Зейнет жастағы адамдарға қартаюға мүмкіндік беретін көмекші қызметтерге қол жеткізу тәуелсіздікті арттыра алады.

Ақпаратқа қол жеткізу: ақпаратқа қол жеткізу және цифрлық әлемге қатысу мүмкіндіктерін қамтамасыз ете алау мен технологиялық жетістіктер әлеуметтік интеграция мен тәуелсіздікке ықпал етуі мүмкін [1].

Сонымен, зейнеткерлердің өмір сүру сапасы зейнеткердің қаржылық жағдайына, денсаулығы мен сапалы медициналық қызмет алуға қол жетімділігіне, әлеуметтік байланыстары мен белсенділігіне, тұрғын үймен қамсыздану деңгейіне, бос уақытын өткізуге арналған мәдени және ойын-сауық мүмкіндіктеріне қолжетімділігіне, қоғамда қауіпсіз және тәуелсіз өмір сүруге, ақпаратқа қол жеткізу және цифрлық әлемге қатысу мүмкіндіктерімен байланысты. Олардың өмір сүру сапасын жақсарту көбінесе елдегі әлеуметтік, экономикалық және медициналық қолдау шараларын қоса алғанда, кешенді тәсілді қажет етеді. Мемлекеттік әлеуметтік қорғау бағдарламалары, денсаулық сақтауды қолдау және қоғамдық өмірге белсенді қатысу үшін жағдай жасау егде жастағы адамдардың жағдайын жақсартуда маңызды рөл атқарады. Бұған ғылыми негізде көз жеткізу үшін дамыған мемлекеттердегі зейнеткерлердің өмір сүру сапасы мен стилін, және оған көрсетілетін көмектің негізін талдау арқылы жетуге болады.

АҚШ-тағы зейнеткерлердің өмір сүру сапасы зейнеткерлердің қаржылық жағдайы, денсаулығы, медициналық көмекке қол жетімділігі, әлеуметтік желі және басқа аспектілер сияқты бірқатар факторларға байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін.

АҚШ-та зейнеткерлерге сапалы және тәуелсіз өмір сүруге көмектесетін бірқатар бағдарламалар мен бастамалар бар. Олардың кейбіреулерін қарастырамыз:

Әлеуметтік қамсыздандыру саласы бойынша (Social Security): әлеуметтік сақтандыру бағдарламасы бар, ол зейнеткерлерге негізгі қажеттіліктерді қамтамасыз етуге көмектесетін ай сайынғы жәрдемақыларды ұсынады.

Medicare медициналық сақтандыру: бұл бағдарлама зейнеткерлерге медициналық қызметтерге қол жетімділікті қамтамасыз етеді. Medicare дәрігерге бару, ауруханаға жатқызу, дәрі-дәрмек және басқа да медициналық қызметтерге кететін шығындардың көп бөлігін жабады.

Тұрғын үйді қолдау бағдарламалары: қарт адамдарға тұрғын үй ақысын төлеуге және коммуналдық шығындарды азайтуға көмектесетін қолдау бағдарламалары бар.

Тамақтануға көмек: Meals on Wheels сияқты егде жастағы адамдарға арналған тамақтану бағдарламалары дайын тағамдарды немесе үйде тамақ дайындауға арналған азық-түлік жиынтықтарын ұсынады.

Көлік қызметтері: кейбір аудандарда егде жастағы адамдарға медициналық мекемелерге, дүкендерге және басқа жерлерге баруға мүмкіндік беретін арнайы көлік қызметтері бар.

Әлеуметтік бағдарламалар мен іс-шаралар: әртүрлі қоғамдық және жеке ұйымдар егде жастағы адамдарға арналған әртүрлі іс-шаралар мен бағдарламаларды, соның ішінде фитнес сабақтарын, вэдени іс-шараларды, оқу курстарын және әлеуметтік белсенділік пен өзара әрекеттесуге ықпал ететін басқа да іс-шараларды өткізеді.

Күтім бойынша көмек: арнайы бағдарламалар егде жастағы адамдарға күнделікті жұмыстарда, өзін-өзі күтуде және үй шаруашылығында көмек көрсетеді.

Білім беру және ақпараттық ресурстар: әр түрлі білім беру бағдарламалары мен ресурстары салауатты өмір салты, қаржылық жоспарлау, қарт азаматтардың құқықтары және басқа да маңызды мәселелер туралы ақпарат береді.

Осы және басқа бағдарламалар мен бастамалар АҚШ-тағы егде жастағы адамдарға белсенді және сапалы өмір салтын ұстануға көмектеседі, бұл оларға өмірдің әртүрлі салаларында негізгі қызметтер мен қолдауға қол жеткізуге мүмкіндік береді. [2]

Канадада зейнеткерлердің сапалы өмір сүруіне арналған бағдарламалардың ерекшелігіне тоқталар болсақ, зейнетақымен қамсыздандыру, медициналық сақтандырудан бөлек «Кәрілік және мүгедектік (Old Age Security and Disability)» атауымен бағдарлама бар, ол бойынша белгілі бір жасқа толған немесе мүгедектікке байланысты шектеулері бар қарт адамдарға қаржылық қолдау көрсетеді.

Канададағы тұрғын үй бойынша зейнеткерлерді қолдау бағдарламалары әртүрлі провинциялардағы қарттарды қолдауды ұсынады, соның ішінде тұрғын үй субсидиялары, қоғамдық тұрғын үй және үйде қызмет көрсету бағдарламаларын құрайды. Сондай-ақ, ол елде білім беру және ақпараттық ресурстарға аса мән беріледі. Олардың әлеуметтік бағдарламаларында білім беру бағдарламалары мен ресурстары салауатты өмір салты, қаржылық жоспарлау, қарт азаматтардың құқықтары және басқа да маңызды мәселелер туралы ақпарат беруге көп акцент жасайды [3].

Жапонияда зейнеткерлерге сапалы және тәуелсіз өмір сүруге көмектесетін бірқатар бағдарламалар мен бастамалар бар. Жапония тез қартаюмен бетпе-бет келеді және үкімет егде жастағы азаматтарды қолдау үшін әртүрлі шаралар қабылдауда. Мысалы, Жапония өзінің ұзақ өмір сүруімен танымал және егде жастағы адамдарға күтім жасау мәдениеті жапон қоғамының маңызды бөлігі болып табылады. Ұзақ мерзімді күтімнің әртүрлі бағдарламалары бар, соның ішінде үй қызметтері және стационарлық күтім мекемелері. Жапония әртүрлі зейнетақы бағдарламаларын ұсынады, соның ішінде мемлекеттік және еңбек өтіліне негізделген зейнетақылар. Бұл егде жастағы адамдарға

қаржылық қолдау көрсетеді. Жапондық Денсаулық сақтау жүйесі сапалы медициналық қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Ұлттық денсаулық сақтау бағдарламасы барлық азаматтарға, соның ішінде қарттарға медициналық көмек шығындарының көп бөлігін жабуды қамтамасыз етеді.

Жапония егде жастағы адамдарды қолдау үшін технологиялық инновацияларды белсенді түрде дамытады және енгізеді. Бұған күтім жасау үшін көмекші Роботтар, ақылды үй құрылғылары және денсаулық пен әл-ауқатты сақтау технологиялары кіреді. Сонымен қатар, онда егде жастағы адамдарға әлеуметтік қолдау көрсететін әртүрлі ұйымдар мен топтар бар, соның ішінде әлеуметтік кездесулер, іс-шаралар және қарым-қатынас мүмкіндіктері кең тәжірибеленеді. Бұл мемлекетте зейнеткерлерге қозғалысын жеңілдететін және олардың әртүрлі орындар мен қызметтерге қол жетімділігін қамтамасыз ететін дамыған қоғамдық көлік жүйесі мен инфрақұрылымы бар. Осы бағдарламалар мен бастамалар Жапониядағы егде жастағы адамдарға белсенді, сапалы және лайықты өмір салтын ұстануға көмектеседі, оларға өмірдің әртүрлі салаларында әртүрлі қолдау мен қызметтерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зейнеткерлердің сапалы өмір сүруіне арналған ең жақсы әлеуметтік бағдарламалардың қай елде ұсынылатынын бағалау әртүрлі факторларға, соның ішінде медициналық көмектің, әлеуметтік қамсыздандырудың, тұрғын үй бағдарламаларының, көлік қызметтерінің қолжетімділігі мен сапасына, сондай-ақ әлеуметтік белсенділік пен қоғамдық өмірге қатысу мүмкіндіктеріне байланысты болуы мүмкін.

Дамыған әлеуметтік қорғау жүйелері мен зейнеткерлерге арналған бағдарламалары үшін кеңінен танылған кейбір елдерге Норвегия, Швеция, Дания, Нидерланды, Канада жатады [5].

Норвегияда қарт адамдарға арналған әлеуметтік бағдарламалар мен қызметтердің кең ауқымы бар, соның ішінде сапалы медициналық көмекке қол жеткізу, зейнетақы бағдарламалары, қоғамдық тұрғын үй және әлеуметтік белсенділікке арналған әртүрлі іс-шаралар.

Швеция сонымен қатар егде жастағы адамдарға кең әлеуметтік бағдарламалар мен қызметтерді ұсынады, соның ішінде жалпы медициналық сақтандыру, кең тұрғын үй мүмкіндіктері, жоғары зейнетақылар және белсенді қартаю бағдарламалары.

Дания егде жастағы адамдарға қызмет көрсетудің қолжетімділігі мен сапасын, сондай-ақ өзін-өзі қамтамасыз етуге қолдау көрсететін әлеуметтік қамсыздандыру және денсаулық сақтау жүйелерімен танымал.

Нидерландыда қарттарға арналған әртүрлі бағдарламалар бар, соның ішінде ұзақ мерзімді күтім жүйесі, әлеуметтік зейнетақы және медициналық қызметтерге кең қол жетімділік.

Канада қарттарға арналған әлеуметтік бағдарламаларды, соның ішінде зейнетақы жоспарларын, медициналық сақтандыруды, тұрғын үйді қолдау бағдарламаларын және әлеуметтік белсенділікке арналған түрлі іс-шараларды ұсынады. Алайда, егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасы қол жетімді бағдарламалар мен қызметтерге ғана емес, сонымен қатар дамудың жалпы экономикалық деңгейіне, мәдени ерекшеліктеріне, денсаулық сақтаудың қолжетімділігіне, инфрақұрылымға және т.б. көптеген факторларға байланысты екенін ескеру маңызды [6].

Шетелде белсенді түрде жүзеге асырылатын белсенді қартаю бағдарламалары зейнеткерлердің адамдардың өмір сапасына айтарлықтай әсер етеді. Белсенді қартаю бағдарламалары көбінесе фитнес, гимнастика, йога және би сияқты әртүрлі физикалық әрекеттерді қамтиды. Бұл әрекеттер физикалық белсенділікті сақтауға, фитнесі жақсартуға, икемділік пен үйлестіруге ықпал етеді, бұл өз кезегінде денсаулықты жақсартады және аурудың даму қаупін азайтады. Сондай-ақ, әртүрлі бағдарламалық іс-шараларға және әлеуметтік іс-шараларға қатысу психологиялық әл-ауқаттың сақталуына ықпал етеді. Әлеуметтік қарым-қатынас, қоғамдық өмірге қатысу және жаңа іс-шаралар әлеуметтік оқшауланудың алдын алуға және көңіл-күйді жақсартуға көмектеседі.

Көптеген белсенді қартаю бағдарламалары дәрістер, курстар, семинарлар мен шеберлік сабақтарын қоса алғанда, білім беру іс-шараларын қамтиды. Мұндай іс-шараларға қатысу интеллектуалды дамуға ықпал етеді, когнитивті функцияларды қолдайды және есте сақтау қабілетін жақсартады. Белсенді қартаю бағдарламалары әртүрлі әлеуметтік іс-шаралар мен кездесулерге қатысуға мүмкіндік береді. Бұл зейнеткерлерге жаңа достар табуға, әлеуметтік желіні кеңейтуге, тәжірибе алмасуға және қиын жағдайларда қолдау алуға көмектеседі. Сондай-ақ, әртүрлі іс-шаралар мен бағдарламаларға қатысу қарт адамдарға қоғамның белсенді мүшелері болып қалуға, пайдалы және мағыналы сезінуге мүмкіндік береді. Бұл өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі анықтау сезімін сақтауға көмектеседі.

Жалпы белсенді қартаю бағдарламаларына қатысу зейнеткерлердің өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді, оларға тәуелсіздік, денсаулық және өмірден қанағат алуға көмектеседі. Осылайша, белсенді қартаю бағдарламалары егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасын сақтауда, олардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатына ықпал етуде маңызды рөл атқарады.

Шетелдік тәжірибеде зейнеткерлердің өмірінің сапасын жақсартуда түрлі белсенді қартаю технологиялары қолданылады. Бұл технологиялар зейнеткерлердің өмір сүру сапасын жақсартуға, денсаулықты сақтауға және егде жастағы адамдардың тәуелсіздігін жақсартуға бағытталған инновациялық шешімдердің кең ауқымын қамтиды. Мысалы, біріншіден, әлемде кең қолданыстағы технологиялардың қатарында ақылды үйлер мен ақылды құрылғылар технологиясы, бұған дауыстық командалар немесе мобильді қосымша арқылы жарықтандыруды, жылытуды, ауаны баптауды және басқа құрылғыларды басқаруға мүмкіндік беретін үйді автоматтандыру жүйелері кіреді. Ақылды құрылғыларға денсаулықты бақылау жүйелері, ақылды сағаттар және егде жастағы адамдардың белсенділігі мен денсаулығын бақылайтын сенсорлар кіруі мүмкін. Екінші технология – ол медициналық технологиялар және телемедицина. Ол зейнеткерлерге арналған Денсаулық сақтау технологиялары электронды қысым мониторлары, глюкометрлер, жүрек соғу жиілігін өлшейтін құрылғылар және т.б. сияқты әртүрлі медициналық құрылғыларды қамтиды. Телемедицина сонымен қатар интернет арқылы қашықтан медициналық көмек алуға мүмкіндік береді.

Үшінші технологияның қатарында, робототехника және көмек құрылғылары бар. Ол егде жастағы адамдарға арналған робототехника әртүрлі тапсырмаларды орындай алатын робот көмекшілерін қамтиды, мысалы, қозғалуға көмектесу, үйді тазалау, тамақ дайындау және т.б. бұл құрылғылар егде жастағы адамдарға тәуелсіздікті сақтауға көмектеседі.

Төртінші, мобильді қосымшалар мен бағдарламалық жасақтамалар. Қазір шетелдерде зейнеткерлердің өмірлерінің әртүрлі аспектілерінде қолдауға арналған көптеген мобильді қосымшалар мен бағдарламалық жасақтама бар. Бұған жаттығулар, медитация, денсаулықты бақылау, дәрі-дәрмектерді басқару және т.б. қосымшалар кіреді.

Бесінші, виртуалды және кеңейтілген шындық: виртуалды және кеңейтілген шындық технологияларын егде жастағы адамдарды оқыту, көңіл көтеру және әлеуметтік белсенділік үшін пайдалануға болады. Олар сондай-ақ когнитивті функцияларды қалпына келтіруге және сақтауға көмектеседі.

Алтыншы, қауіпсіздік технологиялары, бұл егде жастағы адамдарға қауіпсіздікті сақтауға және қажет болған жағдайда көмек алуға көмектесетін қауіпсіздікті бақылау жүйелерін, апаттық қоңырауларды және дабыл жүйелерін қамтиды [7].

Осы және басқа да белсенді қартаю технологиялары егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуда маңызды рөл атқарады, оларға үлкен тәуелсіздік, қауіпсіздік және жайлылық береді.

Қорытындылай келе, шетелдік тәжірибеден Қазақстанда зейнеткерлердің өмір сүру сапасын жақсарту жолдарын іздеп, оған кешенді тәсілдің және түрлі мәселелерді шешуді

талап ететін дұрыс жүйенің қажеттігін көруге болады. Бұны жүйелеп көрер болсақ, келесідей қадамдар жасалыну керек деген ұсынысты айтуға болады.

Біріншіден, ол зейнетақының көлемін көтеру, яғни зейнеткерлерге тамақтану, баспана және денсаулық сақтау сияқты негізгі қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін әділ және жеткілікті зейнетақымен қамтамасыз ету.

Екіншіден, денсаулық сақтау жүйесін дамыту, әсіресе емханалар желісін кеңейтуді, қолжетімді бағамен дәрі-дәрмектерге қолжетімділікті қамтамасыз етуді және аурулардың алдын алу бағдарламаларын дамытуды қоса алғанда, егде жастағы адамдар үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын жақсарту.

Үшіншіден, әлеуметтік қолдау бағдарламаларын арттыру, мысалы қарттарға арналған әлеуметтік қолдау бағдарламаларын дамыту, соның ішінде тұрғын үймен, күнделікті қажеттіліктермен, көлікпен және басқа да әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету.

Төртіншіден, белсенді қартаю бағдарламаларын дамыту, оның ішінде фитнес-клубтарды, мәдени іс-шараларды, оқу курстарын және басқа да іс-шараларды қоса алғанда, егде жастағы адамдардың белсенді өмір салтын ынталандыруға бағытталған бағдарламалар мен бастамаларды құру және қолдау.

Бесіншіден, әлеуметтік оқшаулануға қарсы күрес жүргізу, ол қарттардың әлеуметтік өзара әрекеттесуі үшін мүмкіндіктер жасауға бағытталған бағдарламалар мен іс-шараларды дамыту, соның ішінде олар араласатын және қоғамдық өмірге қатыса алатын клубтар мен ұйымдар.

Алтыншыдан, ұзақ мерзімді күтімді қолдау керек, яғни, қарттар үйін, күндізгі күтім орталықтарын және үйде күтім көрсету қызметтерін құруды қоса алғанда, қарттарға ұзақ мерзімді күтім жүйесін дамыту.

Жетіншіден, қарттардың туыстары мен қамқоршыларына білім беру және қолдау керек. Оларға қамқорлық жасайтын өарт адамдардың отбасылары мен туыстарына жақсы күтім жасау және қолдау көрсету үшін білім беру бағдарламалары мен қолдау көрсету.

Сегізіншіден, сыбайлас жемқорлыққа және заңсыз байытуға қарсы күрес жүргізу, яғни әлеуметтік қорғау жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді шаралар, зейнеткерлерге арналған қаражаттың сыбайлас жемқорлықтан айырылып қалмай, оларға жетуін қамтамасыз ету.

Бұл шараларды іске асыру Қазақстанда зейнеткерлердің лайықты өмір сүру жағдайларын, медициналық қызметтерге қолжетімділікті, әлеуметтік қолдау мен белсенді өмірді қамтамасыз ете отырып, олардың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етуі мүмкін деген болжам жасаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Bowling, A., & Gabriel, Z. An integrational model of quality of life in older age: A comparison of analytic and lay models of quality of life. *Social Indicators Research*, 2007, 83(2), 201-224.
2. Walker, A., & Maltby, T. . Active ageing: A strategic policy solution to demographic ageing in the European Union. *International Journal of Social Welfare*, 2012, 21(S1), S117-S130.
3. World Health Organization. World report on ageing and health. World Health Organization. 2015.
4. Bowling, A. Ageing well: Quality of life in old age. McGraw-Hill Education (UK). 2005
5. Baltes, P. B., & Smith, J. New frontiers in the future of aging: From successful aging of the young old to the dilemmas of the fourth age. *Gerontology*, 2003, 49(2), 123-135.
6. Martinson, M., & Berridge, C. Successful aging and its discontents: A systematic review of the social gerontology literature. *The Gerontologist*, 2015, 55(1), 58-69.

7. Van Solinge, H., & Henkens, K. Living longer, working longer? The impact of subjective life expectancy on retirement intentions and behaviour. *European Journal of Public Health*, 2014, 24(6), 1013-1019.
8. Pavot, W., & Diener, E. The satisfaction with life scale and the emerging construct of life satisfaction. *The Journal of Positive Psychology*, 2008, 3(2), 137-152.
9. Gitlin, L. N. Conducting research on home environments: Lessons learned and new directions. *The Gerontologist*, 2003, 43(5), 628-637.

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ПОДБОРА И МЕТОДЫ ПОДДЕРЖАНИЯ РАБОТОСПОСОБНОСТИ ПЕРСОНАЛА

Специальность: Социология труда и управления HR, 2 курс **Исенов Т.М.**

Научный руководитель: Старший преподаватель, Кенжакимова Г.А.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби

Аннотация: В данной статье представлен обзор технологий подбора персонала и описываются методы поддержания работоспособности персонала.

Ключевые слова: подбор персонала, рекрутинг, управление персоналом, организация, кадровая политика, кадровая политика

Правильный подбор персонала играет важную роль в достижении целей организаций. Для того, чтобы организация была успешной, необходимо обратить внимание на качество сотрудников, которые работают в организации. Коллектив, который состоит из единомышленников поможет достичь успеха быстрее. Фундаментом стабильности является отбор квалифицированного персонала.

Именно на профессиональности сотрудников лежит эффективность деятельности организации и каждый успешный руководитель осознает, что подбор персонала – основная задача, а сотрудники играют значимую роль в команде.

Для того, чтобы решать задачи подбора персонала необходимо применять современные технологии. Технологии подбора персонала – это способ управления количественными и качественными характеристиками персонала, которые помогают в достижении целей организации. Применять технологии подбора персонала необходимо для того, чтобы вовремя оценить квалификацию кандидата, работать с кадровым перемещением, где его способности будут наиболее актуальны, а также увеличить заинтересованность в качестве и количестве труда. Технологии подбора персонала можно поделить на три группы:

1) Первая группа – это технологии, которые помогают получить достоверную и полную информацию о кандидатах. Это может быть техническое задание, собеседование, наблюдение или подтверждающие документы о знаниях

2) Вторая группа технологий больше связана с планированием кадрового резерва, если это необходимо организации. В этой группе идет больше акцент на перспективы дальнейшего развития сотрудника

3) В третьей группе объединены административные действия и кадровые технологии, обеспечивающие нужность способностей персонала благодаря получению высочайших результатов каждым профессионалом и синергетическому результату от

скоординированных операций всего персонала (подбор персонала, замена кадров, руководство карьерой персонала).

Благодаря процессу подбора персонала мы имеем возможность изучить психологические и профессиональные качества кандидата. Цель изучения психологических и профессиональных качеств – это определение способности выполнения обязанностей на той или иной должности.

Существует несколько этапов отбора персонала:

1) Предварительная беседа: данная беседа может проходить, как и в очной форме, так и онлайн. Важную роль на этом этапе играет комфортные условия его проведения. Необходимо подобрать подходящее время и место для его проведения.

2) Вторым этапом является анкета. На это этапе отсеиваются кандидаты, так как здесь запрашивается информация по профессиональным навыкам и причинам увольнения с прошлых мест работы, а также будущие цели кандидата.

3) Третий этап беседа с нанимающим менеджером. Она может проходить в разных форматах в зависимости от ценностей и корпоративной культуры организации. Это может быть структурированное или полуструктурированное интервью. Получение информации происходит по формату вопрос-ответ. Интервьюеры должны наблюдать за поведением кандидата и его речью, а вопросы должны касаться тех моментов, которые являются важным критерием для отбора.

4) Следующий этап — это техническое задание по найму. Данный этап облегчает принятие решение. Он необходим для того, чтобы подтвердить технические навыки будущего сотрудника. Этот этап рассчитан на оценку знаний прямо сейчас, ведь на других этапах обсуждение идет только о знаниях в прошлом [1].

Подбором персонала в организациях, как правило занимается отдел кадров (HR отдел), а заказчиком является нанимающий менеджер из другого подразделения и , конечно он будет доказывать важность именно его вакансии для всего коллектива и как это плохо скажется в целом на работу всей организации. Но у HR отделов не всегда хватает ресурсов для того, чтобы закрыть вакансию всем отделам. Поэтому менеджеру по подбору персонала важно правильно расставлять приоритеты при наборе персонала. Лучшим случаем будет сказать нанимающему менеджеру, что приоритет сейчас на вакансии, которая важнее, чем его. Конечно, нельзя оставлять задачу невыполненной не предупредив тех, кто ждет от вас результата. Если рекрутер затрудняется в расставлении приоритетов, необходимо сделать собрание из нанимающих менеджеров, где будет обсуждена очередность закрытия вакансий. Продолжительность подобных собраний недолгое, а его участники уходят с полным пониманием дальнейших действий [2].

У каждой организации есть своя кадровая политика. Кадровая политика- это определенным образом сформулированные нормы и принципы, приводящих человеческий ресурс в соответствие со стратегией организации. Это можем в себя включать отбор персонала, составление графика, определенные принципы принятия решений и т.п.

Работоспособность — это параметр, который описывает уровень ресурсов, который может выполнить сотрудник. Есть несколько методов поддержания работоспособности персонала:

1) Первым методом является повышение производительности и нормирование труда. Производительность труда – это метрика того на сколько сотрудник эффективно выполняет свою работы. Для компаний производительность труда играет важную роль, потому что это помогает снизить затраты на и увеличить выручку.

2) Следующим методом является оценка труда. Она позволяет узнать насколько сотрудники эффективно выполняют поставленные задачи. Благодаря оценки труда, работодатель может понять, какой сотрудник готов к повышению, а какой нет,

уменьшить расходы на обучение, у сотрудников поддерживается чувство справедливости и мотивации. Для того, чтобы оценка труда была эффективна, необходимо: установить периодичность оценивания труда, определить критерии оценки, обсуждать результаты с сотрудниками и ставить цели.

3) Формирование кадрового резерва. Кадровый резерв – это специалисты, которые имеют способность к управленческой деятельности. Работа с кадровым резервом – это технология, которая является комплексной.

Для того, чтобы поднять патриотическое восприятие организации, важно продвигать уже работающий персонал [3].

В целом для поддержания работоспособности персонала необходимо создавать условия, которые способствуют развитию сотрудников. А также важно поднимать удовлетворенность сотрудников. Это можно сделать посредством гибкого графика, медицинские страхования, а также продвижения культуры признания. Существуют исследования удовлетворенности сотрудников, где можно поработать над моментами, где больше всего недовольств.

Процесс набора персонала благодаря современным технологиям становится проще и качественнее, а внимание к удовлетворенности сотрудников и к их трудоспособности увеличивает эффективность их работы.

Список использованной литературы:

1. Аверченко Л.К. Управление персоналом в организации. Учебное пособие для студентов всех форм обучения, 2015 с. 92-126
2. Тим Сакетт, Инструменты сильного рекрутинга, с. 93-110
3. Шевчук Д.А. Управление персоналом, с. 278-345

THE INFLUENCE OF GENDER AND FAMILY STRUCTURE ON INTERGENERATIONAL EDUCATIONAL MOBILITY AMONG INTERNAL MIGRANTS

A.A. Januzakova

*al-Farabi Kazakh National University
Faculty of Philosophy and Political Science
Department of Sociology and Social Work*

Abstract

An essential aspect of intergenerational educational mobility among internal migrants concerns the changes in educational status and accessibility across generations of migrants and their offspring. Examining this phenomenon provides insights into how educational opportunities are transmitted among successive generations of internal migrants and helps identify factors that either hinder or promote their educational mobility. Gender plays a significant role in this context, affecting access to education, opportunities, and outcomes within families. Gender dynamics within households can profoundly influence the distribution of educational resources, expectations, and roles, thereby shaping the educational paths of children. Traditional gender norms may allocate educational priorities differently between sons and daughters, impacting their access to schooling and the quality of education they receive.

Research utilized regression analysis to delve deeper into the factors influencing intergenerational educational mobility among internal migrants. Through regression analysis, the study aimed to quantify the impact of various variables, including gender dynamics, on educational mobility patterns observed within migrant families. Complete families tend to

facilitate higher educational achievements for children, with the "mother-daughter" line exhibiting a stronger inclination towards higher education in incomplete families.

Keywords: intergenerational educational mobility, internal migrants, educational opportunities, gender dynamics

Introduction

The educational reforms implemented in Kazakhstan since 1991 have not only widened the availability of educational services to the populace but also decreased social disparities in accessing such services. These transformations have impacted the migration dynamics and patterns within the country, as well as the level and vigor of intergenerational mobility within society. Enhanced educational access serves as a catalyst for internal migration, with individuals possessing vocational and higher education being more inclined to relocate to urban centers and regions offering better educational and career prospects [1, c.333] This, in turn, can foster upward intergenerational mobility, as internal migrants with vocational and higher education stand a greater chance of socio-economic advancement and the transfer of educational benefits [2, c. 133]. Hence, education emerges as a pivotal determinant shaping the pace and scale of intergenerational social mobility among internal migrants.

An integral aspect of this phenomenon pertains to the intergenerational educational mobility among internal migrants, denoting alterations in educational status and accessibility across generations of migrants and their children. Investigating this phenomenon not only offers insights into the transmission of educational opportunities among successive generations of internal migrants but also aids in discerning factors that either impede or facilitate their educational mobility [3, p.760]. The gender of both parents and children emerges as a significant determinant in this context. The consideration of gender in intergenerational educational mobility among internal migrants is crucial due to its profound influence on educational access, opportunities, and outcomes within families. Gender dynamics within households can significantly shape the distribution of educational resources, expectations, and roles, thereby impacting the educational trajectories of children [4, p.16]. For instance, traditional gender roles may allocate educational priorities differently between sons and daughters, affecting their access to schooling and the type of education they receive. Additionally, societal norms and biases related to gender can influence parental investment in children's education, with potential disparities in support and encouragement based on gender. Furthermore, gender-based discrimination and stereotypes can affect educational aspirations and choices, leading to variations in educational attainment among internal migrant populations. Madhavan and Iddrisu both highlight the impact of household structure and composition on educational progress, with the latter finding a pro-male bias in post-secondary schooling [5, p. 1907; 6, p. 19]. This bias is further supported by Filmer, who identifies a significant educational disadvantage for women in certain regions and the influence of gender roles is evident despite egalitarian attitudes, traditional assumptions persist [7, p.15]. Davis and Feliciano emphasize the role of gender ideologies in shaping educational expectations and outcomes, with the former finding a positive relationship between egalitarian views and college aspirations [8, p. 253; 9, p. 1093] Therefore, examining the role of gender in intergenerational educational mobility helps elucidate the complex interplay of social, cultural, and structural factors that shape educational opportunities and outcomes within migrant families. This holds relevance for crafting efficacious policies and initiatives aimed at mitigating disparities and fostering more equitable conditions for the educational advancement of internal migrants and their progeny. The objective of this research is to delineate patterns and examine the dynamics of intergenerational mobility among internal migrants who have settled in Almaty.

The investigation into the intergenerational educational mobility of internal migrants is warranted to elucidate the specific avenues for socio-economic advancement afforded to this demographic. Analyzing such mobility enables an evaluation of the accessibility and equity of opportunities for internal migrants while shedding light on its broader societal implications.

Furthermore, it offers insights into the dynamics and patterns of educational mobility among internal migrants, facilitates an assessment of the effectiveness of integration policies and initiatives in facilitating the socio-economic adaptation of diverse segments of internal migrants, and identifies potential barriers and determinants constraining their socio-economic mobility. Drawing upon the findings of such research, recommendations and tactics can be formulated to mitigate disparities and establish fairer circumstances for internal migrants, thereby fostering their assimilation and advancement within their new societal milieu. Consequently, this study not only holds significance in evaluating the impartiality and availability of opportunities for this demographic but also constitutes a crucial component in crafting impactful policies and societal initiatives aimed at fostering integration and fostering sustainable societal progress as a whole.

Methods and methodology

Quantitative data collection was executed via questionnaires across eight administrative districts in Almaty. Employing a proxy respondent methodology, participants provided insights not only on behalf of their current households but also their parental households during their formative years. The sampling strategy utilized area quota sampling, factoring in gender and age criteria of internal migrants. A total of 317 respondents, comprising 179 women and 138 men, were included in the study. The average age of respondents stood at 40 years (ranging from 21 to 64 years), with an average residency period in Almaty of 18 years (ranging from 1 to 42 years). Notably, 8% of respondents relocated to Almaty between 1981 and 1990.

Specialized software, as well as adapted Python programming and MS Excel spreadsheets, were utilized for statistical analysis and the graphical representation of results. Given that the parental and contemporary generations received education within different educational systems, a hierarchical classification of education levels was established. This classification is based on the number of years of education completed according to the following table 1.


Table 1. Classification of education levels.

Questionnaire	Level of education		Number of years
	Questionnaire	Census	
		primary education	4
incomplete secondary education		basic secondary education	8
general secondary education		general secondary education	10
secondary technical and vocational education		specialized secondary education	11
incomplete higher (at least 3 courses) education		incomplete higher education	13
higher education		higher education education	15
postgraduate education		postgraduate education	19

Results and Discussion

According to study findings, the proportion of individuals with higher education in the present generation stands at 78%, compared to 50% in the preceding generation. Among women in the preceding generation, 56% attained higher education, while for men, this figure was 42%. This discrepancy is notably larger than the corresponding proportions in the current generation, where 80% of women and 76% of men have higher education (Fig.1).

Figure 1. The distribution based on the highest educational attainment reached by parents and the current generation.



Source: author's research data

In the classification system, the primary breadwinner (Father or Mother) and the secondary breadwinner (Father or Mother) were categorized within complete families, whereas only the primary breadwinner was identified in incomplete family units. Such categorization allows for a comprehensive examination of social dynamics, including how the educational attainment of each parent correlates with that of their sons or daughters in families with both parents or with only one parent, as well as how the gender of the primary breadwinner influences these dynamics. Following this, the correlation between parental educational levels and those of their children will be investigated, alongside the results of regression analysis assuming a complete family framework. Both parental educational levels are regarded as variables in this examination (Table 2).

Table 2. Regression analysis of intergenerational educational mobility (complete families).

	Irrespective of the child's gender (N=262)		Son (N=118)		Daughter (N=144)	
	<i>coeff</i>	<i>P> t </i>	<i>coeff</i>	<i>P> t </i>	<i>coeff</i>	<i>P> t </i>
const	8.8880	0.000	8.89 15	0.0 00	8.704 3	0.000
Educational level of father, in years	0.2208	0.005	0.26 53	0.0 18	0.177 1	0.109
Educational level of mother, in years	0.2240	0.002	0.15 32	0.1 31	0.305 0	0.002

Source: author's research data

The results of the regression analysis, excluding consideration of the child's gender, reveal that both parents' educational levels exert an equally significant influence on their children's educational attainment. However, upon introducing the child's gender into the analysis, discrepancies emerge. Specifically, when assessing the impact of parental education on sons' educational attainment, the regression coefficient for the father-son relationship surpasses that of the mother-son relationship, with notable significance indicators. Conversely, in examining the influence of parental education on daughters' educational attainment, the "mother-daughter" relationship exhibits a higher regression coefficient with greater significance compared to the "mother-son" relationship.

Advancing, the examination will delve into the relationship between the educational attainment of the primary breadwinner within the family (identified as either the father or mother, as reported by the respondent) and the educational achievements of their children,

considering incomplete family arrangements. Among the 309 respondents, 269 were raised in complete families, with the father serving as the primary breadwinner in 236 cases. Additionally, 40 respondents were from single-parent households, where the mother served as the primary breadwinner in 38 instances. Overall, there were 71 families where the mother was the primary breadwinner. Below are the outcomes of a regression analysis examining the relationship between the educational attainment of children and the educational level of the primary breadwinner, with consideration given to single-parent households (Table 3,4).

Table 3. Regression analysis of intergenerational mobility (single-parent families: father)

Educational level of father, in years	Son (N=110)				Daughter (N=128)			
	coeff	P>/t /	corr, value	p-	coef	P>/t /	corr, value	p-
const	9.377	0.00	0.386,	p-	9.802	0.00	0.411,	p-
	4	0			7	0		
father	0.393	0.00	0.000		0.402	0.00	0.000	
	3	0			2	0		

Table 4. Regression analysis of intergenerational mobility (single-parent families: mother)

Educational level of mother, in years	Son (N=25)				Daughter (N=46)			
	coeff	P>/t /	corr, value	p-	coeff	P>/t /	corr, value	p-
const	10.353	0.00	0.356,0.08	p-	7.771	0.00	0.488,0.00	p-
	0	0			3	0		
mother	0.1969	0.27	1		0.463	0.00	0	
		0			2	1		

Source: author's research data

In households where the father serves as the primary provider, regression coefficients and significance levels for both sons and daughters demonstrate notable similarity, suggesting a lack of gender specificity. Conversely, in households where the mother assumes the primary breadwinner role, regression coefficients and significance levels for the "mother-daughter" relationship are considerably higher compared to those for the "mother-son" dynamic. This observation underscores a distinct gender specificity in the transmission of educational status within these family structures.

The intergenerational mobility intensity is calculated using the following formula:

$L = M/N$, where:

L - intergenerational mobility intensity;

M - number of mobile individuals;

N - number of respondents.

This formula is utilized to determine indicators characterizing the primary directions of mobility: *overall, upward, downward, and immobile*.

Table 5 presents the indicators of mobility intensity and its directions for complete families.

Table 5. Intergenerational mobility intensity for complete families

Direction	Father-son	Father-daughter	Mother-son	Mother-daughter
<i>Overall</i>	50%	69%	56%	67%
<i>Upward</i>	44%	65%	45%	57%
<i>Downward</i>	6%	5%	11%	10%

<i>Immobile</i>	50%	31%	44%	33%
-----------------	-----	-----	-----	-----

Table 6 illustrates the intensity and orientations within single-parent households based on the primary caregiver.

Table 6. Intergenerational mobility intensity for single-parent families based on primary parent

Direction	<i>Father</i>		<i>Mother</i>	
	<i>Son</i>	<i>Daughter</i>	<i>Son</i>	<i>Daughter</i>
<i>Overall</i>	48%	68%	52%	50%
<i>Upward</i>	44%	63%	24%	33%
<i>Downward</i>	5%	5%	28%	17%
<i>Immobile</i>	52%	32%	48%	50%

The most pronounced intensity of educational intergenerational mobility is observed within the "father-daughter" and "mother-daughter" lines in complete families. Specifically, in families where the father serves as the main breadwinner, the highest overall intensity of educational intergenerational mobility is noted within the "father-daughter" line, reaching 69%. Notably, the highest intensity of upward educational intergenerational mobility is observed within the "father-daughter" and "mother-daughter" lines in complete families, particularly within the "father-daughter" line when the father is the primary breadwinner. Conversely, in incomplete families where the mother is the primary breadwinner, upward mobility is nearly halved compared to complete families for both sons and daughters. Nonetheless, there is a notable predominance of upward mobility within the "mother-daughter" line, accounting for 33%. Conversely, incomplete families exhibit a notably high rate of downward mobility within the "mother-son" line, reaching 28%. Additionally, the intensity of downward mobility within the "mother-daughter" line is comparatively high compared to complete families, standing at 17%. Despite these observations, the rates of downward mobility are markedly lower compared to other mobility directions, with figures in complete families not exceeding 11% within the "mother-son" and "mother-daughter" lines, and not surpassing 6% within the "father-son" and "father-daughter" lines. Approximately half of sons (up to 52%) inherited their parents' educational status, while among daughters, this proportion amounted to about one third (up to 33%) in complete families. However, the disparity between daughters and sons in incomplete families was negligible (2%), indicating that in such family structures, daughters and sons inherit their mother's educational status in approximately half of the cases.

The analysis reveals that in complete families, the most significant educational intergenerational mobility occurs within the "father-daughter" and "mother-daughter" lines. Specifically, when the father is the primary breadwinner, the highest overall mobility is seen in the "father-daughter" line. Incomplete families, with the mother as the main breadwinner, show a decrease in upward mobility for both sons and daughters. However, the "mother-daughter" line still displays notable upward mobility. Downward mobility is more pronounced in incomplete families, particularly within the "mother-son" line. Despite variations, downward mobility rates remain relatively low compared to other directions [11, p. 241]. In complete families, a higher proportion of sons inherit their parents' educational status compared to daughters. However, this gender difference diminishes in incomplete families. Overall, complete families tend to foster higher educational achievements for children, with the "mother-daughter" line showing a stronger inclination towards higher education in incomplete families [10, p. 126].

Thus, the type of family structure and the gender of the primary breadwinner can significantly influence intergenerational educational mobility, underscoring the importance of considering these factors when analyzing educational trajectories within familial contexts.

Conclusion

The analysis underscores the pivotal role of family context in shaping intergenerational educational mobility. Specifically, complete families, particularly those with the father as the primary breadwinner, exhibit higher levels of educational mobility compared to incomplete families. Children from complete family units tend to attain higher educational statuses more frequently than their counterparts from incomplete families. In single-parent households led by mothers, there is a notable decrease in intergenerational mobility, particularly pronounced among daughters. Additionally, single-parent families witness higher rates of downward mobility along the mother-son lineage, likely influenced by family dynamics and socio-economic conditions affecting children's educational opportunities.

Furthermore, it is noteworthy that as both parental and offspring educational levels increase, there is a corresponding rise in upward mobility and a greater proportion of inheritance of parental educational status. This underscores the crucial role of education in facilitating the intergenerational transmission of educational opportunities.

Consequently, family structure and the gender of the primary breadwinner significantly impact intergenerational educational mobility, necessitating their consideration when examining educational trajectories within familial contexts.

References

1. Gottlieb P. D., & Fogarty, M. (2003). Educational Attainment and Metropolitan Growth // *Economic Development Quarterly*. – 2003. – 17(4). – p. 325–336. doi:10.1177/0891242403257274
2. Borhas G. The Intergenerational Mobility of Immigrants // *Journal of Labor Economics*. – 1993. – 11(1) – p. 113-35.
3. Xing-Yan Du, Zhong-Bin Li. Research on the Intergenerational Flow of Migrant Workers' Education // *WSEAS Transactions on Business and Economics*. – 2020. – 17. – p. 759-768 doi:10.37394/23207.2020.17.74
4. Paolo D. Exploring Educational Mobility in Europe // *EconPapers*. – 2010. – 11. <http://dx.doi.org/10.2139/ssrn.1814925>
5. Madhavan S, Myroniuk T.W., Kuhn R, Collinson M.A. Household structure vs. composition: Understanding gendered effects on educational progress in rural South Africa // *Demogr Res*. – 2017. – 37. – p. 1891-1916. doi:10.4054/DemRes.2017.37.59.
6. Iddrisu A. M., Danquah M., Quartey P., Ohemeng W. Gender bias in households' educational expenditures: Does the stage of schooling matter? // *World Development Perspectives*, Elsevier. – 2018. – 10. – p. 15-23.
7. Filmer D. The Structure of Social Disparities in Education : Gender and Wealth // *Policy Research Working Paper*. – 2000. – 2268.
8. Davis S. N., Lisa D. P. Adolescents' Work-Family Gender Ideologies and Educational Expectations // *Sociological Perspectives*. – 2007. – 50. – p. 249-71. doi.org/10.1525/sop.2007.50.2.249. Accessed 14 Mar. 2024.
9. Feliciano C., Rumbaut R.G. Gendered paths: Educational and occupational expectations and outcomes among adult children of immigrants // *Ethnic and Racial Studies*. – 2005. – 28(6). – p. 1087-1118, doi: 10.1080/01419870500224406
10. Kleinjans K. J. Family background and gender differences in educational expectations // *Economics Letters*. – 2010. – 107(2). – p. 125–127. doi:10.1016/j.econlet.2010.01.002 10.1016/j.econlet.2010.01.002
11. Mensah F. K., Kiernan E.K. Gender differences in educational attainment: influences of the family environment // *British Educational Research Journal*. –2010. –36(2). – p. 239-260. doi: 10.1080/01411920902802198

БАЛАЛЫҚ ШАҚТАҒЫ ТРАВМА: АТА-АНАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Әлеуметтік саясат және басқару, 2 курс **Досмағамет А.Д.**
Ғылыми жетекші: PhD доктор, аға оқытушы Мустафина А.С.
Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Аңдатпа. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты зерттеу баланың жеке басының қалыптасуына әсер ететін факторларды түсіну үшін де, оқу тәжірибесін ұйымдастыру үшін де өте маңызды болып саналады. Бұл мәселенің маңыздылығын психоанализ, бихевиоризм немесе гуманистік психология сияқты көптеген психологиялық теориялардың ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты бала дамуының маңызды көзі ретінде қарастыра отырып, бұл мәселені назардан тыс қалдырмағаны дәлелдейді.

Кілт сөздер: Теория, әлеуметтік қорғау, әлеуметтік жұмыс, заңнама, құқық, заң, жүйе.

Психологиялық травма - қоршаған ортаның қолайсыз факторларының әсерінен адамның психикалық денсаулығына келтірілген зиян. Кей жағдайларда бұл қауіпсіздік сезімін бұзатын, адам психикасына ұзақ уақыт әсер ететін стресске әкеліп соқтыратын өмірдің өткір, қиын сәттері. Травма бұл баланың өміріндегі ең қиын болып көрінетін қауіпті бастан кешіру тәжірибесі болып саналады. Әдетте, балалар тәжірибесіне тән емес, күтпеген жерден болатын сыртқы стресстік оқиғаға байланысты психологиялық травманы бала еңсере алмайды. Травма дегеніміз «толығымен күйзеліске түскен баланың жайкүйін» білдіреді. Психологиялық травма деп баланың бір қатты соққыдан сәтті өтіп, қауіпті жағдайда өзін дәрменсіз әрі үрей ішінде сезінетін және сырттан қорғаныс ала алмайтын жағдайды деп айта аламыз.

Адамдардың 50-60% бір кездері болсын психологиялық травма алған. Осы травмадан кейін посттравматикалық стресс болуының ықтималдығы әйел адамдарда шамамен 20% болса, ер адамдарда екі есе аз болып табылады [1]. Ең жиі посттравматикалық реакция балаларда жыныстық зорлық-зомбылықтан кейін пайда болады. Бір кездері болсын травма алған балалардың 23-30% -ында табиғи түрде сауығу пайда болып, травматикалық жағдайдың белгілері жоғалады. Балада психикалық травманың пайда болуына ықпал ететін факторлар:

- қауіпсіздіктің болмауы - сыртқы (қоршаған орта тарапынан қорғаныс жоқ) және ішкі (басқару ресурстарының тапшылығы, нақты тәжірибенің жеткіліксіздігі);
- баланың қоршаған ортаны дұшпан ретінде немесе оның мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін шектеу ретінде қабылдауы;
- өзін-өзі дәрменсіз сезіну және толық жойылу қорқынышынан үрейлену;
- не болып жатқандығы туралы шындық пен қиялдың арасында жаңылысу.

Психологиялық травма балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың бұзылуына әкеледі. Психологиялық травма деген тек адамдарда ғана бар, өйткені бізде рационалды ойлау арқылы энергия ағымына араласатын және түпсанадағы шектеуші сенімдерді қалыптастыратын ми қыртысы бар. Психологиялық ауру негізінен шығындалмаған травматикалық энергияның ұзақ уақыт жинақталуынан туындайды, сонымен қатар ол физиологиялық аурулардың себебі болып табылады. Психотерапияның маңызды функциясы – түпсаналы сезімдерді тану және оларды сана арқылы қабылдау. Уақыт өте келе олар біріксе ғана, травма емделеді. Ата-аналар мінсіз болу керек деген қағида жоқ, бірақ олар баламен адал болуы керек. Бала туу процесі ата-аналардың өздері алған психологиялық травмасының еске түсуіне түрткі болады. Егер ата-ананың балалық шағы қараңғы жайттарға толы болған болса, онда баланы тәрбиелеу процесі де әртүрлі

қиыншылықтарға толы болады. Ата-аналар қандай жағдай болмасын, өздерінің қажеттіліктерін де ескеріп тұруы керек. Шын мәнінде, ата-аналар өздерінің шынайы сезімдеріне тіке қарауға және мінез-құлқын ұтымды етуге тырыса алмайды. Бала түзетуді қажет ететін кезде емес, жоғарыда сипаттағандай кездерде ата-аналар өздерін жеткілікті түрде танып, жетілулері қажет. Білім берудің мәні іс жүзінде ата-аналардың өзін-өзі жетілдіруі болып табылады. Әрине, балалар, әкесін де, анасын да жақсы көреді және бала ажырасқан отбасын құтқара аламын деп санайды [2]. 0-3 жас аралығындағы психологиялық травма санада емес, денеде көрінеді. Мысалы, бала әлем оның айналасында ғана бар деген түсінікпен жүретін «нарциссизм кезеңінде» дүниеге келеді, ол өзін әлемді бақылай алатын, құдіреті шексіз деп ойлайды, ата-аналар бала үшін қауіпсіздіктің маңызды көзі болып табылатын баланың нарциссизмін қанағаттандырып отырады. 0-3 жас аралығындағы психологиялық травма дене жасушаларында қалып қояды. Егер бала өмірінің басында анасынан уақытылы және қалыпты реакция алмаса, онда ол екі түрлі бағытта дамуы мүмкін: өз дауысын, пікірін білдіруге батылы бармайды және өзін-өзі бағалаудың төмен болуы. Екіншісі – өзі бақылай алмайтын истерияға жиі ұшырау. Бала жылаудан шаршаған кезде немесе шынымен өзі жылағанда, «параноидтық сандырақтау» және «параноидтық бөліну» нейрондық тізбегі дамиды, ал бұл жеке тұлғалық бұзылуға әкеледі [3]. 3-6 жас аралығындағы психологиялық травма есте сақталып қалады, себебі олар сана мен түпсанада көп болғандықтан, оны лингвистикалық талдау арқылы емдеуге болады. Терапияның сәтті болуы үшін бейне жасауға тілді қолдану, яғни бейнелі терапия көмегін тигізеді. Мидың қауіпсіздік жүйесі сандарға қарағанда бейнелер мен сезімдерге ғана жауап береді. Мысалы, жердің жарылу ықтималдығы қаншалықты жоғары болса да, баланың ойындағы жарылыстың көрінісі жетекші рөл атқарады. Басқалар балаға ықтималдылықтың қаншалықты аз екенін айтса да, бұл балаға әсер етпейді, сондықтан баладан көбірек суреттерді қарауды және оларды талдауды сұрау қажет. Мазасыздықты емдеуде логикалық талдау тиімсіз болып саналады. Ата-аналар тек қана балалары үшін емес, одан да маңызды өзін-өзі толық тануға және дамуға мүмкіндік алу үшін тырысу керек. Психологиялық травманың пайда болуын сипаттап кететін болсақ: Біріншісі мінез-құлық үзілуімен сипатталады, адреналин сияқты нейротрансмиттерлер ерекшелене алмайды. Көптеген зерттеулерде көрсетілгендей, ерте балалық шақтағы баланың мінез-құлқы бұзылғандықтан және тәжірибесі арқылы сенсорлық жүйке жүйесін дамыта алмайтындықтан түпсана денеге үстемдік ете алады және содан күш алады. Егер ата-аналар бұл процесті бақылау арқылы немесе әртүрлі препараттар арқылы тоқтатуға тырысса, ол екі нәтижеге әкеліп соқтыруы мүмкін: балаға ендігері сыртқы әлемге қызығушылық танытпайтындай қайтымсыз зиян келтірілуі мүмкін немесе баланың бойында гиперактивтілік ұзақ уақытқа созылады, ал бұл СДВГ синдромының (синдром дефицита внимания и гиперактивности) көзі болып табылады. Ата-аналар негізінен балаларының өзін-өзі бақылауын арттыру үшін әрқашан баланы шектеулермен тоқтатқысы келеді, бірақ ондай балалардың атаана бақылауынсыз дамытатын нәрсесі – нағыз өзін-өзі бақылау болып табылады. Мысалы, ата-аналар балаларының төбелесіп жатқанын көргенде балаларына зиян тиюден қорқады. Шын мәнінде алып қарасақ, балалар арасындағы конфликттер ата-аналарының оған араласуы секілді травмаға әкелмейді. Бірақ ата-ана конфликтке араласқан жағдайда, бала көп мөлшерде сыртқа адреналин шығарады. Жылау және тағы да басқа сезімдердің көрінуі арқылы баланың барлық эмоционалды токсиндері шығарылады. Ал келесі күні бала барлығын ұмытып, достарымен ойнауды жалғастыра береді.

Эмоциялар басылады, шектеулер тым көп болып, травматикалық энергия бірге жинала береді. Психологиялық кеңес беру кезінде «жақсы, керек, дұрыс» сияқты ойлар пайда болған кезде клиентпен байланыс жоғалады. Басқалар жақсы болуы керек деген ой туған кезде, біз енді шындықты көре алмаймыз. Біз көрген барлық нәрсе - бұл өзіміздің проекциямыз және біз көрген барлық нәрсе - бұл өз ойларымыз [4]. Психолог ата-анадан балаңыздың үлкен жетістігің айтып беріңізші дегенде көп ата-аналар «жақсы мінез»

деген. Яғни, көптеген ата-аналар балаларын бастан аяқ проблема ретінде көреді. Уақыт өте келе ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынас мұз сияқты суық болады. Балалар мен атааналар арасындағы қарым-қатынас сыртқа шығарылып, сыртқы тұлғааралық қарым-қатынасқа айналады. Сондықтан да, ата-аналар әрқашан да өз әсеріктерін есеп беріп, өздеріне әрдайым талдау жасай білуі керек.

Ата-аналардың қарым-қатынастарын анықтайтын екі негізгі элементті атап өтуге болады. Біріншіден, бұл ата-аналардың баланың қажеттіліктеріне жауап беру дәрежесі, екіншіден, ата-аналардың балаларға артатын үміті, оларды бақылау немесе баладан бірнәрсе күту. Ата-аналардың тәжірибесі немесе мінез-құлқы баланың белгілі бір жағдайда көрсететін іс-әрекетінде көрінсе, ата-аналардың көзқарасын баланың әртүрлі жағдайларға деген қарымқатынасынан көруге болады. «Ата-аналардың балаларына үнемі және жүйелі түрде көрсететін мінез-құлық үлгілері балада рухани үйлесімділікті қалыптасуы тұрғысынан шешуші рөл атқарады. Ата-аналардың позитивті және қолдаушы қарым-қатынасы баланың дамуына ықпал етеді, ал олардың негативті және шектеулі қарым-қатынасы балада белгілі бір психикалық проблемалардың пайда болуына әкеледі. Ата-аналардың балаларына деген қарым-қатынасы әрдайым адекватты бола бермейді. Ата-аналардың өткен және қазіргі мәселелерінің салдарлары балаларына зиянды қарым-қатынас танытуына әсер етеді. Ата-ананың бұрыс қарым-қатынасы баланың анвилге немесе зорлық-зомбылыққа ұшырауына әкелуі мүмкін. Нәресте анвилінің тұжырымдамасы балаларға немқұрайлылық таныту мен қатыгездікті қамтиды. Балаларға қатысты қатыгездік және немқұрайлылық - бұл баланың физикалық, эмоционалды, жыныстық немесе әлеуметтік әл-ауқатына және дамуына теріс әсер ететін немесе кедергі келтіретін баланың анасы, әкесі немесе асыраушы тұлғаның іс-әрекеттері болып саналады. Осы әрекеттер мен әрекетсіздік таныту нәтижесінде баланың денсаулығы мен қауіпсіздігіне зиян келеді».

Ата-анасының ажырасуын бастан кешірген бала отбасылық параметрлерді және қарым-қатынастарды реттеуде біраз қиыншылықтарға тап болады. Бұндай өмірлік тәжірибе балаларда травманың пайда болуына әкелуі мүмкін. Көбінесе балалар ата-анасының ажырасуының себебін «Егер әкем жаман болса, мен де жаман болған шығармын» немесе «егер анам мені жақсы көрмесе, мен оған лайық болмаған шығармын» деген секілді жағымсыз пікірлерді ойлау арқылы өзінің кесірінен деп есептеуі мүмкін. Сонымен қатар, балалар өздерін ата-аналар арасындағы жанжалдың ортасында сезінуі мүмкін, себебі ерлі-зайыптылар балаларды көбінесе ата-аналық қамқорлықты алу және сот ісін жеңу үшін бір-біріне қарсы «құрал» ретінде қолданады (Саллузо, 2006). Егер ата-аналардың бірі балаларды басқаруға тырысса, балалар өздерінің сүйікті ата-аналарына болысып, екіншісімен, яғни шеттетілген ата-анамен кез-келген қарым-қатынасты себепсіз үзіп тастайды. Мұндай жағдайларда ата-ананы шеттету синдромы орын алады. Ата-анадан шеттету ата-ананың біреуі балалардың екінші ата-анадан бас тартуына әсер ету үшін бірқатар иеліктен шығару әрекеттерін жүзеге асыратын отбасылық динамикадан тұрады. Бұл жағдай балалар үшін өте қауіпті, сондықтан кейбір зерттеушілердің пікірінше ата-анадан бас тарту балаға психологиялық зорлық-зомбылықтың белгілі бір түрі болып табылады. Ата-анадан шеттету тұжырымдамасы келесі элементтермен анықталады: Шеттетілген ата-ананы қаралау; дұшпандық және иррационалды түрде баланы қабылдау; Ол шеттетілген ата-анамен қарым-қатынастың нақты және өзекті негативті тәжірибесіне негізделмеген. Ата-анадан шеттету стратегиясы мыналардан тұрады: басқа ата-ананы теріске шығару, баланың кез-келген қарым-қатынасына араласу, баланың басқа ата-анадан құпияны сақтауды [5].

Бейкер және басқа да зерттеушілер (2016) ата-аналардың шеттетілуі балаларға психологиялық зорлық-зомбылықпен тікелей байланысты екенін анықтады. Балалардың психологиялық әлсіздігінің салдары зиянды болып келеді және жасөспірім мен ересек жаста қылмыс пен зорлық-зомбылық жасау ықтималын арттырады (Мускателло, 2014). Италияндықтардың үлгісіне сүйене отырып, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-

қатынастың сапасын тексергеннен кейін де ата-аналарды шеттету әрекетінің себебі көбінесе психологиялық зорлық-зомбылықтың жоғарылауымен және әл-ауқаттың төмендеуімен байланысты екендігі айтылды (Верроккио & Бейкер, 2015). Көптеген зерттеулерде баланың кішкентай кезінде ата-анасының ажырасуы ересек өмірде ұзақ мерзімді салдарларға әкеліп соғуы мүмкін екені расталды (Фриесен, Джон Хорвуд, Фергуссон & Вудвард, 2017). Сондай-ақ, балалық шақта ата-аналардың ажырасуы ересектер үшін, әсіресе жақын қарымқатынаста жағымсыз салдармен байланысты болатыны туралы көбірек дәлелдер бар (Амато, 2001; Амато, 2004; Фриесен, 2017).

Уоллерштейн еңбегінде (1985) балалық шақта ата-аналардың ажырасуы ретроспективті түрде талданып, жастардан бұл жағымсыз тәжірибенің олардың өміріне қалай әсер еткенін айту сұралды. Көбінесе балалардың жадында сақталып қалған естеліктер отбасының күйреуімен, ата-анаға ренішпен, қайғымен және жоғалту сезімімен байланысты. Олардың ең үлкен қорқыныштарының бірі - бұл тәжірибенің өздерінің өмірінде қайталануы.

Шоу мен Эмери өз зерттеулерінде (1987) ажырасудың ұзақ мерзімді салдарларын, атап айтқанда, отбасылық сот ісін жүргізуге байланысты психологиялық және әлеуметтік мәселелердің қалыптасуын және ұзақ мерзімді қарым-қатынастарды құрудағы шектен тыс алаңдаушылықты атап өтті. Алайда, М.Авердейк, Т.Малти, М.Эйснер және Д.Рибо (2012) атааналардан бөліну мен сыртқы және ішкі мінез-құлықтың басталуы арасындағы байланысты талдады. Барлық жағдайларда ата-аналардың бөлінуі немесе ажырасуы балалардағы проблемалық мінез-құлықтың пайда болуымен тікелей байланысты болды. Атап айтқанда, ата-анасы ажырасқан балалар мектепте, мінез-құлқында, психологиялық және әлеуметтік қатынастарда қиындықтарға өте жиі ұшырайды (Нусиновичи, 2018). Проблемалық мінез-құлықтың тез дамуының деңгейі сыртқы және ерекше темперамент арасындағы байланысқа және баланың бұрынғы темпераментінің жасқаншақтау болған кездегі ішкі проблемаларымен байланысты (Сенце, Ормель, Венстра, Ф.Ферхюльст, & Олдехинкель, 2011). Ересектер мен балалар үшін ажырасудың салдарын талдауда отбасының ыдырауы тіпті мықтымын деген адам үшін де айтарлықтай салдарға әкелетіні көрсетіледі. Ата-ана арасындағы жанжал кейбір бала сипаттамаларының маңызды болжаушысы ретінде қарастырылады. Ата-аналардың бөлінуінің өзі травматикалық оқиға болып саналмайды, бірақ балалардың қарымқатынасында орын алуы мүмкін қиындықтар және олардың эмоционалды және мінез-құлық проблемалары ата-ана жанжалының мәнімен байланысты болуы мүмкін (Камисаска, Мираголи, Ди Бласио & Грич, 2017). Баланың әл-ауқатының тағы бір параметрі - отбасы мүшелерінің бөлінгеннен кейінгі араларында ұйымдастырылған өзара әрекеттесудің түрі мен сапасы (В.Чиголи, Г.Гулотта & Г.Сантти, 1997). Балалардың қамқоршы емес ата-анамен, яғни әкесімен қарым-қатынасы көбінесе анасымен болатын ұзақ сүрелі қарым-қатынасы сияқты маңызды болып табылады (Р.Д.Гесс & А.Камера, 2010).

Атап айтқанда, проективті әдістерге тоқталатын болсақ, мысалы, Грих, Ваксмут-Шлефер және Клоков (2002) ата-ана арасындағы жанжал мен баланың өзін, анасын және бүкіл отбасын санасында бейнелеу арасындағы байланысты зерттеді. Авторлар ата-аналар арасындағы жанжалдың куәгері болған балалардың анасынан қашқақтауын және олардың отбасы туралы әңгімелерінде төмен үйлесімділіктің байқалатынын анықтады. Отбасылық сурет әдістеме ретінде клиницистке балалардың өздерін, атааналарын және «өздерінің психикалық ұйымының дамуының кейбір көрсеткіштерін» түсінуге және қабылдауға мүмкіндік береді. Отбасылық сурет даму психологиясының көрінісімен синхрондалған ата-аналарға деген сүйіспеншілікті баланың санасында бейнелеуін зерттеудің қосымша құралы ретінде қарастырылады. Отбасылық сурет «балалардың өсу процесінде қабылдайтын отбасының бейнесін жобалайды» және «балалардың субъективті өмірлік тәжірибесін және олардың объективті сыртқы әлеммен кездесулерін біріктіретін қиялдар» туралы түсінік береді (Пиперно, Ди Биаси, Леви, 2007; Данн, 2002).

Мэдиган, Лэдд және Голдбергтің (2003) пікірінше, отбасылық сурет техникасын проективті психодиагностикалық әдіс ретінде қолдану мыналарды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: а) субъектілердің өздері туралы және отбасылық құрылымда орналасуы туралы бейнесін; б) отбасының басқа мүшелерімен қарым-қатынас сапасын және тұтастай алғанда тұлғааралық қатынастарды анықтайтын даму процесінде алынатын объектілік қатынастарын; с) азды-көпті өткір, бүкіл отбасылық жүйеге немесе оның кейбір мүшелеріне және оларға қарсы іске қосатын қорғаныс механизмдеріне қатысты болған немесе әлі де болып тұратын жанжалдарды анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, сурет салуды жүзеге асыратын субъектілер іс жүзінде өз отбасыларын даму процесінде құрастырғандай саналы түрде емес, бейсаналық реляциялық модельге сәйкес ұсынады. Осылайша, бұл тест саналы түрде жаттанды болған емес, өзін-өзі тануды, басқалармен қарым-қатынасты, отбасыдағы әр мүшенің нақты атқаратын орны мен рөлін бейсаналық түрде анықтайтын нақты отбасылық өмірге назар аударуға мүмкіндік береді (Ди Лео, 2015).

Прокачча, Веронезе және Кастильони (2014) отбасының құрылымын отбасылық өмірді түсінудің жеке тәсілі ретінде, өмірлік циклдің бір сатысынан екіншісіне ауысқан кезде өзгеретін аффективті динамикаға қатысты дамитын, бекітілмеген, бірақ салыстырмалы түрде тұрақты деп санайды.

Мақалада баланың бойында травма қалыптасуына ата-ананың әсері және ата-аналар мен балалар қарым-қатынасын анықтай отырып, атааналармен осы бағытта жұмыс жасаудың әдістері және жолдары көрсетілді. Мақаланың негізгі объектісі ата-ана болғандықтан, басты назар ата-аналар және олардың балаға қарым-қатынасын анықтауда болды. Бала мен ата-ана қарым-қатынастарының ерекшеліктері және ата-аналардың бала тәрбиесінде жиі ұстанатын принциптері талданып, ата-аналардың бала бойында травма тудыратын мінез-құлықтары ашылып көрсетілді.

Осылайша, балаларда психикалық травманың пайда болуы және баланың тұлға ретінде сау дамуы көп жағдайда ата-ана қарым-қатынасына байланысты екенін түсіне аламыз. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас, оның ішінде өзара сүйіспеншілік және түсіністік таныту баланың тұлға болып қалыптасуында және отбасының ұзақ әрі берік сақталуында да маңызды. Ата-ана – баланы тұлғалық қалыптастырушы және бала өз санасындағы отбасы бейнесін ата-анасына қарап қалыптастырады. Ата-ана табиғатының негізі бала тәрбиесі және оның тұлғалық қалыптасуы үшін жауапкершілік алуында жатыр. Сондықтан да, әр ата-ана баламен сау эмоционалды байланыс орнатуы және балаға қолдау көрсете білуі керек. Ата-ананың травматикалық оқиғаға және зорлық-зомбылыққа реакциясы балада қалпына келу қабілетінің пайда болуы, болмауына да әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Николаева Е., Сафонова А. Детская психическая травма как отзвук социальных потрясений. Издательство: Учитель, 2010. Концептуальное видение развития системы многоуровневой подготовки социальных работников нового поколения
2. Черкасова О.В. Психолого-педагогические подходы к работе с родителями. Вестник Самарского государственного университета, 2014.
3. Карabanова О.А. Психология семейных отношений и основы семейного консультирования (Учебное пособие). М.: Гардарики, 2005.
4. Левин П. А. Пробуждение тигра - исцеление травмы, Природная способность трансформировать экстремальные переживания. М.: АСИ, 2007.
5. Амато Пол Р., Джулиана М. Влияние развода и разногласий в браке на психологическое благополучие подростков. Американский социологический периодический журнал, 2001, № 66. – 900-921 б.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ЕҢБЕК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ФАКТОРЛАРЫ

Еңбек әлеуметтануы мен HR басқару, 1 курс **Ерланқызы Е.**
Ғылыми жетекші: әлеумет.ғ.к., аға оқытушы Мамытқанов Д. К.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Аңдатпа: Бұл мақалада қазіргі замандағы жастардың еңбек құндылықтарының қалыптасуына әсер ететін факторлар қарастырылды. Кәсіби білімі бар мамандарға деген сұраныстың жылдан-жылға артуына байланысты жастардың өз білімдері мен дағдыларын жүзеге асыра алатын қызмет саласын алдын-ала жоспарлауы маңызды. Осы мақсатта, еңбек құндылықтары адам баласына кәсіби салада бағдар ретінде өз мақсатын, принципін және жұмысқа деген көзқарасын анықтауға көмектеседі. Сондықтан да, жастардың еңбек саласындағы құндылықтары қоғамда маңызды рөл ойнайтын және әрдайым өзекті болатын тақырыптардың бірі. Мақаланың мақсаты - қазіргі жастардың еңбек құндылықтарының қалыптасуында негізгі факторларды анықтау және талдау.

Кілт сөздер: Еңбек құндылықтары, жастар, еңбек белсенділігі, жұмыс.

Аннотация: В данной статье рассматриваются факторы, влияющие на формирование трудовых ценностей у современной молодежи. В связи с растущим с каждым годом спросом на специалистов с профессиональным образованием молодым людям важно заранее планировать сферу деятельности, в которой они смогут применить свои знания и навыки. С этой целью трудовые ценности помогают человеку определить свою цель, принцип и отношение к работе как ориентир в профессиональной сфере. Поэтому ценности молодежи в сфере труда одна из тем, которая играет важную роль в обществе и всегда актуальна. Цель статьи - выявление и анализ основных факторов, влияющих на формирование трудовых ценностей у современной молодежи.

Ключевые слова: трудовые ценности, молодежь, трудовая активность, работа.

Abstract: This article examines the factors that influence the formation of labor values among young people today. With the increasing demand for professionals with vocational education each year, it is important for young people to plan in advance the field of activity where they will be able to apply their knowledge and skills. To this end, labor values help a person define his goal, principle and attitude to work as a guideline in the professional field. Therefore, the values of young people in the sphere of work is one of the topics that plays an important role in society and is always relevant. The aim of the article is to identify and analyze the main factors that influence the formation of work values among contemporary youth.

Keywords: work values, labor values, youth, work activity, work.

Әр мемлекеттің негізгі тірегі – саяси-экономикалық жағдайы не инновациялық технологиялары емес, оның білімге құштар белсенді жастары. Яғни, «Жастар – мемлекеттің болашағы» демекші мемлекеттің келешегі жастардың қолында. Жастар өздерінің ата-аналарына қарағанда заманына көбірек ұқсас болады. Сол себепті, өз заманына сай қоғамды өркендетуге және дамытуға бейім жастарды дайындау мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі. Ал, жастардың еңбек құндылықтары кәсіби салада бағдар ретінде өз мақсатын, принципін және жұмысқа деген көзқарасын анықтауға көмектеседі. Еңбек құндылықтары адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық, сондықтан адам үшін қанағаттанарлық және жайлы кәсіби өмір құруда маңызды рөл атқарады. Әсіресе, қазіргі саяси-экономикалық тұрақсыз уақыт жастардан еңбекке деген қарым-қатынасын және көзқарасын нақты білуін талап етеді.

Еңбек – қоғамда халықтың әл-ауқатын көтеруші, адам баласын асыраушы, кәсіби дағдыларды жетілдіруші және біліктілікті арттырушы компонент. Еңбек құндылықтары жұмысқа деген көзқарас пен сенім ретінде, мамандық таңдауына, ынталануына және жалпы әл-ауқатына әсер етуі үшін маңызды. Еңбек құндылықтарының қалыптасуын анықтау қазіргі жастардың еңбек саласындағы өмірлік құндылықтарға қаншалықты мән беретінін бағалауға және болжауға мүмкіндік береді. Сондықтан да, еңбек құндылықтардың қалыптасуына әсер ететін негізгі факторларды қарастырған маңызды.

Еңбек құндылықтарының жалпыға ортақ анықтамасы жоқ, сол себепті әр саладағы зерттеушілер өз анықтамаларын ұсынуда. Магун В. С. еңбек құндылықтарына көбінесе адамдардың еңбек қызметіндегі белгілі бір аспектілері мен компоненттерінің маңыздылығы туралы эмоционалды идеялары мен көзқарастары жатады деп санайды [1]. Д. Супердің айтуы бойынша, еңбек құндылықтары – бұл қызметкер өзінің еңбек қызметін жүзеге асыратын құндылықтар [2]. Д. Элизур еңбек құндылықтары – бұл жеке тұлғаның еңбек қызметі нәтижесінде алатын құндылықтары деп есептейді [3]. Шелдондің пікірінше, еңбек құндылықтар – моральдық-этикалық құндылықтарды қамтитын жұмыс орнының контекстінде қызығушылық тудыратын құндылықтар [4].

Еңбек құндылықтары жастардың мансаптық траекторияларына, жұмысқа қанағаттануына және ересектер әлеміне интеграциялануына үлкен әсер етеді [5]. Шварц және оның әріптестері ұйымдастырған зерттеу қазіргі жағдайда жастардың еңбек құндылықтарының дамуына ықпал ететін негізгі факторларды қарастырды. Зерттеу нәтижесі еңбек құндылықтарды қалыптастыруда жұмыстың мәні мен жеке құндылықтардың маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Өз жұмысының мәнін түсінетін жастар көбінесе қызықты, беделді және табысты жұмысты бағалайды. Ал, өз жұмысының мәнін түсінбейтіндер тұрақты және сенімді жұмысты жиі таңдайды.

Еңбек құндылықтары мен көзқарастарының қалыптасуы ұзақ процесс болып табылады, оның бастапқы кезеңінде отбасындағы тәрбиенің әсерінен жалпы адамзаттық бағдарлар жүйесіндегі негізгі құндылықтар мен еңбек орнын анықтау пайда болады. Еңбекке деген көзқарастың қалыптасуында басым рөл отбасыға тиесілі, себебі жас ұрпаққа ата-ананың еңбекке қарым-қатынасы негізгі модель болып көрінгендіктен осы модельге еліктейді. Мысалы, кәсіби таңдау мен қоғамдағы позицияның негізі ретінде жоғары білім алуға деген көзқарас – ұрпақтан-ұрпаққа берілетін мұрагерлік мақсаты мен құндылығы [6] екенін зерттеу көрсетті. Және де, отбасыдағы ата-аналардың еңбек этика моделі жастардың еңбек әлемін қалай қабылдайтынына әсер етеді [7]. Құндылықтар көбінесе ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады және жастардың еңбек құндылықтарын қалыптастыруға айтарлықтай әсер етеді. Отбасыда өсиеттер, мақал-мәтелдер, еңбекке деген ұстанымдары мен көзқарастары күнделікті өмірде көрінеді. Ата-ана балаларына сөзбен жеткізбесе де іс-әрекеттері арқылы баланың санасына ықпал етеді. «Еңбек еткен — мұратқа жеткен», «Еңбегіне қарай — құрмет, Жасына қарай — ізет» секілді мақал-мәтелдер арқылы еңбек тек табысқа емес өз мақсаты мен құрметке жеткізетінін ұғынуға болады. Дегенмен, отбасы рөлінің әрдайым позитивті жақтары ғана емес, негативті жақтары да болуы мүмкін. Мәселен мамандық, ЖОО және жұмыс ортасын таңдау секілді негізгі шешімдерді жастардың таңдауына рұқсат етпеуі; ата-ананың еңбекке деген пассивті көзқарасының жас ұрпаққа берілуі; отбасыда гендерлік стереотиптердің (қыздың жұмыс істеуіне қарсылық) болуы және т.б. әсерлері болуы да мүмкін екендігін ұмытпаған жөн.

Ресми білім беру мекемелері мен оқу бағдарламалары жастардың еңбек құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Кәсіптік бағдар беру және тағылымдамадан өту сияқты қызметтері жұмысқа қатысты шынайы үміттерді қалыптастыру мен ұмтылыстарды нығайтуға ықпал етуі мүмкін [8]. Мұғалімдер өздерінің көзқарастары мен тәжірибесі арқылы жастардың жұмыс пен өмірдің тепе-теңдігі, мансаптық өсу және әртүрлі кәсіптердің әлеуметтік құндылығы сияқты ұғымдарды түсінуіне әсер етуі мүмкін. Білім беру саласы жастар еңбек

құндылықтарының қалыптасуындағы негізгі фактор екендігін барлығына мәлім. Мәселен, Алтынбеков А.Б. өз зерттеуінің нәтижесі бойынша Қазақстандағы жастардың көпшілігі «білікті адамдар» және «шетелдік білімі бар адамдар» жұмысқа тез орналаса алады деп есептейтінін көрсетті. Яғни, жастардың өздері жоғары білімнің еңбек саласындағы маңыздығын түсінеді [9].

Адамның сапалы білім алуға деген ынтасы неғұрлым жоғары болса, оның еңбек мотивациясы, өнімділігі, еңбекке қанағаттануы, қызықты және қолайлы жұмысты таңдау мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады. Оқу орындарын бітірген түлектер алған білімі мен дағдыларын дәлелдеу үшін диплом қағазын алу маңызды. Дегенмен, қазіргі таңда білім сапасының төмендігі, сыбайлас жемқорлық, ЖОО-дағы ескі жүйе, ұзақ мерзімді оқу процесі, заман талабына сай технологиялармен қамтылмауы және т.б. мәселелерге байланысты жастар ЖОО-нан білім алудан бастартуы мүмкін. Осы кезде дипломның болуы маңызды ма деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа жауап беру үшін 2020 жылы жарық көрген «Қазақстандық қоғамның құндылықтары» атты еңбектегі зерттеу нәтижелерін ұсынамын: халықтың едәуір бөлігі дипломды ресми куәлік ретінде ғана емес алынған білім сапасының басымдылығын түсінеді. Зерттеуге қатысқан қазақстандықтардың 48,2% -ы прагматикалық көзқараста, яғни диплом алған білімінің сапасы сияқты маңызды емес деп есептейді. Дегенмен, 44%-ы бұл көзқарасты қолдамайды. Орыс тілді респонденттер мен солтүстік аймақтың тұрғындары арасында білімнің құндылығы басқаларға қарағанда жиі сақталады. Қазақтар (қазақ тілді және екі тілді), басқа этностар өкілдері, ауыл тұрғындары, елдің оңтүстік және шығыс өңірлерінің тұрғындары арасында диплом алу білім сапасынан маңыздырақ деп санайтындар үлесі жоғары [10].

Технологиялар дамыған заманда жастардың еңбек құндылықтарын қалыптастыруда әлеуметтік желілердің әсері маңызды рөл атқарады. Бүгінгі таңда әлеуметтік желі – қарым-қатынас пен ақпарат алмасу үшін қарқынды дамып келе жатқан платформа түрі. Әлеуметтік желілер арқылы жастар достарының, бауырларының және өз желісінің басқа мүшелерінің тәжірибесін жиі бақылайды және талқылайды [11]. Осы арқылы жұмыстың орындалу процесі, жұмыс орнындағы қиындықтар мен динамика туралы көзқарас, жұмыстың қалаулы және қалаусыз сипаттамалары туралы өздерінің идеяларын қалыптастырады. Әсіресе, пандемия кезеңінен бастап әлеуметтік желілердің қолданушылары саны көбейгендігі барлығына мәлім, кейбірінде тәуелділік те пайда болды. Осы жағдайды өз пайдасына қолдана білген үлкен ұйымдар, жеке кәсіпкерлер, инфлюенсерлер («influencer» - әсер етуші) мен блогерлер саны артты. Әлеуметтік желі арқылы маркетингтік әдістерді қолданып, жұмыстары алға басып, қолданушылар санын көбейту арқылы сыртқа шықпай да табысқа жетуге болатынын дәлелдеді. Бұл қандай жағдай болмасын креативті ойлау мен қиын ситуациядан шыға алу дағдыларының қажет екендігін көрсетті. Дегенмен, барлық әлеуметтік желі қолданушылары еңбек туралы жақсы ой қалыптастыра бермейді, мысалы «аз жұмыс жасау – көп ақша табу» идеяларын да насихаттайтын инфлюенсерлер мен блогерлер бар. Бұл идеяны жақтаушылар адамдар өзін-өзі дамытуға, отбасы, достар мен хоббиге уақыт бөлу арқылы өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік береді деп сендіреді. Ал, қарсыластары бұл идея еңбектің маңыздылығын және бағасын түсіреді деген ойда. Бұл тез ақша табу идеясы жастарды қауіпті жолға (казино, онлайн-ойын, заңсыз заттарды сату және т.б.) түсіруі де мүмкін.

Әлеуметтік желілерден бөлек кино, теледидар, БАҚ сияқты әртүрлі платформалардағы медиалық еңбек көріністері жастардың еңбек құндылықтарын қалыптастырудың үлкен факторлары болып табылады. Белгілі бір мамандықтың жағымды немесе жағымсыз көрінісі, жұмыс пен өмір арасындағы тепе-теңдікті шындыққа жанаспайтын сипаттау, белгілі бір мансаптық жолдарды насихаттайтын әлеуметтік желі қолданушылары еңбек әлемі туралы бұрмаланған немесе

идеалдандырылған қабылдауды тудыруы мүмкін. Бұл жастардың жұмыстан идеалды және жалған бейнелерді күтуге итермелейді.

Экономиканың қарқынды өсуі, жаңа технологиялардың дамуы, қашықтан жұмыс істеу және автоматтандыруға тәуелділіктің артуы еңбек табиғатын өзгертуде. Қазіргі жастар бұл өзгерістерді бақылау арқылы өз еңбек құндылықтарын қайта қарастыруда. Икемділік, бейімделу және технологиялық дағдылардың саналы қажеттілігі дәстүрлі мансаптық траекториялар мен жұмыспен қамтудың тұрақтылығы туралы көзқарастардың өзгеруімен қатар маңызды болып табылады. Интернет және жасанды интеллект сияқты технологиялардың дамуы көптеген еңбек нарығында күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруға әкеледі және қашықтан жұмыс істеудің жаңа мүмкіндіктерін жасайды. Сол себепті, мемлекет тарапынан жастарға жаңа жұмыс орындарын іздестіруде көмек көрсетілуде. Мәселен, «ҚР жаңа мамандықтар мен құзыреттердің Атласы» арқылы жастар өзіне ұнайтын саладағы өзгерістер мен болжамдар, ескірген мен жаңа мамандықтар тізімі, және жас мамандардан талап етілетін дағдыларды толық көрсеткен. Бұл, жастардың өз еңбек құндылықтарының өзгеруіне және жаңа құндылықтарды түсінуге көмектеседі [12].

Экономикалық жағдайлар еңбек құндылықтарын қалыптастыру кезінде жастардың құндылықтарына айтарлықтай әсер етеді. Экономикалық тұрақсыздық, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, жұмыс орындарының қысқартылуы сияқты алаңдаушылықтар жастардың жұмысқа байланысты басқа ұмтылыстардан гөрі жұмыс кепілдігі мен қаржылық тұрақтылыққа басымдық беруіне әкелуі мүмкін [13]. 2014 жылы Алматы жастарының еңбек құндылықтарының құрылымы мен мазмұнына социологиялық талдауды А.Б. Алтынбеков, Н.Ж. Биекенова және Г.А. Кенжакимова зерттеген болатын. Зерттеу нәтижесі бойынша, «жұмыс орнының сақталу кепілдігін» респонденттердің 37%-ы таңдауы қазіргі жастар арасында негізгі құндылықтардың бірі екендігін дәлелдеді. Ал, ең маңызды еңбек құндылық ретінде «табысы жоғары жұмыс» деп көрсетілген. Авторлар бұл құндылықтың маңыздылығын үш фактормен байланыстырды. Ең бірінші, жастардың көп бөлігі жалақыға тәуелді. Екіншісі, өмірлік стартында жастардың қаржылық қиыншылықтармен жиі кездесуі. Үшіншісіне келсек, Алматы қаласының жастары тек алматылық жастардан ғана емес, сыртқы аймақтардан оқуға немесе жұмыс істеуге келген жастардан тұрады [14].

Қазіргі әлемде кәсіпкерліктің танымалдылығы қарқынды өсуде. Кәсіпкерліктің танымалдылығының өсуі оң үрдіс болып табылады. Бұл адамдар өз тағдырын басқарғысы келетінін және өз әлеуетін жүзеге асырғысы келетінін көрсетеді. Кәсіпкерлері бар қоғамда әлеуметтік жауапкершілік дамиды, жаңа жұмыстар ашылады, бәсекелестік күшейеді, салық артады, экономикалық тұрақтылық сақталады [9]. Кәсіпкердің пайдасы мен ерекшеліктері бар:

- *Еркіндік.* Кәсіпкердің қалауына байланысты өз тауарын, қызмет түрін, жұмыс орнын, жұмыс істеу стилін таңдай алады

- *Жоғары табыс көзі.* Кәсіпкер жалдамалы жұмысшыдан көп ақша таба алады, себебі ешқандай шектеулер жоқ.

- *Өз идеяларын жүзеге асыру.* Кәсіпкер өз идеялары мен армандарын жүзеге асыра алады. Яғни, өзіне ұнайтын іспен айналыса алады.

- *Жеке даму.* Өз кәсібін жүргізу жеке тұлғаның жеке тұлға ретінде дамуына көмектеседі.

- *Қоғамға пайдалы.* Жеке кәсіпкерлер жұмыс орындарын көбейте алады, экономиканың дамуына үлкен үлесін қосы алады.

Қорытынды

Жастардың еңбек құндылықтарын қалыптастыру – қоғамның барлық аспектілерімен байланысты көп қырлы күрделі процесс. Отбасы мен білім сияқты кейбір факторлар бұрыннан танылған болса да, технологиялар мен жасанды интеллект, БАҚ және әлеуметтік желілер сияқты қосымша факторлар да үлкен рөл атқарады. Осы

кальптастырушы факторларды түсіну қазіргі дәуірдегі жастар үшін салауатты және маңызды. Еңбек құндылықтары – жұмысшының өмірлік құндылықтарының бірі, өркендеуінің өзегі, жеке және кәсіби дамудың негізі болып саналады.

Еңбекте адам өзінің өмірлік уақытының маңызды бөлігін өткізеді және бұл уақыттың сүйікті мамандығымен қалай өткізілетіні, жақсы көңіл-күй мен шығармашылық қуаныш алу мен мәжбүрленген жұмыста істеу арасында үлкен айырмашылық бар. Сол себепті, жастар алдын-ала өз жұмыс құндылықтарын нақты білу арқылы өз саласын және дағдыларын қолданып жұмыстан бақыт ала алады.

Пайдалынған әдебиеттер:

1. Магун В. С. Трудовые ценности экономически активного населения восьми стран мира // В кн: Мы и они. Россия в сравнительной перспективе / Под общ. ред.: В. А. Мау, М. Ю. Турунцева. М.: Институт экономики переходного периода. – 2005. – С. 1-31.
2. Super D.E. Manual: Work Values Inventory // Boston: Houghton Mifflin. – 1970. – Pp. 8-12.
3. Elizur D., Borg I., Hunt R. and Beck I.M. The Structure of Work Values A Cross Cultural Comparison // Journal of Organizational Behaviour. – 1991. – №7. – P.21–38.
4. Zedeck, Sheldon. Job attitudes and work values // APA handbook of industrial and organizational psychology. – 2011. – № 3. – P. 137–189.
5. Ros, M., Schwartz, S. H., & Surkiss, S. Basic individual values, work values, and the meaning of work // Applied Psychology: An International Review. – 1999. – № 48(1). – P. 49–71.
6. Попова И.П. Профессиональный выбор: влияние культурных ресурсов семей российских специалистов // Социологические исследования. – 2013. – № 11. – С. 130-140.
7. Felstead, A., Jewson, N., Phizacklea, A., & Walters, S. Opportunities to work at home in the context of work-life balance // Human Resource Management Journal. – 2002. – №12(1). – Pp. 54–76.
8. Donald E. Super, Mark L. Savickas, & Charles M. Super. A career approach based on life expectancy and living space // Career choice and development (3rd ed.). – 1996. – Pp. 75-89.
9. Алтынбеков А.Б. Жастардың жұмысбастылық стратегиясы: ұстанымдар, қағидалар мен тәжірибелердің ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және әлеуметтану сериясы. – 2015. – № 2 (53). – Б. 116-125.
10. Представительство Фонда им. Ф.Эберта в Казахстане. Ценности казахстанского общества в социологическом измерении // Издательство «ТОО «DELUXE Printery». – 2020. – С. 36-37.
11. Hartung, P. J., Porfeli, E. J., & Vondracek, F. W. Child vocational development: A review and reconsideration // Journal of Vocational Behavior. – 2005. – №66(3). – Pp. 385–419.
12. Атлас новых профессий и компетенций (enbek.kz) (дата обращения 5.02.2024).
13. Hitlin, S., & Piliavin, J. A. Values: Reviving a Dormant Concept // Annual Review of Sociology. – №30. – Pp. 359–393.
14. А.Б. Алтынбеков, Н.Ж. Биекенова, Г.А. Кенжакимова, Жастардың кейбір еңбек құндылықтарының құрылымы мен мазмұнына социологиялық талдау // ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы. – 2014. – №3(50). – Б. 148-156.

ЖОҒАРЫ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕК МОТИВАЦИЯСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

Еңбек әлеуметтануы және HR-басқару мамандығының 1-курс магистрант **Абдуманап Г.Т.**

*Ғылыми жетекші: PhD, аға оқытушы Серікжанова С.С.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

Аңдатпа. Қазіргі заманда барлық мекемелерде, әсіресе соның ішінде білім беру мекемелерінде еңбек мотивациясы мәселесі басты мәселе ретінде тұр. Бұл мақалада жоғары білім саласындағы қызметкерлердің еңбек мотивациясын зерттеудің теориялық тәсілдері қарастырылған. Жоғары білім қоғамның болашағын қалыптастыруда және мемлекеттің экономикалық өсуінде маңызды рөл атқарады. Зерттеудің мақсаты жоғары білім саласындағы қызметкерлердің еңбек мотивациясына әсер ететін факторларды және осы кәсіби ортадағы соған байланысты құбылыстарды түсіну үшін олардың еңбек мотивтерін теориялық түрде зерттеу болып табылады. Қызметкерлердің еңбек мотивациясының деңгейін арттыру арқылы болашақ ұрпаққа жақсы білім беруге, демек, бүкіл қоғамның дамуына қол жеткізуге болады.

Кілт сөздер: мотивация, еңбек мотивациясы, адам ресурстары, ұйым, мотивациялық факторлар, қанағаттану деңгейі, еңбек өнімділігі.

Аннотация. В настоящее время проблема трудовой мотивации является основной проблемой во всех учреждениях, особенно в сфере высшего образования. В данной статье рассматриваются теоретические методы исследования трудовой мотивации сотрудников сферы высшего образования. Высшее образование играет важную роль в формировании будущего общества и экономического роста государства. Цель исследования - теоретически изучить факторы, влияющие на трудовую мотивацию работников сферы высшего образования и их трудовые мотивы, чтобы понять связанные с этим явления в данной профессиональной среде. Повышая уровень трудовой мотивации сотрудников, можно обеспечить хорошее образование будущему поколению и, следовательно, добиться развития всего общества.

Ключевые слова: мотивация, трудовая мотивация, человеческие ресурсы, организация, мотивационные факторы, уровень удовлетворенности, производительность труда.

Аннотация: Мақалада цифрландыру нақты қарым-қатынастарды виртуалды қатынастармен ауыстыруға әкелетін заманауи әлем жағдайында әлеуметтік интеллектті зерттеуді күшейту қажеттілігі негізделеді. Осыған сәйкес бұл цифрландырудың әлеуметтік интеллекттің қолданыстағы анықтамалары және оның әлеуметтік мазасыздықпен байланысы қарастырылып, оның мәнін толық ашатын авторлық анықтамалар ұсынылады. Әлеуметтік интеллекттің эмоционалды интеллектке жақындығы көрсетіліп, шетелдік зерттеулердің өзекті деректері келтірілген. Әлеуметтік интеллект цифрландыру және жаһандану жағдайында белсенді дамып келеді, желілік кеңістікте сәтті бейімделу және иеліктен шығаруды барынша азайту үшін жаңа құзыреттерді талап етеді деген қорытынды жасалды. Қоғамда табысты өзара әрекеттесу үшін қажетті әлеуметтік интеллект дағдыларын дамытатын жасөспірімдер мен жастарға ерекше көңіл бөлінеді.

Кілт сөздер: әлеуметтік интеллект, эмоционалды интеллект, әлеуметтік алаңдаушылық, цифрландыру, жастар, қоғам, коммуникация дағдылары, әлеуметтік қарым-қатынастар, оқшаулану.

Кіріспе

2017 жылы Қазақстан Президенті экономиканың негізгі секторларын цифрлық трансформациялауды бойынша «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы қаулы қабылдады. Нәтижесінде 2022 жылы Қазақстан әлемдегі цифрлық дамыған 30 елдің қатарына енді және цифрлық реформаларды жалғастыруда. 2022 жылға қарай халықтың 92,9%-ы интернетке қол жеткізеді, ал ауыл мен қала тұрғындарының интернетке қолжетімділік алшақтығы 4%-ға дейін қысқарды. Осы статистикада көріп отырғанымыздай цифрландыру реформасының әлеуметтік интеллектіге әсерін зерттеу маңыздылығы айқындалады. Қазіргі әдебиетте әлеуметтік интеллекттің әртүрлі жастағы және жыныстағы адамдармен қарым-қатынас құру қабілеті ретінде тар және шамамен түсіндірмесі жиі кездеседі. «Әлеуметтік интеллект» терминін психологияға 1920 жылы Э.Торндайк «тұлғааралық қарым-қатынастағы көрегенділік» деген мағынаны білдіреді. Оның бастапқы анықтамасы 1920 жылдан басталады және ерлер мен әйелдерді, ұлдар мен қыздарды түсіну мен басқаруды және

адами қарым-қатынаста ақылмен әрекет етуді қамтиды. Э.Торндайқтың үш компонентті интеллект моделі интеллекттің абстрактылы, механикалық және әлеуметтік түрлерін қамтиды.



1-сурет - Э. Торндайқтың үш компонентті интеллект моделі

Әлеуметтік интеллект әр түрлі әлеуметтік ортадағы – мәдени, кәсіптік ортадағы құзыреттерді, қабілеттерді және коммуникативті дағдыларды қамтиды. Бұл қоршаған кеңістіктегі өзгерістерге тез бейімделу және әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдерімен барабар, икемді қарым-қатынастар құру қабілеті. Әлеуметтік интеллект сонымен қатар әңгімелесушінің мимикасы мен жасырын реакциясын дұрыс бағалау, алаяқтық пен өтірікті тану, сондай-ақ этикалық идеялармен емес, жағдайларға сәйкес келетін сенім деңгейін қамтамасыз ету қабілетін қамтиды. Сонымен қатар, әлеуметтік интеллекттің маңызды аспектілері қашықтықты және жеке кеңістікті сақтау қабілеті болып табылады [Silvera, Martinussen, Dahl, 2001].

Қазіргі уақытта әлеуметтік интеллектті зерттеу ерекше өзектілікке ие, өйткені ол адам алдында тұрған көптеген мәселелерді шешуге қабілетті:

- Тиімді қарым-қатынас құру [Savcı, CılAkinci, Keles, 2022; Dehdashti et al., 2021];
- Ресми қызметтің тиімділігін арттыру [Ebrahimpoor, 2013; Zbihlejova, Birknerova, 2022];
- Жалғыздықты болдырмау - жеке және қоғамдық (мысалы, жұмыс орнында) [Kadri, 2019; Silman, 2013];
- Абыюзді қарым-қатынас қаупін азайту [Lando-King et al., 2015];
- Өмір сүру сапасын жақсарту [Kalefeld, 2020];
- Бақыт деңгейін арттыру [Taufun, 2014; Aminpoor, 2013; Abu Hammad, 2021].

Негізгі бөлім:

Заманауи цифрлық қоғамда шынайылық пен өзара түсіністікке негізделген адами қарым-қатынастың құндылығы 20 ғасырды сипаттайтын өзімшілдік есеп пен өзара тиімділіктен алшақтап, айтарлықтай артып келеді. Жанның күйзелуі, эмоцияларды толық сезіну қабілетінің жоғалуы виртуалды шындыққа немесе ішкі әлемге ену, жалғыздық проблемаларын күшейту және депрессиялық жағдайлардың ықтималдығын арттыру нәтижесінде жиі кездеседі. Олардан құтылу көбінесе психотерапевтік терапия мен дәрі-дәрмекпен емдеуді қамтитын интеграцияланған тәсілдің көмегімен ғана мүмкін болады, бірақ бұл тәсіл жанама әсерлер мен тәуелділікті тудыруы мүмкін, қайталанатын курстармен тиімділікті төмендетеді. Бұл тұрғыда проблемаларды дер кезінде анықтау және оларды әңгіме деңгейінде шешу ерекше маңызға ие.

Бүгінгі таңда психологтар тұлғааралық қарым-қатынас мәселесіне көбірек көңіл бөлуде. Шетелде қазіргі заманғы ерекшеліктерді ескере отырып, қалыптасқан әлеуметтік байланыстардың ерекшеліктері жеткілікті түрде егжей-тегжейлі зерттелді [Deitz, 2020; Newsome, 2016; Smith, 2008].

Әлеуметтік оқшаулану әлеуметтік байланыстардың салыстырмалы түрде болмауын білдіреді,

аләлеуметтікинтеграцияотбасылыққатынастарнемесеқоғамдықұйымдарғақатысусияқты бейресмижәнересмиәлеуметтіксалаларғажалпықатысудыбілдіреді. Мысалы, Умберсон мен әріптестері [2010] қарым-қатынас сапасы эмоционалды қолдау сияқты жағымды аспектілерді де, жанжал сияқты стресстік аспектілерді де қамтитынын көрсетеді. Әлеуметтік желілер, өз кезегінде, әрбір жеке контактінің түрі мен күшін қоса алғанда, жеке адамды қоршаған әлеуметтік байланыстардың жиынтығы ретінде анықталады. Бұл аспектілердің әрқайсысы денсаулыққа әсер етеді [Eisenberg, 2005].

Сонымен қатарәлеуметтікинтеллекткедекеңілбөлді [Кудинова, Вотчин, 2005; Новикова, Якименко, 2018 ж.; Савенкова, 2019 ж.; Ушаков, 2004]. Дегенмен, соңғы онжылдықта әлеуметтік интеллект пен басқа құбылыстардың, мысалы, әлеуметтік алаңдаушылық немесе оның адамдар арасындағы қарым-қатынастың қалыптасуына әсерін зерттейтін диссертациялық зерттеу жүргізілген жоқ.

Мысалы, А.М. Молокостова [Молокостова, 2007] әлеуметтік интеллект пен психологиялық тұлға типінің байланысын зерттеді. Ол әлеуметтік интеллекттің орташа көрсеткіштері үйлесімді тұлға типіне тән екенін анықтады. Ең үлкен қарым-қатынас қиындықтары бар адамдар әлеуметтік интеллекттің орташа ұпайларынан ауытқуға бейім болды. Зерттеу сонымен қатар қарым-қатынастағы қиындықтар әлеуметтік шындықты түсінудің когнитивті қабілеттерінен гөрі мінез-құлық стратегияларының ерекшеліктеріне және психологиялық ресурстарды пайдалануына байланысты екенін көрсетті.

Зерттеудің ұзақ тарихына қарамастан, әлеуметтік интеллект феномені әлі де салыстырмалы түрде жаңа құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл интеллекттің психологиялық сипаттамаларын зерттеудің әдістемелік қиындықтарымен, сондай-ақ оның анықтамасына қатысты консенсустың болмауымен түсіндіріледі [Михайлова, 2018].

Әлеуметтік интеллектке қатысты теориялық негізді шолу нәтижелері бойынша оны зерттеудің келесі бағыттарын анықтауға болады:

Әлеуметтік интеллект таным түрі ретінде, ерекше деп түсіндіріледі интеллектуалдық қабілет ауызша, кеңістіктік, математикалық және т.б. сияқты қабілеттермен бірге және олардан өзінің объектінің ерекшелігімен ерекшеленеді (Х.Гарднер, Дж.Гильфорд)

Әлеуметтік интеллект өмір бойы жинақталған білім, білік және дағды ретінде қарым-қатынас саласындағы құзырет ретінде қарастырылады (Р. Штернберг).

Әлеуметтік интеллект әлеуметтік өзара әрекеттестіктің табыстылығын анықтайтын жеке тұлғаның ерекше қасиеті ретінде қарастырылады

2-сурет – Әлеуметтік интеллект бойынша зерттеу бағыттары

Отандық және шетелдік психологтардың көпшілігі әлеуметтік интеллект көпкомпонентті құрылымға ие және сыртқы және ішкі факторлардың жиынтығының күрделі әсерінің нәтижесінде қалыптасады деген пікірде [Михайлова, 2007]. Қоғамның дамуының және оны цифрландырудың ерекшеліктеріне байланысты жеке адамдардың

бір-бірінен алшақтауы, физикалық арақашықтықтың ұлғаюы (мысалы, оқшаулау кезінде) және жақын адамдарының да, басқалардың да эмоционалды депривациясы нәтижесінде пайда болады. қатынастарды қалыптастыруға және қолдауға қатысатын адамдар. Адам ешқашан қоғамнан оқшауланып өмір сүре алмайтын әлеуметтік тіршілік иесі. Өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оған басқалармен қарым-қатынас қажет. Сондықтан қарым-қатынастың өзі ғана емес, адам өмір сүретін қоғамда өзара әрекеттесу қабілеті де маңызды.

Адамдар арасындағы қарым-қатынастарды құру және барлық тараптар үшін тиімдірек және қанағаттанарлық байланыстарға қол жеткізу мүмкіндіктері ерекше өзекті болып табылады. Ересектер әлеуметтік тұрғыдан хабардар: олар басқа адамдардың ойларын, тілектерін, сенімдері мен мақсаттарын түсінеді және адамдардың әрекеттері осы психологиялық күйлермен анықталады деп есептейді. Олар бір стақан суды алып, ерніне апару сияқты қарапайым әрекеттер тізбегін қарапайым қозғалыстар деп санамайды. Керісінше, олар бұл оқиғаларды белгілі бір мақсатқа жету (мысалы, шөлді қандыру) және саналы түрде қалау (ішу) арқылы ұйымдастырылған деп қабылдайды. Басқалардың ниетін түсіну адамдардың күнделікті жұмысының маңызды аспектісі болып табылады және басқалардан үйрену процесінде негізгі рөл атқарады. Дәл осы себептерге байланысты әлеуметтік интеллект әлеуметтік, когнитивтік және тілдік дамуда маңызды рөл атқарады.

Осылайша, Р.Боятцис, Р.Д. Лэйн мен Р.Смит өз зерттеулерінің негізінде қарым-қатынасқа негізделген мінез-құлық стратегиясын қалыптастырудың негізгі компоненті әлеуметтік интеллект екенін атап өтті. Ол тиімді өзара әрекеттесуге ықпал ететін нақты нейрондық тізбектерге (сонымен қатар байланысты эндокриндік жүйелерге) құрылған тұлға аралық құзыреттер жиынтығы ретінде анықталады. Д.Големан әлеуметтік және эмоционалды интеллект психикалық интеллектке қарағанда табысты қарым-қатынас пен әлеуметтік қарым-қатынастарға айтарлықтай әсер ететінін атап өтті. Әлеуметтік интеллект психикалық интеллектке қарағанда экстраверсия мен коммуникациялық дағдыларға жақынырақ, ол білімді жинақтау және мәселелердің шешімін шығаруға бағытталған. Сонымен қатар, әлеуметтік интеллект адамның қоғамда бейімделу, ондағы орнын табу, өзін-өзі дербес қамтамасыз ету және әртүрлі жағдайларда әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін анықтайды.

Әлеуметтік интеллектке қатысты ғылыми әдебиеттер сонымен қатар әлеуметтік мазасыздықты зерттейді, ол «адам бейтаныс адамдармен немесе басқалардың ықтимал бақылауында болатын бір немесе бірнеше әлеуметтік жағдайлардан айқын және тұрақты қорқу. Адам өз әрекетін (немесе мазасыздану белгілерін көрсету) қорлау немесе ыңғайсыздық тудыруы мүмкін». Бектің мазасыздану бұзылыстарының когнитивті моделіне сүйене отырып, әлеуметтік мазасыздық адамның өзінің әлеуметтік белсенділігін объективті бағалау сияқты бірнеше когнитивті және мінез-құлық механизмдерімен қамтамасыз етіледі деп болжауға болады.

Бұл болжамға сәйкес, әлеуметтік мазасыздық деңгейі жоғары адамдар өздерінің жетістіктерін теріс бағалайды, олардың кемшіліктеріне баса назар аударады және әңгімелесушінің бағалауына қатысты әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын төмендетеді. Сондай-ақ, әлеуметтік алаңдаушылық тудыратын адамдар алаңдамайтын бақылау қатысушыларымен немесе әлеуметтік мазасыздық деңгейі төмен адамдармен салыстырғанда әлеуметтік жағдайларда нашар жұмыс істейтіндігі туралы деректер бар. Дегенмен, әлеуметтік фобиясы бар науқастарда немесе әлеуметтік мазасыздық деңгейі жоғары адамдарда әлеуметтік қызмет тапшылығының жалпы дәлелдері аралас.

Зерттеулер аралас болғанымен, әлеуметтік алаңдаушылық бар адамдарда әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларында кейбір кемшіліктер болуы мүмкін. Дегенмен, бұл тапшылықтар тек стресстік әлеуметтік жағдайларда пайда бола ма (мысалы, алаңдаушылық белгілеріне және дисфункционалды ойлар мен сенімдерге күшті ішкі назар аударуға байланысты) немесе нақты когнитивті тапшылықтардың нәтижесі болып

табылатыны белгісіз. Соңғы мүмкіндік бұл тапшылықтар тек стресстік әлеуметтік жағдайларда ғана емес, сонымен қатар оңтайлы тестілеу жағдайында да анық болуы керек деп болжайды.

Әлеуметтік құзыреттердің интегративті құрылымы негізінде әлеуметтік интеллект әлеуметтік құзыретті мінез-құлықта маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік құзіреттілік тұлғаның әлеуеті ретінде анықталады және сондықтан тиісті әлеуметтік нәтиже үшін қажетті құрамдас болып табылады. Модель әлеуметтік интеллект әлеуметтік сауатты мінез-құлыққа әкеледі деп болжайды. Сонымен қатар, әлеуметтік құзыретті мінез-құлыққа эмоционалды және практикалық интеллект, сондай-ақ кейбір модераторлық айнымалылар (мысалы, альтруизм, адамның келісімділігі) және әлеуметтік контекст әсер етеді.

Әлеуметтік интеллекттің әлеуметтік құзыреттілік пен табысты әлеуметтік мінез-құлық үшін маңыздылығын ескере отырып, әлеуметтік мазасыздық деңгейі жоғары адамдарда әлеуметтік белсенділікте байқалатын кемшіліктер белгілі бір дәрежеде әлеуметтік интеллект жетіспеушілігімен байланысты деп болжауға болады. Әлеуметтік мазасыздық пен әлеуметтік интеллект арасындағы байланысты зерттейтін зерттеулер табылмады. Әлеуметтік мазасыздық пен эмоционалды интеллект арасындағы ықтимал байланыстарды зерттейтін екі ғана мақала жарияланған.

Қорытынды

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдау негізінде әлеуметтік интеллект қазіргі адамның маңызды сипаты деп қорытынды жасауға болады. Оны жақсартуға ерекше назар аударудың маңызды профилактикалық мәні бар, ол адамды қоғам болмысында сақтауға, оның әлеуеті мен қабілетін сақтауға, қоғамның оң және гуманистік дамуына елеулі үлес қосуға, оның қол жеткен құндылықтарын сақтауға көмектеседі. өркениеттік прогресс процесі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кудинова И.Б., Вотчин И.С. Социальный интеллект как предмет исследования // Сибирский педагогический журнал. 2005. № 4. С. 132-132.
2. Михайлова Е.С. Социальный интеллект: концепции, модели, диагностика. СПб., 2007. 266 с.
3. Михайлова Е.С. Тест Гилфорда. Диагностика социального интеллекта: методическое руководство. СПб.: ИМАТОН, 2018. 56 с.
4. Молокостова А.М. Особенности социального интеллекта студентов с различным психологическим типом личности: дис. канд. психол. наук. Самара, 2007. 195 с.
5. Новикова Е.В., Якименко М.С. Социальный интеллект как Фактор успешности учебной деятельности студентов на этапе обучения в педагогическом ВУЗе // Вестник Донецкого педагогического института. 2018. № 3.С. 148- 157.
6. Савенкова Н.Д. Развитие социального интеллекта у старших дошкольников в процессе совместной деятельности: дис. канд. пед. наук. М., 2019. 233 с.
7. Ушаков Д.В. Социальный интеллект как вид интеллекта // Социальный интеллект. Теория, измерения, исследования. М., 2004. С. 20-22.
8. Abu Hammad A. Social Intelligence & its Relationship to Psychological Happiness in the Light of Satisfaction with University Life among Students of Prince Sattam bin Abdulaziz University // Journal of Positive Psychology and Wellbeing. 2021. Vol. 5. No. 4.
9. Aminpoor H. Relationship between social intelligence and happiness in Payame Noor University students // Annals of Biological Research. 2013. 4 (5). P. 165-168.
10. Burgess J. How Has Technology Affected Social Interaction? URL: <https://www.sogolytics.com/blog/how-has-technology-affected-social-interaction/>
11. Dehdashti Lesani M. et al. The Relationships between Social Intelligence and Interpersonal Forgiveness with Happiness According to the Moderating Role of Difficulties in Cognitive Emotion Regulation in Female-Headed Households // International Journal of

- Behavioral Sciences. 2021. 15 (1). P. 1-7. doi: 10.30491/ijbs.2021.225522.1240
12. Deitz R.L. et al. A qualitative study of social connectedness and its relationship to community health programs in rural Chiapas, Mexico // BMC Public Health. 2020. 20. 852.
 13. Ebrahimipour H. The study of relationship between social intelligence and organizational performance (case study: Ardabil regional water company's managers) // International Journal of Organizational Leadership. 2013. Vol. 2. No 1. P. 1-10.
 14. Eisenberg M. et al. The Role of Social Norms and Friends' Influences on Unhealthy Weight-Control Behaviors among Adolescent Girls // Social Science and Medicine. 2005. 60. 1165-73.
 15. Kadri A. Social Intelligence as a Mechanism for Achieving Quality of Family Life // International Journal of Youth Economy. 2019. 3. 119. 1.
 16. Kalefeld J. The Relationship between Social Intelligence and Subjective Well-Being through Perceived Social Support among Young Adults. Enschede, Netherlands, 2020. 26 p.
 17. Lando-King E. et al. Relationships Between Social-Emotional Intelligence and Sexual Risk Behaviors in Adolescent Girls // The Journal of Sex Research. 2015. Vol. 52. No. 7. P. 835-40.
 18. Newsome L. International Students' Cultural and Social Experiences in a British University: "Such a hard life [it] is here" // Journal of International Students. 2016. Vol. 6. Is. 1. P. 195-215.
 19. Savci C., Cil Akinci A., Keles F. The association of perceived sociability and social intelligence with loneliness i
 20. online learning among nursing students // Nurse Educ Today. 2022. 109. 105226.
 21. Silman F., Dogan T. Social intelligence as a predictor of loneliness in the workplace // Span J Psychol. 2013. 16. E36. doi: 10.1017/sjp.2013.21
 22. Silvera D.H., Martinussen M., Dahl T.I. The Tromso Social Intelligence Scale, a self-report measures of social intelligence // Scand. J. Psychol. 2001. 42. P. 313-319.
 23. Smith K. Social Networks and Health // Annual Review of Sociology. 2008. 34. 405-29.
 24. Tayfun D. The Role of Social Intelligence in Happiness // Croatian Journal of Education. 2014. Vol. 16. No. 3. P. 863- 878.
 25. Thorndike E.L. Intelligence and its use // Harper's Magazine. 1920. 140. P. 227-235.
 26. Umberson D. Social relationships and health: a flashpoint for health policy // J Health Soc Behav. 2010. 51. P. 54-66.
 27. Zbihlejova L., Birknerova Z. Analysis of the Links between Social Intelligence and Coping Strategies of Business Managers in Terms of Development of Their Potential // Societies. 2022. 12. 177. <https://doi.org/10.3390/soc12060177>

ЖҮКТІ ӘЙЕЛДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БОЛАШАҚ НӘРЕСТЕГЕ ӘСЕРІ

Психология, 2-ші курс магистранты **Оспаганбетова М.С.**

Ғылыми жетекші: пед.ғ.к., доцент ҚасенГ.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Аннотация: Бұл мақалада жүкті әйелдің психологиялық жағдайының болашақ баланың толықтай дамуына тікелей әсер ететіндігі мәселесі көрсетілген. Болашақ ананың мазасыздық күйі, стресстері, эмоционалдық тәжірибелері мен психологиялық әлауқаты ішіндегі дамып келе жатқан ұрыққа, кейінірек ұрпақтардың психикалық және физикалық денсаулығына әсері қарастырылады. Болашақ нәрестенің оңтайлы дамуы

үшін қолайлы эмоционалды ортаны қалыптастыруға ықпал ететін жүкті әйелдерді қолдаудың мүмкін стратегияларына да назар аударылады. Бұл мақала оқырмандарды ананың психологиялық жағдайы мен балаларының болашақ денсаулығы мен әл-ауқаты арасындағы байланысты терең түсінуге шақырады.

Кілт сөздер: жүктілік, нәресте, мазасыздық, стресс, психологиялық күйзеліс, өлі туу, мерзімінен бұрын туу, психотерапия, психокоррекция, депрессия.

Жүктілік-бұл болашақ ана үшін де, дамып келе жатқан ұрық үшін де айтарлықтай физикалық және эмоционалды өзгерістер кезеңі болып табылады. Бұл кезеңнің маңыздылығы туралы тек соңғы зерттеулерден ғана емес, ата-бабаларымыздың наным сенімдерінен, ұстанымдарынан да аңғаруға болады. Мысалы, жүкті әйелге жеріктігін басу және көңілін көтеру үшін оның сұраған асын тауып беруге тырысатын, себебі әйелдің жеріктігі басылмаса, әлсіз немесе кем бала туатынына сенген. Күйеуі де, енесі де жүкті әйелдің қас-қабағына қарап отырған. Оның себебі - аяғы ауыр әйел ренжісе, кейін баланың мінезі жаман болады деп сенген. Ал егер әйел ауыр көтерсе, іштегі баланың өсіп-жетілуіне зиян болады деген. Сонымен қатар ымыртта, яғни қараңғы түскеннен кейін далаға шығуға рұқсат етпей, жерлеу рәсімдеріне қатыстырмай жүкті әйелді барынша сақтандырып, психо-эмоционалды жағдайына үлкен мән берген. Оның басты себебі, жүктілік кезінде қорқу, қауіп және тағы басқа жағымсыз эмоцияларды кешірмеу болып табылады. Расында жүктілік кезінде әйел адамның физиологиялық денесімен бірге психологиялық жағы да үлкен өзгерістерге ұшырайды. Ол өзгерістер қоршаған ортаға, айналасына білінбесе де, әсіресе бірінші триместр кезінде, дегенмен құрсаққа жан біткеннен бастап эмоционалды тұрақсыздық байқалады. Ол ашуланшақтық, мазасыздықтың жоғарылауы, күдіктену, әлсіздік, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, психикалық процестердің тұрақсыздығының артуы. Әйел адам сезімтал және көңіл-күйдің өзгеруіне бейім болады [1, 2].

Ана мен баланың денсаулығын сақтау міндеті — қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі. Жакында ғана жүкті әйелді тек медицина мамандары бақылап отырды, дегенмен бүгінде бұл міндет тек медициналық ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік екені анық. Сондықтан, соңғы жылдары болашақ ананың психологиялық жағдайларына қызығушылық артып келуде, бұл өз кезегінде психологиялық мәселелерді зерттеуге әкеледі [4, 5]. Жүкті әйелдерде мазасыздық пен депрессияның жоғарылауы жиі кездесетініне қарамастан, олар сырт ортаға көп байқала бермейді, яғни алғаш ана болуға дайындалып жүрген әйел мұндай ақпарат туралы беймәлім болуы мүмкін және оның айналасындағылар, отбасы мүшелеріде психолог немесе дәрігер көмегіне жүгіну керектігін білмеу қаупі бар. Дегенмен дәл осы мазасыздық, стресс және депрессивті күйлер көбінесе ана мен баланың денсаулығының бұзылуының бірден бір себебі болып табылады [3]. Тітіркену мен шамадан тыс психо-эмоционалды тұрақсыздық өлі туылу қаупімен байланысты екені дәлелденген. Жүктілік кезінде күйзеліске ұшыраған әйелдердің басым көпшілігі мерзімінен бұрын босанған, ал оның анықтаушы факторы - стресс болып отыр. Сонымен қатар эмоциясын бақылай алмайтын және мінез-құлықтың бұзылуы жиі байқалатын жүктілерде, өкінішке орай түсік болып қалу қаупі жоғары. Яғни, болашақ ананың жағымсыз күйде болуы ананың өзіне де, оның туылмаған баласына да кері әсер етуі мүмкін [6,7,8]. Әрине сыртқы және ішкі негативті факторлардан қорғайтын адам бойында, организмнің тепе-теңдігін қамтамасыз ететін бейімделу механизмдері бар. Дегенмен негативті әсерлер шамадан тыс болған жағдайда организмді зақымдайтын, әртүрлі патологиялық процестерді туындайды [16,20]. Сыртқы және ішкі жағымсыз факторлар қандай болуы мүмкін екеніне тоқталып өтсек. Ең бастысы - ана болу рөлі, сөзсіз жаңа, таныс емес рөл болғандықтан, болашақ анаға қорқыныш сезімін ұялатуы мүмкін. Белгісіздіктен бастау алатын қорқыныш, үрей әрі қарай мазасыздық, депрессия және тағы басқа жағымсыз күйлерге ұласады. Түрлі уайымдар мен стресс себептері сан алуан. Олар, абайсызда жүктілік, некедегі

шиеленістер, табыстың төмендігі, білім деңгейінің төмендігі, отбасында қолдаудың болмауы, некесіз жүктілік, зорлық – зомбылық, алдыңғы жүктіліктің сәтсіз аяқталуы немесе түсік болуы, қаламаған жүктілік және басқалары. Стресс күйін кешкен әйелде стресс гормоны еселеп бөлінеді, ол өз кезегінде болашақ нәрестеге тікелей әсер етеді. Стресс гормонының артық мөлшері ұрықтың денсаулығына теріс әсер етеді, атап айтқанда оның миының дамуының бұзылуына, туғаннан кейін Апгар шкаласының төмендігіне, нәрестенің жеткіліксіз салмақпен тууына, сәбидің нашар ұйқысына әкелуі мүмкін [9, 10, 11].

Керісінше, жүктілік жоспарланған болса, болашақ нәресте толық отбасында күтілсе, жүктілік жоспарланып, алдын ала денсаулығы тексерілсе, жүкті әйел осындай маңызды кезеңде жалғыз емес, қасында қолдаушы жан болса, бұл болашақ нәрестеге де, анаға да жағымды әсерін тигізеді. Себебі мазасыз ойлар орнаған жағдайда да, физикалық, моральдық көмек қажет болған кезде де, ішкі қажеттіліктермен бөлісетін адамның болуы болашақ ананың күйіне жақсы әсер етеді [21]. Оған мысал, біздің аналарымыз бен әжелеріміз. Олардың мазасыздық күйлерді көп бастан кешпеу себептерінің бірі, дәл осы белгісіздікпен жеке, жалғыз қалмауында. Жүкті әйелге туғанға дейін де, туғаннан кейін де ерекше назар мен күтім көрсетілетін. Жүкті әйелдің қасында енесі, абысын-келіндері, туыстары, ең болмаса көршілері табылатын. Оған дәлел қазақтың ырымдары мен дәстүрлері. Мысалы, жүкті болған кезде үкі қауырсынын тағу, күміс теңге тағу, тұмар тағу секілді дәстүрлер орындалған. Бұл тіл мен көз тимесін деген мағынада екен. Сонымен қатар жүкті әйелге қалжа беру дәстүрі, қалжа дегеніміз босанған келінге арнап тандалған малды айтады. Әйел босанған түні сол қалжаны сойып, асады да, әйелге қалжа жегізетін болған. Қалжа жеген әйел қалжырамайды, кеткен қаны толығымен деп есептеген [17].

Қазіргі таңда әлеуметтік қолдау мен көмектің болмауы сияқты қиындықтармен кездескен болашақ анаға психологиялық терапия таптырмас шешім. Психотерапиялық көмектің тиімділігі туралы ғылыми әдебиеттерде көп жазылған. Жүкті әйелдің психо-эмоционалды жағдайын түзету жұмыстары болашақ ананың, ұрықтың және кейіннен жаңа туған нәрестенің бейімделу қабілетін арттыратын факторлардың бірі болып табылады. Түсік болу қаупі бар әйелдерге психотерапиялық көмек мазасыздық симптомдарды жоюға, психо-эмоционалды фонды жақсартуға, жүктілікті сақтауға, салауатты қатынасты дамытуға, жеке тұлғаның патологиялық реакцияларының алдын алуға көмектеседі [12, 20]. Психокоррекция немесе психотерапия барысында болашақ ана жан дүниесінде болып жатқан қорқыныш, үрей, күмән, жағымсыз ойлар туралы бөлісіп, шер тарқату мүмкіндігі бар. Білікті психолог маман жүктілік кезінде осындай ойлардың болуы орынды, оған гормондық өзгерістер, физиологиялық өзгерістер әсер ететіндігі туралы айтылған кезде, болашақ ана өз сұрақтарына жауап алып, күмәні сейіліп, өз жағдайының қалыпты екенін түсініп, оның жағдайы жеңілдейді. Көбіне мазасыздық пен қорқыныштың себебі ретінде ақпаратпен толық қамтылмау, сәйкесінше білімнің болмауынан [15].

Негізгі жүктілік стрессоры болып босанудың қауіпсіздігі туралы алаңдаушылық болып табылады. Белгілі болғандай, пренатальды стресс деңгейі дене салмағының индексіне және әйелдердің біліміне байланысты өзгереді. Бұл өз кезегінде әртүрлі асқынулардың көбеюіне әкеліп соғады, мысалы, ұрық қаптамасының мерзімінен бұрын жарылу қаупі [18]. Жеке жұмыс барысында психолог маман беретін ақпарат, тірек, қолдау, көмек, түсіністік жүкті әйел үшін ең қажетті болып табылады. Қолдау көрсетілген болашақ ананың психо-эмоционалды фоны түзеліп, нәрестеге жағымды әсер етеді. Психотерапияның артықшылығы-дамып келе жатқан ұрыққа тератогендік әсердің болмауы, лактацияға оң әсер ету болып табылады [13, 14]. Психотерапияны жүргізу клиникалық шкала бойынша да, өмір сапасы деңгейі бойынша да, түсік түсіру қаупі бар жүкті әйелдерде жоғары тиімділікті көрсетеді, босану процесін оңтайландыруға және жаңа туған нәрестелердің физикалық көрсеткіштерін жақсартуға ықпал етеді. Бұл

клиникалық, психологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешетін терапияның міндетті түрі ретінде жүкті әйелдермен психотерапиялық жұмысты қосу қажеттілігін негіздейді және психикалық бұзылулармен бірге түсік болу қаупі бар әйелдерде терапевтік шаралардың кешенді жүйесін толықтырады.

Көріп отырғанымыздай, жүкті әйелдердегі стресс мәселесі маңызды болып табылады және байыпты көзқарасты қажет етеді. Осы орайда емдеуші дәрігердің міндеті тек физиология жағынан қарастырмай пайда болған дертті, сонымен қатарқүзіретті, жүкті әйелдермен жұмыс жасау тәжірибесі бар психолог маманнан кеңес алуқажеттігін уақтылы ұсыну. Көптеген дамыған мемлекеттерде әйелдер консультацияларының штатында осындай маман бар, қазіргі таңда біздің елде де жеке клиникаларда кездеседі. Ол әйелдің жағдайын арнайы тестжәнеәдістер арқылы тез бағалай алады және оған стрессті жеңудің тиісті дәрілік емес әдістерін таңдай алады[19].

Қалай болғанда да, әйелдерге уақтылы кеңес беру және стрессті жеңудің дәрілік емес әдістерін үйрету қажеттілігі күмән тудырмайды, олардың тиімділігі бүгінде жүкті әйелдерде дәлелденген. Оларға медитация, йога, физикалық белсенділік, сурет салу, жағымды аффермациялар тыңдау, экспрессивті жазу, био кері байланыс, жаяу серуендер әдістері жатады. Мысалы, тіпті орташа физикалық белсенділік перинаталдық депрессияның ықтималдығын 16% төмендетеді екен. Жүктілік кезінде жаттығулардың әсеріне келетін болсақ, нәтижелер белсенді жүктілік пен теңдестірілген және адекватты эмоционалдыкөңіл күй арасында оң байланыс бар екенін көрсетеді [21]. Яғни, тәні сау адамның жаны да сау деген сөздің жаны бар екені дәлелденіп отыр. Кейде адам жан күйзелісін байқамай, болып жатқан мазасыздықтың да, нашар көңіл күйдің де себептерін сырттан іздей бастайды. Осы кезде дене бірден бір индикатор болып табылады. Себебі психика арқылы ұқпаған сигналдарды, тән тілі бірден хабарлайды. Мысалы, эмоцияларды тежеп қалғанда бас ауруы, бір жаман жағдайларда жүрек дүрсілі немесе іш ауруы деген сияқты. Сондықтан жан әлемінде болып жатқан түрлі күйлерді тән арқылы, денеге назар аудару, оған көңіл бөлу арқылы шешуге және көмектесуге болатыны куантады.Әрине, қазіргі таңда физикаға көп назар аударудың тағы бір себебі ол жаппай комфорт өмір сүруіміз. Яғни өмір сүру салтының өзі қимыл қозғалысты қажет етпейді. ол компьютер алдында күні бойы жұмыс, жаяу жүрісті автокөліктер мен қоғамдық транспорттар ауыстырды. Үйдің ішінің өзінде автоматтандырылған құрылғылар физикалық белсенділікті қажет етпейді, бар болғаны саусақ жұмысы десек болады.

Егер пренатальды гимнастикаға ешқандай қарсылық болмаса, күн сайын кем дегенде 30 минут айналысу ұсынады. Пренатальды гимнастика келесі жаттығулар жатады: кардио-тыныс алу жүйесін нығайту, бұлшықет тонусымен жұмыс, созылу, сондай-ақ, жамбас бұлшықеттерінің тонусын нығайтуға және арттыруға арналған жаттығулар. Нәтижесінде астыңғы бұлшықеттерді нығайтуға көмектеседі, бұл әсіресе жүктілік пен босанғаннан кейін жиі кездесетін мәселелердің бірі. Жүкті әйелдерге арналған гимнастика болашақ ананың қорғаныс механизмдерін арттырады, баланың дамуына жағымды әсер етеді, сонымен қатар бұлшықеттерді күшейтеді, денені физикалық белсенділікке бейімдейді, олар босану кезінде сөзсіз қажетті [22].

Депрессиялық белгілер жүктіліктің басында (бірінші триместр) пайда болатындықтан, дені сау жүкті әйелдерге арналған жаттығулар бағдарламасы неғұрлым ерте басталса, соғұрлым тиімдірек. Денемен жұмыс алдында акушерлік қарсы көрсетілімдер жоқ екендігіне көз жеткізу керек.

Осылайша, бұл мақала болашақ аналардың эмоционалды жағдайының маңыздылығын және оның болашақ ұрпаққа әсерін тереңірек түсінуге шақырады. Жүкті әйелдің эмоционалды үйлесімі болашақ баланың психикалық денсаулығының негізі бола алатындығы барған сайын айқын бола бастады. Бұл саладағы жаңалықтар болашақ аналарды жан-жақты қолдаудың маңыздылығын көрсетеді, бұл олардың әл-ауқатына ғана емес, болашақ ұрпаққа да назар аударады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Азарных Т.Д., Тартышников И.И. Психическое здоровье. – 2008. – С. 111.
2. Петров Ю.А., Решетникова В.В., Тарасова А.Ю. и др. Психологические особенности несовершеннолетних мам // Главный врач Юга России.— 2022.— №4 (85).— С. 69-73.
3. Перова Е.И., Стеняева Н.Н., Аполихина И.А. Беременность на фоне тревожно-депрессивных состояний // Акушерство и гинекология. – 2013. – №7. – С. 14–18.
4. Королева Н.Н. Психологическое здоровье во время беременности // Молодой ученый. – 2010. – Т. 2. №8 (19). – С. 119–121.
5. Петров Ю.А., Купина А.Д. Фетальное программирование— способ предупреждения заболеваний в зрелом возрасте // Медицинский совет. – 2020. – №13. – С. 50–56.
6. Басалаев Н. В., Гадельшина Т. Г., Иванова С. П. и др. Обзор исследовательских трендов психологических составляющих рисков невынашиваемости беременности // Научно-педагогическое обозрение. – 2017. – №2(16). – С. 21–30.
7. Guo S. H. The factors related to maternal-fetal attachment: examining the effect of mindfulness, stress and symptoms during pregnancy // Arch. Nurs Pract Care. – 2019. – V. 5 (1). – P. 1-7.
8. Ишбулдина А. А. Роль индивидуально-психологических особенностей в возникновении физиологической и осложненной беременности (обзор современных исследований) // Вестник магистратуры. – 2021. – №10-2 (121). – С. 97–98.
9. Howard L.M., Oram S., Galley H., et al. Domestic violence and perinatal mental disorders: A systematic review and meta-analysis // – 2013. – №10 (5).
10. Арндт И.Г., Петров Ю.А., Чеботарева Ю.Ю. Состояние новорожденных при психоэмоциональных нарушениях во время гестации // Российский вестник перинатологии и педиатрии. – 2022. – Т. 67. №4. – С. 170–171.
11. Zijlmans M.A., Riksen-Walraven J.M., de Weerth C. Associations between maternal prenatal cortisol concentrations and child outcomes: a systematic review // Neurosci Biobehav Rev. – 2015. – №53. – P. 1–24.
12. Еуров, В. Е. Профилактика перинатальных и послеоперационных осложнений методом психофизиоауто-тренинга при плановом кесаревом сечении // автореф. – 1991. – С. – 25.
13. Захаров, Р. И. Особенности психических расстройств при гестозах (клиника, психотерапевтическая коррекция, профилактика) // дис.канд. мед. наук / Р. И. Захаров. – 2001. – С. 127.
14. Коваль, И. П. Влияние психоэмоционального статуса и вегетативной регуляции беременных женщин групп высокого риска по перинатальным осложнениям на исход родов и состояние новорожденных. // автореф. дис. канд. мед. наук / И.П.Коваль –2000. – С. 24.
15. Куприянова И.Е., Ефанова Т.С., Захаров Р.И. Психотерапевтическая коррекция и реабилитация нарушений психического здоровья у беременных с угрозой невынашивания. // Неврология, нейропсихиатрия, психосоматика. –2014.– №4. – С. 46–50.
16. Tsigos C., Kyrou I., Kassi E. et al. Stress: endocrine physiology and pathophysiology. // review. In: Endotext. South Dartmouth. – 2000.
17. Есет Төлеш. Мақала «Қазақ жұктіліктің алғаш үш айын неге құпия ұстаған?» – 2019.
18. Gao L., Qu J., Wang A.Y. et al. Anxiety, depression and social support in pregnant women with a history of recurrent miscarriage: a cross-sectional study. // J. Reprod. Infant. Psychol. – 2020. – №38(5). – P. 497–508.
19. Singla D.R., Meltzer-Brody S.E., Silver R.K. et al. Scaling Up Maternal Mental healthcare by Increasing access to Treatment (SUMMIT) through non-specialist providers and

telemedicine.//A study protocol for a non-inferiority randomized controlled trial.– 2021. – №22(1). – P. 186.

20. Sánchez-Polán M., Franco E., Silva-José C., Gil-Ares J. Exercise during pregnancy and prenatal depression: a systematic review and meta-analysis. – 2021. – P. 12.

21. Pasha H., Faramarzi M., Chehrazi M. et al. Role of social capital and self-efficacy as determinants of stress in pregnancy. – 2021. – №33(3). – P. 301–306.

22. Бугаевский К. Особенности практического применения физической реабилитации во время беременности. – 2016. – С. 12–14.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЛИЦ МОЛОДОГО ВОЗРАСТА, СКЛОННЫХ К СОЗАВИСИМОСТИ

Клиническая психология, магистрант 2 курса **Старчикова А.**

Научный руководитель: к.психол.н. Кудайбергенова С.К.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби

Аннотация. В статье приведены результаты теоретико-эмпирического анализа феномена созависимости. Раскрыты личностные особенности лиц молодого возраста с разным уровнем созависимости на материале казахстанской выборки. Выявлено, что между группами лиц с разным уровнем созависимости существуют отличия по таким характеристикам, как невротичность, экстраверсия, открытость, выраженность в самосознании ранних дезадаптивных схем.

Ключевые слова: межличностные отношения, созависимость, уровни созависимости, схема-терапия, личностные характеристики.

Введение. Вопросы созависимости является одной из наиболее актуальных проблем в современной психологической практике. Близкие, значимые взаимоотношения являются важным аспектом жизненного мира каждого человека. Проблема созависимых отношений возникает тогда, когда зависимость одного человека от другого делает его несчастным, социально пассивным. Но грань, которая отделяет нормальную, конструктивную зависимость в близких отношениях от тягостной и давящей, достаточно тонкая и требует исследования.

Созависимость в семейной системе имеет тенденцию к расширению и саморазрушению, а также разрушению жизни других людей. Феномен созависимости как аддикции отношений активно рассматривался современными отечественными и зарубежными авторами, придерживающихся позиции, что созависимость представляет собой распространенное явление, оказывающее негативное влияние на физическое, эмоциональное здоровье человека, его духовное состояние и социальное развитие.

Состояние изученности проблемы. Среди авторов, которые изучали данный феномен можно назвать таких исследователей как С.В. Березин, Э. Гидденс, Е.В. Рязанкина, И.А. Шаповал, О.А. Шорохова, А. Шеронова, Р. Хемфельт, Ф. Минирт, Дж. Уанхолд и др. Тем не менее, созависимость остается одним из наименее изученных явлений в психологии, в частности это относится к исследованию индивидуально-психологических характеристик людей, склонных к аддикции в отношениях. Этот факт придает как теоретическую, так и практическую актуальность проблеме созависимости и изучению закономерностей ее формирования, а также проблеме психологической помощи людям, склонным к созависимому поведению.

Феномен созависимости в межличностных отношениях определяет эмоциональная зависимость одного человека от значимого для него другого [1]. Известные на сегодня концепции созависимости в близких отношениях описывают это явление с оценочных

позиций, а именно считают созависимость болезнью, навязчивым состоянием, деструкцией личности, полученным в течение жизни опытом аномального поведения, формирующимся из-за незаконченного исполнения какой-либо задачи (совокупности задач) личностного развития в раннем детском возрасте [2]. Состояние созависимости следует считать особенным, определяемым серьезной степенью озабоченности и проявляемой в высшей степени зависимостью разного рода от индивида либо неодушевленного предмета (в основном эмоциональная, но порой и физическая), что оказывает тормозящее влияние саморазвитие человека, усиливает реакции индивида на все окружающее его события, меняет выстраиваемые взаимоотношения [3].

К основным признакам личности созависимых относят низкий уровень самооценки, трудности с поддержкой и установлением собственных границ, неспособность к принятию ответственности и удовлетворению личных потребностей, соответствуют характеристикам человека с недифференцированным «Я» [5].

Обращаясь к анализу индивидуально-психологических свойств людей, предрасположенных к формированию созависимости, нужно отметить, что все они связаны с типическими, закономерно проявляющимися свойствами и характеристиками в поведении. Большинство созависимых личностей слабо осознают свои психологические границы и практически не имеют навыков в их определении и защите (психологические границы личности собственная психологическая территория, которая состоит из тела, чувств, мыслей, потребностей, убеждений и желаний личности.). Неясность внутренних психологических границ личности приводит к неспособности определять свои желания и потребности, адекватно оценивать возможность их реализации, а также к высокому уровню невротичности [6].

Для созависимой личности характерны такие особенности и механизмы психологической защиты, как заблуждение, отрицание, самообман; компульсивные действия; замороженные чувства; низкая самооценка; нарушения физического, а не только психического здоровья, связанные со стрессом [7]. Выделены следующие признаки личности, находящихся в созависимых отношениях: ригидность; жертвенность, низкая сопротивляемость стрессу; недоверчивость, скептицизм, агрессия, фрустрированность, отчужденность, тотальная ответственность; низкое самоуважение, противоречивость; размытые границы личности, низкая самооценка; пренебрежение собой [8]. Созависимой личности присущи: стремление все контролировать, чрезмерное внимание к жизни и потребностям важного ему человека, навязчивость, проблемы с коммуникацией в обществе, апатичность, скрытность, слезливость, ощущения вины, трудности в сексуальной жизни, подавленное состояние, мысли о самоубийстве, расстройства психосоматического плана, низкая самооценка.

В работе с людьми, склонными к созависимым отношениям, можно отметить значимость новых подходов к психотерапевтическому лечению таких пациентов, в число которых часто включают схема-терапию Дж. Янга, получившую широкое распространение в психотерапевтической практике. Этот подход, базирующийся на уникальной модели расстройств личности, ориентирован на трансформацию определенных внутренних мыслительных структур за счет восполнения неудовлетворенного психического состояния в рамках лечебного воздействия на психику [9].

Приведенный выше теоретический анализ исследований созависимости доказывает необходимость его эмпирического исследования, особенно у лиц молодого возраста (согласно классификации Всемирной организации здравоохранения, возраст 20-40 лет обозначается как «молодой»). В Казахстане подобные исследования практически не проводились, хотя востребованность из очень высокая и актуальная.

Цель эмпирического исследования – изучить психологические особенности лиц молодого возраста, склонных к созависимым отношениям

Объект исследования - созависимые отношения как психологический феномен.
Предметом исследования выступает связь между уровнем созависимости в межличностных отношениях и индивидуально-личностными характеристиками людей.

Общая гипотеза исследования: существует взаимосвязь между уровнем созависимости личности и личностными характеристиками лиц молодого возраста

Частные гипотезы:

- лицам с высоким уровнем созависимости людей свойственны повышенные значения показателей ранних дезадаптивных схем «Спутанность/неразвитая идентичность», «Покорность», «Подавление эмоций»;

- у людей с высокой созависимостью также высокий уровень невротичности и привязанности при низком уровне экстраверсии.

Методы исследования.

1. Шкала созависимости (Б. и Дж. Уайнхолд)

2. Опросник Янга

3. Пятифакторный опросник личности

Методы математической статистики: подсчет средних значений в группах, корреляционный анализ, регрессионный анализ

Выборку составили 60 человек в возрасте 20-40 лет.

Исследование проводилось посредством онлайн опроса через социальные сети.
Состав группы респондентов:

- Члены онлайн-сообщества «Родственники АА» (группа для членов семей резидентов реабилитационного центра «Открытие Казахстан») - 23 чел.;

- Члены онлайн-сообщества «Токсичные родители» (Toxic Parents) (в группе участники делятся историями, чувствами и победами на тему сложных отношений с родителями и их последствиями); - 9 чел.;

- Студенты бакалавриата и магистратуры КазНУ им. Аль-Фараби - 28 чел.

Результаты и их обсуждение

На первом этапе исследования мы разделили всю выборку на различные группы по степени выраженности у них созависимости, исходя из показателей «Шкалы созависимости».

Распределение результатов по степени созависимости исходя из показателей по «Шкале созависимости» (Б. и Дж. Уайнхолд, адаптация А.С. Кочарян, Е.В. Фролова, Н.А. Смахина) показало преобладание в выборке респондентов в статусе «Среднезависимые». (рис. 1).




Рисунок 1 – Распределение респондентов по степени зависимости

Далее мы изучили степень выраженности ранних дезадаптивных схем у лиц с разным уровнем выраженности созависимости.

Результаты «Схемного опросника» Дж. Янга (Young Schema Questionnaire) представлены в табл. 1.

Таблица 1 – Средние значения показателей респондентов из групп «Высокозависимые» и «Малозависимые» по 5-факторному опроснику

Показатели выборки	Невротичность	Привязанность	Контролирование	Открытость	Экстраверсия
Очень высокозависимые (N=6)	4,54±0,29	4,48±0,58	4,31±0,62	4,04±0,98	2,93±1,03
Высокозависимые (N=9)	4,05±1,03	4,25±0,58	4,49±0,62	4,18±0,98	4,40±0,29
Среднезависимые (N=30)	3,89±1,16	3,87±1,43	4,41±0,64	4,09±0,69	4,27±0,74
Малозависимые (N=15)	2,91±0,59	3,4±0,77	4,12±0,64	4,22±0,68	4,27±0,53

Результаты исследования различий личностных особенностей респондентов подтверждены с помощью методов математической статистики.

Полученные эмпирические значения по шкале «Невротичность» продемонстрировали статистически значимые связи между Очень высокозависимыми и Малозависимыми, Высокозависимыми и Среднезависимыми, а также между Высокозависимыми и Малозависимыми респондентами. Причем у малозависимых средний балл по шкале невротичности ниже, чем у очень высокозависимых, высокозависимых и среднезависимых.

Полученные эмпирические значения по шкале «Привязанность» выявили статистически значимые различия только между группами Очень высокозависимых и Малозависимых, следовательно делаем вывод о том, что в целом наблюдаемые различия статистически незначимы. Обнаружено, что значения по шкале «Контролирование» продемонстрировали статистически значимые различия между Высокозависимыми и Среднезависимыми, а также между Высокозависимыми и Малозависимыми респондентами. При этом следует учитывать, что уровень (средний балл) контролирования у малозависимых ниже чем у высокозависимых.

Полученные эмпирические значения по шкале «Открытость», продемонстрировали статистически значимые различия между Высокозависимыми и Среднезависимыми, а также между Высокозависимыми и Малозависимыми респондентами. Также отметим более высокий уровень открытости у малозависимых респондентов, в сравнении как с высоко- так и со среднезависимыми. Эмпирические значения по шкале «Экстраверсия» продемонстрировали статистически значимые различия между всеми группами респондентов. Тем самым, подтвердилось, что уровень экстраверсии у малозависимых респондентов выше, чем у среднезависимых, и значительно выше, чем у высокозависимых и очень высокозависимых.

В процессе корреляционного анализа был выявлен ряд достоверных статистически значимых взаимосвязей. Можно говорить о прямой сильной связи между показателями созависимости и:

- шкалы «Спутанность/неразвитая идентичность» ($r = 0,665$);
- шкалы «Покорность» ($r = 0,7$);
- шкалы «Подавление эмоций» ($r = 0,679$) (рис. 2).




Рисунок 2 – Корреляционная плеяда взаимосвязи показателей созависимости с некоторыми шкалами схемного опросника Янга

Представленная плеяда подтверждает сформулированную нами гипотезу: зависимым людям свойственны повышенные значения по психологическим схемам «Спутанность/неразвитая идентичность», «Покорность», «Подавление эмоций».

В результате эмпирического анализа получены тесные корреляционные связи между показателями созависимости и тремя шкалами 5-факторного опросника:

- прямую - между созависимостью с одной стороны и невротичностью ($r=0,505, p<0,01$) и привязанностью ($r=0,443, p<0,01$) – с другой стороны;
 - обратную - между созависимостью и экстраверсией ($r=-0,454, p<0,01$).
- результатами теста созависимости и 5-факторного опросника (рис. 3).



Рисунок 3 – Корреляционная плеяда взаимосвязи показателей созависимости со шкалами 5-факторного опросника

Тем самым, подтверждено, что у лиц с высокой созависимостью также высокий уровень невротичности и привязанности при низком уровне экстраверсии.

Наилучшим образом тенденцию влияния некоторых шкал Опросника Янга на склонность к созависимым отношениям отражает линейная модель с наибольшим коэффициентом детерминации и наименьшей ошибки аппроксимации. Регрессионный анализ позволил констатировать, что:

- наибольшим влиянием среди всех шкал Опросника Янга на созависимость обладают покорность и подавление эмоций;
- наибольшим влиянием среди всех шкал 5-факторного опросника на созависимость обладают невротичность и привязанность (в прямой связи), а также открытость и экстраверсия (в обратной связи).

Полученные данные согласуются с коэффициентами корреляции, установленными при корреляционном анализе.

Выводы

1) Проанализировав существующие подходы к феномену созависимости, мы пришли к выводу, что четкого, единого толкования понятия до сих пор не выработано. Исследователи предлагают различные определения, которые подчеркивают ту или иную сторону созависимости.

2) Согласно современных представлений, созависимость рассматривается как крайняя по степени тяжести, болезненная эмоциональная зависимость индивида от важного для него человека. В большинстве своем ученые и исследователи считают, что первые ростки появления и развития созависимого поведения идут из детства, такой ребенок воспитывается в дисфункциональной семье. Созависимое состояние проявляется по-разному, оказывая сильное влияние на все области человеческой жизнедеятельности, ценностные установки и личную жизнь.

3) Данные эмпирического исследования индивидуально-личностных характеристик лиц с разным уровнем созависимости позволили установить статистически достоверные различия между показателями: очень высокозависимых и малозависимых лиц по шкалам «Привязанность» и «Невротичность», по шкале «Экстраверсия»; очень высокозависимых и средnezависимых – по шкалам «Невротичность» и «Экстраверсия»; высокозависимых и средnezависимых респондентов по шкалам «Контролирование», «Открытость», «Экстраверсия», «Невротичность»; показателями высокозависимых и малозависимых респондентов практически по всем шкалам; показателями малозависимых и средnezависимых респондентов по шкале «Экстраверсия».

4) Наибольшие различия между указанными группами установлены по показателю «Экстраверсия». Наименее развитыми у малозависимых респондентов по сравнению с остальными группами оказались социальные навыки открытости и экстраверсии, наиболее – факторы привязанности и невротичности. В процессе корреляционного анализа был выявлен ряд достоверных значимых взаимосвязей между показателями созависимости со шкалами «Спутанность/неразвитая идентичность», «Покорность», «Подавление эмоций», высокий уровень невротичности и привязанности при низком уровне экстраверсии у респондентов с высокой созависимостью.

5) Методом регрессионного анализа установлено, что наибольшую связь имеет созависимость с покорностью и подавлением эмоций (среди всех шкал Опросника Янга); с невротичностью и привязанностью (в прямой связи), а также открытостью и экстраверсией (в обратной связи) (5-факторный опросник). Полученные данные согласуются с коэффициентами корреляции, установленными при корреляционном анализе. В работе также сформулированы практические рекомендации, направленные на психологическую коррекцию склонности людей к созависимым отношениям.

Список использованной литературы:

1. Schaeff, A.W., Co-Dependence: Missunderstood and Mistrusted, Harper & Row, San Francisco. - 1986
2. Уайнхолд, Б. Освобождение от созависимости / Б. Уайнхолд, Дж. Уайнхолд. – М., 2003.
3. Wegscheider-Cruse S. Choice-making for co-dependents //Adult children and spirituality. – 1985.
4. Pryor E. C. F., Haber L. C. Codependency: Another name for Bowen's undifferentiated self //Perspectives in Psychiatric Care. – 1992. – Т. 28. – №. 4. – С. 24-28.
5. Minirth F. et al. Love hunger. – HarperChristian Resources, 2004.

Андатпа: Қазіргі қазақстандық қоғам мәдени құндылықтарды қайта қарастыру процесін бастады және заманауи түркі дүниетанымын қалыптастыру үшін этникалық және мәдени тәжірибелерді іздеуді бастады. Заманауи мәдени прогрестің жаңа идеяларын іздеуде қоғамның заманауи талаптарына оңай бейімделетін құндылықтар ең өзекті болып табылады. Бұл зерттеу қазақ қоғамының қазіргі саяси құндылықтарына әсер еткен түркі дүниетанымының этникалық, саяси, мәдени, діни және экономикалық факторларын анықтауға бағытталған. Зерттеуде түркі әлемінің әлемдік саясатқа жинақталған ықпалы бағаланады.

Кілт сөздер: түріктер, саясат, құндылықтар, экономика, қоғам, мәдениет.

Бүгінгі таңда түркі дүниетанымы түркі халықтарының салыстырмалы түрде қысқа мерзімдегі экспансиясы мен олардың батысқа қарай жылжуы негізінде зерттелуде. Түркі қоғамының негізі мифтер мен аңыздарда бейнеленген көшпелілер мәдениеті деп саналады. Түркі халықтарының аңыздары мен эпостарын зерделей отырып, ақпараттың уақыт аралықтары бойынша кенеттен болуы туралы қорытынды жасауға болады. Бүгінгі таңда «Халықаралық Түркі ұйымы» түркі тарихын қайта жаңғыртудың толық ауқымды ұйымын жүзеге асыруда. Өзара ынтымақтастықтың негізі ұйым мүшелері үшін ортақ ұлттық және этникалық тамырлар болып табылады. Ұйымның мақсаты – түркі әлемін ортақ философиялық идеялар негізінде біріктіру және дамыту [1].

Түркі дүниетанымының әлемдік мәдениеттен негізгі айырмашылығы – көшпелі мәдениеттегі қоғамдық құрылыс. Көшпелілер мәдениеті қазіргі Қазақстан аумағында мыңдаған жылдар бойы қалыптасып, қазақтар мемлекеті ретінде өзінің мемлекеттілігіне XV ғасырда Қазақ хандығының құрылуымен жетті. Орта ғасырларда жүздік-тайпалық жүйе негізінде мемлекет құру үлкен қашықтықта қоғамды тиімді басқаруға, қаржылық және әскери ресурстарды тиімді бөлуге мүмкіндік берді. Туыстық байланыстар бүгінде мемлекеттік жүйеде өзекті емес, соған қарамастан қазақтардың көпшілігі өз тамырын, руын, ата-тегін біледі. Саяси партиялар, мысалы, партия мүшелерінің, ру-тайпалық сәйкестік бойынша депутаттардың құрамын кезеңді түрде зерделейді. Олай болса, қазақ қоғамының жеке тұлға мен қоғамның дәстүрлі құндылықтарын сақтап, түрлендіріп отырғанын байқауға болады. Қоғамның саяси санасының өсуі саяси құндылықтарды қалыптастыру қажеттілігін туғызады. Осындай қайта құру идеясының бірі – қазақ қоғамы руға бөлінбейді, рудан тұрады. Түсіндірудің мұндай қарапайым өзгеруі халықтың қоғам ретінде тұтастықты сақтауға деген шынайы ұмтылысын көрсетеді. Осылайша қазақ қоғамы түркі әлемінің бір бөлігі бола отырып, өзінің ұлттық болмысын сақтайды.

Орталық Азия түріктерінің саяси құндылықтарына әсер еткен маңызды фактор – дін. Түркілердің ежелгі билеушілерінің идеологиялық дағдарысы қоғамды нығайтып, мемлекеттің дамуына бағыт-бағдар бере алатын діни догмалардың дамуына әкелді. Тәңіршілдік табиғатқа жақын болды және көшпелілердің Ибраһимдік діндердің қатан діни шеңберіне енбеуіне мүмкіндік берді [2]. Намаздан азат болуға және Ибраһимдік діндердің қатал негіздеріне қарамастан, билік үшін күресте түрік билеушілері дінді пайдаланып, өз жағына одақтастарды тартты. Сонымен христиандық пен исламның идеялары дала мемлекеттерінің аумағына ене бастады. Христиандықтың енуі айтарлықтай табысқа жете алмады. Христиан діні түркілердің дәстүрін қабылдай алмай, кең тараған жоқ. Ислам өз кезегінде түркі әлемімен көршілес мемлекеттерде ұзақ уақыт өмір сүрді және Дешті Қыпшақ аумағына біртіндеп енуі болды. Мұсылман сенімінің классикалық тіректері дала түркілерінің діни түсініктерінен онша ерекшеленбеді, ал Тәңіршілдік ұғымы ислам дінін уағыздаушылар тарапынан түсіндіріле бастады. Олардың өзіндік идеяларының дағдарысы көшпелі мемлекеттердің территориясына исламның сіңуіне әкелді. Отырықшы мәдениет исламды тез қабылдап, енді көшпелілердің бүкіл аумағын басып алуға ұмтылды. Алайда ғалымдар ислам діні Қазақстан аумағында 18 ғасырдың аяғында ғана дін ретінде түпкілікті орныққанын атап өтеді. Мәдениет пен діннің синтезі бақсылардың әдет-ғұрыптардан бұрын Аллаға, содан кейін ата-бабаларына бет бұруына әкелді. Дін түріктердің саясатына қозғаушы күш ретінде әсер етті. Бір кездегі бір-біріне ұқсамайтын рулар мен халықтарды ортақ діни идея біріктірді. Бүгінде Қазақстан және басқа да түркі мемлекеттері діни негізде зайырлы. Қазақстан халқының басым бөлігі ислам дінін ұстанады. Ислам бүгінгі таңда басқа ислам мемлекеттерімен қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін маңызды саяси құрамдас болып табылады. Түркі мемлекеттері халықаралық ұйымдарға діни негізде емес, мәдени-генетикалық негізде бірігуде.

Түркі халықтарының әлеуметтік құрылымы бір-бірінен ерекшеленеді. Кейбір халықтар біртекті, кейбіреулері көпмәдениетті композиция түрінде берілген. Қазақстан қоғамы көп мәдениетті. Қоныс аудару дәуірі, сондай-ақ Кенес Одағы дәуірі қазақстандық қоғамның құрамында өз ізін қалдырды. Қазақстанда әртүрлі ұлттар мен ұлттардың өкілдері тұрады. Ел конституциясы титулды ұлтты бөліп көрсетпейді және елдің барлық азаматтарына тең. Халық құрамының сан алуан болуына байланысты көпвекторлы саясат пен көпмәдениеттілік саясаты ел саясатының негізіне айналды. Ежелгі көшпенділерді тату көршілік қарым-қатынас пен көпмәдениетті қоғамға міндеттеген өмір салты Қазақстанның қазіргі саясатында көрініс тапты.

Мемлекеттің ең өзекті басымдығы – ұлттық бірлікті нығайту. Мұндай вектор қазіргі заманғы әскери қақтығыстар фондында бұрынғыдан да өзекті. Қазақ қоғамы өз ұстанымдарын патриоттық сезімге, өзара төзімділікке, бір-бірінің еркіндігін құрметтеуге тәрбиелеуге құрды. Бүгінгі таңда Қазақстанда 140-тан астам этностар тұрады, бұл этностардың көпшілігі республиканың барлық аумағында қоныстанған және белгілі бір кезеңде жерсіндірілмеген [3]. Бейбітшілік пен бір-біріне деген құрмет – көп ұлтты қоғамның дамуының қажетті факторлары. Қазақ қоғамы тыныштықты интуитивті түрде сақтайды, өйткені ол дала кеңістігінде мемлекеттілік қалыптасудан көп бұрын жасалды. VII ғасырда түркі болмысы қалыптасқаннан бері Қазақстанның қазіргі аумағын әр түрлі рулар мекендеген, олар кейін барлығына тең мүмкіндіктер құра алатын біртұтас қоғам мен мәдениетті қалыптастырды. Ұлы Жібек жолы арқылы басқа мәдениеттермен тұрақты өзара әрекеттестік Орталық Азия аумағында этникалық бірегейлік емес, әртүрлі ұлт өкілдері Орталық Азия мәдениетімен байланыстыратын мәдени бірегейлік қалыптастырды.

Ортағасырлық түркі халықтарының шаруашылығының негізін мал шаруашылығы мен қолөнер, көрші мемлекеттермен сауда құрады. Кеңестік кезеңдегі қоғамның дамуы өндіріс пен ресурстық орталықтардың қалыптасуына әкелді. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан экономикасы шикізаттық, ауылшаруашылық және өндірістік болып бөлінді.

Қазіргі Қазақстан – күрделі нарықтық экономикасы бар дамыған мемлекет. Қазіргі заманғы экономика жағдайында Қазақстан басқа дамушы елдермен қатар өзінің өндірістік қуаттарын дамытуға ұмтылуда. Қазақстанның ресурстық экономикадағы маңызы зор. Қазақстанның ірі мұнай ресурстары, сонымен қатар бағалы, сирек жер және кара металдар қоры, уран қоры бар. Қазақстан теңгерімді экономиканы дамытуда және халықаралық қауымдастықпен экономикалық байланыста. Қазақстан өз ресурстарын саяси қысым жасау тұтқасы ретінде пайдаланбайды, бірақ өзара тиімді экономикалық келісімдерге басымдық береді. Қазақстан экономикасында ауыл шаруашылығының алатын орны да зор. Қазақстан ауыл шаруашылығы өнімдерін көрші елдерге, негізінен Қытайға экспорттайды.

XX ғасырдың аяғында дүние жүзінің саяси картасында жаңа түркі мемлекеттерінің пайда болуы түріксоп халықтары арасындағы қарым-қатынасты әлеуметтік, саяси және экономикалық, сондай-ақ мәдени жағынан да күшейтті. Себебі мәдениет және өнер салаларына қол жеткізіліп, бірлескен үлкен жетістіктердің болуы кездейсоқ емес. Саяси және идеологиялық себептерге байланысты түркі халықтары арасындағы қарым-қатынастар ұзақ уақыт тілі, діні, тарихи тамыры, дәстүрі бір болса да кедергілер болды, жаңа кезеңде түркі халқы арасындағы қарым-қатынастың даму үрдісі оңды сипат алды. Түркі халықтарының мәдени құндылықтары түркілердің қауым болып қалыптасу дәуірінен бастау алады. Мәдени құндылықтар - бұл бір-бірімен тығыз байланысты адамдардың өнерінің, дәстүрлерінің және наным-сенімдерінің ерекшеліктері. Қазақ қоғамындағы дәстүрлер күнделікті өмірдің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады [1]. Қазақтар ежелден шығармашылықтың элементтері болып табылатын халық ертегілері мен аңыз-әңгімелер арқылы өз салт-дәстүрін жеткізсе, сонымен бірге қазақ дәстүрлерінің көпшілігі ертедегі көшпелі тайпалардың мәңгілік аспанға деген сеніміне құрылған.

Қоғамның саяси санасының дамуы түркі әлеуметтік құндылықтары негізінде белсенді дамып келе жатқан қазақ қоғамы үшін мәдени бірегейлікті қалыптастыру қажеттілігін туғызды. Қазіргі билеуші қазақ элитасы еуропалық елдердің көпшілігі сияқты билікті конституция мен қос палаталы парламенттік жүйеге негіздеп отыр [4]. Дегенмен, қазіргі саяси қазақстандық қоғам көп қырлы және саяси құрылымға заңды түрде ықпал ететін көптеген қарама-қарсы күштерге ие. Көп сызықты қуатқа құрылған, халық тікелей билікке бет бұрған түркі дәстүрлі құрылғысы, «Тыңдаушы мемлекет» қағидасы қоғамның түркі құндылықтарын білдіреді. Осылайша, түркі қоғамының идеялары Қазақстанның қазіргі саяси дамуында дамып, қолданылды [5].

Демек, Қазақстан мен көршілес түркі мемлекеттерінің саясатындағы түркі дүниетанымының маңызы зор. Қазақстан мүше болып табылатын Түркі мемлекеттері ұйымы үлкен аймақты бақылайды. Turkic Council маңызды экономикалық және саяси ықпалға ие. Қазақстан халықаралық сауда үшін стратегиялық маңызды аумақта орналасқан, бұл мемлекетті Қытай сияқты гегемон елдер үшін маңызды стратегиялық серіктес етеді. Түркі мемлекеттерінің сенімді көшбасшылары, саясаттағы меритократияның заманауи принциптері мемлекеттердегі демократиялық процестерде күмән тудырмайды. Түркі мемлекеттері көбінесе шиеленістерді шешудің және аймақтағы саяси және әскери тұрғыдан бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтудың құралы ретінде әрекет етеді. Түркі мемлекеттерінің жалпы экономикасы 1 триллионнан асады. доллар жылына. Түркі мемлекеттерінің экономикасы бір-бірімен бәсекеге түспейді, әр түрлі бағыттар бар. Заманауи саяси байланыстар түркі мемлекеттерінің саяси және экономикалық ықпалын күшейте отырып, бірлескен жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді. Түркі мемлекеттерінің тығыз байланысына қарамастан, әрбір түркі мемлекеті ерекше және өзіндік саяси құрылымымен басқарылады [6]. Түркі мемлекеттерінің көпшілігі президенттік республикалар, әр елде парламенттің ықпалы әртүрлі. Қазақстан соңғы жылдары президент билігін шектеп, парламенттің өкілеттігін арттырды. Халықаралық аренада Қазақстан саяси процестерді демократияландыруға

деген ашық ұмтылысының және халықаралық қауымдастыққа ашықтығының арқасында ықпалға ие болуда. Мысалы, Астанада Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Түркі мемлекеттері ұйымының мерейтойлық X саммиті өтіп, Президент жоғары деңгейдегі жиынға қатысу үшін түркі халықтарының қасиетті қара шаңырағы – Қазақстанға арнайы келген мемлекеттер басшыларына айрықша ілтипат білдіре отырып, еліміздің бастамасымен құрылған Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі қазір толыққанды, беделді халықаралық ұйымға айналғанына назар аударды. – «Түркі әлемінің келешегі – 2040» атты құжат бекітілді. Ең бастысы, бауырлас елдердің бірлігін бекемдей түстік. Ортақ құндылықтарымызды төрткүл дүниеге таныттық. Біз бабалар өсиетін орындап, түркі елдерінің ынтымағын нығайтып келеміз. Ендігі мақсат – өзара сенімге және бауырластыққа негізделген бірлігімізді сақтап, өскелең ұрпаққа табыстау. Түркі әлемі жаһандық ықпалы бар елдермен тең дәрежеде қарым-қатынас жасап отыр. Басқа мемлекеттер біздің ұйымның ұстанымдарына баса мән беретін болды. Сондықтан түркі халықтарының ықпалдастығын арттыра түсу – бәрімізге ортақ міндет, – деді Мемлекет басшысы. Президент еліміздің Түркі мемлекеттері ұйымын одан әрі дамытуға мүдделі екенін айта келіп, Қазақстанның Ұйымға төрағалығы «Түркі дәуірі!», яғни «TURKTIME!» ұранымен өтетінін мәлімдеді. Бұл ретте Мемлекет басшысы еліміздің салт-дәстүр (Traditions), біріздендіру (Unification), реформалар (Reforms), ғылым (Knowledge), сенім (Trust), инвестиция (Investments), медиация (Mediation) және энергия (Energy) атты сегіз мәселеге басымдық беретінін атап өтіп, олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталды. Қазақстан көп векторлы сыртқы саясат ұстанғанымен мемлекеттік және ұлттық деңгейдегі басымдықтар да жоқ емес. Оның бірі еліміздің түркі әлеміндегі ынтымақтастық бастамалары деуге болады.

Түркі мемлекеттерінің интеграциясы тереңдеген сайын Ресей, Қытай секілді алып көршілеріміздің оған сын көзбен қарап, кері ықпал етуі мүмкін екенін де жоққа шығаруға болмайды. Бұл мемлекеттер үшін Орталық Азиядағы түркі мемлекеттері стратегиялық әріптес және олардың «ықпал ету» аймағы ретінде есептеледі. Сондықтан бұл елдердің дербес интеграциялық ұйымға бірігуі, бұл аймақта НАТО-ға мүше Түркия Республикасының ықпалға ие болуы ұнай қоймасы анық. Сонымен қатар, аталған державаларда көптеген түркі этностарының өмір сүріп жатқанын, интеграциялық жобалардың оларға да белгілі бір деңгейде ықпал ететінін ескерген жөн.

Сондықтан ықпалдастық үрдістері кезең-кезеңімен, сондай-ақ мәдени, рухани салаларды терең жақындастыру арқылы жалғаса бергені өнімді болмақ.

Қазақ елі – түркі әлемінің қара шаңырағы, яғни қасиетті мекені. Қара шаңырақта отырған әулеттің жауапкершіліктері болатындай, қазақтардың да түркітестес бауырлары алдында жауапкершілігі бар екендігін ұмытпауымыз керек. Бұл жауапкершілік қазақ халқының өзінің ата мұрасы, тарихи жәдігерлері, тілі мен салт-дәстүріне ие болуды, оларды жаңа заман талабымен үйлестіруді керек етеді. Мықты елдің биік рухы болатынын ескерсек, елдігімізді жаңа ұрпаққа жеткізуіміз үшін ата-бабамыздың рухани мұрасына ие болып, оны жаңғырта түсуіміз керек.

Қорытынды

Әлемдік қоғамдағы саяси құндылықтар халықтың мәдени қажеттіліктері негізінде қалыптасады. Түркі мемлекеттерінің халқы өзінің төл болмысын, түркі болмысын сақтап қалды. Түркі мемлекеттері өзара тиімді ынтымақтастық пен мәдени болмысын сақтау ұйымын құрды. Бүгінгі таңда түркі әлемі әлемдік экономикада, мәдениетте маңызды рөл атқарады және бірқатар мемлекеттердің саяси құндылықтарын қалыптастырады. Қазақстан түркі болмысымен қалыптасқан мемлекет ретінде ұлттық құндылықтарға негізделген саясатты құруда. Мәдени және дәстүрлі құндылықтар мемлекеттің саяси қатынастарына әсер еткен экономикалық құндылықтардың қалыптасуына елеулі әсер етті. Саяси құндылықтарды қалыптастыруда діни сенім де маңызды рөл атқарады. Қазақстан зайырлы мемлекет болғанымен, елімізде ислам діні кең тараған және ислам мемлекеттерімен қарым-қатынасты дамытуға мүмкіндік береді. Мәдени аспект

мемлекеттің саяси көзқарасында көпмәдениеттілік принципін қалыптастырып, халықаралық қауымдастықпен қарым-қатынастың дамуына ықпал етті. Қазақстандағы түркі дүниетанымы қалыптастырған саяси құндылықтар мемлекеттің аймақтық және халықаралық саясат пен экономикада маңызды рөл атқаруына мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аватков В. А. Тюркский мир и тюркские организации //Мировая политика. – 2018. – №. 2. – С. 11-25.
2. Женис Ж. Ж. Тюркская государственность и мировые религии //Наука и новые технологии. – 2009. – №. 7. – С. 156-157.
3. Жетпысбаев С. К. Этнополитика Казахстана: к единству через многообразие //Вопросы политологии. – 2021. – Т. 11. – №. 3. – С. 791-803.
4. Инджиголян А. А., Ескожин Е. Б. ЕДИНСТВО И КОНСОЛИДАЦИЯ НАЦИИ КАК УСЛОВИЕ УСПЕШНОЙ РЕАЛИЗАЦИИ ЦЕЛЕЙ И ЗАДАЧ ПРОГРАММЫ" РУХАНИЖАНҒЫРУ" //Научный форум: юриспруденция, история, социология, политология и философия. – 2019. – С. 42-48.
5. Айтымбет З. М. ПРИОРИТЕТЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ ПО ФОРМИРОВАНИЮ «СЛЫШАЩЕГО ГОСУДАРСТВА». – 2021.
6. Парубочая Е. Ф. Интеграция тюркского мира на современном этапе //Манускрипт. – 2016. – №. 6-1 (68). – С. 147-151.
7. ҚазҰУ хабаршысы. Саясаттану сериясы-№1-2006 ж.

ӘЛ-ФАРАБИ – ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ

Философия мамандығының 2-курс магистранты **Сансызбай Д.Қ.**

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д, профессор. Ғабитов Т.Х.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Аңдатпа: Қазақ даласы көптеген ғалымдарды тудырған өлке. Сол ғұламалардың ішінде әлемдік деңгейде танылған тұлғаның бірі ол әл-Фараби. Сантүрлі ғылым салаларды меңгерген Фараби ұлы даланың төсінен шыққан дара тұлға болды. Шығыс пен Батысты тәңгі еткен ғалым, философ Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» деген атаққа ие болған, өз ғасырының кеменгері. Оны басқалардан ерекшелеп, дара еткен оның терең, әрі мағыналы философиялық ойлары еді. Әл Фараби мұсылмандардан шыққан философ болғандықтан ол жаратушының күшін және оның ақиқатын ашуда көптеген еңбектер жазған. Оның өзі және жазған еңбектері біздің күнімізге дейін зерттелуде және әлі де зерттеле бермек. Бұл ізденістер Әл-Фарабидің әлемі кең екенін аңғартады. Әл - Фараби үлкен дәрежедегі ғалым болғандықтан оны біздің елден шыққан дейтін әртүрлі таласты пікірлер бар. Фарабидің тұлғасы арқылы әлем оның туып өскен жерінде танитыны анық. Сондықтанда болса керек жоғарыда айтқанымыздай оның есімін өздеріне телітін елдер кездеседі. Олардың әрқайсысының өзіндік дәлел-дәйектері де бар. Бірақ Әл-Фарабидің қазақ даласынан шыққаны анық екендігіне ғалымдарымыз бұлтартпас дәлелдерді келтіріп нүктесін қойған. Ғылыми жұмыстар жасалған сайын Фарабидің жаңа қырлары танылып оқырманға жол тартуда. Бізде осы азғантай зерттеуімізде оның дара тұлға екенін өскелең ұрпақтың санасына қалыптастыруға өзіндік үлесімізді қосамыз деген ойдамыз.

Кілт сөздер: әл -Фараби, дара тұлға, қазақ, Отырар,ақиқат, әлемдік

Әлемді мойындатқан қазақтың топырағынан шыққан ұлы даланың дара тұлғасы болған Әл-Фараби 870 жылы Отырар қаласында өмірге келген. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Отырардың со кездегі ескі атауы Фараб болатын. Фараб қазіргі

кезде Оңтүстік Қазақстан жерінде. Андатпада айтып өткенімздей ол кісінің туған өлкесі жайында талас-тартыстар барын айтып өткен болатынбыз. Сондықтан бірінші кезекте соған тоқталып өтсек.

Әлемде Фараб атты төрт қала бар. Әл-Фараби осы қалалардың кез келгенінен шыққан болуы мүмкін. Олар: Ауғаныстандағы Фәрайаб провинциясы, екіншісі – Түркіменстандағы Шарджой, тарихи аты – Фәрайаб, Самарқан облысында Фараб деген қалашық. Төртіншісі – біздің Фараб. Бұл үшеуінің жазылуы да оған сәйкес келмейді. Себебі оларда «е» әріпі бар, яғни Фараб емес, Фәрайаб деп оқылады. Ал, Самарандағы Фарааб деп оқылады. Біздің Фарабтың жазылуы ғана ғалымның ныспысына сай келіп тұр.

Араб ғалымдары еңбектерінде Фараби Түркістан өлкесіндегі, Сырдария жағасындағы Фараб өлкесінде туылған деп анық жазылған.

Тағы бір зерттеулерде әл-Фарабидің өзі 30-дан асып кеткен. 1997 жылғы зерттеуде 11 әл-Фараби бар екен. Қазір олардың саны 30-32 жеткен. Фараби аттас тұлғалар көп болғанымен соның ішіндегі бірегей дара тұлға ол қазақ даласынан шыққан Әбу Насыр әл-Фараби екені анық.

Өзінің шын есімі – Мұхаммед, әкесінің аты – Мұхаммед, атасының аты – Тархан, бабасы – Ұзлағ. Кей деректерде руының қаңлы-қыпшақ екені де айтылады. Әл-Фараби негізгі білімді өз жері Отырардан алған. Кейіннен білімінің негізін Бағдадта толықтырған.

Ұстаздары: Әбу Бишр Матта ибн Юнус, Әбу Бәкр ибн әс-Сирадж, Әли Юхан ибн Хайлан.

Шәкірті: Сирия әмірі Саиф ад-Дәула әл-Фарабиді өзіне ұстаз тұтқан.

Фарабидің артында қалған ғылыми еңбектерінің санын неміс ғалымы М.Штейшнейдер 117 десе, түрік ғалымы А.Атеш 160, ал тәжік ғалымы Б.Ғафуров 200 трактат деп көрсеткен.

Әлемге дәрігер, ақын, философ, музыкант ретінде танымал болған.

Замандастары оны: «Бойы орташадан төмен, үнемі түркі киімін киіп жүретін» деп сипаттайды. Оның ойлап тапқан аспап бүгінде қазақтың ұлттық аспабы домбыра көрінеді (Шапиян М.,2020:9-18).

Әл-Фараби алғашқы білім жолын Отырар қаласындағы медреселерінің бірінде алған. Өйткені, көне дәуірден қалған бір деректерге қарағанда, «Мауреннахрда балаларды түрлі қолөнер мен ғылымға үйрету, баулу, оқыту, олардың бес жасар кезінен бастау алатын болған». Ол кезде мұсылман әлемінің рухани орталығы Месопотамия болғандықтан, жас Әбу Насырды ата-анасы Таяу және Орта Шығыс елдеріне сапарға алдынала дайындайды.

Әл-Фараби – өздігінен оқып-жетілген ғалым. Ол, ең алдымен, грек ғылымын, оның философиясын, әсіресе, ұлы ұстазы Аристотельдің еңбектерін қызығып оқыған. Ибн Халиканның айтуына қарағанда, Әбу Насыр Аристотельдің «Метофизикасын» қырық, «Жан туралы» еңбегін жүз, ал «Риторикасын» екі жүз рет оқып шыққан делінеді.

Сондай-ақ, ол – парасаттылықты пен ағартушылықты жақтаған жіне оны дәріптеген үлкен гуманист. Әбу Насыр – халықтарды бейбіт өмір сүруге, ауызбіршілікке, достыққа шақыра отырып, адам баласының білім мен парасатты ойын терең бағалаған кеменгер дара тұлға [Серікбай О,2018:44 б].

Елден ерекше дара тұлға болу үшін басқа ғалымдардың ашпаған жаңалығын ашып оны дәлелдеуің керек. Фарабиды даралап тұрған бір көрінісі оның ашқан жаңалығы. Кейбір батыстық ғалымдар Әл-Фараби ешқандай жаңалық ашқан емес, тек грек ойшылдарының шығармаларын аударып жеткізген деген жаңсақ пікір айтады. Әрине Фараби грек философтарының шығармаларын терең зерттеп, оны одан арықарай жетілдірген. Шығыстанушы Әшірбек Муминов: « Фараби Платон еңбегіндегі қозғалатын «идеал» қала теориясын жетілдіріп, оны жүзеге асыруға талпынған.

Әл -Фараби кім деген уақытта ол кісі ислам әлемі өркениетінің алғашқы қатарында болған, ислам әлемінен шыққан үлкен ғұлама ғалым. Оның өзі ислам дінін ұстанған. Енді ойлаймын, әл-Фарабидің әкесі исламды қабылдаған деп. Бірақ арғы ата-бабалары ислам дінін қабылдап үлгірмеген [Әл-Фараби: Заман, Қоғам, Өркениет, 2020: 4].

Осы журналда жазылған мақаладан жоғарыдағыдай пікірді оқып қалдым. Ешқандай дәлел-дәйек келтірілмей менің ойымша деген сөздер қамтылған. Бұл тұста біз хронологиялық дәлел келтіріп өтсек. Ислам діні 7 ғасырда араб жерінде бастау алып әлемге жайылды. Әл -Фараби туылған уақыт пен Ислам діні бастау алған уақыт арасында 9 ғасырға жуық уақыт бар. Көпшілік тұрғыдан мойындалған дерек бойынша, Фараби 870 жылы дүниеге келген. 871, 873 деген даталар да бар. Енді 870- тен 7-ні азайтатын болсақ 863 жыл бар. Қазақ жеріне 9-ғасырда келді деп алсақ 870-тен 9-ды азайтатын болсақ 861 жылдық уақыт бар. Сондықтан Әл-Фарабидің әкесі ғана ислам дінін қабылдап үлгерді ал арғы ата-бабалары ислам дінін қабылдап үлгермеді деген жаңсақ пікір сияқты. Бұл орта ғасырда ислам діні өте күшті түрде әлемге кең таралғандықтан және түркі текті болғандықтан Әл-Фарабидің ата-бабалары ислам дінін қабылдауы мүмкін деген басым ойдың болғаны дұрыс сияқты.

Аңдатпада Әл-Фарабидің қай елге тиесілі екендігіне талас бар екендігін айтқан болатынбыз. Сол турасында да осы тұста айтып өтсек.

Әбдірашт Бәкірұлы: - 1976 жылы Фарабиге арналған конференцияға қатысқан. Ағжан Машани баяндама барысында біраз мағұлматтарды айтып өткен. Әл-Фарабиге байланысты таластар төрт жылдай болған. Ғалым Ағжан Машани Ташкентте баяндама оқыған. Өзбектердің Фарабиге байланысты ұстанымдары қайтқан. Жиында Фарабиді түркі халықтарының ортақ құндылығы ретінде тануға шақырған. Барлығы келіскенімен, өзбектер бұл көзқарасқа келіспеген. Машани елге қайтысымен Қонаевқа жолығып үлкен зерттеу тобын құру жөнінде сөйлеседі. Бірден зерттеу жөніндегі мықты, білікті шығармашылық топ құрылып жұмысқа кірісіп кетеді. 4 жылда Мәскеуден зерттеу еңбектері шығады. Осыдан кейін барып Әл-Фарабидің Отырардан шыққаны дәлелденген.

Төрәлі Қыдыр: Әл-Фараби кім дегенде ол ислам өркениетінің алдыңғы сабында тұрған үлкен ғалым. Осылай атағанымыз жөн. Оны кейде «Муалим сани» деп атап жатады. Ислам әлемінде бірінші емес, екінші болған дұрыс шығар. Ахмед Яссаудің де еңбегі «Дафтару сани». Медреседеде оқытылатын кітап «Муғали сани». Менің ойымша, бірінші орын бос емес. Өйткені бірінші орында – Жаратушының өзі.

Жақыпбек Алтаев: - Фараби дінді мойындайды. Өйткені ол кезде жүріп, дінге мойын ұсынбау мүмкін емес қой. Дүниені жаратуда Алла тағала бірінші себепші ғана дейді. Әрі қарай дүниенің жаралуына жақындатпайды. Әрі қарай табиғаттың заңдылығымен қарастырады. «Бұл дүниенің бақытын осы дүниеде көру керек», - дейді. Бұл сөзді көптеген адамдар түсінбейді. Дінге қарама-қайшы дейді. Қолжазбаларын қарайтын болсақ сөздің басын Алланың атымен бастайды. Ақиқатты танудың екі жолы бар дейді Фараби. Дін де ақиқатты танытады. Ол сену арқылы келеді. Ал философия дәлел арқылы жеткізеді. Имам Ғазали: «Фараби - мұсылман әлемінің ең мықты философы, ғұлама ғалымы», - деп баға берген. Имам Ғазали діни адам болса да, сынай отырып, соңында Әл-Фарабиге лайықты бағасын берген.

Ислам дінінде сурет салуға, музыкаға тыйым салса да, Әл -Фараби музыканың теориясын жазған адам емес. Ол музыканы өзінің ғасырындағы замандастарының сұрауы бойынша жазған екен. Ол «мен жазам, бірақ өзіме дейін жазған адамдардың қателігін жасамауым керек» деген ұстанымда болған. Біз Фарабидің музыка жөніндегі еңбеген көрдік. Бәрі жатқан формула. Оны ұғынып түсінудің өзі қиын.

Әл -Фараби дінді ұстанғанын тарихтан білеміз. Діндердің ішінде ислам дінін ұстанған. Оның айтқан көзқарастары мен кейбір еңбектерінен исламды ұстанғандығын білеміз. Мысалы, «Философияны үйренбестен алдын міндет болған нәрсе» атты трактатында былай дейді: «Аса Мейірімді және Рақымды Алланың атымен бастаймын

және Аллаға тәуекел еттім». Негізінде Әл-Фараби барлық трактаттарын Алланың атымен бастаған. Осы жерден-ақ ол кісінің ислам дінін ұстанғанын біле аламыз. Әл - Фараби қатардағы дінді ұстанушы ғана болып қойған жоқ. Діннің ішінде қамтылған кейбір салаларға өзіндік пікірін айтып өткен. Дін турасында Әл-Фараби осы бір еңбегінде айтып өткен. Ол еңбектің аты: « Мақалату фи ихса-у әл-улум» (Ілімдердің санағы атты шығарма).

Әл -Фарабидің әлем ғылымына қосқан үлесі өте мол. Көптомдық «Музыка туралы үлкен трактат» деген шығармаса әлемде көптеген тілдерге аударылған. Бұл трактат біздің күнімізге дейін маңызы өте жоғары болған.

Астроном және астролг ретінде де дәрежесі жоғары болған. Ол бұл ғылым салаларын арифметика, геометрия, музыка сияқты педагогикалық ғылымдар санатына қосқан.

Фараби тамаша дәрігер ретіндеде белгілі. Сол замандағы алхимия, ботаникаменминерологиямен айналысқан.

Фараби географияға көп назар аударған. Саяхатшы ретінде, Қазақ жері мен Орталық Азияның, Таяу Шығыстың, Африканың ғылыми және мәдени орталықтарында болған. Фарабидің Отырарда, Талас, Шаш, Самарханд, Хиуа, Бұхара, Кабул, Дамаск, Бағдат қалаларында болғаны құжат ретінде белгілі. Барлық елдер мен қалаларды жаратылыс зерттеушісі, географ және астроном ретінде зерттеп сол мекендерді қарастырған.

Өзінің бір еңбегінде «философияны оқыудан алдын табиғат туралы ғылымды игеру керек, өйткені бұл ғылым саласы адамға өте жақын, мәндері анық және түсінікті» деп жазған. Философия саласында ол өз замандастарынан озық болды. Оның негізгі ұстанған көзқарасы – роцианалдық еді. Оның өте керемет еңбегі «Даналықтың маржандары» атты трактаты 1000 жылдан бері Шығыс университеттерінің оқулық құралы болып жалғасып келеді [Ақмалай Д.Д, 654 б].

Физика саласында ғалымның керемет еңбегі «Вккум туралы» деп аталады. Мұнда ол табиғатта ваккум жоқ екенін ежелгі грек ғалымдарында сирек кездесетін экспериментке сүйенген логикалық қортындылар арқылы дәлелдеуге тырысқан. Бұл жерде ол вккум проблэмасымен қоса басқада физикалық әр түрлі мәселелерді қарастырған.

«Әлхимия өнерінің қажеттілігі туралы» атты тарктатында ғалым өз ғасырындағы химиялық білім-дағдыларды талдап, сарапқа сала келе, ол химиялық жалған қабыршағын ғылыми дәнін бөліп алып, оны бегілі бір зерттеу пәні бар жаратылыстану ғылымы қатарына қосады.

Кәлам өнері – дінді ашықтаушы онымен білдірген шекті істер мен ойлардың жеңісіне осы арқылы күш алатын бір қабілет және оған (дінге) қарсы келген әрбір нәрсені сөздермен жоққа шығарып тазалау. Бұл өнерде екі бөлімге жіктеледі: көзқарастар туралы және іс-әрекеттер жайындағы бөлімдер.

Бұл өнер мұсылман фиқһы емес. Өйткені фақиһ (мұсылман құқығының білгірі) дінді дұрыс ашықтаған адамнан іс-әрекеттерді және ойларды алады. Сонымен қатар оны негіз етіп тағайындап, міндетті болған нәрселерде терең бойлай зерттеу жүргізеді. Ал, мутакаллим (дін ілімінің білгірі) жоғарыдағы фақиһ негіз етіп қолданатын нәрселерді шығаруға көмек береді. Фақиһ басқа бір нәрселерге терең кірмей-ақ оны негіз етіп алады. Егер, адам осы екі іске бірдей күші жететін болса ол фақиһ мутәкаллим болып саналады. Оған діннің негізін ашып берген үшін мутәкаллим және ол негіздерді ала отырып терең зерттеу жүргізген адам фақиһ (Мансур И.,1991:41).

Діни сенімді қорғау әдістері мен көз-қарастарына келетін болсақ, діни ілімнің білгірлері оны былай есептейді: (түрліше)діни көз-қарастар мен қағидаларды (әдеттегі) адамдық көз-қарастармен, пайымдаулармен және интеллектімен қорғауға болмайды, өйткені тәңірлік аяндардан алынғандықтан, діни көз-қарастар неғұрлым биік сатыда тұр. Оның тағы бір себебі ол сенімдерде адам парасатының шамасы жетпейтін тәңірлік

құпиялар бар дейді. Нақ сол сияқты адам дінді аян беру жолымен ғана анықтай алады; бұл аянды ол өзінің интеллектісі арқылы тани алмайды, өйткені интеллект бұл үшін өте әлсіз. Егер адам өзінің білуімен және ақылымен терең зерттеумен мүмкіндікке қол жеткізсе аяның бір мағынасы және пайдасы болмай қалатын еді. Егер солай адамдардың барлығы ақылына сүйенсе оларға пайғамбарлыққа және уахиға қажеттіліктер болмай қалатын еді, бірақ бұл адамдардың қолынан келмейді, өйткені дін ұғындыратын ілімдерге біздің интеллектіміз жете алмайды. Тек бұл ғана емес, керісінше ақылымыз теріске шығаруға тырысатын расында біздің ойымызша өте қатты теріс болған оның пайдасы одан да жоғары болуы мүмкін. Сондықтан діннің келтіретіндері және интеллектінің теріске шығарындары және қиялдың негізсіз деп табатыны шындығында ұят та, сөгіс те болып табылмайды, қайта ол иләһи (тәңірлік) ақылдарда дұрыс болып табылады.

Әл-Фарабидің діни көзқарастарының қалыптасу мәселесін үш жақты қарастыруға болады:

1- Оның фәлсафасындағы Жаратушы (Аллаһ) мәселесі. Әл -Фараби өзінің «Ғылымдардың шығуы туралы» атты трактатында Жаратушы жайында: «Білгейсің, субстанциялар мен акциденциялардан басқа және сол субстанциялар мен акциденцияларды жаратқан мәңгілік жарылқаушыдан (Жаратушыдан) өзге ештеменің жоқ екені. Осыдан соң бұлардың жаратушысы бар ма әлде оны ешқандай жаратушысыз көзге елестету мүмкінбе дегеді қарастырамыз; Осыны зерттеу себепті Хақ Тағаланы танимыз.

2- Әл -Фарабидің діни ілімдегі пайғамбарлық мәселесі. Ол өзінің теологиялық ілімінде пайғамбарлық мәселесімен ерекше айналысты. Оған дәлел: «Расымен, қайсібір пайғамбар болсын, ол әрине – философ; оның керісінше болуы мүмкін емес» дейтін ұлағатты сөзі. Пайғамбарлар өз кезеңінде саяси, діни, әлеуметтік тұрғыда көшбасшы бола білді. Әл -Фараби пайғамбарлықты философтардан бір саты жоғары қойды. Өйткені, оның ойынша пайғамбар дегеніңіз өз болмысында тек ақылымен ғана байланып қалмай, өзіндегі интуитивті таным-түйсігімен Құдаймен тікелей байланыс орната алатындығы үшін пайғамбарды бүкіл философтан артық қойған.

3- Әл - Фарабидің әлем, дүние болмысы туралы көзқарастары мәселесі. Ойшыл дүниенің мәңгілігі, сондай-ақ мәңгі еместігі турасындағы ұстанымдардың кей кезде біріншісіне аса мән беріп, екіншісінен бас тартқан болатын. Сонымен қатар, Әл-Фараби сол әлемнің мәңгілігі жайлы идеяларды насихаттаушы Платон және Аристотельдің болмыс жөнінде жазылған еңбектеріне пікір қалдыруы және оларды бітістіру арқылы фәлсәфаның ислами сенімнің қақидаларына қарсы келмейтіндігін алға тартты. Әл -фарабидің Аристотель мен Платонның философияларын келістіруге итермелеген басқа бір себебі – исламдық дүниетанымға қайшы келетін Аристотель философиясының кейбір тұстарын Платонның философиялық ілімімен «жұмсартуға» тырысқан (Нұрсұлтан Б.,2023:187-189).

Иә, әл-Фараби өз заманының оза туған ғалымы, ойшылы, данагөйі ретінде басшы болатын адамның қасиеттерін әр тұрғыдан қарастырған. Басшыға лайық адамның тұтас келбетін көрсетеді. Ойшыл ел билейтін адамның қасиеттерінің бірі «адамның мүшелері мүлдем мінсіз болуға тиіс» деп жазады. Қазіргі заман тұрғысынан қарағанда ел билеушінің жұртты өзіне қаратып, тартып алатын қасиеті болуы шарт. Яғни, «харизматикалық» деген ұғымды білдіреді.

Данышпан, ойшыл «Өзі түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жақсы сақтайтын, бұлардан еш нәрсені ұмытпайтын болу керек» деп ескерткен.

Біздің жергілікті ғалымдар мен қарапайым халық Әл-Фарабиді жоғары бағалайтыны ол белгілі. Бұл ойшылды жан-жақты таныту үшін көптеген шараларда өткізіліп жатады. Оқу орындарының, үлкен даңғыл көшелердің, елді -мекендердің

атауының берілуінде ол кісінің қазақ халқы үшін алатын орыны ерекше екендігін көрсетеді.

Осы жерде біз әлемдік ғалымдар ол кісіге қандай баға бергенін айтып өтсек.

«Бүкіл мұсылман шығысының аса ұлы ойшылы Әл-Фараби өзінен бұрынғылар аса мән беріп айналыса алмаған көп мәселелер бойынша аса зор жұмыс тындырды. Бұл кемеңгер адам грек философиясының ең терең қырларына дейін бойлап, байыбына жеткен. Сондықтан да Шығыста философияны ғылыми зерттеуді шын мәнінде бастаушы кім дегенде, басқа ешкім де емес, тек соның есімі аталуы керек». А. МЮЛЛЕР

«Әл-Фараби Аристотельдің «Физикасын» – қырық рет, «Риторикасын» – екі жүз, «Жан туралы» атты кітабын – жүз рет оқыған екен. Неткен таңғаларлық еңбек!» ГЕГЕЛЬ

«Әл-Фараби көптеген сындарлы шығармалар туғызды. Фараби мұрасы ұшан теңіз және әр түрлі. Ол сол тұстағы бүкіл білім салаларын, этиканы, саясатты, психологияны, жаратылыстануды, музыканы оқып зерттеген!... Әл-Фараби тамаша математик болып, сол тұстағы теориялық медицинаның бүкіл қырларын жетік меңгерген. Ол музыка теориясы жөнінен көп еңбектер жазды. Композитор ретінде кеңінен танымал болды, жаңа музыкалық аспап шығарды». Е.Э. БЕРТЕЛЬС

«Ортағасырлық ғылым тарихында өзінің ауқымды ғылыми жұмыстары, терең әрі жан-жақты энциклопедиялық білімі жөнінен Әл-Фарабимен теңдесе алатын ғалымды табу қиын» П.Н. ФЕДОСЕЕВ

«Әл-Фарабидің өзінен кейінгі мәдениеттің дамуына, әсіресе Шығыс Орталық Азия, Қазақстан, Кавказ халықтарының мәдениеттеріне әсері жан-жақты әрі ұзақ болған еді». Б.Ғ. ҒАФУРОВ

Бұл айтылған бағамдар мен бағалар Фарабидің өте үлкен дәрежедегі дара тұлға болғандығын дәлелдейтін сөздер деп бағамдай аламыз.

Әл-Фараби айтқан екен....

Бір күні әлде кім Әбу Наср әл-Фарабиге тамаша болып толыса піскен алманы көрсетіп, сауал қойыпты: «Осы алманың бітім-болмысындағы жақсы қасиет не? Түсі ме, шырыны ма, дәмі ме, әлде бітімі ме?» Сонда әл-Фараби: «Бәрінен де оның ұрығы тамаша. Өйткені, осы алманың өзі сол ұрықтан өсіп шыққан және одан бүкіл бақ пайда болды ғой!» – деп жауап берген екен.

Ғылымның мәні туралы әңгіме өрбіген бір отырыста әл-Фарабиге «Данышпан кім?» деген сұрақ қойылыпты. Сонда әл-Фараби: – «Данышпан кім?» деген сұраққа мен алдындағы өмірін ұмытпаған кісі деп жауап берер едім. Менің алдым – тұңғыық. Бүгін халифаның қадірменді қонағы ретінде төрдемін. Егер сынықтан сылтау шықса, ертең көрдемін ғой. Ғылым мен сопылық біріне бірі қарама-қарсы нәрсе. Ғылым – шындық, сопылық – сұмдық. Бұл – ақиқат, – деген екен. Бұл кез Бағдат халифасы Мұттақидан әл-Фарабидің зәбір көріп, қуғынға түсіп, бас сауғалап жүрген кезі болса керек.

Туған жерден шалғайда жүріп, бар өмірін ғылым-білімге арнаған әл-Фараби қартайған шағында өз елінің керуен кіре тартып жүрген адамдарын кездестіріп қатты толқиды. Ел-жұрттың хал-жағдайын жақсылап сұрап, көңіл орнықтырған соң, қоштасарда өзінің жан серігі – «қыпшақ» деп аталатын домбырасының бетіне: «Айналайын атам қыпшақ, Туған жерім сағындым. Өз атыңа, үрметіңе Қайда жүрсем табындым!» – деп жазып, туған жері мен еліне сәлемдеме белгі ретінде беріп жіберген екен дейді.

Әл-Фараби 80 жасқа келгенде өмірден өткен. әл-Бәйһақи жазбаларында Фарабидің кісі қолынан қаза тапқанын келтіреді, Мысыр билеушісі қарақшылар арқылы Фарабиді өлтірткізеді. 950- жылдың Рәжәп айында қаза табады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шапиян М. Тұлғалар өміріндегі Ислам. – Алматы: «MARFU Press» - 2020. – 231 б.
2. Серікбай қажы Ораз. Ұлы дала төсіндегі ислам. – Алматы, 2018. – 280 б.
3. Ә Бәкірұлы. Әл-Фараби: Заман, Қоғам, Өркениет\Ақиқат. – 2020.

4. Ақмалай Д.Д. Әбу Наср Әл-Фараби және оның әлем ғылымына қосқан үлесі. 652-656 б.
5. Ильхам Мансур. Ихсаул ғұлум. – Бейрут: Марказ инһауи қауми – 1990. – 166 б.
6. Нұрсұлтан Б. Дүйсен, Эльмира Г. Итегулова. Әл-Фараби іліміндегі фәлсафа мен дін арасындағы байланыс мәселесі. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Дінтану сериясы. № 1 (142). Ұлттық университеті. Астана. 2023. 184-195 бб.

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА КЕЗДЕСЕТІН БИОЭТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ ЖОЛДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСҚАН НЕГІЗДЕРІНЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Философия мамандығының 1-курс магистранты **Құрманбаев Е.А.**

*Ғылыми жетекші: философия ғылымдарының докторы, ҚР ӘҒА академигі, профессор
Ғабитов Т.Х.*

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Аңдатпа. Мақалада қазіргі уақытта биомедицина саласында кездесетін биоэтикалық мәселелерді шешудің қалыптасқан принциптері мен нормаларының философиялық аспектілеріне талдау жасалған. Аталған мәселе аясында бүкіләлемдік ұйымдар мен медициналық қауымдастық ұсынған принципшілдік ұстанымның кемшіл тұстары мен артықшылықтарына, сол принциптердің Қазақстан Республикасында жүзеге асу барысына баға беріліп, мәселені шешудің тетіктері ұсынылған.

Кілт сөздер: биоэтика, биомедицина, биология философиясы, принципшілдік, деонтология, утилитаризм.

Аннотация. В статье представлена философский анализ биоэтических проблем в области биомедицины и устоявшиеся принципы и нормы их решения. Автор статьи дает оценку на положительные и отрицательные стороны принципилистского подхода в области биоэтики принятые всемирным медицинским сообществом. Также анализируется уровень выполнения данных принципов в Республике Казахстан и предложено возможные пути решения этих проблем.

Ключевые слова: биоэтика, биомедицина, философия биологии, принциплизм, деонтология, утилитаризм.

Annotation. The article presents a philosophical analysis of bioethical problems in the field of biomedicine and established principles and norms for solving them. The author of the article assesses the positive and negative principles of party behavior in the field of bioethics carried out by the world community. An analysis of the level of implementation of data to solve these problems in the Republic of Kazakhstan is also carried out and possible ways to solve these problems are proposed.

Key words: bioethics, biomedicine, philosophy of biology, principlism, deontology, utilitarianism.

Қазіргі таңдағы медициналық технологиялардың қарқынды дамуы заманында денсаулық сақтау немесе биомедицина ғылымдары саласында қызмет атқаратын әрбір маман өз кәсіби тәжірибесінде әрдайым биоэтикалық дилеммалармен бетпе-бет келіп отырады. Аталған мәселенің шешімі ретінде бүкіләлемдік медициналық қауымдастық негіз етіп принципшілдік көзқарасты ұстанатындығы белгілі. Алайда кейбір ғалымдардың пікірінше бұл көзқарас практикалық тұрғыда біршама артықшылыққа ие болғанымен, моральдық тұрғыда кемшіліктен ада емес. Өзара жүйеленбеген жекелеген теориялар мен принциптерге сүйенген шешімдер кей жағдайда екіұдай нәтижеге әкеп

соғып, теориялық негіздері айқындалмаған қағидалар мен заңдық нормалардың қабылдануына ұласып жатады.

Қазақстан Республикасында аталған бағытта біріңғай оқу бағдарламалары болмауынан мамандар даярланбай, бұл сұрақтар назардан тыс қалып, адам құқықтары шектелген жағдайлар да кездесіп жатады. Бұл мәселені тиісті деңгейде көтеріп, қалыптасқан моральдық негіздері айқындауда салааралық(биология-медицина, гуманитаристика) қарым-қатынастың орны үлкен болғанымен, біртұтас биофилософиялық теорияның орнықтауы этиканың шектен тыс конвекциялануға ұласып, одан әрі көтерілген мәселенің құнсыздануына әкеп соғады. Биоэтикалық мәселелердің белсенді зерттелуі бұл сала үшін методологиялық, теоритикалық және практикалық мүмкіндіктер ашып, биология философиясына жаңа көзқараспен қаруға жағдай туғызбақ.

Биоэтика сала ретінде этика принциптерін қолдана отырып денсаулық сақтау саласында шешімдердің қалай жүзеге асатынын зерттейді. Өз кезегінде ол биологиялық зерттеулер мен медициналық практиканың жалпы қоғам үшін пайдалы болуына ықпал етудің бір тетігі. Биоэтика сала мамандарына қандай да бір шешім шығарар алдында төмендегі сұрақтарға жауап беруін талап етеді:

- Қалай жасаған дұрыс?
- Жасау керек пе?
- Біздің бір-біріміздің алдымыздағы міндеттеріміз қандай?
- Кім үшін және не үшін жауаптымыз?
- Барлық жағдайды ескере отырып орын алған моральдық дилемманы қалай шешпекпін?
- Қандай да бір белсенділігіміздің моральдық негізі қандай?

Жоғарыда атап өткендей биоэтика – ол бірінші кезекте философиямен, теологиямен, тарихпен, саясатпен және басқа да медициналық және гуманитарлық ғылымдармен ұштасатын бағыт. Ол өз зерттеу аясына адам дүниеге келмей тұрғандағы, дүниеге келгеннен кейінгі және дүниеден өткенге дейінгі пациент пен медициналық қызмет арасындағы қарым-қатынастың барлық түрін қамтиды.

Қазіргі уақытта әлемде және Қазақстан республикасында толық деңгейде шешілмеген биоэтикалық мәселелердің маңыздыларына тоқтала кетсек.

Эвтаназия.

Қазіргі таңда медицина саласындағы жетістіктер адам өмірін айтарлықтай ұзартатын мүмкіндікке ие. Бұл жетістік өмір сапасы дейтін мәселенің бетін ашып, науқас пен оның жақындары үшін құқықтық, практикалық, рухани ауыртпалықтардың туындауына әкеп соғатын жағдайлар кездесіп жатады. Дәрігердің көмегімен өз өмірімен қоштасу процедурасы қазіргі уақытта Бельгия, Люксембург, Нидерланды, Швейцария елдерінде және АҚШ-тың Калифорния, Орегон, Вашингтон, Монтана, Вермонт штаттарында рұқсат етілген. Қазақстанда аталған іс-шараны жүргізуге рұқсат жоқ.

Евгеника.

Генетика саласындағы мүмкіндіктердің артуы ұрықтың генетикалық сапасын арттыруға болатын әртүрлі манипуляциялар ашылуына алып келді. Аталған манипуляциялар көмегімен баланың жынысын таңдауға, денсаулығын болжауға мүмкіндіктер пайда болды. Алайда бұл процедураларды жасап, табиғат ісіне араласу ісінің этикалық тұсы толық шешілмеген.

Донорлық.

Қазіргі медицинада ағзалардың трансплантациясы процедураларының алар орны өлшеусіз. Бұл бағытта мүмкіндіктер де күн санап артып, әртүрлі жаңа технологиялардың

көмегімен өте күрделі ағзалар оталар жасалуда. Бұл мәселе де бірқатар дилемманың бетін ашады. Донор болуға кімнің құқығы бар? Адам өз ағзасын донор ретінде сата ала ма? Керек ағза өлген адамнан алынған жағдайда, оның өлгендігі туралы қорытынды қоюдағы адами фактордың рөлі қандай?

Экстракорпоральді ұрықтандыру(ЭКҰ) және суррогат ана болу.

Жаңа репродуктивтік технологиялардың қолданылуы жасанды ұрықтандыру саласында үлкен жетістіктерге қол жеткізіліп, әртүрлі себептерге байланысты бала сүю мүмкіндігінен айрылған отбасыларға бақыт сыйлауда. Еуроодақ өкілдері ішінде Италияда ЭКҰ тиым салынса, суррогат ана болу Франция, Германия, Австрия, Норвегия, Швеция елдерінде түбегейлі тиым салынған. Ал Қазақстанда аталған екі процедураға да заңды түрде рұқсат етілген. Жоғары деңгейде бұл сұрақтардың барлық аспектілерді ескере отырып талқылануының, ол туралы ғылыми зерттеулер мен ғылыми дискуссиялардың аздығын ескерер болсақ, аталмыш заңның теориялық негіздері туралы сұрақтың тууы заңды құбылыс. Эмбрионның заң алдындағы статусы да толық анықталмаған.

Аборт.

Бұл ертеден заманнан талқыланып келе жатқанына қарамастан, моральдық статусы толық анықталмаған күрделі мәселе.

Пациенттер туралы деректердің құпиялығы.

Принципшілдік ұстаным бойынша пациент туралы әрбір дерек құпия болып, науқастың рұқсатынсыз пайдаланылып немесе жарияланбауы тиіс. Алайда ақпарат құралдарының, оның ішінде интернет пен әлеуметтік желілердің кең қолданылуы жағдайды ұшықтырып отыр. Деректердің неғұрлым сандық дереккөздерде сақталуына ұмтылу үрдісі де мәселеге кері әсерін тигізіп жатады.

Медициналық этиканың кейбір принциптері ғасырлар бойы қолданылғандығы белгілі. Мысалы, б.з.д. IV ғасырда өмір сүрген дәрігер-философ Гиппократ, дәрігерлерді «адамдаға көмектесіп, зиян келтірмеуге» шақыран. Осыған ұқсас басқа да тұлғаның жеке басын құрметтеуге бағытталған көптеген қағидалар ерте заманнан бері өмір сүрген дамыған қоғамның барлығында дерлік болған. Қазіргі күнгі биоэтикалық мәселелерді шешу мақсатымен 1979 жылы Том Бошам мен Джеймс Чилдресс «Биомедицинаның этикалық принциптері» атты еңбегін басып шығарған болатын. Медициналық практика мен ғылыми жұмыстар жүргізу кезінде олардың жасалған принциптері қолданысқа еніп, көптеген маманның әртүрлі жағдайға бетпе-бет келгендегі моральдық міндеттерін айқындағап келеді. Бұл қағидалар жиынтығын кейде авторлардың жұмыс істейтін университетпен байланыстырып «Джорджтаундық принциптер» деп атайды.

Ол мынадай принциптер:

1. Автономияны құрметтеу принципі;
2. Зиян тигізбеу принципі;
3. Қайырымдылық принципі;
4. Әділеттілік принципі.

Принципшілдік ұстаным тек нормативті этикалық ойға негізделген, басқа ешбір теориялық негізі жоқ. Алайда еңбектің авторлары көрстелген қағидалардың екі этикалық дәстүрден алынғанын айтады. Олар: Иммануил Кант этикасымен ұштасатын деонтологиялық көзқарас және Дж. Бентам мен Дж. Стюарт Миллдің

конвекционалисттік этикасына негізделген көзқарас. Таңдалған философиялық мектептердің этикасы бір-біріне кереағарлығын ескерсек, принциптер арасында жүйесіздіктің бар екенің аңғарамыз. Қарама-қайшы принциптерге негізделген қағидалардың жағдайға байланысты екіұдай түсінілу ықтималдығын да жоққа шығара алмаймыз. К. Клаузер 1995 жылы «Ортақ мораль принципшілдікке балама ретінде» деген атпен жарық көрген мақаласында бұл ұстанымды «Бұл көптеген антологиялық кітаптарда қолдауға ие релятивизмнің бір түрі. Олар оқырманға кантиандық, деонтология, утилитаризм, консеквенциализм сынды өзара ұқсастығы аз теорияларды ұсынып отыр. Әр жағдайда әрқайсысын ал да қолдана бер!» - деп, қатаң сынға алады.

Қазіргі таңда биомедицина саласында этикалық принциптің осы тектес қарама-қайшылықтан арылмаған этикалық принциптерге сүйенуін, биоэтика мәселелерін шешуге арналған дәл онтологияның жоқтығы деп түсінген жөн. Бірақ бұл «теориткалық биоэтиканың» негізін қалау керек деген сөз емес. Себебі бағыт ретінде биоэтика ең алдымен қолданбалық мақсатты көздейді. Философия тарихына үңілсек, әйгілі неміс ойшылы И.Кант өзінің автономды мораль теориясын дамыта келе, оны эмпирикалық этикадан жоғары қойған болатын. Кант этикасы қандай да бір сыртқы фактордың моральдік шешімге әсер етпеуі керектігін, іс-әрекет моральдық заңның өзіне деген құрметтен жасалуы тиіс дегенді айтқан. Алайда Кант этикасын практикалық мақсатта қолдану қиын.

Ал утилитаризм болса керісінше тым сылбыр. Кант этикасының төңкерілген түрі. Утилитаризм этикасы тек әртүрлі сыртқы факторлардың рөлін бағалап, эгоистік құндылықтар аясында жинақталады. Жеке индивид пен қоғам арасындағы құндылықтар қақтығысының ықтимал салдарын бағалап, мүмкін болатын негативтің көп үшін «пайдалырағын» таңдаумен шектеледі.

Аталған жүйелердің артық-кем тұстарын ескере келе биофилософияға жаңа парадигманың қажеттігін аңғару қиын емес. Ол дегеніміз жаңа философия ойлап табу емес, биоэтикалық дискурсты биологиялық философия аясына қайтарып, этиканың дәл теориялық негізін жасау. Түптеп келгенде биофилософияны пән ретінде биомедициналық оқу орындарының білім бағдарламасына енгізу. Себебі медицина философиясы тек қана қолданбалы сипатқа ие болғандықтан, теориялық негіз жасауға қауқарсыз. Аталған мәселенің өрісін кеңейтіп, жағдайды жалпылама терминдердің көмегімен қайта қарау қажет. Алайда медицина мамандары мен нақты ғылыммен айналысушы маманға абстракциялармен ойлану түрі психологиялық тұрғыда қиынға соғатынын ескеріп, бір жағынан практикамен, екінші жағы философиялық теориямен ұштасатын дискурстың аралық түрін ойлап табу жолын қарастыру қажет.

Қазіргі технологияның дамуы мен ғылымның аясы кеңейген заманда, философияның осылай қолданбалы сипатқа ие болып, жікке бөлінуінен қорықпаған жөн. Соның ішінде биофилософияның орны ерекше. Биология ғылымы ойламаған белестерге шығып, фундамендальды философиялық сұрақтармен бетпе-бет келуінен пайда болып жатқан сұрақтарды философиялық саралаудың маңызы зор.

Бұл мақалада принципшілдік ұстаным методологиялық тұрғыдан емес, таңдалған принциптердің жиынтығы себебінен сыналып отыр. Себебі нақты мәселені шешуге бағытталған ғылым ретінде медицина теориялық негіздердің нақты тәжірибеде қолданылуын талап етеді. Сол себепті биоэтиканың дәл, ортақ теориялық негізі қалыптасқаннан соң, оның негізінде парадигмалды нормалар жасалуы тиіс. Олай болмаған жағдайда биомедицина саласында жоғарғы технологиялардың тоқтаусыз дамуы этикалық мәселелердің күрделене түсуіне әкеп соғары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Beauchamp, Tom L. and James F. Childress . [1979] 2001. Principles of Biomedical Ethics (5th ed.). New York: Oxford University Press.
2. Clauser, K. Danner. 1995. "General morality as an alternative to principlism". Journal of the Kennedy Institute of Ethics 5 (3):219-36. p. 224.
3. Седова Н.Н. Существует ли философия медицины? // Философские проблемы биологии и медицины: Сборник статей. М.: Социально-гуманитарные знания, 2018. Вып. 12. С. 18-29.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ФИЛОСОФИЯСЫ: ТАРИХИ ШОЛУ

Философия және этика, магистрант 1 курс **Әміртаева Наргиз Ғабитқызы**
Ғылыми жетекші: философия ғ.д, профессор Нұрышева Г.Ж
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Аңдатпа: Бұл мақалада жасанды интеллекттің философиялық концепциялар аясында тарихи дамуын қарастыру. Яғни, антикалық дәуір мен орта ғасырлардағы ақыл-ой табиғатынан бастау алатын тұжырымдамалар мен теорияларды біріктіру, қазіргі ақпараттық қоғамдағы жасанды интеллект пайда болуына әсер еткен негізгі идеяларды философиялық тұрғыдан зерттеу және де жасанды интеллект философиясының негізгі кезеңдерін талқылау.

Тірек сөздер: жасанды интеллект(AI), технология, машиналық оқыту

Аннотация

В этой статье рассматривается историческое развитие искусственного интеллекта в рамках философских концепций. То есть объединить концепции и теории, исходящие из природы разума в античности и средневековье, философски изучить основные идеи, повлиявшие на появление искусственного интеллекта в современном информационном обществе, и обсудить основные этапы философии искусственного интеллекта.

Ключевые слова: искусственный интеллект (AI), технологии, машинное обучение

Annotation

«Ақпараттық қоғам» терминінің өзі алғаш Жапонияда пайда болды. Ол Жапон үкіметімен құрылған ғылыми, техникалық және экономикалық зерттеулер бойынша арнайы топтың баяндамасының негізін құраған еді. Аталған терминді ұсынған мамандар, оның айналымдағы жоғары сапалы ақпараттың молдығымен сипатталатын, сонымен қатар, оның сақталуы, таралуы мен пайдалануына қажетті құралдары бар қоғамды сипаттайтынын айтқан. Ақпарат мүдделі адамдар мен ұйымдардың талабы бойынша жүйелі әрі тез таратылады және оларға үйреншікті пішінде беріледі. Ақпараттық қызметтерді пайдалану құнының арзандығы соншалықты, оған әркімнің қолы жетеді. Америкалық маман Ф.Махлуп алпысыншы жылдардың басында-ақ, ақпарат белгілі бір өнеркәсіптік өнім ретінде қаралуы мүмкін және оны өндіру өнеркәсіп индустриясының бір түрі деген болатын. Кейіннен бұл жайында қоғамдағы басқару мен бөлу салаларын ұйымдастырудағы қағазсыз технология тұжырымдамасын ұсынған В.М.Глушков та жазады. Дегенмен, әсіресе жапондықтар ақпараттың өнеркәсіптік маңызы жайындағы идеяны белсенді насихаттаушылар болғаны анық әрі олар мұны әлемдік нарықтағы

бәсекелестік майданында тамаша пайдалана білді. Ақпараттық қоғамға қажет техносфераны құруда оларсыз елестете алмайтын жапондық құралдар, жүйелер мен есептеуіш машиналары әлемдік нарықта қазірдің өзінде басымдыққа ие болып отыр.

1980 жылдарға қарай, әлемнің барынша дамыған елдерінде ақпараттық бизнес пен ақпараттық қызмет саласы күрт өсті. Мысалы, бұл уақытта жұмысшылар мөлшері АҚШ-тың ауылшаруашылық саласында – 3%, өнеркәсіпте – 20%, қызмет көрсету саласында – 30% болған, ал 48 пайызы ақпаратпен жұмыс істеу құралдарын жасау және онымен тікелей жұмыс істеу саласында қызмет етті. [1].

Ақпараттық қоғам — бұл қазіргі заманғы қоғамның даму кезеңі, онда ақпарат пен білім адам өмірінің барлық салаларында негізгі ресурс болып табылады. Бұл кезеңде ақпараттық технологиялар өндіріс, басқару, білім беру, ғылым, мәдениет және әлеуметтік өмірдің басқа да салаларында кеңінен қолданылады. Ақпараттық қоғамның негізгі ерекшеліктеріне ақпараттық технологиялардың дамуы, ақпараттың көптігі, жылдам таралуы және қол жетімділігі жатады. Бұл кезеңде ақпаратты өңдеу, сақтау және тарату мәселелері маңызды болып табылады, сондай-ақ ақпараттық қоғам адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға және әлеуметтік өмірдің жаңа формаларын қалыптастыруға бағытталған.

Ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдану азаматтардың муниципалды немесе мемлекеттік басқаруға қатысу қабілетін арттырады, елде және шетелде болып жатқан оқиғаларды бағалауға мүмкіндік береді. [2]

Ақпараттық технологиялардың дамуы қазіргі заманғы қоғамды едәуір трансформациялап, оның барлық аспектілеріне кең ауқымда ықпал етеді. Бұл ықпал экономикадан білім беруге, қоғамдық өмір мен мәдениетке дейінгі салаларды қамтиды. Цифрлық технологиялардың көмегімен адамдардың өзара қарым-қатынасы жеңілдеп, ақпарат алмасу процесі жылдамдады. Білім беру саласындағы мүмкіндіктер кеңейіп, оқыту мен оқу процестері қолжетімді және интерактивті бола бастады.

Біз қазір күнделікті өмірімізде бұрынғыға қарағанда көбірек ақпаратты қолданамыз. Радио, теледидар, интернет, кітаптар, газеттер мен журналдар арқылы қол жетімді ақпарат көлемі дамыған елдерде де, дамушы елдерде де бірнеше есе өсті. Тараптар, жеке тұлғалар, сондай-ақ ұйымдар арасындағы ақпарат ағындарының артуы өзара әрекеттесуді ақпаратты қажет ететін көрсетті. Қызмет көрсету саласында, тіпті дамушы елдерде де жұмыс істейтін адамдар көбейген сайын, экономикалық қызметте ақпараттың қарқындылығы артады. Бұл оқиғалар ішінара экономика мен қоғамда болып жатқан құрылымдық өзгерістерге, ішінара технологиялық прогреске байланысты. Бұл факторларды бір-бірінен ажырату қиын болғанымен, технологияның өте маңызды рөл атқарғанын байқау қиын емес. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласындағы бұрын-соңды болмаған жетістіктер дамыған елдердегі де, дамушы елдердегі де қоғамдарды жақында елестету мүмкін болмайтындай етіп өзгертті. Біздің жеке өмірімізді қалай жүргізетініміз, тұлғааралық қарым-қатынастарды қалай құратынымыз және сақтайтынымыз, сондай-ақ өндірістік және дистрибуторлық қызметпен қалай айналысатынымыз жалпы қоғамға, атап айтқанда экономикаға ұзақ мерзімді әсер ететін өзгерістерге ұшырады. Біз әлемнің кез келген жерінде дерлік бір-бірімізбен лезде байланыса алатынымыз, сауда жасай алатынымыз, банктік қызмет көрсете алатынымыз, үйлеріміздің төрт қабырғасының ыңғайлылығында жұмыс істей алатынымыз және ең жақсы ойын-сауыққа, білімге, медициналық көмекке қол жеткізе алатынымыз сөзсіз.өмір сүру сапасын жақсартты.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, бұл технологиялық жетістіктер біздің өмірімізге екі негізгі жолмен әсер етті. Біріншіден, ақпараттың үлкен көлеміне қол жеткізу арқылы олар экономикалық агенттерге дұрыс шешім қабылдауға көмектесуі мүмкін. Тұтынушылар ретінде біз қазір нені және қанша сатып алу керектігі туралы шешім қабылдау кезінде бұрынғыға қарағанда көбірек ақпаратқа қол жеткізе аламыз;

жұмысшылар ретінде біз қол жетімді жұмыс орындары мен жұмыс орындары туралы көбірек ақпаратқа қол жеткізе аламыз

Екіншіден, транзакциялық шығындарды азайту арқылы бұл технологиялар экономикалық тиімділікке ықпал етті. Мысалы, көптеген елдерде (Соның ішінде Үндістанда) тұтынушы коммуналдық төлемдерді (газ, су, электр энергиясы) немесе несие картасы бойынша төлемдерді онлайн төлей алады. Осылайша, төлем орнына барудың қажеті жоқ және чекті пошта арқылы жіберудің қажеті жоқ, бұл уақытты үнемдейді. Сонымен қатар, төлемдерді тәуліктің кез келген уақытында жүзеге асырудың икемділігі клиенттің тиімділігі мен әл-ауқатын арттырады. Бұл өзгерістер біздің экономикалық өмірімізден тыс ауқымды салдарға әкеледі. Біз өмір салтымызда және экономикалық және әлеуметтік институттар ұйымдарында осы өзгерістерді бастан өткеріп жатқандықтан, ғалымдар мен ойшылдар осы өзгерістердің барысын талқылау, талдау, болжау үшін тұжырымдамалармен, терминдермен және анықтамалармен күресуде. Олардың кейбіреулері ақпараттық қоғамның келгенін жариялағанымен, басқалары ресми түрде күмәнмен қарайды. [3]

Экономика саласында цифрлық инновациялар жаңа нарықтар мен бизнес модельдерінің пайда болуына әкелді, бұл кәсіпкерлікті және жалпы экономикалық өсімді ынталандырды. Сонымен қатар, ақпараттық технологиялар қоғамдық пікірді қалыптастыруда және азаматтардың саяси процестерге қатысуында маңызды рөл атқарады, бұл демократиялық қоғамның дамуына ықпал етеді.

Дегенмен, ақпараттық технологиялардың тез дамуы қоғам алдында жаңа сын-қатерлерді тудырады, мысалы, жеке деректердің қауіпсіздігі, цифрлық бөліну және ақпараттық сауатсыздық мәселелері. Осыған байланысты, қоғамның және жеке тұлғалардың технологияларды тиімді және жауапты пайдалануы, сондай-ақ цифрлық білімділікті арттыру маңызды болып табылады.

Қазіргі таңда елімізде ақпараттық қоғамды қалыптастыру және дамыту жолдары нормативтік-құқықтық тұрғыда белгіленген. Қазақстан ғаламдық ақпараттық қоғамға кірігуге және ғаламдық ақпараттық инфрақұрылымға қосылуға ұмтылыс танытуда. Мұның өзі республиканың технологиялық және экономикалық тұрғыдан дамыған елдердің ат төбеліндей тобына саяси тәуелсіздікті, ұлттық ерекшеліктер мен мәдени дәстүрлерді сақтай отыра қосылуына, дамыған азаматтық қоғамы бар құқықтық мемлекет ретінде әлемдік өркениеттік дамуға үлес қосуына мүмкіндік бермек.[3]

Қазақстандағы ақпараттық қоғамның дамуы соңғы онжылдықтарда елеулі өзгерістерге ұшырады. Қазақстан бұл бағытта бірқатар стратегиялық бастамалар мен реформаларды іске асырып, цифрлық технологияларды дамытуға басымдық берді. Бұл өзгерістердің мақсаты - экономиканы модернизациялау, қоғамдық қызметтердің сапасын арттыру және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту.

"Цифрлық Қазақстан" бағдарламасы осы стратегияның негізгі элементі болып табылады, оның мақсаты - елдің цифрлық инфрақұрылымын дамыту және қазақстандықтар үшін цифрлық қызметтердің қолжетімділігін арттыру. Сонымен қатар Қазақстан білім беру саласында да цифрлық трансформацияны қолға алды. Мектептерде және жоғары оқу орындарында IT сыныптары мен курстарын енгізу, сондай-ақ оқыту процесін цифрлық технологиялармен байыту арқылы қазақстандықтардың цифрлық сауаттылығын арттыруға бағытталған.

Дегенмен, Қазақстан ақпараттық қоғамды дамыту жолында кейбір сын-қатерлермен бетпе-бет келеді, оларға цифрлық бөліну, киберқауіпсіздік мәселелері және жеке деректерді қорғау сияқты мәселелер жатады. Бұл сын-қатерлерді еңсеру үшін елде кешенді шаралар қабылдануы қажет.

Ақпараттық қоғамның дамуы қазіргі заманғы қоғамдық өмірдің маңызды белгісіне айналды. Бұл өзгеріс ақпараттың және білімнің басым рөл атқаратындығын, сонымен қатар экономика, білім беру, қоғамдық қызметтер сияқты салалардағы

трансформацияларды білдіреді. Ақпараттық технологиялардың жедел дамуы адамдардың ақпаратқа қолжетімділігін арттырып, әлеуметтік өзара әрекеттесудің жаңа түрлерін қалыптастырды, бұл азаматтық қоғамның дамуы мен демократиялық процестерді күшейтеді.

Қазақстан ақпараттық қоғамды қалыптастыру және дамыту бағытында маңызды қадамдар жасап, "Цифрлық Қазақстан" бағдарламасы арқылы инфрақұрылымды жетілдіруге және халықтың цифрлық сауаттылығын арттыруға басымдық берді. Бұл бастамалар экономиканың цифрлық трансформациясына, білім беру саласындағы жаңа мүмкіндіктердің ашылуына және азаматтардың өмір сүру сапасының жақсаруына ықпал етеді.

Алайда, ақпараттық қоғамның дамуымен байланысты жеке деректердің қауіпсіздігі, цифрлық бөліну және ақпараттық сауатсыздық сияқты мәселелерге назар аудару қажет. Бұл сын-қатерлерді еңсеру үшін кешенді шараларды қабылдау маңызды.

Қорытындылай келе, ақпараттық қоғамның дамуы әлемдік деңгейде де, Қазақстанда да заманауи өмірдің шынайылығына айналды. Бұл даму үлкен мүмкіндіктер мен сын-қатерлерді қамтиды, сондықтан оның тиімді басқарылуы қоғамның жаһандық дамуына және азаматтардың жеке өсуіне оң әсер ететіні анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Электрондық дерек көзі: <https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/167825/85/3/682/2020/>
2. The Role of Information and Informational and Communication Technologies in Modern Society (2018) <https://www.redalyc.org/journal/279/27957591031/27957591031.pdf>
3. The Information Society (2017) https://www.researchgate.net/publication/315771521_The_Information_Society/link/58e39e3c4585154efe8e7813/download?_tp=eyJjb250ZXh0Ijp7ImZpcnN0UGFnZSI6InB1YmhpY2F0aW9uIiwicGFnZSI6InB1YmhpY2F0aW9uIn19
4. Ақпараттық қоғам және ақпараттық саясат (2012) https://www.researchgate.net/publication/358022742_Akparattyk_kogam_zne_akparattyk_saasat

ДІН МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің, «Исламтану» мамандығының

1-курс магистранты **Қадыр Ілияс**

Ғылыми жетекшісі: саяси.ғ.к. доцент Сулейменов Пірімбек

Андатпа: Бұл мақалада, дін мен ғылымның арақатынасы жан-жақты салыстырмалы теориялық тұрғыда қарастырылады. Сонымен қатар мақалада, қазіргі қоғамдағы дін мен ғылымның үйлесімділік сипаты тереңірек талданып көрсетіледі.

Кілт сөздер: дін, ғылым, қоғам, мәдениет, әлеумет.

Ғылым мен діннің арақатынасы көп уақыттан бері шиеленісіп жатқан күрделі тақырыптардың бірі. Аталмыш пікіргаластарды сыртынан бақыласаң екеуі екі бөлек дүниедей, яғни ешқашан қосылмайтын ай мен күндей немесе ақ пен қарадай көрінеді. Сырт көрінісіне мән берген жандар, ғылым мен дінді кереғар ұғым деп қарастырып, ғылымды – жарыққа бастаушы күш, дінді – түнекке бастар бұратана сана ретінде санауда. Енді біреулері дінге абсолютті басымдық беріп, ғылымды шетке ығыстыруда. Өзгелеріне назар салсақ, ғылым мен діннің егіз ұғым екенін ұрандауда. Әрине, әркімнің алға тартар дәлелі, бетке басар құжаты бар. Десе де, осы тұста осымшама көзқарастың

орта жолы қайсы, қайсібіріне басымдық береміз деген заңды сұрақ туындайды. Бұл сұрақтарға жауап тауып көрелік...

Ғылым мен діннің арасындағы арақатынастарды көрсетуден алдын, екі сөзге тілдік және терминдік анықтама беріп кеткеніміз жөн. Ғылым сөзі араб тілінің «*ف-ل-م*» (F-л-м) деген түбірінен шыққан. Негізгі мағынасы – белгі, нышан. Аталмыш түбір – білу деген мағынаға саяды.[1, 7-т. 1990б.]. Терминдік мағынасы – жаратылыстың, қоғамның қырсырын, оның даму заңдылығын білу. Анықтамаға мысал ретінде «Қисса Баһрамның»: «Дүнианың бар ғылымысын біліп алған, Қызы бар Фағфурдың асылы мол» – деген өлең жолдарын келтірсе болады.[2, 658б.]. Атақты ислам ойшылы, ғалым Сәйд Шәриф Журжани өзінің әлемге әйгілі «Тағрифат» (Анықтамалар жиынтығы) атты еңбегінде «ғылым» сөзіне төмендегідей анықтама береді: «Ғылым – күнделікті өмірге сай келетін кескінді сенім. Философтардың пікірі бойынша: «Адамның ақылында белгілі бір заттың көрінісінің жүзеге асуы». Бірінші анықтама екіншісіне қарағанда мағынасы жалқырақ. Өзге анықтамаларға сәйкес ғылым – қандай да бір затты болмысына сай білу». [3, 157б.]. Жоғарыдағы анықтамалардан ғылым дегеніміз – жоққа шығарылуы мүмкін емес фактілерге негізделген білімдер жиынтығы деген қорытынды жасауымызға болады.

Ендігі кезекте «дін» сөзіне тоқталып өтсек. Құран Кәрімде «дін» сөзі 95 аятта кездеседі және түрлі мағынада қолданылған. Араб тілінде де (өлең-жырларында, мақал-мәтелдерінде, сөздік кітаптарында) дін атауы түрлі мағынада қолданылған. Араб тілінде дін сөзі «*دین*» «д-и-н» түбір сөзінен тарайды және көпше түрі «*اديان*» «әдиян».

Құран аяттары мен араб тілінде дін атауы сөзбе-сөз мағынада: «Жаза, сый/қарым, үкім, бұйрық, есеп, мойынсұну, бағыну, ғибадат, әдет-ғұрып, хал-ахуал, шарифат, заңдылық, жол, ұстаным, қызмет, үстемдік, өктемдік, егемендік борыш, уәделесу, міндет, жүйе, ақиқат, туралық, сенім, зікір және ұлт сынды көптеген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар түріктің тәпсірші ғалымы М.Хамди Языр дін атауының «саясат» мағынасы да барын айтқан. [4, 29б.].

Сәйд Шәриф Журжанидің пікірінше діннің терминдік мағынасы - ақыл-есі дұрыс адамдарды пайғамбар жеткізген ақиқаттарды қабыл етуге шақыратын иләһи (тәңірлік) заңдылық». [3, 109б.]. Қазақ тілінің сөздік кітаптарында: «наным-сенім, Құдайға құлшылық. Қазақ тілінде «аса күрделі мәдени-қоғамдық сана, әлеуметтік құбылыс», «әлемді жаратушы бір Алланың барлығына шек келтірмеушілік» деген ұғымдарды да білдіреді» – деп анықтама берген. [5, 596б.].

Дін зерттеуші батыс ғалымдары да дінге қатысты терминдік тұрғыдан көптеген анықтамалар берген. Батыс ғалымдарының көбінің анықтамалары христиандық және яһудилік көзқарас негізінде айтылғанын байқаймыз. Алайда, нейтралды, ғылыми көзқараспен айтылған анықтамалар да көп. Томас Аквинас «Дін – Құдайға сенім/иман ету», Людвиг Фейербах «Дін – сенім, дұға/ғибадат және құрбан арқылы өзін көрсететін қалау/құбылыс», Эмиль Дюркгейм «Дін – бір жамағаттың/топтың қалыптасуына ықпал ететін рәсімдер мен сенім жүйесі» деп анықтама берген. [4, 35-37б.]. Дін ұғымына берілген анықтамаларға зер салсақ – ақиқатқа бастар сенім жүйесі деген қорытынды жасауымызға болады. Сондай-ақ оның адамның болмысына қайшы немесе қалауынан тыс дүние емес екендігін аңғарамыз.

Жоғары екі ұғымға берілген тілдік және терминдік анықтамалардан ешқандай қайшылықтың ізі байқалмайды. Бірі адамның материалдық құндылықтарын қамтамасыз етсе, екіншісі рухани құндылықтарын қамтамасыз етеді. Екеуі жолдың бір бағыттағы екі жолағы іспетті. Екі жолақтың мақсаты жүргіншіні немесе жүргізушіні мақсат етілген жерге жеткізу болса, ғылым мен діннің мақсаты адамды надандық пен соқыр сенім түнегін шығарып, ақиқат шуағына бастау.

Дін мен ғылым әлі күнге дейін бір-біріне қарама-қайшылықта деген тезис қазіргі таңда аса танымалдылыққа ие емес. Зерттеушілердің басым көпшілігі діннің ғылымға деген дұшпандығы туралы пікір олардың қарым-қатынас тарихындағы екі эпизодқа ғана негізделеді деп санайды: Галилеймен және Чарльз Дарвиннің эволюциялық теориясы.

Басқа барлық жағдайларда христиандық та, сонымен қатар басқа діндер де ғылымға белсенді дұшпандық танытпады, дін ғылымды ашық түрде қолдамаса да, оған өз бетінше дамуға мүмкіндік берді. Ғылымның дінмен байланысы туралы да осыны айтуға болады. Дінге қатысты ашық агрессивті саясаттың бірден-бір эпизоды Ресей тарихындағы кеңестік кезең деп санауға болады, оның нәтижесінде православие шіркеуі толық жойылды және атеистік көзқарастағы ғылыми қауымдастық қалыптасты. Негізінен ғылым дінмен қатар дамып отырды, оның беделін түсіруге мүдделілік танытпады.

Дегенмен, дін мен ғылымды қоғамдық сананың бір-біріне сәйкес келмейтін саласы ретінде бағалауды бірқатар белгілі ғалымдар әлі де алға тартуда. Бұл көзқарасты жақтаушылар дін мен ғылым бір-бірін жоққа шығаратын табиғат құбылыстарына балама түсініктеме береді деп есептейді. Сонымен қатар, осы бағыттағы ғалымдар жаңа білім алудың әртүрлі құралдарын пайдаланып, сонымен қатар оның ақиқаттығын мүлде басқаша бағалайды. Мысалы, американдық биолог Джерри Коэн ғылым мен діннің үйлесімсіздігі адамдардың екі қарама-қарсы дүниетанымдық көзқарасты қатар ұстануына жол бермейтін әдіснамадағы, философиядағы және нәтижелердегі бітіспес айырмашылықтарға негізделген деп есептейді. [6, 53б.].

Қазіргі таңда кейбір ғалымдар атеистік ұстанымды ұстанып, дінге шектен тыс теріс көзқараста. Мысалы, материалистік көзқарасты таратушы, көпжылдық дінге қарсы күрес жүргізушімен танымал Ричард Докинз өзінің «Бог как иллюзия» атты кітабында сенімді яғни дінді сенуге лайық емес деп, тіпті адасушылық деп атайды. Соңғы кездері дін мен ғылымды адамның танымдық іс-әрекетінің дербес саласы ретінде бағалау кеңінен таралуда. Бұл көзқарасты жақтаушылар дін мен ғылым арасында қайшылық ешқашан болған емес және болуы да мүмкін емес деп есептейді, өйткені олардың зерттейтін мәселелерінің салалары ешқашан тоғысқан емес. Бұл позицияның ең көрнекті өкілдерінің бірі американдық палеонтолог, эволюциялық биолог және ғылым тарихшысы Стивен Джей Гулд болып табылады, ғалым «бір-бірін қайталамайтын магистерия» терминін ұсынған. Ол дін мен ғылым арасындағы қайшылық шындықтан гөрі ойдан шығарылған құбылыс деп есептейді, себебі олардың әрқайсысы өзіндік зерттеу пәні және сәйкес таным әдістері бар дербес сала. Атап айтқанда, ғылым «Әлемнің эмпирикалық саласын» зерттейді, ал дін оның трансценденттік саласы мен моральдық құндылықтарын зерттейді. Өз кезегінде ғылым мен діннің екі түрлі саланы зерттеулері олардың бейбіт қатар өмір сүруіне әкеледі. [6, 54б.].

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, ғылым тарихы мен ғылыми таным процесін зерттеуге арналған еңбектердің көбеюіне байланысты адамның танымдық іс-әрекетінің баламалы салалары ретіндегі дін мен ғылым туралы көзқарастың танымалдығы артып келеді. Бұл зерттеулердің барлығы бұл мәлімдемелерді сенімді түрде жоққа шығарды, абсолютті және объективті шындық туралы ғылым және оның дінге жақындататын бірқатар ерекшеліктері бар екенін көрсетті. Мысалы, ғылым тек қана рационалды білім саласы емес, онда діндегі сияқты иррационалдық элемент бар екендігі анықталды. Кез келген діннің негізі аян немесе мистикалық тәжірибе болса, ғылымның негізі – ғалымның жаңалық ашуға, гипотеза тұжырымдауына мүмкіндік беретін интеллектуалдық интуиция. Бұл екеуі әлі де рационалды түсіндіруге бағынбайды. Дін, өз кезегінде, еркін ойдың саласы саналмайды. Онда да ғылымдағы сияқты танымның рационалды әдістері: логикалық талдау, жүйелеу, жіктеу, т.б. және тәжірибесі ескеріледі. XX ғасырдың 60-жылдары Ғылым мен дін туралы жазған американдық физик Гарольд Шиллинг тәжірибе, теориялық түсіну және практикалық қолдану сынды білім салаларының құрылымы бірдей деген қорытындыға келді.

Ғылым мен дін үйлесімділікте өмір сүре ала ма деген сұраққа жауап алу мақсатында «Pew Research Centr» атты зерттеу ортылығы 2019 жылы Малайзия мен Сингапурдегі мұсылман, индуист және буддистерден құралған шағын топтардан тереңдетілген интервью алды. Аталмыш екі мемлекеттің таңдалу себебі, соңғы жылдары олар ғылыми зерттеулер мен өнер табысқа айтарлықтай үлес қосты, сондай-ақ бұл

жерлерде әр түрлі дін өкілдері бас қосқан. Интервью үшін әр түрлі дін өкілдерінен 72 адамды құрайтын бірдей респонденттер таңдалып алынды. Олардың мамандығы, жынысы және білім деңгейі де әр түрлі. Сұхбаттасушының өміріндегі діннің орны таңдаудың маңызды критерийі болды. Бұл сұхбаттар адамдардың шағын үлгісіне негізделген және осы елдердегі немесе дүние жүзіндегі діни топтарды көрсетпесе де, олар адамдардың өз нанымдарын өз сөздерімен қалай сипаттайтыны және ғылыммен қандай байланысы бар немесе жоқ деп санайтындығына негізделген. Сауалнамаға қатысқан мұсылмандар ғылым мен діннің арақатынасының табиғатына қатысты және бұл қарым-қатынастың үйлесімді немесе қарама-қайшы екендігі туралы әртүрлі пікірлерін білдірді. Кейбіреулер ғылым мен исламның тұтастай сәйкес келетінін айтып, Құранда көптеген ғылым элементтері бар екенін және ислам мен ғылым жиі ұқсас нәрселерді сипаттауға тырысатындығын айтты.

Pew Research Center зерттеу орталығының 2011 және 2012 жылдардағы мұсылмандардың көзқарасын зерттеген алғашқы сауалнамасы аймақтардың көпшілігінде жартысы немесе одан да көп бөлігі дін мен ғылым арасында қайшылық жоқ екенін айтқан. Бұл позицияны ұстанатын Орталық Азиядағы мұсылмандардың үлесі мұсылман халқы бар Еуропа елдерімен салыстырғанда жоғары.

Малайзия мен Сингапурда сауалнама жүргізілген индуизмді ұстанушылар арасында ғылым мен индуизм бір-бірімен байланысты және үйлесімді деген пікір басым. Респонденттердің көпшілігі үндістердің дінінде қазіргі ғылым қолдаған көптеген көне идеялар бар екендігін алға тартады. Мысалы, бірнеше респондент куркуманы тазарту ерітінділерінде қолдануды немесе саптыаяқтарда мысты қолдануды мысал ретінде келтірді. Олар индустардың бұл материалдардың денсаулыққа пайдасы бар екенін мыңдаған жылдар бойы білетінін атап өтіп, ғалымдар бұл куркума мен мыстың микробқа қарсы қасиеттері бар екенін салыстырмалы түрде жақында ғана растағанын айтады. «Сіз индуизмдегі белгілі бір рәсімдерге немесе тәжірибелерге күмәндансаңыз, оның салыстырмалы түрде ғылыми түсіндірмесі де бар», - дейді индуизм дініндегі нәзік жанды (29, Сингапур). Буддист респонденттер ғылым мен дінді мұсылмандар мен индустардан мүлдем басқаша сипаттады. Көп жағдайда буддистер ғылым мен дінді бір-бірімен байланысты емес екі сала деп санайды. Бір сингапурлық буддист (26 жаста) былай деп түсіндірді: «Мен үшін ғылым - бұл статистика, сандар, мәтіндер - сіз нені көре аласыз, не ұстай аласыз, не естисіз, сол. Дін - бұл сіз көре алмайтын, ұстай алмайтын, ести алмайтын нәрсе. Мен олар әртүрлі салалар сияқты сезінемін ».

Көптеген буддист сұхбаттасушылардың пікірінше ғылым мен діннің арасында қақтығыс бола алмайды, өйткені олар әртүрлі немесе параллель салалар. Сондықтан Малайзия мен Сингапурдың буддистері ғылым мен діннің арақатынасын «үйлесімділік» деп сипаттайды.

Бүгін кей қоғам белсенділері тарапынан дін мен ғылымның, соның ішінде ислам мен ғылымның үш қайнаса сорпасы қайнамайтындығын жар салуда. Әлеуметтік желілерден исламға қатысты бір тақырып қозғалса, астынан «оданша ғылым үйренбей ме?!» сынды пікірлерді көзіміз шалады. Осы мазмұндағы пікірлерді және ойларды қорынттыласақ «Дін мен ғылым ұштаспайды және ұштасуы да мүмкін емес» деген нәтижеге апарады. Бұл туралы үшінші бөлімде сөз қозғаған болатынбыз. Сонымен қатар дінді «бұратана сана» ретінде таныстырып, беделін түсіруге жанын салуда. Әрине, жоғарыда айтқанымыздай, әркімдікі өзіне. Десе де, ғылымның терісін жамылып, көпті объективтілік пен рационалдыққа шақырып, өзіміздің жеке тұлға ретіндегі субъективті пікірді насихаттауымыз қаншалықты орынды деген заңды сұрақ туындайды. Өз кезегінде бұл ісіміз тікелей ғылымның негізгі принципіне қайшы екендігі неге осы кезде есімізден шығып кетеді?!

Исламның қасиетті мәтіндеріндегі ғылым мен білім шақыратын аяттар мен хадистер бір атанға жүк, көпке мәлім. Құранның алғашқы түскен аяты да адамзатты оқуға, білімге және ғылымға шақырады. Пайғамбардың хадистері де «Білім жолындағы

шәкірттің табанының астына періште қанатын жаяды» деп ізденуге бағыт-бағдар береді.[7, 456.]. Алайда, осы тақырыптың арқауы ретінде атақты ислам ойшылы Ғазалидің сөзін келтіргім келеді: «Білім мен ғибадат мына дүниенің асыл жауһары. Осы екеуінің жолында кітаптар жазылды, шәкірттер тәлім алды, уағызшылар насихатын жеткізді, зерттеушілер зерттеуін жасады, көктен кітаптар түсірілді, пайғамбарлар мен елшілер жіберілді. Керек десең, көк пен жер және осы екеуінің арасындағы барлық нәрсе, білім мен ғибадат үшін жаратылған.

Білім мен ғибадаттың тысындағы барлық дүние қайыры жоқ жалған нәрсе, пайдасы жоқ құр нәрсе. Осы анықтап алған болсақ, екеуінің ішіндегі ең құрметтісі әрі ең абазалы – білім. Алайда, тек құр біліммен шектелу де дұрыс емес. Тек біліммен шектелсек, білімімізден еш пайда болмайды. Өйткені білім – ағаш, ғибадат – жемісі іспетті. Негізгі діндегі болғандықтан білімнің абзалдығы басым. Десе де, ағаштың пайдасын тек жемісін жеу арқылы көреміз. Сондықтан білімнің шарапаттығын сақтау үшін ғибадаттың да маңызы зор. Адамның бойында екеуінен де үлесі болу керек. Сондықтан Хасан әл-Басри былай дейді: «Ғибадатқа зиян бермейтіндей білім алыңдар, білімге зиян бермейтін құлшылық етіңдер». Білімнің ғибадаттан алдын болуының себебі – білім арқылы кімге құлшылық жасайтынымыз анықталады және қалай орындайтынымыз анықталады. Міне сондықтан, білім бірінші орында» деп білімнің маңызын көрсетеді. [8, 59-61б.]. Ғазалидің сөзінен дін де, ғылым да адамды ақиқатқа бастайтын екі шамшырағы деген ойды ұғамыз. Бірінсіз бірі еш пайда бермейді. Алдыңғы тақырыпта діннің – ғибадат деген мағынасы барын айтқан болатынбыз. Бұл жердегі ғибадат сөзін солай да түсінуге болады.

Тақырыптың түйіні ретінде «Қуыскеуде» атты кітаптың төмендегідей сөздерін келтіргім келеді: «Ғылым – Алланың бір сипаты. Яғни барлық нәрсенің дұрысын объективті фактілермен білуші, айырушы. Мысал келтірер болсақ, ҒЫЛЫМ – зиянкес жәндіктер қаптағанда гүл мен жапыраққа себетін химиялық дәрі іспетті. Алланың осы сипатын сіңіру арқылы надан пенде дінді дұрыс тұтынып, мәдениетті сәтіммен өркендетеді. Сондықтан да хақ діннің өлшемі ретінде мәдени құндылықтар алынады. Идеологияға негізделген жалған дін ешқашан адамзаттық құндылық өндірмейді. Кез-келген жалған діннің академиялық ғылыммен жауа болатыны осыдан. Себебі нағыз ғылым діннің жалған тұстарын аямай әшкерелейді. Әдетте бұл процесс діни жетекшілер саясатқа тым құмар болғанда басталады. Саяси билікті қолына алған халифтер немесе қазіргі автократты басшылар жеке билігін нығайту үшін діни жетекшілерді ымыраға шақырады. Оларға материалдық көмек көрсетеді. Аңқауларын алдап, сұмырауларын сатып алады. Иманы беріктері соңына дейін күресіп, көбіне азапталып өледі. Бұдан соң ар-иманды саудаға салатын сатқын уағызшылар легі іске қосылады. Жалған дін қараңғы халықты соңынан ілестіріп, жарға апарып жығады. Осылайша дін тоқырайды. Дін тоқырығанда мәдениет те қожырайды.

Бұл тоқыраудан оларды академиялық ғылымға адал ғұламалар ғана алып шығады. Олар киелі мәтіндерге мұқият зер сала отырып, саясаттың ықпалымен бұрмаланып, терістелген ақиқат ілімді әуелгі нүктесіне әкеледі. Осылайша дін қайта тұғырына қонып, мәдениет өндіре бастайды». [9, 10-11б.].

Жоғарыдағы жүргізілген пікірлер мен пайымдардан және интервьюдан ғылым мен дін арасындағы кикілжің немесе қарама-қайшылық екі болмыстың ақиқатындағы кереғарлықтан емес ұстанушы адамдардың түсінігінен туындаған деген қорытынды жасауымызға болады. Мысалы, көзі нашар көретін адам көшеде ілініп тұрған билбордтағы жазуды бұлыңғыр етіп көреді. Солай көргенін елге айтып, жазулардың барлығы түсініксіз екендігін алға тартады. Соған өзі сияқты көзінде ақауы бар жандар қосылып, «шыныменде, жазулар түсініксіз» деп қолдау білдіреді. Алайда көзі сау адам онда не жазылғанын анық ұғады. Бұл жердегі мәселе жазудың бұлыңғырлығы емес, көрушінің көру қабілетінің нашарлығы. Соның салдарынан осындай қорытындыға келді. Дін мен ғылым мәселесі де осы. Екі ұғымның байланысы немесе қарама қайшылығы

адамның түсінігінде. Сонымен қатар дінді саясиландырып, саяси күш ретінде пайдаланса ғылыммен сөзсіз жау болатындығы белгілі. Менің ойымша, осы екі фактор турасында дін мен ғылымның арасында кикілжің туындайтын сияқты. Яғни, пікір алуандығы дін мен ғылымның болмысының кереғарлығынан емес. Екеуінің арасында түсініспеушілік орнаған замандарды және тарихи оқиғаларды зерттегенде, сол уақыттың саяси-әлеуметтік жағдайына мән беріп зерттеген дұрыс. Ақиқатқа көз жеткізбей, тапқан ақпаратты жалау етіп, екеуін қарсы қою ғылымға жасаған қиянатымыз деп санаймын. Сондықтан осы мәселені зерттеу барысында рестроспективті анализ жасауыз шарт.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбу Насыр әл-Жауһари. *әс-Сихах фи әл-Луға уә әл-Улум*. Дәр әл-Илм әл-Мәләин. Бейрут. Ливан. 1987. V-т. 1990-б.
2. Мамырбекова Г. *Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі*. Алматы. 2017. 658-б.
3. Сәйд Шәриф әл-Журжани. *Тағрифат*. Дәр әл-Кутуб әл-Илмийа. Бейрут. Ливан. 1983. 157-б.
4. Бұланұлы Ж. *Ежелгі және қазіргі діндер тарихы*. Нұр-Мұбарак баспасы. Алматы. 2020. 29-б.
5. Құрманбайұлы Ш, Исақова С, Мизамхан Б. *Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі*. Ұлттық аударма бюросы. Алматы. 2019. 596-б.
6. Клементьева Т. *Взаимоотношения религии и науки в современном мире: анализ подходов к проблеме*. Вестник Томского государственного университета Философия. Социология. Политология. 2017. № 40. 53-б.
7. Бәдруддин ибн Жәмаға. *Тәзкіра әс-Сәмиғ уә әл-Мутәкәллим*. Дәр әл-Лубаб. Бейрут. Ливан. 2021. 45-б.
8. Әбу Хамид әл-Ғазали. *Минһәж әл-Абидин*. Муассаса әр-Рисәла. Бейрут. Ливан. 1989. 59-61 бб.
9. Керімбай С, Нәби А. *Қуыскеуде*. Отбасы баспа үйі. Алматы. 2023. 10-11 бб.

ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ

«Клиникалық психология» мамандығының

1-курс магистранты **Қалаш А.**

*Ғылыми жетекшісі: саяси.ғ.к. доцент Сулейменов Пірімбек
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Андатпа: Мақалада қарастырылатын негізгі мәселе қазіргі ғылымның даму деңгейі терең және жан-жақты салыстырмалы теориялық тұрғыда қарастырылады. Сонымен қатар мақалада, қазіргі ғылымның даму деңгейі – бұл ғылыми қоғамдастықтардың қазіргі жағдайы мен жетістіктерін көрсететін кешенді көрсеткіштері анықталады. Бұл көрсеткіш ғылыми жетістіктер, білім деңгейі, қаржыландыру, технологиялық прогресс

Кілт сөздер: қоғам, технология, қоғам, факторлар, ғылым, мәдениет, әлеумет.

Қазіргі ғылым – қоғамның алға басуы мен дамуының негізгі факторларының бірі. Технологияның қарқынды дамуы, жаһандану және ғылыми мәселелердің күрделене түсуі жағдайында оның даму деңгейі туралы мәселе ерекше өзекті болып отыр. Ғылыми саланың қазіргі жағдайын түсіну, оның дамуына әсер ететін тенденциялар мен факторларды анықтау, сондай-ақ болашақтағы өзгерістерді болжау ғылыми қоғамдастық үшін де, жалпы қоғам үшін де маңызды рөл атқарады[1,145б].

Ғылым бір мезгілде:

- қоғамдық сананың бір түрі;

• негізгі қызметі шындық туралы объективті білімді дамыту және теориялық жүйелеу болып табылатын адам қызметінің саласы;

- жаңа білім алу бойынша күрделі іс-әрекеттер және оның нәтижесі
- дүниенің ғылыми бейнесінің негізінде жатқан білімдер жиынтығы;
- ғылыми білімнің жеке арнайы салаларын белгілеу.

Қазіргі ғылымның даму деңгейі – бұл ғылыми қоғамдастықтың қазіргі жағдайы мен жетістіктерін көрсететін кешенді көрсеткіш. Бұл көрсеткіш ғылыми жетістіктер, білім деңгейі, қаржыландыру, технологиялық прогресс, халықаралық ынтымақтастық және этикалық стандарттар сияқты бірқатар критерийлер бойынша бағаланады. Ғылымның даму деңгейін бағалау оның күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, әрі қарай даму бағыттарын анықтауға және ғылыми қызметтің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Өткен заманның философтары ғылымның болашағы туралы, оның білім мен қоғам дамуындағы барған сайын артып келе жатқан рөлі туралы өз болжамдарын білдірді [2, 235б]. Бірақ олар ғылым мен техника жетістіктерінің адам өміріне қандай ауқымды, кейде күтпеген, тіпті драмалық әсер ететінін елестете де алмады. Қазіргі уақытта ғылыммен кәсіби түрде айналысатын адамдардың – ғалымдардың саны күрт өсті. XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басында дүние жүзінде олардың мыңға жуығы болса, қазір олардың саны 5 миллионнан асады [3,145б]. Ал негізгі өсім Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін болды. Және бұл кәсіп салыстырмалы түрде жақында кәсіп болды: XIX ғасырдың соңына дейін ғалымдардың көпшілігінің негізгі табыс көзі ғылыми қызмет емес, ұстаздық болды. Қазіргі ғылым бір-бірімен тығыз байланыста және бір-біріне әсер ететін 15 мыңға жуық әртүрлі пәндерді қамтиды [2,123б].

Ғылым сөзбе-сөз барлық нәрсені, тіпті өзімен - оның пайда болуымен, дамуымен, қоғам өміріне әсерімен айналысады. Осыдан ғылыми ақпарат ағынының көшкін тәрізді өсуі және ақпарат көлемі мен оны пайдалану мүмкіндігі арасындағы қайшылық туындайды. Дамыған елдердің көпшілігі іргелі зерттеулердің маңыздылығын түсініп, оны қаржыландыруға жалпы ұлттық өнімнің 2-3%-ын жұмсап, ғылымды өз қызметінде басымдыққа ие етеді [4,125б].

Қазіргі қоғамда ғылым тікелей өндіргіш күшке, адамдардың мәдени дамуының ең маңызды факторына, саясат құралына айналды, сондықтан қоғам тарапынан орасан зор қысымды бастан кешіреді. Петр Леонидович Капица атап өткендей, ғылым байыды, бірақ еркіндігінен айырылып, құлға айналды [4,122б]. Ғылыми-технологиялық зерттеулердің басымдықтары белгілі бір дәрежеде коммерциялық пайда немесе саяси мүдделермен анықталады. Ғылым бізге әлемді түсінуге мүмкіндік береді, бірақ ол қандай мақсаттарға ұмтылу керектігін, қандай мәселелерді шешу керектігін көрсете алмайды. Шешімдердің бұл түрлері құндылық көзқараспен, яғни біздің өміріміздің моральдық, діни, этикалық немесе эмоционалдық аспектілерімен анықталады [5,176б]. Ғылымның даму деңгейі өзара әрекеттесуі ғылыми қоғамдастықтың табысты дамуының негізін құрайтын факторлар кешенімен анықталады. Осы факторларды түсіну және ескеру ғылыми прогреске қолайлы жағдай жасаудың және жаңа ғылыми биіктерге жетудің кілті болып табылады.

Көп қырлы қоғамдық құбылыс ретінде көрінетін ғылыми білім адамның қалыптасу және даму процесімен тығыз байланысты. Ғылыми және білім беру әлеуетінің жетілдірілуі мен дамуы, өз кезегінде, адам факторымен анықталады. Соңғысының мазмұны мен оның ғылыми білімге әсер ету сипаты әртүрлі жағдайлар мен себептердің ықпалының ізін қалдырады. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – адамдардың біліктілік деңгейін арттыру негізінде жаңа технологияларды қолдануының арқасында еңбек өнімділігін арттыру қажеттілігі. Жалпыға бірдей білім, білік және дағдыларды меңгеру нәтижесінде икемділік пен еңбек ұтқырлығын арттыру арқылы жоғары экономикалық көрсеткіштерге жетуге ұмтылу білім беру мен оның әлеуетін одан әрі дамытудың айқындаушы факторына көбірек айналуға. Адам факторы барлық әлеуметтік процестердің механизмін белсендіреді, олардың мазмұны мен бағытын анықтайды.

Демек, бұл құбылыс басқа да әлеуметтік процестер сияқты ғылыми-білім беру әлеуетін дамытудың бастапқы алғы шарты ретінде көрінеді. Ең маңыздысы ғылымды анықтайтын және болашақта анықтайтын әлеуметтік факторларға мыналар жатады [6,1236]:

- Адамзат дамуы технократиялық дамуға ілеспейді, сондықтан адамның технологияға тәуелділігі артып келеді. Яғни, жалпы адамға және оның өмір салтына, әсіресе психикасына технологияның айқын қысымы бар;
- Адамзаттың интеграциясы, қазіргі әлемдегі әлеуметтік және мәдени процестердің жаһандануы барлық жерде орын алуда;
- Этномәдени факторлар әсер етпейтін, адамның денеден тыс, «жіңішке» әрекеті туралы ақпараттың көбеюі.

Қазіргі ғылым қоғамда болып жатқан өзгерістерді ескереді. Осындай өзгерістердің бірі – қоғамның соңғы кездері ақпараттық сипатқа ие болуы. Бұл қазіргі ғылымның даму тенденцияларына әкеледі, оның бірі ғалымдардың қоғам алдындағы әлеуметтік және моральдық жауапкершілігінің артуы болып табылады.

Қазіргі білім беру үрдісі ғылыми білім құралдарын өзгерту болып табылады. Бұл, ең алдымен, компьютерлік технологияның біздің өмірімізге белсенді түрде енуімен байланысты. Бақылау және эксперименттік әрекеттерді автоматтандыру, зерттелетін процестер мен құбылыстарды модельдеу және талдау үшін әртүрлі типтегі электронды есептеуіш және аудиовизуалды техниканы пайдалана отырып зерттелетін нәтижелерді өңдеу есебінен ғалым жұмысының өнімділігі мен тиімділігінің артуы байқалады. Ғылыми ақпаратқа қол жеткізудің түбегейлі өзгеруі әртүрлі елдердің ғалымдары арасындағы тікелей байланыстар мүмкіндіктерінің күрт кеңеюіне әкелді. Ғылымның интернационалдануы үнемі артып келеді. Электрондық пошта және компьютерлік конференциялар ғалымдар арасында жедел байланыс орнатуға және қызығушылық тудыратын мәселелерді қарқынды талқылауға мүмкіндік береді. Ғылыми зерттеулерді ақпараттандыру – зерттеу объектілері туралы сенімді білімді толық және уақтылы алуды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру [7,34-436].

Қазіргі ғылымның даму тенденцияларының бірі біріккен зерттеулерді жүзеге асыру деп атап өтуге болады. Ғылыми қауымдастық көптеген микроқауымдастықтардан тұрады, сондықтан ғылыми қоғамдастықтың идеалдары мен нормаларын талдау басқа сипат алады – белгілі бір топтағы ғалымдардың санасының жергілікті ниеттері мен құндылық бағдарларының сипаты және әрбір зерттеу топтардың өз құндылықтары мен құндылық бағдарлары бар. Бір бағытта жұмыс істейтін, осы бірлестіктің субъектілері қабылдаған ғылыми-зерттеу бағдарламасы бар тұрақты, құрылымдық ұйымдастырылған ғылыми топтар құрылады. Уақытша ғылыми топтардың жобаларды жүзеге асыруы сияқты ғылыми білімді дамытудың бұл түрі кең таралуда. Қазіргі ғылымның тағы бір тенденциясы - жеке ғалымдардың әдістері мен құралдарының үнемі бір-біріне енуі [8,184-1916].

Ғылымның дамуының қазіргі тенденциялары оның шешетін мәселелерінің сипатының өзгеруін де қамтиды. Барған сайын олар іргелі әлеуметтік-практикалық және әлеуметтік-мәдени мәнге ие күрделі мәселелерге айналады. Сәйкесінше кешенді пәнаралық ғылыми зерттеулердің көлемі, үлесі және ауқымы артып келеді. Техникалық зерттеулердің гуманитарлық аспектісі бар, ал гуманитарлық ғылымдар технология жетістіктеріне негізделген.

Қорытындылай келе, ғылымның даму деңгейі ғылыми қоғамдастықтың өзара әрекеттесетін және әсер ететін көптеген факторларға байланысты екенін атап өткен жөн. Қаржыландыру, білім беру, технологиялық прогресс, халықаралық ынтымақтастық және этикалық стандарттар ғылыми ортаны қалыптастыруда және ғылыми даму траекториясын анықтауда маңызды рөл атқарады. Дегенмен, ғылыми даму жаңа шақырулардың, технологиялардың және әлеуметтік қажеттіліктердің әсерінен үнемі өзгеріп отыратын динамикалық процесс екенін түсіну қажет. Сондықтан ғылымның тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін жеке факторларға ғана емес, олардың өзара

байланысы мен жалпы ғылыми қоғамдастыққа әсеріне де назар аудару маңызды. Сонымен қатар, ғылымның даму деңгейі жалпы қоғамның алға басуына тікелей әсер етеді. Ғылыми сауаттылықты арттыру, инновациялық технологияларды дамыту, жаһандық мәселелерді шешу – мұның барлығы белсенді әрі тиімді ғылыми секторсыз мүмкін емес. Сондықтан мемлекет тарапынан да, жалпы қоғам тарапынан да ғылымды қолдау тұрақты және прогрессивті дамуды қамтамасыз етудің басым бағыты болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бурда, А.Г. Основы научно-исследовательской деятельности: учебное пособие / А.Г. Бурда. – Краснодар: Кубан. гос. аграр. ун-т, 2015. – 145 с
2. Мир философии: Книга для чтения. Ч. 2. Человек. Общество. Культура / Сост. П.С. Гуревич, В.И. Столяров. – М.: Политиздат, 1991. – 624 с.
3. Швырев, В.С. Рациональность как ценность культуры. Традиция и современность / В.С. Швырёв. - М.: Прогресс-Традиция, 2003. - 176 с.
4. Капица, С.П. Наука и современный мир [Электронный ресурс].М.,1997.-225б.
5. Уайтхед, А. Наука и современный мир / А.Уайтхед // Избранные работы по философии: Пер. с англ. / Сост. И.Т. Касавин: Общ. ред. и вступ. ст. М.А. Кисселя. - М.: Прогресс (Философская мысль Запада), 1990. – 388 с.
6. Философия науки/ под ред. С.А. Лебедева: Учебное пособие для вузов.-М., 2004.-736 с
7. Акулова, О. В. Развитие педагогической науки в информационном обществе / О.В. Акулова // Наука и образование: сб. науч. ст. – Вып. 22. – Омск, 2004. – С. 34-43.
8. Иванова, Н. А. Наука в «обществе риска» / Н.А. Иванова // Наука и образование в культуре и обществе: в 2 ч.: Ч.1. – Омск: Изд-во ОмГПУ, 2008. – С. 184-191.

АРАБ ДЕРЕККӨЗДЕРІ ӘЛ-ФАРАБИ ФИЛОСОФИЯСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ НЕГІЗГІ КІЛТ РЕТІНДЕ

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,
«Дінтану» мамандығының 1 курс магистранты **Оспан Дәулет**
Ғылыми жетекшісі: саяси.ғ.к. доцент Сулейменов Пірімбек

Аңдатпа. Мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірін, оның жазған еңбектері мен тракттарын зерттеуде, әсіресе фарабитанушы ғалымдар үшін араб тілін және араб тілді деректермен, яғни түпнұсқадағы қолжазбалармен жұмыс жасаудың маңыздылығы алға тартылады. Мақалада әл-Фарабидің еңбектерін зерттеген ғалымдарының қосқан үлесі қарастырылады. Мақалада араб тіліндегі әдебиеттермен, әсіресе әл-Фарабиді зерттеу саласында Фараби араб тілінде жазған қолжазбалармен жұмыс істеудің маңыздылығы көрсетілген.

Түйін сөздер: әл-Фараби, араб тілі, деректер, фарабитану, қолжазба, трактат, аударма.

Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми жұмыстары мен еңбектері тарихта оның «Екінші мұғалім» деген атақпен, қалуына себеп болды. Әл-Фарабидің өмірбаянын зерттейтін болсақ, оның тек Отырар қаласы емес, сонымен қатар, Дамаск, Бағдад, Мысыр елдерінде де болғанын білеміз. Оның білім жолы осы секілді ғылым ордаларында болуының себебінен ол жайлы естіген, замандас болған ғалымдар оны өздерінің кітаптарында сөзге тиек етуі болары сөзсіз.

Сөзсіз, әл-Фарабидің еңбектері ғылымның дамуына зор үлесін қосып келеді. Ойшылдың біздің қазақ халқымыздың ұлы тұлғасы екеніне бәріміз келісеміз. Сондықтан оның еңбектерін түпнұсқадан қазақ тіліне аудару үлкен жауапкершілікті талап етеді. Әл-Фарабидің еңбектері араб тілінде жазылған. Елімізде әл-Фарабидің трактаттарын аудару сонау Кеңес дәуірінен осы күнге дейін жалғасып жатқан үрдіс. Тәржіме жұмыстары араб тілі мамандарын қажет етеді.

Әл-Фараби жайлы және оның еңбектері мен ғылыми тұжырымдары жайлы жазылған немесе оны сөзге тиек еткен ғылыми еңбектер мен әдебиеттер жетерлік. Әл-Фарабидің жетпістен аса тілді меңгергені бәрімізге мәлім. Алайда, оның еңбектері араб тілінде жазылған. Әл-Фарабиді медицинамен айналысқан тұлғалар жайлы кітаптарда, ежелгі елдер мен қалалар жайлы тарих кітаптарында, сонымен қатар, ислам философиялары жайлы кітаптарда айтылған. Араб тілінде жазылған бұл еңбектерді зерттей отыра, біз ішінде жазылған әл-Фараби жайлы мағлұматтардың әртүрлі тізбекпен келгендігін байқаймыз. Ислам тарихын, ислам өркениетін зерттейтін ғалымдар үшін, әсіресе, фарабитанушы ғалымдар үшін араб тілді деректердегі айырмашылықтар мен ерекшеліктерді білу аса маңызды болып табылады.

Фарабитанушы Ағын Қасымжанов: «Әл-Фарабиді адамзат ұрпағының рухани ағартушысы ретінде түсіну – оның творчествосының негізін түсіну болып шығады», дей келе: «фарабитану – әлемдік ғылымда ХІХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасып, Қазақстанда жетпісінші жылдардан бастап дамыған ғылым саласы. Фарабидің дүниежүзілік мәдениет пен ғылымға қосқан үлесін зерттеудің маңызын алғаш рет шетел ғалымдары Г. Сартон, Д. Беркал және А.Койре негіздеп бергенін» айтады. Алайда математик-фарабитанушы Ауданбек Көбесов Фарабидің ғылыми мұрасын зерттеу қажеттігіне ертеден-ақ көңіл бөліне бастағанын, 1000 жыл бойына дүниежүзінің әртүрлі халықтарынан шыққан ғалымдар Фараби еңбектерін тынбастан зерттеумен келе жатқанын айтады: «олардың ішінде араб-парсы тілдерінде жазған Ибн әл-Надим (995), әл-Байхаки (1169), Ибн әл-Кифти (1241), Хаджи Халифа (1657), латын тілінде Веника (1484), Камерариус (1638), француз тілінде Козегартен (1840), неміс тілінде Генрих Зутер (1902), ағылшын тілінде Георг Сартон (1927), түрік тілінде Ч. Үлкен (1950), орыс тілінде С.Н. Григорьян (1958), өзбек тілінде

М. Хайруллаев (1963), қазақ тілінде М. Ысқақов (1967)», – деп фарабитанудың тарихын кеңейте түседі [1].

Әл-Фарабидің трактаттарының саны жайлы да әртүрлі көзқарастардың болуы да араб жазба деректерді ғылыми тұрғыдан зерделеуді, әлі қолымызда жоқ еңбектерді іздеуді талап етеді. Мысалы, әл-Фараби еңбектерін зерттеушілер оның трактаттарын 200-ге дейін жеткізсе, кейбір деректерде оның трактаттары 100-ден асады. Тарихтағы еңбектер жазып кеткен ғалымдар мен тұлғалардың аты-жөндері жайлы жазған Исмайл Баша әл-Бабани (إسماعيل باشا الباباني) «*Һәдияту әл-ғарифин* - هدية العارفين» (Білімділердің жолы) атты кітабының 2-ші томының 39-шы бетінде әл-Фарабидің трактаттарын атап жазып шығып, санын 103-ке жеткізіп, тағы да басқа еңбектері бар деп айтады [2]. Ибн Әбу Усайбиә (أصبعة ابن أبو) «*Уюун әл-Әнба фи табақаат әл-атибба* - عيون الأنباء في طبقات الأطباء» (Дәрігерлердің дәрежелері жайындағы мәліметтер бұлағы) атты кітабында әл-Фараби 113 еңбегінің аты тізімделіп берілген [3]. Дәл сол секілді, Жамил Азм (جميل عظم) өзінің «*Уқуд әл-жауһар* - عقود الجواهر» (Асыл алқалар) кітабының 128-ші бетінде ойшыл жайлы ақпарат беріп, одан әрі оның 113 еңбегін тізіп көрсетеді [4]. Әл-Фараби жайлы көптеген деректер ибн Халликаннан жеткен. Ибн Халликанның (ابن خلكان) «*Уәфиәту әл-ағиян* - وفيات الأعيان» (Тұлғалардың өлімі) кітабының 5-ші томының 153-ші бетінде ибн Халликан Әл-Фарабидің мұсылман философтарының ең ұлысы болғанын, әрі бұл салада

оның дәрежесіне жеткен ешкім болмаған деп сипаттайды [5]. Ибн Синаны оның еңбектерімен тәлім алғандығы және әл-Фарабидің түркі жерінде туылып, одан әрі Бағдад қаласына көшкендігі жайлы хабар етіледі. Сол кітаптың 155-ші бетінде «*فدخل عليه و هو بزي*» «الأثر الك»», әл-Фараби әмір Сейф әд-Дәулге келгенде оның үстінде түрік киімі болды делінеді. Алайда, Ибн әл-Абридің (العبري ابن) «*تاريخ مختصر الدول- الدوال*» «*تاريخ مختصر الدول*» (Елдердің қысқаша тарихы) атты кітабының 295-ші бетінде: «*واقام في كنفه مدة بزي أهل التصوف*» «*واقامه سيف الدولة و أكرمه*», - яғни, әл-Фараби бағзы уақыттарда оның сопылық киімде болғанын және сол кезде Сейф әд-Дәулге келгенде әмір оны құрметтеп, қошемет көрсеткендігі жайлы айтылады [6]. Осы секілді араб жаба деректері тарих сахнасында айтылмай жатқандығы қаншама.

Әл-Фарабидің философиялық ғылыми тұжырымдамаларын, ойларын діни тұрғыдан, ғылыми тұрғыдан, философиялық тұрғыдан зерттеген ғалымдардың көзқарастары да әртүрлі болып келеді. Ойшылды «Ислам ренессансының бастаушысы», «Ислам философиясының шоқтығы», «Екінші мұғалім» секілді атақтармен атаған. Исмайл Баша әл-Бабани (إسماعيل باشا الباباني) «*هدية العارفين - الهدية العارفين*» «*هدية العارفين*» (Білімділердің жолы) атты кітабының 2-ші томының 39-шы бетінде «*الحكيم - دانا*» деп сипаттаған. Ахмад әл-Алауна (أحمد العلوانه) халық арасынан шыққан тұлғалардың өмірлері мен жазған еңбектері жайлы жазылған «*الأعلام - أعلام*» (Тұлғалар) атты кітабының 7-ші томының 20-шы бетінде әл-Фараби жайлы ақпарат айтып жатып оны «*يعرف بالمعلم الثاني*», яғни «*ол екінші мұғалім*» деп танылған деп сипаттайды [7].

Ибн Кәсирдің (ابن كثير) «*البيدایة و النهایة - البدایة و النهایة*» (Басы және соңы) еңбегінің 11-ші томының 224-ші бетінде әл-Фараби жайлы сөз қозғағанда түркі философы деп бастайды және одан кейін оны музыка ғылымы бойынша білгір, адамдарды күлдіре алады, жылата алады, ұйықтата алады деп сипаттайды [8]. Осы секілді көптеген ғалымдар әл-Фарабиді өздерінің «*табақат*» (дәрежелер) кітаптарына енгізбеген. Араб тілді жаба деректердегі осындай мәселелер әлі күнге дейін өзекті болып тұр. Ғалымымыздың өмірбаянын тарих сахнасында кім алғаш жазды, замандас ғалымдарының еңбектерінде кездесетіндігі жайлы зерттеулер қажетсінеді. Оның туылған қаласы «*Фараб - فاراب*» жайлы да түрлі ақпараттар кездеседі. Мысалы, Мысырлық ғалым Мұстафа Абдурраззақ (مصطفى عبد الرزاق) өзінің «*فيلسوف العرب والمعلم الثاني*» «*فيلسوف العرب والمعلم الثاني*» (Араб философы және Екінші мұғалім) атты еңбегінде «*المعلم الثاني*» «*المعلم الثاني*» (Екінші мұғалім әл-Фараби) деген бөлім жазған. Сол бөлімде:

«*و الفارابي منسوب إلى فاراب. و لم يشذ عن القول بذلك إلا ابن النديم في الفهرست، فإنه يقول : أصله من الفارياب من أرض خراسان، و لا البيهقي في كتابه المخطوط في تاريخ الحكماء، فإنه يذكر أن الفارابي من فارياب (تركستان). و لكن النسبة إلى فارياب هي فاريابي. و قد ذكر معجم البلدان أسماء جماعة من الأمة نسبوا إليهما منهم محمد بن يوسف الفاريابي*»

«*Әл-Фараби Фарабтан (қаласынан) болып табылады. Бұл сөзді бәрі құп көрді. Бірақ ибн Надим «Фирхрист» кітабында ол Хорасан жеріндегі Фарйаб қаласынан дейді. Сонымен қатар, әл-Байһақи де «Тарих әл-Хукәма» кітабында әл-Фарабиды Фарйаб (Түркістан) қаласынан деп айтады. Алайда, Фарйаб қаласынан шыққан ол Фарйаби болып табылады. «Мугжам әл-Булдан» кітабында жоғарыда айтылған екі қалаға телінген есім Мұхаммед бен Юсуф әл-Фарйаби», - деп келтіреді [9]. Осы секілді көптеген араб деректері зерттеуді қажет етеді.*

Әл-Фараби философиясын араб дереккөздерінің объективі арқылы зерттеу оның ойлары мен философияның дамуына қосқан үлесін толық түсіну үшін қажетті қадам болып табылады. Араб дереккөздері Әл-Фараби әрекет еткен уақыт контексті және оның ойлауын қалыптастырған дәстүрлер туралы құнды ақпарат береді. Араб дереккөздері Әл-Фарабидің философиялық еңбектерін сақтап қана қоймай, оның замандастарына және араб әлеміндегі ойшылдардың кейінгі ұрпақтарына әсерін ашатынын атап өткен жөн.

Олар бізге Әл-Фарабидің идеяларының басқа философиялық ағымдармен қалай әрекеттескенін және оның өз заманының зияткерлік мәдениетін қалыптастыруға қалай әсер еткенін көруге көмектеседі. Осылайша, араб дереккөздері әл-Фараби философиясын зерттеуде шешуші рөл атқарады, бұл бізге оның түпнұсқа жазбаларына қол жеткізуге ғана емес, сонымен қатар оның араб зияткерлік дәстүрі контекстіндегі орнын түсінуге көмектеседі. Олар бізге осы көрнекті ойшылдың ойларының байлығы мен күрделілігіне енуге және оның араб философиясының ғана емес, бүкіл әлемдік мұраның дамуына қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Көбесов А. Фараби және фарабитану жайлы сөз // Қазақ әдебиеті. – 1968.
2. إسماعيل باشا الباباني. هدية العارفين. الجزء الثاني. - بيروت: مكتبة الإسلامية و الجعفري تيريزي، 1955 م. - 39 ص.
3. ابن أبو أصيبعة. عيون الأنباء في طبقات الأطباء. الجزء الثاني. - بيروت: دار مكتبة الحياة، 1886 م. - 134 ص.
4. جميل عظم. عقود الجواهر. - بيروت: المطبعة الأهلية، 1326 م. - 128 ص.
5. ابن خلكان. وفيات الأعيان. الجزء الخامس. - بيروت: دار صادر، 1977 م. - 153-155 ص.
6. ابن العبري. تاريخ مختصر الدول. - بيروت: دار الرائد اللبناني، 1973 م. - 295 ص.
7. أحمد العلونه. الأعلام. الجزء السابع. - جدة: دار المنارة للنشر و التوزيع، 1998 م. - 20 ص.
8. ابن كثير. البداية و النهاية. الجزء الحادي عشر. - بيروت: مكتبة المعارف، 1991 م. - 224 ص.
9. مصطفى عبد الرزاق. فيلسوف العرب و المعلم الثاني. مصر: دار إحياء الكتب العربية، 1945 م. - 59 ص.

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «АР ІЛІМІ» КОНЦЕПЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДІНИ ДИАЛОГ ПЕН РУХАНИ КЕЛІСІМДЕГІ МАҢЫЗЫ

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,
«Дінтану» мамандығының 2 курс магистранты **Серік Жанар**
Бабаков, Э.А. Баграмов, Ю.В. Бромли, Г. Д. Гачев, Л.М. Дробижев, И.С. Кон, К. Касьянов, З.В. Сикевич, В. М. Степанов сияқты зерттеушілердің еңбектерін атап өткен жөн. Халықтардың ұлттық-психологиялық ерекшеліктерінің проблемаларын дамытуға А.П. Бутенко, А.Я. Гуревич, П. С. Гуревич, И.Г. Дубов, В. К. Кантор, т.б., халықтардың өміріндегі менталитеттің маңыздылығын және ұлттық рухтың мәні мен ерекшелігін зерттеудің әдіснамалық негізін тұжырымдады.

Орыс философтары мен жазушыларының зерттеулерінде орыс ұлттық дүниетанымның сипатын, ерекшеліктерін анықтайтын метафизикалық мағыналардың өзара байланысты көріністерінің күрделі үйлесімі болып табылатын көпқырлы мәндер ұсынғандар Н.А.Бердяев, С.Булгаков, Ф.М. Достоевский, И. А. Ильин, Н. О. Лосский, В. С. Соловьев, Л. П.Карсавин, С. Л. Франк, А. С. Хомяков, Б. П. Вышеславцев, тарихшылар В. О. Ключевский, т.б болды. Олар “орыстың ұлттық жанының” өзіндік ерекшеліктерін француз, америкалық, неміс, ағылшын этникалық құбылыстарымен салыстыра отырып, әлеуметтік-мәдени сипаттамалар жасады. Аталмыш құбылыс Х. Дьюкер, А. Куаре, Л. Леозоню, Д. Рустов, Г. Смит, Н. Фрайд сияқты шетелдік авторлардың назарында болды. Олар мәселені түсінуде кездесетін біржақтылықтарды атай отырып, бұл құбылысты ұлттық психологияның ерекшеліктеріне немесе ұлттық дүниетанымның ерекшеліктеріне дейін азайтуды ұсынып, ұлттық рух құбылысының көпдеңгейлі екендігін жариялады.

Ұлт туралы әңгіме сол ұлттың мәдениеті мен өркениетінің қалыптаса бастаған кезінен басталады. XIX ғасырдағы бодандық жағдайымызда әлемдік мәдениетке тең тұрғыдан батыл қадам жасаған ұлт ағартушылары Шоқан, Ыбырай, Абай, Шәкәрімдер - ұлт қазынасы. Тарихқа “қазақ” атымен еніп, дербес мемлекет құрғанымызға бес жарым ғасырдан асса да, шын мәнінде өркениет көшіне ілесіп, әлемге өз еліміздің атынан тіл қатқанымыз – өткен ғасырдың басы. Сондықтан Қазақтың ұлттық рухы XX ғасырдағы Алаш Орда платформасынан бастау алады. XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы қазақ философиясы, негізінен, саяси философия болды: Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышпаев, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов. Ғасырлар тоғысында және XX ғасырдың бірінші жартысында тарихи сахнаға ұлттық-демократиялық бағыт ұстанған қазақ зиялылары шықты. Олар: Ғұмар Қараш, С. Торайғыров, Мұстафа Шоқай, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Т. Рысқұлов, М. Дулатов, М. Тынышпаев, Ж. Ақбаев, Ә. Ермеков, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, Х. Ғаппасов. Олардың дүниетанымдарына және өмірлік іс-әрекеттеріне тән ортақ белгі: қазақтың материалдық, ұлттық рухани болмысын сақтау, ал ол үшін тәуелсіздік пен білімге қол жеткізу арманы еді. Алаштықтардың ұлттық сипаттағы бағдарламаларын Кеңестік дәуірде іске асырмаққа талпынған көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерлері: Т. Рысқұлов, С. Қожанов, С. Садуақасов, Ж. Мыңбаев, Ы. Мұстамбаев, Н. Нұрмақов, М. Әуезов, т.б. болды. Саяси және құқықтық философияға өз үлесін қосқан Л.Байдельдинов, Т.Мұстафин, М.Баймаханов, Л.Вайсбергтерді атап өтуге болады. Бұл жылдары қоғамның рухани өмірі, қоғамдық сана мәселелері де зерттеуден тыс қалған жоқ. Ерекше із қалдырған ғалымдар Қ.Шүлембаев, С.Темірбеков, М.Үсенова, О.Сегізбаев, Е.Шихтерман, Л.Славиндер болды.

Қазақстанның егемен елге айналуы рухани салада зор серпіліс пен шабыт тудырды. Отандық философия сахнасына жоғарыда аталған үлкен тұлғалармен қатар жаңа буын көтеріліп, өзінің қомақты үлесін қосты, қазақ халқының терең руханияты, ділі, дүниесезімі қайта зерттеліп, төл мәдениетімізді байытты. Осы мәселелерге арналған М.Орынбековтың еңбектері жарық көрді. Сонымен қатар бұл салаға қомақты үлес қосқан С.Ақатайдың еңбектері болды. «Қазақтану» саласына біртұтастық тұрғыдан қарап, тарихи, әлеуметтік-экономикалық, саяси құқықтық, рухани сараптау жасаған Ж.Молдабековтың еңбектерін атау қажет. Ортағасырлардағы Отандық философияға жаңаша қарап, өз үлесін қосқан Ж.Алтаев болды.

Қазақ мәдениетінің типтік бітімдерін зерттеп, соңғы мәдениеттану көкжиектерімен ұштастыра білген, философияның басқа да салаларын зерттеп жүрген Т.Ғабитовтың еңбектері ерекше қызықты да нәтижелі.

Қазақ халқының тарихи қалыптасқан ділі мен дүниесезімінің нәзік астарының тереңдігін көрсете білген Қ.Нұрланованың еңбектерін атап өткен абзал. Отандық рухани мұраны зерттеуге Т.Айтқазин, Т.Бурабаев, К.Бегалиновалар үлес қосуда. Ғ.Есім ұлттық философияны зерттеуге, «Абайтану» саласын биік дәрежеге көтеруге қомақты үлес қосуда.

Қазақстан қоғамының түбегейлі өзгеруі, өз руханиятымызға жаңа дәрежеде қайта оралу, дәуір талаптарына сәйкес болу, дүниежүзілік көштен артта қалмау, т.б. халық тағдырына байланысты көптеген мәселелер зиялылар қауымында, университеттер мінбелерінде қызу талданып сарапталуда.

Бұл арада неміс классикалық философиясы көтерген өзекті мәселелерді, Батыс Еуропа топырағында пайда болған соңғы ағымдарды талдап, оны руханиятымызбен салыстырып, мәдениет философиясы саласында компаративті (салыстырмалы) зерттеулер жүргізіп жүрген ғалым Б.Нұржановтың еңбектері өтпелі қоғамда болып жатқан өзгерістерді тереңірек түсінуге мүмкіндік беруде.

Соңғы жылдары Философия институтында адамзаттың рухани-адамгершілік дағдарысы, соған байланысты Қазақстанның дамуы, құндылықтар бағдарламасы, өтпелі дәуірдегі адамның экзистенциалдық вакуумда қалып, әлеуметтік нормалардан ауытқуы (аномия), қоғамның тез арада байлар мен кедейлерге жіктеліп, олардың арасындағы алшақтықтың өсуі, «байлық және бақытты болу!» дегенге үндейтін утилитаристік, прагматистік идеологияның негізіндегі руханияттың жүдеуі, қоғамның буыны қатаймаған, өмірден алған тәжірибесі таяз жастардың батыстың тойымсыздық пиғылына өтуі, осыған байланысты «әлеуметтік аномияның» шектен тыс өсуі, жекешелендірілу жолында жасалған келеңсіз жәйттер әлеуметтік наразылықты күшейтіп, билік басындағылар жүргізіліп жатқан саясатқа түзетулер енгізу туралы өмір талаптары, т.б. күрделі де өзекті мәселелерді Ә.Нысанбаевтың жетекшілігімен зерттеп, үлес қосқандар С.Колчигин, А.Хамидов, К.Әлжанов, И.Ерғалиев, Г.Соловьева, А.Қаптышев, Р.Қадыржанов, З.Сәрсенбаевалар болды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. 1 том. Ежелгі Шығыс. – Астана: Фолиант, 2005. – 480 бет.
2. Л.Н.Гумилев және дала өркениеті проблемасы// Л.Н.Гумилев: этногенез теориясы. – Астана: ЕҰУ, 2012. – 158 бет.
3. Қойшыбаев Б. Ұлттық код – рухани болмыс кілті [Мәтін] / Б. Қойшыбаев // Егемен Қазақстан. – 2017. – № 115. – 19 маусым. – 5 бет.
4. Әбдиманұлы Ө. «Қазақстанның қазіргі әдебиетіндегі ұлттық идея және тарихи мәселелер». Алматы: Қазақ Университеті. – 2018. – 234 бет.
5. Сыдықов Т. Рух пен интеллект көкжиегі: портреттер, зерттеулер. – Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы Жетісу Мем. Университеті – 189 бет.

ТҮРКІЛЕР ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ НЫСАНАСЫ

7M02202-Философия, 2 курс магистранты **Ерболат Сұнқар**

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д. профессор. Ғабитов Т.Х.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті.

Андатпа: Түркілер халықты билеудің әлемдік үлгісін жасаған. Ол – «Мәңгілік ел» үлгісі. «Мәңгілік ел» нысанасы – «Тәңір тауының сағасын мекендеп келе жатқан,

көшпелі түркі жұртының ұлы арманы, түркі әлемі мен руханиятының ұйытқысы. Өйткені «ел мен «елдік ұғымын ұйытқан мәйектің ата тегі-Тәңір, ана тегі – Ұмай ана, заттық негізі – жер мен су. «Мәңгілік ел» нысанасы –мәңгілік рухани аңсар, ол түркі тегінің тұтастығы мен тәуелсіздігінің кепілдігін қамтамасыз етуге арналған – тектік, тазалық пен еркіндік идеологиясы. Ал ұлттық тәуелсіздік ісі түркі әлемінің рухани еркіндік нысанасы» [87, 381 б.].

Кілт сөздер:Түркі,ұлттық идея, Тан, Шығыс Түрік, Суй әулеті,Батыс Түрік.

Шығыс Түрік қағанатының қоғамдық-саяси тарихын зерделеуді біздіңше, ең алдымен территориялық белдеуін бағамдаудан бастағанымыз дұрыс сияқты. Кеңес кезінде жарық көрген Қазақ совет энциклопедиясында оның шекаралық аймағы Қазақстан, Орталық Азия, Шығыс Түркістан, Оңтүстік Сібір жерімен сабақтастырылған [74, 318 б.]. Дегенмен осы тұжырымның дұрыстығы біршама күмән туғызады. Біріншіден, егер бұл жерде жалпы алғашқы түркілердің елі Түрік қағанатының территориясы көрсетіліп отырса, онда осы тізбекке Моңғолияның айтарлықтай бөлігі жетпей тұр. Ал екіншіден, егер Батыс Түрік қағанатының жері ме десең, ондай жағдайда Оңтүстік Сібір өңірінің қатысы не деген орынды сұрақ туындайды.

Ендеше Батыс және Шығыс Түрік қағанаттарының территориясын анықтаудың ең оңтайлы жолын таңдалық. Ол үшін бар-жоғы Ашина әулетінің тұңғыш қағаны Бумын құрған және оның мұрагерлері мемлекеттің шекарасын ұлғайтқан Түрік қағанатының орын тепкен алқабын түгендесек деп түйіндеген едік. Алайда бұл да біз ойлағандай оңай мәселе болып шықпады. Кеңес және республиканың тәуелсіздік алғаннан бергі Қазақстан тарихына қатысты жарық көрген фундаменталды еңбектер мен ұжымдық, сондай-ақ жеке авторлардың оқулықтары және оқу құралдарында негізінен анық та айқын не Түрік, не Батыс Түрік қағанатының жері берілмеген. Шығыс Түрік қағанаты туралы мағлұматтардың мүлдем жоқтығы өз алдына. «В середине VI в. на политической арене Центральной Азии появилось «действующее лицо» – Тюркский каганат, вскоре превратившийся в крупнейшее государство раннего средневековья. В период наивысшего развития это государство занимало обширную территорию – Монголию, Забайкалье, отчасти верховья Енисея; крайняя западная граница его владений доходила до Крыма, а южная до верховьев Аму-Дарьи» [75, 20 б.]. Басқаша айтсақ, шығысында Алтай тауларынан батысында Қара теңізге, солтүстігінде Енисейдің жоғарғы ағысынан оңтүстігінде Амударияның жоғарғы тармағына дейінгі ұлан-ғайыр жерді қамтыған болып табылады. Жоғарыдағы территориялық өңірді бүгінгі күнгі мемлекеттердің шекарасымен шендестірсек, Моңғолия, Қытай (дұрысы – Шығыс Түркістан, яғни Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданы), Қазақстан (Жетісу+Оңтүстік Қазақстан), Орта Азия (Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікмен республикалары) аймақтық шеңберіне шығамыз.

Енді міне осы тұста біздер батыс пен шығыс түркілерінің жерлерін бөліп көрсетелік. Батыс Түрік қағанатының жерін анықтау үшін де басқа кітаптардан сұрағымызды қанағаттандыра алмағандығынан, қайтадан аталған оқу құралының көмегіне жүгінуге тура келді. Мұнда Он оқ елі Қаратаудан Жоңғарияға дейінгі усун жерлерін, сонымен қатар Шығыс Түркістан мен Орта Азияның отырықшы егіншілік оазистерін алып жатты деп көрсетеді. Соғды, Бұқарада қағанның орынбасарлары отырды, бұл жерде олардың иелігі Амударияның жоғарғы ағысы мен Гиндукушқа, Испиджаб пен Шаштан Оңтүстік Ауғанстан мен солтүстік-батыс Пәкістанға дейін жеткендігін сабақтайды [75, 36 б.]. Ендеше бұдан шығатын қорытынды: Шығыс Түрік қағанатының территориясы Шығыс Түркістанмен бөлініп, оның арғы жағынан бастау алмақ, сөйтіп, негізінен Моңғолияның жерін қамтиды. Сөйтіп, 603 жылы түркілердің далалық империясы екі дербес мемлекетке Батыс – Ортаазиялық және Шығыс – Орталықазиялық қағанаттар болып бөлінген.

Төрт тарапты дүр сілкіндірткен құдіретті Түрік қағанатының екі дербес қанатқа бөліну себептерін саралау да назарда ұстайтын мәселенің бір жағы: біріншіден, түркі басқарушы топтарының, бәрінен бұрын, Ашина әулеті тайпаларының арасындағы қырқыстар, яғни түркі аристократиясының автономиялық басқаруға ұмтылысы, екіншіден, толассыз соғыстың барлық ауыртпалықтарын өз иықтарына артқан қара будунның кедейленуі, үшіншіден, 581-583 жылдардағы жұттың бұқараны қалжыратуы, төртіншіден, осындай күйзелісті дағдарыстан шығуға салиқалы саясаттың жоқтығы екендігі даусыз. Жұттың алапат аштыққа соқтырғанын Қытай тарихшысының аузынан Н.Я. Бичурин бізге былай жеткізеді: «... нан орнына сүйек ұнтағын жеді. ...» [76, 229 б.]. Аталмыш тізбектер бөліну үрдісінің ішкі факторлары десек, сыртқы себебі – елдерді іштей ірітіп, жегідей жеген Қытайдың құйтыртқы саясаты. Оның бер жағында, дәл осы кезде өзара қырқысулардан Түрік қағанаты әлсіреп жатқанда, керісінше бытыраңқы Қытай Суй әулетінің төңірегіне топтасып, онда жүргізілген реформалар империяның экономикалық және әскери-соғыс қуаттылығын нығайтты. Сонымен, 582-603 жылдары қағанаттың бөліну үрдісі толықтай аяқталды. 581-593 жылдардағы Түрік қағанатындағы «ұлы қырқысулар» кезеңінде Мугань-ханның баласы Торэмен (билікқұмар, бірақ батылсыз, алайда соғыста батыр, дегенмен саясатта көрегенділік танытпаған), мезгілсіз қайтыс болған Қара Исык-ханның балалары – Шету (көзсіз батыр да ақылды, шапшаң да батыл) мен Чулохоу (ақылы мен батылдылығына қоса қу,), Истемидің баласы Кара-Чурин Тюрк тардуш-хан (князьдардың ішіндегі ең беделдісі), Арслан Тобо-ханның баласы Амрақтың (әлжуаз) есімдері аталып, аталғандардың арасындағы топтық өзара билік жолындағы талас-тартыс және олардың арасына Қытайдың от салып арбауы ақыр соңында қағанаттың түбіне жетті.

Бұл кезеңде төрт кіші ханды былай қойғанда, жоғарыда аталғандың ішінен төртеуінің ұлы хан атағын шенденгенін тарих алға тартады: 1) Мугань-ханның баласы Торэмен Або-хан (ұлы хан) деген титул алды. 2) Шету Иль-кюлюг-шад Бага Ышбара-хан титулын иемденді, қытайлықтар оған Шабوليو лақап атын беруіне орай тарихқа осы есіммен енді; 3) Қара-Чурин Тюрк-қытайлықтардың атауымен Дяньгу, олар сондай-ақ оған Дату-хан титулын берді; Төртінші хан болып Амрак есептелді. Ендеше 581-603 жылдар батыс пен шығыс түріктер болып жіктелудің тереңдей түскен тұсы және бұл тарих шеңбері өз алдына талдауды қажет ететін үлкен мәселе. Сондықтан тек Л.Н. Гумилевтың сөзімен өзара билік үшін күресті түйіндесек: «Борьба закончилась лишь тогда, когда из четырех ее участников трое умерли. Новый хан, Юнь Йоллыг, был «слаб и боязлив», и Кара Чурин, лишенный возможности стать законным ханом, сделался фактически властителем империи» [77, 118 б.].

Шығыс Түрік қағанатының дамуы қалай өрбіді? Жанған (қытайша Жаны-гань) Ышбара-ханны ұлы, ол өмірлік ұстанымы жоқ, қызғаншақ, қорқақ, жарымсақ адам-ды. Жанғар 603жылдан бастап 608 жылғы дейін тақты иемденген. Ол Суй әулетінің (604 жылдың шілдеде Ян Цзян өліп, оның орнын Ян-ди деген атпен ұлы Ян Гуан басты, әкесінің жаугершілік саясатын ұстанды) қуыршағына айналды, ең аяғы халқын қытайлықтарға ұқсатудың барлық амалын жасап бақты. Шығыс Түрік қағанатында Жанғар өлгеннен кейін оның ұлдары бірінің артынан бірі хан тағына отырды (Шибир-хан, Чуло-хан, Қат Иль хан) және мемлекет соңғысының тұсында өмір сүруін тоқтатты. 608-630 жылдарды қамтитын саяси оқиғалар тізбегін қарастыралық.

Ян-ди 608 жылы Жанғардың ұлы жад Дугиді Шибир-хан титулымен хан етіп бекітті және ол 608-619 жылдар ішінде билік жүргізді. Әкесінің қателіктерінен арылып, Шибир қытайлықтардың ықпалына ілеспей, өзіндік тәуелсіз саясат жүргізуге тырысты [78, 8 б.]. Қытайдың шіріп отырған әулетін шайқалтуға Шибирдің самарқау бастаған әскери қимылдары елде бастау алған көтерілістермен [77, 170 б.] сабақтаса кетті. Сөйтіп, Қытайдың ішкі қақтығыстарын пайдаланған Шибир-хан айналып келгенде Ортаңғы (Срединная) империяның қожайыны болып шыға келді. Түркілердің жорықтары Цзиньянның қабырғасына дейін жетті. Көптеген қытайлықтар түркілердің жағына

шығып, олардың әскер санын еселеді. Кидан, Шивей (татарлар), Тогон және Гаочан Шибир-ханға мойынұсынды. Сөйтіп, түркілердің басын біріктірген Шибир-ханның жауларына қарсы ұтымды жойқын жорықтарының нәтижесінде Шығыс Түрік қағанатының шекарасы кеңейді. Шибир-ханның сәттілік саясатына Қытайдың ішкі тартыстары негіз болғаны сөзсіз; Ян-дидің өлтірілуімен байланысты 581-ден 618 жылға дейін билік жүргізген Суй династиясы сүруін тоқтатқан еді. Солтүстік Қытайдың табғач помещиктерінің ықпалына сүйенген тапқыр қолбасшы, білгір гене-рал, саясаткер Ли Юань өзін император Гаоцзу және әулетін Тан деп атады. Суй үйінің құлаюына Қытайдағы 613-618 жылдардағы азамат соғысы басты себеп болды. Тан әулетінің орнауына үлес қосқан ағасының жіберген қателігін түсінген Чуло-хан Суй әулетін қайта жандандыруға жанталасқан одақты жақтап, олармен біріге әрекет бастады. Алайда билігі бар-жоғы 18 айға созылған ол 620 жылы белгісіз жағдайда өмірден өтті. Шығыс Түрік қағанатының келесі ханы Қат Иль хан Тугбир [620-630 жж. билік етті] елін Қытайдан толық тәуелсіз етуді мақсат тұтты. Дегенмен тарих еншісіне бұл құбылыс бұйырмады, өкінішке орай осы қағанның билігімен тұстас мемлекет өмір сүруін тоқтатты. Қытайдың озбырлық саясатына қарсы оның толассыз 67 рет шекарада шабуыл ұйымдастырғаны белгілі [74, 318 б.].

Қат Иль ханның Қытайға қарсы соғыс қимылдарын сараласак; 622 жылы Шаньсиге басып кіріп, Май бекінісін алды. Келесі жылдың күзінде жорық-тарын қайта жалғастырып, соғыс алма-кезек жеңістермен өрбіді. 624 жылғы бүкіл майдан шебін бұзған ол және оның немере інісі Шибоби барлығына үрей үйірді. 625 жылы түркілер Шаньсиге қайтадан басып кірді, бірақ қамалдарды алу ісі аяқсыз қалды. Тарихта 626 жылдың 23 қыркүйегінде соғысуға шешінген екі жақтың Вэй өзенінің жағасында келісімге келуімен аяқталғаны баяндалады. Қат Иль ханды келісім қанағаттандырмады, сөйтіп, ол 627 жылы жаңа соғыс туралы ойластыра бастады. Сол жылы қар қалың түсіп, мал қырылды, арты азапты аштыққа соқтырды. 627-629 жж. жұт кезінде көшпенді халыққа салынған салық ауырға түсті. Әсіресе сеяньто, ұйғыр, байырку сияқты тайпалар бас көтеріп қана қоймай, сатқындық әрекеттерін іске асырып жатты; өз іштерінен хан сайлап Қытайдың оларды тануына өтініш жасады. Қат Иль хан да қарап қалмай, уысынан кетіп бара жатқан тайпаларды бағындыру үшін соғыс қимылдарын бастады және мұндай жортуылдардың ханның әскери күшін әлсіреткені сөзсіз. Қытайдың көздегені де сол еді, сондықтан Тан әулеті Түркі державасындағы күрделі жағдайды шебер пайдаға асырды; 629 жылы түріктерді Май бекінісінен қуып шығып, бүкіл Ордос Қытай императорының қолына көшті. Сол арада-ақ сыгин, байырку, бугу, тонгра, си және татабы (хи) тайпаларының көсемі табғаш ханына бодандығын жеткізді.

Қытайдың алты армиясы Луаньхэ өзенінен Биньчжоуға дейін созылған майдан шебін құрып, түркілерге тіке шабуылын бастады. Оянлин тауы бөктерінде (Шаньсиде) өткен түнгі шайқаста Қат Иль хан тағы жеңіліс тауып, солтүстікке шегінді. 630 жылы оны қытайлықтар тұтқынға алды. Қытай императоры оған «мейірімділік» танытып жанын сақтады. Алайда арманы жер құшқан Қат Иль хан 634 жылы қайғырып құсадан қайтыс болған-ды. Осылай ұзын найзаның жүзімен қалың елді бағындырған қара жұрын түркілердің Отаны – айбарлы да құдіретті Шығыс Түрік қағанаты- тарих сахынасынан түсті.

Екінші Шығыс Түрік қағанаты 682-744 жылдар арасында өмір сүрді [79, 37 б.]. Түркілердің мемлекеттік бірлестігінің құрылу уақытының шама-шарқын негіздеуде пікір алшақтығы жоқтың қасы, дегенмен назарда жүргендерін түгендесек: Шығыс түркілерінің 679-687 жж. Қытайға қарсы табанды тәуелсіздік күресінің нәтижесінде өз мемлекетін қалпына келтірді, – деп С.Г. Кляшторный мен Т.И. Султанов жалпылама атап өтеді [80, 98 б.]. М. Жолдасбеков түркі жері Қытай басқыншыларынан 683 жылы азат етілді деген мағлұмат береді [81, 21 б.]. Екінші Шығыс Түрік қағанатының шаңырақ көтерген уақытын Қ.Салғараұлы 683-жылмен айқындап, ал іргелі мемлекеттің өмір сүруін тоқтатқан мерзімін 745 жылмен тұжырымдайды [82, 23-25 б.].

«Табғаш қағанына бағынып, елу жыл ісін-күшін берген» көк түркілер жұдырықтай жұмылып азаттық күресін бастады. Бұл туралы «Күлтегін» жәдігерлік жазуында былай баяндалған: ... Күллі түркі халқы былай десті: «Елді халық едім, Елім қайда, Кімге ел-жұрт іздермін. Қағанды халық едім, Қағаным қайда, Қандай қағанға күш-қуатым берермін?»-десті. Осылай деп табғаш халқына жау болды [8, 48 б.]. Дәл осы жерде Н. Келімбетовтың: «Ұлы Түрік қағанатының шынайы шежіресі, таңғажайып тарихы бұдан он үш ғасыр бұрын қағазға емес, құлыптастарға қашалып жазылған» [83, 84 б.] деп тауып айтқан ойы еріксіз еске түседі. Мұндағы айтып отырғанымыз – ақын тас, жыршы тас – Орхон ескерткіштері (VIII ғ.), яғни Білге Қағанға, Күлтегінге, Тоныкөкке арналған құлыптас жазулары болмақ.

Көтеріліс халықтық, бұқаралық сипат алды, оның басында Қат Иль ханның туысы Құтлығ тұрды. Көк түркілердің баскөтеруі сәтсіз басталды. Сөзінің өткірлігімен, ұтымдылығымен тартымды берілген жайтты Л.Н. Гумилевтің пікірімен сабақтағымыз келіп отыр: «Тюрки показали небывалую стойкость и упорство, поражение не разложило, а сплотило их. Воля к борьбе не погасла, и это определило ход событий, который привел к восстановлению Тюркского каганата» [77, 277 б.]. Міне, тәуелсіздікке қол жеткізудің бір себебін халықтың ерік-жігерімен байланыстырсақ, екіншісі - ескі шендік жүйенің қалпына келтірілуі, яғни оның өз отрядын әскери істі білетін бұрынғы ақсүйектерден құруы, үшіншісі – тәртіптің енгізілуі, төртіншісі – жаудың осал тұстарын білетін қытайлық білім алған адамдарды пайдалануы (мыс. Ашидэ Юань-чжен және Тоныкөк), бесіншісі – Қытайдың басты күші Ганьсу мен Сычуань-да тибеттіктермен соғысып жатуы, алтыншысы – түркілермен айналысуға мойын бұрғызбай жатқан Қытайдағы мемлекеттік төңкеріс еді. Тан үйіндегі ұзаққа созылған бапсаулау ақыр аяғында 689 жылы бұл әулеттің дағдарысына әкеліп соқтырған-ды. М. Жолдасбеков Құтлығты халқы тоз-тоз болған түркілерді қайта жинап, жауға қарсы көтергені үшін Елтеріс (елді теруші, жинаушы мағынасында) хан атап кеткен десе [81, 21 б.], Қ.Салғараұлы жұрт Құтылығы ақ киізге көтеріп, Елтеріс («Елтөресі» болу керек) атпен хан көтерді дейді [82, 23 б.].

Қағанаттың орталығы Өтүкенде (Хангай таулары) болып, батыс шекара-сы Елтеріс тұсында Алтаймен белгіленді. 693 жылы Елтеріс қайтыс болғанда, әжетке жарай қоймаған екі ұлы қалды (кейінде біреуі қаған, екіншісі оның атақты қолбасшысы болатын Могелянь (Білге-қаған) мен Күлтегін еді). Сондықтан таққа оның інісі Қапаған-қаған титулын иемденген Мочур (қы-тайша Мочжо) отырды (691-716 жж.). Көк түркілер 694 жылы Қытай шекарасына қырғидай тиіп, халық пен көптеген жауынгерлерді тұтқынға алып кетті. 697 жылы олар Линчжоу мен Шэнчжоу уездерін, яғни солтүстік-бастыс Ордосты талан-таражға салды. Қытай әскері түркілерді ығыстыра бастағанда, Тоныкөк басшылығымен олар «жиырма үш қаланы талқандап» табысқа жетті. «Тоныкөк» жырындағы мына өлең жолдары сөзімізге айқын дәлел: Қапаған қаған үшін Түнде ұйықтамадым, Күндіз отырмадым. Қызыл қанымды төктім. Қара терімді ағыздым. Күш-қуатымды аямадым. Мен өзім ұзақ жорықтарға да бастадым [81, 66 б.]. Осы жерде дана Тоныкөктің Құтлығтың, Қапаған-қағанның қолбасшысы, Білге-қаған мен Күлтегіннің кеменгер ақылшысы болғандығын еске салғанымыз абзал.

697 жылы Маньчжурияны өз иелігіне қосып алуына орай, қидандар түркі ханының вассалына айналды. Сөйтіп, Солтүстік Қытайға қарсы бірнеше сәтті жорықтары, қидандарды қиратуы, Туваны бағындыруы және Енисей қырғыздарының мелекетін талқандауы (709-710) қағанатты Орталық Азияның қожасы етті. Алайда 711 жылдан бастап қарлықтар, аздар, ізгілдер сияқты бағынышты тайпалар бас көтерді де, оларды біртіндеп ұйғырлар, байырқулар, қидандар мен татабылар қолдады. 716 жылы байырқулардың дүрбелеңін басып келе жатқанда, андаусызда тосқауылға тап келіп Қапаған қайтыс болды [84, 10 б.].

Қапаған түркілердің дәстүрлі тақты иелену тәртібін аттап, заңды тақ мұрагері Могилянның (Мойынчор) орнына өзінен кейін ұлын Инелді дайындаған еді. Алайда Күлтегін ағасын Білге-қаған деген титулмен таққа отырғызды (716-734 жж.). Дегенмен

Гумилев Л.Н. Күлтегіннің қағанаттағы өзекті орнын әр кез айшықтай түседі: «...а фактически вождем тюркского «вечного эля» был герой Кюль-тегин...» [77, 314 б.] «... т.е. фактически хозяином каганата» [4, 314 б.]. Білге-қағанның хандық құрған кезі триумвираттық билікке көбірек келеді. «Ұлы үштіктің» – Білге-қағанның, Күлтегіннің, Тоныкөктің мақсаты-қағанатты қалпына келтіру еді және асқақ міндет негізінен іске асырылды да. Қағанатта ыдыратушылық отын түтеткен аз, ізгіл, ұйғыр тайпаларына алғашқы жылы-ақ соққы берілді. Басмылдарды талқандап, олардың Тан империясымен, қидандармен, хилармен жасасқан одағына дер кезінде тосқауыл қойды. Түркілер Тан әулетімен тәуелсіздік үшін кескілескен ұрыстар жүргізді. 721 жылы Тан империясы амалсыздан Білге-қағанмен бейбіт келісім-шартқа отыруға мәжбүр болды.

Күлтегін батыр 731 жылы қайтыс болды. Ол Орхон өзенінен (қазіргі Моңғолия аумағында) 40 шақырымдай жердегі төбеге жерленген [85, 192 б.] Бауырының қазасы Білге-қағанға ауыр тиді. Қаһарлы Күлтегіннен қаймығып жүргендер біртіндеп бас көтеріп, аяғында 734 жылы Білге қаған сатқын бекзадалардың уынан дүние салды. Оның орнына таққа отырған ұлы Йоллығ тегін (734-739 жж.) есімі біздің заманымызға тек қайраткер қана емес, Күлтегін мен Білге қағанға арналған тастағы жырлардың авторы, тарихшы, ұлы жырау ретінде жетті. Оның Қытайға үш елшілік жібергені жөнінде айтылады. Сыртқы саясатында Йоллығ тегін әкесінің салған жолын жалғастырды.

Тақ Тенгри-хан титулын иемденген оның кіші бауыры Бильге Құтлуг ханға бұйырды. Тенгри-ханның тұсында нақтылы билік По-бег ханша-шешесінің (Тоныкөктің қызы) қолында болды. Ханшаның сөзіне ерген баласы елдің батыс бөлігінің шадын өлтірді. Осындай қауіптен сескенген Шығыс шады Пань-кюль өз әскерімен ханды өлтіріп, орнына соның бір баласын отырғыз-ды. Бірақ Пань-кюльдің қарсыласы Құт ябгу (қыт.Гуду) жаңа келген ханды өлтіріп, оны Бильге Құтлуг ханның екінші бір баласымен алмастырды да 741 жылы таққа қойған адамының да көзін жойып тақты құлатты. Құт ябгудың өзі 742 жылы бас көтерген ұйғыр, басмыл, қарлықтардың қолынан қаза тапты. Одақтастар жеңісін тез арада пайдаланып, өз мемлекетін құрды.

Осындай қиын-қыстау жағдайда түркі ақсүйектері ес жиып, Пань-кюльдің баласына Озмыш-хан титулын беріп хан етіп сайлады. Түріктердің жан-жақтан қыспаққа алынғанын пайдаланып, империялық Қытай Озмыш-ханға берілуді талап етті. Алайда ол көнбеді, ұйғыр, басмыл, қарлықтардың бірлескен күші Озмыш-ханды ордадан қуып шықты. Ал 744 жылы басмылдар Озмыш-ханды өлтіріп, басын Чаньяньға жіберді. Сөйтіп, даңқты басталған Екінші Түрік қағанатының тарихы 741 жылдан бастап құлдырап, 744 жылы мемлекет жойылды. Қытайдың 50 жылдық өктемдігіне қарсы көтерген көк түркілерді Тәуелсіздік, Азаттық, Бостандық сияқты қасиетті ұғымдар жетелеп, сайын далада қағанатын құрған еді. Ақыр соңында Тәуелсіздіктің қадірін бағамдай алмай, көрсоқырлық саясатымен қанға бөгелді. «Тарих-ұлы ұстаз» – бұл Қ. Салғараұлының көкірегінен жарып шыққан сөз [86, 9 б.]. Біз бұған қоса «Тарих-өмірлік сабақ» дер едік, себебі сол заманда ата-бабаларымыз тасқа қашаған жырларында дәріптеген Отанға сүйіспеншілікті, батылдықты, ерлікті, адалдықты, ынтымақты, бірлікті (елу жыл бойына езілу себептерін күңірене жаза отырып) өздері әкеліп аяққа басты, қолдан Тәуелсіздікті беріп қойды.

Сондықтан өткен тарихтан сабақ алып, бүгінде аңсап қол жеткізген Қазақстанның Тәуелсіздік Байрағын көздің қарашығындай сақтау – әр қазақстандықтың абыройлы міндеті, азаматтық борышы болып табылмақ.

Байырғы түркі халқы үшін елі мен жерін қорғап тәуелсіз бақытты, құтты мемлекет құру басты мұрат болса, ұлы ойшыл, кемеңгер Әл-Фараби ілімінде бұл мұрат кемел қоғам құру идеясымен сәйкес келеді. Түркі халқының түсінігі бойынша байырғы түркі елі, әлемнен кейінгі Көк Тәңірі жаратқан ең ежелгі, көне мемлекет. Сол себептен оны Тәңір елі, «Мәңгілік ел» деп атады. Түрік дүниетанымының өзегі болып табылатын «Ил (ел)» сөзі «бейбітшілік» деген мағынаны білдірсе, «илхан» (елхан) «Бейбітшілік қағаны» деп аталатын. Түркілердің бас бостандығы мен еркіндігі, өмір сүру қағидалары, жалпы

ел, жер, елдік, бірлік мәселелері «Мәңгілік ел» нысанасымен байланыстырылады. Осы Тәңірі жаратқан «Мәңгілік елдің» біртұтастығын сақтау жолында білікті данышпан қағандардың ұлағатты қасиеттерді бойына сіңіру қажеттігін айта отырып, тасқа қашап, оны келешек ұрпаққа мұра етіп қалдырды. Байырғы түркілер барлық ішкі-сыртқы саясаты мен «арнайы» идеологиясын осындай жолмен, яғни, «Мәңгілік ел» саясатымен жүргізді.

«Түркілер халықты билеудің әлемдік үлгісін жасаған. Ол – «Мәңгілік ел» үлгісі. «Мәңгілік ел» нысанасы – «Тәңір тауының сағасын мекендеп келе жатқан, көшпелі түркі жұртының ұлы арманы, түркі әлемі мен руханиятының ұйытқысы. Өйткені «ел мен «елдік ұғымын ұйытқан мәйектің ата тегі-Тәңір, ана тегі – Ұмай ана, заттық негізі – жер мен су. «Мәңгілік ел» нысанасы – мәңгілік рухани аңсар, ол түркі тегінің тұтастығы мен тәуелсіздігінің кепілдігін қамтамасыз етуге арналған – тектік, тазалық пен еркіндік идеологиясы. Ал ұлттық тәуелсіздік исі түркі әлемінің рухани еркіндік нысанасы» [87, 381 б.].

Орхон-Енисей жазуларында түркілердің қасиетті құт мекені, қонысы Өтүкен туралы жиі айтылады. Өтүкеннің негізгі мағынасы түркілердің берекелі жері, байлығы, бақыты, тағдыры дегенді білдіреді. «Түркі қағаны Өтүкен қойнауында отырса, елде мұң жоқ», «қасиетті Өтүкен қойнауының халқы (өзің бардың), біресе ілгері шаптың, біресе кері шаптың. Барған жерден не жақсылық таптың? Қаның судай ақты, сүйегің таудай болып жатты, бек ұлдарың құл болды...». Осы жолдардың астарына мән берсек Өтүкенді байырғы түркілер жерұйық деп санағаны аңғарылады. «Өтүкен-Түркі мемлекетінің бірлігін сақтайтын орталық территориясы болып табылды. Өтүкен территориясында билік ететін хан ең жоғарғы қаған болып саналып, басқа хандар оған бағынды» [88, 375 б.]. Қытай жылнамалары бойынша Өтүкенде қағандар ордасы болған, оның қасиеттілігі сонда, сырттан келген әскери күштердің шабуылынан сақтады [89, 242 б.].

Аты аңызға айналған осы жер туралы руналық жазба ескерткіштерден басқа, Махмұд Қашқари мен Рашид ад-Диннің және тағы басқа да түрік зерттеушілерінің еңбектерінен айтарлықтай мағлұматтарды кездестіруге болады. Бірі Өтүкенді көктүріктердің орталық шаһары, табиғаты өмір сүруге жайлы, Орхон және Селенга өзендерінің арасындағы жер деп көрсетсе, ал оғыз дастандарында Өтүкен Тәңірі таулары мен Орхон аймағындағы киелі өңір деп баяндалады. Қытай деректерінде Өтүкен түркілердің тағы бір қасиетті орны T'a-jen (кейбір деректерде T'amin) өзенімен бірге айтылады. П.А. Будбергтің пікірі бойынша түркілердің Tamin өзені қадір-қасиет тұту деген мағынадан тұрса, Өтүкен этимологиясының негізі де otu-otun-otuk-тілеу, сұрау, өтіну түбірінен шығады. П.А. Будберг бұл орындарды «сиыну, дұға ету таулары» деп атады [90, 123 б.]. М. Қашқаридың шығармасында Өтүкен «татар шөліндегі ұйғырларға жақын бір жердің аты» делінеді. Тағы бір деректерде Өтүкен жер тәңірісі деген ұғымды білдіретіні айтылады. Халық өзінің үміті мен сенімін Өтүкенмен тығыз байланысты деп ұғынған. Бұл қасиет тұтқан жердің ежелгі түркі заманында халық санасында мейлінше кеңейтіліп, барша жақсылықтың, ырыс берекенің рәмізі болғаны танылады. Кез келген халықтың ынтымақты, бейбіт, берекелі ғұмыр кешетін бай да байтақ өлкені іздейтіні дәстүрге айналған жәйт. Солардың Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі Өтүкен мекенімен үндестігі кездейсоқ деп қарауға болмайды. «Дәстүрлі түркілік дүниетанымда космологияның көшірмесі болып табылатын адамның жаратылуы да әлемнің орталығында жүзеге асқан. Мысалы Месопотамия мәдениетінде адам жер жүзі мен көк арасындағы «көпірдің» орналасқан жері- «жердің кіндігі – Жерұйықта» дүниеге келген. Осы символдық бейнелеулер түркілік космологияның да негізгі ұстындары болып табылады. Негізінен, ескі түркі космологиясы «Жерұйық» түсінігі төңірегінде қалыптасқан. Түркі жұрты, «түркі ордасы», яғни билеу, басқару орталығы, дүниенің төрт бұрышының түйіскен жерінде, яғни дәл ортада, әлемнің кіндігінде орналасқан» [91, 88 б.]. Ойымызды нақтылай түсу үшін данагөй ойшыл Асан Қайғының Жерұйық іліміне тоқталып өткеніміз орынды болар еді. Осыған байланысты белгілі философ Ғ. Есім Асан

қайғының қазақ этносын әрі мемлекетін қалыптастырып нығайтуда «Жерұйық» деген жаңа ілім жасағанын айта отырып, бұл ұлттық мемлекет құрудың идеясы болғанын, мемлекеттің басты проблемасы - жер, жерұйық туралы ілім дей келе – «жер – ұлттық дүниетанымның басты ұғымы. Жерұйық деген жер және ұйық деген екі сөзден тұрады. Ұйық, яғни ұю деген – халықтың қауымдасып ұлт және мемлекет болуын білдіретін түсінік... Асан қайғы ұлттық идеяның тарихи негізін салған ойшыл, оның тарихи аталуы – Жерұйық. Бүгінгі географиялық түсініктегі Жерұйық дегеніміз – Қазақстан Республикасы» – деп жазады [92, 10 б.]. Қайғы атанған Асан бабамыз елінің қамы, елдің бірлігі үшін ең қажетті байтақта, қазыналы жерді іздеп тауып, сол жерге халықтың басын бақытқа, тыныштыққа біріктіріп, ұйытуды тілек етті. «Тәңірдің құтының шоғырланған жері – «Жерұйық». Ежелгі түрік аңыз – эпсаналарында Жерұйық «орталық, кіндік» мағынасындағы символдармен берілген. Дәстүрлі қоғам адамының Тәңірмен байланыс құруы тікелей рухымен емес, Жерұйық арқылы жүзеге асатын... Қорқыт пен Асан Қайғының елі үшін Жерұйық іздеуі – утопия емес, дәстүрлі түркілік дүниетанымның ділдік-ойлау әлемінің ақиқаты. Жерұйық-әлі күнге дейін тарихи функциясын жоғалтпаған дәстүрлі түркілік дүниетаным космологиясының негізгі ұстыны әрі Тәңірге барар «орталық жолдың» рәмізі» [91, 75 б.]. Асан Қайғының тауып берген Жерұйығы көшпелілер үшін ешқандай жерге тең келмейтін қасиетті, әрі құтты мекен болды. Енді біз сол Жерұйықта отырып, бірлікте, бітімде, ынтымақта, ұюда болуымыз шарт. Осындай кең байтақ байлыққа толы жерді тауып, халықты бірлікпен елдікке шақырған Асан Қайғы идеясының мәңгілік екеніне көзіміз жетіп отыр. Тек дұрыс идея ғана қаншама ғасырлар мен жылдар өтсе де өз маңызын жоймай мәңгілікте болады. Жалпы құтты қоныс, киелі мекен болып ел қиялын тербеген жерұйық сияқты эпсаналар түрік халқының «Өтүкен», «Ергене көң» жерлерімен үндес, мазмұндас келеді. Себебі олардың сабақтастығы заман, адам, жер – су, мекен мәселелерін алға қояды. Олай болса, Асан Қайғының халыққа қолайлы мекен, жайлы қоныс жерұйықты іздеп, жер дүниені кезуі туралы эпсана мен қазақ халқының Жиделі байсынды жер жәннаты деп қиялмен асқақтатып, қол жетпес арман өлкеге айналдыруында Өтүкеннің рухы жатыр десек қателеспейміз. Өтүкен, Жерұйық, Жиделі байсын жерлері сан ұрпақтың дүниетанымында қасиетті ұғым болып қалыптасып, бейбіт өмір мен молшылық береке мен бақыттың рәмізі болып қала бермек. Жазба ескерткіштерде соғыс тақырыбының жиі қозғалуы, түркілердің қасиетті атамекенінің қорғау, көздің қарашығындай сақтау мәселесіне келіп тіреледі. Олай болса, «Орхон жазбаларының түкпі мақсаты жаугершілікті немесе соғыскерлікті культ жасау емес, керісінше халықтар арасындағы сұхбатты, адамдар арасындағы өзара түсінікті орнатуға ұмтылыс болып табылады. Яғни өзара түсінісу философиясының негізі сонау түркілер заманында қаланғанын айтуға болады» [93, 33 б.].

Әдебиеттер тізімі:

1. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в древние времена. Том 1-3. – М.-Л., 1950. – 229 с.
2. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – 512 с.
3. Омарбеков Т. Шығыс түріктерінің азаттық күресі // Ана тілі. – 2011. – №7. – 15 б.
4. Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. – I том. – Алматы, 1998. – 432 б.
5. Кляшторный С., Султанов Т. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992. – 375 с.
6. Жолдасбеков М. Асыл арналар: Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 328 б.
7. Салғараұлы Қ. Хандар кестесі: (Шығыс хандарының жылнамалық кестесі). – Алматы, 1992. – 48 б.

8. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті (Қазақ әдебиеті бастаулары). – Алматы, 2005. – 336 б.
9. Омарбеков Т. Шығыс түріктерінің екінші қағанаты //Ана тілі.– 2011. – 3-9 наурыз, 15 б.
10. Ежелгі Қазақстан: Қазақстан бабалар энциклопедиясы. – Алматы: «Аруана» баспасы, 2004. 224 б.
11. Салғараұлы Қ. Қазақтың қилы тарихы: Роман-эссе. – Алматы: Жалын, 1992. – 304 б.
12. Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер.- Алматы: Ғылым, 2001. - 584 б.
13. Deguines. Histoire des Huns, des Turcs et des Mongols. – Paris. Edition Garnier, 1998. – 284 p.
14. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – М.; Л., 2000. – 381 с.
15. Boodberg P.A. Selected works. Los-Angelos: – Berkley, 1979. – 304 p.
16. Кенжетай Д. Дәстүрлі түркілік дүниетаным және оның мәні // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Жиырма томдық. 1-том. – Астана: Аударма, 2005. – 496 б.
17. Есім Ғ. Қазақ философиясы // Қазақ әдебиеті. 2003. 20-маусым.
18. Нұрмұратов С.Е. Орхон мәтіндеріндегі дүниетанымдық бағдарлар // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 5-том. – Астана: Аударма, 2005. – 496 б.

СОВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ПРЕПОДАВАНИЯ БИМЕДИЦИНСКОЙ ИНЖЕНЕРИИ СТУДЕНТАМ БАКАЛАВРИАТА В УЗБЕКИСТАНЕ

Phd исследователи: **Абдувохидов Х., Курбонов М**
*Андижанский Машиностроительный институт,
Андижан, Узбекистан*

Аннотация: Биомедицинская инженерия — это междисциплинарная область, которая сочетает в себе принципы инженерии с биологическими и медицинскими науками для разработки инновационных решений проблем здравоохранения. В этой статье исследуется важность включения современных образовательных технологий в учебную программу, обсуждаются различные подходы и инструменты, которые могут улучшить учебный опыт, а также обрисовываются потенциальные преимущества и проблемы при внедрении этих технологий.

Ключевые слова: биомедицинская инженерия, инновации, контроль качества, современные образовательные технологии.

Значение биомедицинского инженерного образования

Биомедицинская инженерия играет решающую роль в совершенствовании систем здравоохранения во всем мире, и Узбекистан не является исключением. По мере развития отрасли здравоохранения растет спрос на профессионалов, которые могут разрабатывать и внедрять передовые медицинские технологии.

Преимущества современных образовательных технологий

Расширенная интерактивность: современные технологии позволяют проводить интерактивное обучение. Виртуальные лаборатории, программное обеспечение для моделирования и инструменты дополненной реальности позволяют учащимся изучать сложные концепции, проводить эксперименты и моделировать сценарии реального мира, и все это не выходя из классной комнаты.

Доступ к глобальным ресурсам: Интернет предоставляет студентам в Узбекистане доступ к множеству образовательных ресурсов со всего мира.

Совместное обучение: онлайн-инструменты для совместной работы облегчают групповые проекты, дискуссии и обмен знаниями между студентами и преподавателями.

Реальные приложения: виртуальная реальность (VR) и дополненная реальность (AR) могут погрузить студентов в реалистичные медицинские ситуации, позволяя им практиковать навыки и принимать решения, как если бы они находились в клинических условиях.

Включение современных образовательных технологий в учебную программу по биомедицинской инженерии

- *Платформы онлайн-обучения.*
- *Виртуальные лаборатории.*
- *3D-печать и прототипирование.*
- *Программное обеспечение для медицинского моделирования.*
- *Дополненная и виртуальная реальность.*
- *Инструменты для совместной работы в Интернете.*
- *Открытые образовательные ресурсы (OER).*

Проблемы и соображения

Хотя современные образовательные технологии предлагают множество преимуществ, их успешное внедрение сопряжено с проблемами. Некоторые из этих проблем включают в себя:

Инфраструктура и доступ. Обеспечение всех учащихся доступом к необходимым устройствам и подключению к Интернету может стать логистической проблемой, особенно в отдаленных районах.

Подготовка преподавателей: Преподавателям необходима подготовка, чтобы эффективно использовать и интегрировать современные технологии в свои методы обучения.

Качество контента. Качество онлайн-ресурсов может сильно различаться. Тщательное курирование и оценка необходимы для обеспечения того, чтобы учащиеся получали точную и достоверную информацию.

Конфиденциальность и безопасность. Защита данных учащихся и поддержание безопасности онлайн-платформ являются критически важными проблемами.

Педагогическая адаптация: Преподаватели должны адаптировать свои методы обучения, чтобы эффективно использовать преимущества образовательных технологий.

Заключение

Включение современных образовательных технологий в преподавание биомедицинской инженерии студентам бакалавриата в Узбекистане имеет важное значение для их подготовки к вызовам и возможностям в этой динамичной области. Приняв эти инновации, Узбекистан сможет воспитать новое поколение биомедицинских инженеров, готовых внести значимый вклад в отрасль здравоохранения и улучшить благосостояние своего общества.

Использованная литература.

1. «Концепция развития системы высшего образования Республики Узбекистан до 2030 года», 2019 г.
2. Шбеманн. Анализ существующей системы обеспечения качества, включая передовую международную практику и рекомендации по внедрению нового подхода к обеспечению качества, март 2020 г.
3. Шбеманн. Национальная стратегия обеспечения качества для Узбекистана, май 2020 г.
4. Шбеманн. Отчет о процессах внешнего обеспечения качества в Узбекистане, июль 2020 г.
5. Шбеманн. Отчет о внутренних процессах обеспечения качества в Узбекистане, август 2020 г.

СОВРЕМЕННОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ФАРМАЦЕВТИЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ В ВНЕДРЕНИИ GPP

«Менеджмент в здравоохранении» магистрант 2-курс, **Арман Т.**
КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова.

Аннотация. В данной статье рассматривается современное положение фармацевтических организаций в внедрении Good Pharmacy Practice (GPP). Описывается значимость соблюдения GPP для обеспечения качественного обслуживания пациентов и соблюдения норм безопасности в работе аптек.

Good Pharmacy Practice (GPP) - это набор стандартов и принципов, разработанных для обеспечения качества фармацевтических услуг и обеспечения безопасности пациентов. Соблюдение GPP необходимо для того, чтобы минимизировать риски ошибок при выдаче лекарств, обеспечить правильное хранение и транспортировку препаратов, а также обеспечить конфиденциальность и этичность взаимодействия с пациентами.

Однако не все фармацевтические организации следуют этим стандартам в полной мере. Возникают проблемы с обучением персонала, недостаточным контролем качества услуг, а также с нехваткой финансирования для обеспечения соответствия всем требованиям GPP. Кроме того, есть вызовы в виде изменяющегося регулирующего окружения и повышающихся требований со стороны пациентов.

Для того чтобы преодолеть эти проблемы и вызовы, фармацевтическим организациям необходимо активно работать над улучшением своих процессов и систем управления. Это может включать в себя обучение персонала по стандартам GPP, внедрение систем автоматизации и контроля качества, а также работу над улучшением коммуникации с пациентами и другими заинтересованными сторонами. В работе анализируются проблемы и вызовы, с которыми сталкиваются фармацевтические организации при внедрении GPP, а также предлагают пути и рекомендации для улучшения ситуации. Исследование проведено на основе опыта работы фармацевтических организаций и действующих нормативно-правовых актов в данной области.

В рамках исследования также будет проанализирован уровень осведомленности населения о принципах стандарта GPP, мотивы самолечения, факторы, влияющие на выбор лекарств и методы обеспечения доступа к качественным и безопасным медикаментам при внедрении стандартов GPP в аптечные организации.

Ключевые слова: надлежащая аптечная практика (GPP), аптечные организации, оптимизация, фармацевтические услуги, система качества.

Андатпа. Бұл мақалада фармацевтикалық ұйымдардың «Тиісті дәріхана тәжірибесін (GPP)» енгізудегі ағымдағы жағдайы қарастырылады. Науқастарға сапалы көмек көрсетуді және дәріханалардағы қауіпсіздік стандарттарын сақтауды қамтамасыз ету үшін GPP сәйкестік маңыздылығын сипаттайды.

Жақсы дәріхана тәжірибесі (GPP) - фармацевтикалық қызметтердің сапасын және пациенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әзірленген стандарттар мен принциптер жиынтығы. GPP талаптарына сәйкестік дәрі-дәрмектерді беру кезінде қателер қауіпін азайту, дәрі-дәрмектерді дұрыс сақтау және тасымалдауды қамтамасыз ету, пациенттермен құпиялылық пен этикалық өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін қажет.

Дегенмен, барлық фармацевтикалық ұйымдар бұл стандарттарды толығымен орындамайды. Персоналды оқыту, қызмет көрсету сапасын бақылаудың жеткіліксіздігі, сондай-ақ GPP барлық талаптарының сақталуын қамтамасыз ету үшін қаржыландырудың жетіспеушілігі бар. Сонымен қатар, реттеуші ортаның өзгеруі және пациенттердің талаптарының артуы түріндегі мәселелер анықталды.

Осы проблемалар мен қиындықтарды жеңу үшін фармацевтикалық ұйымдар өздерінің процестері мен басқару жүйелерін жақсарту бойынша белсенді жұмыс істеуі керек. Бұған қызметкерлерді GPP стандарттары бойынша оқыту, автоматтандыру және сапаны бақылау жүйелерін енгізу және пациенттермен және басқа мүдделі тараптармен байланысты жақсарту бойынша жұмыс кіруі мүмкін.

Мақалада фармацевтикалық ұйымдардың GPP енгізу кезінде кездесетін проблемалары мен қиындықтарын талданылды. Зерттеу фармацевтикалық ұйымдардың тәжірибесі мен осы саладағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер негізінде жүргізілді.

Зерттеу жұмысында дәріхана ұйымдарында GPP стандарттарын енгізу кезінде GPP стандартының қағидағдары, өзін-өзі емдеу мотивтері, дәрілік заттарды таңдауға әсер ететін факторлары мен жоғары сапалы және қауіпсіз дәрілік заттарға қолжетімділікті қамтамасыз ету әдістері туралы халықтың хабардар болу деңгейіне талдау жасалынды.

Түйін сөздер: дәріхананың дұрыс тәжірибесі (GPP), дәріхана ұйымдары, оңтайландыру, фармацевтикалық қызметтер, сапа жүйесі.

Актуальность. Надлежащие фармацевтические практики (GPP) являются важным аспектом в обеспечении качества лекарственных средств и безопасности пациентов. GPP составляют набор стандартов и процедур, которые регулируют производство, хранение, распространение и продажу лекарственных средств. Оценка результатов GPP имеет

ключевое значение для выявления несоответствий, а также для постоянного улучшения качества фармацевтических услуг.

Внедрение соответствующих стандартов фармацевтической практики и вхождение Национального инспектора в систему международного сотрудничества фармацевтических инспекций PIC/S включены в план реализации концепции вхождения Казахстана в 30 наиболее развитых стран мира на 2014-2020 годы, утвержденный Постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 июня 2014 года № 752. Хотя необходимость внедрения стандарта, увеличения площади аптеки, получения дополнительной лицензии на оказание медицинских услуг, обучения сотрудников приводит к большим финансовым затратам для предпринимателей, обеспечивает населению Республики Казахстан фармацевтические услуги надлежащего качества, оказываемые фармацевтическими работниками. Чтобы решить эти проблемы и выполнить всю работу, стандарт должен быть доступен и понятен каждому [1].

Целью данного исследования является рассмотрение современного положения фармацевтических организаций во внедрении Надлежащей фармацевтической практики (Good Pharmacy Practice, GPP) в Республике Казахстан.

Объект и методы исследования. Проведено анкетирование фармацевтических работников по изучению положения аптечных организаций в рамках внедрения соответствующего стандарта аптечной практики в Республике Казахстан. Основные вопросы анкеты направлены на сбор информации о содержании изучаемого явления. Учитывая общее количество фармацевтов в Алматы, опроса 96 респондентов было достаточно для получения репрезентативных результатов по безвозвратной формуле.

Социологическое исследование играет ключевую роль в данном исследовании. Этот метод включает в себя использование разнообразных процедур с целью получения достоверной информации для разработки методических рекомендаций по оптимизации работы аптечных организаций при внедрении Стандарта Надлежащей аптечной практики.

Результаты и обсуждение. Исследование осуществлялось с участием специалистов, которые были включены в исследуемую группу, и их мнения, выраженные в качестве респондентов, послужили основой данного научного исследования. Опрос проводился по устным вопросам анкеты на принципах анонимности на основе устного согласия респондентов.

В связи с этим Аптечный комитет Министерства здравоохранения РК опубликовал реестр обладателей сертификатов на соответствие Стандартам надлежащей аптечной практики (GPP). В целом по итогам 2018 года количество обладателей сертификата GPP составило 337 аптек [2].

В настоящее время внедрение международного стандарта GPP Good Pharmacy Practice перенесено с 2018 года на 2023 год, то есть на подготовку отведено 5 лет. После внедрения этого стандарта аптеки обязаны проходить сертификацию GPP каждые 3 года.

Согласно проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты по вопросам обращения лекарственных средств и медицинских изделий», требования соответствующей аптечной практики (GPP) станут обязательными с 1 января 2023 года [3].


Основным материалом исследования является анкета. Была создана опрос: для потребителей. Анкета состоит из 30 вопросов.

Цель и конечный результат исследования определяются в анкете. Разработана структура анкеты, она состоит из 3 частей. Вводная часть опроса включает в себя название опроса, приветствия, кто и зачем проводит опрос, правила заполнения опроса, время его заполнения, информацию об респонденте, благодарность. 2 часть анкеты представляет собой основной блок вопросов. Основные вопросы анкеты направлены на сбор информации о содержании изучаемого явления. Они расположены в содержательных блоках в логическом порядке согласно задачам научного исследования.

Вопросы хорошо сформулированы и не допускают двусмысленностей. Среди вопросов выделяют открытые и закрытые, что позволяет широко и точно осветить вопросы научных исследований.

В качестве респондентов нашего опроса были взяты потребители фармцевтов и аптечных организаций.

По результатам этих данных, как видно на 1- рисунке, установили, что 96% респондентов составили женщины и 4% — мужчины. Средний возраст респондентов от 26 до 40 лет - 64% и 68% сотрудников, работающих в фармацевтических организациях, имеют высшее образование. Из них 26,6% имеют степень магистра, а 73,4% — степень бакалавра.



5-рисунок. Половой состав и возрастные показатели респондентов

Кроме того, Надлежащая аптечная практика предполагает установление отношений с другими сообществами специалистов здравоохранения в целях укрепления общественного здравоохранения, включая сокращение случаев неправильного использования и злоупотребления лекарствами, профессиональную оценку рекламных материалов для лекарств и других товаров медицинского назначения, лекарственных средств и других товаров медицинского назначения. Распространение проверенной информации по вопросам, включая участие во всех стадиях клинических исследований лекарственных средств.


На основании этого были исследованы знания провизоров о соответствующем стандарте аптечной практики. В результате исследования выяснилось, что об этом стандарте знают 86% специалистов. Несмотря на это, 13% из них отметили, что не слышали о стандарте (рис. 2).




Была проведена интересная групповая работа по тексту «Учимся читать и говорить красиво», где учащиеся в сотрудничестве определили стилевые и языковые особенности публицистического стиля. Увлеченно распределили жанры публицистического стиля в «корзине идей». По дескрипторам оценили проделанную работу.

В завершении, на «лестнице успеха», показали на каком уровне выполнили критерии успешности урока.

Команда учителей принялась за анализ проведенного урока: прослушали наблюдателей, по фото и видео материалам, по высказываниям учащихся обсудили деятельность учащихся АВС.

Lesson study 3	Успешные моменты	Что следует
-----------------------	-------------------------	--------------------

		улучшить
Учитель	Организационный момент урока: веселое приветствие, деление на группы по пазлам способствовали созданию отличной атмосферы в классе; Интересное выполнение домашнего задания: составление презентации по теме урока при помощи разных приложений; Использование сильных вопросов, работа с каждым учеником.	Речевая деятельность учащихся.
Учащиеся	Определение темы и целей урока; Хорошее знание пройденного материала; Выполнение домашнего задания; Работа по тексту, определение стилевых и языковых особенностей публицистического стиля;	Знаки препинания в БСП Пополнение словарного запаса.
Команда учителей	Все методы были удачно использованы, учащиеся с удовольствием выполняли каждое задание, оценивая проделанную работу.	Загруженность учителей

Внедрение подхода **Lesson study** в нашей школе было успешно реализовано. Проведение трех последовательных уроков по разделу «Молодежь и средства массовой информации», наблюдение за фокусом учащихся АВС на основе систематического анализа и сбора данных исследуемого класса, содействовали решению проблемной теме **«Как, используя методы критического мышления, повысить мотивацию обучения учащихся?»**

Процесс исследования был проведен соответственно возрастным особенностям обучающихся. Использование ИКТ способствовало усвоению программного материала, создавало ситуацию успеха. Применение различных способов оценивания нацеливало учащихся на отслеживание собственных достижений, а оценка Учителя в виде мотивирующих слов стимулировала к раскрытию способностей детей, познанию собственного Я.

Выбор эффективных методов критического мышления способствовал: развитию коммуникативных, творческих способностей детей; умению высказывать собственное мнение, аргументировать, создавать высказывание на основе информационного текста, личных впечатлений и наблюдений.

Совместная работа на уроках активизировала старшеклассников, содействовала успешному выполнению целей урока, созданию доверительных отношений.

Проведение исследовательских уроков мобилизовало команду учителей, способствовало развитию профессиональных навыков, заинтересовало коллег. Мы получили бесценный подарок – радость от совместного труда, мы научились работать в команде, где каждый несет ответственность за результат. Главное – научить детей учиться!

И в заключении хочется привести слова П. Дадли, которые отражают необходимость применения исследования урока: «Руководители различных уровней в сфере образования могут включить Lesson study в систему преподавания учения своей

школы в качестве политики профессионального обучения сотрудников. Это представляет учителям и другим специалистам право на профессиональное обучение и возможности непрерывного развития, предполагающие модели, признанные в настоящее время и имеющие влияние на учебную практику.» [3, с.42]

Список источников:

1. АОО «Назарбаев интеллектуальные школы». – Руководство для учителей по реализации подхода Lesson Study (исследование урока). – Астана, 2013, с. 30
2. «Lesson study» как способ совершенствования практики обучения. Методическое пособие. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2014, с.32
3. АОО «Назарбаев интеллектуальные школы». - Lesson Study: теория и практика применения. – Пит Дадли, Великобритания. – Астана, 2013, с.42

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҚТАРЫНДА ДОМБЫРА АСПАБЫН ИГЕРУДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Музыкалық білім мамандығының 2-курс магистранты **Көбжан Г.А.**

Ғылыми жетекші: п.ғ.к., қауымд. профессор Қоңырбаева С.С.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Аңдатпа: Қосымша білім беру орталықтары (өнер мектебі) қазіргі уақытта елімізде ең қарқынды білім беру бағдарламаларына айналып отыр. Қазіргі таңда статистикаға сәйкес еліміздің жас буынды және жасөспірім балалар арасында музыкалық қабілетін шыңдаған, аспаптық музыкамен немесе шығармашылық үйірмелерге қатысқан әрбір білім алушы мәдениеті мен тәрбиелік деңгейі жоғары тұлғаға айналып келеді. Осыған байланысты ұлттық кодымыз, ұлттық құндылығымызды сақтау және дамыту аясында домбыра аспабының қасиеттілігімен, ұлтымыздың болашағы үшін оны үйрету маңызды рөл атқарады.

Мақаламызда домбыра аспабын игеру арқылы оқушылардың музыкалық қабілетін шыңдау бағыттары және әдіс-тәсілдері көрсетілген. Бұл өте өзекті тақырып себебі, аспапты меңгере келе музыкалық қабілеттерін шыңдау ол әрбір білім алушының болашағына ерекше ықпалын тигізеді. Оқыту технологияларымен аспапты үйренудегі ерекшеліктерді ескеру музыкалық қабілеттерімен музыкалық білімді нығайтуға көмегін тигізеді.

Кілттік сөздер: музыкалық қабілет, қосымша білім беру орталықтары, интерпретация, музыкант-педагог, музыкалық білім, музыкалық тәрбие.

Адамзаттың ғасырлар бойғы тарихынан белгілі, музыка тәрбие процесінде маңызды рөл атқарады, балалардың психикалық дамуына ықпал етеді, ой-өрісін кеңейтеді, сөздік қорын жақсартады, эмоцияларды білдіруге үйретеді. Көптеген зерттеулер ерте жастан бастап музыкалық қабілеттерді қалыптастырудың орындылығын растайды, өйткені балалық шақта жетіспейтін музыкалық эмоцияларды ерте жаста толтыру мүмкін емес.

Қазақ халқының ғұламасы, сан ғылымның негізіне өзіндік қолтаңба қалдырған Әбу Насыр Әл-Фарабидің өзі музыканы ерекше жақсы көргендігі, бірнеше аспапта ойнап, түрлі музыкалар шығарғандығы, ерте жастан Фараб (қазіргі Отырар) жерінде Қорқыт бабамызбен бірге оқып, білім алғандығымен байланысты екендігі А.Машановтың «Әл-

Фараби» еңбегінде айтылған [1]. Еңбек тарихи деректі еңбек деп көрсетілген, тіпті ауызша аңызға сүйеніп жазылды дегенмен, аңыздың да ақиқат тұстарын ешкім жоққа шығармақ емес.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ш.Т. Таубаева Әл-Фарабидің музыкалық білім жөніндегі дидактикалық идеяларына төмендегіше баға береді: «Әл-Фарабидің пайымдауынша дидактикалық көзқарастар жүйесінде оның «Музыканың ұлы кітабы» атты еңбегінде музыканы теориялық және әдістемелік жағынан құрудың қисыны арқылы бүгінгі күні ғылыми пәннен оқу пәнініне көшудің өзіндік үлгісін көрсеткен. Ғұламаның дидактикадағы ерекше жаңалығы – аталмыш еңбектің кіріспе тарауында музыканың әдіснамалық, әдістемелік, тарихи мәселелерін қарастырды. Әл-Фараби өз еңбегінде музыкалық білім беру мазмұнын меңгертудің тәсілдері және деңгейлерін анықтап берді» [2, б. 4-20].

Әл-Фараби музыкалық білім беру мазмұнын төмендегіше бөліп көрсетеді: музыка және оны орындау тәсілдері жөнінде білім (қабылдау, түсіну және есте сақтау; музыканы қайта шығару және өңдеуге мүмкіндік беретін қабілетке ие болу; табиғи қабілеттілік бойынша дарындылық дәрежесіне жету), музыканы орындау тәсілдерін іске асыру тәжірибесі (әуенді үлгі бойынша орындау; әуенді ұғынып орындау), музыкалық шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі (жаңа музыкалық формаларды жасау әрекеті – музыкалық кемелдік) деп көрсетті [3, 37]. Демек білім алушылардың музыкалық қабілетін білім мазмұны арқылы қарастырған.

Әрбір баланың музыкалық қабілеттерін дамытудың ең маңызды кезеңі – мектепке дейінгі кезең және мектептегі кезең. Осы уақытта музыкалық мәдениеттің қалыптасуына назар аудара отырып, ата-аналар болашақта баланың жеке басының үйлесімді дамуына негіз қалайды. Музыкалық қабілеттердің негізгі түрлерін және олардың даму жолдары арқылы жүзеге асады. Жалпы ата-аналар үшін әрбір баланың музыкалық қабілеті мен талғамын дамыту ол тәрбиенің бір түрі екенін анықтап көрсеткіміз келеді. Мектеп жасындағы балалардың музыкалық талғамын қалыптастыруда есту қабілеті маңызды рөл атқарады. Балалар тыныш және нәзік әуенге әр түрлі жауап береді, оны көңілді әннен немесе қатты және салтанатты шеруден анық ажыратады. Сондай-ақ, осы жастағы балалар көптеген музыкалық әуендер мен жанрларға қызығу арқылы талғамдары қалыптасып, болашақта мәдениетті әрі музыкалық білім болуына көмек бере алатындай деңгейде тәрбиелеу маңызды орын алады. Балалардың музыкалық қабілеттерін дамытуға атсалысатын негізгі ерекшеліктерге мыналарды жатқызуға болады. Атап айтқанда:

- музыкалық шығармаларды тыңдау арқылы;
- музыкалық ырғақты қозғалыстар арқылы;
- ән айту арқылы;
- түрлі музыкалық немесе ойын технологияларының ықпалымен жүргізілетін ойындар арқылы;
- музыкалық аспаптарда ойнау негізін меңгеру арқылы музыкалық қабілеттерін дамытуға болады.

Жалпы зерттеуші-музыканттардың еңбектерінде «музыкалық қабілет», «музыкалық талғам» қатысты бірнеше еңбектер бар және олар бүгінгі күнге дейін қолданылады. Музыкалық танымдық белсенділік пен қабілетті зерттеген атақты С.Л. Рубинштейн еңбегінде жүгінер болсақ, ғалымның ойынша және тәжірбиелік еңбектерінде есте сақтау арқылы дамытып, жұмыс жүргізу барысында негізгі музыкалық тақырыптарды талдай келе, негізгі формулаға сүйене отырып, жинақтауға болатын процесс деп көрсетілген [1, б.7-10].

Осыған сәйкес музыкалық ойды қалыптастыру бірінші шартты жұмыс деп көрсете білген. Бұл бойынша дәлел ретінде ғалым-психолог А.Г. Маклаковтың пікірінше, есте сақтау қабілетін үш түрге бөлуге болады:

1) психикалық белсенділіктің сипаты бойынша – бұл моторлы, эмоционалды-бейнелі және ауызша-логикалық.

2) іс-әрекет мақсаттарының сипаты бойынша – бұл еріксіз және ерікті.

3) материалдың сақталу ұзақтығы бойынша – бұл қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді және жедел [7, б.12-18].

Музыкалық өнердегі есте сақтаудың маңызы мен рөлі орасан зор. Бұл оқу процесінде есте сақтау қабілеті қалыптасады. Оқушылардың есте сақтау мәселелерін шешу оқу іс-әрекетінің барлық компоненттерін жоспарлы түрде қалыптастыру кезінде ғана мүмкін болады. Ол үшін мұғалім балаларға оқу материалының жеткілікті мөлшерін игеруге және есте сақтауға мүмкіндік беретін әдістерді үйретуі керек.

Жалпы бұл музыкалық есте сақтау арқылы дамытылуға көмек беретін қабілет процесін ұлттық музыкалық аспабымыз – домбыраны оқыту бағыты арқылы жүргізу негізгі мақаламыздың өзектілігі болып отыр. Жалпы қосымша білім беру орталықтары қазіргі уақытта қарқынды дамыту бойынша жүргізіліп келеді. Қосымша білім беру бағдарламаласы бойынша елімізде қолдау көбею үстінде. Домбыра аспабы арқылы музыкалық қабілеттерін дамыту бойынша негізгі жүйелі жұмыс бойынша іс-әрекеттің негізгі түрлерін біріктіре отырып, оның дамуы мен дайындық деңгейіне сәйкес репертуарды таңдай алатын мұғалімнің бақылауымен айналысқан дұрыс. Мектеп жасындағы балалар мұндай сабақтарға қуана қатысады, эмоциялар мен шығармашылық қабілеттерін көрсетуге үйренеді. Музыкалық-дидактикалық ойындарды, музыкалық аспаптармен танысуды және музыкалық тәрбиеге ықпал ететін сабақ бағдарламаларын жоққа шығаруға болмайды. Домбыра аспабын үйрене отырып отырып, балалар музыканы ғана емес, сонымен қатар олардың жеке қалыптасуына ықпал ететін психикалық және эстетикалық тәрбиені дамытады. Осылайша, мектеп жасындағы балалардың музыкалық қабілеттерін дамытудың негізгі мақсаты — талғамның дамыған сезімімен, сұлулықты түсінумен және тыңдау, талдау, эмоционалды жауап беру қабілетімен үйлесімді тұлғаны қалыптастыру. Қосымша білім беру орталықтарында домбыра аспабын үйрету арқылы біз оқушылардың музыкалық қабілеттерін дамыта аламыз.



1-сурет. Домбыра аспабын үйрету арқылы музыкалық қабілеттердің негізгі дамыту ерекшеліктері

Жалпы (бұл 1-суретте) домбыра аспабын қосымша білім беру орталықтарында үйрету арқылы музыкалық қабілеттерін дамытуға көмектесе алатын негізгі қызметтер. Аспапты меңгере отырып, әрбір білім алушы көңіл-күй сезімін дыбыстармен байланыстырып, музыкалық эмоцияларды бояуын ажыратып аңғара алады. Сонымен қатар, музыкалық аспаптарда ойнау ерік-жігерді, мақсатқа жетуге деген ұмтылысты, қиялды дамытады.

Домбыра аспабын үйрету барысында негізгі әдіс-тәсілдерден бөлек аспапқа деген қызығушылықты қалыптастыратын амалдар жүргізілуі бұл музыкалық қабілеттерді дамытуға көмегін тигізеді. Аспапты үйрету барысында жүргізілетін негізгі әдістер мен тәжірибиелік ерекшеліктер бойынша қарастырып өтсек.

1. Музыкалық мәтінді оқу – бұл домбыра аспабында этюд немесе күй ойнау барысында қолданылатын музыкалық шығарма поэтикалық мәтінді оқу бірге қамтып жүреді. Яғни сабақ барысында мәтінмен танысу, негізгі өлшем, екпін, ырғақтық

ерекшеліктер бойынша, ноталық сауаттылықты дамыта келе әрбір білім алушы өзінің қызығушылығын дамыта алады. Бұл музыкалық есте сақтауды дамытып, баяу қарқынмен мағыналы интонациялық жүйелі жұмыс барысында көрініс береді. Жалпы аспапты таныстыру және алғашқы сынып оқушыларына, домбыра аспабын меңгеру барысында музыкалық тіл ол күрделі процесс болуы мүмкін. Себебі, аспапта дұрыс отыру, ұстау, екі қол қойылымының дұрыс болуын қадағалай келе оқушылар нотаға қарап оқу бағытымен танысып, орындаушылық этапқа өтеді. Осы кезде оқыту технологиялары мен түсіндірме бағыттарында еркін әрі түсінікті түрде жеткізе білу маңызды. Бұл кезең аспапқа деген қызығушылығын дамытып, оқыту бойынша есте сақтау қабілетін нығайтуға әкеледі. Жалықтырып алмайтындай уақытты тиімді түрде пайдалана отырып аспаптағы дұрыс орындаушылықты көрсету маңызды рөл атқарады.

2. Шығарманы үйрену барысындағы әрекеттер – оқушы негізгі бірінші тапсырмалармен жеңіл жұмыс жүргізді, келесі кезекте шығарманы орындау және оның дұрыс қызметін атқару сияқты этаптары бар. Баяу қарқынмен мағыналы орындалатын әрбір шығарманы дұрыс орындау және оның логикалық байланысын сезіне отырып, шығарманы түсіне келе жаттауға дағдылану бұл музыкалық қабілеттерін шыңдауға алып келеді. Жалпы ерекше психологиялық түрде еркіндік пен жайлылық, музыкалық мәтіндерді жаттау, оның есте сақтау арқылы негізгі екпінінде дұрыс орындау бұл әрбір оқушының негізгі мақсаты. Десек те бұл сәтте әрбір педагог-музыкант оқушыларға дұрыс жолда білім алу үшін әдіс-тәсілдерін қолдану маңызды. Мысалы: жай екпінде орындау арқылы жаттау, оқыту технологияларын қолдана келе оқыту, атап айтқанда сольфеджиолы орындау, музыкалық теория бойынша әрбір музыкалық терминдерді жетік түсіндіру сияқты негізгі амал-әрекеттерін жүргізу маңызды орын алады.

3. Шығарманы жаттау барысындағы білім алушының шыңдалуы – бұл жалпы шығарманы жаттап алған немесе жаттау барысында болатын орындаушылардың жеке ой-қиялына байланысты еркіндікте орындауы. Яғни берілген шығарманы түсіне орындау, шығарманың орындау барысында интерпретациялық ойлау жүйесін дамыту бұл музыкалық қабілеттің шыңына алып келеді. Яғни әрбір шығарманы орындаушы-музыкант ретінде сезіне орындау, еңбектің жемісі.

Бұл тұжырымдарды зерттей келе, негізгі басты мақсат – балалардың музыкалық аспаптарда ойнау дағдыларын қалыптастыру. Мақсатқа сәйкес негізгі міндеттер қалыптастырылды:

- балалардың музыкалық көкжиегін кеңейту;
- музыкалық қабілеттердің қалыптасуы;
- дыбыстық және тембрлік есту.
- шығармашылық белсенділікті дамыту;
- аспаптық музыкаға және өзін-өзі басқаруға тырыс;
- мағыналы музыкаға үйрету арқылы аспаптың қыр-сырымен танысу;
- оларға ойын әдістерін игеру, әр түрлі аспаптарда ойнаудың қарапайым әдістерін меңгеру;
- ансамбль сезімін, оркестрдегі дыбыстың үйлесімділігін дамыту;
- өз партиясын көп дауысты текстурада тыңдай және орындай білу;
- жақсы таныс әндерді есту арқылы таңдай білу сияқты нәтижелерге алып келеді.

Музыкалық аспаптарда ойнауды оқыту бойынша жұмыс жоспары балабақшадағы музыкалық тәрбиені жоспарлаудың жалпы ережелері мен ережелері негізінде жасалады. Балалардың музыкалық аспаптарын қолдану мектеп жасында балалардың музыкалық әсерін байытады, олардың музыкалық қабілеттерін дамытады. Дыбыс қатары жоқ музыкалық аспаптарда ойнау сезімін дамытуға көмектеседі, балалардың тембрлік көріністерін кеңейтеді. Әуезді музыкалық аспаптар барлық үш негізгі музыкалық қабілеттерді дамытады: көңіл-күй сезімі, музыкалық-есту қойылымдары және екпінді сезіну сезімі. Есту әуенін ойнау үшін дыбыстардың биіктігі мен екпінді көріністері

туралы музыкалық және есту идеялары болуы керек. Әуенді таңдағанда, тұрақты дыбыстарға тартылуды сезіну, музыканың эмоционалды бояуын ажырату және көбейту қажет. Осылайша музыкаға музыкалық жауаптылық дамиды. Оқушыларды музыкалық аспаптарда есту арқылы ойнауға үйрету әдістемесі орындалатын әндер ауқымын біртіндеп кеңейтуге негізделген. Бастапқыда бала бір дыбысқа негізделген әуенді ойнайды. Әуенді ойнамас бұрын, ол оны менің орындауымда тыңдайды. Бала бір дыбыста әуен ойнағанда, ол екпін үлгіні дәл қайталауы керек. Ол үшін мен әуеннің екпінінің үлгісін, сондай-ақ әуенді сөздермен айтуды қолдануға болады. Сөздермен әуен айту арқылы ауыстыруға болады. Аспапта орындау арқылы ән айтып жаттату балаларға әуеннің қозғалыс бағытын жақсы көрсетуге, музыкалық және есту қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Осыдан кейін мен балаларға аспапты осы сабақта пайда болған жаңа нотаның қай жерде екенін көрсетіп, орындауға рұқсат беру маңызды. Себебі, балада сенімділік пен қызығушылық пайда болады.



2-сурет. Домбыра аспабына арналған этюд

Мұнда (2-суретте) домбыра аспабына арналған этюд-жаттығуды алып отырмыз. Түсінікті болу мақсатында, мақалада айтылып өткен тұжырымдамаларға сәйкес домбыра аспабында орындаушылықты дамыта келе музыкалық қабілетін зерттеу осындай негізгі әуендерден бастау алады. Мысалы: этюд-жаттығуда аңғаратын негізгі ерекшеліктер – ол қағыс, яғни, П-төмен қағыста жүреді, өлшем бірліктері аралас – 2/4, 3/4, 4/4 бұл оқушының екпінге назар аудара отырып өлшем бірліктерін дұрыс орындап үйренуіне ықпалын тигізеді. Қосарланған ноталар үлгісі, яғни, екі ішектегі екі саусақтың дұрыс жұмыс жасауына және де аспапты меңгеруге көмегін тигізеді.

Домбыра шәкірттің жас шамасына, дене құрылымына сай болуы керек. Кейбір домбырашылардың саусағы қысқа болса да, саусақтардың созылу қасиеті жоқ, дене бітімі қатаңдары да кездеседі. Аспаптың қолайсыздығынан отырыста көпгеген қате кетеді, осыдан келіп, дыбыс сапасы да бұзылады. Бұған орындықтан келер залал да көп. Аяғы еденге орнықты қойылмаса, сол аяғының өкшесін көтереді де, еңкейіп отырады. Көпшілік жағдайда аяқ астына көтергіш қояды, әрине орындық ыңғайлау керек. Осындай негізгі критерийлерге қарастыра келе аспапты меңгеру арқылы музыкалық қабілетті шыңдауға болады.

Жалпы домбыра аспабын жүйелі түрде үйрету бойынша елімізде бірқатар еңбектер жинағы бар. Мысалы: М.Д. Әубәкіровтің «Домбырадан әдістемелік құрал» еңбегінде аспаптың орындаушылық бағыттарына байланысты түрлі ноталар мен үйрету бағыттарына керек шығармалар жинағын көрсетеді [3], ал К.С. Сахарбаева [4] мен Б. Ысқақовтың [5] еңбектерінде домбыраны жаңадан қолға алған әрбір оқушыларға арналған үйрету бағыттарының қыр-сырымен бөлісу арқылы жүйелі түрде жоспарлы әдіс-тәсілдерін жинақтап көрсетеді. Домбыра аспабын үйрету бағытына сәйкес сандық

жүйе бойыншада көптеген еңбектер бар. Бірақ жалпы сандық жүйе тәсілі бұл ноталық сауаттылыққа үйретпейді.

Қорытынды. Домбыра аспабын меңгерудің жас ұрпаққа берер көркем-эстетикалық және таным-тәрбиелік бағыты өте көп. Жалпы күйді орындау арқылы әрбір білім алушы ерекше көңіл-күйге бөленіп, мәдениеттілікке өзін-өзі баулиды. Жоғарғы мәдениеттілік пен эстетикалық талғам қалыптасады. Адамның сана-сезіміне оң әсерін беру арқылы, музыка әлемін түсінуге жеке көзқарасының, таным-түсінігі деңгейінің өзгеруіне мүмкіндік береді. Ал музыкалық қабілеттерін бірге дамыту аясында домбыра аспабының маңызы орасан зор. Себебі, домбыра күйлерінің образдың бейнесі арқылы танымдық білімін арттыру, жеке тұлғалық функциялардың қалыптасуын дамытады. Музыкалық қабілеттерін дамыту арқылы музыкалық білімді нығайтады. Әрбір музыканы түсіну арқылы орындау және оны елестету арқылы жеке өзінің ішкі психологиялық қабілеттерін дамыта түседі. Қызығушылық арқылы тылсым күшпен байланысу арқылы орындаушының көмегімен әсер алу арқылы оның адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Оқушылардың күйлерді толыққанды қабылдауы үшін қажетті дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру, олардың қызығушылығы мен музыкалық талғамын дамыту маңызды. Оқушылардың музыкалық талғамын тәрбиелеудің негізі – көркем құнды шығармалар және оларды меңгеруге бағытталған белсенді музыкалық қызмет. Музыканы дұрыс ұйымдастырылған тыңдау, қабылдауды белсендірудің әртүрлі тәсілдері оқушылардың қызығушылығын дамытуға, олардың музыкалық қажеттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Қосымша білім беру орталықтарының жұмысы қазіргі таңда қарқынды даму үстінде, осы ерекшеліктерге байланысты аспаптық музыканы үйрету әрбір оқушының болашағы үшін маңызды орын алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Машанов А.Ж. Әл-Фараби: тарихи деректі кітап /Ақжан Жақсыбекұлы Машанов.- Алматы: Жазушы, 1970. – 244 б.
2. Таубаева Ш.Т. Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы //Хабаршы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. №1 (62) 2020, 4-20 бб. <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz>
3. Әл-Фараби педагогикасы: оқу құралы: авторлық ұжым / ред.басқ. А.С. Мағауова. – Алматы, Қазақ университеті, 2021. – 162 б.
4. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – Спб. Питер., 2007. -713 стр.
5. Маклаков А.Г. Общая психология: Учебник для вузов. – Спб. Питер., 2011. -256 стр.
6. Әубәкіров М.Д. Домбырадан әдістемелік құралы. – А., 1992
7. Сахарбаева К.С. Домбыра үйрету әдістері. Бейне том. – А., 2002, 232 б.
8. Ысқақоов Б. Домбыра үйрету сабақтары. Қазақстан мұғалімі. – А., 2004, 313 б.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

7М01802 Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану, 1 курс, **Курманбек А.Қ**
Ғылыми жетекшісі: пед.ғ.к, аға оқытушы Кудайбергенова А.М
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Аңдатпа. Инновациялық технологияларды пайдалана отырып, инклюзивті білім беру процесін педагогикалық сүйемелдеу мүмкіндігі шектеулі және мүгедектігі бар білім

алушылардың сапалы білім алуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Зерттеудің әдістемесі мен ұйымдастырылуы: зерттеу барысында сауалнама әдісі қолданылды. Философия және саясаттану факультетінің Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасында “Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану” мамандығы бойынша оқитын 29 студенттен сұхбат алынды. Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау: сауалнама бұл технологиялардың маңызды екенін көрсетті, “Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану” мамандығы бойынша сабақтардың табыстылығына білім беру мазмұнының сапасы мен ыңғайлылығы (77,08%), оқытушылардың инновациялық технологияларымен жұмыс істеу қабілеттілігі (64,5%), электрондық оқу материалдарының сапасы (62,5%), компьютерлік сауаттылық деңгейі (58,3%), жеке қасиеттері (52,08%) және өздеріне қойылған мақсаттарға қол жеткізуге ынталандыру (47,9%). Қорытындылар: инновациялық технологияларын қолдана отырып, инклюзивті білім беру процесін педагогикалық қолдау оны қызықты, тұлғаға бағытталған, креативті және заманауи етуге мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру процесі, инновациялық технология, педагогикалық сүйемелдеу, интерактивті технологиялар.

Кіріспе. Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіруі жөніндегі Тұжырымдамаға сәйкес реформаларды әзірлеу кезінде маңызды рөл атқаратын маңызды қағидаттардың бірі " Инклюзивтілік "деп танылады, ол «жоғары сапалы білім алу, сапалы білім алуға тең мүмкіндіктер беру арқылы халықты әлеуметтік-экономикалық даму процесіне, халықтың ең осал топтарын қоса алғанда, азаматтардың барлық санаттары үшін медициналық қызметтерге және жоғары өнімді еңбекке барынша толық тартуды көздейді» [1]. Инклюзивтілік қоғамдағы өзара сенім деңгейін арттырады, болашаққа сенімділік, қауіпсіздік сезімін береді, сондай-ақ экономикалық дағдарыс кезеңдерінде қоғамның шоғырлану дәрежесін арттырады.

Қазіргі таңда елімізде мүмкіндігі шектеулі жандар үшін үнемі өсіп, Қазақстан халқының 3,7% - на жетті. 4 жыл ішінде (2011 жылдан 2015 жылға дейін) мүмкіндігі шектеулі балалардың саны 20% - ға өсті. Қазақстан бойынша ерекше мұқтаж 88 000 бала бар, алайда жоғары білім тек 0,3-0,5% алады. Бұл тек 385 студент. Көпшілігі әлеуметтенбеген, білімі жоқ және жұмыс істемейді. Олардың жоғары білім алуға қалыптасқан қажеттілігі жоқ [2, б.3]

ЖОО факультеттерінде мүгедек студенттерді инклюзивті оқыту осы процеске үнемі назар аударуды талап етеді, бір жағынан факультет декандары, әдіскерлер, факультет оқытушылары, екінші жағынан – мүгедек студенттер мен мүмкіндігі шектеулі студенттерді ЖОО-да оқытуды сүйемелдеу мәселелерімен айналысатын мамандар. Олардың іс-әрекеттерінің үйлесімділігінде инклюзивті оқытудың алғышарттарын жүзеге асыруға болады [3, б. 334]

Білім алу процесінде мүмкіндігі шектеулі жастарды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асырудың теориясы мен практикасы бойынша әдебиеттерге шолу осы жерде қолданылатын педагогикалық принциптерді анықтауға мүмкіндік береді

Жүйелілік принципі мүмкіндігі шектеулі ұлдар мен қыздардың жағдайы мен дамуын оңтайландыруға мүмкіндік беретін әдістерді, технологияларды, әдістерді жүйелі түрде енгізуде көрінеді, олардың жаңа ұжымға, оқытудың жаңа жағдайларына және тиісті талаптарға бейімделуіне ықпал етеді.

Қолданылатын іс-шаралардың толықтығы принципі білім алушының денсаулық жағдайының өзгеруін диагностикалауға және оның әл-ауқатын жақсарту үшін онымен түзету жұмыстарына бағытталған. Мүмкіндігі шектеулі адамның жасына байланысты психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік беретін даралық тәсіл принципі кеңінен қолданылады. Сонымен, жүйелілік принципі жоғары мектепте жұмыс істейтін мамандардың: мұғалімдердің, психологтардың, дәрігерлердің, әлеуметтік

қызметкерлердің пәнаралық деңгейінде тиімді өзара әрекеттесуді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Бейіндік әдебиеттерде мүмкіндігі шектеулі жандарға психологиялық-педагогикалық көмек қызметін ұйымдастырудың мүмкін модельдері де талқыланады. Осылайша, оңалту орталығы базасында церебральды сал ауруы бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің Қазақстан Республикасында енгізілген өңірлік моделі назар аударуға лайық. Авторлар церебральды сал ауруы диагнозы қойылған балалармен жұмыс істеу қызметінің мүмкін құрылымын қарастырады, онда бірқатар модульдер өзара байланысты және бірін-бірі толықтырады: Кадрлық ресурстық қамтамасыз ету модулі, ғылыми-әдістемелік негіздеу және басшылық модулі, қызмет жұмысының мазмұндық-ұйымдастырушылық аспектілерінің модулі, оңалту процесін психологиялық-педагогикалық қолдаудың сапасын бағалау және бақылау модулі [4, б.48]. Инклюзивті білім беру процесінің заманауи зерттеушілері педагогикалық сүйемелдеу технологияларын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудың барлық кезеңдерінде қолдану қажет екенін атап көрсетеді, бұл инклюзияның сәттілігінің негізгі шарттары мен құрамдас бөліктерінің бірі ретінде қарастырылуы мүмкін [5, б.113].

Инновациялық білім беру технологиялары жоғарыда аталып өткен принциптерге толық жауап береді, педагогикалық процесті саралауға және дараландыруға, мүгедектігі бар және денсаулығы шектеулі білім алушыларға сапалы білім беруге, инклюзивті білім беру процесін психологиялық тұрғыдан оқытуға ыңғайлы етуге үлкен мүмкіндік жасайды [6, б.275]. Инклюзивті білім беру процесін педагогикалық қолдау инновациялық тәсілдерді қолданумен байланысты, олардың негізінде қашықтықтан оқыту технологиялары мен әдістері жасалады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер мен олардың сау құрдастары арасындағы сындарлы қарым-қатынасты қалыптастыруға мүмкіндік беретін интерактивті технологияларды қолдануға ерекше назар аудару қажет, бұл білім алушылардың кәсіби және жеке қалыптасу процесін жетілдіруге септігін тигізеді.

Білім беру процесінің шеңберінде эмоционалды жайлылық атмосферасы құрылуы, ынтымақтастық рухында қарым-қатынастарды қалыптастыру және әрқайсысының ерекшеліктерін қабылдау, жағымды, әлеуметтік бағытталған оқу мотивациясын қалыптастыру ең қажетті компоненттер болып табылады. Білім алушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне барабар заманауи технологияларды, әдістерді, ЖОО-ның оқу процесін ұйымдастыру нысандарын қолдану, сондай-ақ оқу материалының мазмұнын бейімдеу, инклюзивті студенттің игеруі үшін қажетті және жеткілікті даралау, қолда барды бейімдеу немесе қажетті және дидактикалық материалдарды әзірлеу және т.б. [7, б.317].

Мүмкіндігі шектеулі жандарды оқыту процесінде инновациялық технологияларды қолдану олардың коммуникативтік дағдыларын дамыту, оқытушылармен, тьюторлармен және басқа да білім алушылармен қарым-қатынасты қолдау мүмкіндіктерін ашады, бұл білім алушылардың мүмкіндігі шектеулі жандармен қоғамға интеграциялануына ықпал етеді [8, б.81].

Өзара іс - қимыл, диалог, студенттердің белсенділігі, олардың шығармашылығын ынталандыру, міндетті кері байланыс қағидаттарына негізделген интерактивті технологиялар бағалау, ашықтық және бақылаумен сипатталатын білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді. Бұл ретте мүгедектігі бар және мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды инклюзивті білім беру үдерісіне тарту ғылыми мәселе ретінде педагогика саласындағы отандық мамандар үшін шынайы қызығушылыққа ие болатынын атап өткен жөн. Мақсатты аудиторияның сабаққа қатысу деңгейін, білім сапасын арттыру үшін инклюзивті білім беру процесінде заманауи білім беру интерактивті бағдарламалары мен геймификация технологияларын пайдалануды ұсынылады.

Интерактивті оқытумен байланысты әзірленген білім беру технологиялары элективті және арнайы курстарды құруды және өткізуді қамтамасыз етеді, ерекше білім

беру қажеттіліктері бар білім алушылар мен педагогтың диалогтық өзара іс-қимылын жандандырады. Осы технологияларды іске асырудың мысалы ретінде “Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану” мамандығын келтіруге болады. Ондағы мазмұнды визуализациялау стандарт талаптарына сәйкес орындалады және ақпаратты мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін барынша толық, қолжетімді және көрнекі түрде ашуға мүмкіндік береді. Ол, ең алдымен, тартымды функцияларды жүзеге асырады: бұл студенттің назарын аударады және оны оқу материалына тартады. Бұл жағдайда мәтін мультимодальды түрде қолданылды: визуалды, мәтіндік және аудио. Презентацияларда схемалау мен визуализацияға артықшылық берілді.

Педагогикалық сүйемелдеу процесінде білім алушылармен өзара іс-қимылдың жаңа қашықтықтан білім беру технологиялары қолданылады. Интерактивті бейнені жасау және пайдалану (Edpuzzle сервисі) мотор әрекеті арқылы оқыту міндетін іске асыруға, білім алу процесін даралауға, мүгедектігі бар білім алушыларды олардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне қарай университеттің өміріне қосуға мүмкіндік береді. Түсініктемелері, түсіндірмелері және сұрақтары бар маяктары бар интерактивті бейне білім алушыларға оқу процесіне қосылуға, білімдерін тексеруге және қажет болған жағдайда оқу материалына оралуға көмектеседі.

Интерактивті кескіндерді қолдану (Genial.ly) суреттің әртүрлі бөліктеріне сипаттамалар, қосымша материалдарға сілтемелер қосуға мүмкіндік береді, бұл білім алушыларға оқу сипатындағы әртүрлі мультимедиялық ақпаратты ұсыну мүмкіндігін едәуір кеңейтеді.

Powtoon бағдарламасының көмегімен инклюзивті білім беру процесінде оқу - танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруды қамтамасыз ететін бейне презентациялар, бейне дәрістер және әртүрлі визуализация материалдары жасалды.

"Ақыл-ой карталары" (Mind Maps) қашықтықтан технологиясы ақпаратты құрылымдау, жобаларды әзірлеу, презентациялар, іс-шараларды жоспарлау үшін қолданылады. Бұл технология аясында суреттерді, бейнелерді, сілтемелерді біріктіруге, жазбалар жасауға, материалдарды түзетуге, оқушылармен сөйлесуге болады.

Инклюзивті білім беру үдерісін ұйымдастыру және білім алушылармен өзара іс-қимыл жасау үшін Trello сервисін пайдалану ыңғайлы, ол практикалық қызмет үшін тапсырма карточкаларын орналастыруға, дербес тапсырмаларды орындау мерзімдерін белгілеуге және олардың орындалуын бақылауға мүмкіндік береді. Сауалнамалар жүргізу және кері байланыс алу үшін аудиториядан жедел кері байланыс алуға мүмкіндік беретін қашықтықтан оқыту технологиялары қолданылады (Mentimeter және Kahoot қызметтері).

Әдістер.

Зерттеу барысында сауалнама әдісі қолданылды. Білім алушылармен сауалнама инновациялық білім беру технологияларын қолдана отырып, инклюзивті білім беру үдерісін педагогикалық сүйемелдеудің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау, сондай - ақ қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, “Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану” мамандығы бойынша тапсырмалардың сәттілігіне әсер ететін негізгі факторларды анықтау мақсатында жүргізілді. “Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану” мамандығы бойынша оқитын барлығы 29 студенттен сұхбат алынды. Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы “Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану” мамандығының студенттері қатысты.


Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау.

Зерттеу нәтижелерін талдау мүгедектігі бар немесе ерекше білім беру қажеттілігі бар барлық сауалнамаға қатысқан білім алушылар инклюзивті білім берудегі педагогикалық сүйемелдеудің маңыздылығын атап өтті.

Инновациялық білім беру технологияларын қолдана отырып, білім беру процесі. Бұл ретте респонденттердің 81,25% - ы "Бұл технологиялар маңызды, өйткені сабақтар қызықты және қолжетімді бола түсті», «Қашықтықтан оқыту барысында да бұл

технологияларды қолдану мүмкін болады», «Өздерін дәлелдеуге мүмкіндік береді», «Тапсырмаларды орындау кезінде шығармашылық танытуға болады» деп санайды. Жауап берушілердің 18,75% - ы жақын арада осы технологиялардың маңыздылығының артуы туралы өз жауабын былай негіздей отырып айтады: «Қазіргі таңда университетте инновациялық білім беру технологиялары арқылы инклюзивті процесті педагогикалық қолдау жеткіліксіз дамыған»; «Инновациялық білім беру технологиялары арқылы инклюзивті процесті педагогикалық қолдау өзекті, бірақ ол толық жақсы материалдық базаны құрғаннан кейін ғана толығымен жүзеге асырылуы мүмкін».

Сауалнама “Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану” мамандығы бойынша сабақтардың табыстылығына әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіндік берді. Білім беру мазмұнының сапасы мен ыңғайлылығы респонденттердің 77,08% - ы бірінші орынға шықты. Оқытушылардың инновациялық білім беру технологияларымен жұмыс істеу қабілетіне білім алушылардың 64,5% - ы екінші орынды иеленді. Сауалнамаға қатысқандардың пікірінше, электрондық оқу материалдарының сапасы (62,5%), компьютерлік сауаттылық деңгейі (58,3%), жеке қасиеттері (52,08%) және өздеріне қойылған мақсаттарға жетуге ынталандыру (47,9%) маңызды болып табылады.



1-сурет. “Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану” мамандығы бойынша сабақтардың табыстылығына әсер ететін факторлар

Қорытынды. Интерактивті оқытумен байланысты қашықтықтан білім беру технологиялары икемділікті, теориялық және практикалық білім алудың ыңғайлылығын, денсаулығының әртүрлі деңгейімен айналысатындар үшін электрондық білім беру ресурстарының қолжетімділігін біріктіреді [9, б.515.]. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, инклюзивті білім беру процесін педагогикалық қолдау оны қызықты, тұлғаға бағытталған, креативті және заманауи етуге мүмкіндік береді. Ұсынылған қашықтықтан білім беру технологиялары оқу процесіне оң мотивацияны қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз, бұл оқу нәтижелеріне оң әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Указ Президента Республики Казахстан «О Концепции по вхождению Казахстана в число 30-ти самых развитых государств мира». – Астана, Акорда, 17 января 2014 г., <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1400000732>
2. Сағатова Гульназ, Болатова Арай, Баймукан Назерке, Капашова Нурлы Анализ текущей количественно-качественной ситуации с положением людей с ограниченными возможностями в Республике Казахстан, Zhenisker Март 5, 2023

3. Инклюзивное образование студентов с инвалидностью и ОВЗ с применением электронного обучения, дистанционных образовательных технологий: хрестоматия для преподавателей сферы высшего профессионального образования, работающих со студентами с инвалидностью и ОВЗ / под ред. Б. Б. Айсмонтаса. – М.:МГППУ, 2015. – 334 с.
4. Ергалиев А.С., Жантуреева А.А., Доскалиева Р.Б., Беккалиева Г.М. Применение инновационных педагогических технологий в практике психолого-педагогического сопровождения детей с особыми образовательными потребностями // Концепт. 2017. Т. 35. С. 51–58. URL: <http://e-koncept.ru/2017/771182.htm>
5. Баженова Н.Г., Бузунова Л.Г., Гусева Л.Г., Зимарева Т.Т., Разумова Е.М., Степанова О.П., Шпаковская Е.Ю., Шулева Е.И. Актуальные проблемы исследований в области социальной психологии. Магнитогорск, 2013.
6. Эйдельман Л.Н. Педагогические условия, способствующие формированию интегративного знания у студентов-бакалавров, обучающихся по направлению «Физическая культура для лиц с ограниченными возможностями здоровья» / Л.Н. Эйдельман // Физическое воспитание в условиях современного образовательного процесса: сборник материалов национальной научно-практической конференции – Шуя, 2020. – С. 274–276.
7. Золоткова, Е. В. Организационно-методические условия инклюзивного образования студентов с ограниченными возможностями здоровья / Е. В. Золоткова, Ю. Н. Зуйкина // Интеграция науки и образования в XXI веке: психология, педагогика, дефектология. - 2015. – С. 315–320.
8. Гладкова М.Н., Ваганова О.И., Смирнова Ж.В. Технология проектного обучения в профессиональном образовании // Проблемы современного педагогического образования. 2018. № 58-3. С. 80-83.
9. Эйдельман Л.Н. Специфические педагогические условия формирования интегративно- го знания при онлайн-обучении в высшей школе / Л.Н. Эйдельман // Учёные записки университета имени П.Ф. Лесгафта. – 2021. – № 3 (193). – С. 514–518.

CONFLICTS IN EDUCATIONAL INSTITUTIONS AND MODELS FOR THEIR RESOLUTION

7M01105 Педагогика. Білім берудегі менеджмент, 1 курс **Қалдыбекова Р. Қ.**

Ғылыми жетекшісі: пед.ғ.д., проф. м.а Булатбаева А. Ә.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Annotation: Conflicts in educational institutions are an integral part of their daily activities. The abstract discusses the actual problem of the emergence and resolution of conflicts in the educational environment. The various types of conflicts, the causes of their occurrence, as well as the consequences for all participants in the educational process are analyzed. Particular attention is paid to conflict resolution models, both preventive and reactive approaches to dispute resolution. The effectiveness of various methods of conflict resolution in the educational sphere and their impact on the general atmosphere in educational institutions is considered. The results obtained can serve as a basis for the development of practical recommendations for improving conflict management in educational institutions.

Key words: educational institutions, conflict resolution, conflict resolution, creating a positive atmosphere.

Аңдатпа: Білім беру мекемелеріндегі жанжалдар олардың өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Мақалада білім беру мекемелеріндегі жанжалдардың пайда болуы мен шешілуінің өзекті мәселесі қарастырылады. Жанжалдардың әртүрлі түрлері, олардың пайда болу себептері, сондай-ақ білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін салдары талданады. Дауларды шешуге профилактикалық және реактивті тәсілмен жанжалдарды шешу модельдеріне ерекше назар аударылады. Білім беру саласындағы жанжалдарды шешудің әртүрлі әдістерінің тиімділігі және олардың оқу орындарындағы жалпы атмосфераға әсері қарастырылады. Алынған нәтижелер білім беру мекемелеріндегі жанжалдарды басқаруды жақсарту бойынша практикалық ұсыныстарды әзірлеуге негіз бола алады.

Тірек сөздер: білім беру мекемелері, жанжал, қақтығыстарды шешу, жағымды атмосфера құру.

Аннотация: Конфликты в образовательных учреждениях являются неотъемлемой частью их жизнедеятельности. В аннотации рассматривается актуальная проблема возникновения и разрешения конфликтов в образовательной среде. Анализируются различные типы конфликтов, причины их возникновения, а также последствия для всех участников образовательного процесса. Особое внимание уделяется моделям разрешения конфликтов, как профилактическим, так и реактивным подходом к урегулированию споров. Рассматривается эффективность различных методов разрешения конфликтов в образовательной сфере и их влияние на общую атмосферу в учебных заведениях. Полученные результаты могут послужить основой для разработки практических рекомендаций по улучшению управления конфликтами в образовательных учреждениях.

Ключевые слова: образовательные учреждения, конфликт, разрешение конфликтов, создание позитивной атмосферы.

The word "conflict" comes from the Latin *conflictus* - "collision" and means a clash of forces, sides, opinions and interests of people, causing certain actions. In everyday life, there is a quite unambiguous attitude to conflicts as negative phenomena. The occurrence of conflict is assessed as an indicator of some kind of trouble. However, even in the period of formation of conflictology as a science, its founders R. Darendorf and L. Kozler drew attention to the fact that the presence of conflicts in society is natural, but their absence is abnormal. Conflicts are studied not only within the framework of the general theory of conflicts, but also taking into account the specifics of their sphere of occurrence. So, the sphere of pedagogical conflicts is the educational environment. [1]

Conflicts are an integral part of the life of any collective, including educational institutions. The emergence of disputes and disagreements among students, teachers, parents and the administration can lead to disruption of the educational process, negatively affect the reputation of the educational institution and weaken trust between participants in the educational process. Conflicts in educational institutions can have various causes, including misunderstandings, differences of opinion, pressure from third parties, as well as competition for resources and influence. Conflict resolution plays an important role in ensuring a fruitful educational process and contributes to improving the quality of interaction between all participants in the educational community. [2]

In this article I will analyze the nature of conflicts in educational institutions, identify the main factors of their occurrence, and present various models and methods of dispute resolution in the educational environment in order to maintain a positive climate and effective operation of educational institutions.

Conflicts in the field of education are an inevitable part of the life of educational institutions. They can arise between students, teachers, parents and the administration. The causes of conflicts range from differences in views and values to organizational problems and lack of communication.

The main types of conflicts in educational institutions:

- Interpersonal conflicts: Arise between students, teachers, or even the administration. This may be due to disagreements, misunderstandings, or personal grudges.

- Conflicts over teaching methods: Different approaches to learning can cause disputes between teachers and parents. For example, which method is more effective: traditional training or the use of modern technologies?

- Conflicts over grades: Parents and students may disagree with the grades given by teachers. This can lead to stressful situations.

- Conflicts in the teaching staff: Disagreements between teachers about methods, load distribution or internal rules of the school.

- Conflicts with parents: Parents' dissatisfaction with the organization of the educational process, attitude towards their children or other issues. [3]

Conflict resolution requires a competent approach, the ability to listen and find compromises. Educational institutions should create a friendly atmosphere where everyone can express their opinions and find a common language.

Conflicts in the educational environment entail a number of social risks such as:

- formation of a stereotype of aggressive behavior in children, which becomes the main model of conflict resolution in the future. A child, and subsequently an adult, believes that conflict is the only effective way to resolve emerging contradictions;

- inability to build effective interaction with other people, lack of communication skills, skills to reach a compromise in the process of life, which ultimately leads to conflicts in the family, in the professional sphere, and, as a result, to an increase in divorces, single-parent families, entailing a lot of problems of upbringing and socialization of children, unemployment and etc. ;

- problems of adaptation in the social environment, which affects the achievement of professional and personal success of a person, his psychoemotional state, building communications;

- problems of personal development, manifested in professional and personal deformation, problems of self-determination, self-realization, etc.

Ultimately, this leads to an increase in the level of conflict in society, which is fraught with an increase in social tension and social upheavals. [4]

There is no single classification of conflicts, because each author evaluates them according to his own criteria. However, most of them identify the following types of conflicts:

Intrapersonal conflicts are conflicts that occur within us. Here, the participants in the conflict are not people, but various psychological factors of the inner world of a person. At the same time, personal development is impossible without overcoming internal contradictions. Interpersonal conflicts are the most common type of conflict. In educational institutions, it can arise between participants in the pedagogical process of one or different statuses: teacher (educator) – child, teacher-teacher (boss), teacher-parent.

The conflict between an individual and a group (intra-group) is a clash of differences in the interests of the majority and one of the group members. In pedagogical practice, there is a conflict between the class and the teacher, the teacher (educator) and the administration, between the participants of an informal youth group and 1 of its participants.

Intergroup conflict - An educational institution, like any other organization, consists of many formal and informal groups, between which conflicts may arise. For example, between management and performers (administration – teachers), between classes, between groups of teachers. [5]

Conflict prevention in educational institutions is an important task that promotes a healthy atmosphere and successful learning. Let's take a closer look at how you can reduce the likelihood of conflicts:

1. Communication Skills Training:

- Students should be taught how to effectively express their thoughts and listen to each other. Active listening skills and conflict resolution skills will help reduce tension.

- Conduct communication trainings for students, teachers and parents.
- 2. Bullying prevention:
 - Bullying is a serious problem that can lead to conflicts. Schools should actively fight bullying and create a safe space for all students.
 - Teach students respect, tolerance and responsibility.
- 3. Parental Support:
 - Parents play an important role in conflict prevention. Schools can hold parent-teacher conferences, teach parents parenting skills and involve them in the life of the educational institution.
 - Parents should also support their children's educational goals and cooperate with teachers.
- 4. Clear rules and standards of conduct:
 - Schools should have clear rules and standards of conduct for students and staff. This will help prevent situations that could lead to conflicts.
 - Explain the rules to the students and remind them regularly.
- 5. Variety of teaching methods:
 - Teachers can use a variety of teaching methods to meet the needs of different students. This will help reduce tension and conflicts in the classroom.
 - Use interactive lessons, group work and creative tasks.
- 6. Support from psychologists and social workers:
 - The availability of specialists who can help students resolve conflicts and cope with emotional difficulties is also important.
 - Psychologists and social workers can conduct individual and group consultations. [6]

We should remember that conflict prevention is the task of the entire educational community. Cooperation between students, teachers, parents and the administration will help create a harmonious educational environment.

Based on the results of my research, here are some effective methods of conflict resolution in educational institutions that can be used by teachers, administrators and other participants in the educational process:

1. Mediation: This method involves the intervention of a neutral mediator who helps the parties to the conflict find a mutually acceptable solution. The mediator helps the participants to express their points of view, listen to each other and find a compromise solution.
2. Conflict resolution training: conducting special trainings where participants learn the skills of constructive conflict resolution, emotion management and the ability to communicate effectively.
3. Circles of restorative justice: this method is based on the principle of restoring lost trust between the parties to the conflict. The participants of the circle express their feelings, discuss the consequences of the conflict and work to restore relationships.
4. Coaching: Using coaching to work individually with conflict participants in order to help them better understand themselves and each other, find ways to solve the problem and develop better interaction strategies.
5. Joint work on projects: building joint educational projects and activities helps to improve communication, develop cooperation skills and form positive relationships.
6. Conferences on parental contributions: organization of meetings and conferences where teachers, administrators and parents can discuss issues related to the educational process and the resolution of possible conflicts.

These methods can be successfully applied to resolve conflicts in educational institutions and contribute to the creation of a supportive and cohesive educational environment. [7]

Conflict resolution in the educational environment plays an important role in the formation of healthy and productive relationships between students, teachers, administration and parents. This is a process that aims to resolve disagreements and disputes that arise during the educational process.

To successfully resolve conflicts in the educational environment, it is necessary to use such methods as dialogue, constructive communication, and an adequate response to conflict situations. It is important to remember that conflicts in the school environment can be of various nature: from personal differences between students to problems in the educational process. Teachers play a key role in resolving conflicts among students, so it is necessary to have mediation skills, be able to identify the causes of conflicts in time and work on their resolution. It is also important to create a favorable atmosphere in the classroom or school, where every participant in the educational process will feel comfortable and respected.

In addition, it is important to carry out preventive work with students aimed at developing communication skills, respect for other people's point of view, and cooperation. Interaction with parents also plays an important role in resolving conflicts in the educational environment, so it is worth actively involving them in the process of finding constructive solutions. The correct resolution of conflicts in the educational environment contributes to improving the climate in the educational institution, improving academic performance and the overall well-being of all participants in the educational process. It must be remembered that it is important to pay due attention to conflict resolution in order to ensure the effective functioning of the educational environment.

References

1. Педагогические конфликты в школе : [учеб. пособие] / М. В. Клименских, И. А. Ершова ; М-во образования и науки Рос. Федерации, Урал, федерал, ун-т. - Екатеринбург: Изд-во Урал, ун-та, 2015. — 76 с.
2. Sabina Valente, Abílio Afonso Lourenço and Zsolt Németh / School Conflicts: Causes and Management Strategies in Classroom Relationships / Published: 23 December 2020
3. Abdul Ghaffar / Conflict in Schools: Its Causes & Management Strategies / December 2019
4. Кирсанов А.И. Конфликты в общеобразовательных организациях. Причины усиления конфликтности образовательной среды [Электронный ресурс] // Язык и текст. 2019. Том 6. № 4. С. 32–41
5. Джакеева, А. Ж. Особенности управления конфликтами в образовательных учреждениях / А. Ж. Джакеева. — Текст : Молодой ученый. — 2019. — № 34 (272). — С. 36-37
6. Соколова Н. А. Конфликты в образовательной среде как источник социальных рисков / ЖУРНАЛ Педагогическая наука и практика - 2017
7. Сафронова Ирина Валентиновна Управление конфликтами в коллективе школьного образовательного учреждения / 2000

КӨРУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРМЕН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТЕНУ МӘСЕЛЕСІ

«Педагогика және психология», 1 курс магистры **Қожанғалиев А.Т.**
Ғылыми жетекші: п. г. к., қауымдастырылған профессор Иргалиев А.С.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялар университеті

Аңдатпа: Мақалада цифрлық әлеуметтену мәселесі, көру қабілеті бұзылған балалармен тәрбие жұмысында цифрлық әлеуметтенудің эмоционалды компонентін қалыптастыру ерекшеліктері, әлеуметтену көрсеткіштері қарастырылады.

Кілт сөздер: цифрлық әлеуметтену, цифрлық технологиялар, Google Drive, ұжымдық пайдалану, ChatGPT, тәрбие беру қызметі, эмоционалды компонент.

Қазіргі уақытта қоғам цифрлық сипатқа ие болуда және оның толық мүшесі болу үшін қажетті құзыреттілік көлемін игеру маңызды болып отыр. Әлеуметтенудің дәстүрлі формалары медиа кеңістіктен бастап заманауи форматтарға дейін дамуы интернет-технологиялардың, жасанды интеллекттердің түбегейлі өзгеруіне әкелуде.

Әр адамның цифрлық өмір салты қарым-қатынас, мінез-құлық пен іс-әрекет нормаларын игеруде маңызды элементке айналды. Сандық кеңістікте өзара іс-қимыл жеке тұлғаны қалыптастыруда әсер етудің маңызды факторы. Осыған байланысты тәрбиелеу теориясының жалпы тәсілдері мен принциптерін алмастыратын «цифрлық тәрбиелеу» шартты болып табылады, ал көбінесе цифрлық ресурстарды пайдалану тәрбиелік міндеттерді шешудегі виртуалды орта деп қарастыруға болады. Цифрлық білім және тәрбие беру заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдануға негізделген оқытудың жаңа тәсілі [1, б.48].


Соңғы кездері психологиялық-педагогикалық ғылымда, әр түрлі ұғымдар пайда болды.

Атап айтқанда, «цифрлық әлеуметтену», «ақпараттық әлеуметтену» және «цифрлық балалық шақ». Цифрлық әлеуметтену - бұл барлық қолжетімді цифрлық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын процесс [1, б. 64]. Оның мақсаты – адам жеке тұлға ретінде оны қалпына келтіру үшін онлайн-контексте алынған әлеуметтік тәжірибені меңгеру және қабылдау, аралас оффлайн/онлайн тәжірибе мен нақты бір бөлігі ретінде сандық бірегейлікті дамыту. Сондықтан адамның өмірлік контекст арқылы табиғи әлеуметтенуі әлеуметтендірудің цифрлық моделімен үйлеседі және онымен алмастырылып отырады. Цифрлық әлеуметтендіру дәстүрлі әлеуметтендіруді біріктіріп, дамып келе жатқан сандық мәдениет пен күнделікті мәдениетті толықтырады.

Авторлар өздерінің ғылыми зерттеулерінде цифрлық әлеуметтену тұжырымдамаларын қозғайды. Солдатова Г.У. өз еңбектерінде цифрлық әлеуметтену туралы «қоғамның қабылдау шарасы» ретінде технологиялық инновациялар, инновацияларға деген көзқарас және сын-қатерлерге жауап беру мүмкіндіктері» туралы айтады [2, б.3]. Шклярук М.С. цифрлық трансформацияда цифрлық мәдениетті және оның құрамдас бөліктерін адамның цифрлық өзара әрекеттесуі мен дамуын қамтамасыз ететін идеологиялық, ұйымдастырушылық және технологиялық құндылықтар деп ажыратады.

Виртуалды білім беру ортасын зерттеуге арналған ғылыми еңбектерінде Сафронова А.Н., Вербицкая Н.О., Молчанов.Н.А. цифрлық ортадағы тәрбие процесін құндылық, когнитивтік, белсенділік және мінез-құлық компоненттерінің жиынтығы ретінде қарастырады.

Цифрлық әлеуметтену процесі тұлғаның цифрлық дамуымен тығыз байланысты. Цифрлық тұлға және оның интернет желісін пайдаланушы туралы ақпарат болып табылатын цифрлық беделі туралы тоқталсақ, ол оң немесе теріс болуы мүмкін. Қалай болғанда да, жеке адамның өмірі цифрлық беделіне нақты нәрсеге әсер етеді. Көрнекі түрде цифрлық әлеуметтенудің құрылымын схема түрінде ұсынуға (1 суретте көрсетілген) болады [2, б.164].



1-сурет. Цифрлық әлеуметтенудің құрылымы

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы оқушылардың цифрлық әлеуметтенуі - бұл оқушылардың әлеуметтенуін дамыту мақсатында педагогикалық практикаға цифрлық технологиялар мен оқыту құралдарын енгізу процесі. Бұл тиімді және қызықты оқытуды қамтамасыз ету үшін интерактивті оқу платформаларын, онлайн курстарды, білім беру қолданбаларын және басқа сандық құралдарды пайдалануды қамтиды. Цифрлық әлеуметтену оқушыларға цифрлық сауаттылықты, цифрлық форматтағы ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін дамытуға, сондай-ақ желіде байланысуға және ынтымақтасуға көмектеседі. Бұл тәсіл сонымен қатар оқушылардың сыни ойлауын, тәуелсіздігін және шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді [3].

Қазіргі мектептегі білім беру ортасына ақпараттандырудың, мультимедияның енуіне байланысты оқытуда елеулі өзгерістер болуда. Заманауи ғалымдар – педагогтер, әлеуметтанушылар, футурологтар рефлексиялық түрде ХХІ ғасыр оқушылары – жаңа ұрпақ туралы айтады. Бұл ұрпақ «Next» ұрпағы, «Z» ұрпағы (Нейл Хоув пен Вильям Штраус теориясына сәйкес), цифрлық ғасыр ұрпағы, әлеуметтік-цифрлық ғасыр ұрпағы (Кирсти Лонк теориясы бойынша). Don Tapscott, Diana Oblinger, Bořivoj Brdická сияқты ғалымдар қабылдау мен оқыту үдерісінде елеулі өзгерістердің орын алатынын атап көрсетеді

Қазіргі қоғамның цифрлық сипатын ескере отырып, адамдардың өмір сүру сапасы олардың жаңа технологиялық ортаға қатысуына, ақпаратқа қол жеткізуге, өңдеуге және ұсынуға байланысты дамып келеді. Көру қабілеті бұзылған балалар үшін де цифрландырудың ақпарат алмасуға қатысу мүмкіндігіне рөлі мен әсері кеңеюде. Олардың цифрлық технологияларды еркін қолдана алуы, қоғамда әлеуметтік бейімделуіне оң әсерін тигізеді.

Көру қабілеті бұзылған балалардың - өміріндегі тұлғалық және әлеуметтік өзгерістерді қамтитын кезеңі, атап айтқанда: дамудың әлеуметтік жағдайы, білім беру қызметінің пайдалану түрі, «өзіндік тұжырымдаманы» қалыптастыру, кең әлеуметтік мотивтерді дамыту кезеңдері отбасы және мектеппен тығыз байланысты жүреді.

Балалардың әлеуметтенудің көрсеткіштері: танылуға қол жеткізу және құрдастары мен қалың жұртшылық арасында танымалдылығы, белсенділікті көрсету және сыныптастарымен тұлғааралық қарым-қатынас деп қарастыруға болады. Олардың цифрлық әлеуметтенуі ретінде қабылдау қарым-қатынастың қарапайымдылығына және онлайн платформалардағы өзара әрекеттесуіне байланысты. Әлеуметтік желілерде достарымен, құрдастарымен ауызша қарым-қатынас, виртуалды қарым-қатынас орнайды.

Көру қабілеті бұзылған балаларды әлеуметтендіруде цифрлық технологияларды тәрбие қызметіне кіріктіре отырып, қолдану жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда. Қазіргі уақытта, жаңа білім мен ақпарат алу әр түрлі салаларда, қашықтықтан және электронды оқыту сапалы серпіліс болды. Нәтижесінде бұлтты технологиялар мен жасанды интеллект масштабтың өсуіне пропорционалды түрде дамуда ғаламдық интернет желісі әсер етуде. Тәжірибелі пайдаланушылар ыңғайлылық пен уақытты үнемдеуде оларды барған сайын күнделікті жұмыста ақпарат пен деректерді жинауда қолданып келеді.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін цифрлық құралдарды қолдану бұл жаңа дамудың көмекшісі, мотивацияны дамыту, әлеуметтену тәсілдерінің бірі. Қашықтықтан оқыту технологияларына кейс, желілік технологиялар жатады. Қашықтықтан оқытудағы коммуникациялық технологияларды екі санатқа бөлуге болады (off - line)-өзара әрекеттесуге қатысушылардың бір уақытта желіде болуын талап етпейтін технологиялар (электрондық пошта, форумдар) және синхронды (on – line) - нақты уақыт режимінде жүзеге асырылатын технологиялар (аудиоконференциялар, бейнеконференциялар).

Көру қабілеті бұзылған балаларды табысты оқыту үшін сандық тифло құралдар, компьютерді, арнайы дыбысталуы бар компьютерлік бағдарламаларды, электрондық оқу материалдарын, интерактивті тақтаны, оқу-ойын құралдары мен тренажерлерді түзету-дамыту жұмысында, Microsoft Office пакетінде, электрондық презентацияларда, Google-дағы бірлескен қол жеткізу құжаттарында, бейне сабақта, WhatsApp-та жұмыс істеуге, аудио мәтіндерді, веб-беттерді, аудио-бейне файлдарды орналастыруға болады. Жалпы ерекше білім беруді қажет ететін балаларды әлеуметтендірудің ең танымал технологиялары WhatsApp, Telegram. Бұл технологиялар мұғалімге оқушымен тұрақты байланыста болуға (чат арқылы), бейне байланыс арқылы байланысуға ғана емес, сонымен қатар оқушыға уақытпен бірге жүруге көмектеседі. Сонымен қатар, осы мессенджерлермен жұмыс істеуді үйрену арқылы көру қабілеті бұзылған оқушылар өз құрдастарымен сөйлесе алады, бұл балалардың әлеуметтенуіне ықпал етеді. Қосымшалар сынып әңгімелерін, қызығушылықтар бойынша әңгімелер құруға, жеке хабарламалар жазуға мүмкіндік береді. Мұғалім ауырған немесе жоқ кезде де байланысқа түсе алады, бұл сабақтардың жүйелілігі мен қарым-қатынастың үздіксіздігіне, демек әлеуметтенуге ықпал етеді.

Көру қабілеті бұзылған балалар Android операциялық жүйесінде Talkback-тің смартфоннан немесе планшеттен көптеген жағдайларда пайдалы екенін біледі. Бұл қосымша ең алдымен көру қабілеті төмен пайдаланушыларға арналған. Қолданба қолданушылардың әрекеттерімен бірге жүреді:

- дыбыстық сигналдар;
- діріл;
- сөйлеу.

Бағдарлама арқылы дисплейден мәтінді оқу, дауыс беру үшін дауыс таңдау мүмкіндігі, пернені басқан кезде дыбыстық сигнал естілу, экранда не болып жатқанын сипаттау, қазір қарап отырған нәрсені хабарлау функциясы, қызметтік бағдарлама кімге қоңырау шалғанын хабарлау, экрандағы қалтаны түрткенде, бағдарлама балаға не іске қосылатынын айтып беру, қолданба құрылғыны басқару, оны пернелерді басу функцияларының жиынтығына ие.

Тәрбие жұмысында Google сервисінің ауқымы өте кең, онымен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін бағдарламаларының сапасы өте жоғары. Білім беру барысында Google сервистері YouTube, Hangouts және Google Docs сервистерін тиімді қолдануға болады. YouTube - әлемдік танымал бейне сервер, онда миллиардтаған бейне жазбалар бар, солардың ішінде көптеген бейне аудио сабақтарды да қарап пайдалануға болады. Google Doc - түрлі нұсқадағы құжаттармен жұмыс істеуге арналған сервис. Мәселен, мәтін теру, электронды кесте, тұсаукесермен жұмыс, т.б. Google Translate - аудармашы арқылы аудио нұсқа арқылы кез келген тілге аударып сөйлесе алуы балалардың ортаға цифрлық әлеуметтенуіне мүмкіндік береді [4, б.64].

Kitap.kz 5000-нан аса кітапты оқу және тыңдау платформасы көру қабілеті бұзылған балалардың өздерінің қалауы бойынша кітаптардың аудио нұсқаларын тыңдауға қолайлы. Тәрбие шараларында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында tedx форматында оқыған кітаптарын қоғамдық ортада бөліседі. Сонымен қатар аудио *подкасттар* арқылы жаңалықтармен танысуға, танымал тұлғалардың пікірін ортада, ұстаздарымен тәрбие сағаттарында талқылай алады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда жасанды интеллекттің маңыздылығына тоқталсақ, Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Үкімет жасанды интеллектіні дамыту ісіне баса назар аударуға тиіс. Жасанды интеллект оны дамыта білген елдердің ішкі жалпы өніміне айтарлықтай үлес қосуы мүмкін. Жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдалансақ, білім экономикасына тың серпін береміз.» деп атап өткен болатын [5].

Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда сынып жетекшілер мен тәрбиешілердің жұмысын жеңілдететін жасанды интеллект бағдарламалар: Bard - бұл адамдармен сөйлесе алатын

және олардың сұрақтарына жауап бере алатын чатбот. Ол әлі дамуда, бірақ қазірдің өзінде көп нәрсені істей алады. ChatGPT - бұл адамдармен сөйлесуді, сұрақтарға жауап беруді және әртүрлі тапсырмаларға көмектесуді білетін, ақылды көмекшіге ұқсайтын бағдарлама. Аталған бағдарлама арқылы көру қабілеті бұзылған балалар аудио нұсқасын қосып тіл үйренуге, тамақ пісіруге, бірге жаттығулар жасауға, әңгімеселуге мүмкін алады. Өздерінің толғандырып жүрген сұрақтарына жауап алып, интернет кеңістігінде өзін-өзі ұстау, сөйлеу мәдениеті арқылы ортаға әлеуметтену алады. Chat Bing - бұл пайдаланушылармен табиғи тілде сөйлесу үшін CHATGPT's GPT-4 жасанды интеллектін қолданатын жаңа Bing іздеу мүмкіндігі. Табиғи тіл арқылы сұрақтар қоюға, кестелер жасауға, ұсыныстар алуға және т.б. болады. Bing чаты Microsoft Edge шолғышында қол жетімді. Мобильді нұсқада кескін генерациясы бар. Тәрбие шарасына қажетті суреттерді тегін алуға болады. Quizziz - бірнеше секунд ішінде викториналар мен сабақтар жасауға болады. Мазмұнды әр оқушыға және оқу стиліне қолдау көрсету үшін жылдам бейімделген. Дағдылардағы олқылықтарды анықтау және жекелендірілген тәжірибелік нұсқаулар беру үшін жедел деректерді алуға болады. Gamma.app - тапсырманы сипаттау үшін слайдтармен және суреттермен тұтас презентациялар жасайды. QazGPT – қазақ тіліндегі жасанды интеллект.

Жоғарыда атап өткендей әлеуметтену өзара байланыста, өзара әрекеттесуде басқа адамдармен қарым-қатынаста жүзеге асады. Бұл әртүрлі эмоционалдықты көрсетумен сипатталады. Осы орайда Кулакова.С.А., Пронина.А.Н. «Оқушылары арасында цифрлық әлеуметтендіру компоненттерінің қалыптасуын анықтау» бойынша өткізген сауалнамасын негізге ала отырып, көру қабілеті бұзылған балалардың тәрбие жұмысында цифрлық әлеуметтенуіне ыңғайластырылған зерттеу жұмысын ұйымдастырдық. Интернетті пайдалану жылдамдығын анықтау мақсатында балалардың ата-аналарға Google форма арқылы, балаларының интернетті жиі қолдануы бойынша жоғары, орта, төмен деңгейді анықтау сұралды. Сауалнамаға қатысқан 32 ата-ананың 42% жоғары деңгейді таңдаған. 32% - орташа, 26% төменгі деңгейді көрсетті. Нәтижесінде жоғары және орташа деңгейін таңдаған көру қабілеті бұзылған балалар цифрлық технологияны еркін пайдаланады.

Цифрлық әлеуметтенудің эмоционалды компонентін қалыптастыруға бағытталған сауалнамаға көру қабілеті бұзылған 25 жоғары сынып оқушылары қатысты. «Сіз интернетте мәдени мінез-құлық ережелерді сақтайсыз ба» деген сауалға 70% «ия», 30% «кейде» деген нұсқаны таңдаған. «Интернетке қосылу үшін мәдени мінез-құлық ережелерін сақтау қажет» деген сөйлемге 100% «келісемін» нұсқасын қабылдаған. «Интернеттегі достармен қарым-қатынаста, сіз көбіне сәлем, сау бол, кешіріңіз, т.б мәдениеттілік формаларын қолдануды жасайсыз ба» деген сұраққа 80% «ия», 20% «кейде» нұсқасын таңдаған. «Ұстаздарыңды, достарыңды, сыныптастарыңды WhatsApp, Telegram топтарда құттықтайсыз ба» деген сауалға 94% «ия», 6% «жоқ» нұсқаны таңдаған. «Жоқ» нұсқасын таңдаған оқушылармен жеке сөйлескен кезде жеке өзіне құттықтау айтқан ерекше екенін атап өтті. «WhatsApp, Telegram топтарда өзгелердің пікіріне құрмет көрсету (білдіру) , достардың пікірін мақұлдау және мойындау туралы пікіріңіз қандай» деген сауалға 80% «жақсы», 20% «ең бастысы пікір не туралы» деген жеке нұсқаларын білдіреді. «Интернет байланысының қандай құралдарын сіз қандай да бір жағымсыз нәрселерді жасау үшін пайдаландыңыз ба? (сатқындық, қорлау, немқұрайлы қалу, қорқыту)» 92% «жоқ», 8% «жауап беруге қиналамын» нұсқасын қабылдаған. «Мектептегі тәрбие шараларына қатысу үшін интернеттің көмегіне жүгінесің бе» деген сауалға 100% «ия» деп жауап берген. Ал «Интернеттің спортпен шұғылдану, тамақ пісіру, қолөнер, музыкалық аспаптар үйрену сияқты пайдалы контенттерді қарауға көбірек жұмсайсың ба?» деген сауалдың 55% «ия», 15% «музыка тыңдауға», 20% «әлеуметтік желілерді шолуға», 10% «ойын ойнауға» жұмсайтыны анықталды. Дегенмен оқушылардың дамуы мен әлеуметтенуі үшін пайдалы контенттерді

көбірек пайдаланатыны байқалды. Оқушыларды пайдалы ақпараттарды жиі қабылдауы мектептегі тәрбие жұмысының жүйелі жүруіне ықпал етері сөзсіз.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысында мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету, барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыру міндеті қойылған. Осыған сәйкес сынып жетекшісі білім алушы мен қоғам арасындағы байланыстырушы тұлға, әр білім алушының өзін-өзі тануына және оның жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ететін түрлі іс-шаралар арқылы ұжымда балаларды әлеуметтендіру үшін қарым-қатынас орнатуға көмектеседі, жайлы, қауіпсіз, заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз етеді және тәрбиелей отырып оқуға деген ынтасын арттыруға ықпал жасайды [6, б.3]. Сынып жетекші, тәрбиешімен және директордың тәрбие орынбасары арасындағы Google Sheets цифрлық кері байланыс парағы күнделікті тәрбие жұмысын жүйелеуге, оқушылардың ортаға әлеуметтенуін бақылауға мүмкіндік береді (2 сурет).

A	B	C	D	E	F	G	I
Отметка времени	Сынып, кл асс	Бүгін сыныпта қай оқушылармен қиындық туындады?	Мәселені шешуде қандай әрекет жасадыңыз	Қай оқушылардан оғаш қылықтар байқадыңыз.	Бүгін қай оқушының ата-анасы хабарласты. Қойған мәселесі шешілді ме?	Бүгін қандай тақырыпта балалармен әңгімелер жүргіздіңіз	Қосымша мәліметтер үшін
08.09.2023 9:20:36	4а	Ешқандай қиындық туындаған жоқ	-	Байқалған жоқ	Радмирдың анасы оқулық жөнінде хабарласты	Жеке бас тазалығы туралы	-
11.09.2023 17:50:20	4а	Ешкіммен қиындық туындаған жоқ	-	-	Орынбасар Жангелдінің анасы хабарласты, оқу үлгерімін сұрады .	Мектептегі тәртіп	-
12.09.2023 22:20:04	4а	4 а сынып оқушысы Бермуханова Асемгүлмен Брайл әріптерді қайтадан үйреніп жатыр , жазғанда кей әріптерді шатастырып алады	Сынып жетекшімен бірлесіп жұмыстанып жатырмыз	-	-	Менің отбасым	Жолдыбай Бекжан ауырып жатыр

2-сурет. Google Sheets цифрлық кері байланыс парағы

Цифрлық әлеуметтендіру оқушылардың жеке басын қалыптастыруда және олардың қазіргі ақпараттық қоғамға сәтті бейімделуінде шешуші рөл атқаратыны сөзсіз. Теориялық негіздерді түсіну және цифрлық білім беруде тәрбиенің практикалық әдістерін қолдану қазіргі педагогикалық тәжірибенің маңызды аспектісі болып табылады.

Тәрбие міндеттерін табысты іске асыру үшін оқушыларға цифрлық сауаттылықты және ақпараттық технологияларды қолданудың этикалық аспектілерін үйрету, ұялы телефонды пайдалы жағына қолдану, әлеуметтік желілерді дұрыс пайдалану мәдениеті арқылы цифрлық әлеуметтенуі ең маңызды элемент екенін ұмытпауымыз қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Пронина.А.Н. Меренкова.В.С. Попов.С.Е. Бастауыш сынып оқушыларын цифрлық әлеуметтендірудің ерекшеліктері Интернетті тартудың әртүрлі деңгейлері контекстінде. – 2020, С. 4.
2. Солдатова Г.У. Сандық құзыреттілік модельдері және қызметі // Национальный психологический журнал. - 2016. - № 2(22) - С.21.
3. Иргалиев А.С. Тұлғаны әлеуметтендіру (цифрлық білім беру кеңістігі): монография. 3 басылым. - Орал, 2023. - 118 б.

4. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdaуy-18333>
5. <https://ustaz.notion.site/ai-ustaz-7d2853474d6d489e9dacdb3d419042f0>
6. Білім беру үдерісінде smart-технологияларды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар / Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми әдістемелік кеңесі. - 2022. - Б. 64.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРЫ БАР ОТБАСЫЛАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТУГЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ.

Инклюзивті білім беруді медициналық-педагогикалық сүйемелдеу, 1 курс **Мырзабек Д.А.**

*Ғылыми жетекші: п.ғ.д. Мукашева А.Б
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Аңдатпа:Мақалада ерекше білім беруді қажет ететін балалары бар отбасыларға көмек көрсетудегі медициналық және педагогикалық тәсілдердің интеграциясы қарастырылады. Жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді және инклюзивті практиканы дамыту ерекше білім беруді қажет ететін балалары бар отбасыларға түзету көмегіне медициналық және педагогикалық әдістерді табиғи интеграциялауды көздейді.

Түйінді сөздер: отбасы, интеграция, педагогикалық көмек, медициналық көмек, сүйемелдеу.

Аннотация: В данной статье рассматривается интеграция медицинских и педагогических подходов в оказании помощи семьям с детьми с особыми образовательными потребностями. Развитие инклюзивного образования и организации инклюзивной практики в общеобразовательных школах предполагает естественную интеграцию медицинских и педагогических методов в коррекционной помощи семьям, имеющим детей с особыми потребностями.

Ключевые слова: семья, интеграция, педагогическая поддержка, медицинская поддержка, сопровождение.

Abstract: This article examines the integration of medical and pedagogical approaches in providing assistance to families with children with special educational needs. The development of inclusive education and the organization of inclusive practice in general education schools involves the natural integration of medical and pedagogical methods in correctional care for families with children with special needs.

Keywords: family, integration, pedagogical assistance, medical assistance, support.

Туылғаннан бастап әрбір адам өзінің қалыпты дамуы үшін ұзақ уақыт бойы күтімді және тамаққа, жылуға, қауіпсіздікке деген физикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруды ғана емес, сонымен қатар жақындарымен, оны жақсы көретін адамдармен қарым-қатынасты қажет етеді. Бұл қарым-қатынас арқылы бізді адам ететін құндылықтар қалыптасады: эмпатия, сүйю, өзін және басқа адамдарды түсіну, агрессивті импульстарды басқару, өзіне және басқаларға зиян келтірмеу өз өмірін және басқалардың өмірін құрметтеу. Бұл рухани құндылықтарды баланың өміріндегі ересекпен бірге өмір сүру процессінің нәтижесінде ғана қабылданады. Ерекшеліктері бар баланы тәрбиелеп отырған отбасы үшін баланың психофизикалық және әлеуметтік жағдайын қалпына келтіру сияқты функциялары бар. Бұл жерде түзету-дамыту жұмысы маңызды болып табылады.

Өмірдегі түрлі жағдайларға ерекше қажеттілігі бар балалардың физикалық және әлеуметтік бейімделуіне, өмірге деген құштарлығы және дертпен күресуі – қоршаған ортаға меншікті қажеттілік түйсігімен байланысты. Балаларды сапалы біліммен қамтамасыз ету - әлеммен байланыстағы бөгеттердің жойылуына және қоғамда шоғырлануына себепкер болады. Мемлекеттік бағдарламалардың мақсаты біріншіден, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың түрлі бағдарламаларына тең рұқсат алуын қамтамасыз ету, екіншіден, даму мүмкіндіктері шектелген балаларға тең қол жетімділігіне жағдайлар жасау.

- ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеуде қоғамның оң көзқарасын қалыптастыру;

- арнайы (түзету) мекемелері мен жалпы білім беру мекемелері өзара сабақтастықта жұмыс жасау.

- ерекше қажеттілігі бар балаларды ерте кезден бастап түзетуді қолға алу жүйесінің басымдылығын қолдау.

Оларға оқыту мен тәрбие беру үрдісі арқылы қол жетімді білім берілуде, алайда мемлекеттік тілде оқу әдістемелік құралдардың жетіспейтіндігі, сондай-ақ білім беру мекемелерінде кедергісіз ортаны ұйымдастыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Біз, балалар үшін, бала өз әрекетінің қатысы мен керектігін сезінетіндей, жағдай жасауымыз керек. Әлеуметтік педагог пен ата-ананың үнемі ынтымақтаса отырып, әр кезеңде атқаратын міндеттерінің бірі – ата-ананың педагогикалық белсенділігін қалыптастыру болып табылады. Сонымен бірге бірлескен әрекет ортаның тәрбиелік жай-күйі едәуір байытады, егер өзара әрекет мақсаты формада жүргізілетін болса тұлғаны қалыптастырудың әлеуметтік қуаткүші ашылып, әлеуметтік педагог пен ата-ана қызметінің мазмұны ашылып, нәтижелі болады.[1,332б]S.L. Christenson пікірінше, баланы тәрбиелеуде отбасы маңызды рөл атқарады, бірақ сонымен бірге мектеп те тәрбие функциясына жауапты, яғни баланың дамуы үшін мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық маңызды. Ол жақсы ойластырылған және ұйымдастырылған болуы керек, өйткені әр отбасының ресурстары, дағдылары, қажеттіліктері мен ұстанымдары әртүрлі[2].

Түзету жұмысының (коррекция) күрделілігі мен жан-жақтылығы егжей-тегжейлі зерттеуді қажет ететін медициналық, психологиялық және педагогикалық компоненттердің интеграциясының көрінісі интеграциялық процестерді жүзеге асырудың ерекше сипаттамаларын анықтау мақсатында кәсіптік оқыту.[3].

Медициналық-педагогикалық тәсіл - маманның ойлауының интегративтілігіне негізделген медициналық және психологиялық-педагогикалық әдістер мен әдістердің жиынтығын қамтитын кешенді тәсіл, адамның жеке тұлға ретіндегі психикалық және физикалық денсаулығын зерттеуге және оның білім алу, кәсіби өзін-өзі анықтау және кәсіби қызметке дайындығы процесінде тұлға ретінде дамуына бағытталған.[4]

Кәсіби білім берудегі медициналық-педагогикалық бағыттың негізгі функциялары: *құндылық, ұйымдастырушылық, диагностикалық, профилактикалық, мәдени*. Олар аурулар және оқушылардың қоғамға жат мінез-құлқының алғашқы алдын алумен байланысты.[5].

Медициналық білім берудегі интеграцияны қолдау үшін әртүрлі педагогикалық тәсілдер қолданылады. Осы тәсілдердің кейбіріне мыналар жатады:

1.Проблемалық Оқыту (ПО): ПО-бұл студенттерге нақты мәселелерді шешуге мүмкіндік беру арқылы белсенді оқуға ықпал ететін педагогикалық тәсіл. Ол студенттерден күрделі клиникалық сценарийлерді шешу үшін әртүрлі пәндер бойынша білімдерін қолдануды талап ету арқылы интеграцияны ынталандырады.

2.Өзін-өзі бағалау және хабардарлық: өзін-өзі бағалау және оқу қажеттіліктері мен стильдері туралы хабардар болу бойынша Жеке нұсқаулар студенттерге тәуелсіз және терең білім алуға ықпал ете отырып, тиісті оқу мақсаттары мен стратегияларын әзірлеуге көмектеседі.[6].

3.Инфографика және студенттерді қызықтыру: студенттер әзірлеген инфографиканы пайдалану студенттерді оқу процесіне тарта алады және әлеуметтік медицина тақырыптарын оқу бағдарламасына біріктіруді жеңілдетеді.

Медициналық-педагогикалық қызметке кәсіби дайындық құрылымы келесі компоненттерді қамтиды:

- **адам туралы білім** - медициналық-биологиялық және психологиялық-педагогикалық, денсаулықтың мәнін пәнаралық (когнитивтік) позициядан түсіну;

- **құндылық бағдарлары** (салауатты өмір салтының ережелері, салауатты тұлғаны қалыптастыру шарттары, денсаулықтың барлық құрамдас бөліктерін, оның ішінде рухани-адамгершілікті ескеру) (құндылық-мотивациялық);

- **денсаулықты сақтайтын технологиялар** (денсаулықты сақтау, нығайту және дамыту бойынша практикалық дағдылар, дағдылар мен әдістер) (белсенділік);

- **мінез-құлық үлгілері** (типтік өмірлік жағдайларда мұғалімнің денсаулықты сақтайтын мінез-құлқының үлгілері; денсаулық пен мәдениетті жалпы адамзаттық құндылықтар ретінде тану) (мінез-құлық)[7].

Дамуында мүмкіндіктері шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау дүниеге келген сәтінен бастап кәмелетке жеткенге дейін көрсетіледі.

Ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған арнаулы білім беру қызметтерін, мысалы, халықты әлеуметтік қорғау мекемелері сияқты арнаулы ұйымдар көрсетеді. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар дамуында ерекше қажеттілігі бар балаларды олардың ата-аналарының және басқа заңды өкілдерінің келісімімен ғана арнаулы түзеу мекемелеріне және басқа ұйымдарға жіберетін мемлекеттік мекемелер болып табылады. Ерекше қажеттілігі бар балаларды үш жасынан бастап мектепке дейінгі тәрбие, жеті немесе он жасынан бастауыш және негізгі орта білім ала алады. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қорытындысы бойынша көрсеткіштері болған жағдайда дамуында мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үйде жеке әрі тегін жүзеге асырылады. Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.[8].

Ерекше қажеттілігі бар балаларға ерте түзете-дамыта көмек беру әртүрлі арнайы білім беру ұйымдарында жүзеге асады: психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, оңалту орталықтары, жалпы типтегі және арнайы мектепке дейінгі мекемелері, сонымен бірге осы берілген топ балаларына білім беру және әлеуметтік қызметтер атқаратын жеке мекемелер және орталықтар. Білім берудегі түзету педагогикалық жұмыстың осы бағытының мақсаты - ерекшеліктері бар ерте жастағы баланың жоғары деңгейде дамып, білім беру үдерісі мен әлеуметке енуі үшін жағдайлар жасау және де ата-аналарды осы іске тарту.

Білім берудегі медициналық-педагогикалық қолдауды біріктірудің бірнеше артықшылықтары бар:

Оңтайландырылған Оқу Ортасы: педагогикалық қолдаудың бір түрі болып табылатын Шағын топтарда оқыту дәстүрлі дәрістермен салыстырғанда, әсіресе денсаулық сақтау мекемелерінде оқытуды оңтайландыратыны анықталды. Бұл студенттерге құрдастарымен бірлесе отырып, өз түсініктерін белсенді түрде салыстыруға және дамытуға мүмкіндік береді, бұл білімді түсінудің артуына әкеледі.[9]

Ынтымақтастық және команда құру: шағын топтарда оқыту сияқты Педагогикалық қолдау студенттерге денсаулық сақтау мекемелерінде қажетті команда құру дағдыларын дамыта отырып, құрдастарымен бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді.[9].Бұл бірлескен орта студенттер арасындағы тиімді қарым-қатынас пен ынтымақтастыққа ықпал етеді.

Сенімділік және сыни тұрғыдан ойлау: Педагогикалық қолдау студенттерді мұғалімдерімен қорқынышсыз және ойланбастан идеялармен бөлісуге, олардың

сенімділігін арттыруға және сыни тұрғыдан ойлауға ықпал етуге шақырады [10]. Пікірталастарға және мәселелерді шешуге белсенді қатыса отырып, студенттерге шығармашылық тұрғыдан ойлау және мәселелерге әр түрлі көзқараспен қарау ұсынылады.

Дербестендірілген Оқыту: медициналық-педагогикалық қолдауды Интеграциялау білім берудің дербестендірілген тәсіліне мүмкіндік береді. Жасанды интеллект(ЖИ) мазмұнды, әрекеттерді және оқыту әдістерін әрбір оқушының нақты қажеттіліктеріне бейімдеу үшін пайдаланылуы мүмкін [11]. Бұл жекелендірілген тәсіл оқу тәжірибесін жақсартады және студенттерге күрделі ұғымдарды тиімдірек түсінуге көмектеседі.

Теория мен практиканың интеграциясы: медициналық-педагогикалық қолдаудың үйлесуі теориялық білім мен оны практикалық қолдану арасындағы алшақтықты жоюға көмектеседі. Проблемалық оқыту және клиникалық модельдеу сияқты педагогикалық стратегиялар студенттерге клиникалық ойлау дағдыларын жетілдіре отырып, білімдерін нақты әлем жазбаларында қолдануға мүмкіндік береді. [12]

Білім берудегі түзету педагогикалық жұмысы келесідей міндеттерді шешуге бағытталған:

- ерекшеліктері бар балалардың мәселелерін, мүмкіндіктерін және қажеттіліктерін мамандардың пәнаралық тобымен кешенді зерттеу (топтық бағалау);
- мінез-құлқында қиындығы бар, оқуында қиындығы бар, қарым- қатынасында қиындығы бар,эмоционалдық-ерік-жігер сферасы бұзылған, тірек-қимыл аппараты бұзылған, естуінде кемістігі бар, сөйлеуінде кемістігі бар, көруінде кемістігі бар, тағы басқа ерте жастағы балаларды абилитациялау, реабилитациялау және интеграциялау мақсатында медициналық-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық түзету түрінде кешенді көмек беру;
- мүмкіндігі шектеулі ерте жастағы балалардың жеке тұлғалық оңалту бағдарламасын жүзеге асыру;
- түзете-дамыта оқытуда жекелей, топ және топтық сабақтардың түрлерін өткізу;
- жанұя жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу сұрақтары бойынша ата-аналарға кеңес беру және оқыту;[8].

Медициналық-педагогикалық қолдаудың интеграциясы көптеген артықшылықтар бергенімен, шешуге болатын мәселелер бар:

1.Өзгерістерге қарсылық: оқу бағдарламаларын реформалауға қарсылық қалыптасқан дәстүрлер, өзгеріске деген қажеттіліктің болмауы және балама педагогикалық көзқарастарға күмәнмен қарау сияқты факторлардан туындауы мүмкін.[6]

2.Күрделілік пен Әртүрлілік: оқу бағдарламаларын біріктіруге әсер ететін факторлар әртүрлі жағдайларда әртүрлі болуы мүмкін, бұл реформаларға қарсылықты күрделі және алуан түрлі құбылысқа айналдырады.

3.Ресурстар мен Уақыт шектеулері: интеграцияны жүзеге асыру жеткілікті ресурстар мен уақытты қажет етеді, бұл медициналық білім беруде қиындық тудыруы мүмкін.

Осы қиындықтарға қарамастан, медициналық-педагогикалық қолдаудың интеграциясы медициналық білім беруді жетілдіруге және болашақ дәрігерлерді қоғамның дамып келе жатқан денсаулық сақтау қажеттіліктерін қанағаттандыруға дайындауға мүмкіндік береді.

Дамуында ерекше қажеттіліктері бар балалар интеграцияланған ортаға неғұрлым ерте тартылған болса, олардың әлеуметтік бейімделуі соғұрлым тез әрі оңай болады.

Қазақстан Республикасы жағдайында бұл мәселе әлі де өзекті болып табылады. Еліміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылық, әрбір ұрпақ – еліміздің ертеңі екенін ескерсек, әрбір ерекше қажеттілігібар баланың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасауға инклюзивті білім беруді жүзеге асыруды құқықтық қамтамасыз ету аса маңызды.

Ғасырлар бойы жинақталған педагогикалық ғылым мен практиканың көптеген жетістіктеріне медицина өкілдерімен қол жеткізді. Бұл объектінің бірлігімен ғана емес, сонымен бірге ішкі туыстығымен, білімнің екі саласының мәселелері мен әдістерінің ұқсастығымен түсіндіріледі.

Педагогиканың барлық салалары медициналық ғылымдар мен медициналық техниканың жетістіктеріне тікелей байланысты. Бұл, ең алдымен, дене тәрбиесі, оның барлық тармақтарымен түзету педагогикасы, гигиена. Мұғалімге дені сау адам ағзасының құрылымы мен қызметін зерттейтін медицинаның бірқатар тәуелсіз салаларында кездесетін негізгі принциптер қажет: анатомия, физиология, гистология, биохимия және басқалар. Өз кезегінде болашақ дәрігерлер педагогикалық антропология мен педагогиканың принциптері, тәсілдері мен деректерінен пайда көреді. Атап айтқанда-педиатрларға, балалар стоматологтарына, невропатологтарға, психоневрологтарға және психиатрларға. Олар балалардың мінез-құлқының түрлерін, олардың денсаулығына да, ауруына да мотивациясының ерекшеліктерін білуді қажет етеді. Психологияның, физиологияның және басқа да таза медициналық ғылымдардың қарқынды дамуы нәтижесінде адамның білім беру пәні ретіндегі проблемасы олардың педагогикалық қолдану мүмкіндігін іздеуді қажет етті. Педагогиканың жақын болашағы оның саласына осы қосымшалардың, әсіресе адам ресурстарын білім беру мақсатында пайдалануға қатысты кеңеюімен байланысты болатыны белгілі болды. Ғылымдардың күрделі синхронды тезисі ақыл-ой әрекетін және соның салдарынан оқу процесін модельдеу принциптерін жасауға кірісуге мүмкіндік береді.

Медициналық-педагогикалық қолдаудың интеграциясы оқу тәжірибесін арттыру және медициналық көмек көрсетуді жақсарту үшін медициналық білімге педагогикалық тәсілдер мен принциптерді енгізуді білдіреді. Бұл интеграция іргелі ғылымдар мен клиникалық практика арасындағы алшақтықты жоюға, медициналық оқу бағдарламасындағы бытыраңқылықты азайтуға және мазмұнды оқуға ықпал етуге бағытталған.

Қолданылған әдебиеттер

1. Ғылыми басылым «Особенности развития инклюзивного образования: международный опыт и отечественная практика», 344б, 2017ж, Астана, Н.Қ. Еспанова «Инклюзивті білім беру жағдайында мектеп жасына дейінгі ерекше қажеттілігі бар балаларды әлеуметтендіру»
2. М.: Изд-во Академии пед. наук, 1950. – 597 с. К. Д. Ушинский.
3. Содержание и направления интеграции медико-психологических и педагогических знаний в профессиональной подготовке логопедов, , научная статья, 2013г , Пахомова Н. Г. <https://cyberleninka.ru/article/n/soderzhanie-i-napravleniya-integratsii-mediko-psihologicheskikh-i-pedagogicheskikh-znaniy-v-professionalnoy-podgotovke-logopedov?ysclid=ls2v6ws1k811350420>
4. “Теория и технология подготовки медико-педагогических кадров в среднем профессиональном образовании” Диссертация.. Резер, Татьяна Михайловна https://new-disser.ru/_avtoreferats/01004039877.pdf
5. Развитие медико-педагогического направления подготовки педагогов в профессиональном образовании, Купцова С.А. <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-mediko-pedagogicheskogo-napravleniya-podgotovki-pedagogov-v-professionalnom-obrazovanii/viewer>
6. “Forty-five years of Marburg virus research.” Viruses vol. 4,10 1878-1927. 1 Oct. 2012, Kristina Brauburger, Adam J. Hume, Elke Muhlberger and Judith Olejnik <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC3497034/pdf/viruses-04-01878.pdf>
7. Мүгедектігі бар балалардың жағдайына талдау: Қазақстан Республикасында инклюзивті қоғамды дамыту, ЮНИСЕФ - Астана, 2014, – 108 б.

8. «Ерекше білім қажет ететін балалы отбасындағы ата-ана мен бала қарым-қатынасына қажетті ерте түзете-дамыта көмек беру», мақала, 2018ж, Л.Т. Исаева <https://vestnik.kazmkpu.kz/jour/article/view/23>
9. Facilitating small group learning in the health professions. BMC Med Educ 20 (Suppl 2), 457 (2020). Burgess, A., van Diggele, C., Roberts, C. et al. <https://doi.org/10.1186/s12909-020-02282-3>
10. Integration in Medical Education. "Indian Pediatrics", 57(9), 842-847. Husain, M., Khan, S., & Badyal, D. (2020). <https://www.deepdyve.com/lp/springer-journal/integration-in-medical-education-DgRU148T10?key=springer>
11. A Medical Pedagogy Reform by Integration of Biomedical Research into the Clinical Medicine Program. Medical Science Educator, 30(4), 1569-1576. Liu, Z., He, Y., Yang, Y., Maconochie, M., & Luo, Z. (2020). <https://www.deepdyve.com/lp/springer-journal/a-medical-pedagogy-reform-by-integration-of-biomedical-research-into-aBHHCbEqU?key=springer>
12. Integrated Learning in Medical Education: Are Our Students Ready?. Med.Sci.Educ. 25, 549–551 Kadirvelu, A., Gurtu, S. (2015). <https://doi.org/10.1007/s40670-015-0172-0>

ОБУЧЕНИЕ РУССКОЯЗЫЧНЫХ УЧАЩИХСЯ ТАТАРСКОЙ РЕЧИ НА ОСНОВЕ КОММУНИКАТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Родной язык и Литература, Иностранный язык, 3 курс *Низамутдинова Л.Ф.*

Научный руководитель: к.ф.н, доцент Галиуллин Р.Р.

ФГБОУ ВО «Набережночелнинский государственный педагогический университет», г. Набережные Челны, Россия

Аннотация. В статье рассматриваются аспекты обучения татарской речи русскоязычных учащихся с помощью коммуникативной технологии. Также в статье раскрывается подробное содержание этих аспектов.

Ключевые слова: татарский язык, русскоязычные учащиеся, методика обучения, преподавание татарского языка как иностранного, коммуникативные технологии.

Рус телле укучыларны татар сөйләменә өйрәтү максаты киңкырлы, һәм ул берничә аспекттан тора: танып белү, үстерү, тәрбия, белем бирү.

Татарстан Республикасында яшәүче һәр милләт кешесенә, үз халкы тарихыннан тыш, шушы төбәктә төп халык булып саналган татар халкы мэдәниятен, гореф-гадәтләрен, тарихи үткәнен, бүгенгесен, киләчәген белү зарур. Татар халкы белән кулга-кул тотынып яшәргә әзерләнүче һәр кеше бу халыкның бәйрәмнәрен, традицияләрен аңларга, хөрмәт итәргә, әдәбият-сәнгать вәкилләренен ижади казанышлары белән үзенең рухи үсешен баета алу мөмкинлегеннән файдаланырга тиеш. Белем бирү максаты методика фәнендә бик озак еллар буе беренчел дәрәжәдәге максат итеп саналды. Ләкин дидактик максатларның башкаларын икенчел дәрәжәдә дип карау, киресенчә, белем бирү максатының тиешле дәрәжәдә тормышка ашырылмавына китерде. Укучыларның тиешле дәрәжәдәге тәрбиялеленнән башка укыту процессын оештыру мөмкин түгел.

Татар исемнәрен, Татарстанның табигатен, жирлеген, топонимикасын дөрөс әйтә белергә өйрәтү, аларның семантикасы белән кызыксындыру, балалар фольклоры, татар халык авыз ижаты, әдәбият-сәнгать вәкилләре белән беренчел таныштыру башлангыч этапта танып белү максатының төп эчтәлеген тәшкил итә. Урта звенода Татарстанда яшәүче милләтләр, Татарстан символикасы, башкалабыз Казанның тарихы, бүгенге йөзе, Татарстанның территориясе, географик урыны, экономик бәйләнешләре, татар сәнгатенен төрле тармаклары буенча билгеле булган шәхесләр, Бөек Жинүгә Татарстанның өлеше турында укучыларның татарча сөйли алулары төп максат итеп куела.

Укытучының шәхси сыйфатлары, укучы белән махсус оештырылган мөгамәләсә укыту-тәрбия процессында зур роль уйный. Ләкин тәрбия процессы, беренче чиратта, укытуның эчтәлеге һәм методлары белән бәйле. Коммуникатив технология тарафдарлары фикеренчә, программа эчтәлеген сайлаганда, материалның тәрбияви мөмкинлекләрен исәпкә алу - беренчел бурыч. Балаларның яшь үзенчәлекләренә туры килгән, аларны кызыксындырган мораль проблемаларны үз эченә алган эчтәлек, беренчедән, укыту процессында тәрбияви функция башкарса, икенчедән, турыдан-туры коммуникатив мотивация туу белән бәйле.

Төп гомуми белем бирү баскычын төгәлләгәндә, укучының үзенә һәм үзенең әйләнә-тирәсендәгә кешеләргә, тормыштагы яшәеш проблемаларына карата шәхси кыйммәтләре формалаштыра. Белем бирү максатында укучыларның лексик, грамматик материалны истә калдыруларын гына күзалланмый, ә билгеле бер ситуацияләрдә сөйләшә, үзара аралаша алуларын күзаллана.

Билгеле булганча, укытуның максаты жәмгыять тарафыннан куелган социаль заказ белән билгеләнә. Татарстан Республикасында белем бирү системасының төп бурычы - ижади фикерләүче, инициативалы, ижтимагый тормышта актив катнашучы, белемле, ике дүлэт һәм чит телләрдә дә иркен сөйләшәп аралашучы билингваль (полилингваль) шәхес тәрбияләү [1, с. 18].

Рус телле укучыларны татар сөйләменә өйрәтү максаты киңкырлы, һәм ул берничә аспекттан тора: танып белү, үстерү, тәрбия, белем бирү.

1) Танып белү максатының эчтәлеге

Татарстан Республикасында яшәүче һәр милләт кешесенә, үз халкы тарихыннан тыш, шушы төбәктә төп халык булып саналган татар халкы мәдәниятен, гореф-гадәтләрен, тарихи үткәнен, бүгенгесен, киләчәккә белү зарур. Татар халкы белән кулга-кул тотынып яшәргә әзерләнүче һәр кеше бу халыкның бәйрәмнәрен, традицияләрен аңларга, хөрмәт итәргә, әдәбият-сәнгать вәкилләренең ижади казанышлары белән үзенең рухи үсешен баета алу мөмкинлегеннән файдаланырга тиеш. Укыту эчтәлеге телгә өйрәтү процессын бала өчен “башка дөньяга тәрәзә ачу” (И.Л.Бим) булырлык һәм шуның аркылы аның үз яшәешен дә тулырак аңлавына ярдәм итәрлек итеп сайлана.

Югары сыйныф укучылары, нигездә, 1-9 сыйныфта алган белемнәрен киңәйтәләр, тулыландыралар. Аларның алда аталган темалар һәм Татарстанның югары уку йортлары, аның яңа экономик үсеш дәрәжәсә, дөньякүләм аренада бүгенге урыны, бөтендөнья спорт үсешенә керткән өлеше, Татарстандагы яшыләр хәрәкәтләре турында иркен аралашуга чыгулары максат итеп куела [4].

2) Үстерү максатының эчтәлеге

Белем бирү максаты методика фәнендә бик озак еллар бие беренчел дәрәжәдәгә максат итеп саналды. Ләкин дидактик максатларның башкаларын икенчел дәрәжәдә дип карау, киресенчә, белем бирү максатының тиешле дәрәжәдә тормышка ашырылмавына китерде. Шәхеснең белемле булуы, тәрбиялелек һәм аның фикерләү сәләте үсеше дәрәжәсеннән дә тора. Укыту процессында үстерү, тәрбия максатларын даими күзаллап эшләү-укытуның практик ягы уңышлыгының шарты (Л.С.Выготский). Бу хакыйкәтне балаларның белем алу эшчәнлегенең барлык этапларында да истә тоту зарур. Төп белем бирү баскычында татар теле һәм әдәбиятын укыту, танып белү чарасы буларак, укучыларның фикер йөртү, интеллектуаль һәм ижади сәләтләрен үстерүгә, шулай ук, реаль тормышта туган проблемаларны хәл итү өчен кирәк булган универсаль уку гамәлләрен (*танып белү, регулятив, коммуникатив*) формалаштыруга хезмәт итә.

Танып белү универсаль уку гамәлләре:

- фикерләүне үстерү белән бәйле психик функцияләр: логик фикерләү, сәбәп-нәтижә бәйләнешләрен табу, индуктив-дедуктив фикерли белү;
- ижади һәм эзләнү характерындагы проблеманы билгеләү, аларны чишү өчен алгоритм булдыру;
- объектларны чагыштыру, классификацияләү өчен уртак билгеләрне билгеләү;

- төп мәгълүматны аеру, укылган яки тыңланган мәгълүматның эчтәлегенә бәя бирә белү;
- тиешле мәгълүматны табу өчен энциклопедия, белешмәләр, сүзлекләр, электрон ресурслар куллану.

Регулятив универсаль уку гамәлләре:

- уку хезмәтендә үзенең максат куя, бурычларны билгели белү;
- эш тәртибен аңлап, уку эшчәнлеген оештыра, нәтиҗәле эш алымнарын таба белү;
- уку эшчәнлегенә нәтиҗәләрен контрольгә ала белү;
- билгеләгән критерийларга таянып, эш сыйфатына бәя бирә белү;
- укудагы уңышларның, уңышсызлыklarның сәбәбен аңлай, анализлай белү;
- ихтыяр көче, максатчанлык, активлык кебек сәләтләрне формалаштыру;
- дәрескә кирәкле уку-язу әсбапларын эзерли һәм алар белән дәрес эш итә белү;
- дәрестә эш урынын мөстәкыйль эзерли белү һәм тәртиптә тоту күнекмәләрен үстерү.

Коммуникатив универсаль уку гамәлләре:

- әңгәмәдәшеңнең сөйләмен тыңлай, аның фикеренә туры килерлек җавап бирә белү;
- әңгәмәдәш белән аралашу калыбын төзү;
- аралаша белү сәләтен үстерү (аралашучанлык, хислелек, эмпатия хисләре);
- парларда һәм күмәк эшли белү;
- мәгълүматны туплау өчен күмәк эш башкару;
- әңгәмәдәшең белән сөйләшүне башлай, давам итә, тәмамлай белү. Күрсәтелгән универсаль уку гамәлләрен формалаштыру дәреснең үстерү максаты белән билгеләнсә, дәрес азагында ул уку процессының метапредмет нәтиҗәләре буларак билгеләнелә.

3) Тәрбияви максатның эчтәлегенә

Укучыларның тиешле дәрәҗәдәгә тәрбиялеленгәннән башка уку процессын оештыру мөмкин түгел. Төп гомуми белем бирү баскычын төгәлләгәндә, укучының үзенең һәм үзенең әйләнә-тирәсендәгә кешеләргә, тормыштагы яшәеш проблемаларына карата түбәндәгә шәхси кыйммәтләре формалашкан булуы күзәлтелә:

- шәхесара һәм мәдәниятара аралашуда татар теленә карата ихтирамлы караш булдыру һәм аны яхшы өйрәнү теләгә тудыру;
- әхлакый кагыйдәләрдә ориентлашу, аларны үтәүнең мәҗбүрилеген аңлау;
- әдәби әсәрләрдәгә төрле тормыш ситуацияләренә һәм геройларның гамәлләренә гомүмкешелек нормаларынан чыгып бәя бирә белү;
- “гаилә”, “туган ил”, “мәрхәмәтлелек”, төшенчәләрен кабул итү, “башкаларга карата түземлек, кайгыртучанлык”, “кеше кадерен белү” кебек хисләр формалаштыру [2, с. 66].

Өлбәтгә, укытучының шәхси сыйфатлары, укучы белән махсус оештырылган мөгамәләсе уку-тәрбия процессында зур роль уйный. Ләкин тәрбия процессы, беренче чиратта, уку процессының эчтәлегенә һәм методлары белән бәйле. Коммуникатив технология тарафдарлары фикеренчә, программа эчтәлеген сайлаганда, материалның тәрбияви мөмкинлекләрен исәпкә алу - беренчел бурыч. Балаларның яшь үзгәрешләренә туры килгән, аларны кызыксындырган мораль проблемаларны үз эченә алган эчтәлек, беренчедән, уку процессында тәрбияви функция башкарсан, икенчедән, турыдан-туры коммуникатив мотивация туу белән бәйле. Уку эшчәнлеген мотивлаштыру юнәлешендә эшләүче галим А.К.Маркова фикеренчә, эчтәлегендә әхлакый проблемалар булган текстлар үзләре үк коммуникатив мотивациягә ия, шунлыктан аралашу ситуациясе булдыру, сөйләмгә чыгу әллә ни кыенлык тудырмый.

4) Белем бирү максатының эчтәлегенә

Белем бирү максаты дигәндә, без балаларның лексик, грамматик материалны истә калдыруларын гына күзәлтеләбез, ә билгеле бер ситуацияләрдә сөйләшә, үзара аралаша алуларын күзәлтеләбез. Дәреснең белем бирү максатында укучының сөйләшү,

үзара аралашу күләме күрсәтелеп барырга тиеш. Укучыларның татар теле буенча лексик, грамматик күнекмәләре филологик белемнәр суммасы дәрәжәсендә генә калмыйча, ә сөйләм эшчәнлегенң барлык төрләрендә дә аралашуда кулланырлык дәрәжәгә житүе зарур. Шул вакытта гына татар телен дөүлэт теле буларак өйрәнү бурычы үтэлә [3, с. 35].

Шуны искәртергә кирәк: укытучы дәрес планын, эш программасын төзегәндә, дәреснең белем бирү максатын төп программадагы предмет нәтижәләре графасына, календарь-тематик пландагы коммуникатив максат графасына карап ачыкларга тиеш була. Балаларның белем дәрәжәләрен контрольгә алу да шушы графаларга нигезләнә. Гомумән алганда, дәреснең структур төзелеше дә, сайланган күнегүләр системасы да шушы графалардагы коммуникатив максатны үтәүгә хезмәт итә.

Список литературы:

1. Вәлиева Ф.С., Сагтаров Г.Ф. «Урта мәктәптә һәм гимназияләрдә татар телен укыту методикасы». – Казан: «Раннур» нәшр., 2000.
2. Заһидуллина Д.Ф. «Урта мәктәптә татар әдәбиятын укыту методикасы». –Казан: «Мәгариф» нәшр., 2000.
3. Харрасов Ф.Ф. «Татар телен чит тел буларак өйрәтүнең фәнни – методик нигезләре». - – Казан: «Мәгариф» нәшр., 2002.
4. Коммуникатив технология нигезендә рус телле балаларга татар теле һәм әдәбият укыту программасы (1 — 11 нче сыйныфлар) / URL: <https://pedportal.net/nachalnye-klassy/raznoe/kommunikativ-tehnologiya-nigezend-rus-telle-balalarga-tatar-tele-m-d-biyat-ukytu-programmasy-1-mdash-11-nche-syynyflar-1092681?ysclid=ltqb1f2x3f636835585>

ЭФФЕКТИВНАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ МАРКЕТИНГОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДИРЕКТОРА СОВРЕМЕННОЙ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЫ

Школьный менеджмент 4 курс, **Неъматов И. Б.**

Научный руководитель: Курбанов М. У. старший преподаватель

*Кокандский государственный педагогический
институт*

